


Зейнел-Ғаби
ИМАНБАЕВ

КОС КАҰЫН





**Зейнел-Ғаби
ИМАНБАЕВ**

ҚОС ҚАЙЫҢ

Әңгімелер мен повестер



Алматы
2011

*Қазақстан Республикасы Байланыс және
ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Иманбаев З.

И 48 Қос қайың: Әңгімелер мен повестер. – Алматы: ҚАЗАқпарат,
2011. – 616 бет.


ISBN 978-601-03-0095-8

Кеңестер Одағы және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі
Зейнел-Ғаби Иманбаев – 16 жинақтың авторы. Туған жеріне алтын
қазық бола білген қаламгер ауыл өмірін, ел тарихын көп жыл
бойы зерттеп, шығармаларына арқау ете білді. Бала тәрбиесі,
адамгершілік тақырыбы, сондай-ақ туған жердің тылсым тіршілігі,
аңшылық жайлы толғаған туындылары – келер ұрпаққа баға жетпес
асыл мұра.

Кітапты құрастырған – Қазақстанның еңбек сіңірген қайрат-
кері, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағы сый-
лығының лауреаты, жазушының қызы – Алтын Иманбаева.

44723

012



© «ҚАЗАқпарат», 2011

ӘКЕТАЙЫМ МЕНІҢ

Шағын қаланың кішкене вокзалында ұзақ аялдап қалдық. Сыры кеткен ағаш орындыққа шалқая керіліп көз жұмып қоямын. Тізе қағыстыра отырған қарт кісі де есіней береді.

– Отағасы, ұйқыңыз қанбаған-ау, – деп сөзге шақырдым.

Ұнатпады білемін, қайқы мұрнын ширатып әкеп ерніне басып, мекіренді де қойды.

– Барыс қай жақ? – десем теріс бұрылады. Бұдан былай қозғай беруді ретсіз көрдім. Жанындағысы бәйбішесі болар, толық денелі, кара әйел икемсіз кішкене мұрнын шүйіріп, алыстан көз тастайды. Ерлі-байлы екеуі де нақ бір мылқау адамдарға ұқсайды.

Сопақша биік терезелерден қиғаштай түскен батар күннің қызғылт сәулесі жолаушылардың жүзіне сарғыш рең береді. Жүк тиелген асығыс поездардың олпы-солпы вагондары зулап өтеді. Мұртты кісі бәз баяғы қалпында есінеп отыр. Салбыраңқы ернінің астында кара насыбайды білдіртпей қыстыра салып, тас мүсінше мелшиіп қалыпты. Көздері жасаурап жасық қарайды. Осылай отыра беруге жалықпайтын сыңай танытады.

– Зібира-ай, әлгі кокларарынды байқашы, сынып қалмасын, – деп мұрт астынан мыңқ етті. Зібирасы бір жамбасына қарай ауа беріп үлкен буманы сипап көрді.

Сағатыма қарасам, уақыт жақын екен. Орнымнан тұрдым да, көршілеріме бас иіп дегендей, сыртқа шықтым. Күн орман тасасына түсіпті. Құралайдың суық желі денемді лезде қалтыратып жібергені. Жасыл вагондардың есіктеріне қыдыра қарап, қонақтайтын тауықтай жағалап келем. Купеге кіріп суық орындыққа отыра бергенімде, даңғырлаған дауыстар естілді де, кокла салынған таныс сары қап есікке кептеліп қалды.

– Зібира, төменгі орындыққа жайғас, – деген дауыс естіліп еді, қайқы мұртты ашаңдау жүзді танысым көрінді.

«Жігітім, сапарлас болдық қой, әп бәрекелді-е!» – деп даңғырлай кіріп келді. Үлкен бөксесін отырғышқа тигізе беріп:

– Айналып қана кетейін, бала шіркін неден ыстық болды екен? Қарашы, эне, қарашы – деп, еңсесін салып терезеге үнілді. Жол аузында бойжеткен тұр. Тұлымы желкілдеп, жүгіре түсіп тоқтады. Вагоннан: – Сау бол, құлындарым! – деген егде адамның дауысы естілді.

Поезд жүрісін шапшаңдатып, станция көзден тасаланды. Мұртты жігіт жекетін сыпырып тастап, күмістеген мүйіз шақшасын алды да, қоңыр насыбайды мұрт астына сеуіп шығарып, былш еткізіп түшкіріп салды.

‘Ана, баланы айтамын-ау, домаланған қара шалды құшақтап, көк ешкінің құйрығындай сақалынан сүйіп «әкелегенде» алпыс екі тамырым иіп, көзімнен еріксіз жас шыққаны... Үп-үлкен еркектің елдің көзінше жылағаны жақсы болушы ма еді. Сасқанымнан вагонға жылдам кіріп кеттім.

– Осылай деп қара мұрт көршім ұп-ұзын орамалдың шетімен баданадай көзін сүрте берді:

– Әй, Жолкен-ай, баланы табудай тапсам да, балажандылығыңды қоймайсың-ау, мұқым. Алпамсадай болып егіліп, үгіліп отырғаның. – Мұны айтқанда Зібираның үлкен бетінің үстінде шошайып тұрған титтей мұрны бұрынғысынан да кішірейіңкіреп, кескіні сұрланыңқырап кетті. – Сен-ақ қанағат қылмассың! – деп тоқпақпен ұрғандай нығырлап қойды.

– Бала мен әкенің сағынып қауышқанын немесе кимай ажырасқанын көрсем көзіме жас келеді, тағатым кетеді,– деп Жолкен насыбай құтысының тығынын иіскелей берді. Ол вокзалдағы кейпіне қайта түсті, түнеріп алды. Дамылсыз ширатып әбден сындырып тастаған қайратты мұрты қыранның қанатындай созылып дір-дір етеді. Жасаураған көзі көкжілім мұнар басқан далаға қарайды. Ымырт үйірілген шақ. Аспанда баурынан жарап жас ай тұр. Орақ бейнелі айды төңіректен жұлдыздар жымындайды. Алыстан елді-мекеннің жарығы сәулеленеді. Шексіз даланың қай түкпірінде қоныс барын осы от нөпірінен аңғарғандайсың.

Зібира тақтай төсекке жантая кетті де, нақ тәулік бойы көз ілмеген адамдай қор ете түсті. Өңіндегі әлгі бір кекесін тарқай қоймаған секілді...

Жөкең даладағы оттардан көз алмаған күйі ыңылдап әндетіп қояды. Бір кезде бері бұрылды да, насыбайдың таты тұрған мұжық сары тістерін көрсетіп күлді.

– Мені бір жынды адамға санайсың-ау, солай ма, өтірік деші?!

– Жо-жөк, отағасы, о не дегенің. Сіз туралы бөтен ойым болса, не деп ант іш дейсіз? – деп сасқалақтап қалдым.

– Үм, солай де, бөтен ойың жоқ болғаны абзал.

Жөкең көкшіл тартқан бұйра кастарын түйістіріп, өткен күндер жайлы қабағы қатып күйзеле сөз бастады.

– Әкемнің жалғыз баласы едім. Әкем отыз сегізге келгенде мен он сегізге шықтым. Көппен бірге бізге де тағдырдың ащы сыбағасы дайын еді. Соғыс басталып әкем майданға аттанды. Отбасында небары үш-ақ жан едік. Шешем әлі жас та, қайратты болатын. Ол қайғыға төзе алмады, жайнап тұратын алма жүзі сарғыш тартып, жүдей бастады. Бірақ әдемі кара көзі үнемі қанталап қызарып жүретін. Бір күні құрбы әйелдері оған ұрысқанын естідім.

– Жакыш-ау, бұның не, соғыс жалғыз сенің ғана басына келген нәубәт па еді? Қой, әрі, бордай үгілгенің қайткенің? Жолдыбайдың жауды жеңіп елге оралуын тездетейік, еңбектің үлгісін көрсетейік – десті олар.

Әкем соғысқа кеткелі айдан артық қабағын ашпаған анам езу тартты. Аппак тістері сарғайып, әсемдігі кетіп қалған екен. «Қайран апекем-ай, соншалықты не болды саған?»– деймін ішімнен. Күйректігіне күйінемін де, ұяламын. Бірақ шешем мен ойлағандай жасық болмады.

– Балам, оқуыңның арасында үй шаруасына ие бол, мен енді жұмысқа шығамын, жағдай солай, – деп, белін әкемнің шүберек белбеуімен мықтап буып, еңбекке араласты.

Жазда оқу біткен соң балалар да жұмысқа шықтық. Қора салдық, егін ектік. Бізде солармен үзеңгілес аянбай еңбек еттік. Майдандағы ауылдастарымыздан алғашқы қара қағаз да келе бастады. Жылау-сықтау, жаназа, дұға көбейе берді. Жұрт қорқынышты хабарларды түршіге тосты.

Менің ойым – қайткенде майданға барып, жаудан кек алу. Чапаевша ақ семсерді жаркылдатып төбелеріне ойнатсам, бастарын допша домалатсам деймін. Түсімде де осылай болып жатады. Ақыры маған шақыру қағазы келді. Мен кетеді дегенде

шешем байғұстың қасіретінде шек болмады. Бір сөзді қайта айтып, жаңылып, лезде ұмытшақ болып алды. Үш күнде өңі өзгеріп жүдеп қалды. Аттанарда басқалардың шешелеріндей зарлап жылай ма деп қауіптеніп едім, жоқ, өйтпеді.

– Жолкен, тұр, балам, жүретін уақытың болды. Жол азығыңды буып-түйіп қойдым, – деп жайбарақат күлімсіреп тұр. Апамның мына сабырлы кескіні жігерлендіріп жіберді білем, тез киініп, тамактанып алып, нәрсе-карамды жинастырғанша көлік те келіп қалды.

– Үшеуміз – Әлкен, Жұмаш және мен бірге оқыған балалар едік, бірге кетіп барамыз. Жұрт ауыл шетіне дейін еріп келді. Жұмаштың шешесі қатпа кара кемпір шашын жайып жіберіп сұңқылдамасы бар ма?!

– Оу, қойыңдар енді, бұл не өзі? – деп үлкендер жағы тоқтау айтқан болады. Тыңдап жатқан әйелдер жоқ. Құдайым-ау, осының бәрі тез бітсе екен, тезірек қозғалып кетсек екен, – деп тағатым таусылумен тұрмын. Дауыстап жармаспақ болған әйелдерді жолатпадым. Апам басымды еңкейтіп, екі бетімнен жұмсақ қана сүйді. Ып-ыстық еріндері күйдіріп жібергендей еді. Сүт сасыған, күн сасыған ананың тән хош иісі мұрныма келді.

– Сау бол, апа, аман-сау қайтып ораламын, уайымдама! – дедім.

– Айтқаның келсін, ұлым!– Апамның қуқыл жүзіне қан ойнап күлімсіреп тұр.

– Жолкенжан, әкенді көрсен сәлем айтарсың! – деген дауысын жұрт дабыры бөліп жіберді. Аттар ұшыртып ала жөнелді. Дөң үстінде ауыл түтіндетеді. Көп адамдар шоғырланып тұр. Апам жылап берекесі кеткен әйелдерге бірдене деп қол сермеді де, сымға тартқандай тіп-тік денесі құныса түсіп, үйге қарай беттеді. Кетіп бара жатып біз жакқа бұрылып қарады, қол бұлғады. Менің жүрегім үзіліп кеткендей болып қатты күйзеліп, көзім жасқа толып кетті. Көз жасымды білдірмей сүртіп, алыстай түскен ауылдан апамның қарасын көргім келді. Көре алмадым. Қысқы күн қытымырлана қабағын түйді. Аппак дала үстінен ыскырып үскірік жел соқты. Жел сусыма қарды дөңгелете үйіріп айдай жөнелді. Қаңтардың қаһарлы боранына қарсы қадам бастық.

1944 жылдың сақырлаған сары аязында бізді Солтүстікке жеткізді. Терістіктің суық аспаны астында әскери ойын

ойнаймыз, тоң қопарып, окоп қазамыз. Ақ халат киіп топ-топ болып шаңғыға жаттығамыз. Майдан іргесіндеміз, атыс естіліп жатыр. Ұйқы мен тыныштық аз, ауыр дайындықтан кейін түнгі жорыққа шықтық. Солтүстіктің түнінде ақ халат киген көп адам шаңғымен сырғып келеміз. Мақсатымыз – алғы шепті барлау. Қанша жүргенімізді аңғара алмаған сияқтымыз. Жау шолғыншысына кездесіп атыс басталды. Бұл – бірінші дәрі түтінін иіскеуім еді. Осыдан соң үскірік түннің бірінде біздің бөлім алғы шептегі окоптарға орналасып жатты. Ертеңіне жау танкілері шабуылға шықты. Неміс солдаттары өріп келеді. Оқ жаудырып, әлденеше тойтардық. Ертеңінде фашистерді қырып жатқанымызды айтып, апама хат жаздым. Менің майдандық жолым осылай басталды.

Әкемнен хабар алмағаным көп болған. Қыстың бас кезінде ауылға жазған хаты әлі қалтамда жүр. Жараланып госпитальге түстім дегенге адрес бойынша госпитальдан сұрап едім, бізден кеткен деді. Қайда кеткені белгісіз. Өлі ме, тірі ме? Апам да әкем жайлы жазудан аулақтай береді. Әлде жарақаттанып опат болды ма екен?

Жөкен ауыр күрсініп даладағы от тізбектеріне ықылассыз көз тастады. Содан соң ақ шалған қара мұртын ширатып, біраз отырды. Зібира болса нар үстінде дөңкиіп ұйықтап жатыр. Жөкен күрсініп сөзін сабақтады.

– Жаудың қоршауын бұзып, біздің бөлімшелер шабуылдап бара жатқан кез. Қиян кескі ұрыспен бір шағын қаланы алып, аз тыныстауға тұрғанбыз. Жігіттер сызы арылмаған жерге бауырларын төсеп аунап жатыр. Көрші бөлімшелер біздің үстімізден өте бастады. Ұрыстан әбден қалжыраған артиллерияшылар жаяулап барады. Арқамды алма ағашына сүйеп отырып, әрқайсысының сұсты кескіндеріне қараймын. Кенет...

– Әке!

Бірнеше саржан жерге мысықша бір-ақ қарғып, сұр киімді қапсағай адамға жармаса кеттім.

– Әке, әкежаным менің!

– Жалғyzым, Жалбыртайым!

Сап кідіріп қалды. Жауынгерлер әке мен баланың тосын кездескеніне елжірей қызықтап, кейбіреулері көздеріне жас алып тұрды.

Аға сержант Бейсенбин, сізге қалуға рұқсат. Бақша сыртында тыныстаймыз, қуып жетерсің!

– Құп болады, жолдас, лейтенант!

Әкемнің солдатқа лайықты бағынышты үнінен селк ете қалдым. Өйткені, мен осынау бақытты сәтте әскери тәртіпті де, қан төгіс сұрапыл соғысты да, тіпті мына үстімдегі түтін сіңген сұр шинельді де ұмытқан едім. Өзіміздің Жөкендідегі туған ауылымда тұрғандай сезімде болатынымын. Әкемнің махорка сасыған кірлі жүзінен, кірпінің тікенегіндей болып сақал өскен иегінен аймалаймын. Әкем де мені сүйгіштеп жатыр. Солдаттың сараң да сортаң көз жасы бетімді жуып кетті. «Әкетайым менің» дегенді еріксіз қайталай беріппін.

Әкем мені құшақтаған қалыпта оңашарақ алып шықты. Мені жан біткеннен қызғанып, тек өзі ғана тамашалай қарап, бір өзі ғана оңаша сөйлесіп құмардан шыққысы келді. Бомба мен снаряд айғыздап, солдаттың темір тағалы етігі шиырлап тастаған сұрғылт жерде тұрмыз. Әкем менің бас-аяғыма бақытты көздерімен елжірей, мейірлене қарады. Үстіндегі солдат шинелі болмаса, ауылдағы қалпынан аумай қапты. Кескіні сұсты, маңдайындағы әжімдері бұрынғыдан да тереңдей түскен. Құлағына қарай созылған қою мұртына ақ араласыпты. Шықшыт сүйектері шығыңқырап, тарала түскені болмаса, өзімнің әкем қаз қалпында алдымда тұр. Аппак тістерін көрсетіп күле берді. Мен түсім емес пе екен деп қатты күдіктеніп, айналама жалтақтай қараймын. Өңім сияқты, бөлімше жауынгерлері снарядтар осып кеткен шағын бактың бұталарын көлеңкелеп, тыныс алыпты. Жорық асханалары түтіндейді. Әкемді көлеңкеге отырғызып, зат дорбамнан нан, консерві алып алдына қойдым да, баға жетпес алтынымды жоғалтқандай дорба түбін асығыс қопарыстыра бердім. Әбден кірлеп біткен шыт қалтаның түбін айналдырып дастарханға төктім. Апам қастерлеп түйіп берген сықпа құрттан әлі де қос уыс қалған екен.

– Өзіміздің ала сиырдың сүтінен қайнатқан сықпа ғой, үнемдеп жедім, тек апамды сағынғанда ғана...

Әкемнің жүзіне ыстық қан жүгірді. Жасаураған көздерінен құс қанаты талған сағымды жиекке қарады, күлімсіреді. Күректей алақанында жатқан сықпа құртты өбектеп бетіне басты.

– Апаң қайнатқан деймісің, сонда мынау Жакыштың сау-сақтарының таңбасы болғаны ғой, о тоба!– деп теріс айнала берді. Әкем өзіне-өзі келіп, елдің жағдайын сұрады. Мен түгел

жеткіздім. Апамның сәлемін де айттым. Әкем ащы құртты толғап отырып, мұрт арасынан тісін көрсетті. Мойыл көздерінің шарасы жасаурап төмен қарады.

– Сәлем айтты дейсің, ә? – деп қайталай берді. Әкелі-балалы екеуміз солдат кухнясынан тамактануға уақыт жетпеді. Әкем зат дорбасын иығына салып, пилоткасын түзеді де:

– Жолкен, сені көзімнен таса қыла алмаймын. Шамам келсе бастықтарға айтып өзіммен баруға рұқсат сұрармын, – деді де, керзі етігімен шаңдақ жолды адымдай басып кете барды.

Әкем дегеніне жетіп, мені өзінің расчетына сұрап алыпты. Онымен қауышам деп ойлағам жоқ-тын. Ол соғыстың алғашқы жылы Мәскеуді қорғапты. Беларусь жерінде жараланғаны да бар. Соңғы рет ұзақ жатып шала сауыққан қалыпта госпитальдан шығыпты да, майданға сұраныпты. Содан осында тап болған. Екі айдай тіпті жақын тұрыппыз. Әкемнің артиллерияшымын дегенін хатынан оқитынбыз. Ол тәжірибелі көздеуші еді. Соғыстың сұрапыл кат-қабатында табыстық. Әкем мені көзінен таса етпеді. Аузындағысын жырып берді. Сызды окопта бір шинельді жамылып жаттық. Әкемнің жанында жатқанда тоңып көргем жоқ. Ол ұйқы қысып қажып жүрсе де мені өбектеп, қымтап аялаумен болды. Ақыры сүйтті. Атыстан соң танктер дағдысынша бізге қарай жүйткіді. Зеңбірекшілер іске кірістік. Әкем мұндайда саскалақтауды білмейді. Анықтап көздеп алмай снаряд жұмсамайды. Біз ата бастадық. Алғашқы танктен лап етіп от шықты. Көрші батареялар да сөйлеп кетті. Танктерді паналап құмырсқадай қаптаған автоматты адамдар да жақындай түсті. Танктер ұзын стволдарынан бей-берекет атып келеді. Автомат оқтары суылдап ұшып жатыр.

– Жолкен, снаряд жеткіз! – деп бұйырды әкем. Еңбектей жөнелдім. Оншақты адым ұзамай біздің зеңбіректің жанына келіп снаряд жарылды. Қара түтін мен шаңдақтан, қатты жарылыстан есеңгіреп қалған екем. Қара перде тозаңның арасынан шынжыр табандары салдырлап тау танкі шыға келді. Гранат бумасын сермеп қалдым. Қатты жарылыс үстіме топырақты аударып салды. Ауыр жүктен жанталасып шығып, түтін мен шаңның арасынан әкемді іздеймін. Ешкімді де, ештеңені де көріп болмайды. Танктер әлі жылжып келеді. Шеткі зеңбіректер де үнсіз қалыпты. Жүгіріп барып ауыр снарядты мықшындап окпанға тықтым да, карауылды алдыңғы танкке

бұрып көздей бастап едім, танктің көздеушісі де мені нысанаға алып туралап тұр екен. Қас-қағымда күлімді көкке ұшыратыны анық. Қалай екенін кім білсін, мен бұрынырақ кимылдасам керек, зеңбірек селк ете түсті. Енді қарасам «жолбарыс» кара түтінге ораныпты. Екінші снарядты салып ыңғайланғанша белгісіз бір дүлей күш ұшырып жібергендей болды. Есімді госпитальда бірақ жидым.

– Сіз бір апта бойы ес жимадыңыз, дамылсыз сөйлеп жатыңыз, – деді медбике маңдайымнан сипап.

– Әке, әкетайым менің дей бердіңіз.

Есіме әкеменді түсті. Көзім бұлдырап, құлақтарым шыңылдап қоя берді. Госпитальдан шыққанымда жеңіс жылы туған еді. Мені майданға жібере қоймады. Жамбасымның сынығы көпке дейін еркін жүргізбеді. Құрылыс батальонына ауыстырды. Майдан ізімен жүріп отырып қираған темір жолдарды, көпірлерді түзедік. Жолдарды миналардан аршыдық. Жұмыс бастан асып жатты. Соғыс біткеннен соң қираған жолдарды қалпына келтіру жұмысымен екі жыл Ресей жерінде жүрдім. Әкемді ұмыта алмадым. Күні бүгінге дейін оның жүрек жылуын сезінемін. Кескінім де, түр-тұлғам да әкемнен аумайды. Әкеме ұқсағанымды мақтаныш етіп, ерін үстіне шыққан алғашқы түкке ұстара тигізгем жоқ. Әскерден қайтқанымда мойыл кара мұртым шықшытыма жетіп, әкемнен аумай қалдым. Өзіміздің станцияда біраз адамдар тосып тұр екен. Соғыстан әкеммен бірге қайтқанда ғой, – деп көңілім босады. Жан-жағыма қарап едім, біздің ауылдан ешкім көрінбеді.. Енді бұрыла бергенімде

– Әке, әкетайым менің, келдің-ау, – деп шиаяқ кішкентай қыз жармаса түсті. Мен көтеріп алдым. Кішкене қыз мойнымды тас қылып құшақтап алды, өксіп жатыр. Мен егіліп жылап жібердім. Менің де есіме әкем түсті. Мен сәбиді емірене бетінен сүйе беріппін. Әкелеп ұмтылған сәби қылығы егілтіп-ақ жібергені. Әлі әке болып көрмесем де денемді бір ерекше сезім биледі, емірене түстім. Бізді көрген жұрт жиналып қалды.

– Байғұс бала, әкесін тосып алды-ау! – деді бір қартаң әйел көз жасына ерік беріп. Енді бірі:

– Ылғи сарғайып пойыз күтіп тұратын еді, көріп жаным ашитын, сізді тапқаны жақсы болды-ау! – деп қуанғанын білдірді. Тағы бір әйел: – Әкесі уыздай жас екен, – деп таңданды. Мен өзіме-өзім келіп түзеліп алдым да:

– Халайық, мына баланың туысы бар ма? – деп дауыстадым.

– Жо-жоқ, ешкімі де жоқ. Бұл бала әкесін поезд басынан күткелі көп болды. Осында балалар үйінде тұрады – деп шындықтың бетін ашты.

Мен қызды көтерген бойда кете бардым. Күздің салқын желінен қорғап, шинеліме орап алдым. Кішкене бүлдіршіннің қуанышында шек болған жоқ, бетімді аймалай береді. Сол қалпы ауылға баратын өгіз арбаға отырып, түнделетіп үйге жеттік. Іңір тыныштықта біздің үйдің оты сығырайып көрінеді. Терезеден қарасам боп-боз жүзін батысқа беріп, апам әлдене деп күбірлеп отыр екен. Мен кеткенде жап-жас сұлу әйел еді. Мұнша қалай жүдеген. Әлде наукас па?!..

Апамның аянышты кескініне қарай алмай есікке ұмтылдым. Бірақ бірден кіріп баруға болмайтын еді.

– Бұл кім?

– Мен ғой, апа.

– Құдай-ау, Жолкенімнің даусы ғой, мынау?!

Апам үн шығармай мені құшақтап ұзақ жылады. Мен де анамды құшырлана иіскеп, егіліп кеттім. Жәбір көрген ерке сәбидей солқылдап, өксігімді баса алмадым.

Қарғам-ау, Жолкенім-ау, мынау кім? – деді апам таңданып.

– Өзінен сұрашы.

– Сен кімнің баласысың?

– Әкемнің баласымын, мынаның, – деді қыз жабыса түсіп.

– О, тоба, бергеніңе шүкір, – деді апам қызды көтеріп алып.

– Станцияда менен айрылмаған соң алып келдім. Әкесі майданнан оралмапты. Шешесі өлген болу керек, – дедім апама сыбырлап.

– Қыз түгіл қызыл жүнге зар болған сорлы басым, – деп апам сәбиді аймалай берді.

– Атың кім, құлыншағым?

– Гуля.

– Гүлсім дейінші өзінді, – деді апам қуанып.

Содан бері көп жылдар өтті. Тың игердік. Комбайншы-тракторшы мамандығым бар. Кең даланы – дән даласына айналдырды мына қол. Оның өзіндік тарихы бар. Апам жарықтық «Гүлсіммен жаным бірге» деп отыратын. Зібира болса келін боп босаға аттағаннан бастап жақтырмады. Гүлсімнен басқа он балам болса да, Гүлсімнің орны бір төбе, ерекше сияқты

маған. Өйткені, ол -- тұңғышым іспеттес, әкелік асау сезімге көндірді. Сол Гүлсіміме келе жатырмын. Мынау – жиендеріме алған сәлем-сауқат. Көптен жер арасы шалғай болмаса да келе алмадық, шаруадан қол тимеді. Олар мына «Алғада» тұрады, – деп Жөкең қолын көтеріп құбыла жақты нұсқады.

– Менің жолым да сол «Алға» еді, – дедім.

Поезд таң ата жетті де, қолға түскен таксимен «Алға» совхозына жеттік. Біз көк қақпалы, кең аулаға кіре:

– Әке, әкетайым менің! – деп, жас әйел Жөкеңе жармаса кетті.

ҚҰБА ТАЛ

Есен қарт ауыл келбетін жоғарыдан қарап үйренген адам. Биікке шықса жанары ашылып қоя береді. Бірден ата қыстау Мәшен шалынады көзіне. Онда өткен балалық шағы, бозбала, жігіттік шағы, әке болған кездері есіне түседі. Сонау бір жазықта ұлын тайға мінгізіп шапқылатқаны бар. Алғаш тарпаң тайды жетектеп, тақымы бос баласын мықтап ұстап жүгірте берді. Әбден алқынып дымы біткенше жетектеді. Әкенің қырыс маңдайынан бұршақтап тер шықты. Жылқы баласына тұңғыш бұт артып, кісілік құрғанына мәз болған ұлы ешкі тістерін көрсетіп сықылықтап күлумен болды.

– Жібер, әке, жібер, енді өзім-ақ... – деген айғайлап. Есен тізгінді қалай босатып алғанын сезбей қалды. Тай тартып-ақ кетсін. Далбақтап шауып барады. Кішкентай баланың құйрығы копаң-копаң етеді. Аяқтарын қапталдыққа қысып, қолтықтап тіреп алыпты. Үйір іздеген жануар жазыққа шыққан соң секіріп, ойнап кетті. Есекең өкпесі өшіп соңынан жүгіріп келеді. Бір кезде бала тайдың арқасынан сыпырылып бара жатты.

– Әттеген-ай, өлді-ау! – Өткенді ойлап тұңғышқа батып кеткен қария ұйқысынан ояғандай селк ете түсті. Ол шатырдың шетінде алғашқы шиферді ұстаған қалыпта тұр екен. Қып-қызыл көздерін бір нүктеден алмайды. Қарияның әлдебір қиялға берілгенін сезіп, жігіттер төменнен шығарылған шиферларды орналастырып жатқан.

– Уһ, – деді Есекең отыра кетіп. – Құрыған күндер еске түскенін көрмейсің бе? Сонда мен бүгінгідей тұяқсыз қалу үшін

сөйттім ғой. Қанаттыға қактырмай соқталдай азамат егіп едім, көрдің бе? – деп қария мұңға толы жанарымен алысқа қарады.

Алтынмен қаптағандай күзгі дала кең көсіліп жатыр. Көк жиекті көлегейлеген жасыл қабырғаның әр тұсы қызарып көрінеді. Жүз жылдық теректердің қызыл жапырақтарына қарап қария тебіреніп кетті. Тайдан жығылған ұлының тәмпіш танауынан аққан қанды қолымен сүртіп, байбалам салғаны есіне түсті. Есен қарт үнсіз. Жігіттер де тіс жарған жоқ. Талпақ қара төменнен:

– Болсаңдаршы, бұл не тұрыс өзі? – деп кейіп еді, шатырдың үстіндегілер үндеме деп қартты нұсқады.

– Әй, тәңірі-ай, осы алжыған шалға бола жұмысты тоқтатып... Тездетіндер, ұзақ күнді кеш қыламыз ба тағы?..

Қария жел үрлеген аппақ сакалына қалтыраған саусақтарын апарып:

– Жә, кірісейік, анау Көкібай баласы асығып тұр екен, ісі өнсін, – деді де үлкен сұр шиферды орнықтыра бастады. Ыңылдап өлеңдеткен болады. Қайдан өлеңдетсін... Есекен үлкен орақ мұрнының астынан ыңылдай жүріп қимылдап кетті. Есiлдiң су шайған тасындай жылтыр шиферды жігін білдірмей қатарлай тізіп шегелей берді.

– Апырау, Есен-ау, темекі тартып аз тынығайық та, – деді бір кезде жігіттер. Қария істік сакалының ұшынан тер тамшылаған күйі нақ бір мылқау адамдай шаруасын жалғастыра берді. Көкібай баласы деген талпақ қараның да тіптен зықысы шықты. Үлкен үйдің төбесі жабылып біткенше бөгелмеді. Шатыр әбден жабылып біткен соң, биіктен сымдай тартылған ауылдың көшесіне қуана көз салды.

– Ана үйдің шатырын жаптым. Қызыл төбелі үйдің кәрнезін қиюластырдым. Арғысының терезе- қақпаларын өрнектедім. – Есекең кетік тістерін көрсетіп мәз болып отыр. Еңбегі жанған, қуанған қалыпта. Осы екі жүз үйлі ауылдағы құрылыстың қайсысына болсын қолы тиіпті. Бұл балта шаппаған, бұл шеге қақпаған құрылыс жоқ. Жұрттың барлығы ауласына ағаш отырғызыпты. Айнала жасыл орманға айналған. Қария ішкі қалтасынан шыны шақшасын алып құлақ түбіне шайқап көрді де, қара насыбайдан аз ғана шымшып алып имек мұрнының астына кезек апарды. Содан түшкіріп, пыскырынып:

– Сендер ғой, – деді қария манағы Көкібай баласына қарап. – Бағана аз ғана бөнелгенім үшін сөктіңдер, жұмысқа кедергі

жасағандай болдым. Балам бар, бауырым түтін шағым еске түсіп ойға батып кеткенмін. Биікке шыққан соң қыстау жаққа көз саламын деп... – Қария кінәлі адамдай төмен қарады.

Темекі тартып демалып отырған жігіттердің ішінен мол денелі апайтөс біреу құшақтап:

– Айналайын, Есеке, қапаланбаңыз, сізсіз мына үйдің ша-тырын келістіріп жаба алмас едік, – деді. Есен қарт күлімсіреп қоя берді. Көкібайдың баласы кескіні күйген көңдей тырыстырып:

– Қойсаңдаршы, осы селкілдеген шал бітіріп пе, біз ғой күш салған, – деді.

– Әй, тарт былай, бабаңмен ұстаспай, жағынды бұзып жіберемін, – деді әлгі жігіт түтігіп. Жігіттер де Көкібайдың баласына дүрсе қоя берді. Осы арада Есекең:

– Жә, жігіттер, білмегенді кешпесен, – білгенің қайда? – деді.

– Дұрыс айтасың, үйге кіріп тамақ ішейік. Үй иесі бір бағланды былқытып жатыр.

– Ә, қойсаңдаршы, болмашыға бағлан жемекпіз бе? – деді Есекең жақтырмай.

– О не дегенің, «Ағайынның ақысы – тамағы» деген бар емес пе, – деп, үй иесі еңсесін салып қарияға жалбарына бастады.

Есекең көпшілік ризашылығына көңілі өсті. Қолы іске тисе бұлдана бастайтындары несі-ей, қайратың барда көмектесе салдың, сонда тұрған не тұр. Әй, надандық-ай!

* * *

Ол кара нардай жай басып барады. Денесі ауыр тартқан. Кәрілік те жағалап жүр-ау. Жұрт шіркіннің бір жаны Есекеңде тұрған сияқты. «Есекеңе, сізсіз болатын емес, басқаның қолынан келмей тұрғаны»... – дейді.

– Пенсиядағы адаммын ғой, не бітіріп жатырмын, барсам барайын, – дейді қария.

Бұрнағы күні кемпірі Бағила мәселені бүйірден қойды.

– Осы сен шал, балтаңды белеңе қыстырып, тентіреуді қашан қоясың? Бір тиын алып жатқан ақың жоқ. Анау шақырды деп анаған, мынау шақырды деп мынаған желкілдейсің де жүресің. Күшің тасып бара жатса, мына ескірген еденді неге түземейсің? – деді оқтаумен нұқып.

– Қолұшын бергені үшін ақы ала ма екен? – дейді қарт күңкілдеп.

– Қол ұшы, қол ұшы, не деген қол ұшы таусылмайтын!– Кемпірі бастырмалатып кетті. – Өз шаруаңа қарайтын күнін бар ма?

– Қараймыз ғой, қараймыз, қайтер дейсің. Жұрттың көңілін жығу – ұят. Түсінсейші, көмегіме зәру ғой, түге! – дейді қария. Кемпірінің да қайтымы тез болушы еді, осы жолы үдеп кетті.

Сен шал, кеше осылай тентіреп жүргенде Бекенжанның құба талдарынан Көкібайдың қарасы қайық есетін сырық кесіп алыпты. Бекенжанның талын кескенше мен бейбақтың саусағын кессейші!

Бағиланың шүңірек көзінен жас парлап қоя берді.

– Бекенжан келсе не бетімді айтамын. Талыңды өсірудің орнына қырып жатырмын деймін бе?

– Бекенжан келсе, тағы да өсіріп алар, тек келсе-ші өзі!..– Есекең ауыр күрсінді. Дымқыл сакалын салалап отырды да тысқа шықты. Қара бұлттардың арғы бетінде ай жүзіп барады екен. Ауыл түнгі тыныштыққа бой ұрған. Көл жақтан қоғажай аралас тұщы леп еседі. Қара қабырға болып Бекеннің талдары тіреліп тұр. Қимылсыз, мұңды тыныштық. Қария іргедегі ағарып жатқан үңгірге үнілді. Түбір нақ бір адам қолының қиылған сіңіріндей аксиып көрінеді. Есекең дәрмені құрып отыра кетті. Бұл үйдің отырғызған ағашы да өзгеше. Қайың да емес, тораңғы да емес, кәдімгі Есілдің құба талы. Тал болғанда қара қожырмақтанып тырбия өсіп аулаға сыймай кеткен мол дүние.

Қария күнде ақар-шақар болған байырғы құба талдың көлеңкесіне отырып рахаттана тыныстайды. Айналаға тараған тамырдан нәзік шыбықтар көктеп көбейе түскен. Құба тал үйдің ауласын тарылтып, қаптап бара жатса да, бұтағын кесіп отқа жакқан емес. Шалын әркез қыжыртып жүретін Бағила кемпір де құба талға келгенде жүзі жылып қоя береді.

Жалғыз ұлы Бекен майданға жүргелі жатып, түнделетіп ауланың шарбағын тоқыған. Сонда құба талдан қазық түйіп еді. Алғашында ешкім мән берген жоқ-тын. Бір күні баласын сағынған Есекең Бекеннің тоқыған шарбағын қарап жүрсе, қалың тоқыманы жарып, жапырақтар көктеп тұр. Кәдімгі құба талдың күміс жапырағы. Бекен қакқан қазық жерден нәр алып өркен жайған екен-ау!

– Қатын-ай, қатын! – деп Есекең қуанышпен айғайлап жіберді. – Қарашы, Бекенжанның қакқан қазығы көктеп келеді.

Бағила шарбақты айналып көріп: – Жаксы ырым, Бекенжан майданнан аман оралады екен! – деді қуанып. Бірақ Бекен оралмады. Ерлі-зайыптылар баласы кеткен күрең жолға сарыла қараумен әлі жүр. Соғыс біткелі отыз жыл өтсе де, қарттар үміттерін үзбейді. Бірақ Бекен келер емес. Түбірінен келі жасауға жарап қалған қара талдардың саясында отырып екеуі:

– Айналайынның талдары-ай! – дейді. Құба талдың күміс жапырақтары кешкі самалмен сыбдыр қағып, жақсылық хабар жеткізгендей болады. Сол қасиетті талдың бір түбін балтамен шауып алыпты. Есекең күсті алақандарымен нақ бір ауыр жарақатты сипағандай түбірді қынжыла сипап отырып:

– О, көгермегір Көкібайдың баласы, не жазығым бар еді? Әкең мен Бекенім бірге кетпеп пе еді соғысқа? Көкібай аман келіп, сен тудың, тумасаң етті бүйткенше,– деді. Үйден шұбаландап кемпірі шықты да:

– Шал-ай, жүрші үйге, налымашы, жетіліп кетер Бекенжанның талы. Беу, бейшара-ай, күйрек болып алыпсың, еркек емессің бе, әйел бізге не кінә? – деп қолтығынан ала берді. Екеуі түн ортасы ауғанша көз ілмеді. Ой құшағында үнсіз жатты.

– Шал-ай,– деді бір кезде.– Сен ұйықтап қалдың ба? Осы біздің Бекен тірі ғой деймін. Анық тірі жүрген шығар бір жерде, аспан асты кең емес пе?

Қария мекіреніп аунап түсті. Қарт аз ұйықтаса да ұйқысы қанып, үйден шықты. Күздің салқын таңы әбден жарық болыпты. Шығыста қара орманның төбесін шарпып арайлы күн шығып келеді.

Бекеннің талдары бұйра бастарын толкытып тұр. Құбыладан ескен өткір желден ықтап аз тұрды да сарайға қарай беталды. Ұсталмаған темір күректі төске салып шыңдай бастады. Көршісі жесір қатынның күрегі. Кеше осы күректі қайрауға әкеп өткен кеткенді әңгімелеп кеткен. Есекең бар өнерін салып шыңдады. Темірдің шыңыл бар аулаға естіліп тұр. Үйден Бағила шығып:

– Әй, шал, құлқын сәріден елді ояттың ғой, қайтушы едің сол түскірді, – деді кейіп.

– Қамиланың күрегі ғой, картоп қазады екен,– деді.

– Қамила деп елпілдеп тұрғанын, сенен басқа еркек жоқ па ауылда? Ыңғай бір осы шалды айналақтап жүргені,– деді шешей тарылып.

– Еркектің бәрі күрек соға білмейді. Күректі шындап, жақсылап егесе, алмастай өткір болады. Әйел ғой, сайманы келіспесе жұмыс істей ала ма? – деді.

– Жұртты ояттың ғой, шақылдатып, – деді Бағыла не дерін білмей.

– Оянсын, оянғаны керек, шаруа уақытында не ұйқы ол, оянсын бәрі, – деді Есекен.

Ол күректі баптап болып, быртық бармақтарын жүзіне тигізіп көрді. Қылпып тұр екен. Өз ісіне көңілі толып марқайып қалды.

– Әй, тоқташы, шырағым. Көкібай баласы, бұрыла кетші!

Көкібай баласы мылтығын жерге тастап, бері жүрді. Кескіні өрт сокқандай еді. Қария сыбағасын беретін шығар деп қанын ішіне тартып алыпты. Қара бауырдай жүзі күлгінденіп, қысық көздері кішірейе түскен. Сәлемдесті.

– Жол болсын, аң басы жуық – деді қарт.

– Көлге түсіп құс атпак едім... (Ұялғаннан төмен қарады)


– Сен тағы суға құлап жүрме. Қазір күз, су суық, ауырып қаласың. Осы жолы да ескексіз барасың ғой, ол жарамайды. Балалықты кою керек, сен енді сокталдай жігітсің!

Қария осылай деп сарайға кірді де, сырлы қасықтай етіп жонған қарағай ескекті жігітке ұстата берді.

– Мә, ал, әр нәрсеге ақыл керек.

Жігіт ұялғаннан күреңітіп кетті. Бұрылып қарауға бет жоқ, – Рахмет! – деген жалғыз сөз аузынан зорға шықты. Ескекті иығына салып шапшаң басып алыстай берді. Есекен балуан қолын маңдайына қойып күлімсіреп тұр. Бекер-ақ қарғаған екем өзін, «білместігін кешпесең – білгенің қайсы, қай бір өнеге көрген бала дейсің. Әкесі болса ішкілікке салынып кетті. Алланың берген дәулетін көтере алмады. Шіркін, Бекенім тірі болып осындай немерем болса, менен бакытты кім бар еді... Әй, лағынет соғыс-ай!»...

– Әй, шал, Бекенжанның әкесі! – деген таныс дауысқа бас көтерсе, құба талдар сыбдыр қағып, жайқалып тұр екен...



Алпан жүріп келеді. Кең жазықтықта көгілдір мұнар іркіліпті. Жон үсті күйіп, өртеніп бара жатқандай алаулайды. Момын даланың үстімен майдакоңыр жел еседі. Жел жігіттің тершіген денесін жадырата түскендей. Бозторғай үніне құлак түріп ой құшағында келеді. Ескен желдей өтіп кеткен жастық шағы көз алдынан өтті. Балалар үйі, әскери борышын өтеген шағы, одан кейінгі ғұмырының өткен жері – осы кең дала. Тракторшылар курсында оқып жүрген уақыты...

Оңтүстіктен тың көтеруге бейтаныс ауылға келгенде Байділда ағай мен Қатша апай жатсынбай қарсы алып еді... Қалқа қарындас қана мұны мазақтап күлетін. Күле берсін...

Шағалалы жалтырап жатыр. Тракторлар қос басына іркіліпті. Түскі ас ішіп, тамақтанып жатқан жұмысшылар абыр-дабыр. Байділда ағасы жирен мұртын ширатып, көңілі хош жайсан қалыпта бас-аяғын шолып шықты. Жігіт өзінің бақа бас етігіне қарап күлген болды. Бригадир аркасынан қағып:

– Оқу бітіргеніне қуаныштымын. Мына бір ДТ-ға ие таба алмай сасқалақтап... Сен де осы істің маманысың...

Байділда ағасының даңғырлап айтқан сөздері құлағына кірмеді. Тактай вагонның есігіне жакындаған сайын жүрегі аласұрып, әлденеден шошығандай қалтырап кетті.

«Қалқам-ай, сен қалайсың мен дегенде»...– деп қыз әнге басып отыр. Алпан Байділданың сыртына тасаланды. Көне күпәйке киіп, орамал тартқан көккөз сары қыздың аты Қалқа болатын. Ол Байділданың жалғызы екен. Әнді таза халықтық әуенмен орындаған қыз қол беріп амандасты да, жігіттің құлағынан жұлқылап:

– Тракторшы болғаныңа, – деді сықылықтап. Қыздар күлісіп сыртқа шықты. Үлкен бір қылмыс істеген адамдай қысылған Алпанның маңдайынан тер бұрқ ете түсті. Қыздар қолтықтасып әндегіп барады. Әй, Алпан, бері қарай жүр. О, сорлы, соқыр түйеге ұқсап анырып тұрғанын қарашы! – деді Қалқа кекетіп.

Байділда көрсеткен сұр трактор жылан бауырымен табандап тұр. Алпан ат саудалағандай айналаға қарап, әр жерін шұқылап көріп, майлайтынын майлап, бұрайтынын бұрап, қайткенде тезірек жүргізуге қам қылды. Күн жамбас тұсқа барғанда мотордың үнін шығарды-ау, әйтеуір. Трактор жұлқынып барып

кете барды. Бір жүрді, бір тоқтады. Келер күні де іс оңбады. Тіркеуші бала Сайраштан басқа көмекшісі жоқ. Қайқы танау кішкене Сайраш соқа үстіндегі орындыққа отырғанына мәз.

– Сайраш, карның ашты ма? – деп сұрады Алпан, ауыр етігін шешіп тастап. – Қосқа барып тамактанып келе ғой, мен титтей демалайын – деп жігіт қызып тоқтаған трактордың бауырына кіре қисайды. Күншуақ болғанымен жер сыз екен. Балалар үйі де өз үйіндей-ақ еді. Әскер қатарында жүргенде де абыройсыз болған жоқ. Тек тыңға келгелі ауыл тіршілігіне үйрене алмай қойды. Ауыл адамдары мұны жатсынбаса да бұл ауылды жатырқайтын сияқты.

– Шырағым, біздікінде бол, басқа жарыған адам емеспін, сөйт қарағым! – деді Байділда ағай. Үлкен үйде бала дегенде жалғыз осы тентек қыз Қалқа ғана. Болдырған аттай жуас, әрі ұсқынсыз жігітті әлі келгенше мазақтап бітті. Шымшып алғанына, түйіп қалғанына Алпан селт етпеген соң, қыз өшігіп китарлана түседі: «Алпан, Алпан, алқам-салқам» – деп сықылықтайды. Шешесі Қатшаның тыйым салғанын да тыңдамайды. Алпан осы үйден кетіп қалғысы келді. Кетпеді. Қалқаның сотқарлығына көндігіп кейде езу тартады. Алпанға күлу бір қиямет. Жасынан аурудан бүрісіп қалған қалың еріндері күлкіге де, сөзге де икемсіз. Ұқыпсыз қашалған тас мүсіндей әман қимылсыз тұратын бет пішіні меніреу адамға көбірек ұқсас. Құрбысымен қолтықтасып, сықылықтасып бара жатқан Қалқа елестейді. Содырлы, тиышсыз күлкі...

– Ей, ұйықтауға келіп пе ең, о, жетесіз қаңғыма!

Арқасын темір қарып алғандай болған Алпан орнынан тұрғанша шолақ қамшы тағы бір рет жосылтып өтті. Мұрты едірейген қызыл Жұмалыдан тасалана берді. Сөйткенше болған жоқ, жолда тұрған Сайраш баланың құлын даусы шықты. Көнекөз жейдесінің арқасын қамшы тіліп түсті. Қанына қарайып алған Жұмалы тағы да ұмтылып еді, Алпан жаралы аюдай долданып барып, тарпа бас салды. Рабайсыз үлкен қолдары алқымын езіп, қиратып бара жатқан Жұмалының көзі шарасынан шығып қырылдай бастады.

– Ағатай, босат, өледі! – деп бақырды Сайраш. Алпан Жұмалыны жыртынды үстіне итере салып, моторға от алғызды да, түк болмағандай кете барды. Кетіп бара жатып:

– Балада несі бар-ей? – деді алая қарап. Көрші танапта жүрген Қалқаның көзі бұларда болатын. Тракторымен жолдарын кесіп алды.

– Ей, кісіні ұруға қандай хақын бар? Сотқа беру керек өзінді! – деді айғайлап.

– Қалка, түсінші, ол бізді оқсатып ұрды. Қарашы, баланы көрші! – деді Алпан көзі жасаурап, Сайраштың тілінген арқасынан қанды сарысу ағып тұрған.

– Мұның не жазығы бар, жас баланы ұруға бола ма екен? – деді Алпан. Сайраш еңіреп қоя берді.

– Не үшін ұрды? – деді Қалка.

Алпан не дерін білмей саскалақтап:

– Мотор қызып кеткен соң, суысын деп...

– Ұйықтап қалдың ба?

– Иә, көзім ілініп кетіпті...

Қыз бүйірін таянып алып күлсін-ай кеп. – Ой, тракторшы болғаныңа, алған тапсырманы орындай алмай жатқаны мынау, бұл болса тал түсте көзі ілініп кетіпті. – Қалка әбден күліп болып көз жасын сүртті де, бүйірін басып тұрып: – Саған тракторшы болғаннан гөрі ауылдың ешкісін баққаның артық шығар. Көгалға жайып салып қисайып жатасың, ұйқын әбден қанады.

Қыз байтақ кара жыртындыны көктей өтіп кете барды. Бұрылып та карамады. Жігіттің денесі бір қызынып, бір суынды. Қолдары қалтырап, тарғыл беті қыбырлап кетті. Жайшылықта еріншек аяқтарын қорбаңдай басып трактор кабинасына кірді.

– Сайраш, – деді айғайлап, сен ауылға қайта ғой, мен өзім жалғыз жыртам.

– Қалай?

– Соқаның автоматына сым байлап тартып отырам, бара ғой.

– Жұмалы өлтірмей ме?

– Өлтірмейді.

Алпанның тракторы жөнеле берді. Әлгінде ғана адам ізі түсіп, ойраны шыққан жыртынды үстінде Сайраш тұр. Алпан қолымен қос тұтқаны қапсыра тартып келеді. Көктемнің еріншек күні әбден жоғарылап алыпты. Сағым арасынан тракторлар көрінеді. Олар кішкене су қоңызындай қыбырлап, қалқып жүзіп жүр. Сызы арылмаған жер бусанып жатыр. Ақ тұмсық кара қарғалар да жалықпай өріп жүр. Олар төңкерілген жыртындыны адымдай көріп, қайтадан лап қойысады. Кейде трактордың алдына шығып алып қанаттарын сүйреп жүргендері. Алпан ұйқы жаудың қырсығынан таяқ жеді, өзі де есесін жібермеді. Сонымен біткен

жұмыс еді. Сотқар қыздың қалжыңы шымбайына батып кеткені. Не дегенін есіне түсіре алмады. Жирене қарап күлгені көз алдында. Жок, бұл қорлық. Келмей жатып жаман атаққа ілінді. Жо-жок, мен көрсетем, ешкі бакканды...

Трактор кабинасында бүктеле отырып айдай берді. Бір уақытта алаулап күн батты. Іңір қараңғылығында даланың әр шетінен жылтырап жарық көрінді. Қараңғылық әбден түсіп, тракторшылар кезек ауыстырып болған соң, жанар май құйып алып түні бойы жүрді. Рауандап таң атты, шуақты сәске болды, Алпан екі қолы мен екі көзіне ие. Түс ауа даланың бетінде ағараңдап кішкене нүкте көрінді. Алпанның көзі бұлдырап көпке дейін айыра алмады. Ақ нүкте төртеу, бесеу болып шашылған тарыдай құжынап кетеді. Кейде тұтас бір денедей бірігіп, зорайып алады. Қайткен күнде де көз жанары алдата берді. Көз түбі суырып, құлағы шыңылдады. Қолдары қарысып қалыпты. Ұйқы мен аштық қажытып тастады. Байділда ағасы да, басқалар да кезек ауыстырып дем ал деп осыншама жалынды.

– Бір тәулікте бес норма орындадың, тоқта енді, – дегендерге ерегісіп кетті.

– Бесжылдықты бір-ақ орындасын, нелерің бар онда!– деген дауысқа қарап күліп тұрған Қалқаны көрді. Алпан бұл арадан тез кетуге асықты. Күнге қыздырылған сазды даланы өрлеп ұзай берді. Түс ауды. Тракторды токтатпағалы екінші тәулік. Күштің кайнар көзіндей зор денесі әбден қалтырап болды. Кішкене қысық көздері еркінен тыс жұмыла берді. Адам басының мұншалықты ауырлығын кім білген, сылқ етіп түсіп кетеді. Көздерін уқалап жіберіп алға қарайды. Әлгі ақ нүкте жақындап қалды. Қолында түйіншегі бар Сайрашты таныды. Сайраш жалаңаяқ, жалаңбас қалпында. Кешегі қамшы тиген боз көйлегімен жүгіріп келеді. Бала тракторға қарғып мініп, Алпанның мойнынан құшақтай алды. Әбден енгіккен.

– Ағатай, мен саған тамақ әкелдім,– деді түйіншекті алдына қойып, – жеші!

Алпан қызарып, қанталап кеткен көздерімен баланың кескініне асықпай қарап алды да:

- Өзің бе әкелген, әлде біреу айтты ма? – деп қадала сұрады.
- Өзім, сонан соң... Бала күмілжи берді, – Айтпа деп еді...
- Айтпасаң жемеймін!

– Қалқа апар деген, – деді бала жемей қояды екен деп саскалақтап.

– Сонан соң не деді?

– Қалжыңдағанды түсінбейді екен, – деді.

Алпанның тыртық ерніне күлкі үйірілді. Ашулы кескіні жұмсарып, арық баланы өзіне қарай тартып, маңдайынан иіскеді де, түйіншекке қолын апар берді.

Көктем кеші көпке дейін қараңғыланбай тұрды, іңір желі есті. Көк иісі мен жер иісін шалқыта үрлеп жеткізіп тұр. Сонау Тұрсынбай жақтан алакеуімдегі қызғылт көкшіл түске бөленіп мұнартқан даладан жаңа трактор жарығы көрінеді. Жаңа болған соң Қалқа ғой. Жадыраңқы көңілмен ұмтылады сол жаққа. Қараңғыланған даланың алыс шетінен көрінген жарыққа жүрегі жылынғандай. Моторын сөндіріп, құрысқан денесін жазып алды да, далаға тағы ұзақ телміре қарады. Көктемнің қоныр желі шалқи үрлеп жанын жай таптырғандай еді. Қосқа қарай нық қадам басты. «Қалқам-ау, сен қалайсың, мен дегенде», – деп ақырын өлеңдетіп келеді....

ҚАРЛЫ ЖОЛДА

Бізді әкеле жатқан жігіттің кескінін айнадан көріп отырмын. Сақал-мұртын тақырлап қырғанымен, орны көктұқылданып тұр. Еріндері шиедей қып-қызыл. Мұндай үлбірек еріндер алпамсадай жігіттен гөрі қызға лайық. Көздері сәл күлімдей түсіп машина астына жөңкіп кіріп жатқан сұр жолға қарайды. Кейде сиырдың тіліндей кішкене айнадан бізге де көз тастайды. Қалайда жел жетпес жүйрікті ұршықша үйіріп-ақ келеді.

– Поезд қай сағатта жүруші еді деп сұрасам, тіл қатпайды. Жанымдағы қара сақал кісі тіземнен қақты.

– Бұл жігіт көп сөйлей бермейді, құлағы нашар естиді, – деді қалталарын қарманып. Таңданғанымды жасыра алмадым. Шал такала отырды. Темекісін октаудай саусақтарына қыстырып алып, мекіреніп қойды. Біс шалған жалбыр мұртының астынан көкжілім түтінді будақтата түсті. – Бұл өзі көп үндей бермейді, – деді сөзін нығырлап. – Туа осылай болған жоқ. Мен бригадир болып тұрғанда. Иә, сол жылы...

Қағынған қарлы қыс болатын. Ақ даланың бетінде боран соғып тұр. Бірде алақаншықтанып, тәулік бойы құтырына

жөнеледі. Сералы тракторын баптап, қора жанына қойғалы қашан?!. Күннің райына қарап отыру оны әбден жалықтырды. «Осы ыланды жіберіп тұрған қай құдай екен?» – деп ызаланды жас жігіт. Жап-жаңа трактор босқа тұр. Кабинасының ішіне жасанды гүлдерді қыстырып, шашақтатып алған. Іздегенге сұраған, бір күні боран сәл ашыла беріп еді, бригадир көрші бөлімшеге жүк апарып тастауға косты. Жер беті бала қаздың мамығындай үлпілдеп жатыр. Үн қатпай қасарысып қалған далада тіршіліктің белгісі жоқ. Бұлдырсыз аппақ әрі шексіз аспан дағдысынан әлдеқайда еңкейе түсіп, төмендеп кеткен дерсіз. Ескі сүрлеудің жобасымен Сералы төпелей салып келеді. Сүрлеу кейде көрініп, кейде байқалмайды. – Мынау Шошқалы көлі ғой, әбден қардың астында қалыпсың-ау!» – делі жапырыла жығылған нар қамыстарға қарап. Серәліге осынау қол соншалықты ыстық болатын. Бала кездері есіне түсті. Мөлдір көл суына шомылып, ақ сүйрік қоғасын суырып, тақырына аунайтын кездері-ай дессйші! Осы көлдің басынан ойнап жүрген жерінен әкесі арқалап әкелгені бар. Анасы екеуі сонау дөңесте әкесін шығарып салғаны көз алдына келді. «Әкешім сол сапардан оралмады» деп күрсінді.

Жасаураған көздерімен аппақ далаға қарады. Қыбыр еткен жан жоқ. Бертінде бұл даладан ауыл көшіп кетіп, үйлердің орны ғана қалған. Көгілдір аспанда бүркіт қалықтайды. Даланы суық мұнар мен үнсіздік жайлаған. Ауа дымқыл әрі ызғарлы. Сонау бір ойпаңда шілік арасында ирелендеп түлкі жүр. Бүркіт осы маңды айналып жүр. Атасы екеуі бір кездері сол тұста қақпан құрып түлкі алған-ды. Мұрнынан қан саулаған түлкіні қарға соғып:

– Соғыстағы ерлерге жылы киім болады, – деген атасы. Мұндайда насыбайын ерніне қыстыра салып, шырт түкіреді де, өмірі түлкі көрмегендей аунатып қарады. Жүні жетілген арлан түлкіні асықпай сойыр қарға сокқан соң, немерелерінің қанжығасына байлайды. Қария мықты адам болатын. Бірақ ауыр жан күйзелісіне шыдай алмады. Баласының қазасын естірткенде жүрегі жарылып, үзіліп кетті.

Серәлінің көзіне жас толды. Балуан қолдарымен қос тұтқаны тас қып ұстапты. Бір дөңестен екінші дөңеске асып трактор келеді. Сүрлеу, сокпақсыз қарлы жазық көкжиекке астасып алған. Жігіт кабинадан басын шығарып қарайды. Шетсіз кеңдіктен бағыт-бағдар іздейді. Қыста боран ұйытқыған, жазда

аңызак жел соғып, жан біткеннің аңкасын кептірген панасыз далада салынып жатқан жаңа бөлімшеге жүгін түсірді де, трактор кері бұрылды. Осы арада шеткі үйден жүгіріп шығып тымақты адам қол бұлғағаны. ..

– Қарағым, ауылға барсаң мына баланы ала кетші, ертең оқуы бар. Сөйтші, айналайын!– деп жалпактап тұр. Сералі сакалдының кескініне қарап күлді де:

– Ағай-ау, трактор ауырламайды ғой,– деді. Біраздан соң даланы қараңғылық жапты. Жел азынаған айсыз түн. Трактор жарығы қараңғылықты тінтіп ілгерілей түседі. Сырғыма қар жолды сипалап тегістегенімен, іздің сұлбасы әзірге анық көрінеді. Бала қалғыған соң, Сералі жатқызып қойды. «Апалап» ұйқысырайды. Кескіні жалынышты, күйзелулі сияқты. Шешесін сағынған ғой! – деп Сералі іштей аяп кетті. Әкесінен қара қағаз келгенде Сералі де осы балақайдай ғана еді. Қайғы дегеннің не екенін жыға түсіне алмайтын кезі. Атасы қайтып, бір үйде шешесі екеуі қалғанда ғана жалғыздықты сезіне бастаған. Бірақ аналы бала жетімдік көрмейді екен. Шын жетімдік кейін жетті. Суық өтіп, ауыр сырқаттан шешесі қайтты.

Боран бейуакта көтеріліп барады. Қара барқыт аспанды ақ пердемен бүркеп, жынды жел соқты. Жол жоқ, бағдар ғана бар. Не көп – көл көп. Ми қопалы, жылымды көлдерге кіріп кетсе отырады да қалады. Шығу оңай емес.

Дала мәңкіп тулап жатыр. Жарықты өшіріп тастағысы келгендей боран содырлы қанатын соғып алас ұрады. Трактор қалың қарды бауырымен есіп келеді. Көп жүрді, елге әлдеқашан жететіндей еді. Түн ортасы ауыпты. Тракторды тоқтатып есікті ашып еді, тұтқаны жұлып әкетті. Кабинаға боран лап қойды. Бала селк етіп көзін ашты:

– Аға, біз қайдамыз?

– Даладамыз, үндеме, көп ұзамай үйде боламыз. Солай дегеніммен, үйге жетуден күдер үзе бастағандай. Тракторды ықтата тоқтатып, шалқаймаға басын сүйеді. Сүйеп отырып қалғып кетті. Ашулы арыстандай дауыл гүрілінен селк етіп оянды. Мотор сөнген, тракторды қар басып барады. Шырпы тартып аспаптарды қарады. Қар арасынан сипалап кішкене моторға от алғызды. Үлкен мотор үн қатпайды. Солярка бітіпті. Қараңғы кабинада сілейіп отыр. Түн болса ұзақ, киім жұқа. Қырсыққанда мына баланың кездескенін қарашы, үсітіп алмаса жарар еді, әттеген-ай!

Мотордың суын жіберу керек. Судың тығынын табу оңай емес. Қалың қарды жалаңаш қолымен тырналап жүріп трактор астына кірді. Тығын қатты бұралған ба, жоқ болмаса домбыққан қолдарынан әл кетті ме, көпке дейін босамады. Бір кезде су жеңіне құйылып кетті. Тығынды қалтасына тастай салып, ытқып шықты.

Үсіне бастаған саусақтарын укалап, үрлеп отырды. Бала анық қалтырай бастады.

– Шыда, балақай, таң атады, боран басылады, біз үйге барамыз,– дейді. Ұзақ үнсіздік. Қиыршық қар темір қабырғаны сабалайды. Ұйқы жеңіп барады. Осылай отырып мүлдем ұйықтап кету мүмкін ғой. Көзін жұмса анасы елестейді. Екеуі дөң үстінде тұрады. Немесе әкесі мойнына отырғызып кен далаға әкетеді. Суреттер тез өзгереді. Енді бір кезде анасының нәркес көзінен жас тамып бара жатады. Серәлі отырғышты аударып қалайылау шамын алды да, көрікшегін басып шырпы жакты. Кабина ішіне жарық пен жылылық келді. Баланың қолдарын отқа қарсалайды. Ояу ұстау мүмкін болмаған соң, жатқызып тонын жапты. Тағы да ойлар...

Серәліні қарт адамдар бауырына салып еді. Ауыл шетіндегі аласа жер үйде өмір өткізген Әлтай қарт пен Қапия әжей таудай пана болды. Қолында барларын баланың үстіне жапсырды. Адал дәмдерін аузына тосты. Титтей жатсынған жоқ мұны. Онжылдық бітіртіп, ілгерілеп оқытпақ еді, бала өзі бас тартты. Атасы мен әжесін тастап кетуге қимады. Механизаторлық курста оқыды. Анар есімді қызбен танысты. Газбен зерлеушінің қызы. Киноға, концертке барып жүріп, сөз байласты ақыры...

Түн созыла түсті, талдырып барып таң да атты, жел тынған. Шексіз кеңістікте қыбыр еткен жан жоқ, көз тоқтатар нокат жоқ. Серәлінің тісі-тісіне тиер емес. Тоны болса тонбас еді. Тон жамылған баланың аяғы да үсіне бастапты. Не істеу керек? Тапқан ақылы мұз болып қатқан кигіз етігін шешіп, шұлғауларына бензиннің соңғы тамшыларын тамызды. Шүберектің қоңырсыған түтіні толы кабина ішінде екеуі отыр. Аяқ-қолдарын әлжуаз отқа қарсалайды. Аздап жылынғандай еді. Шұлғаулардың күлі ғана қалды. Кабина іші ақ қырау, көк мұз. Қол тигізер емес.

Сұп-сұр болып талауратқан көкжиектен күн шықты. Дала бетінде қызғылт сәуле шашыратып күн көзі сығырая қарайды.

Терістіктен үскірік апатты жел соғып тұр. Серәлі баланы қолынан тартып түсірді де, жетектеп жүгіре жөнелді. Құлап қалып еді:

– Тұр былай, әйтпесе таяқ жейсің,– деді жекіп. Екеуі үнсіз жүгіре берді. Қар көміп кеткен трактор айналасы жол болып қалды. Бір кезде кабинаға кіріп отырысты. Серәлі пимасын шешіп еді башпайларының ұшы аппақ болып суланып тұр екен. Қолдары домбыққан. Жылусыз күн тұсау бойы көтеріле көк жиектен екі нокат көрінді. Тракторлар қалың қарды есіп келеді.

Серәлі ауруханада көзін ашты. «Үсінген жоксың ба, балақай?»– деп ауысып сөйлеп жатты. Ұзақ емделді, саусақтары мен бақайлары жидіп түсті. Құлақтары шала естиді.

• «Жигули» тас жолмен көсілітіп тартып келеді. Қар тоқтатқан байтақ егістік. Жолдың ернеуіне төне өскен екпе ағаштар қырау жамылған. Дала байырғы үнсіз қалпы. Серәлі де үнсіздіктен жалығар емес. Қарасақал көршім бері бұрылды.

– Бұл өзі әйдік еңбеккер жігіт, қолынан келмейтін іс жоқ. Машина біткенді ұршықша үйіреді. Абыройсыз да емес. Облыстық Советтің депутаты, екі бірдей ордені бар.

– Қыз қайтты, Анарды айтам?

– Анаржан ерледі ғой. Қандай жайсыздыққа кездессе де Серәліден безбеді. Қазір балалы-шағалы.

Қарасақал көршім риза болып отырды. Қарлы жол артта қалып барады.

ШҰНАҚ ҚАРА

Бақтыбай камшысының сабын иегіне тіреп қалғып кетті. Қар тепкен аттың үстінде шайқала түсіп, ақшыл түк басқан ұртын бүлкілдетіп кәдімгідей ұйықтап тұр. Қажыған сәтте болмашы көз іліктірудің өзі үлкен тыныс. Мұндайда әжептәуір түс көріп те қалады. Дүрбелең таң алдында басталды. Жылқылар қалың күртікті сапырып, шұркырап жүр. Кексе биелер мен азулы айғырлар тай-құнды ортаға алып тарпынады, оскырынады. Қара сырт арлаң еркелей ойнап, шабдар айғырды шыр айналады. Алысырақта екеу-үшеуі шөмейіп отыр. Жылқышыны көріп айғыр арқырап қоя берді. Жануар соншалық қысылған екен.

Бақтыбай өзінің көршісі белгілі көкжалды танып, құрықты көтере ұмтылды. Үріккен малға жүрек беріп қайта-қайта

дауыстайды. Жылқы енді сабасына түсіп, күртiкті кертiп опырып, түкті тұмсықтарын қар арасына тығып жіберіп, бурыл бетегені суырып тартып жатыр. Көп жылқы топтала қар тепкенде тебін үстіне ақшыл бу көтеріліп, сұрапыл аязды сезбейді де.

Қысты күні жылқы ортасында шалқаннан жатып, мұз түстес және мұздай суық аспанға қарап ойға кетудің өзі бір рахат. Мұндайда қиялдың кезбейтін жері жоқ. Сөйтіп жатып көзін ілігіп кетеді де, ояна келсең қыруар әлденіп қаласың. Ал түннің жағдайы бір басқа. Жылқыңы жылқышы бақса, жылқышыны қасқыр бағады. Ұзап та кетпейді, жақындамайды да, қараңғыда жарты бидайды танитын көрегендігімен қалт жібермейді. Әлсіз жерінді андып, тай-тулақтарды олжалап кету— бар мақсаты. Құлқын солай істететін.

Бактыбай өзінің кара сырт көршісімен көптен таныс. Жазда калың копада күшіктеп, бөлтіріктері бауыр көтерген соң қыс бойы мұны андиды. Тәуліктің әр мезгілінде соқтығады да, жолы болмаса уақытша жоғала тұрады. Бірақ Бактыбайды назардан тыс қалдырмайды, ұрлығы ашылып, шу шығарған соң бірнеше күн бой көрсетпейді.

Бактыбай тымағының маңдайын көтеріп, жоғары өрлеген күнге карады. Қарлы даланың шетінен ажырап кете алмай сәл бөгеліп қалған күннің қып-қызыл сәулесі төгіліп, қайыңның қыраулы бұтақтары жылтырайды. Үнсіз кеңістікте шапшып ойнаған қызыл нұрға тоғытылып жылқылар қар теуіп жатыр. Әлдеқайда, алыста орман ақбурылданып көрінеді. Жылқышының кішкене кара косы карауытады.

Бактыбай атын аласа қайыңға байлап қосқа кірді де, колаamtаны көсеп жіберіп ку шырпы тастады. Кара бақыр мен мыс шәйнек босаға жақта, сенсең ішік төрде жатыр. Бактыбайдың барлық мүлкі осы. Құманға қар салып мосыға ілді де, қыпылықтап жанған отқа қолын карсылады.

Еңбек жолын байдың отын жағып, күлін шығарудан бастаған жетім бала комсомолға өтіп, колхозды құрып өркендетуге атсалысты. Басқарма да, ауылнай да бодып көрді. Жылқышының ең сүйікті кәсібі еді. Жалынып жүріп құтты құрықты қолына іліктірді де, өлмей айрылмауға бекінді. Отан соғысы басталғанда өз табынан жиырма бес сәйгүлікті алып әскери комиссариатқа келді. Сонан соң белгілі аласапыран...

Қостың құрымынан тамшы үзіліп түсті. Сыртта аркасынан аяз өткен кара бесті тықыршиды.

Ие, аласапыран өмір басталып кетті. Эскадронда өзі бакқан шу асауларды үйретіп, жаттықтырды. Үш-төрт ай шапқылап, жаз шыға ұрысқа кірді. Жаяу әскерге тұтқиылдан тап беріп турап тастап жүрді. Бірде осындай қат-қабатта окқа ұшып атымен домалап кетті де, соғыс тұтқындарының лагерінде есін жиды. Сонан соң...

Бактыбай шәйін доғарып шапшаң сыртқа шықты. Күн көзі түтіндей быксыған боз бұлттарды сүзіп өтіп жағалап барады. Екі жерден құлактанып, шаңытып тұр. Өзектің арғы бетінен аязды жел соқты. Қайыңның мұздаған бұтақтарынан ақ қырау саулап тұр. Құла бесті үстіндегі ерімен сілкініп оқыранды. Жылқылар тұмсықтарын кекілдеріне дейін қар астына тығып жіберіп, дорбадан сұлы жегендей бетегені күрт-күрт шайнайды. Қажалған ауыр тұяқтарымен қарды кертіп, опырып дамыл көрмейді. Сары қарын биелердің аршығанына жабағылары қабаттаса бас сұғады. Бактыбай ақ араласқан қара сакалын ілгері төсеп жіберіп күлімдеп тұр.

– Айналайындар-ай, үскірікте желге қарсы қар тебетін қайраттарың-ай! – деп жасынан жанына жақын осы бір көрініске сүйсіне қарайды. Үлкен құла сары бие бауырына жармасқан жабағысын қазымырлана тістелеп сүйір басын көтеріп алды. Қап-қара көздерін төңкеріп, таңдана мойын созды. Бактыбай асығыс солай қарай жүрді. Тебін ортасында саяқтар топталып, әлденеге таңдана қарасып тұр.

Атып тұрып қызықтаған тобырға тап берді. Аналар қашып барып қайтадан қоршады. Қоңыр байтал қар арасына тұмсығын созады да, қоршағандарға ызалана айбат шегеді. Бактыбайдың маңдайынан тер бұрк ете түсті. Жап-жаңа ғана ақ шелінен жыртылған қара құлын пыскырынып тұруға әрекеттенулі еді. Ыстық денесінен буы бұрқырап, тәлтіректеп, сүріне-қабына екі-үш рет қадам басты. Саяқтар оскырынып үркіп кетті. Жылқышы қалшып тұр. Ақырған ақпанда құлындағаны несі, енді қайтпек? Жиырма жыл жылқы бағып кездеспеген жай. Көп ойлануға уақыт жоқ, шекпенін шешіп алып құлынды орады да, аркалай жөнелді. Аркалап келеді. Ауыр киіммен әбден алкынды. Кеудесі удай ашып, демі таусылып барады. Құлын тыпырлап қолын қарыстырды. Моп- момақан болып ирелендеп жылжыған сырғыма боран жанданып жүйткі бастады. Желдің екпіні

бетті карып, танауды тұмшаласа да, Бактыбай еңкелеңдеп келеді. Кішкене кара қос алыстап, ұзай түскендей. Бір кезде табалдырыққа жалп етті де, көз алдына қызғылт күлгін от шашырап жер төңкеріліп бара жатқандай босағадан ұстанды. Құлын шекпенге шырматылып тыпырлап жатыр. Бактыбай көзіне тамған ащы терді сүртіп, ыстық қозға құлынның мұздаған сап-сары тұяқтарын басты. Алғаш ештеңе сезбеген маубас ыстық өткен соң дірілдеген кеудесін көтеріп, аяқтарын тартып ала берді. Мұз шаранасы жидіп түсіп, мамық қар түгі, күрғай бастады. Мойылдай көзімен жылқышыға қарады.

– Ештеңе етпейді, жетіліп кетесің!– деп Бақаң жалбыр мұртының арасынан мықты сары тістерін көрсетіп күлді. От жағып, үстін әбден кептірді де, құлынды босағаға байлап қостан шықты. Бораң жаяулап соғып тұр. Ұйлығысып топтана қар теуіп жатқан жылқыдан сары азбанды ұстап мініп, малды өзек барқынына қарай қакпалады. Қызыл байтал жылқыны айналып арқырап жүр. Құлындаған жеріне қайта барып, қарды тарпып шыр айналады. Салтактанған құйрығын шөмейтіп кісінейді-ай кеп. Бактыбай байталды жылқы арасына қарай қакпалап құрықты тастап жіберді. Ашулы жануар тұқыра мөңкіп шұрқырап еді. Жылқышының құрық бауы тақымын қысқан соң амалсыз еріп кете барды. Кекілін сілкіп тартынады да, қайта жылжиды. Бактыбай адамға айтқандай:

– Жүрсейші, тентек болма! Қоста құлының бар, аздап сорғызу керек оны, ей, малмысын деген, – деп шырт түкіріп құрықты тақымға қыса түсті.

Оскырып, ойқастаған байтал құлынның енесінің қолтықтарын түрткілеп жүріп шабына барды да, емшекті аузына түсіре алмай көп әуреленді.

– Ұмтыл, кішкене ілгерірек, е солай, ой!– деп анадайдан дегбірі кетіп Бактыбай тұр.

Құлынды пысысын деп қосқа қойып, төрт күн бойы ұстады. Төрт күн қызыл байталды бұғалықтап әкеп жүрді. Байтал асаулығын қоймады. Қара құлын да қостың іргесін шайқап аласұрды. Бесінші күні таңертеңгілік екеуін де босатып қоя берді. Қызыл байтал тебінге қарай шаба жөнелді де, соңынан ілесе алмай қалған құлынға қайта қайырылып келіп, оқырана шыр айналды. Құлын тілерсектері майысып қар жыраларының үстімен сүріне-қабына кетіп барады.

Екі жерден құлақтанған аязды күн. Тебін үстіне ақ шаңыт көтеріліп, өні кашқан суық аспан еңкейіп, аласарып кеткендей. Жылы қостан шыққан құлынның екі құлағын үсік шалып, содан құлдырайып калған.

* * *

Шұнақ қара дөнен шыққан жылы қыс кеш түсіп, Бақтыбайлар жылқыны Теріжайған жаққа салды да, ауылға көп қатынай қоймады. Сары дала, самалды азықта малды өрлете жайып, алыс көкжиекке көз талдыра ұзақ қарауды Бақтыбай ұнатады.

– Дала – дала, о, жарықтық-ай! – деді Бақтыбай алысқа көз жіберіп. Тебін үстінде жылқының буы іркіліп тұр. Қабылдап алғанда небары жетпіс бес-ақ тұяқ еді. Бес жылда екі жүзге жетті. Алғашқы жылдың төлдері сары қарын бие, қарабілек ат болды. Сонау қан жирен бие-аузын үрлеп, аяғын сыпырған құлыны. Бұл күнде бір өзінен бірер жылқы өсті. Шұнақ қара жап-жалпақ ат. Сонау шетте дара жүрген баран мал сол ғой. Ой, жануар-ай, жеке жусауың-ай!

– Уа, Қанатбай, бұғалықты әкеліп берші!

Жігіт қостан жүгіріп шықты.

– О не, аға?

– Арқанды әкел! – Бақтыбай атына қарғып мінді. – Жүр, жеттік.

Жылқышылар тепектей жортып табынды бір жерге жинады. Бақтыбай еңкендеп барып, құлақсыз басын қакштитып тұрған шұнақ қараға бұғалықты сілтеп қалды. Бұғалық қапылыста жуан мойыннан ілігін күш бермей тарта жөнелгенде, сұр дөнежінді кеудемен соғып ұшырып түсірді. Осы екі арада Бақтыбай да тұзақшаны жіңішке мойынға түсіріп ала қойды. Шұнақ қара қылғынып барады. Қалың жылқы шыр айналды. Арқанды кере ұстаған жылқышы да төмен қарап тұрғандай. Есін жиғанда нокта түсіп үлгерген еді. Шалқалай үркіп аспаңға тік шапшыса да, темірдей қолдар босатар емес.

– Құр, жануар, ата-ананның жоралғысы, жұлқынғанмен пайда жоқ, – деп Бақтыбай құлдырайған құлағының түбінен сипалап қолын мойынға, жалға қарай сусытты.

– Бақа, маған берші, арынын басып берейін, – деді Қанатбай бөлін буып.

– Жығылып калмайсың ба?

– О не дегеніңіз!

Қанатбай киіктің асығындай ықшам денесімен асаудың шоқтығына шап ете түсті. Шұнақ қара әуелі үстіне адам мінгеніне сенгісі келмей алая қарап, «соның жарайды» деп кекеткендей шұлғи берді. Аяқтарын жіліншіктен қарға сұғып жіберіп төрт тағандап тұр.

– Байқа, Қанат, бұл бір пәлені бастайды, – деп ескертті Бақан.

– Ештеңе етпес.

Шұнақ қара болдырған мәстектей жылжымайды. Болдырған жылқының көзінен сарасы ағып, мелшиіп калатын еді. Мынәнікі шатынап шығып, құлақтарының тұқылын ойната қозғап, басын тұқыртып алды. Қанат өкпеге тепкілеп қамшыласа да қозғалар емес. Ұрған сайын жұп-жуан мойнын доғаша иіп, ырс-ырс етіп қос танауынан құшақ-құшақ бу атқылайды. Аяқтарын қардан суырып ала алмағандай шөмейіңкіреп теңселіп тұр. Қанат жап-жалпақ, жұп-жұмсақ шоқтығына отырып алып тақымын қыса бұзаутіс қамшымен осып-осып жіберді. Шұнақ қара тік шапшып, алдыңғы аяқтарымен аспанды тарппы, шоқтығына жабысқан «пәледен» құтыла алмаған соң тұмсығын төстігіне тығып мөңкісін келіп. Мөңкіп жүр, шыңғырып жүр. Қанатбай тар қолтықтан аяқтарын тіреп, тістеніп алыпты. Әбден құтырынған асау жерге аунап Қанатбайды астына ала жығылмақ еді. Жігіт бауыр сырттан жосылта соқты да, тұрып үлгергенше қайтадан шоқтығына жабысып кетті. Шұнақ қара басын сілкіп бір жерде шыр айналып тулап жүр. Құйрығын тік шаншып құмалақтап алып, арқан бойы қарғып түсті. Сол қалыпта құла дүзге шырқырап кете барды. Алғаш сіреу қарды шенгелдей лактырған шұнақтың қарасын анық көрген Бақтыбайдың көзі бара-бара жасаурап, бұлдырап кетті. Енді ат та, адам да алыстай берді де, аппақ дөңгеленіп манайдың өзі ғана қалды. Бақтыбай кеудесін кере дем алып:

– Бәрекелді, жігітсін, Қанат, үйреттің шұнақты! Алғашқы айлалары іске аспаған соң жылқы баласының беті қайтып, жөнделе бастайды енді. Өйдейт дерсің, өзі де арпалысып бақты-ау, жануар! – деп насыбайын шалқая атып, ойраны шыққан қар бетіне шырт-шырт түкіріп тұрды.

Асау жын қуғандай қарлы даланың ақ айдынына батып көрінбей кетсе де, Бақан сол қалыпта көзін талдыра ұзақ қарап тұрды. Жылқы шетінде тас мүсіндей қозғалмай қал-

ған жылқышының жанына тай-саяктар келіп таңырқасады. Қырау шалған кара сақалы желбіреп, бұғалақты ұстаған қалпы қозғалар емес.

– Әй, әттеген-ай, балалық қылды-ау, бітеу малды кинаса беті кайтып қалатын еді.

Бір кезде алыстағы орман жактан көп күттіріп карасы да көрінді.

– Бәрекелді, шабысынан таймапты! – деді Бақан танданып.

Қарлы далада салт атты шапшаң тақап қалды.

– Бірден тоқтатпа, аяңдат! – деп шырылдады Бактыбай.

Қанатбай қос алдындағы жалғыз қайыңға тоқтап аттан түсті де, солыктаған асаудың тізгінін Бақана ұстата берді. Балапанның мамығындай жұмсақ сары мұртсымағы мұздақтанып, кескіні барқыттай қызарыпты. Парлаған жасы кірпіктеріне қатып, көзінің ақ шелі канталап кеткен.

– Текеліге дейін шаптым, бой берер шұнақ жок, – деді жігіт ентігіп.

Шұнақ қараны әбден бас білгенше шөп беріп, сұлы иіскетіп қолдан босатпады. Келер күні өмілдірік тартып, құйысқан керіп ерттеді де, Қанатбай тағы біраз шапқылап келді. Ерімен таң асырып ертенінде тағы мінді. Күн сайын қолға үйреніп, қытығы басыла берді. Арада жарты ай өткенде Бактыбай октаудай жараған есік пен төрдей кара атты шерте аяңдатып жүрді. Әрбір жан иесі мәпелегенді біледі. Жылқы жарықтық, тіпті өзгеше. Шұнақ кара Бактыбайға тез елігіп кетті. Үркүді де, тентектікті де тастап, кәнігі аттардай жуасып қалды. Бауырынан жарап, адам танданғандай мүшелері сомданып шықты. Астыңғы еріндері етектей салбырап, дөң кеңсіріктен төмен үнірейген қос танауы көрінді. Аяқтарын талтайта түсіп алшақ омырауын керіп тұр. Шұнақ кара дүр сілкінгенде орданың уығындай шенбер қабырғаларына қонақтаған шаңыт қар бұрк ете түсті. Маймақ тірсегі майысып, шегіншектеп кеп тұрды. Жалпақ жаны мен сәл еңкіш тартқан дене бітімі алысқа шабар дүлдүл жүйріктікті танытқандай. Бактыбай атты айналып көріп:

– Жануар, бағың жансын тек, – деп түкіріп тастады.

* * *

Қыс тақап қалған кез. Жылқыны орманға қарай ығыстырып, қосты Текелі қойнауларының біріне тігіп еді. Бұрынғы кең

далада жаз бойы егін жайқалды да, күзде ондаған тракторлар зябь жыртып тастады. Қараса көз талатын селеулі кеңістік макпалдай қап-қара болып жатыр. Аузы бар малға Текелі, Теріжайған, Соналы талды өзектері, орманды, сазды өңір жайылымға әбден жеткілікті. Жапырақтары түсіп сидіған қайың мен терек, тал мен тобылғы қыстың тақап қалғанына өкіне бас шайкасып тұрғандай. Орманның арғы жағынан қатты жел соғып, зәулім қайыңдардың төбесінен асып ылғалды сұр бұлттар жосыды.

Бактыбай бақыр көтеріп ас қамына кіріскен. Қанатбай малда. Бүгін күн ерте кешкірген сияқты ма қалай, айнала бірден күнгірт тартып, орман шуы көбейе түсті. Жылқылар көкше бетегесі қалың үлкен қойнауға жатыр. Жаңа қонысқа үйрене алмай, ағаштардың шуылына, желдің қатты азнағанына сескене құлақ түріседі. Айғырлар мен ірі биелер құлақтарын қайшылап тың тыңдайды. Тебін үстінде кештің көкшіл күлгін сәулесі біртіндеп сөніп қараңғылыққа ауып барады. Жылқының бараны да, қылаңы да біркелкіленіп қарауытып көрінеді. Пырылдай оттап пысқырығанына құлақ тосып Қанатбай ат үстінде тұр. Іңір асын ішкен соң Бактыбай аз тыныстап:

– Қанат, маған шұнақ қараны ерттеші, күн райы бұзылар-ақ, сегізкөзімнің сырқырауы әлей, мұндайда мықты ат керек, – деді.

Жылқының іңір жусауынан соң орман үстінен қуатты жел гулей соқты. Қайыңның түсіп үлгермеген сары жапырақтары үйір-үйірімен саулай төгіліп жатты. Жапыраққа араласып қардың алғашқы ірі түйірлері қапалақтап, таңға қарай белгілі ақ боран соқты. Жылқылар ұйлығыса оттап, әккі биелер құлындарын іздестіріп оқыранады. Жабағылардың жіңішке дауыстары естіледі. Бактыбай бірер айқайлап аттан түсті де, шұнақ қараны шылбырынан ұстап шоқ тобылғының түбіне ықтап отыра кетті. Қараңғыда қара ат бетегені күрт-күрт жұлып толғай шайнап, кейде тына қалып тың тыңдап, сақтана пысқырынады. Шоқ тобылғының арасы жымдана тұтасып, бірігіп кеткен. Қара ат құлақсыз басын көтеріп, оскырынып жер тарпығанда Бактыбай оянып кетті де, келте құйрығын көтере үйіріп шириғып тұрған қарамен шаба жөнелді.

Қалың жылқы орманды бауырлай аңтарылып ұзап бара жатқан. Көп тұяқтың дүрсілінен жер солқылдап, шошынған малдың берекесіз тасқынына төтеп беру үшін жылқышы алға

қарай ұмтылды. Боран мен қараңғылықта шұнақ қараның басын еркін жіберіп:

– Айналайын, сүріне көрме, әйтеуір! – деп Бактыбай жалбарына тіл қатты. Шырқай салған жылқының ең алдында кер айғыр жал-құйрығын жайып жіберіп сілтеп барады екен. Бактыбай құрығын көтеріп «кұр-кұрлап» келеді. Есі шыққан табынның алдынан кес-кестеп көпке дейін токтата алмап еді. Қателігін түзеткен кер айғырдың өзі болды. Ол ішін тартып арқырап жіберді де, мойнын салып тұра қалды.

– Жетті ғой, бұларың не, ақымақ болмандар түге, – деп дауыстап Бактыбай қарсы жүрді. Танаулаған көп жылқы иесін танып естерін жинай бастады. Бактыбай у-шусыз кейін қарай қақпалады. Мұндайда дауыс көтеріп даурығудың қажеті жоқ, желігіп, өрлеп кетеді жылқы.

– Апырай, шұнақ қара болмағанда айырылады екем. Есалаң шабысқа түскен соң жеткізбейтін еді олар – деді Бактыбай тәубесіне келіп. Қараңғыда, әрі қар қалың жауып тұрған дүлей түнде табынның бас-аяғын біріктіріп қосқа қарай айдап келеді. Еті қызып үлгермеген қара дөнен қатты қызымырланып, шұнақ басын ызалана шайқап шабыс тілейді.

– Тәк, жануар, о не қылғаның? – деген иесінің даусына құлақтарының тұқылын ерсілеу қыбырлатып жер тарпиды. Жылқылар жүре шалып келеді. Шөмейіңкірей ақсандап бір тай кейіндей берді. Бактыбай тайдың тақымының еті кетіліп қалғанын анадайдан ап-анық көрді. Қаны басына шапшып, тынысы тарылып кетті. Қарасарт көршінің жұмысы...– Әй, әттеген-ай, қара басып қалғып кетпесем ғой,– деп күйзеліп өзін-өзі жазғырды. Қанатбай да ұйқыдан оянып атқа мінген еді. Екі жылқышы тайды қосқа әкеп жарасын жуды. Бір кесектей етін жұлып алыпты. Тілерсектің аппақ сіңірі шығып тұр.

– Байлайтын қайда?

– Бір суыртпақ жоқ, Бақа, – Жоқ болса жоғалсын!

Бактыбай жүгіріп барып ауыстырып киюге ыңғайлап қойған таза шыт көйлегімен таңып байлады да:

– Жүрегім қатты мазалап тұр, жылқыға ие бол, – деп от басына тізерлеп отыра кетті.

Кішкене қара қоста қыпылықтап қайынның оты жанып жатыр. Сыртта зуылдаған мазасыз түн. Жылқышының мал қайырған даусы естіледі. Жел қостың қара кигізін жұлмалап,

қиюы қашқан ескі шаңырақты сықырлатады. «Не болды саған, Бактыбай, не істедің сен? Байлықты бағып тұрып кірпік қаға ма кісі? Ұяттан не қып өлмей тұрсың, мұндар?» – деп көйлегінің тамақ түймесін бырт-бырт үзді. Тайдың кісінегені естілсе миы шыңылдап, көз алдынан қызыл күлгін ұшқындар шашырайды.

Осы бір жүрек талмасы жау қолында болған жылдары жабысып еді. Көптен ұмытылып бара жатқан құрғырдың бас салуын қарашы. Бақан дәрмені құрып от басына шөге кетті де, көз алдынан қай-қайдағы өмір елестері, ауыр күндер суреттері қат-қабат өтіп жатты. Ол екі дүние арасында бос сандалып, мағынасыз көлбеңдеп жүргендей еді.

Ертеңінде жынын алдырған баксыдай сүлеленген Бақан құрық сүйретіп кете барды. Асан ашылыпты. Өлі тыныштық. Қар тепкен көп жылқының арасынан қызарып күн шығып келеді. Сәулесі малдың үлпілдек түгін жарқыратып, тебін бетіне актарылып төгіліп тұр. Қызғылт ұшқын жылқылардың аяқ астында секіріп ойнап, аязды аспанға біртіндеп таралып жатыр. Күннің қызыл табақшасын қоңырша бұлттар белдеулеп алыпты. Бактыбай қапсағай денесімен ат үстінде құныса отырып, көл-көсір тебінді жағалап келеді. Құла бесті қарға шашасынан батып тоқтап қалды да, ұмтылып курайдың басын қармады. Жылқылар түндегі қырғын үрку болмағандай бейбіт жарыса пысқырынады. Бактыбай жирен тайды ойласа шекесі суырып, көз алдына ұшқын шашырайды. Қалай ойламасын?! Жаңа қонысқа көшкен күні кездескенін көрмейсің бе? Сәтсіз күн, сәтсіз қоныс болмаса не қылсын? Қалғып кетіпті. Түсінде қалың жылқыға қасқыр шауып тоз-тоз етіп жіберген екен. Дымы құрып қалжырап оянды. Жүрек талмасының әлегі шығар. Солай, тек жамандығынан аулақ...

Бақан таза ауаны мол қармап ерге түзеліп отырды. Күн аласа аспанды іргелей жылжып әп-сәтте түстікке жетіп алды. Алысырақта қостың істік төбесінен жіңішке көкше түгін көлбеңдеп жоғарылап жатты. Мұндайда ыстық ішуге асығатын Баканның тамактануға ықыласы болмады. Керегі – таза ауа мен тыныштық. Тыныштықты тек жылқы арасынан тауып, костан аулақтай берді. Ешкімнің көзіне түскісі де, сөйлескісі де келмеді. Ұлы бесін кезінде ауыл жактан машиналы топ келіп қостың басына шоғырланды.

– Бақа, бас зоотехник жылқы алмақ – деді Қанатбай аптығып. Бактыбай тай үшін іштей күйзеліп өкінумен болды. Зоотехник –

асқабақтай домаланған семіз жігіт еді. Амандық-саулық сұрап, хал біліп әуреленбей-ақ:

– Жылқыдан браковка шығарамыз, қос басына иіріндер,– деп шырылдап айғай салды.

– Шырағым, Берік, қара басып бір тайды қасқырға тартқызып алдым.

– Мен білмеймін ештеңені. Жылқы ұстауға кіріс! – деді зоотехник тоқаштай жып-жылтыр беті түтігіп.

Бактыбайдың басы айналып, көзі қарауытып кетті.

Түсі бөлек сойылды адамдардан сескенген жылқылар кен далада шұркыраса топырлап тістесе, тебісе сапырылысып жүр. Құрық ұстаған, бұғалық сүйреткен адамдар зоотехниктің саусағы нұсқаған жылқыны матап алып жатыр. Беріктің мыжырайған қойын кітапшасы жылқы біткенді жұтып, жалмап жатқандай. Биелердің іштісі де, өнімдісі де, аттардың белдісі де, күйрігі де талғанбады.

– Мұнша неге көп шығарасың? – деп сұрады Бактыбай шыдай алмай.

– Тура жиырма бес жылқы,– деп шаңқ ете қалды зоотехник.

– Неге көп?

– Жұмысың болмасын, ана жылқыны қайыр!

– Неге жұмысым болмайды?! Қар жастанып, мұз төсеніп көп жылдан бері өсіріп келем, маңдай терім бұлар. Жақсы-жаманын менен артық ешкім де білмейді. Шығыңға шығаратын малды ақылдасып шығару керек. Сен болсаң, өңкей боздактарды тізіп жатырсың!

– Аулақ жүр! – Бактыбай сөзі өтпесін білді.

– Мына шұнақ қараны да шығарамын, күйі оңды екен,– деп кітапшасына түртті Берік.

– Шығармайсың, союға бермеймін оны, ол өрен жүйрік жылқы!

– Тамақтан өтуге де жүйрік керек,– деді анау ыркылдай күліп.

– Шұнақ қараның жолына жанымды беремін, директордың өзіне дейін барамын!– деп байбалам салды Бактыбай.

– Әй, пендешілік-ай, баяғы байбаламдарыңды әлі қоймаған-сыңдар. Қазір атом дәуірі...

Келген адамдар жылқыны тым-тырақай қуып, астан-кестең қылды.

У-шу болып шұркырасып жатыр. Біреулер шұнақ қараны аңдып жүр. Тосын кісіге қайдан ұстатсын. Қуғын күшейген соң дөнен ойнақтап шығып, жылқыға жоламай қойды. Кеш батып барады:

– Ей, шал, ұста ананы!

– Мықтысың ғой, өзің ұста! – Бактыбай ашу қысып қалшылдап кеткен еді.

Зоотехник Қанатбайға бұйырды:

– Ұста!

Шұнақ қара нокта түскенде нөсер шабыс тілегендей құлақсыз басын сілкіп кісінеп жіберді. Ер саларда төрт аяғымен теңселе билеп, құтырынып кететін еді. Бактыбай теріс айналды. Жылқыларды екеу-үшеден қосақтап, ауылға қарай шұбылған топ түн жамылып ұзап барады.

Жылқы жарықтық бейуақытта азан-қазан болды. Тайы кеткен, енесі қалған. Енесі кеткен, жабағысы қалған. Шұркырау да шұркырау. Айнала қап-қараңғы. Жылқышының көңілі де қара жердей. Шулаған жылқы алыстаған сайын жүрегі талмаусырап, буындарынан әл кете берді. Қап-қара сакалын жас жуып тұрғанын аңғарған жоқ. Ол жәбір көрген баладай бейуақта еңіреп жылағысы келді. Құлап қалмас үшін қар үстіне қамыт аяқтарын алшаң салып, матаулы жылқылардың жосып кеткен іздеріне қарады. Іздері көзден тасаланды. Аспанда ақырын жылжып бара жатқан қап-қара бұлттардың арасынан ақық тастай жылтырап жұлдыздар көрінеді. Орман ырғақты, мұнды әуенмен сыңсып, шулай бастады. Жылқылар әлі шұркырасып жатыр. Бір кезде төңіректі дүрліктіре арқыраған дауыс естіліп еді, қараңғылықтан шұнақ қара ойнақтап шыға келді. Ноктаның үзігі салбырап жүр. Шұнақ қара шапқан бетте Бактыбайға тақау тоқтай қалып үш қайтара кісінеді де, келте құйрығын тік шаншып жылқыға қарай шаба жөнелді.

Директор ат шаптырым кабинетінің сонау төрінде кіп-кішкентай болып отыр. Ұзыннан ұзақ кілем төселген, қалқайып-қалқайып тұрған көп орындықтар. Кіруін кірсе де Бактыбай бөгеліп қалды. Жүрегі дүрс-дүрс етеді.

– Ә, ақсақал, озыңыз бері,– деп бастық ерепейсіз үлкен денесімен қалбалақтап қарсы жүрді. Былқылдақ алақанымен қолын қысты. Амандық, хал-жағдайын сұрады. – Ал сөйлеңіз!

Мұндайда оңайлықпен сөз түсе ме ауызға. Үлкен түлкі тымағын жұмарлай ұстап, жасаураған көзімен бастыққа қарай берді. Директордың жатаған столы толған қалам, қарындаш, кітап, әйтеуір, сау жер жоқ. Сакал тебіндеген қып-қызыл бұғағы қырысталып галстугін жауып кетіпті. Кішкене көкшіл көздерімен тінтілей карап:

– Құлағым сізде, – деді.

Бақанның мақсаты – шұнақ қараны зоотехниктің қолынан арашалап алу еді. Өзінің доғалдау орысшасымен әлі келгенше түсіндіруге тырысты. Шұнақ қараның ерен жүйріктігін, оны бәйгеге қосса совхоз абыройсыз болмайтынын баса айтты. Директор күлді:

– Атты бәйгеге қосып қайтеміз, онсыз да, шүкір, ермегіміз бар ғой. Жылқыны көптен жұмсап жатқанымыз – жер тарылды. Жайылымдардың дені жыртылды. Қалғандары да жыртылмақ. Сонда көп жылқыны қайда бақпаксың? Көлік орнына техника бар. Жылқыны жағдайға байланысты мөлшерлеуге тура келіп тұр. Соның ішінде сіздің шұнақ қараңыз да бар.

– Олай болса, шұнақ қараны маған сатыңыз, бір жылқы сатып алуға халым бар шығар, – деді Бақан.

– Болсын, қағаз жазып берейін. Бірақ обрaковкaғa шыққан мал тек сойылуға тиіс. Малдануға тыйым саламын.

Бақтыбай қағазын жасатып, ақысын төлеп сыртқа шыққанда, тар қапастан құтылғандай еді, Арада тағы бір жаз өтті. Тың игерушілердің тойында бәйгеге косарлық ат жоқ деу директорға ұят. Бір күні шақырып алып осы жағдайды айтты.

– Бәйгеге ат шаптырып кайтесіздер, онсыз да ермектеріңіз бар ғой, – деді Бақтыбай.

Бастық қызарақтап;

– Бір жөнін істеңіз, «Еңбектің» директоры құр қол келді демесін, – деді.

Тың игерушілердің аудандық слетіне жиналған ел қаракұрым болып дөң үстінде тұр. Алыстағы құба жонда мөлдір сағым жөнкіді. Шыбынсыз шілде дерлік бір күн. Жып-жылы ауада мизам қалқып барады. Мизамның күміс сілекейі Бақтыбайдың бетіне оралды. Ортая бастаған көз шарасы жасаурап бозғылт далаға қарайды. Сабан көпенелері шұбарлаған сап-сары егістік жатыр. Шеті көк жиекпен бірігіп кетіпті. Ұлан-ғайыр жазықта бұрнағы жылы ғана ак селеу тербетіліп тұрды. Айналайын, адамдардың қолы-ай!

Бақаң осы тектес ойда еді. Жұмыр жонға асылып жатқан жіңішке сүрлеу бұрк ете түсті.

– Эне, көрінді, эне! – деп лап қойған көпке даяшылар айғайлап жүр. Дөң үстінен қара моншақтар төмен қарай ағытылды. Шаң будақтап ойнап келеді. Алдындағы жылқының не түсті мал екенін де әзірге айыру қиын. Дегбірі кеткен Бақтыбай камыт аяқтарымен шайқалақтап ілгері ұмтылды. Аттар ілезде тақап қалды. Жыланның басындай құлақсыз басын ілгері созып жіберіп шұнақ қара жетті. Аузын арандай ашып алыпты. Тұрпаты тіпті қорқынышты еді.

– Шұнақ қара, шұнақ! – десіп жұрт у-шу. Бақаң тұмағын бұлғап шыр айналып кикүлай берді.

– Атың балаға әл бермей жүр, – деп құлақ түбінен айқайлағанда ғана Бақаң есін жинады. Баласы әлсіреп қалыпты. Шұнақ апандай екі танауынан ыстық бу атып, нақ бір құтырған жылқыдай қорсылдап тік шапшиды. Қолтығы да шыланбаған жүйрік құйрығын үйіріп қолға тұрар емес. Бақаң мойнына асылып еңіреп қоя берді. – Халайық, озған ат кімдікі?– деп айқайлаған төрешілерге: «Еңбектің» жылқышысы Атшабаровтікі,– деді біреу.

Есі кете қуанған директордың қолын қысып:

– Ат та, абырой да өзіміздің «Еңбектікі». Жүйрікті басы бүтін совхозға беремін, тегін беремін,– деді жылқышы Бақтыбай.

АҢШЫЛЫҚ СОҚПАҚТАРЫ

Біз оны Хакім абзи деп атайтынбыз, Өмір бойғы кәсібі – аңшылық. Кішкене ғана сары шал жасы жетпісті алқымдаса да, бала қимылды, шапшаңқой кісі. Ашаң жүзінде әжім аз болғанымен, мұртына ақ мол араласқан. Айыр иегін тақырлап қырып жүргендіктен, қарттың сақал бітімін ешқашан да көргеміз жоқ. Ол жайшылықта ойлы, үнсіз. Ал аңшылық жайлы сөз қозғасаң-ақ кішкене сұр көздері ойнақтап, мұртының сапарларын ширата түсер еді. Осы кезде қартаң жүзінен шексіз бақыттылықты аңғаратынбыз.

1. ҚАР КІТАПТЫҢ БЕТТЕРІНЕН

– Қырық жыл тайга кезіп, тауға өрмеледім. Мылтық асынып, баспаған өлкем жоқ. Аңшылықта жүріп еңбек демалысына

шықтым. О, несін айтасың, қызықты көрдік қой! – деді абзи қайқы трубкасының күлін қағып. Мұндайда жүзіне қан ойнап, көздерін бір нүктеге қадап қалады. Қалтыраған саусақтарымен трубкаға махорканы шымшып салып, аузына апарады. Онсыз да ыстанып сарғыш тартқан көкше мұртының арасынан түтінді будақтатады-ай келіп.

– Қыста аяққа шаңғы іліп орман кезген қандай жақсы. Сұмдық аяз дейік, үп еткен жел жоқ. Орман мүлгіп тұрады. Шыршалар мен самырсындардың түкті бұтақтарына қар қонақтаған. Құстың мамығындай ақ қырауға соқтықпа, бірақ соқтықсаң мойныңнан құйылып-ақ кететіні. Қос шаңғы бірінен бірі оза алмай шықыр-шықыр етіп тайталаса жылжиды. Алуан түрлі ирек салып тышқан жүріп отырыпты. Әр жерде тоқтап түкті тұмсығымен қарды ақтарып көріпті де, ілгері кетіпті, Кенет... із де жоқ, тышқан да жоқ. Қайта қарайсың ештеңе көре алмайсың. Апырай, мұны кім көтеріп әкетті?.. Еріксіз ойлантады. Қар бетінде қанат сызған таңба бар. Е-е-е, байғыз қу екен құртқан. Әнекей, шырша бұтағының қырауы түсіпті. Қар бетінде құстың санғырығы жатыр. Мына тұста отырып аңдыған екен ғой. Сары көздерімен ұзақ телміре қарап отырып бас салыпты-ау сабаз. Тышқанның қауіпті саяхаты сонымен тәмам болыпты.

Әрілей бересің, әрілеген сайын қоянның жымы қалыңдап, қар бетін айғыздай түседі. Басқа бөгде іздері күзен мен бұлғынның іздері құрып кеткен. Бір жырықтың істеген ісі бұл. Түн баласына айнала берген, ізге түсушіні жаңылдыру үшін сөйткен. Бүкіл бір алашаны шимайлап болыпты да, өзіне ыңғайлы қалыңға қарай қарғып кетіпті. Тауып көр енді. Үстіне шықсаң да қозғалмайды. Жанынан сүйкеп өтсең де бас көтермейді. Қорқақ деген қоян сөйтеді.

Шаңғылар сықыры толастамайды. Арқаңа танып алған зат дорбаң мен мылтығың иығыңды басады. Нәрсе-қараңды артқан итшана беліңнен тартып жүрісті ауырлата түседі. Оған қарауға уақыт қайда. Күн барда ілгерілеп қалу. Алда қимас адамдарың күтіп тұрғандай ентелей түсесің.

Міне, тағы бір хикаяның куәсі болдық. Бала терек өскен алаңша шетінде бұланның іздері жатыр. Қарға терең батып тұрып терек бүршіктерін шалыпты. Майда бұтақ сынып түскен. Бұлан бірер аттаған соң төрт аяғын қосып сәл бөгеліп, әлденеден секем алып тың тыңдағаны. Сөйтіпті де орманға қарай қарғи жөнеліпті.

Қатты кеткені соншалық, тоң жердің бетіндегі жасқылт күрен мүкті тұяқтарымен кертіп, лақтырып жіберіпті.

Бұлан бекер үрікпеген, қалыңнан бұқпантайлап келген қасқырлар лап қойыпты. Ұзын саны алтау не жетеу... Әй, әттеген-ай!

Күн ұясына батады. Ұясына батқанын, әрине, көре алмайсың. Алып шыршалар мен қарағайлардың алыс төбелері ғана алтынмен зерленгендей жарқырап тұрады. Тайга іші сұсты қараңғылыққа бейімделеді. Қоналқалық жер іздейсің. Қары жұқа панасы бар жер...

Осыдан соң Хакім абзи мүштігін қағып, темекі дорбасына қол жүгіртеді. Көздері күлімдеп:

– Сары қардың үстінде қонып көр, қане, қырық градус суық мынау,– дейді.

Рас-ау, адам ұзақ түнде қайтып ұйықтайды, сұрапыл қыста. Біз Ханкене ентелей түсеміз. Қария қалың мұртының арасынан түтінді будақтатып әңгімесін жалғайды.

– Шырша арасынан текпілеп қардың жұқа жерін табасың да, мойныңнан жүгінді түсіріп, қол шағанды доғарасың. Жол күрегіңді алып қарды аршисың, шырпы сақтайсың. Сонан соң кенеп шатырды шапшаң тұрғызып аласың. Қар жамылған тыныш қойнауға қардай аппақ шатыр тұрады. Шатыр төбесінен көкжілім түтін будақтап, тылсым тайга ішінде тіршілік салтанат құрады. Кішкене темір пеште шыршаның шайырлы бұтағы дүрілдеп, қос жылынып жүре береді, Қар суы сақырлап қайнап қағаз шайдың иісі бұрқырап қоя береді. Дастархан жайып, түйір қантты тырс еткізіп шай тартып отырғанда тыстан ит үрді. Сенімді серігі сарықасқа біреудің келе жатқанын хабарлайды.

– Уа, Хакім абзи,– деген дауыс естіледі. – Қоныс құтты болсын!

– Әлей болсын, кел Әли, кіре бер!

Шатырдың кенеп есігін көтеріп қыраулы адам бас сұғады. Жап-жас жігіт алақандарын ысқылап жіберіп, қызып тұрған пешке қарсылайды.

– Хакім абзи-ай, үйіңіз қалай жылы еді, – дейді Әли риза болып.

– Шешін, жайғаса бер. Абзиыңның үйде де, түзде де дастарханы жаюлы, іш, же, – деймін. Әли тез шешініп сырт киімін тастайды да, шайға отыруға ыңғайланады.

– Қолыңды жу, бақыраш әне.

– Қол жуғышыңыз да бар екен-ау.

– Енді қалай, адам қашан да адам екенін ұмытпау керек, – деймін. Әли қол жуғышқа еңкейеді. Шайды ұзақ ұрттап отырмыз. Білте шам әлсіз жарық түсіріп тұр. Күн ұзын суықтан келген Әлидің кескіні темір пештің қабырғасындай қызарып алаулап кеткен. Жігіт қулана күлімдейді.

– Бұлғын ізіне түсіп көп жерлерге бардым, – дейді кеңес бастап. – Небір қиын қалыңды, тастак төбелді шарлай беріпті. Кеш болған соң қоналқаға осылай қарай кеттім. Олжасыз қайттым.

Хакім абзи мұртын сипап күлді де трубкасын тұтатты.

– Олжа деген не о, тәйір, – деймін пешке шырпы тастап. – Тайганы тамашаладық, шипалы ауасын жұттың. Үміт жетегінде көп жерлерді көрдің. Аңдар, құстардың тірлігі жайлы қардағы жазуларды оқыдың, бір бұлғынға татымай ма сол?! – Рас-ау, шын сөз ғой! – дейді жігіт мақұлдап. Қос сыртынан ұрымтал жерден тарс еткен дыбыс естіледі. Сәлден соң әріректен тағы сондай дыбыс:

– Сұмдық аязды көрдің бе, құлаған шыршаның дінгегі шатынап жарылып жатыр, – деймін мен құлақ түріп. Иттер қыңсылап іргені тырналады.

– Түн әбден суытты – дейді Әли. Екеуміз қызара бөрткен қалыпта сұхбаттасып отырамыз. Әли болса әлі жас, тайга сырын, аңшылық жағдайын білуге құмар.

– Аңшылық – жүректінің, батылдың кәсібі. Қорқақтың қолы емес. Өзімнің мықтап бір қорыққанымды айтып берейін.

Хакең мұндайда мүштігін қасақана бұрқырата түседі.

2. КӨЗСІЗ ЕРЛІК

– Бірде мына өзіміздің Орал тауының биігінде жүрген қос қыранды көзім шалды. Қараймын, бүркіт тұқымдас болғанымен, бүркіттің өзі емессің-ау – дейді көңілім. Олай дейтінім – бұлар суық аспанның биігіне самғап, саңқылдай жүйткіп көк жүзінде шарқ ұратын оралдың ақиығы емес. Қия жар тасты айнала ұшып жерге түйіле, еміне қалықтап тышқаншылаған бөктеріге ұқсас. Өзенге төне түскен бұтақты қарағайға қонып алып, суға телміре қарап отырғанын көрдім. Бір кезде әлгі ірі құс сұмдық ұзын

канаттарын жайып жіберіп, суға жалп ете түсті де, бір шорағайды тыпырла-тып ала-ақ жөнелді. Сол калпы қоңыр тауға қарай көтеріліп кетті. Дүрбіден көз алмай отырмын. Күмістей аппак құйрықтарын жайып жіберіп, еңкек жартастың алқымдығына барып жоғалды. Сол тұста қара тасты жарып өскен қортық қарағайлар ұйысып өсіп тұратын. Ұясы барын біле қойдым да, өрге қарай тырмысып жақындап келдім. Бұл кәдімгі ақбас қоңыр күшіген болатын. Бүркіттен әлдеқайда үлкен, бүркіттей алғыр қыран емес, кез құйрық пен бөктергі аталас құс.

Жарты шақырымдай қашықтықтан дүрбімен қарап ұяның тұрған жерін анықтап алдым. Бірақ төменнен жету мүмкін емес. Қабырғада ұйысып өскен арша мен үйеңкі. Ұяға жеткісі келген кісі шың басынан арқанмен төмен түсу керек. Жас кезіміз ғой, өңкей желбас балалар жиналып алып тауға өрмелей бастадык. Ұзақ тоқтап тыныстаймыз да, арқаннан ұстап жоғарылай береміз. Жоғарылаған сайын жүрек қобалжып, тынысымыз тарылғандай болады. Бір кезде жап-жазық төбеге жеттік-ау. Қызыл шақа тастың үстінде құстың саңғырығы, сүйек-саяк жатыр. Аққұйрықтар бұл жерлерге де қонып, түстеніп жүрсе керек. Бас айналатын биіктіктен төменге көз салдық. Жарты күн жүріп келген ауылымыз аяқ астында жатыр. Көшелерде жүрген қуыршақ адамдарға дейін алақандағыдай. Одан әріде ақ үйлі ауылдар ағарандайды. Тас жиегінен іргеге үңіліп едік, қара бөркіндей ұя тап астымызда, бірнеше метр төменде көрінді. Жігіттердің көбі түсуге бата алмады.

– Мен барам, – дедім.

Үйден алып шыққан ұзын арқандардың екеуін жалғап, басына көлденең келдек байлады да, соған отырып алдым. Қолымда қапшық, белімде қынға салған пышақ. Жігіттер арқанды сусытып түсіре бастады, төмендеп келем. Ұяға да жеттім. Қауырсыны жетіліп қалған екі балапан отыр. Ұяны ағаш бұтағынан өріп, сазбен біріктіріп салыпты. Қалыңдығы бір метр болса да, тайыз әрі кең. Қоянның, ұсақ аңдардың сүйектері, балық қабыршықтары ыбырсып жатыр. Өлексе иісі бар. Аюқал қоңыр балапандар имек тұмсықты аузын ашып, ысылдап айбат шегеді. Соза берген қолымды сап-сары аяқтарымен тырнап алды. Қолымның қаны саулап қоя берді. Сөйткенше болған жоқ, суылдаған дыбыс пен канаттардың көлеңкесі түсті. Қарап үлгергенше өткір тырнақтар бас киімімді жұлып ала жөнелді. Енді қарасам шұбар кепкем төменге

карай қалбалақтап барады. Ұябасар қоңыр шыңға өршелене қанат сермеп биіктеп кетті. Қимылын аңдып соған қарап тұрғанымда, шәулісі аяқтарын арқамнан салып-ақ жібергені. Жеңіл кенеп шекпеннен өткен болат тұяқтар жауырыныма қадалды. Жігіттер жағдайдың онбағанын түсініп, арқанды тарта бастап еді, мені бір көзсіз ерлік билеп:

– Токтандар, таратпандар, қалай да балапандарды алмай қоймаймын,— деп пышағымды оңды-солды күшігендерге сермей бердім. Жыртқыштар болса ұяға қол апартар емес. Өткір пышак асығыста арқанға тиіп кетіп, бір талдан үзіліп, бытырай жөнелмесі бар ма, оншақты метр биіктіктен құлап-ақ кеткенім. Төменде жап-жасыл болып дірілдеп тұнып тұрған қызыл арша мен үйеңкінің төбесінен топ ете түстім. Өлмеуіме себеп— қалың бұтаққа ілініп қалуым болды. Беті-қолым қан жоса. Әйтеуір, сүйектерім сынудан аман. Жолдастарым кештетіп зорға тауып алды. Көзсіз ерлік тәубеме келтіріп еді,— деп Хакім абзи көкшулан мұртын сипап, кеңкілдеп тұрып күлді.

3. АЛЫПТАР АЙҚАСҚАНДА

Хакім абзи мұртының ұзын сапарын ширатып, қалтасын қармана берді. Іздегені— белгілі қара трубка.

– Баяғыда,— деп бастады ол — Қылшылдаған жас кезімде сұранып Қиыр Шығысқа кеттік. Амурдағы Комсомольск қаласын салыстық. Қаланы салып болып, бірнеше жыл сонда тұрдым. Аңшылық болса атадан қалған кәсіп. Әкеме еріп әйгілі Оралды аз кезгенім жоқ. Сол әдет қайда жүрсе қалушы ма еді. Көршімізде Иван есімді аңшы қарт тұратын. Мен шамалас жігіт баласы бар. Үшеу болып аттанайық. Алдымызда ұлы жота сұлап жатыр. Биіктегі кәрі қарағайлардың төбесі күн сәулесімен жалтырап көрінеді. Сирек бала шырша мен қызыл қайың өскен аршалы еңіс ілгерілеген сайын биіктей берді.

Осы тұстан тағы шошқаның екеуін атып алып едім,— деді Иван бурыл сақалымен нұсқап.

Қарт ырғала ұмтылып жортып келеді. Қос шаңғысы сыр-сыр етіп қар бетімен лекіте түседі. Жас болсақ та ере алмай, терлеп-тепшіп келеміз. Бір кезде басшы тоқтап жерге үңіле қалды да:

– Нағыз алыптың өзі екен. Тауға қарап өрлепті! — деп дауыстап жіберді. Манадан ашық жермен келе жатқан біздер

енді қыспақ қиынға кіріп бөгеле бердік. Бұта арасынан бетімізді жыртқызып, шоқай тастарға шаңғымызды ұрып, сүрініп кетіп, қайтадан ұмтыламыз. Шошқаның дәу қабаны жай басып ілгері кете беріпті. Кей жерде сәл тоқтап тұмсығымен қарды ақтарып көріпті. Кей жерде төрт аяғын бауырына жиып, тың тыңдап алып, жүрісін шапшаңдата түскен. Неден секем алды екен? Із қалың шыршаны сүзіп алаңқайға шыққанда қарт шаңғының таяқтарын кеудесіне тіреп тұра қалды. Сақал жапқан жүзінде есі кете таңданушылық бар. Ол үн шығармай таяқтың ұшымен нұсқап көрсетті.

– Жолбарыс қой мынау. Қабанның соңына түсіпті. Не деген жүрек жұтқан өзі. Сауыт құрсанған батырға қалай ғана қызықты екен? Аш қой, аштық не істетпейді, – деді шал бас шайқап.

– Қабан жолбарыстан мықты болғаны ма?

– Сұрапыл, сұрапыл ғой.

Қоян түбітіндей аппақ қардың бетінде ірі аяқ таңбалары жатыр. Қоянның ізімен араласып өрге беттепті. Манадан алды-артымызды орап ұшыртып жүрген иттердің жүні жығылып, күйгелектене қыңсылайды. Адамға жақындай, тығыла түседі.

– Жолбарыс алыста емес, – дейді қарт сыбырлап, сақ болындар. Өз басым жолбарыстың атын естігенім болмаса, көрмеген аным. Содан ба, серіктерімдей көп абыржи қойғам жоқ. Жүріп келеміз. Жоғарылаған сайын шыршалы жыныс қалындап, жүріс ауырлай берді. Міне, төбе басына тақалдық. Арғы бет терең құлама. Аңшы кілт тоқтады. Көзі қыранның көзіндей от шашып тұр.

– Естимісіңдер?

Арғы беттен гуілдеген дыбыс естілді.

– Сендер арқан бойы кейін отырыңдар! – деп бұйырды да, қарт аңшы бұқпантайлап сандық тастың іргесіне барды. Барды да үңіліп қатып қалды. Қызықтың әкесі аяғымыздың астында болып жатыр екен. Бізден жүз метрдей төменде екі алыптың қызу жекпе-жегі басталыпты. Сайдағы сіреу қарды ойран етіп, жердің қара қыртысын қопарып тастапты. Қабан сояу тісті үлкен аузын ашып қарсы қарап тұр. Жолбарыс арқан бойы жатып алып құйрығымен жер сабалайды. Қабар арқа қылтандары болат тарақтай тікірейіп алдыңғы аяғымен жерді салып-салып қалды. Келер секундтарда сары ала тонды дию қара тонды батырға арай окша атылып, белдемеден ұрып жіберді. Мұндайда ірі жылқының тіпті, алты жасар өгіздің белін үзіп түсетін сұмдық екпін қабанға

түк те істей алмады. Қабан қарсы ұмтылғанда жолбарыс артқа қарай жеп-жеңіл ыршып кетті де шошқа бұрылып үлгергенше арқасына қонып алды... Қонып алып сым қылтанды желкелігіне ауызды салды келіп. Қабан қатты шыңғырып, қалыңға қарай ұмтылды. Жолбарыс тырнақпен де, тіспен де мықты қадалып айрылар емес. Қабан үстіндегі он пұттық ауыр жүкті арқалаған қалпы өршелене ілгері тартты. Бірақ қашып құтыла алмасын білсе керек, жауының аузынан мойнын жұлып алып, алдыңғы аяғына ауызды салып жіберді. Жолбарыс гүрілдеп секіріп түсті. Қатерлі тырнақтан құтылған қабан тал теректі бала шыршаны жапыра қиратып қалыңға қойып кетті. Жолбарыс ата салты бойынша оны қуған жоқ. Қабан кеткен жаққа қарап жаланып алды да, ақсаңдап ілгері жүрді.

Қабан мұнда, жар астында, тыныш жерде жауы үстінен түскенге дейін жатқан екен. Екі алып шайқасқан алаңша асты-үстіне шығыпты. Бұталар жапырылып, түбірлер аударылып қалған. Жер қара жыртындыға айналған, жан-жақтың бәрі шашыраған қан. Бұрқыраған жолбарыстың жүні, шошқа қылтаны. Жолбарыстың ізі қызыл қан, табанын ойсырата орып түскен көрінеді. Қабанның да жарасы осал болмапты. Ізінде қан мол. Иван қарт қопарылып қалған түбірге отырып:

– Әлгі екеуінің бірін олжалап қалу да ойымызға келмеді, – деп өкініш білдірді.

– Мына тамашаны көрудің өзі он олжаға тұрмай ма, – деймін мен.

– Жаны бар сөз, – деді қарт, бір тастың үстіне отырып махоркасын орады.

ТҮНГІ САПАР

Ағаш бұтақтарына салқын шық үйіріліп тұр. Бөденелер бытпылдақтап дамыл көрмейді. Көл шетіндегі құракты күрт-күрт орып жылқылар жүр. Күндіз желіде болған кер құлын енесін дамылсыз еміп мазалай береді. Кер бие құлынның келте құйрығын тістелейді. Бірақ қатты тістемейтін сияқты. Құлын жабыса түседі. Қамыс арасынан әлдеқандай құс бақырып үн катады. Көл бетіне айдың әлсіз сәулесі түсіп тұр.

Бала осылардаң бәріне тамашалай қарап ұзақ отырды. Құрдасы Садақ тоқым төсеніп ұйықтап жатыр. Айнала тым-

тырыс. Құстар сайрауын қойды. Алысырақта, қойлы ауылдын күзетшілерінің, айғайы естіліп қалады. Ай сәулесі мүлдем көрінбей кетті. Бір кезде машина оты қылтадан жарк ете қалды да, қараңғы даланы тінткілеп біраз жүрді. Жарық көлдің арғы ойпаңында тұрған қой шарбағын шарпып өтті. Әне, қойға, қарай жылжып барады. Ит абалап қоя берді. Күзетшінің: – Бұл кім-ей, – деген ұйқылы даусы естілді. Түсініксіз жауаптар қайталанды. Құрмаш демін ішіне тартып тыңдап тұр. Келгендер қат-қабат тіл қатты да, бәрі тынды. Ит те үруін қойды. Машина қой шарбағының жанында үлкен бір қорқынышты мақұлықтай қарайып көрінеді. Адамдар жүргендей болады.

– Садақ, тұршы, тұр деймін! –

Садақ тоқым үстіне аунап түсті.

– Маза берші өзің...

– Тұр деймін! – Нұрмаш жұлқып-жұлқып қалды.

– Не болды?

– Садақ, ананы көремісің? Ақпан атайдың қойына ұры келді. Машинаға қой тиіп жатыр.

– Атайдың өзі қайда?

– Білмеймін, барып көрейік.

Екі бала саймен бұқпантайлап келді де, шық қонақтаған салқын жерге бауырларын төсеп жата кетті. Алдан, тіпті жақын жерден қой шуашының иісі аңқып қоя берді. Қойларды үш адам биік жақтаулы машинаға лактырып жатыр. Атай болса көрінбейді. Ит те үнсіз.

– Мынау нағыз ұрлықтың өзі, – деді Нұрмаш еңтіге сөйлеп. – Мен бақылай тұрайын. Сен дереу ауылға хабарла?

Садақ бөденедей жорғалап сайға түсті де, көлдің арғы жағындағы ауылға қарай зырлай жөнелді. Бала демі таусылғанша жүгірді. Ақыры Сәли бригадирдің үйінің алдына жетіп, етпетінен түсті. Тұғырға шығып, терезені ұрғылай берді.

– Ұры, қойларды артып жатыр, – дегенді алқынып зорға айтты.

Ауыл адамдары жеткенде, отарда ешкім жоқ болатын. Ергенек шалқасынан ашық, қойлар шығып жүр. Шулап маңырайды. Кенеп шатырдың алдында Ақпан атай жатыр. Бетін қан жуып кеткен.

– Ақа, ау, Ақа! Сізге не болған? – деді Сәли дауыстап. Қарт ақырын ғана қозғалып, ыңырсиді береді. Қоршау шетінде мойнын астына ала көк төбет өліпті.

– Атайды дереу ауруханаға жеткізу керек,– деді Әли.– Ах, жауыздар-ай! Құтылып кетті-ау! Жігіттер, шабындар милицияға!

– Нұрмаш, Нұрма-а-аш! – деді Садақ бар даусымен айқайлап.– Ағатай, мен барда осы жерде калып еді. Ұрылар оны да алып кетсе керек, мінекей бәтенкесі.

Нұрмаштың бәтенкесін қолына ұстап Сәли ағай ойланып қалды.

...Нұрмаш көз жазбай аңдумен болды. Түн жамылған мылқау адамдар қойларды машинаға толтыра салды. Алғашқыда араларында Ақпан атай да жүрген сияқты еді. Анықтап көру үшін жерге жабысып ілгері жылжыды. Қой шарбақ шетіндегі бір түп тобылғыны бетке ұстап жата кетті. Бұл жерден ұрылардың барлық кимылы анық көрінді. Олар үшеу екен. Бетін сакал басқан ірі адам:

– Қойлардың күйлісін ұста, асығатын ештеңе де жоқ. Бізге ешкім бөгет бола алмайды,– деді қырылдап.

– Мен көріп тұрмын, жауыздар!– деді Нұрмаш тістеніп.

– Шал өлді ме екен, байқандар, тіріліп кетсе, пәле болады,– деді сакалды.

– Өлмесе де, ол бізге не қауқар қылады, – деп күлген болды екіншісі.

Нұрмаш ауыл жакка жалтақтап қояды. Кішкентай жұдырықтарын тас қылып түйіп алыпты. Келгендер машина қорабының жақтауларын бекітіп кетуге айналды. Нөмірлерін майлап тастапты. Қызыл жарығы жанбайды екен. Нұрмаш орнынан жылжи берген машинаға мысықша атылып жармаса түсті. Табан тіреп тұра қалған баланы машина іліп ала жөнелді.

Алғаш нөмір жазған қаңылтырдың бір шегесі суырылып кетіп еді, екінші шегесі босар емес. Жолға түсіп ағыза жөнелгенде жақтауға асылды. Машина құстай ұшып келеді. Жолдың ойлы-қырлысына қарар емес, секіріп-секіріп кетеді. Бала шыдай алмай ішке түсіп қорап толы қойдың арасына жасырынды. Кабинадағы үшеудің бірі даурығып өлең айтқан болады.

Ұрылар үлкен жолдан шығып орманға қарай бұрылды. Машина тұсаулы аттай секіріп лажсыздан жүрісін баяулата бастады. Шайқалақтап келеді. Нұрмаш артқы жақтаудан салбырап тұрып бір қолымен нөмір жазған қаңылтырды бұрай берді, қатты-қатты жұлқылады. Енді алынады-ау дегенде машина баяулап

барып тоқтай қалды. Бала жол жиегіндегі қалың қурай арасына бұқты. Ұрылар машинаны айналып қарап шықты. Қаңылтыр нөмір салбырап үзілгелі тұр. Оны ешқайсысы көрген жоқ.

– Таң атқанша Молалыға жетіп алайық, – деді сақалды гүжілдеген даусымен. – Ал кеттік. Машинаңды шапшаң айда!

Машина жолдың бір шұқанағына тоқтаған екен. Екі-үш ұмтылып барып, жылжи жөнелді. Нұрмаш жармасып келеді. Қатты жұлқып қалғанда қаңылтырдың шеті алақанын оқсата тіліп кетті. Ып-ыстық қан білегін жуып барады. Оған қарауға уақыт қайда! Сау қолымен асылып тұрып қан жоса қолымен есі кеткенше нөмірді жұлқылай берді. Машина артында асылып тұрудың өзі қиын еді.

Нұрмаш қаңылтырды қапсыра ұстап тартып қалғанда жерге шалқасынан түсті. Басымен қатты ұрылды. Түнерген түн де, бүкіл жұлдыздар әлемі де көз алдында жоқ болды. Бала есінен танды.

– Жауыз, жолама маңыма!– деп нөмірлі қаңылтырды бауырына тас қылып қысып бала жатыр...

– Нұрмашжан, бұл мен ғой, Сәли ағаңмын! – Жарығын түсіріп жеңіл машина тұр. Бала тағы талықсып кетті.

ТОБЫҚ

Хакім атай жалықты ма, әлде бізді жалындыра түскісі келді ме:

– Балалар, бүгінге осы да жетер,– деп қисая кетті.

– Атай, тағы бір қызықты әңгіме айтыңызшы! – деп шуласамыз.– Түтігіңіз міне, жаныңызда тұр.

Түтік дегенде мұрты қозғалып, мұрнын тартқылай бастады. Тақыр төбесіндегі шұбар тақиясын түзетінкіреп қойып:

– Әкелші бері!– деді.

Бұл екі арада жақын отырғанымыз түтіктің күлін түсіріп, қолына ұстатамыз. Атай кір шалған дорбаға қол салады.

– Менің Тобық деген итім болды,– деп бастады әңгімесін.– Тобық барақ жүн құмай тазының тұқымынан еді. Сидам сирақты ақ төбет. Қыр арқасынан оң сирағына қарай құлаған қызғылт аласы бар. Екі шықшыты мен құлақтары қызыл, көздері алтынмен аптағандай сап-сары. Ақылды. Мен оны уфалық таныс аңшымнан күшік кезінде қалап алғам.

Ол кездескен аңын құтқарып көрген жоқ. Орман арасымен келе жатып алда аң барын сезсе, әуелі тұмсығымен жерді

иіскелеп, қарап қыңсылай бастайды. Ұлықсат алған соң қарғи жөнеледі. Тобық ешқашан ұстаған анын өлтіріп тастаған емес. Шала-жансар қалыпта басып отырады. Орман арасында болса шаңқылдап үріп, қайда екенін хабарлайды. Олжасын беріп аулақ барып жатады. Шақырмаса жалпылдап міндетсімейді. Жылы сөз айтсаң арсалаңдап үстіңе секіріп, сілекейімен өңіріңді былғап лаस्ताмайды. Тұмсығын тізеңе салып, құйрығының ұшын ғана қозғайды. Күзетке қалдырсаң өлсе де ол жерден кетпейді. Келер тәулікте оралсаң да сол орнынан табылады. Тобықта тіл ғана жоқ-ты, әйтпесе айтқанның бәрін түсініп, байыптай алатын мінезді ит болатын. Тобықтың тағы бір таңқаларлық қылығын айтып берейін. Иттер күні бойы шақпылап шаршайды. Кешке дағдысынша ормандағы үйімізге келген соң, иттерге тары ботқа қайнатып әрқайсысын бөлек тамақтандырамыз. Бұл жұмыспен біздің қос-тың кішісі Әли айналысатын:

– Хакім ата,– деді ол таңданып. – Мына Тобықтың қылығын қараңызшы, таңертеңгі сыбағасын жартылап жеп, бұрышқа қарай ысырып қояды да, кешке бұрынырақ келіп тауысады. Сонан соң кешкі тамақ дайын болғанша дем алады. Кешкі асты тауысып, таңертеңгіні тағы сөйтеді. Бірнеше күннен бері бақылап жүрмін.

– Е-е-е, мұның басқа иттерден жеңіл қимылдайтыны да сол екен ғой – дедім мен Тобықты басынан сипап. – Тобық, сен ең ақылды итсің. – Ақ төбет құйрығын қозғады да қойды.

Келер күні біз таң атпай жолға шықтық. Әли, Ғани және мен. Үш итіміз бар. Ғани бұл төңіректі қысы-жазы шарлайтын адам. Орманшы. Бұл сапарға себепші сол. Өйткені, қопаның қалың ортасынан аюдың жатағын көріпті. Жүріп келеміз. Күн аяз үлпілдеген мамық қардың бетімен шаңғылар жеңіл сырғиды. Иттер дағдысынша алды-артымызды орап дамыл көрмейді. Қызыл шүберектей тілдерін желбіретіп алыпты. Қар бетіндегі қаптаған іздерге қарайтын уақыт жоқ. Күн ауғанша аю жатағына жетіп үлгерсек дейміз. Қалың орман арасымен Ғани еркін бастап келеді. Орман сиреп, қайыңдар шашырап көрінді. Көбі қуарған. Қопа осы. Аяқ асты томар мен бұталар.

– Аю жатағы алыс емес, дыбыс шығармандар, иттерді жетелеп алындар,– деген қысқа бұйрық болды. Үнсіз жүріп келеміз. Қопаның біраз жеріне барған соң, қайың қалыңдап, биік шыршалар кездесе бастады. Қардың қалыңдығы белуардан.

– Анау құлаған карағайды көрдіңдер ме? Соның түбірі астында жатыр аю,– деді Ғани қолымен нұсқап.

Орманшы айтқан жер жүз қадамдай еді. Біз жоспар жасадық, үңгір аузына қарсы мен жатуым керек. Ғани оңға қарай отыз қадамдай тоспада болады. Әли аю жатағының желке тұсынан барып сырықпен түрткілеп оятпақ. Жоба жасалып болған соң әрқайсымыз орындарымызға бардық. Иттер қатерлі аңның исін сезіп күйгелектене түсті. Мылтығымды ақырғы рет тексеріп шықтым. Ғани да сөйтті. Сонан соң Әлиге белгі берілді. Әли сырықты бірер жүгірткенде дыбыс болмады. Жакынданқырап келіп қалың қар жапқан түбір астына бойлатыңқырап жібергенде, қап-қара аждаһа күртікті көтере шықты. Шыққан бетте маған көзі түсті де тап берді. Аюдың жап-жалпақ маңдайы жақындап қалғанда көздеп тұрып басып қалдым. Жыртқыш құламады, екпінімен келіп өзімді бас салды. Күртік қарға жаншып киімімді дар-дар айыра бастады. Мылтық қолымнан ұшып кетті. Қанжарымды алуға ыңғайым келмеді. Енді өлдім-ау дегенде аю мені босатып жіберді. Тобықтың қаңқ еткен даусы естілді. Ізінше мылтық гүрс етті.

– Аманбысың, тірімісің? – деген Ғанидың абыржыған даусы естілді. Тірі сияқтымын, бетімді қан жуып қоя берді. Аю тырнағы құлақ шекемді осып жіберіпті, мынау соның ескерткіші,– деп Хакім атай төбесінен төмен құлаған терең тыртықты көрсетті. Аю Тобықты жастанып құлап жатыр. Менің маңдайдан көздеген оғым сәл төмендеу кеңірдектен тиіп, жағын бұзып шығыпты. Аюдың бірден құламағаны сол болды. Аюды атуға жолдастарым маған тигізіп аламыз ба? – деп қорқып найза түйреуге ұмтылса, қалың қарға малтығып жете алмаған. Тобық болмағанда ашулы аң жұмысымды бітіргендей екен. Құлағынан жабысып айырылмаған соң аю бар ашуын Тобыққа жұмсап белін омырып тастапты. Ғани жақыннан дәлдеп атып, аюды сұлатып салған. Тобықтың тістері жыртқыштың құлағына айқасқан күйі қалыпты. Зорға ажыратып алдық.

Аюды салған шанаға Тобықтың өлі денесін коса артып, соңынан аяңдап кете бардым. Қимас досымнан айрылып, камығып келемін.

Хакім атай бірде мынадай бір тосын әңгіме айтып берді.

– Аңшылықпен өткізген отыз шақты жылда небір қызық оқиғалар кездеспеді. Енесейдің төменгі ағысында, Тундраға тақау көп жылдан бері тұратын қарт аңшы досым бар-ды. Көріспегелі қашан!.. Арада дауылдатып Ұлы Отан соғысы өтті. Соғыстан бері қанша жыл. Жидіп түскендей бастың жалтырап қалғаны мынау. Ауыздағы тіске де, көздің нұрына да ақау келе бастады. Ал досым Антиптің шашы мен сақалы бурыл тартып бұйраланғаны болмаса, өңі сол қалпы. Оның үстіне ол менен аттай бес жасы үлкен. Өзіне қарағанда Варварасы көбірек тозыпты. Біз оларды сонау жылдарда Комсомольскіде үйлендіріп едік.

– Маған қартая қоятындай не көрініпті, – деп, көтеріле сөйледі ол. Мына мүлгіген тайга, таза ауа. Жаратылыс құшағында адам тоза ма екен? Отан соғысы жылдарындағы сызды окоптар, әлденеше жаралану аздап шашка ақ түсірді. Әйтпесе...

– Әйтпесе әлі жас тұрар ма едің?

– Әрине. Госпитальда жатқаным болмаса, тайгаға келгелі бір түйір дәрі ішіп көрдім бе екен? Варька ғана ауыра береді. Жалғыз қызым бар күйеуде, Свердловскіде тұрады. «Келіндер бізге, асырап бағамыз»– деп жалынады. Тайганы тастап қайда барасың?

– Бұл тайганы қимайды, мен балаларыма барғым келеді,– деді кемпір ыдыс-аяқты жиыстырып тұрып. Варвараның жүдеу бетінен бір тамшы жас домалап кетті.

– Қалада біраз тұрған соң кетейік деп болмаған өзі,– деп Антип күйбеңдеп қалды. Шай ішіп болған соң, сыртқы есікке барып, асықпай темекі тартып тұрамын. Антип Варварасымен өзара күңкілдесіп жатты. Мен тұрған есіктің сыртынан біреу қатты жұлқып қалды. Түтігімді тістеген қалпы ашып жібергенімде, бүкіл есікті денесімен жауып қап-қара дәу аю тұр. Сояу тырнақты аяқтарымен өзімді оп-оңай сырып тастап, ішке қарай ұмтыла берді. Есімнің кеткені соншалық, даусым шықпай қалды. Орақтың өткірлігіндей болат тырнақтарымен қазір-ақ өзімді дар-дар айырып тастайтындай көрінді. Бірақ дәу аюдың менде жұмысы бола қойған жоқ. Төргі үйге қарай қорбаңдап барады. Антипті сактандырайын десем, даусым шықпайды. Сөйткенше аю төргі бөлмеге кіріп-ақ барғаны.

– Маша, Машенька, аяулым менің!– деген кемпірдің даусы санк ете түсті. Аюдың көмейінен күңгірт қырыл естілгендей болды. Бөлмеге бас сұқсам құдай салмасын, танданудың әкесі енді болды. Аю бойымен төбені тіреп кіре берісте тұр. Варварамен құшақтасып алыпты. Кемпірдің бетін, мойнын жалап көмейінен әлсіз үн шығарады.

– Сені, Машенька, күткелі кашан. Қайтып бір соғар дегем. Келдің ғой әйтеуір, қайтып оралдың ғой!

Кемпір мен аюдың бізде шаруасы болған жоқ. Варьканын құшағынан босап, пеш жанындағы аласа сөреге сықырлата шығып көсіліп жата кетті. Сұмдық үлкен аюдың қалың жүні жылтырап құлпырып тұр. Көздері кемпірде. Үлкен басын дамылсыз бұлғап, шұлғи береді. «Көріспегелі көп болды. Келгенім, осы сағындым өзінді, қадірлім» дегендей Варвараға жаутаңдап қарайды. Кемпірде ес жоқ.

– Машенькам, ашығып келдің бе? Қазір мен сені тойындырайын,– деп үлкен ағаш астауға мол етіп борщ құйып әкелгенде аю үлкен денесімен шапшан тұрып сыртқа беттеді. Ауыр есіктерді оп-оңай итере салып шыға жөнелді. Кемпір астауды ұстаған қалпы танданып тұр. Бөгеуге де, тілі қатуға да шамасыз. Сөйткенше екі қонжығын ертіп аю үйге кірді. Бұл жолы пеш жанында шоқайып отырған қонжықтарын тасалай берді.

– Атасы-ау, Машенькам үшеу болып келіпті ғой. Кішкентайлары қандай оңды еді, құдайым-ау! Бізге көрсете келген екен ғой,– деп жүгіріп барып шақпақ қантты әкелді. Астау толы сорпаны да, нанды да, аю бірден бас салмады. Біз жакка жалтақтай қарап жалана берді. – Атасы-ау, оңаша қалдырыңдаршы, қонақтар тамақтансын!

Антип екеуміз көлеңкеге отырып темекі тарттық. Түсім қашып үй жакка қарай берсем керек:

– Сен қорықпа, Харитон, (ол мені Хаким дегеннен Харитон дегенді жеңіл көретін) біздің кіндік баламыз ғой. Бір жылдан бері орманға кетіп қалып еді, – деді темекісін түтіндетіп. Күн ашық ыстық. Арқан бойы жерде шыршалы тайга иін тіреседі. Бұлбұл сайрайды. Төменде өзен аңғарына қарай екі-үш сиырымен аз ғана қойлар жайылып жүр. Антип үйдегі қорқынышты қонақтың жайын кеңес қылды.

– Осыдан үш жыл бұрын,– деп бастады ол. – Өзен бойлап келе жаттым. Барылдауықтың бірер көк аласын атып алмақпын.

Қалың шалғын арасында бір нәрсе қимылдайды. Шөптен бойы көрінбесе де тура маған қарай келеді. Мылтығымды ыңғайлап тұра қалдым. Қарасам аюдың кішкене конжығы. Зәрем ұшып кетті. Жакын арада енесі жүргені есіме түскенде «енді өлдім» дедім. Үйрек октарын жұлып тастап ірі окпен октап үлгердім. Құдай бетін аулақ қылсын. Жазатайым мылтық от алмай қалса шаруанның біткені ғой деймін, жан тәтті емес пе? Жан-жағыма қарасам ештеңе көрінбейді. Дауыстасам дыбыс жоқ. Тірі жүріп аю баласынан адаспайтыны есіме түсті. Біреу атып алған шығар. Жетім конжықты жерден көтерсем мысықтай-ақ салмағы бар аш, арық. Тастап кетсем текке өлетін болған соң үйге әкелдім. Алғаш алдына қойған асты ішпеді. Бірақ аштық шыдатсын ба, үйреніп алды. Варвараға еріп тысқа шыкса тауық шоқып, қаз тістеп, ит қаппак болып ұмтылады. Кемпірдің қорғайтынын түсініп, одан екі елі қалмайды. Өсе бастаған соң ірі иттердің өзі ығып жүретін болды. Күндіз пеш жанындағы сөреге созылып жата кетеді. Қыста аюлар ұзақ ұйықтайтын кезде мең-зең болып жүреді. Келген күннен бастап конжықтың атын Маша қойғанбыз. Атына әбден көндіккені сонша сөз арасында өз аты аталса, елең ете қалады. Екі жаста үлкен аю болып жетілді. Бір күні түскі асты ішкен соң кемпірге былай дедім:

– Машка сұмдық үлкен болды. Көзқарасы суық, қауіпті. Оңашада жазым етіп жүрер өзіңді. Онан да хайуанаттар паркіне өткізейік, көп ақша аламыз десем, кемпір:

– Олай деуге қалай ғана дәтің барады? Көрдің бе, бәрін де түсінеді. Жазықсыз аңды өйтіп жәбірлеуге болмайды, – деді. Расында Машаның көзқарасы маған ұнамады. Мен бар жерде тұнжырап өзін-өзі тым ызғарлы ұстайды. Жылжып кетіп қалады. Аң екеш аң да адамның ішкі дүниесін көзінен ұғады екен-ау! Орманға кетіп қалатынды шығарды. Бір күн, екі күн кейде бір жұма. Ақыры бір айдан кейін оралып, екі күн үйде болды:

– Сонымен кетуге шындап бел байладың ғой, бар енді жұбыңды тап, ұрпақ өсір, жаратылыстың заңы солай...– деп кемпір көзіне жас алды. Аю басын бұлғап, зор денесімен теңселіп тұр.

– Машенькам кетейін деп жатыр! – деді Варвара күйзеліп. Аю мені көрген соң есікке қарай жылыса берді. Сол қалпы тысқа шығып еңіске қарай жүріп кетті. Содан бері бір жыл болды.

Міне, қайырылып соғып отырғаны.

Антиптың сақал басқан жүзі күреңітіп маған қарады. Кескінінде қуаныш па, мұң бар ма, бірдеңе бар еді. Сейілдеп өзен жағасына бардық. Қармақ салдық. Күн еңкейе үйге келсем, Маша қонжықтарын ертіп аулада тұр екен. Бізді көрген соң кемпірге қарап басын шұлғып алып, тайғаға қарай бет алды. Кішкене екі қонжығы соңынан ілесіп барады. Ұзап барып, адамша бастарын шұлғып, теңселіңкіреп аз тұрды да орманға кетті.

– Жок, ол тағы келеді! – деді Варвара орамалының шетімен көзін сүртіп.

АРЛАН

Аталы-балалы екі аңшы ауылға түс ауа қайтты. Қатты жел тұрып, аспандағы үйір-үйір бұлттар жөңкіліп көше бастады. Күн шатырлай күркіреп нажағай оты, бұлт қырқаларын осқылап өтті де, жауын сабалай ала жөнелді. Шатырлаған жай оғы темір тамшысындай сорғалап, лайсаң далаға сүңгіп, жоғалып жатты. Қаракер бие жол жиегімен сылпылдата басып келеді. Ата мен бала бір шекпеннің астына тығылып биені қамшылай түседі. Асыққанда ауыл жеткізе ме? Өткінші жаңбыр сабалап тұр. Қаптың ішіндегі жалғыз бөлтірік қалтырайды. Қараңғы жер астындай емес, сүлгі қабырғадан ызғар өтіп тондырып барады. Аяқ астының мұндай шайқалуын, беймаза жүрістің неден екенін бөлтірік түсіне алмайды. Қорқып қыңсылайды. Өзінің бұл күйге қалай түскенін топшылай алмады. Бір кезде жерге топ ете түсті. Дауыстар естілді.

- Уа, құтты болсын! Беке, нешеу?
- Біреу. Әменжан ақжолтай болды!
- Кәне, көрейікші!

Қапты ақтара салды. Бөлтірік тығылуға жер таппай жарыққа қыпылықтай қарайды, адамдар қоршап алыпты. Жер беті көлкіген су, үйлер қарауытып көрінеді. Екі аяқтылар қоршап алған. Түстері суық, өшпенді, қимылдаса сілкіп тастауға дайын. Қорқынышты жат дүниеге жаутандап қарап бөлтірік отыр.

- Өлтіріп тастау керек.
- Бұл асырауға көнбейді.
- Бүркітбай дұрыс айтады, солай еткен жөн! Асырауға көнбейді.

– Өлтіртпеймін! – деді Әмен арашаға шығып. – Өскен соң хайуанаттар паркіне тапсырамын.

– Қой, балам, тіл алсаңшы! – деді Бекет. – Түбінде жер соқтырып кетер бәтшағар!

– Жок, ата, ештеңе етпейді, өлтіртпеймін!

Әмен бөлтірікке қолын созып еді, тістерін ырситты. Қолдар денесін ауыртпай қайта енесінің апан түбіндегі жалағаны сияқты өте майда тиді. Бөлтірік аунап түсіп тырбандап қалды.

– Өзі арлан қасқыр болады екен. – деді біреуі.

– Алақай, оның атын Арлан қоямын! – деді Әмен дауыстап.

– Жаксы ат, – деді балалар Әменнің қасқырын тамашалап. Әмендер шайға отырғанда ерке Әлен бөлтіріктің мойнына жіп байлап алып сүйрелеп жүрді.

– Арлан, айт, айт! – деп шаңқылдайды. Бөлтірік үнсіз сүйретіле береді, қасқырға лайық қайсарлықпен мыңқ етпеді. Балалар Арланды жайына қалдырып, басқа ермекке ауысқанда бөлтірік жөнеле беріп еді, шулаған тобыр қайтадан ұстап алды.

Басынан сипай бастады. Қолынан ет иісі білінеді. Көтеріп алып, үйшіктің тесігінен тастап жіберді. Иттердің иісі тұнып тұр екен, басқа ешкім жоғын көріп, жата қалды. Аздан соң есік ашылып, итакка құйған сүтті жылжытып қойды, бір кесек ет тастады.

Көп жалынып жегізе алмаған соң, есікті жауып саңылаудан сығалап қарады. Бөлтірік жан-жағын барлап, орнынан тұрды да, ешкім жоқ екенін көріп, етті қараңғылау түкпірге апарып жеп қойды. Тіміскілеп жүріп сүтке аузын малып алды. Шүберектей тілімен жаланып, ұяластарын, ақ қаншықты іздеп ыңырсыды, бұрышқа тығыла түсті.

Әмен ерте тұрып қараса, сүт жоқ еді. Осыдан былай берген тамақты қайтармайтын болды. Тек онашада жейді, қалтарыста кездескен тамақты өз үлесім деп түсінеді. Әмен атасымен шөпке кеткенде Әлен үйшіктен сүйреп алып, ойынға кіріседі. Бөлтірік көңілді тобырдың ортасына түсіп терідей сүйретіледі, бүйірін соғып жатып алады. Балалар қоршап тұр.

– Өзі жүйрік болар! – деді біреуі.

– Азулы болар! – деді екіншісі.

– Құйрығы келісімсіз екен. Бөрібасардікіндей қысқа болғаны дұрыс қой, – деп сын тақты үшіншісі.

– Онда не тұр,– Әлен басын кекшитті, сенің бөрібасарыңдікінен де қысқарак қылуға болады, сенікі де қолдан қысқартқан емес пе?

– Неге қысқартқан?

– Жүгіргенде ауыр болмас үшін де...

– Біздің Майлыаяк құйрығын зорға алып жүреді, – деп уайым айтты біреуі.

Әлен атасының өткір балтасын әкеліп шауып қалғанда, бөлтіріктің құйрығы бөлініп түсті. Балалар аяушылық білдіріп Әленге жақтырмай қарап тұрысты да, тарап кетті. Арлан жарасын жалап қыңсылай берді.

Әмен інісін ұрмақшы болып еді, анау атасына тығылып:

– Қасқырынның басын да шауып тастаймын бір күні! – деді сықылықтап.

Күндер өткен сайын, Арлан өз атына жаттығып, Әменнің соңынан еріп жүретін болды.

Уақыт күзге айналды. Дала да, орман да сарғылт тартып, аспанды бұлт торлады. Ұзақ ақ жауындар жауып, қараңғы салқын түндер келді. Арланның бауыры акшыл тартып, жотасы караөктеніп кетті, тез өсіп, сиракты ірі қасқырға айналды. Сикын бұзып тұрған шолак құйрығы ғана. Тарақтай тікірейген такым жүндерінің арасынан шығып тұрған құйрық тұқылы еперсі. Шошаңдап Әменнің ызасын келтіреді. Қанталаған ұры көздерінен салқындық, жаулық аңғарылғандай. Босағада жатып тесіле караса, кімді болсын сескентеді.

– Ей, қасқырын қауып алмай ма? – деп айғайлап тұрғандары. Әсіресе тентек Әленді жаны сүймейді. Ол атасының камшысымен шықпыртып үнемі жәбірлеп жүреді. Адамды да, ит біткенді де ұнатпайды. Иттер бұған өш. Оңаша шыкса, талап тастайды. Кейін олар да тайқаксыды. Әменмен болмаса кыдыруға құлкы жок. Үрмейді де, ырылдамайды да. Соңғы күндері ауыл сыртындағы дөң үстінен айналаға ұзақ қарап тұратынды шығарды. Сыры беймәлім кең дала, калың орманға басы бүтін кетіп қалғысы келеді. Тоя жеген тамакты кимайды. Бірде беті ауған жаққа құйғыта шапсын келіп. Жер апшысын куырып, көп жерге барды. Кешке дейін жүрді. Тілі салактап, діңкесі қатты.

Егін жайлар созылып жатыр. Комбайндар, тракторлар жүр. Жүк машиналары шаңдатып барады. Мотордың үні қай жақтан

болсын естіледі. Арлан осынау «мақұлықтардың» сырын түсіне алмайды. Жан түршігерлік гүрілінен, түнгі оттарынан зәресі кетеді. Қашса тез ұстап алатын сияқты.

Ол сөлпектеп кейін қайтты. Егін аралығындағы қалың ерменнің арасымен келе жатып, кілт тоқтап құлақтарын ербите қалды. Істік тұмсығын қыбырлатып, тым жақыннан шыққан қой исін сезді. Күйіс қайырып жатқан ақсақ тоқтының үстінен түсті.

Токты шойнаңдап барады. Алысырақта дөң үстінде қойлар жайылып жатыр, қойшы көрінбейді. Ақсақ қой онша ұзай қойған жоқ-ты, кеудесімен соғып құлатты да, ауызды салып жіберді. Шаптан жарып, жылы қанды асай бастағанда дүбірлете шауып қойшы жетті. Арлан алыста қарауытып көрінген қалың орманды бетке алып тартып отырды. Артына да, ауыл жаққа да, қайрылмады, қарамады.

* * *

Арлан жортуылда болды, кең жазық, қалың орманды аралап көрді. Күн көрісі қиындап бұратыла ашықты. Қарны қабысып, жүні сабалактанып қалды. Қас қылғандай алғашқы қар жауды. Жердің беті аппақ. Тамақ іздеп ауыл сыртына келді, айнала тыныштық, оттар сөнген, шеткерірек түнеріп тұрған өз үйіне жакындады. Азап орны болған үйшікті көріп денесі қалтырап кетті. Сүйек-саяк тауып жегісі келіп жакындап еді, ежелгі жауы мойнақ тасадан шыға келіп өршелене шабаланды. Ит біткен соңына түсті, адамдар айтаққа басты.

Жолы болмаған Арлан шілік арасына кіріп жасырынды. Салактаған тілін жиып ала алмайды. Ауыл иттері әлі үріп жатыр. Ай тасаға түскенде қар жалап алып жортып кетті. Дөң үстіне шығып тың тыңдады. Желге тұмсығын тосып көп тұрды. Мұрнына әлдеқайдан жағымды иіс келгендей болды. Орман арасымен аяқтарын аңдап басып шетке тақалды. Қойнауа шопан аулы қарауытады, жатаған үйдің терезесінен от көрінеді. Шарбақта бір отар қой күйіс қайырып жатыр. Тыныштық. Қойлардың жөтелгені естіледі, ұрланып жақын келді. Араны бөліп тұрған шарбақ қана. Қойдың иісіне сілекейі шұбырған Арлан секіріп ішке түсті. Қойлар дүркіреп шарбақтың ол шеті мен бұл шетіне екшелді. Біреуін сығып тастап, екіншісіне ұмтылғанда айғай естілді. Қошқардың құйрығын қарш еткізіп жұлып алды да, шарбақтан қарғыды. Мылтық гүрс етіп, оқ

жанап өтті. Арлан қашып бара жатып құйрықты қылғытып жіберді. Қуғыншы иттер калып қойды. Пәрмендей шауып калыңға кіріп жоғалды. Ұлпа қарға бауырын төсеп жатып жаланды, денесінен қой иісі, ыстық қан иісі аңқып тұр. Бір асам ет аштықтан құлазыған қарнына жұбаныш бола алмады. Араны ашылып кетті.

Таң алдында орман арасында жүрген жабағылы биеге кездесті. Жылқылар бастарын жұлып алып шошына қарады. Арлан ауыл иттерінше шалақ құйрығын бұлғақтатып, жақындай берді. Жылқылар ит десе керек, тыныштанғандай болды. Дөнежін бие итке қарап қойып қайта оттауға кірісті. Жабағысы сактана басып жақын келді де иіскеп көрмек болып тұмсығын созғанда, Арлан алқымынан ала түсті. Жабағы шұркырап омакаса құлады. Өткір азулар жұтқыншақты қиып жіберген еді, ет қызуымен тұрмақ болып жанталасса да босатпады. Шыркырап үстіне түскен жас биені қуып тастады. Бие айнала шауып арқырап жүр. Қасқыр жаны шығып үлгермеген жабағының өкпесіне тұмсығын сұғып жіберіп обырлана асады. Қардың бетін қызыл қанға бояп, жабағыны боршалап жатты. Сықай тойып, құлынның өлексесін енесіне қалдырып кете барды. Ұзақ аштықтан соң тоя жеген тамақты ауырлап, таң ата томарлы өзекке келіп тығылды. Өлденіп батылдана түсті.

Қыс бірден суытып, үскірік аяз тұрды. Мал қораланып, өріс тарылды. Қар арасынан қағып алған тышқан болмаса апта бойы нәр татпаған Арлан қыстау ығындағы қой қораға жақындап келді. Иттердің үргені, күзетшілердің айғайы естіледі. Ұзақ түн бойы қыстауды торумен өткізді. Аштық пен жалғыздық діңкелетіп жіберді. Жақыннан, орманның арғы бетінен тосын үн естілді. Қайта сыңсыды, бұл жолы көбейіп естілгендей болды. Тұмсығын көтеріп еді, мұның да көмейінен сондай үн шыға алады екен. Ұлысын келіп. Жақыннан бұтақтың сытыры естілді. Қарсы алдында құлақтары тікірейіп үш ит тұр еді. Арлан арқа жүнін күдірейтіп гүр ете қалды. Бейтаныс жадау қаншық құлақтарын жымырып, құйрығын бұлғап жақын келді де, Арланды иіскеп көріп жөніне жүре берді. Арлан да сондарынан ерді. Алда бүкең қағып қаншық қасқыр келеді. Түн бойы бұл өңірді түгел кезіп шықты. Келер күні жолаушының соңынан еріп келе жатқан жабағыны бөліп алып орманға айдап кетіп, аш тобыр бір қоректенді де, тағы бірнеше күн нәр татпады.

Ауыл шетіндегі үйдің қорасына түсіп, қойларын қырып кетті. Бір ауылдан соң бір ауылға соқтығып, шетке шыққан малды жеп, болмаса салақ үйдің қорасын бұзып түсіп сиырын жарып, көшеден бейсауат жүрген итті ала қашып әлекке салды. Мұндайда Арлан қорықпай қимылдайды, сұр қаншық оған серік. Жұрт қорасын бекітіп, түн баласына сыртқа шықпайтын болды. Шыкса мылтық алып, қарумен жүрді. Қасқырлардың да халі мүшкілге айналды.

Аязды күндердің бірі еді. Бұтақтарды ақ қырау басқан. Үп еткен жел жоқ. Арлан жатқан жерінен тұрып керілді де, алыстан жеткен адамдардың даусына құлақтарын тіге қалды. Қарлы даламен екі бала шаңғы теуіп келеді. Уақыт кешке айналып барады. Балалар жан-жақтарына жалтақтай қарайды. Ауылға әлі көп жер бар, жолдың осы тұсы шырпылы, өзекті.

– Әжемді сағынып келем,– деді Әлен таяқтарын сермей түсіп.

– Сен ауылға жуырда бардың, маған екі демалыс өтті. Апамды мен де сағындым! – деді жолдасы алқына дем алып.

– Тәрбиешіміз Зейнеп апай да сыбағамызды берер әлі.

– Неге?

– Интернаттан сұрамай кетуге болмайды деген.

– Әй, ештеңе етпес,– деді Әлен. Шаңғылардың сықыры естіледі.

Осы өзекте қасқырлар мекендейді деген атасының сөзі есіне түсіп, Әленнің денесі мұздап кетті. Қорқынышын жолдасына сездірмеуге тырысады. Дауыстап сөйлесуге де батылы барар емес. Алдағы тар қылтадан өткен соң екі шоқ тал бар, одан әрі ауыл тиіп тұр. Осы жерден тезірек өтіп кетсе екен. Жоқ, мынау не?!

Шілік арасынан көк шолақ ит қатарласа кетті. Қорықпай да, қысылмай да ауыл иттерінен арқан бойы аяңдап келеді.

– Арланды қара!– деді Әлен қуанышты дауыспен. – Арлан, Арлан кә-кә!

Арлан Әленді бірден таныды. Көрсеткен азаптары есіне түсіп, арқа жүнін күдірейтіп алды. Қара көленкеде көздері жасқыл ұшқын шашады.

– Арлан таныды, ол бізбен бірге ауылға барады, – деді Әлен қуанып.

Жолдың екінші жағын айналып тағы бір көк иттің алдарын орап бара жатқанын аңғарды. Артта тағы екеуі... Қасқырлар

сұмдық ірі де айбарлы да болып көрінді. Балалар қалшып тұрып қалды. Қасқырлар да тоқтады. Балалар жылап бакырғысы келді. Алқымдары тығындалып дауыстары шықпады. Сүйретіліп ілгері жылжыды, қасқырлар да жылжып, жақындай береді. Арлан тіпті таяқ тастамға келді. Арттағы екеудің бірі алға шықты. Аяқтарымен жер тырнап қарды боратып жіберді.

– Ата- а-а! – деген Әленнің даусы естілді. Қасқырлар азуларын сақылдатып, гүрілдей бастағанда гүрс етіп мылтық атылды. Қашқан тобырдың сонын ала сұр қаншық киралаңдап барады. Мылтық екінші атылғанда қалыңға сіңіп те үлгерген еді.

– Қарактарым-ай; жыртқыштарға жем бола жаздадыңдар-ау,– деген дауыс естілді. Есінен танып боп-боз болып кеткен балаларға қаба сақалды үлкен кісі жүгіріп келді. Балалар Бактыбай аңшыны танып жылап қоя берді.

– Көрші ауылға барып келейін деп шыққаным еді,– деді аңшы маңдай терін сүртіп.– Опыр-ой, мына жауыздар кайтеді-ей...

* * *

Қанға боялған сұр қаншық қар үстіне жата кетті. Жотасынан тиген оқ жауырынын бұзып шыққан еді. Өз жарасын өзі тістелеп алас ұрады. Түн жамылып серіктері жиналды. Арлан қан тамған қарды соқталандырып асап жіберді. Сол-ак екен, араны ашылып қаншықтың жарасынан акқан ыстық қанды ашқарақтана қалай бастап еді, ызалы жыртқыш арс етіп қауып алды. Арлан көзі от шашып, қаншықты алқымнан ала түсті. Басқалары да жабылды, әп-сәтте боршасын шығарып бөліп тастады. Көп ұзамай сұр қаншықтың орнын иіскелесіп қалды.

Таң ата айқай-сүрең шықты. Қалың өзек іші қаулаған өрттей сатырлап келеді. Қасқырлар өзектен шығуға тырысса да салт аттылар қуып тыға берді. Ұзынша өзектің екі бүйіріне кезек қашып, тығыларға жер таппай ыққа қарай шапты. Тал арасынан қасқырлар түйдегімен өте бере мылтық гүрсілдеп атылды. Шапшып барып ұшып түскен екеудің үстінен Арлан секіріп өтіп шырқай жөнелді. Мылтық тағы шаңқ-шаңқ етті.

– Әмен, қоңырдың басын жібер, аяма, ей, тәңірім-ай! – деді Бекет күйгелектеніп.

Аттардың тұяғымен қар борап кетті. Шолақ қасқыр ағашқа кірмеді, жазыққа түсіп бұлдырап ұзай берді.

– Қопалыға кіргізбей қайыр, қимыл-да-а! – деді Бекет бар даусымен. Әмен естіген жоқ, суық жел ысқырып, көзінен жас парлады. Бәйге қоңыр құлақтарын қайшылап алып, етсіз сүйір басын ілгері созып жіберіп ширатыла сілтеп келеді. Қасқырға бірден жақындай берді. Дөңнің астында қопалы көл бар. Арланның аяқтары қалтырап берекесі кетті. Қуғыншылардың мысы жеңіп жалтақтап қарайды. Жақындап қалған ызалы адамдарды көріп денесін жиып алды. Қопалыға оқ бойы бұрын кіріп қамыс арасына солықтап жата кетті. Қарды қауып алмақ еді, тілі жиналмады. Түндегі жеген сұр қаншықтың қылқыбырын соқталандырып құса салды.

– Осында кірді ме? – деді кейіннен жеткен Бекет еңтігіп.

– Ие.

– Ой, тәңір-ай, енді не тұрыс, есін жиғызбай қимылдау керек қой. Мергендер ық бетке отырсын. Біз шаңғымен ішке кіреміз! – деді Бекет кірпігін уқалап. – Ұялы көлге енді жібермендер, онда құтылып кеткені.

– Жарайды, – десті салт аттылар.

– Әменжан, қоңыр атқа басқа біреу мінсін дегенде тіл алмадың, бағын қайтарып ала көрме, сойыл сілтемге келсе өзін үйреткендей тұмсықтан қағып өт. Қорықпай, ақылмен қимылда.

Адамдардың дауыстары, иттердің үргені көл үстін жаңғырықтырып тұрды. Қамыстар ұлпа басын шайқап сыбыр қағады. Қар жалап тыңайып алған Арлан иттер жақындаған сайын арқа жүнін күдірейтіп қаһарлана түсті. Келсең келге бекінген жыртқыш бірінші жеткен қара төбеттің құлақ шекесінен ауызды салып жіберді. Жарты құлағы жұлынған ит қынсылап кейін қашты. Жақыннан адамдардың айғайы естілген соң ата жөнелді. Мергендердің күтпеген жағынан шығып жүре берді. Табаны тақырға тиген соң өзіне-өзі келіп, қуаты арта түскен. Бір дөңнен екінші дөңге асты. Кішкене ғана қар құйыны қара үзіп алыстай берді. Алғаш аттылар түйдек шауып, ет қызуымен көп жерге дейін барды да, кең далада шашылып қала бастады. Ат тұяғына төтеп бермей ойылған күртік қар қасқырға бөгетсіз еркін сермеп, көсіле шапты.

Қысқы күн ашық, аязды болатын. Қырау басқан орман алыста жер шетінде бұлдырап көрінеді. Күн көзіне қарсы қоңыр бестіні бар шабысына салып Әмен ұмтылып келеді. Арланмен арасы шалғайланған сайын қамшыны баса түседі.

Қасқыр манайластыратын емес, күшейіп бара жатқан сияқты. Кейінге қараса салт аттылардан қара үзіп кетіпті. Қасқыр қайыру бермей шок ағашқа кірді.

Ағаштардың бірінен соң бірінен өтіп ұзай түсті. Қоңыр аттың Оұлақ түбінен ақ көбік бұрқырап, көздерін қырау басты. Танауларынан ыстық бу атқылап, бір қалыпты шабыстан әзірге жаңылған жоқ. Әмен көзін сүртіп, «Шу, жануар, екеуімізге үлкен сын болды, тек сүріне көрме айналайын!» – деп тымағының маңдайын көтеріп қасқырға өршелене ұмтылады. Ұясына иек артқан қып-қызыл күнге қарсы шауып келеді. Күннің қызыл сәулесінен алда кетіп бара жатқан қасқырды да кейде көріп, кейде көрмейді. Көз жасы мұздақ болып бетіне катқан. Ішек-қарны шаншып, басы зыңылдайды. Таңдайы кеуіп алқына дем алады. Құр қол қайтуға намыстанады. Әбден қорлығы өткен асыранды қасқырға жақындай берді... Ол да болдырған «Бүгін қалай да ұстау керек» деген атасының даусы құлағында. Құр қол қайтса: «Сенің еркелігің қымбатқа түскені мынау, әй, тәнірім-әй!» – деп кейімей ме, бүкіл ауыл ұрыспай ма? Ұят-ай, жоқ, мен оны қалайда өлтіруім керек.

Әмен камшы басып кикүлаған сайын қоңыр бесті де желігіп ширатыла түсті. Күні бойы қуғын көрген қасқыр енді басын тұқырып алып жалтақтап қарайды. Әмен шокқа жеткізбей бір шалды. Сойыл жуан мойыннан тиіп қасқыр сүрініп кетті де тырбаңдап қалды. Қайта сілтегенде тағы да қарақұстан іліктіре алмады. Бөксесін сипап өтті. Ақсаңдаған қасқыр селдір-селдір өскен шокқа жетіп жуан ағаштың түбіне жатып алды. Тілі салақтап, бүйірлері солқ-солқ етеді, қара көлеңкеде жасыл көздері ұшқын шашып шабына қарайды. Гүрілдеп айбар шегеді. Құрықты бұтақ қағып қалды. Қасқыр тік атылып ердің басына жетіп түсті. Әменнің өңірін былжыраған көбік сілекей жауып кетті. «Қуғын көріп әлсіреген қасқыр тілін тез жинап ала алмайды, шапса да көп зиян істемейді, есін жиғызбай қимылдап қалған жөн» деген атасының ақылын есіне алды. Жақындай беріп тағы сермеді, ұрғызбады, тағы қарғыды. Қасқырға тыныштық бермей ашықтау жерге қақпақылдаса да, ағаш арасына қарай тығыла береді.

Шырқау көкте жап-жасыл болып алғашқы жұлдыздар туды. Қанталаған бұлттардың рені солғынданып іңір қараңғылығы шапшаң түсіп келе жатты. Қоңыр ат тыпыршып шириғады,

пыскырынады. Үстіндегі аңшының шалағайлығына ызаланатын сияқты. Әлсіреген қасқырды қалай қалдырып кетпек, соғып алудың аяласын тағы білмейді. Қасқыр тынығып тілін жинап алса жарып кетуі мүмкін. Кейінде ешкім көрінбейді. Мынау түн, мынау жалғыздық, қарсы алдында қойнына салып, өсірген Арланы шабынып жатыр. Толысып, жоталы жыртқыш болып алған. Өліспей беріспейтін мықты жау. Өлтіру керек, өлтіруге қимайтын сияқты.

– Арлан күш-күш, – деді ол еркелеткендей. Қасқыр гүр ете қалды. Әмен құрықтың жіңішкерек жерінен сындырып тастады. Енді сойыл ықшамды әрі әлді. Қайың астынан тапжылмай қараған шалақ қасқырға дүрсе қоя берді. Арлан қарғығанда салып жіберді. Белдемеден тиген соққыдан бұраландап барып қарсы қарап жатты. Арлан бөксесін сүйретіп қайта тұрды. Бірақ қарғы алмады. Әмен аттан секіріп түсіп қос қолдап салып-салып жіберді. Қолының әлі келгенше ұрғылап жатыр. Қасқыр жығылды, мұрнынан қап-қара қан ағып, қырылдай бастады.

Әменнің халі бітіп отыра кетті де, еңіреп қоя берді.

АЛҒЫР ҚАРА

Сырымбеттің көкше биігіне жабыса өскен жалғыз қарағай қай заманнан бері бар. Жылдар бойы жел мүжіп, мүсіндей түскен қызыл шақа тастардың жік-жігіне әлуетті тамырларын сүңгітіп жіберіп, тас табандап қалыпты. Дауыл мен сұрапылға қасарып қарсы тұрған кәрі қарағай жерден кішкене көрінгенмен дініне құшақ жетпейтін бұтақтары кішігірім киіз үйдей болып жайылған аса ірі ағаш. Қалың бұтақтарының арасына шөмеледей етіп шырпыдан өріп салған кең ұяда сары ауыз екі балапан дүниеге келді. Олар қазбауыр бұлттар жөңкіген кең аспанға алғаш таңырқай қараған еді. Жалғыз қарағайдың тынымсыз теңселіп, сыңсығанын тыңдап біраз күндерді қалғумен өткізді. Ата-анасының аузына салған қанды жемтіктерін қылғып жұтуды ғана білді. Арада апталар өтіп есейген сайын жас қанға құмарта түсті. Мамық орнына сарғыш қоңыр қауырсын жетіліп келе жатты. Жуандап қалған қоңыр аяқтарымен ұя шетіне отырып, сонау шыңырау төменде жап-жасыл болып тұнған орманға қарады. Қанаттарын дамылсыз сермей берді. Тауды айналып екі бүркіт беттеп келеді. Біреуінің тұяғына ілген жемі бар. Шәулісі

ұябасардың алды-артын орап шаңқылдайды. Бүркіттер ұяға тау ешкісінің лағын жеткізді. Қос балапан лактың өкпесін суырып, жей бастады. Ұябасар тағы да самғай жөнелді.

Балапандар жемді таласып, шашып-төгіп жеді. Қоңыр сырт қалын кабактысы ашулы, сары балақ ұяласын күш көрсетіп ығыстыра берді. Сары балақ ашуланып бүріп алды да, секіріп барып ұя шетіне отырды. Шадыр кара ызаланып, топшысымен қағып құлатып жіберді.

Сарыбалақ төменге қарай қанаттарын далпылдата жөнелді. Қауырсындары жетіліп қалса да ұшуды әлі білмейтін еді. Ақ мамық кезінде маза бермейтін ала қарғалар мен сауыскандар у-шу болып соңынан бірге кетті. Олар соңғы кезде ұя маңайына жолай алмайтын болған. Көбіне сүйек-саяқтарын олжалайтын.

Сарыбалақ ұзын қанаттарымен шыршаның тікенді бұтақтарына соғылып әлсіреп түсті. Күн көзі өтпейтін салқын көлеңкеге қанаттарын жая, етпеттей жығылды. Құстардың үні естіліп тұр. Ала қарға табалағандай қарқылдайды. Тезірек келуін сабыры кете тосып отыр. Балапан бүркіт қанаттарын жайып шаңқылдап жіберді. Жоғарыдан көгілдір аспан жақтан ұя басардың ащы даусы естілді де, орман үстімен екі бүркіт зулап ұшып өтті.

Күн батарда қоянның қоңыр көжегін әкеліп, сарыбалақтың жанына қонды. Шәулі мен ұябасар жиі ұшып келе бастады. Түнде бұл жатқан шыршаның бұтақтарына қонақтап отырды. Шадыр кара жалғыз қалды. Ата-анасы сирек барады, жемді де сирек апарады. Жемтік сарыбалақтың жанына үйіліп қойылды. Шадыр кара бұлт сүйкеп өтіп жатқан биіктегі ұяда топшыларын тынымсыз қағып ұшуға дайындалумен болды.

Сарыбалақ та ұшуға талпынды. Көлбей ұшып көтеріліп кетуге қалың жыныс жол бермейді. Шәулі мен ұябасарлар шаңқылдап аспанға шақырады. Жанына келіп, одан шырыша бұтақтарына қонып жөн көрсетті. Сарыбалақ ағаш басына шығып алса да ұшуға қорқа берді. Екі бүркіт ерсілі-қарсылы жүйткіп болмаған соң топшысымен ұрып итеріп жіберді.

Сарыбалақ орман үстімен жарты шақырымдай ұшып барып, бұтаққа жалп етіп отыра кетті. Ұябасары тағы ұшырып жіберді, өздері де қапталдай ұшты. Шадыр кара келіп қосылды бұларға. Шәулі мен ұябасар балапандарын ертіп, орманды таудың үстімен дамылсыз ұшып жүрді.

Түнеріп күз келді. Жер беті сарғылт тартты. Жап-жасыл болып құлпырып тұратын сұлу Сырымбет те ажарынан айрылып қалған. Басына бұлт қонақтап, тұман басып, көзден тасаланады.

Бүркіттер арканың әр өңіріне бытырап ұшып, бөлініп кетті. Әрқайсысы күн көріс қамымен жекеленіп алды. Әсіресе, қанаттары жетілмеген бала бүркіттерге келіп қалған қаһарлы қыстың жайы белгісіз еді. Шадыр қара Есіл өлкесіне созылып жатқан орманды өңірдің үстімен өрлей ұшты. Күн бұлыңғыр болатын. Терістіктен ызғарлы жел соғып, қар ұшқындап тұрған. Аң біткен ерте түлеп қыс жағдайына бейімделіп алған. Бірақ жер әлі қара, қардың ерте түсе қоймауы тонын ағартқан қояндарға ажал болды. Жанын қоярға жер таппай, бұта-бұтаның арасына тығылумен жүр. Құрлар да аппақ, түлкі ақ таңдактанып, қасқыр да ақшыл тон киген.

Бала бүркіт зытып бара жатқан қоянды алыстан шалып, қанатын комдап тап берді де, адымын аштырмай іліп түсті. Бақырып, арпалысса да бүркіт бүктеп тастап, жаны шығып болмастан өкпесін суырып жей бастады. Ор қоянның етін жартылай тауысып, сан жілігінің сіңірін тартқылап отырды. Қайдан шыққанын кім білсін, салт атты кісі шапқылап келіп қалды. Бүркіт жер бауырлай жалпылдай жөнелді. Бірақ ұшып кете алмады. Қанаты талға соғылып құлап түсті. Аузын ашып солықтап жатқан шадыр қараның үстіне шекпен жауып, ұстап алды да інірлетіп ауылға қайтты.

– Ғабдолла ағам бүркіт әкепті! – деп ертеңінде жан-жақтан жүгіріп балалар келді. – Аға, бүркітіңді көрсетші!

Ғабдолла саятшы бүркіттің аяқтарына балақ бау тақты. Сонан соң томаға кигізіп, бесіктің тартпасын шешті. Байлаудан босатылған шадыр қара қанаттарын қағып сілкініп жіберді.

Бүркітті тұғырға отырғызып байлап болып, томағасын сыпырғанда көздері отша жанып, қанталап тұр еді. Күмістеген томағаны қайта кигізді. Кигізуге апара бергенде орақ тұяқтарын сілтеп қалды, бірақ балақ бауы жібермеді, аңшы қолын тартып алды. Оған ұрыспады да, кейімеді де:

– Жә, тентектікті қойсаңшы! – деп күңкілдеп, басынан бастап құйрықтың ұшына дейін дамыл-дамыл сипай берді.

– Бұл ұябасары екен, биылғы балапан көрінеді. Ұябасары күшті, өжет келеді. Бабы келсе алдынан аң құтылмайды. Мынау

кеуде, мынау болат тұяқтар, мықты топшылар, отты көздер тегін бітпеген ғой. Тұмсықтан құйрығының ұшына дейін он екі тұтамнан асып тұр, тек қайырлы етсін! – деді Ғабан әндете сөйлеп.

– Мұның аты қалай болады? – деп балалар жамырай сұрады.

– Аты, дейсіндер ме, аты Алғыр қара болсын! – деді саятшы құсын мәпелеп.

– Алғыр қара, Алғыр қара! – деп шуласты балалар. Бірақ жас бүркітті қайырып салу үшін көп күн керек еді. Саятшы енді жатпай-тұрмай Алғыр қараны қайыру машақатына кірісті. Алдымен ішін қуыстап тескен бір сүйем жас теректі жұтқызуға тырысты. Бүркіт жұтқысы келмей көп қарсыласса да өз дегенін істеді. Жұмыр теректің жемсаудан өтіп, бетегеге қарай жылжып бара жатқанын көріп тұрды.

– Аға, өлмей ме ол? – деп сұрады бір бала жыламсырап. Аңшы шокша сақалы мен сирек қара мұртын сипап күлді де қойды.

– Аға, неге жұтқыздыңыз ағашты? – деп таңырқасты балалар.

– Оны айтайын, – деді саятшы. – Бүркіттің бабы ауыр, бапсыз аңға түспейді. Алдымен ішін тазалау керек. Жем жегенде жүн-жұрка іштеріне оратылып қалады да, мінезі керенау, енжар болады. Ішін солай тазалауды – қоясын түсіру дейді. Әлгі теректің қуысына байланып шығады олар. Кейін кайталап мұз жұтқызады, мұз ішін тазалайды, сонан соң ақ жем деген бар?

– О не өзі?

– Шыдай тұр, бәрін де айтамын. Ақ жем қаннан арылтып жуылған малдың өкпесі, немесе қоян еті. Мұндай тамақ берілген құс тоқ, жарау күйге түсіріледі. Ұшқыр, қайратты, кең тынысты келеді. Бапталған қыран қайда жұмсасаң да тайынбайды, – деп Ғабдолла бүркітші орнынан тұрды.

Күн артынан күндер өтті. Қар кешігіңкіреп тұр. Қатқак, көк тайғақ ұзаққа созылды. Ғабдолла қыранын дамылсыз баптап қайырумен болды. Бала бүркітті үйрету сақа бүркітке қарағанда көп оңай. Сақа бүркітті бағындыру үшін бірнеше күн теңселмеге байлап күн-түн ұйқы, тыныс бермейсің. Жіптің ұшы қолыңда болады да тербетесің де отырасың. Әбден мәңгі болған тағы сонан соң барып мойындайды. Ал жас бүркіт деген қол бала сияқты. Әуелі қолыңнан ет жегізіп, онан соң, арқан байлап ұшырып, қызыл жемге шақырып лезде қайырып аласың.

Қыранның бабы жетілгелі қашан, сонар әлі жоқ. Ғабдолла күн қабағына карап шыдамсыздана тосты. Ақыры күткен уақыт та жетті-ау. Түнде қалың қар жауды. Бүркітін қолына қондырды да, таң біліне Ғабдолла саятка шықты. Ой да, қыр да, бүкіл дала да аппақ. Орман ғана қарауытып көрінеді. Алғыр кара томағалы басын бұрып елендейді. Екі тазы із кесіп алды-артын орайды. Аңшы қалың талды өзекті қапталдай жүрді. Жолдан қызыл түлкі шығып, копаға қарай зырлады. Иттер көз жазып қалған соң Ғабдолла бала қыранның томағасын тартып, балақ бауын ағытты. Алғы кара аспанды сағынған еді, шырқай шығып биіктеп кетті. Көлденең адамға енді айырылмайтын сияқты еді. Бір кезде төмен карап сорғаласын келіп. Қауырсындары ысқыра, ағып келіп түлкіні басып қалды. Иесі жеткенде қанаттары жарқ-жүрқ етіп мытып жатқан түлкіден айырып, Ғабдолла бүркітті қолына қондырды. Алғыр кара ұшу тілеп, қан аңсап шаңқ-шаңқ етеді. Қолға тұрғысы келмейді. Қанаттарын сермеп, алас ұрады. Бүркітші «үйірімен үш тоғыз» деп қыранның тырнақ алдысын қанжығасына байлады.

Ғабдолла ұдайымен бірнеше күн аңға шыкса да, қоян мен құрдан басқаны кездестіре алмады. Алғыр караға қоян алу оңай жұмыс болды. Қыс қайратына басты. Бірнеше күн боран соғып тұрды. Қырдағы ауылдың аласа үйлерін қар басып қалды. Саятшы жіпсіз байланып отырды. Алғыр кара да шаңқылдап мазасызданады. Кең аспанға еркін шарлағысы келеді. Аңшыға үйде отыру азап. Сыңсыған боран үніне құлақ қойып түндер бойы дөңбекшіп жатады.

Бір күні ертемен жайсыз хабар естілді. Түнде қой қораның іргесінен қасқыр кіріп, оншақты қойды тамақтап кетіпті. Жұрттың айтуынша өздері бірлі-жарым болмаса керек. Ескі қораның іргесін қазып кіріпті. Айналасы толған қасқыр іздері, зерттей келіп Ғабдолла төртеу екен деді.

– Әй, жауыздар-ай, қайдан келе қалды. Жазда бұл өңірде қасқыр білінбеген, – деді аңшы ізге қарап тұрып.

Ертеңінде боранның анықтап ашылуын тоспастан атқа қонып иттерін түгел ертіп шықты.

Таң әбден атқан соң Алғыр қараны да босатып жіберді. Бала қыран биіктеп алып, күңгірт аспанда самсап жүрді. Қанат қаппастан ұзақ қалықтап ілгері - кейін ұшады. Бірақ иесінен ұзап кетпейді. Күнбатыста Қаратал деген томарлы өзек бар.

Тазыларды осында қаптатып жіберді. Әлден уақытта итгін шабалағаны естілді де, суырылып шыққан қасқырды көзі шалып қалды. Атына камшыны басып шаба жөнелді. Бүркіттің қимылынан көз жазбай келеді.

Алғыр кара қалықтап айналумен жүрді де, төмен қарай құлдырады. Көзді ашып-жұмғанша қалыңға түсіп жоқ болды. Ғабдолланың жүрегі мұздап қоя берді. Тәжірибесіз бала бүркіттердің талай мерт болғанын көрген. Ағаш арасымен бұтаға бетін жыртқызып, қарға оппалап жеткенше асықты.

Сауыскандар шықылықтаған тұсқа келсе, бүркіт пен қасқыр арпалысып жатыр екен. Алғыр кара қасқырдың аузын бір аяғымен бүріп, екінші аяғының тұяқтарын қос өкпеден сүңгітіп жіберіпті. Қасқыр тұрып, жығылғалы жүр. Кара бүркіт өзінің орасан ұзын қанаттарын далпылдатып, өлермендікпен жабысып алыпты. Қасқырдың тістеуге ыңғайы жоқ, аузы ашылмай қалыпты. Аңқалаңдап шауып келіп қасқырды жұқа шаптан жарып жіберді.

Алғыр кара босатар емес, иесі келгенде солықтаған қыран саңқылдап қоя берді. Жыртқыштың аузын қапсыра бүрген өткір тырнақтары кеңсірік пен жақтан өтіп, айқасып қалыпты, ажыратып алу оңай болмады. Жекпе-жекте қасқырдың екі көзін шоқып, ағызып жібергенін көріп Ғабдолла саятшы:

– Жарайсың, Алғыр кара, жарайсың, қыраным! – деді көздері жасаурап.

ТҰҢҒИЫҚ ЖЫРТҚЫШЫ

Алтын канат алабұға асығыс жүзіп келе жатты. Соңғы кездерде уылдырық шашуға қамданып жүрген. Маржандай ұсак уылдырығын тойымсыз лақа балықтың текке жалмап қоюынан қалайда сақтап қалу керектігін ойластырумен болды. Жыртқыштардың жолынан аулақ күн көзі мол түсіп тұратын жер іздестірді. Жағаға тақау жасыл талдар төнген шырмауықты, балдырлы жер бар. Бұл арада ағын әлсіз, су тыныш болатын.

Өткенде уылдырық шашып, кішкене алабұғаларды осында өсіріп шығарған.

Алабұға үйреншікті жерін жаңылмай тапты да, балдырдың арасына кіріп тұра қалды. Қарауытқан тереңнен астаудай жалпақ қап-қара арқа көрінді, күректей құйрығымен суды

ақырын есіп, дәу шортан жылжып жақындап келді. Алабұға шортанды көріп каша жөнелмек еді, балдырға шырматылып қалды. Аңдыған шортан аузын арандай ашып тап берді де, оратылған шырмауығымен косып жұтып жіберді. Алабұғаның қылтаң қанаты шортанның ішін сыдыра жыртып бара жатты.

Шортан суды құйрығымен бір салып тереңге тарта жөнелді. Жұтқан балықтың жаны тез шыға қоймады. Шортан қатты күйзеліп алас ұрды. Ол аш болатын, әйтпесе көрінер көзге тікенді алабұғаны жұтпайтын еді. Әлден уақытта барып тынышталды да, ағынға қарсы асықпай жүзіп кетті. Міне, бір топ кара балықтар үрке жөнелді. Сонау тереңдікте ұсақ ақ шабақтар қылаң етіп тығылды. Балық біткен шортанның көзіне көрінбеуге тырысады. Аузына түскенді талғамай жұта беретін шортан мейірімсіз қатыгез атанды. Су тұрғындары одан аз жапа шеккен жоқ-ты. Барлығы да шортанды жактырмайды, қарғайды. Кәрі шортан өз жемін қуып ұстауға икемсіз болғандықтан, осы күні көбіне жасырынып жол тосады.

Міне, ағын шайқалтып тұрған қоғажай арасына жасырынып біраз аялдады. Жакыннан өткен біреу болса, тасадан бас салуға өте ыңғайлы жер еді. Көп аңдып ештеңе іліктіре алмаған соң таязға шықты. Мұнда қалың құрақ өсіпті. Су жылы, күннің сәулесі мол түсіп тұрған. Шортан күнге қыздырынып шуактап алды да, ілгері жылжып еді, жаймада үлкен қарабалыққа тап болды. Аңқау бейшараны бұлтартпай бас салды. Қара балықтың сүйексіз денесін белдемесінен бір басып кең қарнына қарай жөнелте салды. Сол-ақ екен, тойымсыз жыртқыштың араны ашылып кетті. Өзенді жиектеп ілгері тартты. Бойын жасырып, бұқпантайлап келеді.

Мына қызықты кара, куса жете алмайтын бір топ табан мен кара балық, алабұға мен ақ шабак бір жерде қамалып тұр. Шортан аузын кең ашып ұмтыла берді. Келген бетте тістері шарбакка тиіп өзі де шоршып түсті. Балықтар опыр-топыр болды. Қорапшаға салынып, суға түсіріліп қойылған екен. Шортан шарбакты айнала жүрді. Қорапшадағы балықтар шортанның ештеңе істей алмайтынын көрген соң қорықпауға айналды. Ақ шабақтар шоршып ойнай бастады. Шортан қатты ашуланды. Қорапшаны құйрығымен соққылады. Балық біткенде зәре қалмады. Әбден долданып алған шортан шарбактың ернеуінен секіріп, ішіне түсті. Бірақ оның метрдей денесі қорапшаға ендемей бүктетіліп қалды. Шортан суды шалпылдатып шарбакты ұрғылай бастады.

Жакын жерде жүрген балыкшылар келіп, оны ескекпен ұрып алды. Осыдан соң балықтар тұңғыықта еркін жүзетін болды.

ТОСПАДА

– Наурыз айының бас кезі, – деп Жылқыбай нағашым ойланып отырды. Ақ сары кескіні томсарыңқы, көздері бір нүктеге кадалып қалған. Қасқа маңдайын сипап, шырт түкіріп тастады да, әңгімесін жалғастырды.

– «Кәрі қыс сол жылы құтырынып кетті. Жапырақтың кештетіп түсуіне қарағанда қыс аяғы ұзамаса жарар» десіп, қарттар уайым айтатын болып алды. Күртік үйлердің төбесімен бірдей болуға жакын.

Колхоз малы жылы қорада, азық бар. Бір жаманы қасқырлар көбірек мазалап тұр. Жақында ғана қой қораға түспек болғанда мылтық атып, қуып тастапты. Бұрнағы күні алқадан тал әкеле жатқан әйелді қамап, кеше жылқыға шауып, бір тайды тартып кеткен. Көргендер: «бары үш қасқыр – біреуі зор қара сұр арлан, батыл кимылдайды, қорқуды білмейді,– деп сілгідей тұнады.

Тоғайдан үйірлі қасқырдың ізін өзім де көргем. Көп аңдып кездестіре алмағанмын. – Әй, сені ме, – деп алақаныма түкірсем де бораннан жіпсіз байланып отырмын. Қара сұр арлан ұйықтасам түсімнен, оянсам ойымнан кетпейді. Інірге дейін ауа райын бақылаумен болдым. Боран сол бір қалпында сыңсып тұр. Бір үміт артатыным – ақшам уақытында іргеден батар күннің шеңбері көріне қалған. Ертең күн ашық бола ма деп дәмеленгенім де содан.

Ұйықтап қалыппын. Шытырман түс көріп, шаршап оянсам, таң атыпты. Жел басылып, қып-қызыл болып күн шығып келеді. Әлсіз сырғыма бар, шыңылтыр аяз. Шайды алдыма ала беріп едім, сырттан:

– Уа, Жылқыбай, үйдемісің? – деген дауыс естілді,
– Ие, үйдемін.
– Алқада қасқырлар жүр, қууға бармайсың ба?
– Барғанда қандай, біздікіне келіндер, ақылдасайық, – үркітіп алмаңдар! – дедім. Шай ішусіз қалды.

Көшенің бас жағында біреулер шапқыласып жүр. Келетін ойлары да жоқ. Құр әбігерге түскеннен басқа тындырары да байқалмайды. Атымды асығыс жегіп, отын жолымен тоғайға қарай тартып отырдым. Қасқырлар тым алыста тышқаншылап

жүр. Алысып ойнайды, жерді иіскелеп жата қалады да, қарғып түседі. Екеуі қылаң, біреуі қоңырлау. Соңғысы жеңілтектене қоймайды. Айналаға барлап қарайды.

– Әй, жауыздар-ай, – деймін ішімнен. – Сендерсің ғой жұртты әлекке салған! Күн көтеріле жаяу борасын тынды. Қарагер дөнен тозған сыпырғыштай келте құйрығын үйіріп, жортақтап келеді. Камшы үстіне камшы басып, тезірек тоғайға кіруге асығам. Қасқырлар шаналы адамнан сескене қоймайды. Ауылдағылар да қозғалған жоқ. Кешіге түссе екен деймін.

Сай-жыраларды қуалай қалың тоғайға кіріп, атты байладым да мылтығымды асынып, жүгіріп кеттім. Төменде тал өскен терең су бар. Жазда тананың көзіндей мөлдіреп көрінетін әсем суды қазір қар басып қалыпты. Отыншылар жолы осы суды айналып өтетін еді. Түп талды бетке ұстап жайғасып алдым. Мылтығымды ыңғайлап сақтана қараймын. Тоғай қимылсыз, мүлгіп тұр. Күн көтеріліп кетті. Аяз әжептәуір екен, отырған адам тоңазиды. Мұртыма қырау тұра бастады. Күн сәулесі қар бетінде қызыл күлгінденіп, кейде сары жас қылттанып құбыла жарқырайды. Темекі тартқым келіп барады, шыдау керек.

Бұл қалай, әлде есептен жаңылғаным ба? Қалайша жаңылдым, мүмкін емес. Жігіттер қуып берсін дейік. Сонда қашатын жолы осы емес пе. Өзіне-өзі сенген әккі жыртқыш қары қалың қыста жолдан айырылмайды. Өйткені, күрткіпен қашу оңай емес. Осы жолмен қалай да келуі керек қой. Әдетте арлан қасқыр ұяластары ұзап кеткенше қуғыншыларды алдандырып, кейіндей береді де, қуғын тақалғанда ебін тауып құтылып кетеді. Мұндайда жол кездессе маңайлатпайды. Қуғыншылардың негізгі күші оның соңына түседі де шырқай салғандары қумайды. Тәжірибелі аңшылар болса қулық– ты түсінер еді. Ал қызба жігіттер тек далақтап шабуды ғана біледі.

Тың тыңдаймын. Айқай-сүрең шықты да, басылып қалды. Ат дүбірі естілгендей болды. Мылтығымды ыңғайлап, демімді ішіме тарта қойдым. Дүбір күшейе түсті, бақсам өз жүрегімнің дүрсіліне қосылып көп салт аттылар шауып келе жатқандай болды. Дегенмен дүбір жақындап қалған сияқты.

– Қанды басыңды бері тарт! – деймін алабұрта. Айтқандай-ақ отыншылар жолымен қасқыр сілтеп келеді екен. Тілі шүберектей желпілдейді. Көлденеңдей бергенде мылтықтың шүріппесін басып қалдым. Қаңқ етіп секіріп түсті де, өз бүйірін

өзі қауып алды. Бұға қойдым. Арада біраз уақыт өтті, қасқыр да, адамдар да жоқ, айнала тып-тыныш.

Қасқыр тал арасына кіре құлапты. Бүйірінен қан ағып; денесі суына бастапты. Аударып қарасам арлан қасқырдың өзі екен.

– Әй, бәрежелді! – деп айғайлап жіберіппін. Отындық тал артып, үстіне арланды тастап, ауылға қайттым. Жел тұрып борандата бастады. Алыста шоғырланып салт аттылар көрінді. Сүйреткен қасқырлары бар, аттары қан.

– Уа, қанжығаларың майлансын, жігіттер!

Айтқаның келсін, Жықа, біреуін жайраттық, қара қылшықтан айырылып қалдық, адастырып кетті жауыз! – деді сәл күрсініп.

ДАЛАБАЙ

Боран соғып тұр. Терезеге қар түйірлерін өршелене ұрғылайды.

– Мына құдайдың бораны сына ма! – дейді Далабай сыртқа құлақ түріп. – Апырай, неге кешікті?

– Әлдеқандай келімсектерге бола боранда баланы далаға жұмсадын, жазым болса қайтесің, кімің еді келе жатқан?

Шұбар жүзді дәу кемпір ұршығын зыр еткізді. Пешпен бөлген шым үйдің есік жағы қара көлеңке. Пілте шамның жарығы ол жаққа жетер емес. Қараңғы босағада лактардың пырт-пырт күйіс қайырғаны естіледі.

Далабай тасырайған дәу көздерімен кемпіріне жақтырмай қарады. Қарасынан ағы көп істік сақалын қайырып әкеліп ерніне басыпты. Тіл қатпады, сол қалыпта қанша отырғанын қабырғадағы қара сағат қана жалықпай есептеп тұрды. Бір кезде шым үйдің есігі шалқасынан түсіп, қараңғыдан аппақ адам қорбандап кірді. Сырттағы сұрапыл ере кіретіндей есікті асығыс жапты. Ішігінің жағасынан, жеңінен кесек-кесек қар түсті. Қарлы киімдерін төл үйшігіне қарай сілкіп тастап, қайқайып катып қалған кигіз етігімен тасырлата басып бері шықты.

– Апырай, Кәкенжан-ай, үсініп қалмадын ба, садағаң кетейін-ай! – деп Дәметкен жұлмалап шешіндіріп жатыр. Далабай үнсіз жалғыз-ақ сөз сұрады. – Табылды ма?

– Жоқ.

Кәкен бетіне жабыскан қарды сыпырып пимасын мықшыңдап шешті. Кемпір самауырға ұмтылды. Атай денесін сәл шайқап қойып:

– Қайдан іздедіңдер? – деп сұрады.

– Мына Ақсуат, Сулы, Батпақкөл жақты шолып шықтық. Жылтыраған бір от көрінбейді. Тіршілік біткенді боран жұтып қойған сияқты, – деді бала жігіт қалтырай сөйлеп.

– Өттеген-ай, олай болғанда... Ие, олай болғанда Нашанның қыстауына қарай, әлде Итікеннің қорымына қарай ауытқып кетпесе игі еді. Атың тың ба?

– Тың сияқты, бірақ суыққа енді қайрат қыла алмас!

Далабай шын күйзеліп кетті. – Біздің колхозға келе жатқан қоныстанушылар болған соң олар біздің ауыл-ағайынымыздан кем бе? Жер жағдайын білмейтін адамдар ауытқып, Ақжардың қия жарына құлап мерт болса қайтеміз. Мұнымыз ұнамас, елміз ғой, басқарма болса үйінде жоқ. Ақсақал-ай, біле тұрып қарап отырғаның қалай десе не деймін!

Далабай ауыр денесін көтеріп шапшаң орнынан тұрды.

– Құдай баладан қорқып отырған сорлы басым-ау, тағы сен тентіремекпісің, бармайсың, жібермеймін! – деп кемпір байбалам салды. Тыңдаған шал жоқ, тымағын бастыра киіп тысқа шықты. Боран соғып тұрғанда бригадирдің үйіне келді.

– Уа, Ботай, бармысың, аш есігіңді!

Ботай жұп-жуан денесін быртық саусақтарымен қасып, сипалап біраз отырды да:

– Сұрапыл соғып тұрғанда қайдан іздеуге болады, текке өлесіндер ғой. Бізге керуеннің алдынан шық деген жарлық болған жоқ келер өздері, – деді.

– Келсе кәне, боранда жазым болса қайтесің, елдігіміз қайда? Олардың арасында жөн білетін адам болмаса, адаспағанда қайтед? Адамды аман сақтау үшін арнайы жарлықтың керегі қанша? – Далабай бригадирге еңсесін сала жақындай түсті.

– Өзім бара алмаймын. Барам дегендерің ат қорада жарамды жылқы болса мініңдер! – деді Ботай шолақ мұртын ойнақшыта сөйлеп. Аһылап-үһілеп пәлекет шалға қарғыс біткенді іштей жаудырумен болды. Дауыл қабажал күреңнің жал-құйрығын шалқыта үйіре түседі.

– Жел бағытын құбыладан өзгерте қоймас камшылар жағымызды тосып жаңылмай жүрейік. Беталысымыз Итіке, Нашан калып коймандар! – деді Далабай айғайлап.

Салт аттылар сүтке сүнгігендей ақ коймалжыңға ұмтылып кіре берді. Алда қас батырдай қайыспас бітімімен қарттың өзі жортып барады. Кәкең мен көрші жігіт жылы қорадан шыққан аттарын желге қарсы бағыттай алмай кібіртктеп, тепірек қағады. Ауыл карасы үзілген соң қалақай сарыға көрінген қараның бәрі бөріге ұқсап жүрегін мұздата берді. – Бригадир айтпақ түгіл жебірейіл періште айтса да неге шықтым екен? – дейді ерге сылк-сылк ұрылып. Ал Кәкең болса әкесін жалғыз жібере алмады. – Шал өлгеніне өкінбейді, тіленіп барады ол, сен шықпа үйден! – деп қыңыр мінезге басқан Дәметкенге: – Қарт адам қайрат жасағанда үйде отырамын ба? Ештеңе етпейді көп ұзамай үйге қайтып ораламыз, ұйықтай бер, – деп шығып кетті. Солай дегенмен тез орала қоймады. Бет алған Итіке, Нашаны оншақты шақырым жер. Мынадайда жүріс қайдан өнсін. Жылқы екеш жылқының өзі ызғырыққа қарсы баса алмай ыққа тартып, ауытқи берді. Сақал-мұртына соқта қар қонақтап, кірпігіне мұз қатқан Далабай желдің бағытын аңдып тебіне түседі. Кейде тізеден, кейде шашадан келетін сіреу қарды ат тұяқтары керттіп, опырып борт-борт желеді. Қыс қаһарын бүгін бастағандай-ақ боран күшейе түсті. Нарөлген даласында бөгетсіз жүйткіп жөңкіп жатыр. Ықылым замандар бойы бірінің үстіне бірі құлап қалың шіріндіге айналған дала бөтегесі, сұр жусан, қызыл тобылғы шоктары қарға қақалып, сіресіп қалған. Дауыл тобылғының ұлпа басын шайқап, сабағының әлі төгіліп болмаған түйірлерін қыр бетіне ұшырып түсіріп тұр. Далабайдың күреңі жылқыға біткен көрегендікпен сүйір құлақтарын қайшылап әлденеге елең қағады. Итікенің зиратына жетіп қалатын мезгіл әбден болып еді. Байкамай өтіп кетті ме? Аяқ астын құрықпен түртіп көріп:

– Іздері Ақжарға қарай беттепті! – деп айқайлап жіберді. – Соңымнан ілесіндер енді, қатты кетеміз!

Тракторлар қарды терең жыртып, жаншып отырыпты. Кей тұста сүрлеуді боран қымтап, жауып тастаған, Керуен бірде оңға, бірде солға бұрылып, доғадай дөңгелек іздер тастап, қайта шалқайып дала төріне қарай шақырымдап кіре беріпті. Салт аттылар көсіле шауып келеді. Күл арасындағы шоктай әлсіз

жарыктар жылтырайды. Шана сүйреткен соңғы тракторды басып озды. ДТ-лар төсімен қар сызып бұрқасынға оранып кейде көрініп, кейде көрінбейді. Тракторшы қараңғыдан шыға келген салт аттыны бірден байқап қалды. Салт атты бастырмалата төніп, қамшы сабымен есікті ұрғылады.

– Токта, токта деген соң!

Сақал-мұрты, қас-қабағы түгел ақ қар, көк-мұз адам ентіге айғайлады.– Өлемісіндер, түгел елу қадам жерде ажал күтіп тұр. Он бес метрден құласаң жылғаның табанына түсіп күл-паршаң шығады! – деді. Керуен қаңтарылып қалды. Кейінгі тракторлардан қарға қоныштарынан батып, сайдың тасындай жігіттер келді. Мұртты қазақ кабинадан түсіп қорқынышты деген жерге қарай жүрді. Ақжардың терең сайында боран ұйтқып, өкіріп жатқан. Бұл жерде терең жар бар – деп, құдайдың мына қараңғылығында ешкім де ойламас еді.

– Мына кісілер айтпағанда жұмысымыз біткен екен! – деп дауыстады мұртты қазақ. Вагон іші жылы, темір пеш жанып тұр. Далабай сақалына тұрған сүңгіні еппен алып есікке қарай тастап отыр.

– Ал, жігіттер! – деді ол даурыға сөйлеп. – Қадамдарың құтты болсын! Күн ұзақ асыға тосып едік. Уақыт түнге айналған соң тынышымыз кетті. Сөйтіп іздеп шыққан бетіміз. Ауыл бір калып, сіздер ауытқып, кетіпсіңдер.

– Жол жоқ, көз тоқтатар қара жоқ, компасты пайдаланбақ болғанбыз, алданып қалдық. Сіздерде наурыздың ішінде ауа райы осындай бола ма?

– Осылай, «қардың басын қар алар» дейді біздің дала жұрты.

– Бұл даланызда шек бар ма өзі?

– Үш жүз шақырымға дейін бір бұта кездеспейді,–деді Далабай.

– Апырай, ә?

Мұртты қазақ темекі тұтатып алып сөз бастады:

– Менің аты-жөнім Қапез Ембергенов, обком қызметкері едім. Тың көтеруге сұранып келгенмін. Осында «Нарөлген» совхозына директор етіп тағайындады. Мынау Петр Бойченко – украиндық партком секретары, көршісі Иван Селезнев, белорустық бас инженер,– деп таныстырды.

– Қай «Нарөлген» ол?

Қапез мұрын астындағы кішкене мұртын қозғап күлімсіреді де:

– Осы бес трактор мен он шакты адам «Нарөлген» совхозымыз. Ертең белгіленген жерге қазық қағып, іске кірісе бастаймыз. Кеңсеміз – вагон, үйлеріміз – шатыр деді. Далабай өзінің шағын колхозына келе жатқан қосымша тың күш деп қуанып еді. Олай болмағанына көңілі көп ортайып қалды.

– Мына боранда сайтан екеш сайтан да адасар, – партком секретары қойын кітапшасына әлденені жазып отыр. Ол құлақшынын бастыра киіп, бешпентін жамылып алыпты. Мүйіз шенберлі көз әйнегінің арғы жағынан парасатты сұр көзі күлімдеп қарайды. Жүзінде шаршау бар. Сөйлеген сайын жап-жас жүзіндегі ерсілеу көрінген ұлпа түктерін мәпелей сипап, даланың беймәлім сырларын, ауа райын, топырақ жағдайын сұрастырды.

– Даламызды қалай мактасак та ерсі емес. Қаққан қазық көктейтін қара топырақ, сонау Тобыл мен Обағанға дейін көсіліп жатыр, – деді карт қолын сыртқа қарай көтеріп. Партком секретары көз әйнегін түзей қойып:

– Колхоздарыңыз қанша егін егеді? – деп сұрады.

-- Бір мың үш жүз гектар.

-- Небары сол ма?

– Аз ғана үйміз, елу шакты...

– Өнім қалай?

– Онбай жатырмыз,

-- Неге олай?

– Танаптарымыз ескірді. Жанасын жыртуға күш жоқ. Әйтпесе бізде жер жетеді.

– Тракторлар қайда?

– Трактор ескі, жаңалары әлі келген жоқ.

Петр Алексеевич тағы бірнеше сөздерді түртіп қойды.

– Сіздер биыл егіншілікпен айналыса алмайтын шығарсыздар? – деп сұрады Далабай.

– Пәле, биыл совхозды да құрамыз, егінді де өсіреміз, – деп Селезнев іліп ала жөнелді.

– Бұл жөнінде мына Қапез Каримовичтен артық білетін ешкім жоқ, – деді Бойченко. Қапез боранның сұрапыл үнін тыңдап ойланып отырған.

– Биыл он мың гектар тың жер игеретін совхоздың орталығы мен екі бөлімше орталығын салу белгіленіп отыр. Жер жыртуда елу трактор жұмыс істейді. Астық қабылдайтын орындар салынады.

- Осылардың барлығына адам қолы керек қой.
- Қазір жүздеген тың игерушілер жол үстінде, даламызға бет алды.
- Қызық болады десейші! – деді Далабай қуанып.
- Ол ол ма, – деді Селезнев совхоздың егістік жері қырық мың гектардан асады. Техника дегеніңізде қисап жоқ. Жүз трактор комбайн жұмыс істейді. Ал машина дегенің қойша өреді.
- Бір ғана совхозда ғой осының бәрі?
- Әрине. Білгіңіз келсе айтайын, осындай жиырма-отыз совхоз құрылмақ.

Далабай инженердің ал кетті мінезін ұнатпай отыр – деді.

– Рас отағасы, осы даладан сол шамалы жаңа совхоз құрылмақ, сеніңіз, – деді Қапез.

- Біздің колхозымызға көмектесе ме?
- Әлбетте, сіздерді де қолға алатын шығар.
- Әй, білмеймін-ау, осынша үлкен істермен айналысып жатқанда колхозға қарауға... – Далабай ойланыңқырап қалды. – Жә, оны кезінде көрерміз, жүрмейсіндер ме?

- Қайда?
- Ауылға, біздің үйге?
- Осы жерде түнеп таң атқан соң қозғалайық деп едім.
- Жоқ, Қапез шырағым, мен сендерді далаға түнетейін деп шауып жүргем жоқ. Онына көне алмаймын.

– Апырау, отағасы-ау, қостың дәмінен татыңыз, ендеше!

– Жә, қара қостан қасиетті мекен жоқ. Адам ата мен Хауа ананың көтерген қосы, – деді қарт тымағын шешіп жатып.

– Катюша, шай әкел, қалқам, – деді Қапез дауыстап.

Аздан сон керуен жылжи бастады. Алда Далабай келе жатты. Тракторлардың жарығын боранды түнді үңгіп іркілмей ілгерілей берді. Айдалада қамысты көлді паналап отырған, күрткік басып қалған ауылға таң алдында жетті.

– Қатын-ай, – деген дауысқа Дәметкен атып тұрды.

– Аман-сау жеттіңдер ме? Сендер кеткелі қорқыныштан есім шығып, көз ілмей... – деп шалына жармасып, шешіндіре бастады. – Апырау, тоңып қалған жоқсың ба өзің? Кәкенжан қайда?

Кәкен бойжеткенді алдына сала кірді. – Жоғары шығыңыз, Катюша, бұл біздің үй, мынау кісі шешем. Апа, бұл Катя деген қыз, жолда таныстым, – деді қуана дауыстап.

– Бәрекелді, жоғары шығындар, қарақтарым, шал-ау, шал омыртқамен іс бітпейді ғой, мал соймаса бола ма,– деп жатыр Дәметкен. Қарт қоңыр азбанды жайратып салып, қолды жуып от жағуға кіріскенде Катерина келді.

– Көмектесейін, қонақ кеп үлгере алмассыз! – деп қыз халатын киіп қазан-ошакқа араласып кетті.

– «Жаксыда жаттық жоқ деген ғой, мүсінді екен өзі!» – деп ойлады кемпір.

Көкек айы туа өткір жел соғып, даланы меншіктеніп бауырына басқан қарды қозғай бастады. Дымқыл даладан тұшы леп – көктем лебі еседі. Далабай атқа қонып тезек қалқып жатқан шалшықты кешіп кете барды. Ауылдың жалғыз көшесі аспанмен астасқан кеңістікке мандайын беріпті. .

Жұрт қора-жайларының қарын аршып, қараңдап жүр.

– Далабай, «Нарөлгенге» тарттың ба?

– Ие.

– Бастықтарыңа біздің сәлемімізді айтасың ғой?

– Әлбетте.

Далабай тасырайған көздерімен тірлік қамына бой ұрған далаға қарап өткен-кеткенді есіне алды. Кескіні түнеріңкі, сакалын салқын жел үрлейді. Алыста сонау бір– Нашан жақта сарғылт обалар көрінеді. Батыр Итікенің зираты. Айтқанына бағынбаймын деп қарсы шапқан сауытсыз ерді қапылыста ханның қолы қазаға ұшыратқан жер. Халық бір кесектен тас жеткізіп үлкен оба тұрғызған.

Бұл даланың әріден келе жатқан өзіндік шежіресі бар. Осы кең жазирада көшіп-қонып бабалары жүрді. Қыранның қанаты талған сахарада атасын жерледі. Далабай қара мақпалдай жерді тіліп, қамыстай егін өсіруді арман еткелі қашан. Аз ғана үйлі елдің шамасы келді ме соған? Іргенде алтын жатыр, алуға қолың қысқа. Енді міне, жұрт болып көтерілгенде жұрт қатарлы біз де ұмтылайық дегенге айыпты ма? – Колхозды көріне ыдырату сенікі, ауданның алдына қоям, халық жауының жұмысы бұл! – дейді басқарма мен бри-гадир. Кімге айтса, оған айтсын, бұл Далабайдың ғана ойы ма? Біз «Шоға» колхозының көпшілігі жаңа құрылып жатқан «Нарөлген» совхозына қосуды тілек етеміз,– деп қаулы алды.

Қарт балуан қолдарымен төс қалтасын басып қарады. Онда «Шоға» көпшілігінің қаулысы жатқан. Миы шығып

қалған көктемгі жолда борт-борт желіп кер бие келеді. Іші өсіп кеткен барак жүн биенің мардымсыз жүрісімен изендеп қойып, қарт бос кеңістікке жалықпай қарады. Мөлдір сулы қамысты көлдер көп-ақ. Дөңестен әрі ассаң бір көл кездесе береді. Аттары да әр түрлі: Батпақты, Ұялықөл, Шарбақты, Шошқалы, Қамысты-көл, Қопа, Шағалалы болып келеді. Бабаларымыз көл біткенді өз ерекшеліктерімен келістіріп атай білген ғой. Қарттың туған жері осы Шағалалы маңы. Бес үйлі ауылдың жұрты бұл күнде белгісіз болып бара жатқан. Бір мың тоғыз жүз отызыншы жылы колхозға біріккенде ата мекенін тастап, Шошқалы басына бірінші болып көшкен осы Жакыптың Далабайы еді. Колхозды өркендетем деп жарғақ құдағы жастыққа тиді ме?

Жазықта екі-үш үй тұрғызылып қалыпты. Ың-жығы адамдар, тракторлар, автомашиналар. Мойнын тырнадай созып көтергіш кран жоғары-төмен сусиды. Шыр көбелек айналады. Қарт күліп жіберді. – Ұя салған көкқұтан сияқты екен! – деді. Адамдар да ұя салып жатыр. Жол айырығында қалқайып тактай тұр. Совхоз «Нарөлген» деген жазуды ежіктеп оқып:

– Астапыралла, машина мен адамдар осында ғой. Қашан ғана келіп үлгерген осынша ел! – деп томпақ көздерімен есі кете қарады. Үлкен үйдің екінші қабатын орнатыпты. Кран бүтін бір қабырғаны тік көтеріп биікке ала жөнелді. Моторлар ың-жың. Төбеде кіп– кішкентай болып адамдар қарандайды.

– Парткомды қайдан табам, шырағым? – деді Далабай комбинзонды жігітке айғайлап.

– Арғы бетте шатырларда болар.

Шатырлар тұрған тұстың қары еріп құрғап кетіпті. Шатыр дейсің-ау, шатырлардың көкесі бұл. Өте үлкен, өздері және көп. Кенеп бүркенген қалашық па дерсің. Апырай, а?

Бұлар болмаса мына халық қайда сыяр!..

– Дәкең келіп қалыпты ғой, ассалаумағалейкум, ақсақал!

Далабай Қапезді көріп жерден жеті қоян тапқандай қуанып:

– Апырай, Қапезбісің, амансыңдар ма? Сендерді қайдан табам деп әбден сасқалақтап тұр едім, шыға қалғаның жөн болды-ау! – деді кетік тістерін көрсете күліп. – Парторг қайда?

– Алыста емес, жиналысқа дайындалып жатыр. Обкомның пленумына барады. Жұмысыңыз бар ма еді?

– Бар.

Ұзын шатырдың іші жатақханаға ұқсайды екен. Арғы түкпірдегі есікті ашып Қапез какпалап кіргізді. Күн сәулесі түсіп тұрған бөлмедегі екі столдың бірінде бешпентін жамылып, іспен шұғылданып отырған Бойченконың қасқа маңдайы көрінді. Сакал-мұрттын мұнтаздай етіп қырыныпты. Көзәйнектін аржағындағы сұр көздері күлімдеп, қартқа қарсы жүрді.

– Аман-саумысың, қария?

– Шүкір, қар арасынан қылтиып бас көтердік. Көктем ғой мынау, тірлік қамына кірісетін уақыт болыпты. – Далабай қойнына қолын жүгіртті. – Мынау біздің «Шоға» көпшілігінің қаулысы. Осыны әкелдім. Не дейсіңдер. сыртқа тебесіңдер ме?

Бойченко асықпай оқып шықты да:

– Ақсақал-ау, бұл тілектеріңізге үлкен қуаныштымыз. Жоғары жаққа айтайын, қарсы болмас. «Шоғаны» бір бөлімше етіп жіберер, – деді. Далабай шаршап-шалдыққан адамдай отыра кетті.

Ұлан-байтақ даланың үстінде сарыла қарап күн тұр. Көктемнің желі сызды жерді құрғата бастады. Шатырлардан недәуір алысырақта ерттеулі бие жайылып жүр. Күн астында Нарөлген көлі жалтырап жатыр. Бетіне ұсақ толқындар жүре бастаған. Жыл құстары кіку салады. Қапез Далабайға құрылысты аралап көрсетті.

– Бұл жатақхана ғой. Көршісі клуб, кеңсе, арғы дара үй асхана. Біз осыларды жер жыртуға шыққанша пайдалануға беруге тиістіміз, – деді.

Қария тасырайған көзімен әрқайсысына бір қарап: – Апырай, жарайды екен-ау! – дей берді.

– Даяр үйлер ғой. Отыз трактор жол үстінде. Үш жүз шақырымдағы темір жолдан құрылыс материалдарын тасып жүр. Сол шамалы трактор сапта тұр. Кеше өзіңіз көргенде үркердей ғана жан едік, қазір екі жүздейміз, адамдар келіп жатыр. Обкомға директорлықтан жоғарылатылып едім, жұмысты жаман істегем жоқ-ты. Ондағымыз даярға ие, әзірге мәзір екен. Жоктан бар жасау ауыр көрінеді. Шынымды айтсам шаршап жүрмін, – деді Қапез.

– Дұрыс-ау, бейнетсіз рахат бар ма тәйір, – деді Далабай серпіле сөйлеп.

– Сау болыңыз, ақсақал!

– Жок, шырағым, мен қоштаспаймын. Қария ерге бір жамбастай отырып ұзай берді. Сыздан арылмаған шабдар

жазықта мұнар іркіліпті. Қары ертерек кеткен дөңестерде қызғалдақтар, шөптер қылтиып шығып келеді. Қапез Ембергенов сапқа тұрған тракторларды жағалап келіп тоқтай қалды:

– Оу, Далабай аға! Сіз не қылып жүрсіз, мұнда?– деп дауыстай сұрады.

– Мынадайда өлген кісі болмаса, тірі адам жата ма? – деді қарт кетік тістерін көрсете күліп. – Соқаға мініп тың жыртайын деп едім.

– Апырай, шыдай алмайсыз ғой, соқашы болу оңай емес,– деді директор.

– Адам күші жетпей жатқанда қолқабыс тигізейін деп келдім, шырағым, күшім тасып бара жатыр деймісің. Онан да жүргізсейші енді!

Кәкен педальды баса беріп кілт тоқтады. Қолында бір шоқ гүлі бар Катя жүгіріп келеді екен.

– Кәкен, мә ұста, жолыңа гүл бітсін! – деп трактор терезесінен ішке басын сұғып жіберді. Қарт теріс айналды. Тракторлар жосып кете барды. Соқаның темір доңғалақтары секірте ұрғылап келеді. Түреннің тереңдігін бақылайтын дөңгелек рөлді Далабай мықтап ұстап алыпты. Бәйге шабысының ақ түтегіндей сұрапыл шаңдақтың астында тас түйін болып қасарып отыр. Өткір түренді өршелене батырады. Мұржасынан кара түтін атқылап ауырлап келе жатқан тракторда жұмысы жоқ. Бытырлап үзіліп, ойран-асыр болған шымға айызы қана түседі.

Кәкен даланың аспанмен астасқан жеріне қарайды. Катеринаның гүлін маңдайшаға қыстырыпты. Тракторлар кейін бұрылғанда жап-жалпақ болып бұйраланып қалған тыңға қарап:

– О, бәрекелді! – деді Далабай қуанып.

Дала тракторлар үнімен тербеліп тұрғандай еді, Нарөлгеннің арғы бетінен жирен тартып күн көтерілді.

ЖАБАЙДЫҢ АҒАСЫ

Жабай әлі кішкентай болатын. Мұрны шошайған титімдей сары бала көкшіл көздерімен созылып жатқан далаға қарады. Бозторғайлар шырылдайды. Тракторлар қаздай тізіліп келеді. Тыңға алғаш жол тартушыларға гүл сыйлау керек дегенді естігенде, Жабай қуанып кетті.

– Аға, токтаныз, тоқта-а! – деп тракторға қарай жүгірді. Кабинада отырған жас жігітке қызғалдақтарын ұсына берді. Жігіт гүлді алып бетіне басты да, баланы құшақтап:

– Ракмет, балақай, тракторға мінгің келе ме? – деді.

Жабай басын изеді.

– Несі бар, кеттік ендеше!

– Тракторшы баланы жеп-жеңіл көтеріп алып, жұмсақ орындыққа отырғыза қойды. «ДТ» жұлқып ала жөнелді. Жабай айналаға қызықтай қарайды. Трактор кара шымды аударып, ілгері ұмтылып келеді. Жігіт маңдайшаға қыстырып қойған қызғалдаққа қарап күлімсірейді.

– Кәне, балақай, танысып қояйық. Менің есімім Тауфик – татарстаннанмын. Сенің атың кім?

– Жабай.

– Міне, енді таныс болдық. Сен оқисың ба?

– Жок. Алдағы күзде барамын.

Бетегелі даланың бұйра шымы аударылып қалып жатыр. Тауфик үнсіз, көздері алыстағы белгіде болса, қолдары тұтқада, жолды түзу тартуға тырысулы. Жабай оның не себепті үнсіз келе жатқанын түсінбеді.

– Міне, біз аңыздың шетіне шықтық, – деді Тауфик көңілденіп. Трактор жыртындыны жағалап кейін жүрді. Алғашқы аңыз осылай пайда болды.

– Алыстағы Татарстаннан келдік. Тың көтеруге, мына кен далаға бидай өсіруге, – деді Тауфик.

– Татарстан – ол қандай ауыл? Тауфик күлді:

– Ауыл емес, республика, ол Қазақстан сияқты.

Жабай түсіне қоймаса да, бас изеді.

– Тың көтеруге барамыз, – деп тілек қылдық, мына кейінгі жігіттер де біздің татарстандікі, – деді.

– Бұлар бір ауылдың адамдары екен ғой, – деп түсінді бала.

Тауфик бір кезде Жабайға қарап санын соқты да:

– Қап, ойыма келсейші, – деп баланың алдына нан, конфет қойды. – Ал, Жабай, қарның ашқан болар.

Жабайдың түсінбей отырғаны «алыстан келдік, бидай өсіруге» деді. Сонда өздерінің ауылдарында бидай өсіретін жер болмағаны ма? Тауфик түсіндіріп жатыр:

– Біздегі атам заманнан жыртылып келе жатқан ескі жер. Соқа тимеген дала жоқ. Тыңның бір гектары ескі жердің

екі гектарының өнімін береді және қатарынан бірнеше жыл сөйтеді. Тың жер дейтініміз сол. Бұл далада шек жоқ шығар өзі. Не деген байлық?!...Қаққан қазық көктейтін қара топырақ.

– Қазақстанға тың көтеруге кім барады дегенде комсомолдар түгел қол көтердік. Бүкіл ұйымды түгел жіберуге болмайтын еді. Аудандық комсомол комитетіне барғыштап жүріп ұлықсат алдым- ау, әйтеуір. Сендердің мына ғажайып далаларыңа келгенімізге қуаныштымыз. Өзіміздің ағайын ел, достар, туыстар табылды. Жабай інім сен де барсың, солай емес пе?

Жабай қалғып отыр екен. Тауфик бешпентін жастап, жұмсақ орындыққа жатқызды. Қаннен-қаперсіз ұйықтап кеткен балаға қарап күлімсіреді, маңдайынан сипады.

– Ұйықтай ғой, балақай!

Кешке Жабай Тауфик ағасын үйіне ертіп келді. Атасы Оспан карт пен әжесі Салиха кемпір:

– Құлыным-ау, қайда жоғалып кеттің, іздемеген жеріміз жоқ,– деді.

– Мына Тауфик екеуіміз тың көтердік. Бұл менің ағам,– деп Жабай сорайған ұзын жігіттің санынан құшақтады.

Сол күннен бастап Тауфикті жұрт Жабайдың ағасы деп кетті.

ТРАКТОРШЫ БАЛА

Әкесі белін буынып тысқа шыққанда, баласы трактордың жып-жылы кабинасында отырған. Жүзінде байсалдылық, ірілік бар. Әкесіне ұқсап бакқысы келгені көрініп тұр. Мұрынды тартып қойып, терезе шынысын сүрткілейді. Рөлді айналдырып, заулатып жүріп келе жатқандай болады.

Қоспан баласының ойлы, әрі қызыққан жүзіне қарап, іші жылып кетті. Тіпті күліп жібергісі келді. Бірақ күлмеді. Беті дуылдап, кішкене қайқы танауын тартқылай берді.

– Далаға барасың ба, менімен?

– Барам.

Жұп-жұмсақ былғары көпшікке жайғасып алып, әкелі-балалы қырға беттеді. Күн салқын болып тұрған. Құралайдың желі бар. Ауыл сыртындағы егістік бетіне түрен тастап, жылжи жөнелді. Түрені жерге бойлап кіріп, боз балшығын ақтара аударып барады. Қызыл «Беларусь» манағыдай емес, ауырлай,

ыңырана тартты. Жамбыл біресе алға, біресе артқа сүйсіне карап күлімсірейді. Ол әкесінің қимылын аңдып отыр.

Жамбылдың ендігі арманы – рөлге өзі отырып көру. Бірақ әкесі мұнымен тілдескен жоқ. Шынын айтқанда, осынау тар кабинада оның бар-жоғын да ұмытқан сияқты. Күн көзі әбден көтеріліп тас төбеде тұрып алды. Бір кезде әкесі аңыз басына тоқтап, тракторға май құйды.

– Жамбыл, карның ашты ма?

– Аздап қана. – Әкесі күліп жіберді.

– Ендеше, дорбадан алып тамақ же, сусасаң сусын бар. – Жамбыл ұялып тамаққа ұмтыла қоймады. Мазасыз болсам ендігі жолы ертпес деп ойлады.

Қоспан қолын сүртіп болып, баласын тамақтандырды, өзі де жеді.

– Ал кеттік. Жер жырту жайқалуды көтермейді. Тағы да дағдылы жұмыс. Мотордың толассыз ызыңы. Жылжып қалып жатқан сары дала. Жалпайып молыға түскен кара жырттынды. Жамбыл жалығайын деді. Көзіне ұйқы тығылды.

Бір кезде трактор тоқтады. Әкесі жерге түсіп, моторының майын өлшеп қарады. Сонан соң шырт түкіріп тастап:

– Сен енді рөлге отыр, трактор жүргізесің. – деді Қоспан баласына. Жамбыл алғаш нанбап еді, әкесінің кескінінен ешқандай алдау нышанын көре алмады.

– Кәне, педальды басып көрші, әмсе солай. Аяғың жетеді екен. Ал енді педальды басып тұрып тұтқаны былай бұрсаң – бірінші, былай толғап тартсаң – екінші, былай етсең – үшінші!.. – деп жүріске қосуды түсіндірді. Жамбылдың көптен көзі қанған істері болатын. Ұзын сирағымен педальды басып, бірінші жүріске салды да, газды көбейтіп шапшаң жіберіп қалды. Трактор үріккен аттай ыршып түсті. Бала рөлге маңдайын соғып ала жаздады.

– Ақырын жібер, мұндайда трактордың бір тетігі үзіліп кетуі ықтимал. Қайыра басып педальдан аяғыңды ақырын босат та, газды көбейте түс, әне солай!

Трактор ілгері ұмтылды. Алғаш рөлге ие бола алмай, ерсілі-қарсылы ауытқи берді. Жүрек тоқтатып, шеңберден тас қып ұстап алды. Мотордың үні азайып, булыға бастады.

– Газды көбейт, одан да молырақ, міне, солай. Енді екіншіге ауыстыр. Сасқалақтама!

Трактор алға тартты. Жамбылдың маңдайынан тер бұршақтады. Оған карауға уақыт жоқ, тістеніп алыпты. Қоспан рақаттана күлді.

– Әй, менің Жәкем тракторшы болды, – деп қуанды ол. Жамбыл да қуанды.

Міне, аңызды екінші рет айналып келеді. Мотор үні түзеліп, трактор баланың еркіне бағынды. Қоспа түрендерді қалай түсіру, қалай көтеру керектігін үйрете берді.

Кешке ауылға қайтқанда, көршілер трактор рөліндегі Жамбылды көріп, шешесіне:

– Әй, Дәметкен, той жаса, балаң трактор жүргізіп келеді, – деп шуласты.

Сол кештен былай жұрт Жамбылды «тракторшы бала» деп атап кетті.

ҚАЖЫКЕННІҢ АРМАНЫ

Қажыкен өзімен бірге ойнаған балаларды ешқашан ренжітіп көрген емес. Ешкіммен байланыспайды да. Ол мейлінше қиялшыл бала.

– Білесің бе, Төкен, дүниеде теңізші болудан артық бақыт жоқ. Алыс мұхиттарға саяхат жасайсың. Алыс елдерді көресің. Теңіз түбінің кейбір байлығын тексересің, жақсы емес пе? Теңізде шырматылып өсетін жібектей жұмсақ өсімдік болады екен. Ал өзіміз күнде жеп жүрген кәмпиттердің сыртындағы әсем қағаздар содан жасалатын көрінеді.

– Солай ма, расында тамаша ғой, – деп, Төкен қатты танданды.

– Солай, мен енді қалайда теңізші болам. Төкеннің ағасынша үлкен кемелермен жүзем.

– Ой, мактаншак, мұрныңды сүртіп алсайшы. Сені теңізшілікке алып қайтсін, – деді Жандос күліп. Қажыкеннің қалқан құлағы қып-қызыл болып кетті.

– Алады, несі бар, – деп күмілжіді ол. Шолақ мұрны пысылдап төмен қарады. Көзі жасаурап, үйіне қарай шапшаң кетіп қалды.

– Бекер ұялтасың, ол шынында теңізші болады. Сөзсіз болады. Кім не болса еркі емес пе, – деп, Төкен Жандосқа ұрыса бастап еді, анау:

– Мактаншақты жаным сүймейді. «Пәлен болам, түген болам». Сонда өзге жұрт бола алмай ма? Мысалы, мен

космонавт болам. Гагаринше қас қакқандай уақытта әлемді бір айналып түсем. Космонавтың жанында теңізшілік те жұмыс па? Мен тағы кім болам, тұра тұр, ойнайын...

Төкен қаркылдап тұрып күліп жіберді.

– Ой, нағыз мақтаншақ өзіңсің. Қажыкенге теңізшілікті қимайсың. Ал өзің бірден космонавт болмақсың.

Жандос жұдырығын түйіп алып, жіп-жирен шашы тікірейіп соқтықкалы тұр.

– Қане, кім космонавт бола алмайды, айта ғой! – деді кеудесін көтеріп.

– Сен бола алмайсың,– деді Төкен долданып.– Космонавт түгіл шофер да бола алмайсың, нағыз мақтаншақсың!

Жандос жұдырығын ала ұмтылды. Төкен қолын қағып жіберіп, алыса түсті. Қапылыста Төкенді іштен түйіп жіберді. Екі бала ұмар-жұмар болып жерге құлады.

Ызалы Төкен Жандосты астына басып, шапалақтап жіберді. Жандос қашып бара жатты. Төкен үстін қағып тұрып:

– Мақтаншақ, қорқақ!– деп айғайлады.

Осыдан соң балалар көп уақыт кездеспеді. Әсіресе Қажыкен тұнжырап жүрді. Бір күні Төкеннің теңізші ағасы демалысқа келе қалды. Әсіресе Қажыкен қатты қуанды. Ол теңізшіге ыржия қарап көз алмай тұрды. Қолапайсыз кең шалбардың балағын ұстап көргісі келді. Алтын жазулы жібек лентаны қатты қызықтады.

Төкеннің ағасы ауылда көп болған жоқ. Қызметіне жүріп кетті. Ол Төкенге күнқағарсыз картуздың алтын жазулы лентасы мен матрос белбеуінің жезден құйған ауыр айылбасын қалдырған еді. Бетінде кеме якорының суреті бар сом айылбас болатын. Төкен Қажыкендікіне барды.

– Жүр, Қажыкен, ойнайық. Менде мыналар бар, жүр!– деді ол лента мен айылбасты көрсетіп. Қажыкен көңілсіз ерді.

– Мә, айылбасты ала қой. Сен теңізші боламын деп жүрсің ғой, ала қой!

Қажыкен үнсіз бас шайқады.

– Ендеше лентаны да қоса берейін.

Бала тағы да бас шайқады. Екі дос көлге қарай үнсіз аяңдап келе жатты. Қажыкен қыбырлап толқын жүріп жатқан көл ортасына қарап күрсінді де:

– Мен бәрібір теңізші болам, көр де тұр!– деді.

БАЛЫҚ ЖЕККЕН ЖҮМЕКЕН

Жүмекен ертемен үйден шықты да, су сорып ак жем болған қарағай ескекті алып Есілге қарай аяңдады. Жарқабақтағы үйеңкінің іргесінен қып-қызыл болып жалын атып күн шығып келеді. Күн сәулесі шашырай төгіліп тұр. Бала балшықты қызыл жардан сырғанап төмен түсті.

Жүмекен кішкене қайығына мініп, төмен қарай ықты. Төменгі жақта құрып қойған ауы бар еді. Ескекті сирек сермеп, ау қазықтарын ұзақ іздеп, шөп арасынан біреуін тапты. Сіресіп қатып қалыпты. Шетінен тартып еді, әлдеқандай мықты күш қазықты қолынан суыра берді. Жүмекен шиыршықталып қалған ауды өзіне қарай тартқанда, қайық шапшаң ілгері сырғи жөнелді.

Күректей қоңыр құйрық жарқ етті. Жүмекеннің бетіне мұздай су шашырады. Қайықтың істік тұмсығын еңкейтіп, шайқап-шайқап қалды. Бір сәтте су бетіне қайта шығып қаракөк арқасын көрсетті де, зор күшпен бойлай жөнелді. Кішкене қайықты шапшаң қозғап, ағынмен төмен ықты:

— Жүмек-ен, боса-ат, суға кетіреді, өлдің... өлдің...— деп дөң басынан айқайлаған дауыс естілді. Бала қайсарланып алған еді. Қайықтың текпішіне аяқтарын тіреп, сіресіп қатып қалды. Аудағы алып балық көк Есілдің айдынында біресе жағаға соғып, қайта тереңге тартып дамылсыз жанталасады. Жүмекеннің маңдай тері бұршақтап көзіне құйылып түк көрсетпейді. Жеңімен сипап тастауға да уақыт жоқ, қолы сіресіп қатып қалған.

Қанша уақыт өткенін кім білсін, бір кезде балық саябырси бастады. Жүрісі баяулап, әлсірей берді. Су ішінде ирелендеп баяу жылжыды. Балық тік жардың астымен келеді. Төбеге төне түсіп бұйра талдар тұр. «Біріне қолым іліксе екен»,— дейді Жүмекен. Бір кезде жағадағы көк талдан ұстай алды. Балық қайта тулады. Бірақ алғашқыдай бұлқыныс жоқ еді, желбезектерін желпіп тұрып қалды...

Ағынды бойлап дабырласып жұрт жеткенде, Жүмекен нән шортанды қайыққа аударып салып, терін сүртіп отыр еді. Көпшілік жыртқыштың күмістей жарқыраған бауырына қарап қуана таңырқасып тұрды.

-- Әй, өркенің өссін, балық жеккен Жүмекен!-- десіп, қошеметті сөздерін жаудырсын келіп...

– Жәкіш, анау кайықты көремісің?

– Иә.

– Рысбай шалдың кайығы. Барамыз да босатып алып, көлге жүземіз. Үйрек балапандарын ұстап аламыз, қызық болады.

– Кілттеулі шығар.

– Пішту, кілт болғанына...

Екеуі жүгіріп кайыққа келсе, расында кілттеулі тұр екен. Бәйкен шегемен түрткілеп еді, ашылмады. Кесек тасты алып пәрмендеп салып жібергенде, имесі суырып шықты.

– Алақай, біз кеттік!

Бәйкен ескекті есе жөнелді. Қайық кең жалтырға шықты.

– Әй, әлгі үйректерің қайда?

– Тығылып қалды, мені ұста деп тосып тұрсың ба?

– Жок, сонау қамыс төңірегінде көрінеді, кеттік сонда.

– Қайтайық, Бәйкен!

– Соқпа, осындай қызық табыла бермейді. Су шылп-шылп етеді.

– Жел тұра бастады, – деді Жәкіш үрейленіп.

– Ештеңе етпейді.

– Әне, бұлт көтеріліп келеді.

– Ештеңе етпейді. Қандай тамаша – а, ә? Біз ертедегі теңізші сияқты алысқа саяхат жасап барамыз.

– Кемеміз суға батса ше? – деді Жәкіш қорқып.

– Батпайды, бекерге қорқасың, – деді Байкен ескекті мықшыңдай есіп. Су ернеуге ұмтылып, аппақ көбік шашырайды.

Жәкіштің денесі мұздап, қалтырап кетті. Аспан күңгірт тартты, су беті де қап-қара, тіпті қорқынышты-ақ. Бір кезде көкті қас тіліп нажағай жарқ ете түсті. Айналаның бәрі астан-кестен болды.

– Дауыл басталды, дауыл! – деді Байкен шошып. Жанталасып жүріп қолындағы ескектен айрылып қалды. Қарағай ескек ақ ала толқындар арасында шоршып барады. Әлдеқандай дүлей күш бүкіл көлді қос қолдап шайқап тұрған тәрізді. Басқарусыз қалған кайықты қаппақылдап ала жөнелді. Толқынға қабырғасын беріп ырғып, секіріп келеді. Қап-қара суық су кайықты да, балаларды да жұтып жіберетіндей.

Бәйкен бакырып жылап жіберді.

– Енді жағаға шыға алмаймыз, құрыдық, – деді ол бетін басып.

– Әй, жылама, қайық бізді жағаға өзі шығарады, қорықпа! – деді Жәкіш оны құшақтап. Оның да көзінен жас ақты. Ақжал толқындар ысылдап келіп ұрғылайды. Қайықтың қабырғасы сықыр-сықыр етеді.

Алыста камысты жаға қарауытып тұр, Бәйкен жылауын қойып, бұғып жатыр. Өксік атады. Жәкіш түсі суық, дөңбекшіген суға сескене қарайды. Нажағай қайта-қайта жаркылдайды. Бір кезде суық жаңбыр құйып кетті. Қайық жағаға қарай өзі алып келе жатыр.

Түн болды. Жаңбыр толастап, жел тына бастады. Жыртық бұлттардың арасынан жұлдыздар көрінді. Қайық бір орында тұрған сияқты. Бірақ тоқтаған жоқ, жылжып келеді. Үкі бастарын бұлғап тенселіп камыс тұр. Қайық солқ ете қалды. Токтады. Салындыға килігіпті. Жаға небары он қадамдай жерде. Жәкіш камыстан тартып қайықты ілгері жылжитты. Бәйкен басын көтеріп:

– Су тайыз екен, осы жерге тастап кетейік, – деді.

– Жоқ, өйтуге болмайды. Шетке шығарып қояйық, қиналмай тауып алсын. Онсыз да Рысбай атайға обал қылдық.

Бәйкен үндемейді. Екеуі құрғаққа шықты. Буындары дірілдеп барады. Қорқып қалыпты. – Алақай, біз Робинзон Крузша «елсіз аралға» түстік! – деді Бәйкен дауыстап. Жәкіштің көңілі құлазып сала берді.

– Кетші өзін, жұртқа не дейміз, бізден көреді тағы.

– Көрсін, онда не тұр, – деді Бәйкен.

ТЕР ДӘМІ

– Жәкі– іш!

– Бәйке– ен!

– Бізді іздеп жүр. Қашып кетейік, сабап тастайды, – деді Бәйкен. Жәкіш жылап жіберді.

– Жүр деймін, жүр!

Бәйкен тартқылап еді, қолын сілкіп тастады...

– Сабасын қайта онымен құтыла алмаймыз. Ертең мектепке барғанда балалар тағы күледі, мұғалімдер кеийді! – деді Жәкіш өксіп.

– Мен бір ақыл таптым. Екеуіміз тығылып қалайық, олар іздей берсін. Бізді суға батты деп естері шығып әбігер болады. Тіпті тірлігімізден күдер үзеді. Сол кезде ап-аман, сап-сау үйге жетіп барамыз. Бізді балалар да, үлкендер де нағыз батырлар, – дейді, қызық болады.

– Менің апамның жүрегі ауырады, – деді Жәкіш.

– Сөзді қой, жүр тығылайық, аз ғана уақытқа тасалана тұрайық.

Жәкіш ықылассыздау ерді, екеуі бакша шетіндегі алаботаның арасына жасырынды. Көл жакта бұлардың атын атап айғайлаған дауыстар естіледі.

-- Сен отыра тұр, мен барлап келейін, жарай ма? Жәкіш басын изеді. Ұзақ тосып отырды. Дауыстар азайып, ауыл тыныштала бастады. Аспан ашылып, жұлдыздар самсап тұр. Қурай басы ақырын ырғалады. Балауса көк пен шіріген көң иісі бар. Жәкіш зерігіп кетті. Үйіне барғысы келеді. Уәдеден таюға болмайды. Қайта отырды. Тізесінен су өтіп қалтырап барады.

Бір кезде ту сыртынан ит болып абалап Бәйкен шыға келді. Жәкіш ыршып түсті. Анау шегі ката күлді.

-- Отыр, міне, мыналарды әкелдім, – деп, бір етек жасыл қиярды ақтара салды.

– Ұрлап алдың ба?

– Жоға.

-- Енді қайдан?

– Ойбай, өзіміздің үйдің бакшасынан алдым, же! Бәйкен бір үлкенін көйлегінің етегіне сүрте салып, Жәкішке ұстатты.

Жәкіш ұртын бұлтаңдатып қиярды кеміріп отыр. Екеуін жеп, үшіншісін бастағанда, кара бала тағы тыйымсыз күлкісіне басты.

– Өтірік айтам, өзіміздікі емес. Рысбай шалдың бакшасынан қағып кеттім. Кик– кик, ха– ха– а!

Қиярды қапсыра тістеген бойы Жәкіш отырып қалды. Көзі шарасынан шығып барады. Бірде көктемде қарттың осы қиярды егіп жүргенін көрді. Суалыңқы жағына қаптай өскен ақ сақалынан тер тамшылап жүрді. Атайдың сондағы ыстық теріне өскен қиярды түкіріп тастады. Аузы тер татып кетті. Жүрегі лоблып барады.

Жәкіш алаботаны жапырып жүгіре жөнелді.

– Әй, тұра тұр, тоқта-а!

УӘДЕ – ҚАСИЕТТІ СӨЗ

– Мен кінәлімын. Ешқашан тентек болмауға уәде беремін. Оқуды беске оқимын. Енді не дейсің? Уәдем осы.

Жәкіш класс толы оқушыларға жасқанбай қарап тұр, сары жүзінде жігер бар.

– Уәде дегеннің не екенін білесің бе өзің? – деді балалардың біреуі.

– Білем.

– Айта ғой білсең.

– Уәде ме, уәде – адамның ар-ұятымен айтылған сөз, қасиетті сөз. – Осылай деп анасы үйреткен еді.

– Жаксы. Сен ғой тентек Бәйкеннің жетегімен кеткенінді айтпай, бәрін өзім істедім дейсің. Біз барлығын да біліп қалдық. Осы қалай? – деді Еркін ағай. Жәкіш қып-қызыл болып кетті. Алғашқыдағыдай тұмсығы тершіп қыбыжықтай берді, төмен қарап тырнақтарын шұқылады.

– Не десем екен? – деді ол қиналып. – Былай ол да уәде. Мен айтпауға, жолдасымды ұятқа қалдырмауға уәде бергем.

– Солай ма, ол жайлы шешеңе де айтпадың ба?

– Иә.

– Енді неге айтып тұрсың?

– Жаңа ғана өтірік айтпаймын деп уәде бердім ғой.

Балалар ду күлді.

КӨП ЖАСА, ҚАРАҒЫМ!

Жәкіш аяғын ықылассыздау басып келеді. Осылай қарай жүрсе, бетінен оты шығады. Құлағы қып-қызыл болып кетеді. Аулаға кіре беріп, мойнын созып қораға қарады. Рысбай атай шөп үйіп жатыр екен, жанына барды.

– Денің сау ма, балам!

– Шүкір, ата, айырыңызды бере тұрыңызшы, мен-ақ лақтырып тастайын.

– Көп жаса, қарғам, өзім де үйем ғой. Қарттың шешек секпілдеген бетінен тер тамшылап тұр.

– Ата, беріңізші, сіз дем ала тұрыңыз.

– Көп жаса, қарғам! Күшің келер ме екен?

– Келеді.

Жәкіш иісі мұрын жаратын жап-жасыл судыраған пішенді іліп лақтыра берді. Бойы биікке еркін жетпесе де, шөпті еңсеріп тастады. Денесі терлеп қоя берді. Мойнына шөптің үгіндісі түскеніне де қарамады. Анадай жерде дөңгелек жүгіртіп Бәйкен өтіп барады,

– Кел– ей, атайдың шөбіне қолғабыс етейік, – деді айқайлап. Анау қолын бір сілтеп кете барды. Соңғы айыр пішенді де төбеге шығарды.

– Көп жаса, қарағым, жігіт екенсің, Ту– у, терімді құрғатып, демалып қалғанымды қарашы!– деді Рысбай атай баланы басынан сипап. Жәкіш арсалаңдап күле берді.

Атай, көмек керек болса, шақыра қойыңыз. Қашанда бас тартпаймын. Өзімнің күшім жетпесе мектептегі балаларды алып келем,

– Көп жаса, қарағым, Бірімжанға тартқан екенсің,– деді қарт риза болып.

ШІЛ

Шіл ормандағы құстардың ең ұсағының бірі. Шыбышықтай ғана қоңыр жағал балапандарын ертіп, қалың шөптің арасында күнұзақ шыбын қуумен жүреді. Балапандар шикылдап, дымкыл көгалға сүңги жүгіріп, дамыл көрмейді. Бытырап бара жатса ана шіл қоңыр айдарын сілкіп, қорылдап дыбыс береді. Онысы – байқа, қауіп бар дегені.

Ие, қауіп дегеніңіз аяқ астында. Өте көп. Шілдің қоңыр балапандарына сауысқан да құмар. Шіл қайда жайылса ол да сол маңайда жүреді. Орман ұрысы – ала қарға да әр кез назарын салады. Қаршыға мен қырғиы тағы бар. Барлығының айналдыратыны шіл. Балапандарының бейқамдығы, бағусыз кезі. Қапылыста іліп кетсе арашалауға шілде дәрмен жоқ. Сақтық үшін ана шіл балапандарын қанаттанғанша орман арасындағы көгал ішінен шығармайды.

Көгал – қанаттылардан қорғағанымен, аяқтылардан қорғай алмайды. Орман кезген қу түлкінің мұрны сезбейтін иіс жоқ. Жауының, жақындап қалғанын мекиен шіл бірден сезеді де, балапандарын жасырып, өзі түлкінің алдына көлденеңдей қалады. Қанаты сынған жаралы құс болып көрінеді де, түлкіні соңынан ертіп аулаққа алып кетеді. Мұндайда ол қауіптен қорықпай

жауының алдында таяқ тастам жерде жорғалап бара жатады. Түлкіні ұзатып салып шіл ұша жөнеледі. Алданып қалған қу аңырып аз тұрады да, «бәлем сені ме» деп жөніне кете барады.

Шіл балапандарын ертіп, дағдылы тірлігіне кірісіп еді. Қанат суылын естіп, бұға қойды. Семсердей жаркылдаған сұр қаршыға жайқап өтті. Екінші рет зулап ұшты. Әлгінде жосып жүрген көп балапан жер жұтқандай жоқ болды. Қаршыға айналып келіп көлденең бұтаққа қонып отырды. Ең қырағы деген жыртқыштың өзі аңғарар емес. Балапандар болса қол созым жерде ғана шөп арасында бұғып жатқан. Қозғалса бас салуға аңдып қаршыға отыр. Мекиен шіл тарғыл қауырсындарын кірпідей тікірейтіп соншалық қаһарлы дауыспен шаңқ етті де, көздері от болып жанған катерлі жауына атылды. Атылған бетте қаршығаны топшымен соғып өтті. Ана шілдің қайратына шыдамай сұр жыртқыш биік қайыңдардың төбесінен асып жоғалды. Шіл байғұс жерге құлап түсті де, топшылары қалтырап көп жатты. Сонан соң есін жиып, балапандарын шақыра бастады.

Қам-қарекеті көп жаз да бітіп, салқын күз келді. Орман жапырақтарын түсіріп сидаланып қалды. Жыл құстары жылы жаққа қайта бастады. Шіл ғана балапандарымен туған жерде қалды.

МАЙЛЫАЯҚ

Торы биенің көзінің біреуі сонаның көзіндей аппақ, екіншісі мөлдіреген қоңыр. Жұрт оны шағыр бие дейді. Шағыр биенің бір жаман мінезі – үнемі ауа жайылып, дара жүреді.

Қазір де пүліштей жылтыр сауырына қонған шіркейді құйрығымен қағып, жайылымға беттеді. Жанында жас құлыны жүр. Құлыншақтың жібек жалын жел үрлейді. Үлпілдеген кішкене құйрығын сермелейді. Ойнақтап, айнала шабады.

Шағыр бие дағдысынша тоғайға қарай тартты. Соңынан Майлыаяқ ере кетті. Майлыаяқ – шықшытты, кеуделі үлкен ақ төбет. Өткір сары көздерін құлынды биеден айырмайды. Кездескен тай-саяқты қуып тастайды да тілін салақтатып жата кетеді. Аспан ашық, сұйық ақ бұлттар ғана қозғалмай тұр. Құлынды жақсы көріп, жарысып ойнамақ еді, шағыр бие құлақтарын жатқызып алып, тап берген соң алыстап кетті. Тақым жүнін тістелеп өткір азуларын сақ-сақ еткізді. Жылтыр тұмсығын көтеріп, алыстағы ауылға қарады. Нұржанды

сағынған, кеудесіне секіріп еркелегісі келеді. Ол барда көңілсіз болмайды. Шағырды көз жазбай күзетуге үйреткен сол. Бірақ тапал сары баланың пионер лагеріне кеткенін қайдан білсін. Қарны ашқан соң ауылға жорта жөнелді.

Шағыр бие тоғай арасына кірді. Сылдырап бұлақ ағып жатыр. Іңір болыпты. Ай сәулесі су бетінде ойнайды. Айнала тып- тыныш. Төменде жар астында қатты ағынның сарыны естіледі. Кәрі үйенкінің түбіне келіп, ұзақ үйкеленді де, құламадан қанып су ішіп, қайта жайылды. Құлын көсіліп, ұйықтауға жатты. Үстінде боз шіркейлер ызындайды. Енесі де көзінен сорасы ағып қалғып кетті.

Бие басын көтеріп алғанда, алдында үлкен көк ит тұр еді. Оскырынып қарады, құлақтарын қайшылап жер тарпыды. Көк ит бір жатып, бір тұрып, еркелейді. Бетегеден биік, жусаннан аласа болып жақындай түсті. Бие тынышталып жерге бас қойды. Құлыншак керіліп итке қарай бір ер аттағанда тұра атылып, іліктіре алмады. Құлыншак енесінің бауырына тығылды. Бие тарпып жіберді.

Бұл кәдімгі қасқыр еді. Шағыр айнала қуалады, қара терге түсті. Қасқыр аш екен. Қалайда құлынды жеп кеткісі келді. Ай бұлтқа жасырынып, айнала қараңғыланып кетті. Қасқыр тілегіне жететін болды. Осы кезде ағаш арасынан шыға келген Майлыаяқ қасқырға тұра ұмтылды. Жыртқыш бас сауғалап қаша жөнелді. Майлыаяқтың ызалы үні тоғай арасында ұзап бара жатты. Шағыр бие құлынын емізіп, иіскелеп тұр. Көптен соң үсті-басы қан-қан болып, құлағы жырылған Майлыаяқ келді. Құйрығын бұлғап, қыңсылай берді. Кетіп қалғанына кешірім сұраған еді. Бие пыскырынып қойып алаңсыз жайылымға кірісті.

Майлыаяқ жарасын жалап алып, айнала шапты, секірді.

ДОСТАР

Зейін қар басқан бакта жүр. Қаракат бұталарының сыртына мойнын созып қарап қояды. Бұқпантайлап ілгері жылжиды да, кіп-кішкентай денесімен бүрісіп отыра қалады. Бұтаның арғы бетінде әдемі, қызыл төс торғайлар жеміс ағаштарының жел қағып түсірген бүршіктерін шоқып жүрген. Өздері қандай әдемі, жерді шұқыған сайын құйрықтары шошаң-шошаң етеді. Жақындап барып ұстап алмақ еді, торғайлар пыр етіп ұша жөнелді. Әрірек барып, алма ағашының бұтағына тізіліп

отырды. Көпті көрген кәрі торғай балаға мойнын созып, «шиқ–шиқ» деп үн қатты:

– Зейін, сен не істеп жүрсің? – деген даусыма балам жалт қарады да:

– Торғайлардың екеу-үшеуін үйге апарайын деп едім, ұстатпады, – деді. Мен күлдім де:

– Олар ұстатпайды, қолға үйретудің басқа жолы бар, – дедім.

– Қалай?

– Көремісің, торғайлар сенен жем сұрап тұр. Олар аш. Күн сайын өз қолыңмен жем беріп тұрсаң, қашпайтын болады.

Зейін қуанып кетті. Екеуміз ағаштың төменгі жағына жем шашатын тақтай орнаттық. Айтқандай-ақ торғайлар үйреніп аяды. Шашқан бидайды тақтайдың үстіне қонып жей бастады. Кейін алақандағы дәнді шоқудан да қорықпайтын болды.

КІРЕУКЕ МЕРГЕН

Кіреуке қос ауызды төмен қарай бұрып, көздей бастады. Кішкентай мыс қарауыл бір сәт зорайып көрінді де, бұлдырап кетті. Қолы қалтырап, мылтықтың суық оқпаны шайқала берді. Қара көлеңке үйде көкшіл кеудесін көрсетіп, қаншық қасқыр тұр. Көздері терең құдық түбіндегі лай судай жылтырайды. Құйрығын қозғап еркелегендей болады. Мерген атуға батпады. Мылтығын былай қойды. Күректей қара сақалының етегін қайырып әкеп, ерніне басты, ойланды...

... Жазғы бір тыныш күн болатын. Таңнан бері ұзақ жүрді. Терледі, шөлдеді. Құтжолдың да зықысы шықты. Ыстықта тілі салақтап солқ-солқ етеді. Токтап тыңдайды. Күн тас төбеде. Ыстығы тандырдай қақтайды. Жүріп келеді, ойлап келеді. Қаншық қасқырды ертемен Балпанайдан көріп еді. Із тартып, Торжайғанға қарай жөнелген. Арамдыққа келгенде қасқырдың алдына жан түсе ме? Кіреуке, керісінше, Қазыметті сүзіп шығуға ниет қылды. Қалың өзеннің әр шырпы, әр томаршасын тінте қарайды. Кәнігі төбет Құтжол шарқ ұрады. Табылар емес, із-түзсіз жоғалды. Томар арасы суға толы. Су өсімдік татымен зеңгіл тартқан. Бетінде ұсақ сары гүлдер қалқиды. Ортада дөңгеленген шағын тал бар. Тал бозғылт жапырақты, нәзік бұтақтарын иіп, копаға жантая өскен. Балтырын суға малып, жіңішке ақ қайың тұр.

Кіреуке томарға шықты. Суға қолын салып, аз отырды. Су суық, әрі мөлдір болып көрінді. Қос алақанымен көсіп алып, екі жұтты. Көкше мен шірінді дәмі білінді. Маңдай терін сұртті. Көздері сонау талда. Құтжол томардан томарға секіріп көп жерге барды да, бөксесін суға малып алды. Сілкінді, қыңсылады.

Мерген орнынан тұрды. Заттарын, мылтығын, сыртқы киімдерін қалдырды. Сөйтті де, томарлардан секіріп, ілгері кетті. Мұндайда аяқты шалыс басу – суға шомылып алу деген сөз. Мысықша сақтана жүрді.

Мерген тұйыққа тірелді. Томаршалар арасы алшақтап, жүріс қиындап кетті. Бір рет күмп беріп, суға сүңгіп те шықты. Сүметілген Құтжол да иесінің қолын жалап қыңсылайды. Ақыры су ішіндегі тал өскен үлкен томарға жетті. Тал астында сүйек қалдықтары жатыр. Көкшіл қоңыр мақұлықтар қыбырлайды. Көздерін әлі ашпапты. Біріне-бірі тығыла түседі. Ауыл итінің марғау күшіктері сияқты. Алтау екен, азулы алты жыртқыш. Қыста отарды қырып кеткен тобырдың ұрпағы.

Мерген біреуінің титімдей құлағынан көтеріп, сілкіп-сілкіп қалды. «Үн шығармауын қарашы, а, қасқыр болмай кет» деп күлді. Сөйтті де, кенеп қоржынына тастап жіберді. Темекі тартып болып, белінен жез кездікті алды. Кездікті күсті алақанына жанып жіберіп, бөлтіріктердің тілерсегін қия бастады. Барлығының сіңірін қыркып болған соң итін ертіп ауылға қайтты.

Құтжол артқа қарап қыңсылайды. Бөлтіріктерді сау тастап кеткеніне қынжылатын сияқты. Қоржын түбінде бүлкілдеген бөлтірікті жақтырмайды. Кіреуке күлімсіреді. «Әй, Құтжолым-ай, сен не білуші едің, сенің айуандық ақылыңа сыймайтын жай ғой. Қазір өлтіргенде, терілері пайдаға аса ма? Оның үстіне қасқырлар елге тыныштық бермейді. Тілерсектері қиылған бөлтіріктер ұзап ешқайда кетпейді. Қар түсе жүні жетілген соң оңай соғып аламыз. Түсінсейші сен. Түсінбейсің, ә? Тұқымдасың сенен әлдеқайда айлакер-ау! Із көрсетіп алысқа бастап еді, айласын біле қойдық. Ұя салған жерін қарашы, адам аяқ баспайтын қопа. Солай, Құтжол, сен босқа арсалаңдайсың, біз олармен әлі кездесеміз!»— деді Кіреуке.

Мерген бөлтірікке үйдің босағасынан үйшік жасап, сонда күтті. Алғаш сүт қана ішкен бөлтірік бауырын көтеріп алған соң ауыл иттеріндей не берсе соны жеп, тез өсе бастады. Атын жүйрік болсын деп Құйын қойды.

Кіреуке түз жыртқышын Құтжолға қосып, аңға баулымақ ниетте. Соны баға жетпес қызық деп білді. Қасқырға тән күш пен өжеттікті қасқырлардың өзіне қарсы жұмсауы арманы болатын. Құтжол бөлтірікті көрсе, арқа жүні тік тұрып ырылдайды. «Әй, ақылсыз айуан, сен не білуші ең»,– деп иесі ұрсып жүргені.

Аңшы бірде домаландаған жуан бөлтірікті шапка түртіп қызықтап отырды. Бөлтірік қасарып қозғалмады. Сонсоң көзді ашып-жұмғанша тістері сак ете түсті. Мерген қолын тартып алды. Алақанын пышақтай орып түсіпті. Қып-қызыл қан саулап қоя берді. Кіреуке білегін қыса ұстап, үйге жүгірді. Жұбайы Жамал қатты саскалақтап, күйініп сөйлеп жүр:

– Құдайым-ай, қасқыр асырап ит қыламын дегені несі? Тырнақтайынан мынаны істеді, өскен соң қайтпек?..

– Қой енді мылжыңдамай,– деп мерген теріс айналды. Бөлтірік кіп-кішкентай ұры көздерімен тапжылмай қарап жатыр. Жасқану да, ұялу да жоқ. Аңшы ашу– аразсыз:

– Солай, Құйын, сен қасқырлығыңа баспа, мынауың ұят, иесін кабуға әсте болмайды,– деді.

Соны айтты да, итаякка сүт құйып, алдына тосты. Бөлтірік ұрлана қарап, сүтті жалай бастады. Осы кезде Құтжолды шақырып еді, төбет желкеден сілкіп лақтырып жіберді. Анау аунап тұрып тістерін ақситты. Кіреуке итке жекіп, бөлтірікті қайта әкелді. Бұл жолы сыздана қарағанымен төбет соқтықпады.

Мерген ит пен қасқырды осылай күштеп жұғыстырды. Ақылды төбет соқтықпау керектігін ұқты. Кейін екеуін бір үйшікке қойды. Төбет болмашы кырғи қабақтық көрсетсе, иесі ұрсып, тыйып тастап жүрді.

Көптен күткен күз келді. Теріскей жақтан шыққан ауыр бұлттар аспан жүзімен жылжып, алыс қияға өтіп жатыр. Суық жел сары даланы кезіп, қара пәледей өкпені қауып калтыратып жіберді.

Кіреуке торы шалақты сұлыға байлап күтіп жүрген. Сары төбет те қоң жинап жоталанып қапты. Ит пен аттың бабына өзгеше ықылас қойған ол өзге шаруа қамын ұмытқандай еді.

– Құдайым-ау, қыс болса келіп қалды. Қора- қопсы қымталған жоқ. Орманшы болғаның не керек, отынға да тапшымыз. Аспанға қыстармыз, тегі,– деп Жамал ызындайды. Кіреуке көмірдей қара сақалын салалап:

– Бір жөні болар,– дей салады.

Күндер осылай өте берді. Қар әлі түскен жоқ. Қардың тезірек түсуін аңшы асыға күтулі.

Ерлі-зайыптылар орманда жалғыз үй отырғалы біраз жыл болған. Орманшы ормансыз жерде ағаш күзете ала ма? Ауылда тұрып жүзеткенде, суық қол кірген соң осында біржолата көшіп келген.

Айнала түнек шұбар. Сұңғыла қайындар, сұр теректер көкке шаншыла өсіп, иін тіреседі. Жазда түндіксіз үйдей қамау, ақ жамылған өліктей қорқынышты.

Кіреуке таң атса шұбар кезіп кетеді. Оған сол тентіреуден артық қызық та, бақыт та жоқ. Сорлағанда Жамал сорлайды. Жападан-жалғыз елсіздегі адыра қалған үйде көңілсіз тіршілік кешу онай ма, оған? Тіпті жалғыз әйелге үйдің төрт қабырғасы да қорқынышты болып көрінеді. Есік алдында тер сіңген тоқымды төсеп ұзақ отырады. Сыбдыр қаққан сырлы орманнан баска ештеме көру жоқ. Жалғыздық әйелдің шерлі жүрегін қозғап, жүзіндегі әжім сызықтарын көбейте түскендей.

Адамды аямас тағдыр оны біржолата бақытсыз еткелі көп болды. Жамал жалғыз болайын деген жоқ, құрсақ көтерді. Балалары апыл-тапыл басып кісі болып қалғанда өле берді. Енді, міне, әйелдің шұғылалы тал түсі ымыртқа ауды. Құдай берген ажары тайып, қызылы тарқады.

Оңашада балаларының кішкене киімін ұзақ иіскеп, көз жасына ерік берді. Киімдердің байырғы иісі кетіп, бұрынғы түсі тозып, көз жасына бөккен.

Жамал бүгін де үй іргесінде күн бетте ұзақ отырды. Күздің кейпі көңілін құлазытып, адыра қалған ғұмырын ұзақ ойлап, көп мұңға батты.

Жамал соғыс басталардан аз-ақ күн бұрын жас жігіт Темірбекке тұрмысқа шығып, аз күн болса да бақытты күн кешті. Келіншек одан артық шаттықты тілемеп еді. Бір күндей болмады, күйеуі майданға аттанып, көп ұзамай қаза тапты.

Соғыс Жамалдың бақытын осылайша лас табанымен жаншып өте шықты. Кейін тағдырдың жазғанына көніп, әскерден келген, әйелі өлген Кіреукемен көңіл қосты. Ақыры қопаның ақ қайыңындай қурап, жалғыз қалғаны мынау.

Жалғыздық Кіреукеге де оңай соқпапты. Балалар туып, өле берген сайын самайына ақ араласып, бетінде әжім көбейді. Есіл-дерті дала, орман, үйде отырғысы келмейді. Жамал жалғыздығын айтса, алая қарап, үн қатпайды да. Құтжолды ертіп

кете барады. Көкке таласа өскен сырбаз орманға, мейірімсіз біреу балта салмағай деп, жеті түнде амалдап қайтады. Ағашты ұрлап кесушіні көкжал қасқырдан бетер жек көреді.

...Тоғайдағы алаң жактан Құтжолдың үргені естілді. Аңшы тоқтай қалды. Әлгі Құйын қайда екен? Оймен келе жатып, иттерінен көз жазып қалыпты.

Шырпылы алаңда ескі апан бар болатын. Құтжол апан аузын тырналап жатыр. Құйын үйіндінің үстінде көлденең жатыр, кәдімгі үлкен ақ қасқыр болған. Мойнында қарғысы, құлағында ені бар демесеңіз, мықты жыртқыштың өзі.

Кіреуке жақындағанда Құтжол шыкшытты үлкен басын іннен жұлып алды. Сілкінді. Мойнынан балшық сау-сау етті, қыңсылады. Қасқыр тұрған жерінен қозғалмады. Көздері қып-қызыл болып далаға қарайды. Құтжолдың кетуін аңдап тұрып, апанға бас салды. Кеудесіне дейін сұғына тың тыңдады.

Бір кезде Құйын апаннан бірденені дырылдата сүйреп алып шықты. Сонсоң алыса кетіп, әлгі жыртқышты жайратып тастады. Сөйтсе, оның өзі тілерсегі қиылған, ен салынған бөлтіріктердің бірі екен. Тал арасынан тұрғызылған бөлтірік қасқыр маймақ аяқтарымен бодаланып, соқыр апанға қойып кетсе керек.

Кіреуке күліп жіберді. Сол күні аңнан өте көңілді оралды. «Қасқырды қасқыр алыпты» деген лақап бүкіл елге тарап кетті. Ағаш тасығандар да, лесхоздың үлкен-кіші қызметкерлері де келіп көрісті. Барлығы да қасқыр-ит Құйынды қызықтады. Құйын қора төбесінде балуан аяқтарын созып жіберіп, келіп-кеткендерге үнсіз қарап жатты. Тірі жанға қастығы болмаса, достығы жоқ оғар қалпы. Қасқырдың қылығын Кіреуке келгендерге өсіре айтып, таңғалдырумен болды.

Жамал ғана көңілсіз. Кеше Құйын ас қоятын сарайшаға кіріп, бір қарын майын ұрлап жепті. Өткен аптада қақтаған етін алып кеткен. Қазды талап өлтірген. Жамал ұрмақ болып ұмтылғанда, аппақ азуларын көрсетіп, гүр ете түсіпті. «Мына кәпір қайтеді» деп әйел шошынып қапты. Сонан бері Жамал жек көреді. «Ұры, қиянатшыл» деп қарғайды.

Жұрт не десе ол десін, Кіреуке үшін Құйын үлкен бір мақтаныш.

Түнде мергеннің сүйек-сүйегі қақсап, ауырып шықты. Оқ жұлып кеткен қабырғаларының орны қалай жатса да шаншумен болды. «Ауа райы бұзылады екен», – деп пайымдады ұйқылы-ояу.

Айтқандай-ақ жерді ақ қар жауып қалыпты. Үп еткен жел жоқ. Қысқы салқын ауа танауды қытықтайды. Кіреуке үйге қуана кірді.

– Жамал, құдай ондады, қансонар, – деді аптығып. Жамал теріс айналып, күбір етті...

– Құтжол, Құйын, кеттік!– деп жар салды. Кезеңнен өтіп, көзден таса болды. Жамал самауыр басында шошайып отырып қалды. Жүрегінің талмасы ұстар ма екен, денесі алып түсіп барады. Соңғы баласы өлгенде талып қалды да, кейін де сөйтетінді шығарды. Дәрігерлер дәрі ішіп күтінуге, ашуланбауға, өзін-өзі сақтауға кеңес берді .

Әйел қимылсыз отыр, баяғы бір ащы ойлар...

Кіреуке қазыметке тартты. Аңға шыққанда тіршіліктегі бар кейістігі тарқап, жайнап сала беретін, бүгін де сөйтті. Торы шолақ шоқытып келеді. Иттер тілдері салақтап, оқ бойы алда. Құйын Құтжолдың соңынан қалысар емес. Тоқтай қалса, санын иіскеп жанаса кетеді. Төбеттің ашуын жібітер екеуара белгілі себеп бар. Төбет қаншық қасқырға жылы ұшырап қарайды.

Кіреуке Қазыметті жиектеп шапты. Бүкіл өзек ақ мамық жамылып, тыптыныш. Түз тағылары қар бетіне жазу жазыпты. Мұндайда аң көп жүрмейді. Кезбе қоян ғана бір өзекті бір өзі шарлап шығады. Бүкіл бір орманға сансыз із қалдырады.

Мерген шығып кеткен қасқыр ізін көре алмады. Не де болса іште екен деп ойлады да:

– Құтжол, мен осында отырам, қағып қал, – деп дауыстады. Құтжол қарға аунап тұрып жөнеле берді. Қаншық бөгеліп қалды.

– Бар, сен де бар! – деп ақырды иесі. Қасқыр зілдене қарады да, аяндап кете барды.

Кіреуке кезеңде тың тындап ұзақ отырды. Дыбыс жоқ. Қолы тоңуға айналды. Мылтықты оқтап қойып, темекі тартты. Бір кезде Құтжолдың үргені естілді. Ит ызалы, қуғаны қоян емес сияқты. «Қанды басыңды бері тарт!» деп мерген бірде оннан, бірде солдан шықты. Ауытқып алыстап кеткендей болды. Көптен соң қайта жақындады, жақындағаны сонша, дүбір апанық естілді. Мерген мылтықтың құндағын жағына сүйей берді. Сол-ақ екен, қалың тал селк ете түсті. Кіреукенің көз алдына көк түтін үйіріліп тұрып қалды. Құндақты жағынан түсірген жоқ. Екінші атуға келмеді. Иттің өзі секіріп шықты. Шықты

да, алдағы тал арасына қойып кетті. Мерген жүгіріп жетсе, құлаған қасқырдың жанында тұр. Кіреуке асыранды қасқыры ма деп қорқып еді, басқа болды. Әлдеқайда сом, әлдеқайда ірі қаншық қасқыр ұлпа қарды қаба құлапты. Бөлтіріктер бұл маңайда болмады. Қалың тоғайға өткен екен. Әдетінше мынау ана қасқыр із тастап, бері салған ғой.

Иә, сөйткен. Сонда Құйын қайда, Құйын?!..

Кіреуке атқа мініп қалыңға кірді. Атын атап шақырса да, еш жерде жоқ. Құтжол іздерді иіскелеп барады. Қалыңда атпен жүру оңай соқпады. Шырпы бетті осып, киімді жырттып, аттың таңынан тартып, әбден зықысын шығарды. Найза томарлар тізеден қағып, мұздақ тайғанақтатып, ат қара тер болды. Қазыметті түгел шолып шығу дегеніңіз бір күннің әрекеті емес. Кіреуке түсініп келеді. Құйынды қалай да табу керек.

Жүріп келеді. Күн батып бара жатыр. Күннің батып бара жатқанын сауыскандар айтты. Олар биікке шырқай шығып, бытырай шашылып қоналқаға тартты. Аспан бұлттанып, жапалақтап қар жауды. «Әттеген– ай, иттерімді таба алмай қалмасам жарар». Тізгін тартып тың тыңдады. Бір кезде Құтжолдың шабалана үргені талып естілді. «Иә сәт, тапты-ау!»

* * *

Аңшы бөлтіріктерді түгел ұстап алды. Қаншық қасқыр шу деп окқа ұшқан. Сөйтіп, Қазыметтегі бір ұя жыртқышты құртып, көңілі жай тапқан кез. Енді жұмысына алаңсыз кіріспек ниеті бар еді. Жағдай басқаша болып қалды.

Таңертең тысқа шығып кеткен Жамал табалдырықтан аттай құлады. Кескіні ақ шөлмектей. Кіреуке әйелдің аузына дәрі тамызып, не болғанын жалынып сұрап жатыр. Жамалда ес жоқ. Есікті ымдай берді. Мал қорасының қақпасы шалқасынан ашық. Ішінен бу бұрқырайды. Жүгіріп жетсе, он шақты қой-ешкісі түп- түгел қырылып қапты. Көбі тамақталып өлтірілген. Екеу-үшеуі кіре берісте қып-қызыл ала болып жайрап жатыр. Қорадан ыстық қан мен жынның иісі аңкиды.

Құйын белуарға дейін қанға боялып, қора төбесінде тұр. Құтжол оған қарап есі кеткенше шаптығып үреді. Мерген ашумен мылтықты ала ұмтылды. Қаншық қасқыр қыстауға кіріп жоқ болды. Сол кеткеннен мол кетті. Онымен айналысуға Кіреукеде уақыт болмады.

Бұрыннан жүрегі әлсіз Жамал төмендей берді. Амалсыздан орталықтағы ауруханаға апарып жатқызды. Шын жалғыздық енді келді. Дәрігерлер жағдайы өте ауыр, дұрыс емдемесе, сал ауруына шалдығуы мүмкін депті.

Жамал қаннен-қаперсіз қақпаны ашып қалғанда, қып-қызыл қасқырды көріп, есі ауып кетеді. Құйын түнде жабықтан түсіп, қойдың бірін алып соққан. Қан жұтып алған соң қасқырлығына бағып аяусыз қыра берген. Қырып болған соң қақпа алдына сүйреп апарып талап жеген. Жеп болған соң мұның ақыры таяқсыз бітпейтінін сезіп, қақпаның ашылуын аңдып жатқан. Қақпа ашылған бетте сыртқа бірақ ытқыған. Бар болғаны сол.

Жамал ауруханада ұзақ жатты. Кіреуке елсізде жалғыз тұра беруге жалықты да, ауылға көшіп келді. Көшіп келгенімен орманға жиі катынап тұрды. Ағашқа біреу балта шаба ма деп үнемі қауіптенумен болды. Аңшылыққа мүлде құлқы жоқ. Ұзын қара сакалы мен жалбыр мұртына ақ түсіп, қоңырша бетінде әжім көбейе бастапты. Өткен күндерін күрсіне ойлайды. Жалғыздығын, ұрпақсыздығын есіне жиі алады.

...Уақыт көктемге тақау. Ақпанның аяқ кезі. Кіреуке белгілі торы шалақты жегіп жолға шықты. Көптен іші пысқан Құтжол аттың алды-артын орайды. Тұмсығына секіріп еркелейді. Торы шалақ өзі білетін орманға қарай тартты. Ауа райы ыңғайсыздау болып тұрған. Шұбарды амандап қайтпақ. Аралап ұзақ жүрді. Ешкім із салмапты. Бәрі орынша. Аздап көңілденейін деді.

Аспанмен таласқан ақ қайындар адамның жастық шағындай сұлу, сүйкімді болып көрінеді. Осындай жаратылыс перзентін алып ұрып, отынға жағуға батылы қалай барады екен жұрттың? Ормандағы мың торап іздер Кіреукені аңшылықтың қызығына шақырғандай. Құйын есіне түсті.

Бәріне де өзі кінәлі. Жауын асырайтын несі бар? «Айналайын Жамал, құрт деп едің, тіліңді алмадым. Жер соқтырды да кетті». Құйынды енді ойынан шығарғысы келеді. Басқа тіршілік қамы да толып жатыр.

Кіреуке қыстауын басып елге қайтпақ. Жұмыспен жүріп күнді кеш қылыпты. Ауа райы тез бұзылып, қатты жел тұрды. Көптен тапжылмай жатқан ұлпа қарды үйіріп айдап сапыра жөнелді. Орман мазасызданып, теңселіп кетті. Айнала тез қараңғыланды. Торы шалақты қау жап асығып келеді. Мынау ыңғай итгерін ертіп аңға шығатын тар қылта. Қылтадан әрі

Жамалмен он жыл тұрған, бұл күнде иесіз қалған жалғыз үйлі қора-қопсы. Кіреуке үшін жылылығы бар мекен. Мұнда соңғы баласы туып еді.

Алдында зарыға тосып Жамал отырғандай. Аңнан эмән осылай оралатын еді. Жамалды сағына есіне алды. Жүрегі алып ұшады. Жалтақтап жүргісі келмей келе жатқан торы шолақ қана. Елендеп қараңғыға оскыра қарайды. Құтжолдың жүні жығылып тақала жүрді. Қыңсылады.

Кіреуке өз ойымен отыр. Күлімсірейді. Күбірлеп сөйлейді. Бір кезде иті шанаға қарғып мінді. «Ой, мұның не?» дегенше болған жоқ, арт жақтан сылаң етіп қаншық қасқыр шыға келді. Жалбыраған тілік құлағы қараңғыда бірден көзіне шалынды. Сасқанынан «Құйын, күш-күш» деді. Құйын бөлтірік кезіндегідей жанына секіріп мінді.

Торы шолақ төбеге ұрғандай тұрып қалды. Қалтырап ілгері басар емес. Кезеңде жол табанында екі қасқыр карсы қарап жатыр. Қасқырлар бүйірден де, арттан да көрінеді. Бәрі де қарны қабысқан аш. Қаншықтың қимылын бағып, ишарат қылса-ақ жаппай атылып, атты адамды пәре-пәре етпек.

Кіреукенің көзі қарауытып кетті. Иті басып отырған аяқтарын жинап алуға мұршасыз. Сәл оғаш қимыл, өлім. Өлім мергеннің қашанғы қас жауы. Ол ширыға бастады. Қаны қайнап қос ауызбен гүрсілдетіп ата бастағысы келді. Жоқ, өйтуге болмайды. Алғашқыда бірін-екісін өлтіре аласың. Мылтықты екінші оқтағанда тобыр жабылып жұмысыңды бітіреді.

– Айт шу, – деп атқа дауыстап қалды. Пұшпағына дейін терлеген бейшара ат екі-үш аттады. Сықырлап козғалған шананың алдынан қасқырлар сүметіле тұрып жол берді. Торы шолақ теңселіп ілгері жүрді. Қасқырлар шана соңынан сөлкендеп келеді. Алды-артына шығып сом аяқтарымен қар боратты. Жақындап гүр-гүр етісті.

Қаншық қасқыр Құтжолмен бүйір тақастырып отыр. Қараңдаған ескі қора жаққа істік тұмсығын көтеріп иіскелейді. Қайнап жатқан тәтті сорпаның иісін сезгендей болады. Аңнан келген бетте Құтжол екеуі ар-ұр етісіп таласа ішетін айран-шалаптың дәмі аузына келеді. Ол бірнеше күннен аш болатын. Кіреукеге қарап жаланып қойып, құйрығын бұлаң-бұлаң еткізеді.

Торы шолақ қақпасы шалқасынан ашық тұрған қораға қойып кетті. Қасқырлар жабылып қар боратты. Кол созымда Жамал екеуі кіріп-шығып жүретін аласа қоңыр есік көрінді.

Кіреуке акырын басып солай қарай жүрді. Қасқыр біткен әр кимылын бағып, тығыз қоршап келеді. Құтжол қынсылап тақымына тығылады. Ақ каншық гүрілдеп нөкерлеріне айбат көрсетеді. Кіреукенің бұрылып қарауға батылы жетпеді. Жыртқыштардың бірі алқымынан ала түсуі мүмкін еді. Есікті қатты жұлқып ішке кіріп кетті. Бірақ дереу жабуға үлгіре алмады. Іргесін басқан сіреу қар бөгеп қалды. Құйын мен Құтжол қабаттаса ұмтылды. Сол-ақ екен, қасқыр біткен опыр-топыр үйге лап қойды.

Босағаға жабыса қалған Кіреуке сыртқа атып шығып, есікті артымен тіреп тұра қалды. Бар күшін салып сіресіп тұр. Жауыздық құйыны қазір-ақ ескі үйді талқан етіп бұзып шығатындай көрінді. Шеке тамыры білеуленіп зорлана итерді. Тас табандап қалды. Ол ұзақ тұрды. Есіктің кілтін салып, терезе қақпақтарының беріктігін қарап шықты. Тақтай қақпақтарға сенбей, күзде отынға деп әкеп тастаған қайың дөңбектерін қабаттап үйді. Үйіп болып, қорадағы ат-шанасына келді. Торы шолақ байғұс әлі қалшылдап тұр.

– Құтжол! Әттеген-ай, құртты-ау оны! – деді мерген.

Кіреуке атты доғарып, бұрынғы орнына байлады. Маядан мол етіп шөп салды. Қораны қымтап, төбеден түтін шығар жасады. Сөйтті де, ортаға от жағып жылынып отырды. Боран қыстауды қатты шайқап тұр. Көзі іліккен сайын шошып ояна берді. Түсінде қараңғы далаға кетіп бара жатқан Жамалды қасқырлар талап жеп қойыпты. Өксіп оянды. Жамалды қатты сағынып кетті. Ешқашан бұлай сағынбаған сияқты.

От сөніп, жылтырап күлі жатыр. Таң атып келеді. Қайыра от жағып, қорадағы құдықтан атқа су тартып берді. Шөп салды. Қу отынды мол тастап, белбеуіндегі оқтаулы патрондарын қарап шықты. Мылтығын ашып оқпанын сығалап көрді.

Таң ата жел толас тапты. Орман іші ақ мамықтай үлпілдеп жатыр. Кіреуке тор шолақты жегіп қаңтарып қойды. Отты анықтап сөндірді. Сарайдан өткір балтасын алып, үйдің шатырын бұза бастады. Төбе тақтайдың екеу-үшеуін суырғанда төменнен бұрқырап жылу шықты. Төбеден түскен жарыққа қасқыр біткен гүрілдеп шапши бастады.

Мерген үйдің қара көлеңке бұрыштарына тесіле қарап Құтжолды іздестірді. Құтжол қайда, інірде кірген бетте дар-дар айырып қылғып салған.

Кіреуке белбеудегі жиырма бес патронды ағытып қатарлап қойды да, қос ауыздың оқпанын төмен қаратып гүрсілдетіп ата бастады. Ата берді. Іштен көк түтіннен басқа ештеме көрінбейді. Мылтықтың сүмбісі қызып кетті.

Мерген аз бөгелді. Тамсанып еді, жағы қарысып қапты. Қапылыста құндақ соқса керек. Иығы сырқырап барады, мылтықтың сүмбісі қарға тиіп шыж етті. Тар тесіктен қонырсыған мылтық түтіні будақтайды. Кіреуке темекі тартып отыр. Темекі тартып болып, түтіні сейілген үй ішіне қарады. Қасқырлар түгел жусапты. Ұзын саны он шақты. Құйын пеш арқасына шығып бүрісіп отыр.

– Күшім, күшім,– деді Кіреуке. Қасқыр секіріп түсіп бері жақындады. Құйрығын бұландатты. Атайын ба, жоқ па деп толқыды Мерген. Құйынның көзін ашпаған күшік кезінен бүгінге дейінгісі көз алдынан өтті. Мылтықты әлденеше рет көздеп, әлденеше түсірді.

Кіреуке ақылға келді де, пешке жабыса отырған қаншықты көздеп атып жіберді. Жыртқыш домалап сәкіге түсті. Өз бүйірін өзі қауып-қауып алды. Сөйтті де, қол жуғыштың іргесіне басын тыға құлады. Мерген маңдай терін сүртті. Көңілі құлазып сала берді. Аяныш па, мұң ба, бір өкініш сезім пайда болды.

Шуақты күн орман үстіне қарай өрлеп, айналаны рахат сәулесіне бөледі. Көктемдегідей жылы жел бар. Жаратылыс біткенді қайта тудырып, қайта жасартатын ару көктемді аңсап кетті мерген.

Жас жігіттей секіре түсіп есіктің кілтін ашты. Үй іші қан сасиды. Қалдырып кеткен басы артық көрпе, жастықты аппақ ұнтақ қылып тастапты. Шайнамаған, қиратпаған ештеме жоқ. Құтжолдың қара тырнағынан да ештеме қалмапты.

Қаншық қасқыр әлгі орнында қимылсыз. Артқы аяғынан сүйреп алғанда алқымына атылды. Қапылыста тар қолтығынан қауып, пышақ азуларымен мытып жіберді. Кіреукенің ащы даусы шығып кетті. Құлап түспес үшін пешке сүйеніп, сапысына жармасты. Жыртқышты қос өкпеден сұғып толғап-толғап қалды... Қызыл қан мергеннің бетіне шапшыды.

Кіреуке өлген қасқырдың азуларын өз денесінен зорға ажыратып алды. Ол сыртқы босағаға сүйеніп тұрып, былғаныш қарды шеңгелдеп асап жіберді. Сонсын тәлтіректеп атына келді. Шылбырын шешіп, шанаға сылқ етіп отыра кетті. Ат

ұшыртып ала жөнелді. Кіреуке үсті-үстіне шыкпырта берді. Бір кезде алқынып құлап түсті...

Түскі тамақты алдына алған Жамалдың құлағына дәлізден:

– Апыр-ай, бұл кім еді?

– Сұмдық екен, жан бар ма өзінде?— деп абыржыған дауыстар естілді. Жамал қасығын қоя салып, жүгіріп келсе, зембілде қып-қызыл қан болып күйеуі жатыр. Ышқынып шалқасынан түсті.

Жамал сол құлағаннан есін жия алмады. Дәрігерлер Жамалдың жүрегі жарылып кеткен деп тапты. Ал Кіреуке ес- түссіз жатыр...

АҚҚУДЫҢ АЖАЛЫ

Акку даусы естілгенде Кіреуке мерген орнынан атып тұрды. Мұндайда: «Сүйінші, Жамал, келіп қалды! Алда жануарлар-ай, бізді ұмытпаған екен ғой. Ұмытпапты!»— деп балаша қуанатын еді. Бұл жолы қаңырап бос қалған үйде өзінен басқа ала мысық қана бар. Мысық пеш үстінен бас көтеріп, бұл неге әбігерленді дегендей, иесінің сақалды жүзіне қарады. Кіреуке тәлтіректей басып сыртқа беттеді. Табалдырық алдында жалғыз акку тұр. Ауланы айнала шолып, екіншісін көре алмады.

– Ку-ку, – деп дауыстады. Акку жақындай беріп табалдырыққа иегін сүйеді. Жаудыраған көздерінен анық қасірет аңғарылады. Мойнын созған қалпы қиқулай береді. Аппак кардай қауырсындары кірлеп, мойны жіңішкеріп кеткен. Мерген аяққа сұлы салып әкелді. Акку ұзын мойнын созып аспанға қарады. Ышқынып қиқу салды. Сөйтті де, көл-көсір қанатын жайып көтеріле жөнелді. Күн астына қарай ұшты. Қанаттары күмістей жарқылдап барады.

Кіреуке жалпақ алақанын маңдайына қойып, көп тұрды. Көзі қарауытып кетті. Ауыр денесімен кірлі табалдырыққа сылқ етіп отырды. Ата аққудың мұңды даусы құлағында тұр. Көкжиектен асса да құлағынан кетер емес.

Мерген уһілеп отырды. Кеудесіне қайғы толып, тынысы тарылып барады. Бойын жиып, ауаны қармай жұтты. Көңіліне демеу көктем күні ғана еді. Дүние шын жасарып келе жатқан. Ауладағы ақ қайын бүршік жарыпты. Қара торғай бұтаққа қонып сілкінді де, түкті тамағы бүлкілдеп сайрап кетті.

Кіреуке өмірінің бір жылы өткенін көктемді көріп білетін еді. Биыл қуарған түбірдей жалғыз қарсы алыпты. Жамалдың

казасы мендеткен мерген сәуір туғалы аздап серги бастаған. Ұзақ күн үйге кірмейді. Дала үстіне тізіліп ұшқан жыл құстарына қарайды. Өзінің егіз аккумулярын зарыға тосады. Оларды көрсе, Жамалды көргендей болар ма еді.

Аккумуляр алғашқы катқақта келген. Төңіректі ғажайып әуенге бөлеп, солтүстікке қарай шұбап өтіп еді. Одан бері де бір жұма болды. Акку жұбына кездескен бақытсыздық құстар көшінен қалдырып шырғалаңға салғаны белгілі. Ата аккумуля жұбайы мерт болған жерде көп бөгелген сияқты. Туған жеріне келіп жоқтау салып, кең аспанның астына шарқ ұрып кеткені анау. Осы кеткеннен бар әлемді түгел шарласа да, іздегенін таба алмайтынын түсінбейді ол.

Кіреуке басын ұстап отыр. Жаз ортасы болатын. Кешкілік Шалқарға ау салып келе жатқан. Сонадай жерде құрақ арасында ала қарғалар далбалақтап ұшып жүрді. Шүйіліп көтеріледі, қарқылдайды. Кіреуке аккумуля сары мамық екі балапанын көрді. Басы үлкен, мойындары жіңішке, қарындары кампиған, үстері ұйпалактанып қалыпты.

Өз көзіне өзі сенбей қарай берді. Шалқарға аккумуля көші қонып өткені болмаса, ұя салмайтын. Балапандардың пайда болуына таң. Адам жүрмейтін камысқа жасырып ұялаған аккумуля балапандарынан бір себеппен адасып қалған. Енді қайттім деп мерген маңдай терін сүртті. Қалдырып кетсе, копаның қоңыр бөктергісі сөзсіз жеп кетеді.. Иә, сөйтеді. Онан да...

Кіреуке мен Жамал аккумуля егіз балапанын аялап бақты. Әсіресе, Жамалдың ықыласы қатты түсіп еді. Ол өз баласынан кем көрмеген. Мүмкін, балалары өле беріп, басқа зарыққаннан сөйткен шығар.

Күзге қарай екеуі екі аккумуля болып шықты. Үлкен аккумуля айырмашылығы қауырсындары сәл көгілдір. Бірі сом ірілеу, екіншісі жатаған кішірек. Ауылдағы құс біткенге әмірін жүргізетін де осы ірісі. Кейде Құтжолға да айбат шегіп қуып тастайды. Құтжол сенімен кім байланыссын дегендей табалдырық астына кіріп жатады.

Еркек аккумуля сотқарлығын жасап болып серігінің жанына келеді де, аспанға ұмтыла мойын созып қиқулайды кеп. Күз тақалғалы ашушаң, соқтыққыш болып алды. Мазасызданып, зерігіп кетті. Екеуі қатарласа ұшып Шалқарға барып күн бойы шомылып қайтады. Келген бетте Жамалдың етегінен тартқылап

жем сұрайды. Жамал шара аяққа сұлы салып алдарына қояды да, аккумулярдың жем жегеніне рақаттана қарап отырады. Акқұба сұлу жүзіне қан ойнап, өзі де аккумулярдай құлпырады. Қайтып келмес жастық шағын есіне алады. Егіз аккумуляр жем жеп болып, үлкен қанаттарын жайып қағынады да, сілкінеді. Сілкінеді де, кердең басып ауланы кезіп кетеді. Сол кезде Жамалдың жүзі бір сәт қуылып тартып күрсінеді. Кеше ғана босмойын балапандар еді. Алып құстар болып шықты. Өмір сүру деген жақсы-ау. Сәбилері тірі тұрса, үлкен азамат болар еді ғой. Құс екем құс та өмірдің арқасында аршындап өсті.

Жамал бір уыс болып қысылып қалды. Көзінде жас. Сол отырғаннан Кіреуке жұмыстан келгенше отырды. Мерген қолтығынан алып үйге кіргізді. Аялады. «Зеріккен екенсің ғой, жүрегін ауырып қалмаса жарар», – деп құрақ ұшты. Әйел тәлтіректей басып тіршілік қарекетіне кірісті.

Күз болып толассыз жауындар басталды. Қар ұшқындай бүрсең қақтырған жүдеу кез. Аккумуляр дамылсыз кикүлайды. Аспанға көтеріліп шарқ ұрып қайтады. Сөйтіп жүріп бір күні оралмады.

– Рахмет айтып коштасып та кетпеді-ау, – деп күрсінді Жамал.

Қыс өтті. Тағы көктем келді. Кіреуке мен Жамал ергемен малдарды айдап салып сыртта тұрған. Оңтүстіктен бір топ аккумуляр Шалқарға қарай еңкейіп келе жатты.

– Ұзақ сапардан қанаттары талған-ау жануарлардың, – деп күңкілдеді мерген.

Аккумуляр кешінен бір-екеуі бөлініп қапталдай ұшты. Қосқа ілесіңкіреп жүріп бері ойысты. Екі аккумуляр, екеуі де сүттей аппақ. Қанаттарын жай сермеп, қайта-қайта қосыла сыңсып, бірі жіңішкерек, екіншісі сәл қоңыр үнмен кикү салады.

– Мыналар бері беттеді ғой.

– Былтырғылар емес пе екен?

– Қойшы, солар болушы ма еді.

Солар шығар деп дәмеленіп тұрған Жамал еді. Денесі бір қызып, бір суынып көзіне жас келді. Аккумуляр қанаттары суылдап үй төбесінен өтті. Қайта оралып төмендеп ұшты. Жамал ақ орамалын бұлғап:

– Қу– қу! – деп айқайлады. Құстар әлі айналып жүр. Адамдар тысқа шығып тамашалай қарайды. Бәрі де Кіреукенің қос

аккуын таныды. Аккулар да туған жерін танып дауыстайды. Бір кезде Жамалға қарай күміс канаттарын жайып төмендей берді. Әлді топшылары дір-дір етіп, қауырсындар ысқырып, зуылдап келіп аулаға қонды.

Жамалға сол күнгідей шаттық, сол күнгідей ажар көптен кірген жоқ-ты. Қасірет тоты басқан көңілі түскірдің бір желпінген күні болды-ау деген.

Жылда көктем сайын Жамалдың қос жанары сонау оңтүстік бетте болады. Көгілдір орман, көсілген дала қиырынан қимас қонағын күтеді. «Бүгін көзім тартып отыр, аккумулярым келер білем»,– дейтін. Аккулар Жамал барда екі жылдай қайтып оралды. Үшінші жылы мынау...

Әйелі өліп жалғыз қалған бақытсыз мергеннің ащы қайғысын онан сайын қалыңдата түскен бір жай болды. Кіреуке өзінің қиямет халін жеңілдету үшін көңілін еңбекке, аңшылыққа көбірек аударып, ойдан аулақтауға талаптанып жүрген. Аккудың мұншалық зар қағуы сай-сүйегін сырқыратты. Ол түн баласына жынды адамдай сандырақтап шықты. «Жамал, бақыл бол!» – деумен болды. Кіреуке мерген осы жалғыз ауыз сөзді айтып қоштаса алмағанына зар жылайды.

Мерген ауруханада жатқанда, жүрегі жарылып-кенеттен қайтыс болған әйелін жұрт жерлеп қойыпты. Өмір бойы өкініші кетпес қаза ер тұлғалы адамды да жұқартып, қалжыратып жіберді.

Кіреуке күні бойы есік алдында отырды. Тас мүсіндей кимылсыз қалпынан селт еткізген тағы да аккумулядың ащы қиқуы. Жалғыз аккумуля қайта ұшып келді. Аулаға қонып, бұрылмастан өздері түнейтін құсханаға кірді. Таранды, сілкінді. Мойнын жерге салып жатты, әлсіреп қажып кетіпті. Кешеден бері сан қиянға барып қайтқанын өзі ғана біледі. Ұзаққа самғап, армансыз шарлағаны көрініп тұр. Алдына жем қойып еді, бойын аулаққа салды.

Мойын жүні тістеніп, азып-тозған қалыпта иесіне мұң айтқандай. Кіреуке жем салған аяқты қалдырып үйге беттеді. Акку мойнын доғадай иіп, тұмсығын жерге тірепті. Кеңсірігінен сынсыған үн шығарады.

Мерген табалдырыққа отырып, қапалы көздерімен шерлі аккумуля тез айығып кетсе екен деген тілекпен қарайды. Түні бойы тағы ұйықтай алмады. Таңертең құсханаға келсе, аккумуля мойнын созып жіберіп етпеттеп жатыр. Бауырын сыз жерге

төсепті. Әдемі көздеріне сұғанақ шыбындар қонып тұрткілеп жүр. Акку ажал тауыпты.

Кіреукенің жүйкесі шымырлап, төбе шашы тік тұрды. Бет терісі селкілдеп кетті. Үлкен мұрнын қайта-қайта тартқылады. Кеңсірігі удай ашып, көзінен жас сорғалады. Ер адам егіле жыласа уанбайды екен. Көптен соң басын көтерді. Кеудесі сәл орта түскендей.

Көктем жаймашуак күні. Ақ кайың бүршік жарып тұр. Кен дүние қуанышты әуенге толы. Кіреукеге бір жаңа қуат бітіп, аяқтарын нық басты.

АҢШЫ КЕЛЕ ЖАТЫР

Сауысқан қалбалақтап жүріп орман шетінде келе жатқан аңшыны көрді. Аңшыны көрді де, өзінің ежелгі танысы ор қоянға: «Аңшы келе жатыр, аңшы!..» – деп жар салды. Әккі қоян сауысқан шықылықтағанда-ақ тығылып үлгерген. Қырсыққанда жер кара, қоян аппак. Алғашқы қар еріп кетіп, қанттай ағарып қалдықтары жатқан.

Қоян тал түбіндегі токымдай қардың бетіне бұға қойды. Қар да қар, тіпті аңшы аңғарар емес. «Аңшы келе жатыр, аңшы!..» – деп жар салумен болды. Құйрықтарын қыпылықтатып талдан талға қонды. «Аңшы келе жатыр, аңшы. Өсекшінін сырына қанық мерген қоянды атып алды. «Сауысқан айтпаса, осы бір талсымақтың түбінде қоян бар деп кім ойлаған», – дейді таңданып.

ҮМІТ ПЕН ҚҰМАРЛЫҚ

Сұмдық аяздар болып тұр. Аяқ асты сықыр-сықыр етеді. Қол тонып икемге келмейді. Мылтығыңды қолтықтап алдың. Жұрттың бәрі жан бағып үйде отырғанда, сен орман кезіп жүрсің. Таңнан бері қанша жер адымдағаныңды өзің де шамалай алмайсың. Жүре бересің, атып алған ештеңе жоқ. Қолға мылтық ұстап жүрсен, шаршау қайда? Осынша жерді текке басып өтуге ешкім де көнбес еді. Оның үстіне суық мынау. Күн екі жерден құлактанып шаңытып тұр. Токтай қалдым. Тым жақыннан, бұта іргесінен жап-жасыл ұшқындар шашырап жатыр. Бір аттасаң жоғалады. Орнына келсең, тағы жанады. Еңкейсең жоқ, тұрсаң қайта бар. Қимылсыз тұра бергің келеді. Көп тұруға аяз

шыдатар емес. Шаңыт қар жасыл ұшқын болып шашырайды. Күн бұлтқа кіріп еді, ұшқындар сөнді де қалды. «Қасиетті күн-ай, сен бар жерде жансызға жан бітеді-ау», – деймін. Аязда орман кезгеніне өкінбейсің де..

Ілгері жүрсең, қайың басында қара құр қонып отыр. Кәдімгі қызыл айдар қораз құр. Жайбарақат, қимылсыз. Мылтығыңды көтеріп-ақ аласың. Сөйтесің де, өзіңнен-өзің ұялып кетесің. Қорым талды бетке ұстаған аңшыны көресің. Ішік, пима киіп, бет-аузын тұмшалап алған. Әйтсе де аяздың ызғарынан қағыс қалмапты. Қасы-қабағы аппақ қырау. Мұрны тобарсыған.

– Ей, отағасы, мұрныңызды сақтаңыз, – деп дауыстайсыз. Аңшы отағасы емес, кәдімгі жас жігіттердің бірі болып шығады.

– Сіз болмағанда қарақұрлар сөзсіз келетін еді,– дейді анау күйініп. Таңнан бері отырған мылтықшының қоржыны бос жатса да, ол әр минут сайын құрулы кепке қара құрлар сөзсіз келеді деп тосулы еді.

Шіркін, үміт пен құмарлық адамды алға жетектейсің-ау!

ҚЫСТЫ ӨЗДЕРІ ІЗДЕП...

Жәкең қайысқа ауық-ауық су бүркіп қойып, әбзел-сай-мандарды жөндеп отыр. Сыртта сұрапыл көтерілген. Биік антенны сықырлата шайқап, алғашқы боран үдей түсті. Теректің жалаңаш бұтақтары терезені сабалайды. Бәрі де табиғи нәрсе, бәрі де өз кезегімен келді. Атай болса осыған шүкірлік етулі. Қысты асыға күткелі қашан.

Мен болсам сыртқа жасқана қараймын. Мынадай сұрапылда аңдар мен құстар қалай тіршілік етеді екен, қиын-ау, панасыз жануарларға деймін. Осы ойымды Жәкеңе айтқанымда, карт күлді де:

– Олар қыстың өзін іздеп барады, – деді.

Ертемен аңға кеттік. Кешегі боран толас тауыпты. Дала күздегісіндей ақ шабдар болып жатыр. Долы жел ақ қарды қуалап орман, өзекеңге тығыпты. Бурыл қайындар балтырларын көрпеге орап қимылсыз тұр. Ерменді, алаботалы сайлар қарға қақалып қалыпты. Жүгірген аң, ұшқан құс жоқ. Тым-тырыс. Аспанда бүркіт қалықтайды.

Біз сайқылдағы ақ жайындай сұлап жатқан күртікке тақалдық. Кенет күртіктің ол жер, бұл жерінен қар бұрқылдап

аспанға шапшыды. Қанаттары күнге жарқылдап ақ құрлар зымырап барады. Жатқан жерлерінің қары еріп қалыпты. Аяк астынан ор қоян зыта жөнелді. Атай мылтығын кезеніп көрді де, атпады. Қоян таңы жарқылдап ұзай берді.

– Неге атпадың?

– Барсын, мұндай ақылды жануарлар жасай берсін,– деп Жәкең рақаттана күліп тұр. – Қыста қалай тіршілік етеді дейсің, көрмейсің бе, қысты өздері іздеп келген жоқ па?

САҒЫНЫШ

Қыс деген созыла түседі. Наурыздың өзі бұрқанса, пәле болды дей беріңіз. Тәуліктеп, апталап ақ боран соғады да тұрады. Күн ашылса, ерте мен кешкілік аяз тұрады. Аяз кәдімгі қаңтар айындағыдай бетті қарып, көл мұзы гүрсілдеп жарылып жатады. Көктемді сағынасың, тіпті осынау аласапыран табиғат мәңгі баки өзгермейтіндей көрінеді. Көңіліңізді бір сәт қапалық басады. Зерігесіз.

Адам асықты деп жаратылыс өз дегенінен қайтпайды. Мұндайда аяққа шаңғы іліп, көсіле сілтеп кеткен қандай жақсы. Орман шетінен қара құрдың қоразын көресіз. Ағаш ба-сында емес, қар үстінде отыр. Қанаттарын салбыратып жіберіпті. Адамды жақындатып алып ұша жөнелді. Қалбалақтап барып алаңқайға түсті. Бұл қу не істеп жүр екен, білейінші деп алаңға келсем, ат орнындай жерді шиырлап тастапты. Қаптаған айыр іздер. Тақырды жиектеп таракпен тырнағандай сызықтар жатыр. Қызыл айдардың қанаттарын сүйреткені ғой. «Е-е-е, қарай көр, енді аз күнде мына қар басқан алаң тап-тақыр шиыр болады. Құрлардың үйлену тойы басталады. Қайыңдар қоңыр мекиендер мен қызыл айдар қораздардың әнін тамашалайды».

Иә, көктемді сағынған мен ғана болмаппын, жануарлар да, бар жаратылыс та аңсаулы екен.

ҚОЯН ҚОРҚАҚ ПА?

Жазғы түн. Орман қалғып тұр. Құстар сайрауын қойған. Қалыңды паналап қасқыр, бұтаны паналап қоян мен құрлар жатыр. Күндіз жайдай жарқылдап ұшқан орман жыртқышы сұр қаршыға да қалғып кеткен.

Байғыз ғана ояу. Ол түнде күндізгіден артық көреді. Алақандай сары көздері отша жанып төніп өтеді. Жауыз деген қасқырдың өзіне де түйіледі. Түлкінің ойлайтыны баяғы бір кулық, реті келсе байғыздың өзін қағып түспек. Байғыз да түсінетін сияқты, шалып өткенімен, бой салып жақындамайды.

Табиғат патшалығына жаңа бір жан иесі қосылды. Небары қол басындай ғана. Туғанына бірер сағат өтіпті. Енесінің ащы уызын бір рет сорып үлгерген. Мәңгілікке тастап кеткен катыгез ананы енді ешқашан көрмек емес. Бұл қоян көжегі еді.

Көжекке қараңғы дүниенің сыры мәлім емес. Таңның ататыны, күннің бататынынан хабарсыз. Өзінің жаулары кім, достары кім екенін де білмейді.

Көжек құлақтарын қағып сілкінді де, екі-үш аттады. Екі-үш аттауы мұң екен, көзі қиядан шалатын байғыз жайқап өтті. Көжек зәресі ұшып тығыла қалды. Ажалмен бетпе-бет кездесіп, құтылып кетті. Бұл алғашқы сабақ. Шөпті сылдыратпай, ақырын басып жап-жақын жерден түлкі өтіп барады. Түлкі ық беттегі көжектің иісін сезбеді. Көжек кездері бақырайып жата берді. Екінші ажалдан қалды. Көжек екі-үш аттап еді. Ок жыландай атылып жіп-жіңішке сары күзен жөнелді. Әлдекандай із қуып бара жатыр еді. Шөп арасындағы титімдей мақұлыққа назар аударған жоқ.

Көжек бұғып отыр. Қалшылдап тоңып әрі қорқып отыр. Аранын ашқан ажалдың ортасында қалғандай. Бір кезде дүниені нұрға бөлеп күн шықты. Күн аспан биігіне көтерілген сайын жерді сәуле мен жылылыққа бөледі.

Көжек артқы аяқтарынан тік тұрып алып, ғажайып дүниеге таңдана караумен болды. Өзінің жалғыздығын да, әлсіздігін де ұмытты. Құлағына, басына келіп қонған қара шыбынды өжеттене үркітіп жіберді. Өзгеше күш пайда болды. «Алақай, күн барда мен ешкімнен де қорықпаймын!» – деді. Соны айтты да, лакша секіріп шалғынның арасына сүңгіді де кетті.

ШЕБЕРБЕКТІҢ ШЕБЕР ҚОЛЫ

Жаңа жыл шыршасы дайын болғалы қашан. Балалар ән салып, би билеп қуанып жүр.

– Аяз ата келіп қалды! Аяз ата келді! – деді бір бала аптығып. Сақалы аппақ қардай, бүкіл денесі аяз құрсаңған, мұрны қып-қызыл Аяз ата кірді.

Балалар жаңа жылға оқудағы жақсы бағаларымен, өнегелі істерімен келгенін айтып жатыр. Сабақты төмен үлгерген бірде-бір оқушы жоқ екен.

– Бәрекелді, балаларым! – деді Аяз ата риза болып. – Сендер ескі жылда жақсы оқып, үлгілі тәртіпті болған екенсіңдер, көп-көп рақмет! Енді аталарыңның сыйлығын алыңдар.

Осыны айтып, Аяз ата қыраулы коржынына қол салды.

– Мынау ерекше сыйлық, ең ұқыпты, ең зерек, ең тәртіпті оқушыға беріледі. Үздік оқыған қайсың?

Балалар біріне-бірі қарады.

– Мынау Шебербек үздік оқушы, суретті де жақсы сала алады, – деп шу ете түсті балалар.

– Бәрекелді, маған сондай бала керек. Міне, саған ерекше сыйлық. Бұл сурет салатын кәдімгі майлы бояу. Бояу болғанда қасиетті бояу, – деп Аяз ата бояу салған калбырды Шебербектің қолына ұстатты. – Мұнымен салған сурет кәдімгі өмірде бар дүние болып шығады. Мысалы, машинаның суретін салсаң, мінесің де жүріп кете барасың. Үй салсаң, ішіне кіріп жайғаса бер.

– Қандай қызық, тіпті тамаша! Ата, бізге де беріңіз, бізге де! – деп шуласты балалар.

– Әлгінде келістік қой, бір ғана балаға, – деді Аяз ата. Аяз ата балалардың бәріне де әртүрлі сыйлықтар берді. Бәрін де қуантты. Шыршаның айналасында ойын қызып жатыр. Шебербек бояуды қыса ұстап, шеткерек шыға берді. Тезірек үйге барып, сурет салуға асықты.

Ән шырқалды, би биленді. Кеш батқаннан соң үйіне келген бала отыра қалып асығыс сурет сала бастады. Ол адамға керектінің барлығының суретін салды. Алдымен әкесіне деп жеңіл машина, өзіне деп жүрдек итшана жасады. Шешесіне шешек атқан гүл, інісіне деп үш доңғалақты велосипед, биік үйлер, сәулетті мектептердің суреттері қағаз бетіне сызыла берді. Сурет қызығымен отырып түннің қалай өткенін де аңғармапты. Дәптер беті суреттерге толыпты. Бірақ суреттерінің бәрі нашар. Машиналардың доңғалақтары үлкенді-кішілі әрі сопақ, жүруге жарамсыз. Гүлдер курап калған. Велосипед тұтқасыз, текпіншексіз. Үйлер қисық, терезелері сопақ, ажарсыз. Ешқайсысы адамның пайдасына жарар емес.

Шебербек суреттерді сала берді. Көзді ашып-жұмғанша машиналар, тракторлар жасалып, үйлер тұрғызылып жатыр.

Сиырлары қой сияқты, аттары есек сияқты, мысығы құйрықсыз, иті құлақсыз болып шыға берді. Ол жыл бойы көп сурет салды. Келер жаңа жылда Аяз атаға алып келді.

Аяз ата көріп:

– Ой– бо– ой, балам, қалай нашар салғансың, – деді қынжылып.

– Атай, мен қасиетті бояумен салдым. Жаман болуға тиісті емес қой, – деді бала мұрнын тартқылап.

– Жок, балам, жарамапты. Енді мына жай бояуды ал, – деді Аяз ата.

Шебербек сурет салуға кіріседі. Айлар бойы, жылдар бойы сурет салумен болады. Салған суретіне жан бітіру үшін жалықпай, асықпай сала береді. Бала ержетеді. Одан қартайды. Бірақ салған суреттері мәңгі жас, мәңгі тірі қалпында қалады. Суреттері көрмелерде жұрттың бәрін қызықтырады. Үйлердің, мектептердің төрінде тұрады. Шебербектің суретіне қарап жаксы үйлер, мектептер, сәнді сарайлар тұрғызылады.

Содан байқағаны, адамға керек қасиетті бояу емес, іскер қол мен талмас талап екен.

ӘЛІМНІҢ ҰЯЛҒАНЫ-АЙ!

Әлім үйрене алмай-ақ қойды. Осында келгелі ауылды ойлаумен жүр. Қазір әжесі не істеп жатыр екен? Қаздың балапандарын бағып жүрген шығар. Жанында кішкене Әлжан мен Балжан бар. Әжесі қуанады, күледі. Балаларды да, балапандарды да бағады. Әжесі: «Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде...» деп бір қызық ертегіні бастайды. Оты қанған қаздар бауырларын көгалға төсеп дамылдайды. Әжесі ертегіні айта береді. Аузы сөзде, қолы мен көзі ұршықта.

Осынау талтүсте көл басы үлкен бір базар болып жатады. Қызықтың көкесі сонда. Су сабалап қиқулаған жалаңаш балаларды бірінен-бірін айыра алмайсың. Бәрі де күнге күйген күрең түсті. Солармен бірге өзінің болмағаны өкінішті...

Әлім күрсінді. Дереву үйге кетіп қалғысы келді. Жол белгілі, мына кезеңнен әрі жалпақ алаң бар. Одан әрі орман, орманнан әрі ауыл...

Тоғай арасына орналасқан лагерьдің аппақ шатырлары тізіліп тұр. Көгеріп Есіл жатыр. Өзен үстінде шомылған

балалардың көңілді күлкілері естіледі. Кезекші қоңырау қағып, түскі тамаққа шақырады. Тағы да тамақ ішіп алып қарынды сипап жату. Тағы да сол бос жүгіру, бос әурешілік. Ешкімді де танымайды. Жұрттың бәрін жатырқайды. Олар да бұған солай қарайтын сияқты. Не деген көңілсіздік!

Төменнен жапатармағай балалар жүгіріп келеді. Бәрі де қуанышты, бәрі де ойынның қызығына тоя алмай жүр. Езулері күлкіден жиылмайды. Бір үп-үлкен сары бас бала шекесінен шертіп өтті. Әлім таспен ұрып жібергісі келді де, өзін зорға тоқтатты. «Үйге кетем, тұрмаймын мұнда» – деді.

Ұйықтап оянса, кеш болыпты. Батарға беттеген күннің қызыл сәулесі жапырақтар арасынан шашырай құйылып тұр. Лагерь үстін салқын көлеңке басыпты. Алаңда футбол ойыны қызған. Ықылассыз басып сол жерге келді. Алдынан манағы жирен шаш бала кездесе кетті.

– Әй, істік мұрын, бері кел, – деп қарсы жүрді. Келген бетте қапсыра құшақтап кескініне қарады.

– Ей, батыр, сен ойнағанға өкпелеп қалғанбысың. Сол бір шерткенге ме? Мә, менің басыма екі шертші, мә деймін, мә! Әй, бала, сөйте ме екен, атың кім өзі? Ә, айтпайсың ба, айтпай-ақ қой. Менің атым Жаңабай, кел, дос болайық.

Жаңабай жетектей жөнелді. Екеуі футбол біткенше қатар отырды. Әлімнің ашуы тарқайын деді. Лагерьде де уақытты көңілді өткізуге болатын сияқты. Балалар шатырларға кірді. Айғай-шу, күлкі бірден толас тапты. Әлім болса аунақшып жатыр. Көзіне ауылы елестейді. Әжесінің әжімді кескіні елестейді. Кішкене бауырларын бір түрлі сағынып кетті.

Айсыз түн салқын тартыпты. Жерді шық сулап тұр. Орман қарауыта түскен. Әлім қорқайын деді. Бет алған соң кейін шегінудің реті жоқ. Жүріп келеді. Алаңнан өткелі қашан. Аласа бұталар, тармақталған жуан үйеңкілер, құба талдар таусылар емес. Белуардан шыққа малшынды. Далаға бір шығып алса, ауылдың оты көрініп тұрар еді. Орман созыла түседі. Үйеңкілер, талдар, бұталар... Төбесінен жапалақ қалбалақтап өтті. Қалың қараңғылықтан әрі әлдене бақырады. Сақылдап күлгендей бөтен дыбыстар естіледі. Әжесі айтатын жезтырнақ туралы ертегі есіне түседі. Темір саусақтары салдырап көзіне елестеп кетеді. Жұдырығын түйіп алды.

Жүріп келеді, әбден шаршады. Көзіне ұйқы тығылды. Бұтаны паналап отыра кетті. «Көп жүрдім, ауыл енді алыс емес шығар» деді тізесіне иегін сүйеп. Солай отырып көзі жұмыла берді. Түсінде әжесін, кішкене бауырлары Балжан мен Әлжанды көрді. Бір топ сары балапандар жайылып жүрді...

Күн шашырап шығып келеді екен. Лагерьдің тап іргесінде отыр. Өзіне таныс ақ шатырлар мейірлене қол бұлғайды. Әлім ұялғаннан беті дуылдап қоя берді.

НӨКЕН

Қыстың бел ортасы болатын. Бірнеше күнге созылған ұйтқыма боран таңнан бері толас тауып, іргедегі катпар бұлттардың арасынан жылтырап күн көзі көрінді. Ойы мен қырын боран сипап тегістеп кеткен кіршіксіз ақ даланың бетінде қыбыр еткен жан жоқ. Шыңылтыр аяз. Орман дағдысынан аласара түскендей қырау бүркеніп, кимылсыз тұр.

Айыр, күректерін иықтарына артып, жұрт жұмысқа кетіп жатқан кез. Осындай апақ-сапақта біреулердің даурықпа айғайлары естілді.

– Анау келе жатқандар не?

– Бәсе, бұлар не?

– Алдыңғысы мал, кейінгісі ит емес пе?

– Қызылағаштың шілігіне мал мен ит қайдан барады? Адамдар таңырқасып тұрғанда, екі кара құйрық тістесе келіп ауыл шетіне ілікті.

– Апырмай, енді қайттік, мыналар күтпеген іс болды ғой. Мылтық қайда, мылтық?..

– Атқа мініңдер, дереу шап, аттан!

Жүні жығылып солықтаған ақ таңдақ елікті катпа сұр қасқыр өкшелеп алыпты. Дәрмені таусылған елік орғып түсіп ыңырайды. Қасқыр алдыңғы екі аяғының арасына басын тығып, көсіле сілтеп келеді. Шүберектей жалбыраған қызыл тілінің ұшы көбік қарды сызғылайды. Елік ауылға кірді де, кең көшені бойлап кетті.

– Алда жануар-ай, адамды пана көріп келді-ау!– деп әжей жыларман болып тұр. Қасқыр айыр, күрек алып өзіне қарай ұмтылған адамдарды көріп аңырып қалды да, ауыл сыртына жалт бұрылды. Иттер абалап шығарып салған еліктің ізіне

қайта түсіп, ықтағы талды өзекке қарай қар боратып ұзап бара жатты.

– Қап, ана жауыз елік сорлыны енді құтқармайды-ау, бармысындар,– деген әлгі әжейдің әмірлі даусы естілді. Оған жауап ретінде біреулер қаркылдап күліп жіберді.

– Ой, күлкің көмір болсын, түге!

– Қазір, әже, қазір...

Қылыштың жүзіндей жаркылдаған бала жігіт Нөкен қаба жал, жирен атты шапшаң ерттеп, қарғып мінді. Асығыста сойыл таба алмаған соң, шаң басқан дара ауыз мылтығын ұстай шықты. Жемге бөгіп тұрған сұлу жирен төрт аяғын тең тастап ұшырта жөнелді. Нөкеннің өткір көздерінен жас парлады. Есіліп жатқан қасқыр ізін кейде көріп, кейде көрмей қалады. Қан жұққан оймақтай тұяқ танбаларын қорқаудың жалпақ жыртынды іздері бірде басып, бірде жанай өтіп барады. Аңдардың бойы көрінбейді. Алда қыраулы биік ағаш Қарашоқ зырлап жақындап келеді.

Нөкен Қарашоқты айнала беріп, қасқыр мен еліктің үстінен шықты. Шашасы қыркылып титықтаған елік жел беттегі күлтiкке батып тұр. Теректің қу бұтағындай сұрғылт мүйіздерін арқасына төсеп, тұмсығын көтеріп қапты. Қасқыр оның тық өкпесіне басын тығып қорқ-қорқ асап жатыр екен. Ызаға булыққан Нөкен көздеп атып жіберді, тимей кетті. Жыртқыш ағаштың арғы тасасына түсіп мұнарлы көкжиекке қарай асты. Аш өзекке біраз тояттаған көрінеді. Аңшы бала өткір көздерін жыртқыштан аудармай шауып келеді. Ырс-ырс еткен тоқ жарау аттың дем алысы ғана естіледі. Құшақ-құшақ ақ бу есіліп қалып жатыр. Қар мұншалық қалың болар ма, аттың омырауынан тірелетін жерлер бар екен. Қасқыр артына жалтақтап қарайды. Жегені буынына түсіп, бөгеп барады.

Нөкен ат жалын құшып алыпты. Көзіне тер тамып бұлдырайды. Жыртқыш ағаштан өтіп, көлік жолына табанын тигізген соң еркінсіп кетті. Бірақ ол қарқыны ұзаққа бармады. Қуғыншымен арасы тағы қысқарды. Аңшы иығындағы мылтығын түсіріп, көздеп атып жіберді. Қасқыр ышқынып қалды. Жақындай беріп екінші атты. Бұл жолы да көк талмен шыкпыртқандай ғана әсері болды. Әріректе жалғыз үйлі малшылар қыстауы ағарандайды. Қасқыр солай қарай салды.

Нөкен жақындай беріп тағы атты, қасқыр тағы тыржың етті. Қолына іліккені үйрек оғын оқтаған патрондар екен, оның өзі

де таусылған. Көсеудей пайдасы жоқ мылтықты жол сыртына қарай лақтырып жіберді. Қуғыннан қысылған қорқау қамыс ұстаған ықтырмаға қойып кетті. Алдынан шәуілдеп шыққан сүмелек қаншықтар қашып қораға кірді. Үй жақтан шопанның баласы Боташ жүгіріп келеді.

– Мылтық бар ма, мылтық?.. – деп, Нөкен шырылдап айғай салды. Қасқыр ықтырманың іргесіне барып, қарсы қарап жатыр. Көзі қуғыншыда, іргені бұзып шыға жөнеле берді. Нөкен Боташтың мылтық алып келуін тоспай, шарбақта қыстырулы тұрған қу сырықты жұлып алып соңынан кетті. Тыныстап қалған жыртқыш ә дегенде аяқтарын пысық тастап, иен даламен сұр кесірткедей шұбалаңдап барады. Беталысы – Қоскөл.

Дөңге көтеріле бере қуғыншы тағы жетті. Сілтеген құрықтың түбі ердің қасына тіреліп, ортасынан шарт сынды. Нөкен ерімен қоса ауып барып қайта түзелді, ат тәлтіректеп кетті. Құрық ерге соғылмай аңшының бүйірінен тірелгенде, ұшырып жіберер еді. Жанталаста кейін сермеп, дәлдеп ұра алмапты. Енді қолда қару жоқ, сырықтың шолақ түбі қалды. Қасқыр шабыстан шоқалаққа ауысып, кейде бүкжендеп жортады, титықтап біткен.

Айнала ақ жазық, алыста бұлдырап қыстау қалып қойды. Келер дөңнің сыртында ну қамысты егіз көл жатыр. Оған жетсе құтылғаны. Нөкеннің көзіне бейкүнә елік елестеді, өкпесін жұлып жеп жатқанды ауырсынғандай басын кекшитіп қалыпты, ақ қардың беті шапшыған қан...

Сол мейірімсіз жыртқыш жүні жығылып алдында томпаңдап барады. Істер қайраны жоқ, не деген қорлық. Егер құтылса ше?..

Нөкен түршігіп кетті. Қағылез жүзіне бұрқырап шыққан тер істік мұрнының ұшынан домалап түсті. «Жоқ!» – деп катуланып алды да, атты бастырмалатып құрықтың шолақ түбін сермеп қалды. Қасқыр аузын арандай ашып тік шапшыды. Тісін дарыта алмай секіріп кетіп қарсы қарап жатты. Қан жұғып салтақтанған жүндес кеудесін қарға төсеп, тұқырып алыпты. Шүңірек көздерінің жасыл сарғылт жанарын оқша қадайды. Арқа жүні тарактай тікірейіп тұр. Құйрығының ұшын ақырын бұлғандатады. Құлағына жеткен үлкен аузындағы аппақ азуын сақ-сақ еткізеді.

Нөкен сескенейін деді, жирен ат та жақындауға батпай оскырып шегіншектейді, бұл калыпта алдырмайтын болды. «Енді не істеу керек, үйге қайтып кетсе қайтеді? Жо-жоқ...»

Сонау еңісте қар басқан дөңгелек шіліктің төңірегінде селдір қызылдар көрінеді. Шауып сонда келді де, сырықтай бала қайыңды түбінен мыжғылап кесе бастады. Бәкімен сойыл кесіп алу оңайға түспеді. Ақыры сындыра құлатып, бұтақтарын асығыс аршып атқа қонды. Бұл кезде қасқыр орнынан тұрып, Қоскөлге қарай жортып бара жатқан.

Аңшы алдын орай шауып, бетін шұбарға қарай бұрды. Қуып келеді, дала таусылар емес. Қыраулы орман айқындалып көріне бастады. Қасқырды бастырмалатып барып құрық сілтеп еді, бөксесінен ала былқ ете түсті. Екінші ұмтылғанда гүрілдеп қарсы шапты, жирен жалт берді. Нөкеннің оң жақ жеңінің жартысын жұлып әкетті. Атты тақымдап, құрықты қайта сермеді. Бұл жолы оң қолы ұйып түсті. Білегінен төмен қарай ыстық тер жылжиды, жоқ, тер емес, қан...

Аңшы бар қайратын шақырып қайта ұмтылғанда, қорқаудың істік тұмсығынан дәлдеп соқты. Қасқыр омақата құлады да, пышак азуларын сақылдатып ашып тұрды. Бұл жолы биікке шапши алмады. Екінші сойыл қарақұстан тиген еді. Ашылған кең аузымен қарды қаба жығылды. Шолақ құйрығының ұшы шошандап қозғалып жатыр. Өшіккен жігіт құрықты екінші көтергенде, қолы салдырап қалды. Саусақтарының басынан қан дірдектеп тұр. Қолдың бұлшық етін сүйегіне жеткізіп орып түсіпті, кесілген ақ тамырдаң жіптей жіңішке қан шапшып тұр. Нөкеннің көзі қарауытып кетті. Мойнынан орауышын алып, жеңінен қоса қысып байламақ болған еді, қолы дір-дір етті. Қан орауыштың сыртынан да білінді. Иықтан төмен керемет ауырып барады. Айнала қараңғыланды, кештің батқанын да білмей қапты. Ат қарды тарпып жіберіп, астынан сары бетегені суырып алды. Ауыздығын сылдыр-сылдыр еткізді. Сұр қаншық қимылсыз жатыр. Істік мұрнының ұшынан тамған қап- қара қан ұйып қалыпты. Осы кезде семіз қоңыр бедеуге жайдақ мініп, талдырмаш бала Боташ келді. Екеуі бір сыныпта оқитын, қаниқұлға шыққалы кездескені еді.— Қорқауды жайратқанбысың? Міне, батыр, мен ат таба алмай кешігіп қалғаным! — деп, Боташ жайраңдай күліп тақалып қалды. Осы кезде досының аппақ қудай болған кескінін көріп, шошып кетті. — Ой, саған не болған? — Нөкен қанды орауышты иегімен нұсқады. — Бауырым, қасқырды әкене апарып бер, мені ауылға жеткіз, — деді ол ат жалына жармасып жатып.

Аспан түнеріңкі, ағаштар ақ қырау жамылып тұр. Шыршалардың түкті бұтақтарына ұлпа қар қонақтап алыпты. Қысты сағынып қалсам керек, айналаға қызыға қараймын. Алыста ақ дастарқандай жайылып егінжай жатыр. Кіршіксіз ақ қарды басып жай жүріп келем. Кенет алдағы ағаштың қырауы бұрк ете қалды да, кішкене құс аяғымның астына түсті. Қанаттарын жайып жіберіп, дір-дір етеді. Кәдімгі ақ самай сары шымшық. «Бұған не болды екен?» – деп таңданып, қолымды соза беріп едім, ұша жөнелді.

Енді аз жүргенде әлгі шымшық тағы сөйтті. Бұл жолы етігімнің тұмсығына қонып алды. Жүні жығылып, бұғып отыр. Қолыма алдым, ұшпады. Көздері жаутаң-жаутаң етеді. Кішкене жүрегінің соғуы білінді алақаныма. Төбемнен әлдеқандай құс зу етіп өте шықты. Кәдімгі қан құмар көк қырғи. Сары шымшықтың сырын сонда барып ұқтым. Ол мені мықты пана көріпті. Титімдей ғана қанатты досыма елжірей қарап аз тұрдым. «Адам баласы жауыздықтан қорғаушы екенін осындай майда қалпыңмен қалай білдің екен, қалай білдің сен?!» – деп алақанымды жазып едім, сары шымшық бірнеше секунд айналаға барлай қарады да, сілкініп алып, ұша жөнелді.

– Сау бол, кішкене досым! – дедім мен дауыстап.

ШОМЫЛУҒА БАРҒАНДА

Шанқай түсте екі бала көйлектерін иығына арта салып, Есіл жағасына келді. Көгілдір өзен момақансып ағып жатыр. Жарқабақсыз осы тұстан күн қыздырған сағымды даланың бір шеті көрінеді. Ыстық жел жаңа шапқан пішеннің иісін мұрынға әкеледі.

Балалар жалаңаяқ күн қыздырған ыстық құмды басып су жиегінде тұр. Өзен бетінде қалтылдақ толқындар бірін-бірі ығыстырып, төменгі сағаға қарай лықсып домалап барады.

– Сейілхан, менің ыстықтағаным басылып та қалды, – деп, талпақ танау, адырақ көз бала кеудесін сипалап қойды.

– Ыстықтағаныңа болайың, – деді парталас досы күліп. Беймазалау даусы арғы беттегі мүлгіген тоғайға барып сап болды. Сейілхан жүрексініп тұрған Тәшетті жетектей тереңге қарай тарта жөнелді.

– Жүр, жүр, қырдың дуадағы!– деп біраз жерге дейін апарып қоя берді. Тәшетті өзеннің қатты ағыны аяғынан шалып ықтатып әкете жаздады. Су асты мұздай суық екен. Жанталасып тайызға шықты да, қалың қабағын тырыстырып қарады. Сейілхан ұсак толқындарды үркіте құлаштап арғы бетке жақындап та қалған, өлеңдетіп барады.

– Міне жүзгіш бала қайда?! – деп танданды Тәшет. Анау арғы жағаға жетіп, төніп тұрған жалбыр талдарды селк еткізді де, тырмысып жиекке шығып отырды.

– Әй, жүз бері, әйтпесе тағы сүйреп түсірем! – деген даусы естілді.

– Мен сенің киімдеріңді алып тайып тұрсам қайтесің! – деп айқайлады бұл да.

Сейілхан суға секіріп түсті де, асығыс бері қарай жүзді.

Тәшеттің үлкен ала көздері шарасынан шығып, су үстіне қала қалды. Сейілхан ортаға жақындағанда, бір жерден ұзай алмады. Иірім су оны жаңқадай қалбалақтатып ықтырып барады. Бала бар күшін жұмсап жанталасады. Ақыры суға бата берді. Қолдары ақырғы рет ербендеп жоғалды. Өзен бетінде өрмекшінің торындай дөңгелек сызықтар жайылып барып тынды да, дағдылы еріншек толқындар бірін-бірі ығыстырып жылжи берді. Тәшет шошынып, көгілдір суға қойып кетті. Су бірден иығына қарай көтерілді. Қатты ағын ықтата берді. Ілгері барса, малти білмейтін мұны да тереңге тартып кетпек.

Осы кезде жақын жерден су шалп ете қалды. Қорғасындай сұр толқындардың арасынан қара шашты сопақтау, қоңқақ мұрын бас көрінді.

Пысқырынып алып жағаға қарай құлаштай малтып келеді. Тәшет те жиекке ұмтылды. Сейілхан судан шыққан бетте басын сілкіп, ыржия күлді.

– Өй, қорыққансың ба, кескінін-ай, батырдың, мен жай нетіп едім, көзің алақандай болып кетіпті ғой, ха– ха– ха– а!

Тәшет те еріксіз езу тартты. Сейілхан ыстық құмға аунап жата кетті.

– Адам ұзақ өмір сүру керек, – деді ол, – дүниеде көп жасаған жақсы ғой.

Тәшет күлді.

– Мұндай қиялшыл болармысың, Сейілхан, адам өлгісі келіп өле ме?

– Өлгісі келмейді. Ұзақ жасауға кішкентайынан дағдыланады. Темекі тартпайды, арак ішпейді, еңбек етеді. Спортпен көбірек айналысады. Сен күлме, осылай деп папам айтқан.

– Күлмегенде қайтем, жүз жасауға әдеттен дейсің! Сейілхан мұғалім әкесіне еліктеп асықпай сөйлеп отыр.

– Адамның жүз емес, одан да көп жасауына болады,– деп сөзін дәлелдей түсті. – Спорттың арқасында жасауға болады. Мына сенің денің сау, менің де денім сау. Мен Есілді кесіп екі рет өттім. Ойыма да келген жоқ. Сен шетінде жүріп алқынып қалдың. Мені кішкентайымнан дене шынықтыруға дағдыландырды. Сен оған мән бермейсің, солай ма?

Тәшет ойланып қалды...

ЖАМЫҚ АТАЙ

Біз Жамық атаның үнемі шаруамен айналысып жүргенін көреміз. Сексеннен асқан жасы бар. Сексенді атағанда көз алдына мыжырайған, еңкек тартқан таяқты қарт елестейді. Жоқ, біздің Жәкен тіпті де ондай емес. Шокша сақалы мен сирек мұрты енді ғана бурылдана бастаған. Тісі бүтін, орта бойлы сергек қарт. Жәкен қолхоздың ауыр жүгін көтерген адам. Істемеген жұмысы жоқ.

Ұзақ өмірінде еңбек пен мергендікті қатар жүргізді. Аңшылық туралы сөз болғанда көтеріле сөйлейді.

– Көздің алысқа жетпеуі дінкемді құртады. Әйтпесе, мергендік деген жаксы ғой! – дейді.

Атай ертелі-кеш малын өріске айдап салып, кешке қоралайды. Отын уақтайды, болмаса ер шабады. Жаз қол шалғы сілтеп, пішенді қораға тасиды. Дамылсыз бір адам. Бірде жаңбыр жауып кетіп, сағаттар бойы құйды да тұрды. Көше суға көлкіді. Жаңбырда бір орында отыра беруге ішіміз пысқан соң, жүгіріп Жәкендікіне бардық. Қорада пұшпақ бөркін жымқыра киіп атай жүр. Шекпенінің етегінен су тамшылайды.

– Атай, мына нөсерде үйде отырсаңыз болмай ма? – деймін таңданып.

Үйде отырмай, өздерің неге келдіңдер?! – деп сұрады қарт.

– Зерігіп кеттік.

– Әне, сонысы бар, – деп Жәкен қорада жиналған жауын суын бақырашпен шелекке құйып, сыртқа төге бастады. Маңдайындағы тер моншақтарын сыпырып тастайды.

– Адам қартайып кетпес үшін қарап отырмау керек. Еңбек деген жақсы ғой! – деп күңкілдеп сөйлеп жүр.

ЖАЗҒЫТҰРЫ ЖАЙЫЛЫМДА

Шәріп ағай ат үстінде тұр. Ұйықтамағаннан ба, беті ісіңкі. Ширатылып тұрған жіңішке мұртының ұшы салбырап кетіпті. Түнде мал жусағанда аз ғана көз ілдірген еді. Таң біліне қайта атқа конған, содан түскен жоқ.

Күн көзі биіктеген сайын көбік бұлттар жылжып, кең аспанға сіңіп жоғалып жатыр. Үрлесін жел бар. Күн ысып барады. Жер көктеп қалған. Алыстағы биік қызыл жарлар сағыммен бұлдырап көрінеді. Сай-саланы қуалай өскен тал-теректер бүршік жара бастапты. Қыстан арықтап шыққан саяк тайшалардың көкке аузы тигелі көп болмаса да, пысып, тойынып қалыпты. Жатаған көкшені тілімен сипалап, алқаға бытырай жайылып жүр. Сайында әлі де қардың қалдықтары жатқан қара суға қарай беттегендері бар.

Шәріп ағай жалбыр жал торы атты тебіне түсіп келеді. Малдың алды жардан төмендей беріп қарға батып қалды да, кейінгілері иіріліп тұрды. Қызыл тайшаның көксоқта қарлы судан арқасы мен тұмсығы ғана көрінеді. Жануар арпалысса да, өзін-өзі құтқарарлық дәрмені жоқ. Сылбыр қимылдап әлсірей берді. Қыстан арықтап шыққандардың бірі болатын. Қарлы суда көп жатса, өліп қалатын түрі бар.

Шәріп сасқалақтады. Ұзын шылбырды тұзақшалап жіберіп тайшаның мүйізіне лақтырып еді, іліктіре алмады. Екінші рет жақындаңқырап сермегенде, тайғанак кемерден өзі де сырғанап түсті. Қапылыста түсті. Белуардан келген қарлы судан түршігіп қайтадан атқып шықты. Мүйізінен жіп ілеккен тайша ілгері басады, тартынып тұр.

Торы ат жағадан алыстаңқырап кетіпті. Бетегені іскектеп жайылып барады. Шәріп ағайдың қолы жетер емес. Онсыз тайшаны сүйреп шығу қайда, қысылды. Сүйегін қапқан ызғарды сезінуден қалды. Қайта денесі дуылдап қызып күйдіре түскендей. Тайша көзі аларып, шегіншектей берді. Жіпті босатса, тереңге қарай сырғанап кетер жайы бар. Қол созым жерде киімі мен аттың жем дорбасы жатыр. Түскі дамылдауда атқа бермек жемі еді, созылып барып жем дорбаға қолы зорға

жетті. Сұлымен торыны шақырып тұр. Торы ат адырайып бір қарады да, қайтадан жерге бас қойды. Теріс қарап айнала жайылды. Мал көрінбейді, қайсы қайда кетіп жатқаны да белгісіз. Шәкен де, тайша да қалтырайды. Ат жемге оралар деген үміт үзілді. Жүре оттап ұзай берді. Осы кезде біреу дөң үстіне жүгіріп шықты. Бұл Шәріп ағайдың үшінші сыныпта оқитын ұлы Қошқар еді.

– Ана торыны жеткіз бері, тез жеткіз!– деп айғайлады әке.

Тайшаны аттың құйрығына байлап судан жұлып алды. Суық өткен, әлсіреген жануар аз жатты да, тәлтіректей басып орнынан тұрды.

Шәкен кішкентай Қошқардың маңдайынан иіскеді.

– Апам азық апар деген соң жүгіре жөнелдім. Мұнда келсем, суға түсіп кетілсің. Қатты қорықтым. Әке, өзің тоңып тұрсың, мен келмесем жаман болар ма еді?

– Солай, балапаным, жігіттік істедің. Сен келмегенде мына тайша өліп кететін еді.

– Әке, үйге барып дем ал. Малда мен қалайын. Мен жігітпін ғой. Өскен соң атам сияқты үлкен малшы болам, солай ма, әке!

– Солай, қозым, сен жақсы малшы боласың әлі!..

ЖЕЗ ТОПСАЛАР

Жандостың қалтасы темір-терсекке толы жүреді. Өңірін басқан ауыр қалтадан гайкалар, кесінділер, шынжырдың үзінділері, шайбалар табылатын. Алақандары таттанып, жуса кетпейтін болып алған. Бала ұйықтап жатқанда шешесі әлденеше рет темірлерді құртып, қалтасын босатып қойса да, Жандос кешке келгенде бәрібір қайта қалыбында болады.

– Мынау жаңа күртенің қалтасы тесіліп қалыпты. Темір салуды қой,– деп, шешесі талай ұрысып еді. Онысынан ештеңе шыкпады. Бір күні Жандос үйде жоқта қалтасын ақтарып отырып, әр түрлі темірлердің арасынан жарқыраған бір пар кішкене топсаларды тауып алды. Топсалар жез қаңылтырдан жасалған, сандықшаларға орнатуға лайықты-ақ. Шешесі күміс моншақтарының арасына салып қастерлеп тығып қойды.

Ертеңінде бала сандықты ақтарып жүріп, шешесінің ең бір қадірлі заттарының арасынан өзінің жез топсаларын көрді.

– Мұны қол өнері сабағында өзім жасадым, – деді ол мектанып.

– Солай ма, менің құлыншағым шебер болады екен ғой! – деп анасы бауырына қысты. Содан былай Жандосқа темір ұстадын деп ұрыспайтын болды.

ЗАЙРА

Зайра қысқы каникулда қандай іспен айналысатынын көптен ойластырып жүрді. Бұрнағы жылдағыдай ағасының үйіне барып, қызығы көп үлкен қалада демалып қайтуға көңілі мықтап ауған. Түсінде өзін қалада көреді. Стадионға, пионерлер сарайына барады. Ағасына еріп қала аралайды. Қала сыртындағы табиғаты әсем жерлерде серуендеп қайтады. Есілдің көк мұзында сырғанақ тебеді. Таусылмайтын қызықтар көріп қуанып оянады.

– Апа, мен бүгін тағы қаланы көрдім, – дейді ол.

– Айналайын, ағанды сағынған екенсің ғой. Каникулға шыққан соң-ақ жіберем, – дейді шешесі.

Көп күттірген каникул да келді.

Зайра таудан әкелген жасыл шырша орнатылған мектеп залынан шығып, үйіне қарай жүгіре басып келеді. Жолда парталас досы Ғалияштікіне соға кетпек. Екеуіне жаңа жыл шыршасын безендіру тапсырылған. Ғалияш үй шаруасымен айналысулы екен. Еден жуып, от жағып, түскі ас дайындап жатқан. Шешесі Мәдина апай қой фермасынан әлі оралмапты.

– Апам таң алдында кеткеннен әлі жоқ. Шай да ішпеді, дамыл да көрмеді. Үй шаруасынан шыға алмай жүрмін, – деді Ғалияш самауырды үрлеп қойып. – Апам келген соң уақыт тауып мектепке барам. Шыршаны әсемдеу қандай қызық. Көремісің, қол тимей...

Сырттан аяқ тықыры естілді. Қырауытып Мәдина апай кірді. Шаршаған, жүзі көгеріп кетіпті. Халатын шешіп сыртқа ілді. Аяғындағы пимасы тарсылдап қатып қалған. Қолын укалап алып, қызып тұрған пешке қалқалады.

– Балапаным-ай, үйді жинап, шай қайнатып қойғанын қандай жақсы болған. Жұмыс көп, тіптен азаптанып жатырмыз. Мал төлдеу уақыты қашан да осылай болады. Биыл қойды ерте қыста төлдетуді сынап көрмек болып, мал мамандары азапқа

салып қойды. Күн суық, орын жетпейді. Күтушілер жетпейді. Қозылардың бабын табуға үлгірмей барамыз. Кеше екі-үш қозы қар бетінде қатып қалыпты. Тамақ ішуге бір сағатқа ғана босатты. Қазір Жотай ағаң қысыл-таяң халде. Ботам, шайды тез жасап жібер, мен кетейін.

Мәдина апай асығыс тамақтанып шыға жөнелді. Зайра қатты түршігіп кетті. Оның көз алдына қой қорада шулаған мамық жүнді ақ қозылар, әбден шаршаған құр сұлдері адамдар елестейді. Ақ шаранаға оранып қарда аунап жатқан қозыларды көргендей болады. Зайра асыға басып мектепке келді де, өз отрядындағы пионерлерді жинап алды. Балалар қысқы каникулды қалай өткізу жөнінде жоспарлап та қойып еді. Зайра қой фермасындағы ауыр жағдайды түсіндіре келіп, каникулда қойшыларға көмек көрсетсек деген тілек айтты.

– Барамыз, көмектесеміз! – деп бүкіл отряд шу ете түсті. Сонымен істейтін істің жоспары жасалды. Тәулік бойы пионер-көмекшілер кезектесіп фермаға барады. Әр топтың басшылары тағайындалды. Балалардың бұл шешімін оқушылар да қостады. Жаңа жыл шыршасы өткен соң-ақ іске кіріспек болды.

Бәтика апай бүгін ерекше көңілді екен.

– Зайражан, сүйінші, ағатайың жаңа жылмен құттықтапты. Сені қалаға келіп дем алып қайтуға шақырыпты, міне, телеграммасы, – деді. Зайра оқып шығып, столға тастай салды.

– Апа, мен қаланы қойдым. Мәдина апайлардың фермасына қозышыларға көмекке барамыз. Бүкіл отряд болып солай ұйғардық.

– Солай ұйғардық деймісін. Кіммен келістің сен? Қаршадай болып өз бетіңше кесіп-пішуді қайдан үйренгенсің? Қорда иісі бар қой қораға барып жұмыс істемекпісін? Ата-анаң істемеген жұмысқа кім жұмсады сені?! Онысы несі-ей, анау ағаң шақырып жатыр. Әдемі пальто алып қойыпты. Сонда бар, сайрандап бой көтеріп кел...

Бәтика апай түтігіп қатты ашуланды. Зайра болса, қалшиып тұрып қалыпты. Фермадағы жағдайды айтып қанша түсіндірмек болса да құлақ қоймады.

– Қаршадай қалпыңмен әлдекімнің баласынша салпақтап жүрмексің ғой, тегі?! Жок, мен баламды қозышы ету үшін өсіріп отырғам жоқ. Осыдан фермаға барып көр...

Зайра анасын қатты құшақтап, аймалай берді.

– Апатай, осыны бастаған мен едім. Олай етпеуге тіпті де болмайды. Өзім бастап, өзім кетіп қалсам, жолдастарым не дейді? Апа, апажан, қарсы болмашы енді... Қарсы болмашы...

Балалар қарбалас уақытқа тап келді. Шопан ағай Жотайдың жаны мұрпының ұшында болатын. Ол балаларды төлқораның алдында қарсы алды. Маңдай терін сүртіп, алқынып тұрып:

– Ой, өркендерің өскір балапандарым, көмектесе көріңдер. Қойлар козыны төгіп жатыр. Үлгіре алар емеспіз. Бір тәулік бойы үйге кіріп ыстық ішуге де уақыт болған жоқ. Әу, Мәдина, қайдасың, бері қарай келші!– деп айқайлады.

– Қолым тимей жатыр!– деген дауыс естілді де, ақ халат киген Ғалияштың мамасы көрінді.

– Міне, бізге балақайлар көмекке келді. Жұмысқа орналас-тырып, атқаратын істерін ұғындырып бер! – деп асығыс тапсырды да, өзі жүгіре басып әрі қарай кетті. Мәдина апай балаларға алдымен бас-басына таза халат берді. Әп-сәтте бар бала шағаладай аппақ болып шықты. Қуанысып, күлісіп жатыр.

– Ал балалар, сендердің жұмыстарың – қозыларды жайғастыру, астын күреп шығарып, шөп салу, жем салу. Астаушаларына су әкеліп құю, жаңа туғандарының мойнына тақтай нөмір байлау. Міне, мынадай екі тақтайда бір нөмір бар. Бірін енесіне, екіншісін козысына тағасын, сонда қай козы қай саулықтікі екені белгілі болады. Онсыз шатасып кетеді, түсінікті ме?

– Түсінікті, апай!

Қозы қораның ішінде жұмыс қызып кетті. Балалардың қуанышты күлкілері естіледі. Жотайдың ризашылығында шек жоқ.

– Ой, айналайындар-ай, ой, көп жасағырлар-ай!– деді. береді.

– Зайра, а, Зайра!

– Ау!

– Бері келші!

Мәдина апай жаңа туған әлжуаз козыны аузын үрлеп болып Зайраға ұстата салды. «Шалалау туған ба, тым нашар. Сен күтімге алшы, мүмкін, мал болып кетер».

Зайра козының үстін тазартып, кіндігіне дәрі жағып, оңаша үйшікке салды да, біраздан соң емізікпен сүт ішкізіп көрді. Емізік соратын да күші жоқ. Үсті тақыр-қызыл шақа қалпы. Осындай қозылар бөлек үйшікте он шақты екен. Күтімін Ғалияш екеуі өз міндеттеріне алды.

Күндер тез өтті. Бүгін каникулдың соңғы күні. Ертең оқу. Зайра қозы қорасында жалғыз тұр. Электр шамдары әлі сөндірілмеген. Басқалар жұмыстарын жайғап ертеңгі шайға кеткеннен әлі оралмай жатыр. Қозылардың секіріп ойнағанына қызыға қарайды.

– Түйме бас қошақанның қутындауын қарашы,– дейді рахаттана күліп. Ақ бұйра қозы секіріп ойнақтайды, ерке-легендей болады. Зайра ұстап алып, тұмсығын бетіне басып, көзінен кезек-кезек сүйді.

– Қарай көр өзін. Осында келген күні туып едің, әлсіз болатынсың. Менің күткенімді білесің ғой, тегі. Жаз шыққансын үлкен ақ тоқты боласың, әлі! Оқудан бос уақытымда саған келіп тұрам. Күте берем, өсіре берем сені, қошақан!

ҚОЛДАҒЫ ТАҢБА

Кластың тазалықшысы Ардақ деген қыз бала сабак алдында оқушылардың тазалығын тексерді.

– Кәне, қолдарыңды көрсетіңдер!– дейді ол. Оқушының қолы таза болса, ештеңе айтпай екінші балаға бұрылады. Немесе:

– Қолдарың таза екен әрқашан осындай бол!– деп үлкендерше ақыл айтады. Егер қолдарыңда дақ болса ұрсып бітеді. Мұғалімге айтып ұялтады. Сонысын білетін Жандос Ардақ тазалық тексеруге кіріскенде қолын қалтасына жасыра қойды.

– Не қып тұрсын, көрсет қолыңды!– деді Ардақ. Жандос жұдырығын түйіп алыпты. Алақанын ашқысы келмейді.

– Көрсет қолыңды! Жандос жасқанып қолын созды.

– Жумағансың ба?

– Жуғам, кетпейді.

Коридорда оқытушы Қазиза тәтей келе жатыр еді. Ардақ Жандосты көрсетіп:

– Тәтей, мына баланың қолы кір! – деді. Жандос жыларман болып тұр. Бәтенкесінің тұмсығынан көзін алмайды. Мұрнын тартқылайды. Қазиза тәтесі жанына келіп:

– Кәне, қолыңды көрсетші!– деді. Алақанына сіңіп алған темірдің таты, тырнақтарының көбесінде қара майдың жұғыны бар-ды.

– Трактордың бөлшектерін тазартуға әкеме көмектесіп едім, жусам кетпейді,– деп жыламсырады бала.

Қазиза тәтей Жандостың екі қолын көтеріп, балаларға көрсетті.

– Мұндай қолдан ұялуға болмайды. Еңбектен түскен таңбасы бар қол үшін ешкім де ұрыспайды, – деп Жандостың маңдайынан сипады.

АУРУ

Серікбай сабақ жазбай отырды.

– Сабақ неге жазбайсың? – деді мұғалім.

– Сіңірі тартып отыр, – деп бас бармағын бүгіп көрсетті Серікбай.

– Олай болса сені дәрігерге апару керек, – деді мұғалім.

– Жок, мен онда бармаймын, – деді Серікбай қызарақтап.

– Кеше де осы бармағыңның кесірінен жаза алмапсың, – деді мұғалім.

– Жок, кеше жазғам, онда бармағым сау да, – деді бала.

– Кеше қандай еді? – дегенде:

– Мынадай, – деп бармағын жазып жіберді.

– Ұят-ай! – деп, балалар ду күлді...

ШОПАННЫҢ БАЛАСЫ

Әкесі малдан келгенде, Серік сабақ дайындап отыр еді. Ол орнынан ұшып тұрып, әкесін қапсыра құшақтап алды, белбеуін шешіп, киімін ілді.

– Әке, шаршадың ба? – деп сұрады.

– Жок, құлыным, сен барда маған шаршау қайда, мен ешқашан да шаршамаймын, – деді әкесі Серіктің маңдайынан иіскеп.

Осыдан соң үй ішіне жылылық, бақыттылық келгендей болды. Шүйкедей шағын денелі Күлзат көңілді жүретін кісі еді.

– Әкесі-ау, оңашада Серікжаннан: «Өскенде сен кім боласың?» – деп сұрасам, «Әкемдей шопан болам», – дейді. «Құлыным-ау, мен сені профессор болар десем, шопандықты қалағаның қалай?» – деймін. Сонда Серікжан не дейді десейші: «Маған әкемнің шопандығынан артық жұмыс жок», – дейді. Ақылыңнан айналайын. Әке көрген оқ жонар деген-ау!

Күлзат жеңгей түймедей кішкене басын шайқап, шегі қата күлді.

Шай үстінде әке бүгін Балтабай өзегінде жауын астында жатқан ұлан-байтақ егін дестесін көргенін айтты. Бригадирмен сөйлескен екен, адам күші жетіспей, егін жинаудан кешеуілдеп қалдық, – депті. Шопан өзінің көмекшісін уақытша сонда жіберуге уәде қылыпты.

– Өзің не сөйлеп отырсың, жер қайысқан қойды жалғыз қалай бакпаксың? Күздің жауын-шашынды кезі келді. Ит-құсы тағы бар-деп, Күлзат наразы болды.

– Ештеңе етпейді, қыс түскенше ептеп бағармын. Түнгі күзетке сен көмектес. Жарты түн тыныстатсаң, қалған түнді өзім де күзетем, әйтеуір шыдап көрерміз.

– Сабактан шыққан соң малды бір мезгіл мен бағам, – деді Серік.

– Әне, менің ұшар қанатым – Серікжаным да бар, – деп, Қазі мақтана сөйледі. – Егін жиналмай, зябь жыртылмай жатқанда, ортаң қолдай тракторшыны бейкүнә ұстап отырғанымыз ұнай ма? Бақыр қазан кайнаса, баршамызға бірдей деген қайда?

– Баласымен екеуі бірыңғайланып алған екен, енді болмас, – деп, Күлзат дағдылы күлкіге басты.

Күндер өткен сайын күз аспаны түнеріп сала берді. Ызғарлы сұр бұлттар қабак түйіп төмендеп алды. Кейде ірі қар түйірлері ақ көбелектей қабалақтап түседі. Балаға соның бәрі қызық, бәрі қуаныш. Мал орман барқынында рақаттана жайылып жатыр. Серік дағдысынша бүгін де мал жайып жүр. Бірде қоңыр аттың жалын құшып етпеттеп жатса, бірде ер үстінде түрегеп тұрады. Аспанды қымтап алған бұлтқа қарайды...

Олар қыстауға көшіп қонғалы көп болған жоқ-ты. Қыстау маңы ықтасын еді. Бірақ мал қораларының жабықтары үңірейіп жел гулеп құлазып тұрған. Айналасын алабота мен қалақай басып кетіпті. Әкесі мен шешесі соңғы күндері сол жыртық-тесіктерді тығындап, есік қаппақтарын қағып-соғып жөндеу қамымен айналысулы болатын. Күні бойы желдетіп қазымырланып тұрған кәрі күз кешке қарай дауылдатып, ақ қарды үйіре жөнелді. Баздан жүгіре шыққан Қазі ағай нағыз ұйтқыма боранды көріп, өріске қарай ұмтылды. Қолда ат жоқ, жаяу кетті. Екі өкпесін қолына алып дедектеп келеді. Қанша жүргені белгісіз, алда жалпақ өзек Құрқопа қылаңдап көрінді. Айғайлап еді, даусын жел қағып әкетті. Шопанның маңдайынан суық тер білінді.

– Серік! – деп тағы айғайлады, дыбыс жоқ. Боранды кеш тез қараңғыланды. Қарға қақалған калың шілікті сүзіп жүр.

– Күн райын көре тұрып ертерек камданбағаным-ай! – деп күйінді.

Бұл қалыпта мал таба алмасын білген ол үйге барып, ат мініп іздеуге асықты. Ыққа қарай тез жүрген жаяуға дауылға қарсы жүру оңайға соқпады. Қыстау алыста қалған. Қазі ағай күшін сарқып өршелене адымдады. Сырма шапанының қойнына қар кіріп, ыстық кеудесіне тиді. Мақсаты – тезірек жетіп атқа қону. Бірақ кеудеден тіреген ақ боран бөгей берді...

Ол ақ қарға оранып үйге кіргенде, киініп тысқа шықпақ болып жатқан кішкене Серікті көрді.

– Әке! – деп құшақтай алды ол. Бір жағынан Күлзат жеңгей жармасып жатыр.

– Мал аман ба? – деп сұрады шопан еңтігіп тұрып.

– Дін аман, қораладық. Қайта өзіңнен қорқып отыр едік, келіп қалғаның жарады, – деді Күлзат жеңгей қуанып.

– Әке, мен атқа мініп сені іздемек болып жатқанмын, – деді Серік.

– Ой, садағаң кетейін, канатым, – деді әкесі көзіне жас алып. Шешінгенде қойнынан жентектелген қар түсті.

– Тер күпайкемнен өтіп кетті, білем, – деді ол күңкілдеп. Сонан соң қазандықтың қозына қыздырынып жан шақырды. Күлзат кешкі халді айтып отырды.

– Сен жүгіріп кеткен соң, мен де тағат таба алмадым. Буынып-қымтанып тысқа шықсам, жел беттен отардың маңырағаны, Серікжанның даусы естіліп қалды. Қой жарықтық ыққа қарай өздері саулап келеді екен. Үстері қар, баламның бет-аузы да қар. Сонда тондым деп бір айтпайды құлыншағым, – деп баласының бетінен шөлп еткізіп сүйіп алды.

– Серік-ау, сен малды Құрқопаға қарай шығармап па едің?

Серік қызарақтады.

– Қыстау сыртындағы екпе ағаштарды көру үшін отарды желге қарай әкеткем, – деді бала өзін іштей кінәлап.

– Оқасы жоқ, ондай-ондай бола беретін, – деді шешесі – әйтеуір аманшылық қой.

Қазі ағай отқа арқасын тосып, ұзақ үндемей отырды.

– Пәле деген аяқ астында, отыз жыл малшы болған басым ойласамшы. Тым құрыса ақыл тоқтатып, айналаны барлап

алсамшы. Серікжаным тыңғылықсыз болса, малды қырып алу ғой бұл?! – деп басын шайқап, таңдайын какты.

ЖАС ШЫБЫҚТАР

Кәжен ата мамырлай басып далаға шықты. Тарамысты колдарын маңдайына қойып жан-жағына қарады. Күздің күні ашық, шуақты болатын. Ауада сиырдың сілекейіндей шұбатылып мизам калқып барады. Қайың сұлу соңғы жапырақтарын сілкіп түсіріп тұр. Дала түп-түгел мақпал кара жыртынды жамылыпты. Бурыл тартып мұнартып орман көрінеді. Шыбын ызыңы ғана естіледі.

– Шіркін, алтын күз деген осы-ау!

Қарттың ең бір жақсы көрер мезгілі. Күз табиғаттың кемелденген кезі. Дикан еңбегінің жемісін жинап, дән тауларын тұрғызады. Малшы төлін марқайтады. Ағаш екеш ағаш та бір сакина косып толыса түседі. Жаңа бұтақ, жаңа тармақтар өсіреді. Күз ауасы маса-сона, індет біткеннен аулақ салқын, саялы болады. Мал жарықтықтың аршындап өсіп қоңаятын мезгілі.

Өмірінің қырық жылын жылқышылықпен өткізген атай күз туғалы қырға құныға қарай береді. Түнде ұйықтап жатып:

– Құрра, айт, әйбыкпырт тигір, сені ме! – деп айғайлап оянады. Ондайда бәйбішесі Айтжан балалардың ұйқысын бұзғанына наразылық айтса, Кәжекең үндемей ұзақ жатады. Қараңғыда арка жүндері жылтырап, сауырына шыбын тайғанақтап, ақты, құлалы жылқылар өрлеп жайылып бара жатқандай елес береді. Атай күрсінеді.

– Қайтып келмес қайран жастығымды ойлап жатырмын, – дейді ол әлден соң, – осындай күз күндері октаудай жаратып айғыр мініп, ақ бауыр құрық сүйретіп қыр жайлайтын едік. Ұйқы дегенді кім білген. Мал арасында жүргенде мәртебен өсіп бір жасап қалатынсың. Кәрілік деген пәле етек басты етіп, аяқтан тұсап тұрғаны мынау. Ыңыршақ болған мөшкедей тізерлеп, тәлтіректеп калғаның. Әйтпесе үйде отыратар кез бе!

Қыр бетке қараған сайын жүзіне жылылық келеді. «Туған жер қандай ыстықсың! Енді жүз жыл жасасам да, қызығың басылар ма сенің. Мен дүниеге келгелі осындай сексен бес күз толықсып өтіпті. Солардың жарымын ат үстінде алыппын. Бар қайрат- күшімді жұртыма бердім. Бала өсірдім, екінің бірі

істер қаракетті түгел атқарып болған сияқтымын. Енді бір қапы өткізген ісім калыпты-ау!»

– Кемпір-ай, уа бар болғыр, бармысың! – деп оқыс дауыстап еді.

– Беу, байғұсым-ау, сонша айғайлап не көрінді? – деп, Айтжан әжей шықты.

– Әлгі темір күрек қайда, темір күрек?..

– Қойныма жасырып отырма ба, мен?

Кәжен атай сылти басып үйге қарай кетті. Күрек алып шығып, терезе алдын әр жерден шұқырлап қаза бастады. Семізше болбырақ жүзінен тер моншақтады. Оған қарап жатқан атай жоқ. Ыстық тер сирек сақалының етегінен бусанған қара балшыққа тамды. Мұны көріп Есқақ молда қырындап келді.

– Уа, ісіңе сәт берсін, құдай қуат берсін!

– Айтқаның келсін!

Есқақ молда істік ақ сақалын қоршауға артып, ешкі көздерімен көршісінің істеп жатқанына таңырқап қарады.

– Әу, бірәдар, мына шұқырларыңыз не? – деп сөзге шақырып еді. Жауап ала алмады. Әлден соң атай күрегіне сүйеніп сәл дамылдады. Шапанының балшық жұққан өңірін қағып тұрып, мұжық тістерін көрсетіп күлді. Бөркінің тысымен бетін дөңгелете сүртті. Жалтыраған қасқа төбесін бір сипап қойды.

– Бір іс қылып тастамақпын, Есеке, мына аулаға айнала ағаш өсірмекпін. Осыдан былай қарай тораңғы мен қайыңды, ақтеректі араластыра отырғызам. Берірекке, мына тұсқа алма ағаштарын орнатам. Енді он шакты жылда көрерсің, қа-ра орман болып кетеді. Жұдырықтай қызыл алмалар пісіп тұрады. Тыныстауға ауасы қандай жақсы... Есқақ молда күліп жіберді.

– Қартым– ау, сол он жылда өзің боласың ба, жоқ па, көзін жете ме соған?

– Жетеді, шамам келсе жасай берем, өлетін нем бар? Адам мынадай күнде өлімді ойлап қайтеді. Өмір туралы, келешек туралы ғана толғау керек емес пе? – деп аз кідірді. Көршісінің әзіліне дәлелдірек бірдеңе ойлап таппақ. – Мүмкін, өлермін, сонда менің отырғызған ағаштарым өзіммен бірге өлмейді ғой. Ол мәуелеп өсе береді, балаларым, ұрпағым саялайды. Дүниеде ақкөңіл, адал қарт Кәженнің болғанын олар бір кез есіне алады, рахмет айтады. Сол ұрпақ алғысы мың мәртебе оқыған құран аятынан да қасиетті емес пе, Есқағым, – деді атай алысқа барлай қарап.

Ескак молда шошып кетті.

– Астағыпыралла, сізге не болған? Мына күпір сөзіңізбен діннен шығып кетуге болар, тәубе деңіз,– деп жағасын ұстап шегіне берді. Кәжекең сөзін әрі қарай жалғады.

– Бағбандық та тоқым төсетіп, ер жастанатын жұмыс көрінеді. Ауылды жасыл желекке бөлеу қасиетті борыш болса, үлесімді қоса білсем деймін.

– Апырай, бұған сөз айтып болмас,– деп күңкілдеді молда.– Жұрт байып алған соң ойына келгенді істейді. Барға қанағат жок, һәм шүкірлік жок.

Атай жұмысын бөгеп:

– Сол байлықтың қайдан келгенін білесің бе? – деп сұрады. Молда сақалын сілкіп басын шайқады.

– Ә, білмейсін, мен білем, ол мынау! – деп жыртынды даланы көрсетті. – Бізді қайта түлетіп, өлі жүнімізді сыпырған тың игеру жылдары. Жері байдың елі бай деген қайда, біз сол жер байлығын ала біліп едік, мінекей, барлыққа қолымыз жетті. Қызыққа, қуанышқа толы мына жарық дүниеде жасай бергің келеді, – деп атай сәл бөгелді де, молдаға: – Есқағым, қартаймастың шарасын хадисте қалай түсіндіреді? – деп оқыс сұрақ қойды.

– Алла тағалаға құлшылығы лайық болған пәндесін қартайтпайды, – дегенде Кәжекең ойланып қалды.

– Солай екені рас. Қартаймастың тағы бір шарасы бар, ол ерінбей еңбек ету, дене шынықтырумен айналысу, Есқағым,– деп атай күлімсіреді. Күрегіннің жарқыраған жүзін быртық бармағымен сипап өткірлігін көрді:

– Әй, кемпір, ана көшеттерді келтірші бері! – деп дауыстады. Айтжан әжей көк шыбықтарды әкеп, тамырлы түбімен шұқырға отырғызды. Қарт топырақ тастап нығарлай бастады.

Міне, алғашқы бала тораңғының майда бұтақтары желмен дір ете қалды.

Екінші, үшіншілер отырғызылды. Аулада жас ағаштар сап түзеп сыбдыр қакты. Өзін дүниеге келтірген адамға алғыс айтқандай. Қарт күлімсіреп қарап тұр.

– Өсе бер, толыса бер, жас шыбықтарым!

Кәжен ата мәуелеген жас орманды көргенде қуанады, күледі.

ЕР ҚОЯН

– Мен сирек оқиғаның куәсі болдым, – дейді аңшы ағайымыз Жылқыбай бір әңгімесінде. – Түс мезгілі еді. Күн аяз болатын. Ауылға қайтып келем. Қарлы сайға түсе беріп, бірін-бірі қуалап келе жатқан екі қараны көрдім. Алдыңғысы серкедей ақ қоян, кейінгісі алтайы қызыл түлкі екен. Түлкі өкшелеп алыпты. Қоян болдырған сияқты еркін сілтей алмай келеді. Оқ бойы ойкастап өте беріп еді. Қоян ойламаған жерден бұғып жата қалды да, екпіндеп төнген түлкіні артқы аяқтарымен пәрмендеп теуіп, шалқасынан түсірді. Түлкі домалап кетті де, тұра жармасты.

Ашық алаңшада арпалыс басталды. Түлкі өткір азуымен қоянның қол еттерін, сан еттерін осып-осып жіберді. Оны тыңдар қоян жоқ, тісімен тістеп, артқы аяқтарымен теуіп, алдыңғы аяқтарымен тырнап жанталасып жүр. Осы арпалыстың үстінде түлкі ұзын құйрығын бұлаң еткізіп аунап түсті де, аппақ бауырын көрсетіп серең ете қалды. Қоян сай табанына қарай секіріп кетті.

Мен келгенде түлкі шала-жансар екен. Жұқа шаптан шегі шығып кетіпті. Танданып тұрып қалдым. Дүниедегі ең қорқақтардың бірі қырдың ор қоянынан мынадай ерлік шыққанына қайран болып тұрмын. Ізімен жүріп, қоянды қурай арасынан таптым. Ер қоян ұзыннан түсіп өліпті. Денесінде жара түспеген жер жоқ. Қып-қызыл қанға боялған.

КӨЖЕК

Амантай әкесіне түстік апарып қайтып келе жатқан. Сақтия дорбаны бірде иығына салады, бірде қолына ұстайды, ыңырсып әндетеді. Дөң үстінде ауыл мұнартып көрінеді.

Екі ала қарға шөп арасынан әлдеқандай аңды қалбалақтап қуып жүр. Қайта-қайта түйіледі.

– Мына ұрылар нені қуды екен, – деп солай қарай жүгірді. Бұл жеткенде, қызыл көз кәрі қарға біздей тұмсығымен кішкене аңды шокып-шокып қалды да ұша жөнелді. Ұзап кетпеді, құрық сілтем жерге барып қонды. Шөп арасында қоянның сұр көжегі жатыр. Құлағы жырылып қалған, шекесінен қан ағып тұр. Қашуға мұршасы жоқ, бұға береді.

Амантай дір-дір еткен әлсіз көжекті өзімен бірге ауылға ала жүрді. Тастап кетсе, мына ұрылар тірі қоймайтын еді. Үй

қояндарының көжегіне қосып, табакшаға сүт құйып қойды. Алдына сәбіз салды. Бар ықыласымен күтті.

Күндер өткен сайын көжек өз атына дағдыланып алды.

– Көжек, көжек! – деп шақырса, секіріп келетінді шығарды.

Қыс түскенде көжек ақ қоян болды. Амантайдың әкесі қырға бару үшін ат жегіп:

– Ал, балам, көжегің қайда? Оны енді далаға жіберу керек, – деді.

– Неге?

– Тұз аңы үйде өспейді, тұзде ғана өседі. Оның өсуі, көбеюі керек.

Амантай қарсы келе алмады. Қоянды ұстап алынтыпырлатып қапқа салғанда, көзінен жасы домалап түсті. Қар басқан егістік үстіндегі сабан көпенелерінің біріне тоқтап қаптағы қоянды босатып жіберді. Қоян айналып жүріп алды.

Амантайдың әкесі үйге қайтар жолда сабан артқан биік шананың үстінен артқа қарады. Алыста қарауытып көпене орны қалып барады. Сол тұстан ақ қоян секіріп келе жатты. Қоян қуып жетіп, шоқиып отырып қарады. Жырық еріндерін ашып-жабады. Наразылық білдіргендей. Әкесі шанадан түсіп, қамшымен қуып тастады. Бірақ көжек үйге онан бұрын жетіп, өз орнына жайғасып алды.

ҚОЯН МЕН ТҮЛКІ

Аш түлкі тоғай аралап келеді. Тың тыңдайды, біздей тұмсығының ұшын жыбырлатып ауаны иіскелейді. Талай күн жортса да аузына кесек ештеңе ілектіре қоймап еді. Еріген қар мен тасыған судан бас сауғалап тышқандар да тығылып қапты.

Дала қарайса да тал арасында әлі де ауыр күртіктер жатыр. Түлкі осы күртіктердің үстімен ептеп басып келеді. Түн қараңғы болатын. Дауыл тоғай ішін ың-жың еткізіп тұрған. Талдар елбен қағып, үйеңкілер теңселеді. Төменде гүрілдеп сен жүріп жатыр. Есіл өзені тасып жатыр. Түлкіге аңдыған аңын иісімен іздеп келіп, үндемей бас салуға шудың септігі бар. Ол бірде лекіте жүгіріп, бірде аппақ тамағын жерге төсеп жата қалады. Алда бір ан барға ұқсайды. Көздерін жымындатады, тамсанады.

Жерге жабысқан бойы біраз жылжыды да, шоқ талдың арғы бетіне қарай секіріп түсті. Жаңылыс басты. Бұғып жатқан тушадай ақ қоянды үркітіп алды. Сол-ақ екен, есі кеткен қоян орғып

жөнелді. Түлкі соңынан салды. Бұл жолы айлакер жыртқыш қоян байғұсты калайда аузына түсірмей қоймайтын болды.

Ақыры сең жүріп жатқан Есілдің жарқабағына келіп тірелді. Байқаусызда жарға туралап келіп қалыпты. Құйрық тістесе түлкі де жетті. Қоян мұздың үстіне қарай атқыды. Соңынан түлкі секірді. Екеуі сең үстіне бірдей түсті. Қатты ағын бұларды жұлқып ала жөнелді.

Қараңғыда қап-қара болып тулаған тасқын ішінде үлкен мұздар жаңқадай дөңгеленіп кетіп жатыр. Кейде үлкен сеңдер айкаса түсіп су бетіне көтеріледі де, шалқалап барып қап-қара айдыңға қойып кетеді. Сарт-сұрт еткен соқтығыстан шошынған аңдар етпеттеп жатып алыпты. Қоян жырық еріндерін ашып-жауып қалш-қалш етеді. Түлкі тұмсығын төсеп бұғып отыр. Сендердің соққысымен бұлардың отырған мұзы бірте-бірте кішірейе берді. Сең үсті тарылған сайын қоян мен түлкінің арасы жақындай түсті. Енді бір кезде түлкінің жұп-жұмсақ қабырғасы қоянның бүйіріне тиді. Қымсынар қоян жоқ, қайта түлкіні ес көргендей.

Көп ұзамай тоқымдай мұз бір қыраттау жерге шықты. Қоян құрғаққа қарай атылды. Түлкі де оның соңынан секірді. Қоян қырға қарай шоқаңдай жөнелді. Түлкі жүнін сүйір тілімен жалап отырып қалды.

АЙДЫН ҮСТІНДЕ

Көлде қайықпен жүзу рақат қой. Әсіресе таңғы уақытта әсем-ау, көл беті. Тып-тымық, сап-салқын. Шар айнадай жалтырайды. Ескек толқытқан судан олпы-солпы болып өз кескінің көрінеді. Сонысының өзі әдемі сияқты. Ауа өзгеше таза, тынысыңды ашып, жаныңды жадыратады. Нар қамыстардың жап-жасыл көлеңкесі дірілдеп түсіп тұр. Өртінен үйрек бар-қылдайды. Қызғыштар мазасызданады. Жүзіп келем, ескекті жай тастаймын. Несіне асығам, қарай берейін, қызықтай берейін деймін.

Аппақ жалтырдың бетін су өрмекшілері шимайлайды. Өздері көп-ақ, жакындасаң сүңгіп кетеді де, ұзай беріп өзінің түсініксіз иректерін тағы сызғылайды. Әр жерден шабақтар суды түрткілеп ойнайды. Әлгі өрмекшілерді аңдитын сияқты. Шағалалар үнсіз қалықтайды. Айдыңға еміне төніп-төніп кетеді. Өне, таяқ тастамдай жерде біреуі шалп етіп құлады.

Жок, құламапты, канаттарымен су шашыратып қайта көтерілді. Аузына тістеп алған кішкене ғана алтын түсті табаны бар. Табан балық тулап барады. Шағала босатар емес, қайқайып көтеріле берді. Өзгелері де шаңқылдап соңынан кетіп еді, әлден соң барлығы қайта оралды. Кішкене қара бастарын төмен салып, айдын бетін кезіп жүр.

Міне, құрылған ауларыма тақап келдім. Тал қазықтардың судан шыққан жері қозғалып қыбырлап тұр. Қабық қалтқылар да қозғалады. Бүгін балық көп ілексе керек. Ау тартуға кірістім. Асау табандар тулап шығып жатыр. Құйрықтарымен сабалап, бетіне салқын су шашыратады.

Осынау қарбалас шақта аспаннан қатты ысқырық естілді. Дәл бір тар трубадан үрлеген ғаламат дауыл сияқты. Қазықтай шаншылып екі қара маған қарай құлап келіп қапты. Қайықтың сүп-сүйір тұмсығына тақау біреуі суға келіп қатты ұрылды. Екіншісі қайқаң етіп жоғары көтерілді. Батып кеткен құс әлден соң судан бас көрсетті. Үйрек, кәдімгі көк ала үйрек айдын бетіне үлкен-үлкен шенберлер жайып шомыла бастады. Шұбар қаршыға лыпылдап ұшып жүр. Одан сескенер үйрек жок. Суға сүнгиді, қайта шығады. Қанаттарымен сабалайды. Құрық бойы жердегі менен де қорқар емес.

«Шіркін, айдын көл-ай, сенен жақсы не бар? Ештеңе жок сенен жақсы!»— дегендей болады. Қаршыға айналақтап жүрді де: «Қап, мына судың қырсығын-ай!» – деп өкініп жөніне кетті.

Аңырып тұрып қалыппын. Өлімді жеңіп шыққан көк ала үйрекке сүйсіне қарап тұрмын.

Қауіпті аңшылық

– Енді аңшылықтан бір кеңес, – деді қария трубкасын сорып қойып. – Сілеусін деген азулы, тырнақты мықты аң бар. Теңбіл шұбар түсті, аяқтары балғадай, құлағының ұшы шашақты, көзі өткір тайганың дәу мысығы – осы сілеусін. Ол бұғы, маралды аулайды. Қырына келсе адамға да түседі. Оны тайгадан кездестіру оңай емес. Түнде жүріп, күндіз қалыңға кіріп жатады. Не ақар-шақар болып өскен шыршаның төбесіне шығып мықтап бекініп алады.

Үш адамбыз, екі итіміз бар. Әсіресе, Тарзанның мұрны сезбейтін еш құпия жок. Міндетіміз сілеусінді тірідей қолға түсіру. Зообазда шет елдерге жіберу үшін бірнешеуін тірідей ұстауға тапсырма берді. Қауіпті тапсырма.

Бұл жолы жыртқышты табу қиынға түспеді. Шағын алаңға шыға беріп, қып-қызыл кан болып жатқан жерге кездестік. Өткен түнде шұбар маралға ағаш басынан атылып, алып ұрған екен. Жемтігі шашылып қалыпты.

– Иттерді жібер! – деді Кузьма. Полкан мен Тарзан қалыңға кіріп жоқ болды. Аздан соң ағаш арасынан шабаланған дауыстары естілді.

– Айттым ғой, етке тойған жыртқыш алыстай қоймайтынын, – деді Кузьма ентелей басып. Сілеусін биік шыршаның басына шығып алып, иттерге тесіле карап отыр. Николай сым тұзақ ілінген жіңішке құрықшасын ыңғайлап ағашқа өрмелей бастады. Ең қауіпті кезең осы. Полкан мен Тарзан шыршаның түбін тырналап шабалана түседі. Жуан бұтақтың бел ортасында отырған жыртқышқа Николай тақау барып, ағашты бетке ұстап, құрықты соза берді. Жіңішке сым тұзақша сілеусіннің басына қарай белгісіз жылжып барады. Шашақты құлақтарынан асып мойнына ілеккенде жыртқыш төмен атылды. Бірақ жерге жетпестен салбырап қалды. Гүрілдеп бұлқынып тұр. Мен ұзын сапты болат қышқашпен мойнынан қысып алдым. Сол калпы үлкен брезент қапка түсіріп, байлап тастадық. Ашулы аң дөңбекшіп, гүрілдеп жатыр. Онда біздің жұмысымыз болған жоқ.

– Кәне, Николай, от жағып ыстық шай ұрттайық! – деп қуана айғайлап жібердім.

* * *

АТАЙДЫҢ ӘНГІМЕСІ

Омар атай жалтыр басын сипап алысқа карап отыр. Сирек ак мұрты сәл дірілдейді. Ауыр күрсініп алып:

– Өткен күнде белгі жоқ деген емес пе, күні кешегідей көз алдымда тұр, – деп әңгімесін бастады.

– Оған да, міне, елу жылдай уақыт өтіпті. Ол кезде өздеріңдей бала едім. Бір күні кешке сеңсең тымақты, жуан қоныш біреу үй алдына келіп аттан түсіп жатыр. Жүзі таныс сияқты. Жылы ұшырап барады.

– О, Шашкамысың, карағым-ай, сені де көретін күн бар екен ғой! – деп, әкем құшақтай алды. Үйге кіріп тізе бүккен соң, келген адам тымағын алып жерге қойды. Сонда барып таныдық

Шашка (Сашка) өзіміздің Максим деген тамырдың әскерге кеткен баласы екен. Сашка айналаға сақтана қарап:

– Дядя Жантуре, жағдай мынандай, біз партизандармыз. Адамдарымыз тоғай арасында тұр. Бүгін бе, ертең бе, Көбештегі Колчак әскеріне шабуыл жасамақпыз. Сол үшін селоға барып хабар алып келетін кісі керек. Жұмысым осы асығыспын, басқа жайды кейін әңгімелей жатармыз, – деді.

– Мен барайын, – деді әкем.

– Жоқ, сізге баруға жарамайды, қазір олар өте сақ тұр. Біздің жақтан көп қауіп ойлайтын сияқты. Күзет күшті, барса – мына Омар ғана бара алады.

– Мен барам!– дедім. Сашка шалап жұтып отырып маған барлап қарады. Бұрынғы бала кескіні толысып, тебендеп мұрт өсе бастапты. Жүзін жел қакқан, көздері өткір. Тұғырдағы қырандай тастүйін болып алыпты.

– Әкеме мына қағазды жеткізесің. Сонан соң әскери казарма, базар алаңы жақты жансыз шолисың. Қайда қандай күш бар? Селоға адам кірмейді, адам шықпайды. Ол үшін өрістен қайтқан малмен байқатпай кіріп кетуің керек,– деді Сашка тымағын қолына алып.

Күн түстіктен ауа жолға шықтым. Есіл алқасымен өрлеп келем. Бұрылыс-қалтарысы көп көне жол алыста алқа қырында тұрған үлкен селоға қарай созылып жатыр. Айналасы жалбыр талдармен көмкерілген дөңгелек кара суларда қалтылдақ қайықтар да көрінбейді. Ыстық жел есіп, айнала құп-құрғақ. Құмайт жолдың май топырағын бұрқылдатып басып келем. Өсімдік біткен сарғыш тартқан. Айнала тым-тырыс.

Міне, дөңгелек кара суға келдім. Бұл Максим мен әкемнің балық аулайтын суы. Ана бір үлкен талдың көлеңкесінде қостары тұратын. Төменіректе қоғажай арасында қайықтар тоқтайтын жер бар. Ұстаған балықтарды қоятын тор шарбақ та сонда.

Жакқан оттың күлі жатыр. Бәрі де жүрекке жақын жерлер. Мына тұста мосы ағашка такау бет-аузын қызыл күрең сақал басқан Максим отырған. Максим отты қузап қойып, әңгіме айтады. Мұрт арасынан шала көрінетін қызыл еріндеріне нан түйірлерін еппен тастап, жай сөйлеп отыр.

– Жантуре, Жантуре, өмір сүру деген қаншалық қиын болып кетті. Бірақ жамандықтың да шегі бар. Қызылдар біздікі, балалар Колчакты қуады. Сонан соң жақсылық болады.

– Шашка қай жағында? – деген әкемнің сұрағына Максим күлді де:

– Сашка қайда болушы еді. Ол Колчакқа ешқашан қызмет қылмайды, – деді. Одан әрі большевиктер туралы, Ленин туралы білгенінше кеңес айтқан.

Сол кешті ойға түсіріп аз тұрдым да, ілгері кеттім. Сашканы көбірек ойлап келем. Туған ағамдай қамқоршым еді. Қайда барса да жанынан тастамайтын. Өз үйінде болсын, біздікіне келсін, екеуіміз қойындасып жататынбыз. Әкесіндей емес, қазақ тілін мүлтіксіз сөйлейтін. Бұл жолы Сашка бауырымның керегіне жарасам, өзімді бақытты санайтын жайым бар. Жасым он төртке шыкса да, денем өте нәзік, он жасар баладай ғана қауқарым болатын. Нан дорбамды иығыма салып аяндай түсем.

Көлеңкем сырғауылдай сорайып қатарласып келеді. Кең алқада жайылған шұбар табынды бақташы бала жинастыра бастады.

Дөң үстінде биік ақ шіркеулі зор село созылып жатыр. Қызыл төбелі, көк төбелі үйлер ағараңдайды. Алқаға құлай қамыс шатырлы аласа лашықтар ығы-жығы болып тұр. Сол тұста мен баратын Максимнің үйі де бар. Батар күнге шағылып терезелер алаулайды. Шұбырған малдың алды тар көшеге кірді. Мен де малды қайырмалап келем. Бақташы баламен келісуім бойынша, мені өзінің көмекшісі деп айтуға тиісті болатын.

Мал селоға кіріп болмай екі салт атты шоқытып шығып, тура бізге қарай бұрылды.

– Ей, киргизенок, сен қайдан пайда болдың?

– Бақташыға көмекшімін.

– Өтірік айтасың! – деп, біреуі қамшымен тартып жіберді де, бақташы балаға шүйілді.

– Сен бокмұрын, айт шыныңды, әйтпесе қазір атып тастаймын.

Хорунжи алты атарын суырып алды. Бақташы баланың сөйлеуге мұршасы жоқ.

– Ол көмекші емес, жолдан қосылған...

Осы сөз шығуы мұң екен, қамшы жауып кетті. Салт аттылар мені жұлып алыш өңгере жөнелді. Көшемен тасырлатып шауып келеді. Көп ұзамай аулаға кіріп, аттан түсті. Мені желкелеп тар коридормен ілгері итермеледі. Жарық бөлмеде жирен сары біреу отыр. Қызғылт мұртын ширатып маған көз салды. Әкелгендер менің жалған сөзімді қалай ұстағанын, сезікті адам екенімді түсіндіріп жатыр.

– Партизандардың байланысшысы болуы әбден мүмкін. Пловцов Максим қырдағы партизандармен байланысады деген нақты дерек бар. Максимнің ұлы Александр Пловцовтың жайын бұл біледі, – деп баяндап тұр.

– Бара бер, Хорунжи мырза.

Бөлме оңашаланды. Үлкен бастық темекі тартып, үнсіз отыр. Қабағының астымен ұрлана қарайды. Салмағымды екі аяғымға кезек салып тұрмын. Бастық сөзге келмей ұра бастайтын шығар деп сескенем. Бірақ өйтпеді, өзіме қарап күлімсіреді.

«Партизандармен байланысың бар ма, болса – олар қай жерде орныққан? Ұзын саны қанша, қанша қаруы бар? Командирі кім? Мұнда келу мақсатың қандай? Осылардың бәріне шын деректер берсең, саған ат мінгізіп ауылыңа қайтарамыз» дегенді айтады. Менікі бір сөз, ауылда күн көре алмаған соң қайыр сұрауға, жалданып жұмыс істеуге селоға келе жатқанымды айттым.

– Бақташыға көмекшімін деп алдау себебің не?

– Оны үйреткен бақташы бала, айтпасаң селоға кіре алмайсың, – деді.

Бастық басқа сөзге бармады. Енді тек босатып жіберуі қалды. Солай етпек болып отырғаны белгілі еді. Сырттан әлгі Хорунжи кіріп келіп, кішкене сары қағазды, мана Сашка табаннның арасына тыққан құпия қағазды ұсына берді. Погонды бастық қағазды оқып болып маған қарады. Кескіні сұсты.

– Ал сөйле, демек, сен партизандардың шпионы болдың ғой? Бәрін қалдырмай сөйле. Қате айтсаң, атып тастаймын! – деп тапаншасын суырып үстелге қойды. Денем қалтырап барады. Онымды сездірмес үшін аяғымды нық басып тұрмын. Әкемдей көретін мейрімді Максим, бірге туғандай болған Сашка елестейді. Олардың достығы мен ізгілігі есіме түседі. «Жатқан орнын айтып берсем не болмақ? Жо-жоқ, атама...»

– Мен ештеңе білмеймін, ешқандай қағазды көргем жоқ! – дедім тергеушіге тура қарап. Хорунжи перчаткалы қолымен тартып жіберді, ұшып түстім. Жағамнан жұлқып қайта тұрғызды.

– Айт шыныңды?

– Білмеймін.

– Міне, білмеген сыбағаң, иттің баласы!

– Айт шыныңды!

– Білмеймін.

Үй төңкеріліп барады. Айналаның бәрі бұлыңғыр тартты. Құлағым ың-жың шу. Сол даңғазаның бәрін басып:

– Айт шыныңды!– деген өктем бұйрық естіледі.

– Білмеймін.

Біреулер жерден жұлқып көтеріп алғандай болды. Әлде не деп дабырласып сөйлеседі. Мұртты Хорунжи елестейді. Тағы да қара перчаткалы қол жағамнан алды.

– Білмеймін, өлтірсең де айтпаймын! – деймін аласұрып. Әлгі Хорунжи бейнелі адам құшақтап тұр. Ыстық еріндерімен сүйіп алды.

– Омар, Омар, – деген таныс дауыс құлағыма келді. Көзім ашылмайды. Сығалап қарасам, аулада көп адамдардың қолында екем. Күн көтеріліп келеді. Қызыл жалқын сәулесімен айнала нұрланып кеткен. Сашка ағам көтеріп алып арбаға отырғызып жатыр.

– Қымбаттым, – деді ол даусы дірілдеп. – Біз оларды қуып жібердік, мәңгіге жоғалды олар.

– Ие, олар мәңгіге жоғалды! – деп атай да әңгімесін аяқтады.

БАРЫЛДАУЫҚ

Балалар балақтарын түрініп, жуа теруге шықты. Жакында ғана тасқын жүріп өткен кең алқада су тартылып, әр жерде қақтар жылтырап жатқан. Күн көзі сай-салалы, тоғайлы өлкенің үстімен биікке көтеріліп барады. Балалар шылқылдақта балбырап өскен жуаны қуана теріп жүр.

– Алақай, мен жұмыртқа тауып алдым! – деді Жәния деген қыз бала айғайлап. Барлығы солай карай жүгірді. Жәния томаршаның үстінен алған сопақтау көгілдір жұмыртқаны қолына ұстап күліп тұр. Балалардың барлығы жып-жылы жұмыртқаны ұстап көріп тамашалады. Барылдауық үйрек ұзап кетпей, төңіректен жүр.

– Жәния, жұмыртқаны орнына сал, – деп ақыл айтты бір бала.

– Неге?

– Көктемде құстың ұясын бұзуға болмайды. Құс өспей қалады.

– Жоқ, мен оны үйдегі үйрекке бастырып өсірем! – деді Жәния жұмыртқаны сыртына жасырып.

Жәнияның үйінің үлкен қоңыр үйрегі балапан басуға камданып жүрген. Мына жұмыртқа кішіректеу болса да, үйрек

жатсынбады. Белгісіз жылжып күндер мен түндер өтті. Бір күні ұядан әлсіз шикыл естілді. Сары үрпек шөжелер дүниеге келді. Түз үйрегінің балапаны қоңыр жағал екен. Ана үйрек үшін бөтендігі жоқ болатын. Барлығын жылы қанатының астына алды.

– Енді біздің үйде түздің үйрегі өсетін болды!– деп қуанды Жәния. Балапанға «Барылдауық» деп ат қойды, достасып кетті.

Күз келді. Алғашқы сілбі қар түскен күні Барылдауық аспанда тізіле ұшқан көп үйректерге қарап, қатты-қатты дауыстап жіберді де, жеңіл көтеріліп ұша жөнелді.

Ол аспанға қарай өрлей түсіп, қанаттары суылдап, үй төбесін жайқап өтті. Сөйтті де, түз үйректерінің соңынан ұшып ұзай берді.

Жәния бақырып жылап тұр.

– Үйрегің көктем туысымен қайта келеді!– деп, анасы оны жұбатумен болды.

ҚАРЛЫҒАШ ҚАЛАЙ ҚҰС БОЛЫП ҰШТЫ

Қарлығаш ашық терезеден баққа қарап отыр. Соңғы күндері осылай отыруды әдетке айналдырып алған. Әке-шешесі жұмысқа кетіп жалғыз қалған соң, үй ішін тәртіптеп болып сурет салуға кіріседі. Суреттері де оңды болып шықпайды. Себебі, ешқандай суретті дәл етіп сала алмайтын ғажайып сурет көз алдында тұр, соған қызыға қарайды.

Аулада бақ гүлдеп тұр. Алма ағаштарының қызыл астарлы ақ гүлдері жасыл дүниенің бетіне жаба салған кіршіксіз ақ мақтаға ұқсайды. Гүлдерді түрткілеп аралар жүр. Аралар да әр түсті. Бармақ басындай үлкені де, қара шыбындай кішкенелері де бар. Ызың-ызың етеді. Тұнып тұрған жасыл бақта сыбдыр қағады. Біздей тұмсығын көтеріп караторғайлар не түрлі әуенге салады. Гүлденген бақты бауырымен сипап өтіп, қарлығаштар ұшып жүр. Тораңғының биік бұтағына отырып алып бұлбұлдар сайрайды.

Жаз қандай әсем еді. Әсемсің-ау, жаз! Мына бір шексіз аспанға самғап ұшар ма еді? Адамның қанаты неге болмады екен? Құстар қандай бақытты, оларда қанат бар, олар ұша алады. «Шіркін, мен құс болсам!»– деп, Қарлығаш екі қолын қанат қылып сермеп- сермеп қалып еді, ұша жөнелді. Лып етіп көтеріліп, бақтың арғы шетінде тұрған биік ағаштың ұшар басына қонды. Бұл жерден бүкіл ауыл алақандағыдай көрінеді екен. Енді ауыл үстімен қалықтап ұшып кетті.

– Қарлығашты қараңдар, аспанда ұшып жүр. Қарлығаш қанат сұрап алыпты. Төбесіне байлаған қызыл бантигі желбіреп барады!– деп шулайды балалар.

– Балалар, тамашаға қараңдар! Қарлығаш аспанда ұшып жүр, – деп өзімен бірге ойнайтын кішкене қыз Қадиша да айқайлады. Қуанышында шек жоқ. Кеше өкпелесіп ажырасқанын да ұмытқан.

– О, тоба, Мәліктің қызы кішкене Қарлығашты қараңдар, аспанда ұшып жүр!– деп үлкендер де таңырқасты.

Қарлығаш ауыл үстімен ұшып өтті де, өздерінің бақшасына келіп қонды. Терезе алдына сүйеп қойған сары шашты қуыршағын мысық құлатып кетіпті. Шалқасынан түсіп еденде жатыр. Сурет салатын дәптері де, бояулы қарындаштары да шашылып калған. Бәрін бүлдіріп жүрген актөс тарғыл мысық.

Қарлығаш болса өзінің ойыншықтарын бұлай шашып көрген жоқ-ты. Дереу жинап қойғысы келді. Бірақ оның қолы жоқ қой. Қол орнына қанаттары бар. Қанаттарымен әрі-бері қарманып ойыншықтарын жинастыра алмады. Қолсыз не істей алады? Көп ұзамай әкесі мен шешесі түскі асқа келеді. Картоп пен сәбіз аршып қою керек. Шөжелерге жем шашылмапты. Жұмыс көп, оларды тындыратын қол жоқ. Қол жоқ, қолын қанатқа айырбастап жіберген.

Қарлығаш ұялған соң ұшып барып ағаш басына қонды. Одан кәдімгі қарлығаштарша телеграф сымдарына отырып алды. Бакты айнала ұшты. Қайтып келіп ашық тұрған терезеден үйге кірді, ойыншық қыз әлі жатыр. Төсек астынан тарғыл мысық көрінді. Сап-сары көздерін ежірейтіп бұған қарап бұқпантайлап келеді. Бақшада торғай аулағанда осылай жер бауырлап жылжитын еді. Қарлығаш өзінің құс екенін, тарғыл мысықтың бас салуға оңтайланып келе жатқанын сонда білді. Ол бакырып жылап жіберді.

Көзін ашып алғанда, терезе алдындағы кішкене столда отыр. Мандайы дуылдап барады. Көзін уқалап жіберді. Жанында күле қарап ойыншығы тұр. Мұны мазақ еткендей болады. Сурет дәптері де, қарындаштары да өз орнында екен. Тарғыл мысық басын бауырына тығып, пырылдап ұйықтап жатыр. Терезеден гүлдеген бақ көрінеді. Бақ сыбдыр қағады, құстар сайрап тұр. Қарлығаш қуанып кетті.

– Жоқ, мен құс болмаймын. Ешқашан да құс болмаймын!– деп ас үйге қарай жүгіре жөнелді.

СЫРҒАЛЫ

Жылда көктемде біздің аулаға қос қараторғай ұшып келеді. Келген бетте биікте тұрған ұясына кіріп, қыста шымшықтар салған қауырсындар мен шөп-шаламды тазалай бастайды.

– Бұлар былтырғы торғайлар ма, жоқ басқа ма?– деп сұрады балалар бірде. Мен саскалақтап қалдым да:

– Былтырғылар шығар, –дей салдым. Өзім де анық білмейтінмін. Сондықтан бір күні ұябасарын ұстап алып, аяғына сырға салып жібердік. Сырғалы торғай балапан шығарып, бір топ болып күзде жылы жаққа ұшып кетті. Көктем шыға бір күні балалар үйге жүгіріп кірді.

– Алақай, қараторғайларымыз қайтып оралды.

– Сырғалысы бар ма?

– Бар, көріңізші, эне, жалтырап жүр.

Қуанышымда шек жоқ. Дәнді мол төгіп күтіп жатырмыз. Өз ұясына келген қараторғайлар рақаттанып сайрап жіберді. Ауладан жыл құсының даусын есту қандай жақсы! Кішкентай балалар қараторғайларды тамашалап күн шуақта ұзақ отыратын болды. Құстармен достасып кетті.

Сырғалы балапандарын ұшырғанда күз түсті. Жаңбыр жиі болып тұр. Кейде қар араласып жауады. Оңтүстікке қарай қоңыр бұлттар жөңкіп өтіп жатыр. Қараторғайлар ұзақ-ұзақ шарлап кайтады. Бір күні Сырғалы өз тобында болмай шықты. Торғайлар сымның бойында тізіліп отырып алды. Қатты абыржулы. Ата торғай шырылдап ұшып жүр. Шатырдың ернеуіне қонып, одан ішке кірді. Қайта шықты.

Шатыр астында Сырғалы бір қанатын салбыратып бүрісіп отыр. Топшысы сыныпты, тегі, мысықтың тырнағынан босанған сияқты. Қалай ғана құтыла алды екен? Оны біз үйге келгенде білдік. Бір көзі ағып түскен сары ала мысық пештің сыртынан табылды. Ұябасар өз өмірін ерлікпен қорғап қалыпты. Бірақ оңтүстікке қайтуы қиын болған. Жем мен су қойдық, сырттан басқалары кіріп шығады. Біз де бақылап жүрміз.

Қыс әбден тақалды. Құстар жылы жаққа әлдеқашан ұшып кеткен. Бір күні топтасып ұзақ отырды. Шатырды айналып шықылықтап ұшады. Сырғалының даусы естілсе, жапатармағай қайта қонады.

– Тастап кетуге кимай жүр, – деді кішкене Алтын жыламсырап.

– Сен апанды жақсы көресің бе?

– Жақсы көрем, мен оны ешқашан да тастап кетпес едім, – деді.

Торғайлар әлі айналып жүр. Бір сәтте топталып алып, онтүстікке қарай шалқи жөнелді.

– Шик– шик!– деді Сырғалы ұзын тұмсығын көтеріп. Бірақ торғайлар енді қайрылмады. Бұлтты аспанға сіңіп көрінбей барады.

– Шик– шик! – деді Сырғалы тағы да.

– Кетті! – деп, Алтын жылап жіберді.

Мүгедек торғай катал тағдырына мойынұсынып бүрісіп отыр.

Біз балалармен ақылдасып, мамық салған қараторғай ұясын шатырға апардық. Сырғалыны мәпелеп күттік. Ең суық айлар келді. Жылы ұяға жайғасып алған Сырғалыға суық та кәр қыла алмады. Қауырсындары тіріліп онала бастады.

Күндер өтті, ауарайы жылына берді. Ақыры көп күттірген көктем де келді. Қар еріп, алғашқы жібек сағым толқиды. Онтүстіктен жылы жел есіп тұр. Сырғалы істік тұмсығын көтеріп, канаттарын қағып-қағып жіберді де, тамағы бүлкілдеп сайрап кетті.

Ол көктемнің рақаты мен адамдардың асқан рақымшылығын дамылсыз жырлай берді, жырлай берді...

АЛА КҮШІК

Сурет сабағында балалардың бірі үйдің, біреуі ешкінің, енді біреуі мысықтың, қысқасы, әркім ұнатқан заттарының суреттерін салумен болды. Ал Қажытай өзінің ала күшігінің суретін салғысы келді.

Әуелі үлкен дөңгелек сызып денесін, сонан соң жоғарғы жағынан кішкене дөңгелек сызып басын, төрт таяқша тартып аяқтарын, ирек сызықпен құйрығын салды.

– Бұл не? – деп сұрады мұғалім.

– Біздің ала күшік.

– Құлағы, көзі, жүні жоқ күшік бола ма?

Бала қайтадан шапшаңдатып сызғылай бастады. «Мынау құлағы, мынау көзі, мынау сабалақ жүні», – деді ол мұрнын бір тартып. Мұғалім көріп, жымыып күлді де:

– Құлағы есекке, көзі түйеге, жүні ешкіге ұқсайды екен, – деді.

Қажытай салған суреті жұртқа түсініктірек болу үшін астына:

– Бұл біздің ала күшік, – деп жазып қойды.

ТАБАҚ ПЕН ЕЛЕУІШ

Бір күні жез табақ салдыр-күлдір етіп босаға жақтан тіл қатты:
– Бізде әділдік жоқ. Мен көп жылдар сәнді дастархан үстінде қазы-қартаға тойып шіреніп тұрдым. Мені ең сыйлы қонақтардың алдына тартар еді. «Бабамнан қалған іші майлы табақ» деп мәпелеп ұстайтын. Енді бір ғана ине суындай тесік үшін босағаға шығарып тастады. Ана мың елеуіш сыйлы орнында әлі тұр. Осы да әділдік болып па!

МАҚТАНШАҚ МАСА

Үлкен қоңыр өгіздің айналасында бір сары маса ызындап ұшып жүрді. Бірде тебінгі құлағының қакқысына ұшырап майып бола жаздады. Жалаңаш тұмсығына қонамын деп демімен кең танауға шақ қана тартылып кетпеді.

Масаға өгіздің бүкіл алып денесінен сіркедей ғана қан сорып алса болатын еді. Тұмсығы мен құлағы жолатар емес. Құйрығымен де бүйірін сабалап тұр. Болмаған соң аркасына үндемей ұрланып қонып әп-сәтте тойып алды. Сонан соң дағдылы қансорғыштардың әдетімен:

– Өгізден менің тұмсығым ұзын, мен өгізден де күштімін. Өгізден де айлакермін! – деді мақтанып.

ҚАСҚЫР МЕН КІРПІ

Орман шетінде домаланып кетіп бара жатқан тарғыл кірпіге аш қасқыр бас салып еді. Тұмсығы мен табанының қаны судай ақты. Зәбір көрген қасқыр өкпесін айтты.

– Бетіңнен сүйейін деп едім, сен-ақ қырынбайды екенсің, – деді табанын жалап жатып. Кірпі қылтандарының арасынан біздей тұмсығын шығарып сықылықтай күлді.

– Асықпа, Қасеке, сендердің азуларың түгел қағылып біткен күні мен де қырынып жүретін болам, – деді.

Ызалы қасқыр:

– Сен бейбаққа дауа жоқ, – деп жөніне кете барды.

ЖАРҚЫРАУЫҚ ТҮРЕН

Соканың түрені сәскелікте күнге шағылып жалтырап тұрып:

– Мені жермен істес болды деп кім айтар. Мен күннен жаратылғанмын. Көрдің бе, күнше жарқырауымды! – деп мақтаныпты.

Сонда байлық анасы жұмыр жер:

– Қой, көршім, сені жалтыратқан мен екенімді ұмытпағайсың,– депті.

НЕ ЕКСЕҢ, СОНЫ ОРАРСЫҢ

Ертемен қалың өзекеден тұрғызып алған қаражал қасқырды аңшылар күні бойы қуды. Аттардың көбі болдырып жолда қалды. Қажымас ат пен ер жүрек аңшы ғана көз жазбай келеді. Талай ормен, талай қырмен жалтара қашқан қорқау ақшам кезінде босансып бұралақтай бастады. Аңшы өкшелей түсті. Жаны қысылған арлан ағаш бауырындағы мал қорасына қойып кетті. Жүгірісіп келіп малшылар қоршап алды. Аңшы жігіт атын қаңтара салып іргеде тұмсығын тыға жығылған қасқырға құрық салып сүйреп шығарды. Қорқаудың жүні жығылып мүләйімсіп тұр. Құлаш шығып кеткен тілін жиып ала алмайды, солқ-солқ етеді.

Аңшы қасқырды өлтірмек болып сойылын көтере беріп еді, таяқты қарт әжей арашаға килікті:

– Сабыр ет, балам, бұтаға қорғалаған торғай да аман қалушы еді. Бізді пана көріп келді ғой,– деп өтініш айтты.

– Әжей, айтқаныңызға құлдық. Бұл жау ғой, жаз бой малымызға шауып дамыл бермеді. Көп шығынға ұшыратты. Дұшпанды аяуға бола ма? – деді аңшы жігіт. Қария сәл ойланып тұрды да:

– Солай ма еді, өзі де тек жүрмеген екен ғой. Ендеше, не ексең, соны оарсың деген, еркін білсін, балам,– деді.

АЛА ҚАРҒА МЕН АҚ ТАУЫҚ

(Мысал әңгіме)

Ақ тауық жиырма шақты күн жұмыртқа басып, бір топ сары шөжелер шығарды. Балапандары сондайлық сүйкімді еді. Нан мен ірімшікті тұмсығымен үгіп берді. Күндіз аулаға қаптатып жүрді, түнде қанаттарының астына тығып, тұмсығы шуылдап қалғып отырады.

Шөжелерін жақсы көретіні сонша біреуін көзінен таса қылғысы келмейді. Ал балапандары күн өткен сайын бытырай жайылып, бетімен жүретінді шығарды. Әлдеқандай пәлеге тап бола ма деп қорыққан мекиен қоразды көмекке шақырды. Өзіне кейіп те алды:

– Ана көршіміз ата қаз үнемі балапандарын бірге басады. Сен болсаң жоламайсың, айғайлаумен күн өткізесің, – деп ұрысты. Әтеш қыпқызыл кекілін сілкіп, қанаттарын қағып айғайлап жіберді:

– Менің балапан бағуға қолым тимейді, мен жұрттың уақытын айтып тұрамын. Ертемен жұмысшыларды оятамын, онан соң түскі астың болғанын, кешке жұмыс күнінің біткенін хабарлаймын. Осының барлығын, жалғыз өзім атқарып тұрмын, менсіз жұрттың ісі алға басар емес. Сен болсаң шөжелерді баға алмай менен көмек сұрайсың! – деп, әтеш қоқиланып қойды.

Тауық балапан бағысуға қоразды көндіре алмай, уайымдап жерді шұқи берді. Мұны естіген ала қарға ұшып келіп тауықты аяп мүсіркей қалды:

– Мекиен бәйбіше, сізге тым қиын болған екен. Мұнша балапанды бағып өсіру оңай емес қой, қаласаң мен көмектесейін, – деді.

Әтешке өкпелеген тауық көне кетті. Мұндай жақсы көмекші тапқанына қуанды. Ала қарға талтаңдай басып, балапандардың төңірегінде жүрді. Шөжелерге әлденені теріп берген болады. Араласып алған соң сары балапандардың біреуін мойнынан тістей қашты. Байбалам салған балапан даусын естіп, мекиен ала қарғаға жармаса түсті. Өлермендікпен арпалысты, босатпады. Мойнын созып жіберіп, көршісі ата қаз жетті. Ол сұғанақ ұрыны мықты топшыларымен аяусыз ұрғылады. Осынау жәдігөйді көптен қолына түсіре алмай жүрген.

Ала қарғаның қауырсындары бұрқырап дода-додасы шықты. Өліп-талып ата қаздан құтылды да, қалбалақтап ұша жөнелді. Қайтып жоламайтын болды.

ОРМАН ТҮТҚЫНЫ

Айсыз түн. Орман қап-қара болып түнеріп тұр. Аспанның арғы төрінен жұлдыздар көрінеді. Айналаны мүлгіген үнсіздік басқан. Шие торғай ғана үзіп-үзіп ысырады. Сол ғана ұйықтамаған.

Ағаш арасында үп-үлкен аң қозғалып келеді. Көлденен жатқан қу теректі патыр еткізіп сындырып жіберді. Айнала селкете қалды, тал арасынан сауысқандар шықылықтап қоя берді. Түнгі жүргінші тармақ мүйізді үлкен басын көтеріп алды. Түкті тұмсығымен ауаны біраз иіскелеп тұрды да, шалғынды кеше қыстау шетіне шықты. Алда шағын алаңда балшық үйлердің орны көрінеді. Шеткерірек өскен қайыңға мойнын үйкелеп қасынып тұрды да, ілгері аттанды...

Иә, ілгері бір аттауы-ақ мұң екен, сырғанай жөнелді. Атқып кетпек еді, үлгере алмады, ауыр денесімен солқ етіп төмен түсіп кетті. Сол кеткеннен тар үңгірге барын кептеліп қалды.

Шегені шіріп, аузы опырылған соқыр құдықтың ішінде талай уақыт тіршілік еткен бейқам құрбақаларды шошытып жіберді. Олар құдық түбіндегі зенгіл тартқан сасық суды мекендеп зерігіп болған еді. Көк аспаннан басқаны көрмейтін. Түсіп кеткен мақұлық қоныстарының астан-кестенін шығарды. Қойыртпақ суды аяқтарымен есіп-есіп жіберді. Құрбақа біткен құдықтың шірік ағаштарының қуыс- қуысына тығылды.

Бұланның үлкен қоңыр бұқасы бар қайратын сарқып арпалысты. Қапылыста кездескен пәледен құтылуға тырысып бұлқынып бақты. Бұлқынған сайын құдық ернеулері опырылып төмендей берді. Таң атқанша күшін сарқып бітті. Құдық үстіне төніп тұрған қайыңның жасыл жапырақтарына күн сәулесі түскенде тұс- тұстан құрбақалар шықты. Бәрінен батылы көпті көрген кәрі құрбақа бұланның аркасына секіріп мінді. Одан мүйізінің тармақтарына шығып алды. Аңдардың алыбы бұланның мүйізіне шығып алып күнді көргеніне қуанғанынан қатты-қатты бакылдап жіберді. Шұңқыр түбінен басқалары шығып күнді тамашалады. Бақалар бұланның мүйізіне, одан аркасына, одан құдық түбіндегі жылымшы суға түседі. Қайта тысқа шығады. Мәз-мейрам болысады.

Екі тәулік болды, бұлан аштық пен шөлден әбден қажыды. Қараңғы түскен соң, кеудесінен үрлеп зор дыбыс шығарады. Күшін сарқып ұмтылады, тыпырлайды. Күндіз құрбақалардың лай суды шалпылдатып ойнағанын естіп жата береді. Тіпті жас бақалар бұланның тебінгідей жылы құлағына кіріп отырып алысады. Оларды үркітуге де дәрмені қалмапты. Бостандықтағы күндері есіне түседі. Жалпак дала, қалың орманда, еркін сайрандауды арман етеді. Уақыт өткен сайын үміті үзіліп, осынау – лас үнгірде, құрбақалардың мазағында өлетінін сезеді, қамығады.

Ауылдан шалғай ескі қыстау болғандықтан, мұнда адамдар көп келе бермейтін. Бір топ балалар бүлдірген теріп жүріп құдықтың үстінен шықты. Бір бала жанай өтіп бара жатып тармақ мүйізді көрді. Шұқырға тасталған қу бұтақ екен – деп еді. Әлгі бұтақ қыбыр ете түскенде бала шошып кетіп айқайлап жіберді. Бар ба? ла құдық басына жиналып, әрқайсысы өздерінше жорамал айтты.

- Байқамай құлап кеткен ғой.
- Жок, су ішем, – деп түскен шығар.
- Құлағында отырған бақаны кара!
- Өзі өлуге жақын, малшыларға хабар берейік.
- Дұрыс айтасын, қалайда құтқару керек!

Ең жүйрікпін деген екі бала балақты түрініп жіберіп малшыларға тартты. Қалғандары құдық жиегінде, көлеңкеде отыр. Күн ыстық болатын.

Балалардың бүлдіргенге зауқы болмады, ыдыстағыларын жеп тауысты. Көздері малшылар жақта еді. Ақыры хабаршы балаларды ертіп екі атпен Есенбай қарт жетті. Құдықта жатқан бұланды көріп:

– Ой– хой, жануар– ай, түздің тағысы едің, мына күйге түсірген аңқаулығың ғой сенің, – деп мүсіркеді.

Бұлан өте төменде тұрғандықтан бұл қалпында ешкім де тартып шығара алмайтын болды. Есенбай атай құдықтың ернеуін көлбете қаза бастады. Балалар да жан сала көмектесті. Көп ұзамай құдықтың жиегі аршылып, бұланның кең омырауы мен арқасы көрінді. Бірақ оның бұлқынып шығуға дәрмені жоқ болатын.

Есенбай екі атқа қамыт салып, мүйізден және тірсегінен байлады. Аттар шу дегенде арындап сүйрей жөнелді. Бұланның дәу бұқасы шөптің үстінде теңкііп, талықсып жатыр. Мүйізге

байлаған арканды шешіп үлгерісімен орнынан атып тұрды да, тармақ мүйізді ба-сын шайқап сілкініп алды. Сөйтті де күн нұрына шомылған орманға қарай жорта жөнелді.

Тілерсегіне байланған қыл аркан шешілмеген еді, Бейкам тұрған қарагерді етпетінен түсіре жаздады. Қарт үлкен бәкісін ашып, қорбандап зорға дегенде арканды киып үлгерді. Бұлан қалыңға кіріп жоқ болды.

– Балалар, әлгі хайуан рақмет айтпай кетті- ау! – деп Есенбай атай рахаттана күлді.

– Шіркін, азаттық деген жақсы ғой, солай ма, балақайлар!

ҮЙГЕ ҚАЙТҚАНДА

Күздің салқын күндерінің бірі еді. Жанбыр себелеп тұрған. Екі аңшы елге беттеп келе жатты. Аяқтарында ұзын қоныш етіктері бар. Үстері су, өздері шаршаған. Аздап тыныстап алу керек болды да, құлаған кайыңның ығына отырды. Алыста ақ үйлі ауыл мұнартып көрінеді. Сары ала жапырақты кайыңдар да жауынға шомылып тұр. Аспанда сұп-сұр бұлт шумақтары жылжып барады. Екеуі де көңілсіз. Тракторшы жігіт Ерден бос уақытын аңшылықпен өткізуге құмар. Інісі Жұмаш одан қалғысы келмейді. Ерден темекі тартып ойланып тұр. Жұмаш та үнсіз. Жауын тырс– тырс тамады. Үстеріне бөктергі қалықтап келеді. Жұмаш тарс еткізгенде бөктергі қанаттарын жая құлады. Сауыскандар шықылықтап байбалам салды.

– Мұның не? – деп дүрсе қоя берді ағасы. Жұмаш бөктергіні қанатынан көтеріп күліп тұр.

– Өзің мана қаршығаны неге атып жықтың? – деді Жұмаш күлкісін тыймай.

– Сен ақымақ болма, білдің бе? Қаршыға құстардың қасқыры. Ол қаз бен үйректі, қарақұр мен кекілікті, бар адал құсты құртады. Ал мына сорлы бөктергінің жазығы не? Бұл егіннің жауы тышқандарды аулайды. Жақсы аңшы болу үшін құстардың өмірін, пайдасы мен зиянын айыра білу керек. Тыңдамасаң, ертіп шықпаймын! – деді ағасы кейіп. Жұмаш ұялып төмен қарады.

Аксақал торы биені еркіне жіберді. Күн әлі жоғары тұрғандықтан асықпайтын сияқты. Өзімен өзі болып келеді. Жайма арбадағылардың бірі жасаң, екіншісі отыздарды алқымдаған киық мұрт журналист жігіт. Ауылдан шыққанда даңғырлап сөйлесіп, аң жайын, аңшылық жайын кеңесіп отырысқан. Көп ұзамай қарт дағдылы үнсіздігіне ауысты.

– Жәке, аңшылықпен айналысқаныңызға көп болды ғой,– деп мұртты жігіт сөзге тартып еді.

– Әй, Төкен шырағым-ай, несін сұрайсың, көп болды ғой, тіпті көп...– деді де тынып қалды. Жәкеңнің баласы Қартабай да үнсіз. Қансыған доңғалақтың ғана сықыры естіліп келеді.

Төкен орманды далаға қызықтай көз жіберді. Туған жерге көптен келмепті-ау. Бала кезінде Жәкең ертіп қоянға, құрға шыққаны бар. Сонда қайың басына шығып кеткен ақ тышқанды шитімен атып жыққанын көрген. «Терісін бүлдіруге болмайды» – деп еді-ау. Жәкеңнің сол мергендігін әркімдерге айтып жүретін.

Қария жетпістерден асса да көзі жіті, қолы қарулы. Сөзден сөз шығып құс атуға баратынын айтқанда жабыса кеткені. Сөйтіп, міне, Жайсаңға бет алдық. Жайсаң десе Жайсаң-ау, шіркін! Шетіне көз жетпейтін шалқар көл. Көлдің бір беті қалың қайың. Ортаға сұғына кірген жарты аралдың төңірегі нар камыс, қопалы корық. Құсқа жаратылған жер. Қария Төкеңнің кескінін шолып өтті де:

– Ұмытпасам, қасқырды алғаш түсіргенімнен бері де алпыс жылдан асты білем. Ол кезде он екіден он үшке қарайтынмын. Содан бері осы төңіректі кезіп келем. Екі жүздей қасқырды құрттым. Қасқыр қалың еді ол кезде. Бүгінде азайып құрып кетті ғой, обал-ақ.

Қария өкінгендей бас шайқады.

– Қасқырдың құрып кеткеніне өкінесіз бе?

– Қасқыр да жаратылыстың бір аңы ғой, шырағым. Оның адам таңғаларлық қасиеттері көп. Қасқырдай сергек, сақ анды көрген емеспін. Ол төрт шақырымнан қойдың маңырағанын естиді, ұйықтап жатып болмашы сыбдырды естиді. Көзге түрткісіз қараңғы түнде жерде жатқан жарты бидайды көреді. Қасқыр ен қу деген түлкіден де сақ, айлакер. Түлкіні қақпанмен оңай ұстауға болады. Қасқырды қақпанға түсіріп көр. Ол

темірдің иісі білінген жерден таяқ тастам айналып өтеді. Қасқыр бір жұма нәр татпаса да кәрлі қалпынан айнамайды. Кездесе қалса, бір қойды тік көтеріп жүре береді. Солай шырағым, қасқырда сондай қасиеттер бар, – деп ақсақал мүйіз шақшасын құлақ түбіне шайқап қойды.

Торы бие аяндап келеді. Қартабай бала өз бетімен өзі. Төкен күліп жіберді.

– Жәкесі-ау, оншадан мұнша жүріп қасқырды мақтап, оған іш тарта сөйлеген аңшыны бірінші көруім. Біз болсақ қасқырды құртындар, қоғамдық малды жыртқыштан сақтаңдар, – деп айқайлап жатырмыз.

– Кезінде ол да керек болған, – деді Жәкең күрсініп. Ал жігіттің жүзінен күлкі арылмай отыр. Атай насыбайын ерніне қыстырып шырт еткізді. Сөйтті де еңкіш тартқан бойын жазды. Сақалы селеудей толқиды.

– Бабаларымыз айтушы еді, – деді. – Аңы болмаса ағаштың сәні болмайды, үйрек, қаз қонбаса, көлдің сәні болмайды деп. Егер Жайсаңда құс болмаса, екеумізді не сор айдап келеді? Рас, қасқыр кейде көп зиян да істейді, бірақ пайдасы да болады.

– Пайдасы дейсіз бе? – деп Төкен саңқылдай күлді. Даусының қатты шыққаны сонша, торы бие құлақтарын қайшылап жорта жөнелді. Жәкең үнсіз. Күн қақтаған әжімді жүзінде ойлану да, таңдану да бар.

– Ана бір жылдары, жазда індет жүріп, мал дәрігерлерін әбігерге салды. Індет тез аласталды. Қайталап соққан жоқ. Ал патша заманында іспе мен секірткеден мал аман қалмайтын еді.

– Бұл жерге қасқырдың не қатысы болды екен? – деді журналист қиық мұртын сипалап. Қарияның аппақ қабақтары көзін жауып, түнере түсті.

– Сабыр ет шырақ, сөздің байыбына баршы, әуелі. Індеттің қайырылып соқпағанына себеп, мал өлексесін дереу өртеп құртып тастайды, сауларына егу жүргізеді. Сонымен бітпей ме? Ал ормандағы аңдардың өлімтігін кім өртейді? Қасқыр, міне, соларды құртып, орманды тазалайды. Індеттің аңдар арқылы жайылуына жол бермейді.

– Сонда қасқырдың өзі не күйде болады, ақсақал-ау? – деді Төкен шынымен таңданып.

– Қасқыр сол қасқыр күйінде қалады. Жұқпалы аурулар оған дарымайды. Сондықтан да оны қасқыр дейді, – деді Жәкең.

Торы бие жолдың шаңын үйіріп келеді. Орман сары ала жапырақтарын жамылып тұр. Жол қалыңға кіріп ары беттеді. Бұтақтарын созып кәрі қайыңдар иін тіреседі. Бұлбұл үні де, басқа құстардың үні де тынған. Жаздың өткеніне қамығып, орман мұная жүдеп тұр. Жәкең күрсінді.

– Әр нәрсе уақытында, көктемде осы жерлер адам таңғаларлық болып жайнап тұр еді. Енді қараңыз, ажары кетіп қалыпты. Дәрменсіз қарттық сияқты, – деді. Жолды киып, қоңыр қоян зытып барады. Мойнақ ұмтылып еді.

– Қайт кейін, қайт! – деді иесі жекіп. Қарала төбет «ие, кешір, солай екен-ау» – дегендей аңтарылып қалды.

– Ит қоянды алатын ба еді? – деп сұрады Төкен елегізіп.

• – Әлбетте.

– Онда несіне тидыңыз, қызығын көретін едік қой. Атай үндемеді, сәлден соң:

– Балам, – деді қалтасын қарманып. – Жан иесін қызық үшін құртуға болмайды. Қоян аулаудың уақыты бұл емес. Аңшылықтың ешқашан бұрмаланбайтын өз заңы бар. Сол заң болмаса, орманда аң, көлде құс болмас еді.

Төкен ұялып қалды, темекі тартты. Қартабайдың бар ойы алдағы мергеншілік жайында. Жәкең ұлының мергендігін шыңдау үшін көп сыннан өткізді. Ұшпалы нысанаға тигізу бірден оңай соқпады. Он октың бірін тигізе алмады. Жайшылықта көңілшек қарт ондайда қатал, қазымыр болып кетеді. Ұшпалы нысанаға тигізе алмағаны үшін қайыс белбеумен келістіріп сабағаны да бар.

– Құсқа тимесе, өкінуге болмайды. Ал жараланып кетсе, орынсыз шығын, әрі обал. Атқан оғың дәл тиіп, бірден құлатпаса, қолыңа мылтық ұстама!

Қартабай «сыннан өте алам ба, жоқ па» деген ойда.

Жайсаңкөл кең ойпаттан жарқырап көрінеді. Батарға беттеген күннің сәулесі алуан түске ауысып құлпырып жатыр. Су бетінде нар қамыстың ұзын көлеңкелері қарауытады. Толқынсыз тымық кеш. Байтақ айдын бетінде ақ маржандай болып аққулар жүзіп жүр. Бетінде қаптаған қаз-үйрек, қасқалдақ қауіп- қатерсіз рахат тіршілік етуде. Жәкең торы биені жиектегі қайыңға доғарды. Бие құлынымен шалғынға тұмсықтарын көміп жатыр. Қартабай мен Төкен арбадағы заттарды түсіріп қоналқаға қам қылды. Күн орман сыртына жасырынды, қайыңдардың ұшар басын қызыл сәулесімен шарпып тұр. Сары ала бұлттардың көлеңкесі су бетінде діріл қағады.

Жиекте Жасыбай атай отыр, бетін көлге беріпті. Тастай қимылсыз. Ұзын сақалының ұшы ғана қимылдайды. Өзімен-өзі. Көздері суланған. Күміспен зерлеген, белгілі мүйіз шақшаны қалтасынан алып тығынын иіскеп түшкіріп қалды.

– Көл бетіне көзінді салшы, – деді Төкенге қолымен нұсқап. – Қалың құс ұрпақ өсіріп әбігер. Олар үшін осы бір тыныш тіршіліктен артық не бар? Енді бір ай шамасында шексіз аспанға шырқап шығып, кікулап жылы жаққа кетеді. Соған камданып, әл жинасып жатыр. Үндері қандай әсерлі! Жәкеннің жайдары кескіні тез өзгеріп, түнеріп сала берді.

«Енді бірер сағаттан кейін зауал шактың басталатынын сезе ме бейшаралар? Жок. Қас қаққан сәтте қызыл қанға боялып құлап түсетінін сезе ме? Жаз бойы бауыр жүнін түлетіп, қанатын қатайтып мәпелеген балапандарымен қанжығада табысатынын сезе ме жануарлар! Уһ, дүние деген сол!»

Жәкең мәсісін шешіп, сіңірлі аяқтарын суға малып отырды. Көзінен бір тамшы жас домалап кетті.

– Осы кештей бейқам өмір еді ғой. Біз байғұс сонау үйректерге ұксап ту сыртымыздан мылтық кезеніп тұрғанын біліппіз бе? Төрт көзіміз түгел болатын. Келін түсіріп, қуанышка кенеліп жатқанбыз. Аңсағанды үйлендіріп арманымызға жеткенде соғыс деген сұмдық сөз төбемізден жай түсірді. Аспан шыр айналып, дүниені қараңғылық басып бара жатқандай еді. Ауылда жылау- сықтау, күңіренген келін, аңыраған ана, боздаған бала.

– Жасыбай-ау, мұнын не, сенің ғана басыңа түскен қиындық па бұл? Мұнша неге жүнжіп кеттің. Еркек басыңа ұят емес пе? – деп қатын қайрат береді. Біздің Қанипа жарықтық өжет еді ғой. Аңсаған баламызды аттандырдық. Жас келінді бағып отырып қалдық. Соғыстың алғашқы қысында-ақ ер-азамат кетіп болды. Қара қағаз да келе бастады. «Жұрттан жаным ардақты ма, мен де барайын сол соғысына, жаудың біреуін жастанып өлейін» деген мықты байламға келдім де, әскери комиссариатқа «соғысқа жібер» деп жаттым да жабыстым.

– Отағасы, соғыс деген оңай емес, жасыңыз елуден асыпты, сізге рұқсат жоқ, – деп қасарып қалғаны.

– Күшім бар, қолымның қайраты қай жігіттен де кем емес, – десем.

– Сол қайратыңызды еңбек майданына жұмсап, жауды жеңуге күш салыңыз, – дейді. Жалынсам да иілер емес. Сонан соң не істедім десейші:

– Құралайды көзден ататын снайпер деген мерген бар дейді, пәшестерді жусатып тұрған солар көрінеді. Менің мергендігім ешкімнен кем емес. Ағаш басына шығып кеткен тышканды шитінің жалғыз оғымен қара тұмсықтан атып жыға алам, нанбасаң көрсетейін!, – дедім.

– Солайы солай шығар, – деді әскери комиссар ойланып. – Бірақ сізді бәрібір майданға жібере алмаймыз.

– Неге жібермейсің, пәшесті аяйсың ба менен?, – деп айқай-шу шығардым.

Шіркін, адам көңілінің бір құлаған ісіне қолы жетпеуі қорлық екен. «Тоғайда жасырынып алып пәшестерді саңырау құрдай шекіп түсіре берсе. Қайдан келгенін аңғармай топ-топ түсіп жатса», – деймін.

Құс канатының суылынан ақсақал елең ете қалды. Орман төбесінен сырғанап түсіп бір топ үйрек суға құлады. Егінге жайылып шөлдеп жеткен жануарлар қанаттарымен су сабалап қуанып жатыр. Алыста – Жайсаң көлдің арғы бетінен гүрс еткен мылтық даусы естіледі. Байтақ айдынды жаңғырықтырып қайтадан атылады. Мылтық даусы көлдің әр тұсынан естіле бастады. Жайсаң күңіреніп кетті.

– Басталды, – деп қария сүйретіліп орнынан тұрды.

– Қосқа беттейін.

– Тоспаға бармаймыз ба?

– Иә, сөйтеміз.

– Төкен, сен, осы жерде отыр. Қартабай, сен сонау шеттегі көпенеге бар. Қараңғы түсе ұшып келе бастайды. Келе жатқан топтың алдыңғысын емес, соңғысын көздендер. Алдыңғысын көздесендер, кейінгісін жарақаттап жіберерсіңдер. Атқан оқтарың мүлт кетпесін.

Сүлеленген іңір аспанына сарыла қараған жігіттің жүрегі дүрсілдеп қоя берді. Жайсаң көл жақтан бір топ қара нокат жүйткіп келе жатты. Нокаттар секунд сайын айқындалып, тура үстіне құлдырады. Төкен апалақтап екі-үш ұмсынғанда үйректер жалт берді. Осы кезде шүріппені басып қалды. Екіншісін басуға үлгермеді, әрілеп кетті. Өзге үйректер тік шырқап шығып біреуі шаршағандай ақырындап барып шабындық арасына қонды.

Құлағы шыңылдап тұр. Үйректер Қартабайдың үстіне қарай тоғытылды. Қартабай әбден сабырсызданып отырса керек, екі оқты катарынан жіберді. Зырлап келе жатқан үйректердің бірі аспанда тоқтай қалып, тыпырлап аунап түсті де, жерге құлады. Екіншісі калбалақтай ұшып атай жаққа сырғыды. Қарттың күрмесінен от жарк етті де, үйрек көрінбеді. Өзгелері ышқына зулап көзден тасаланды. Осыдан соң үйректер тобы келмеді. Көлдің әр тұсынан естіліп жатқан мылтық дауыстары да тынды. Жәкең сонау жақта қараңдап жүр. Қартабай қоңыр үйректі салактатып жүгіріп келеді. Төкен салмақтап көрді. «Үлкен, ірі екен»,— деді.

— Бір тартып қалғанда мүрдем кетірдім,— деді жігіт қуанып. Бұл кезде атай екі үйректі екі қолына ұстап бері жүрді. Қара ала төбет арсалаңдап алды-артын орайды.

— Екеумізден де Жәкең олжалы екен! Қария үндеген жоқ.

— Қосқа барайык!

Қос деген аты болмаса, күндіз өздері мініп келген жайма арбадан басқа ештеңе жоқ. Арбаның жел бетіне кенеп жауып ықтасын жасаған. Онсыз да тымық жел келетін жер емес. Атай үйректерді доңғалақ жанына тастады да, тамызық сындырып от жақты.

— Басы түскір қақсап бара жатқаны, шай ұрттамаса болмас,— деп күнкілдей отырып шәйнекке су құйды. Қу шырпының жалыны айналаны жарқыратып жіберді. Ақ қайындар самсап тұр. Жап-жасыл болып қамыстар шұлғиды. Түтінмен араласып шайтан көбелектер ұшып жүр. Торы бие пысқырынды. Саздың сары масалары бұған жануар түтінге тұмсығын беріп қимылсыз тұр. Құлын енесін кергілеп еміп, отқа таяу келді. Қараңғыда от сәулесімен көздері жап-жасыл болып көрінеді.

Қарттың қабағы жайсыз. Отқа қыздырылған жігіттер маужырап қалғуға айналды. Бақанға ілінген мыс шәйнектің бүйірін жалын жалап сумаңдайды. Шәйнек шыңылдай бастады. Жәкең отқа маңдайын беріп, шай ұрттап отыр. Жерге жайып тастаған кенеп дастарқанда май да, тәтті де бар. Қарт үнді шайын кою құйып, қантпен сораптай берді. Маңдайынан тер білінді.

— Ішіндер, жеңдер, қостың дәміндей тәтті дәмді өзім көргем жоқ,— дейді. Төкенге мұның соншалық қызығы жоқ секілді. Баяғыда бір пішен басында қайнатқан шайдан бақа шығып, ұшынғаны бар-ды. Сол есіне түсіп, тәбеті мүлдем кетіп қалды.

Атай шайнама алмастан тартып отыр. Бір кезде шынысын төңкеріп, коржынға салды. Сонан соң белгілі мүйіз шақшаны құлақ түбіне апарып шайқап көрді. Сөніп бара жатқан отты көсеп жандырды. Айдынның ақ төсін аймалап, жасыл камысты сыбдыр қақтыра келген тентек жел көк түтінді үйіріп өтті. Жәкең ернін бұлттитып, отқа қарап отыр. Кескіні күлімсірей ме, катулана ма, әрі-сәрі. Бір кезде мырс етіп күліп жіберді.

– Жасырақ кезімізде шаршау дегенді кім білген? Кайтсем мерген болам деп алабұртып жүрген кезім. Бір күні таңнан тұрып осы төңіректің қалың өзек, қатпарлы жынысын аралап, ауылға беттедім. Жаздың бас кезі болатын, орман жасыл жамылып әбден бабына келген уақыт. Құр сенделіп шаршап келем. Мылтық асынып, ит ертіп аңға беттеген адамның ауылға құр қол қайтуы қорлық саналады. Өзім теңдес балаларға шекемнен қарап, ақжолтайлығымды айтып мақтанып жүргенмін. Осы жолы Жанұзақтың қалыңынан қасқырдың бөлтірігін тауып әкелмекпін. Онымды жұртқа күні бұрын хабарлап қойғам. Амал бар ма, үйдегі көңіл болмады. Әйтсе де жолдағы қалыңды сүзе өтейінші деген бір ой келді де, тал арасына басымды сұққанымда сауысқандар шықылықтап қоя бергені. Әбігер болғаны сонша, қалың үстінен топтала шүйіліп шыр-шыр етеді. «Тегін емессіндер ғой, білейінші» деп бетімді, қолымды жыртқызып шытырмаға ентелей түстім. Сауысқандар бір биік қорым талдардың үстінде шыр айналады. Талда бір қызғылт нәрсе бұлақтап тұр. Жүгіре басып келсем, тірі түлкі. Өз көзіме өзім сенер емеспін. Жақындасам, тістерін ырситады. Бұлқына-бұлқына әбден діңкесі қатыпты, жоғарыдағы сауысқанның ұясына секіргенде бала– пандарды ала алмаған, қанжардай қу бұтақ тілерсегін тесіп ұстап қалған. Міне, қызық, «ажалды аяқтағы суға тұншығар» – деген-ау, ит жүгіртіп, құс салып ала алмайтын айлакер алдымда тірідей ілулі тұр.

Түлкіні өлтіріп үйге әкелдім. Әрине, тал басында ілулі тұр екен дегем жоқ, мергендікпен атып алдым деп бөстім. Содан былай ауылдағылар мені «мерген бала» деп атап кетті. Шынында мергендіктің ишараты да болмайтын.

Осылай деп қарт сықылықтап күлді де:

– Екеуіңнің бүгінгі мергендіктерің менің бала кезімдегі сол оқиғамды есіме салды. Бір сөзбен айтқанда, екеуің де мылтық ата білмейсіндер. Сен ғой екі окты да далаға аттың. Біреуі

қаңғып барып мына бір сорлы көк аланы қан ғып, жаралап түсірді. Ал Қартабай аш қасқырдай аранын ашып, косауызды бірден жіберді. Әлсіреген біреуі текке өлетін болған соң обалсынып, мен атып қалдым. Тағы да екеуіне оқ дарып кетті. Олар да қатарға қосылмайды. Қопаға жығылып, қарақұсқа жем болады. Бекер-ақ әкелген екем өздерінді.

Жәкеңнің аркасы құрыстап отты көсеп-көсеп жіберді. Төкен ұялып отыр. Қартабай еркелікке басып:

– Біз ата алмасақ, төбеннен сүйкеп өткен үйректерді өзің неге атпадың? Тағы бізге ұрсасың,– деді бұртиып. Қария мырс етті.

– Екеуіңнің жаралап жібергендерің маған жетпей ме?– деді. Қартабай аулаққа барып әкесінің ішігіне оранып жатып қалды. Атай жанған отқа қарап отырып сөз бастады.

– Төкен, шырағым, өкпелеп қалған жоқпысың. Қонақсын ғой, саған айтылған сөз емес, Қарташты шындай түсу үшін ғой менікі. Ерке, қисықтау, өзімшіл болып кете ме деп қорқам.

– Уақасы жоқ, неге өкпелейін,– деді журналист.– Жалғыз-ақ түсінбейтінім – мана үстіңізден сүйкеп өткен үйрекке оқ шығармағаныңыз болды.

– Оны айтайын,– деді қарт күрсініп.– Осы жасымда бұл бейкүнә жануарлардың нешеуін түсірмедім. Қанжығаны қандап жүрдік. Өзімізге қараған кішкене ауылды құс етімен қарқ қылған кезіміз болды. Қартабайша аяусыз атқыладық жас кезде. Бәрі де бекершілік екен. Дәл осы жолы бастауға келмей-ақ қойсам деп ем, болмадыңдар ғой. Бастау деген құстар үшін қырғын. Жаз бойы еркін жайылып, адамдарға үйреніп алған су құстары адамнан мұншалық опасыздық шығады деп қауіптенбей, жандарына жақын жібере береді. Немесе, төбеннен төмендеп ұшады. Мұндайда сайланып отырған мерген жосылтып тастайды. Кәрі адамның көңілі сәбидей нәзік келеді екен. Оққа ұшып қан жоса болып жатқан жан иесін көрсем түршігіп кетем. Оның да өз себебі бар. Бұл Жасыбай деген ағанның мына сақалы текке ағармаған. Көрмеген бейнеті, шекпеген қасіреті бар ма? Мана шет жағасын айтып та бердім ғой.

Бала соғысқа кетіп, жас келін мен кемпір үшеуіміз қалдық. Жауға өшіккенім сонша, соғысқа баруға өтінгенімде военкоматтың айтқаны анау.

– Жаудан кегінді алғың келсе, жұмыс істе, соққының зоры сол болады деген соң аяйын ба? Жұмыстан келген кәр

болса көрсетейін,— деп жанымдағы шалдарды зорықтыруға айналдым. Шөпті тартып, егінді бастырып болған соң қысқа қарай ауданнан бұйрық келді.

— Жасыбай бас болып аңшылар бригадасын құрсын да, майданға ет пен май терісін дайындасын,— депті. Бұл төңіректе елік аз, он шақты жылдан бері атпай жүргенбіз: өссін, көбейсін дейміз. Елу шақты елік пен бес-алты бұлан бар шығар деп шамалайтынбыз. Қыс ортасына дейін жиырма елік пен екі бұлан атып өткіздік. Одан әрі шығындай беруге тұқымы құрып кете ме деп жаным шығып барады.

— Елік пен бұланды қалай ұстайсыздар?

— Тоспадан атамыз ғой, әйтпесе қалай? Орманның қай тұсында жүргенін із кесіп біліп аламыз да екі-үш адам тосып, сол шамалы адам айдайды. Мұндайда жілігінің майы бар жылқы болса, ісің алға басады. Анды мылтыққа айдап келу де үлкен өнер. Бірде бұланның бұқасы өзімді тапап кете жаздағаны. Мылтығым болмағанда Жасыбайды жұрт әлдеқашан ұмытып еді.

Отан қорғау қорына аң еті мен терісін өткізу жоспарын орындағаным үшін ауданның мақтау қағазын алдым. Онымен тұрақтағанымыз жоқ, аяқты анды доғарып қанатты құсқа ауыстық. Соғыс жылдарында осы төңіректе шіл мен қарақұр көбейіп кеткен. Құсты атып мол ет өндіре алмайсын. Сондықтан өнімді тормен ұстау керек. Ал қолымызда тор жоқ. Торды тоқуға ұзақ уақыт керек. Жіп тағы жоқ. Менің бірінші көмекшім Олжай амалын тапты. Айналып кетейін-ау, аңшылық десе жанын беретін еді-ау. Бұл қара жер кімді алмаған, ол да жоқ қазір.

Олжай мына Петровкедегі орыс тамырынан тор алып келді.

— Апыр-ай, қалай берді, көзінің қарашығындай қастерлеуші еді! — деп таңдандым.

— Оған қорғау қорына құс етін дайындауға деген соң сөз де айтпады. Ескі дос қой, қартайыпты бейшара, көзден де айрылған,— деді Олжай. Олжай жалғыз көзімен жер түбіндегіні шалатын қу:

— Қара құр көп, бірақ қайтсек бір жерге жинаймыз бұларды,— деді.

— Асықпа, Олжай, бір жөнін істерміз,— деймін.

Біз күткен боран да соқты бір күні. Боран болғанда ат құлағы көрінбейтіннің өзі. Бір күн, бір түн ылаңдатып алып ашылды. Бораннан соң үскірік аяз соқты. Жан-жануарлардың қысылатын кезі.

– Ал, Олжаш, тарттық, – дедім. Күні бұрын дайындап қойған ұшырындыны екі қап қып артып алдық. Жұмыртқадай аппақ дала үстінде құр дегенін жүйіткіп ұшып жүр. Әр жерге қонып тепкілегенімен карды аударып тастай алмайды. Бізге керегі де сол. Ұшырындыны төгіп, алыстан бақылаймыз. Құстар ұшып келе бастады. «Қанды басынды бері тарт», – дейді Олжай қутындап. Келер күні тағы төктік, үшінші күні тағы.

Құрлар әбден үйреніп алған соң бір күні түнде келіп торды құрдық. Тор болғанда ат шаптырым дүние екен. Етектерін қазыққа бекітіп ортадан тіреуіш қойдық. Арқан бойы жерге кішкене қос тұрғыздық. Таңға дейін бітіріп кетіп қалдық. Күн сайын жем шашып алыстан бақылаймыз. Құрлар келгенімен бірден кіре қоймайды. Жиектегіні шоқып жеп, ұшып кетіп жүрді. Соншалық қауіптің жоқтығын сезіп, үйренісе бастады. Қалқайып тұрған қостан да қауіптенбеді.

– Торды басайық, – деді Олжай.

– Шыдай тұр – деймін.

– Жүйкеме тидің-ау әбден, – деп күйгелектенді. Бізге ең қауіптісі өзіміз тілеген ақ боран. Құрлар үйреніп болмай жатып соғып кетсе, істі бүлдіреді-ақ. Бір күні буын-буыным сырқырап шықты.

– Ал, Олжаш, тор түсіреміз, бұйырғаны болған шығар, – деуім мұң екен, Олжай түн ортасынан қақпамды теуіп тұрып алғаны. Онсыз да інірден кішкене Қартабай шырылдап жылап ұйқы бермеген. Қанипа байғұс бөпесін бауырына басып түні бойы аялап шыққан. Баланың ет қызуы көтеріліп, жақ жаппады.

Көліктерді өзекке жасырып, Олжай екеуміз торға келсек, жел шайқап тұр екен. Мұндайда құрлар жоламай кетуі де ықтимал. «Тәуекел, көрейік», – деп қосқа кіріп отырдық. Сабан жапқан тар қостың ішінде бір ішікті жамылып Олжай екеуміз отырмыз. Үркер жамбас тұсқа ауып шалқайып барады. Таң қайда, біз қайда?

– Ерте келген екенмін, – деймін күңкілдеп.

– Ештеңе етпес, – деп бүрісе түседі Олжай. Аяздың күштілігін енді сезе бастадық. Киімдеріміздің жылуы болмады. Аяқ тоңған соң, қол тоңған соң дене қалтырайды. Шыдап бақтық, қай қиыншылыққа көнбей жүрген бас. Шыңылтыр аспанда суық жұлдыздар жымыңдайды. Көз алдымызда тіреуіші теңселіп үлкен тор көрінеді. Олжай өз демімен өзін жылытып

бұйығып, көзі ілініп кетіпті. Маған ұйқы қайда, өткен-кеткен есіме түсіп елегізімін. Аңсағаннан хабар-ошар болмағанына бірнеше айдың жүзі болды. Ауылдан кеткен жігіттерден жаманат хабар бар. Ондай хабарды көзі жылаудан аққан ата-анаға естіртуге үнемі мен бастап барам, Шейіт болған жігіттің жанашыры ауру, дімкәс болса, естіртуді кейінге қалдырамыз. Ондай хабар құпия сақталынады. Сондай- сондай құпияда тұрған жігіттердің біразы маған аян. Аңсаған да солардың бірі болмасына кім кепіл? Онда күнім не болмақ? Анау жарымжан Қанипа сорлының күні не болмақ? Аллаһ, мұндай да заман болады екен-ау, көзің аққыр Гитлер-ай, саған не жазып едік!..

Келін болса төркініне кетті. Одан Қарағандыға ФЗО-ға жөнелтіпті. Қанипаның жалғыз кішкене алданышы ауырып, тағы күйзелтіп тұр. Осы бала келгелі сонау келіншек кезіндегідей маңайынан жас иіс аңқып сергек, мейірбан болып алған. Қайтқан тас шандырынан сүт парлап, қайта жасарған рәуіште еді. Қас кылғандай ол да аурушаң болып тұрғаны.

...Жәкең әлдеқашан сөніп қалған отты қайта үрлеп үстіне шырпы тастады. Торы бие көлге қарай кетіпті. Жайсаң көлден қамыстың шуылы, гуілі естіледі. Атай насыбайын ауыстырып салып:

– Қонағым, карт адамның мылжыны көп болады, шаршатып жібердім бе, мызғып алсаң жарар, көрдің бе, Қарташ рахаттанып- ақ жатыр,– деді.

– Жоға, ұйқыны қойыңызшы, – деп Төкен қозғалақтап қалды.– Айта беріңіз, тіптен қызық әңгіме екен.

Қария бурыл сақалын салалап аз отырды.

– Жұртым-ау, жалғыздан не хабар білесіңдер, жалғызым өлсе, бұл дүниенің керегі қанша,– деп Қанипа бейшара зар қағады. Қария өңкендеп барып ұйықтап жатқан баласын қымтап келді. Төкен темекі тұтатты.

– Жәке, анық білмей отырған бір жайым бар, сұрасам ренжіп қалмас па екенсіз?

– Неге ренжиін, айт, сұрай бер шырағым, тек кейін, кейін. Сөзімнің желісін бұзбашы. Иә, сонымен құр аулап отырмыз. Олжайдың денсаулығы пәлендей болмайтын, суық өтіп ауырып қала ма? деп, оған да жаным ашып барады. Оятып алдым.

– Олжаш, сен көп ұйықтадың, ұйықтаған адам тоңғақ келеді. Қол-аяғыңды қимылдатып, тіршілік қамын істеші.

– Апырай, түн де ұзақ екен-ау,– деп есінейді. – Көп ұзамай келе бастайтын шығар.

– Келеді,– дедім мен қарауытып тұрған орман керегесінің басына қарап. Жарық болған сайын тағатымыз таусылды. Бір кезде Олжай шынтағымен түртіп қалды.

Бозғылт жиектен тозаңдай бұрк етіп ұсақ нокаттар шыға келді де, бері бет алды.

– Үндеме, кимылдама! – деймін Олжайға сыбырлап.

Нокаттар үлкейіп үстімізден асып кетті де, қанаттары сусылдап қосты жайқап өгіп тордың іргесіне қонды. Қонды да жан-жақтарына мойындарын созып сақтана қалды. Қанатының ұшымен жер сызған аққабақ қоразы торуылдап торды айналып қарап жүр. Басын сұғып көріп қайта шықты. Ішке кіріп жемді тепкілеп қалғандарына белгі берді. Қара құрлардың бір тобы жемге бас қойды. Шамасы оннан артық. Көп ұзамай басқа топтар ұшып келе бастады. Алғашқылардай көп сақтыққа бармай, жемге ұмтылысты. Әр топтың қораздары қағысып қалып та жүр. Құстар түгел келіп болғанға ұқсайды. Алды тор астынан шығып іргені тепкілеп жүр. Бірлі-жарымы ұшып кетті.

– Тарт!

Ұзындығы жиырма метрлік, көлденеңі жеті метрлік үлкен тор жалп ете түсті. Жалп ете түсті де, желпініп тулап кетті. Қаракұрым көп құр торды көтеріп әкетердей болып дүр-дүр етіседі. Олжай аузын ашып қарап қалыпты.

– Неге тұрсың, соқ! – деп ақырдым. Таяқпен тор сыртынан сокқылап жүрміз. Торға түскен құрларды түгел жығып болғанда көйлегіміз терге малынды. Соңғы құрды шекеден қағып жатқызды да, Олжай қар үстіне аунай кетті.

– Уһ, кеудем-ай, – деді ол алқынып. Менде де дәрмен қалмапты. Ентігімді басып насыбай аттым да:

– Ал, қозғалайық, Олжаш, сен көлікке бар, мен құрларды бір шетінен алып қатыра берейін,– дедім.

Олжай теңселе басып өзекке қарай кетті. Мен тордың бір басынан ашып ап-ауыр құрларды шығарып қар үстіне қоя бастадым. Құрдың тұмсығын қайырып топшысының астына салу керек. Әйтпесе дайындау мекемесі қабылдамайды. Айналаны құрға толтырдым. Олжай аттарды қаңтарып маған көмектесті.

– Үйге апарып қатырсақ болмай ма?

– Үйде мұнша құрды жаяр орын жоқ қой. Әйтеуір өзіміз істейтін жұмыс болған соң екі-үш сағатқа шыдайық,– деймін.

Олжай үндемеді. Құрларды жайып салып санағанымызда екі жүзге тарта болды.

– Анау он бес құрды бөлек қой, ауылдағы кем-кетікке үлестіріп берейік, көптен сорпа ішпеген байғұстарға. – Олжай да құптады. Қар үстіне жайып салған құсқа қарап қуанамын, ішім де ашиды.

– Обалдарың Гитлерге болсын, жануарлар! – деймін.

Осылай деп қарға сылқ етіп отыра кеттім. Басым айналып, жүрегім өрекіп барады. Қатты шаршағанымды сонда білдім. Қыстың қайратсыз күні іргені жағалап түстікке ауа аяз күшейіп кетті. Олжай қар үстіндегі құрларды аударыстырып көріп бас шайқады. Жақ жүні үрпііп, кескіні ақ шөлмектеп ағарыпты, қалтырап тұр.

– Олжаш, тоңып қалдың ғой, үйге бара берсейші, – десем.

– Өзің оңып тұрмысың, сенен артықпын ба? – дейді. Құрларды екі қапқа тиеп, үстіне тор артып, ырғап-жырғап ауылға қайттық. Үйге келсем Қарташ әл үстінде. Қанипа бейшара баланы жылы суға салып, былау жасап, ырым-жырымдарын істеп арпалысулы екен. Кескіні суық далада түнеп келген менен де жаман.

– Құдай-ау, осы бір сәбиімді алғанша, мені ал! – деп мойнына бұршақ салып отыр.

– Қатын-ай, Қанип-ай, қысқа ғұмыр тілемеші, көрер қызығың алда емес пе? Аңсағандай жалғызымыздың қызығын да көреміз, о не дегенін?!

Қанипа бейшара тәубеге келіп, үндемей қалды.

Олжай үйіне бара жатты. Сол жатқаннан көктем шыққанша жатып, қара өзек шақта дүниеден қайтты. Соғысқа жібер деп военкоматқа барғанда «ішкі құрылысында сау жер қалмапты, винтовка арқалауға да халың жоқ» деген екен. Тор түсірген жолы суық өтіп, онсыз да дінкелеген адамды үзіп жіберіпті. Соңғы рет көңіл сұрай барғанымда қырып алар қызыл қалмаған Олжашым.

– Жасыбай-ай, бауырым-ай, мына бір кеселдің мықтап мендетіп тұрғаны, тегі алмай қоймаса керек. Арманым – Гитлер сұмның қақпанға түскен қасқырдай шоңқиғанын көре алмай барам – ау, – деп еді боздақ. Иә, есіл ер-ай!..

– Уақыт болған екен, көрдің бе, таң сібірлеп келеді. Қартабай, уай, осы сенің ұйқың-ай, тұрсайшы, – деді Жәкең дауыстап.

Аздан соң тоспаға кетіп бара жаттық. Қария аркан бойы алдымызда, бойын тік ұстап адымдай басады.

ОҢ САПАР

Шакан үйге жаурап жетті. Сапардан оралған беті. Мұзды тайғақ жолмен тынымсыз жүйткіп, күні бойы жүрді. Адамның төзімі таусылатын ұзақ жүрістен соң, жып-жылы ошақ басына келіп бел шешті. Балалары жан-жағынан тартқылайды. Әр қайсысын еркелетіп, ойнап шаршағаны лезде ұмытылды. Құшак-құшак аппак буға араласып, есіктен біреу кіріп келеді. Мұртына сүңгі катқан адам кірген бетте именіп қалды.

– Гафу етіңіз, сізде бір шаруам болып... – деді. Ауылға өткен күзде көшіп келген, тісі тісіне тимей қалтырап тұр. Жалбыр мұртынан су тамшылайды.

– Иә, сізде тығыз шаруам болып... – деді ол тағы да. Қарттын немересі хал үстінде жатыр екен. Сағат сайын төмендеп барады. Ауылдың бұдан басқа шоферлері сапардан оралмаған. Шалдың соңғы үміткер адамы осы Шакан еді. Бұның да үйге бас сұғып, бойын жылытып отырғаны осы.

– Аздап ыстық ұрттап алсам деп едім, – делі жігіт. Қатты тоңғанымды үйге келген соң сезіп тұрмын.

– Баска лажым қалмады, – деп шал отыра кетті.

Терезе аппак болып қырауытып тұр. Шакан сорпаны асығыс ішіп, нанды жүре шайнап, киіне бастады. Суыққа беттегісі келмейді. Шайға деген суды құйған соң мотор тез оталды. Машина тағы жолға шықты. Қар жамылып жатқан шексіз дала төсіне өрмелеп қос жарық келеді. Алда көз тоқтатар бұлдыр жоқ. Байтақ көкті кымтап алған қою кара бұлт бар. Қар ұшқындап тұр. Бульдозермен аршып тастаған жыра кей жерлерде ақ шатқалдарға айналып, биіктеп кетеді. Үскірік жел айдама қарды үйіріп жол табанына тығындап жатыр. Шакан қой көзімен алға тесіле қарайды. Толықша бұжыр кескіні қуан тартыпты. Мандайында әжім сызықтары айқындала түскен. Рөлді ерсілі-қарсылы бұрып келеді. Мотор кейде азынап, кейде мұңды әуенмен сыңсып, ызындайды. Әйнектің сыпырғышы бұлаң-бұлаң етеді.

Қарт жанында отыр, алдында немересі. Бала локсиды, тісін шықырлатады, кабина бусанып тарылып кеткендей. Машина басқаруға бөгет болса да, шалды сыртқа отырғызуға обалсынып,

өзі зорлап кабинаға мінгізген еді. Шал бір уыс болып қалыпты. Көздері немересінің кескінінде, аппақ кірпіктері суланған. Баласынан қалған жалғыз тұяқ сүйеніші еді. Жол үстінде шырақтай сөніп барады.

Машина малтыға берді. Міне мотор азынап тұр. Тоқтады. Шаканның күткен корқынышы да осы еді. Байқаусызда жол табанынан тайып, қалың қарға белуарынан батып кетіпті. Секіріп түскен жігітті мейірімсіз ақ түтек басқа-көзге төпей жөнелді. Машинаның қалай батқанын көріп болғанша қойны-қонышын тығындап болды. Жігіт қарды есіп лақтыра берді. Аршыған жерді қаскөй боран қайта тығындап бекіте түседі. Әбден алқынды. Моторды от алғызып жұлқып та көрді. Қопаң-қопаң етеді, суырып шыға алмайды. Тағы қазу. Көзіне ашы тер құйылады. Артта жарық көрінді. Ұйытқыма боранды жарып жақындай түседі. Шакан қуанды, тросты іліп дайындап қойды. Машина көзді қиған өткір жарығымен жасқап өте шықты. Қол көтерген мұны қағып құлатып кете жаздады. Тоқтамады. Арт жағынан қып-қызыл шоғы жылтырап алыстап барады.

– Не деген мейірімсіз еді, – деді қарт.

– Оқасы жоқ, ақсақал, қапа болмаңыз. Қазақта «Жаманға жалынғанша, өз жаныңды қарман» деген мақал бар. Тірі жанбыз, бірдеме етіп шығарармыз.

Алаканына түкіріп қаза бастады. Бар күшін аямай кірісті. Содан кейін моторды азынатып алып, жұлқып қалды, машина тенселіп барып, ілгері қозғалды. Шакан маңдай терін жеңімен сүртіп, көзін қатты уқалап жіберді. Ұшыртып келеді. Жол қиындай бастады.

Сырат бала атасының алдында сұлап жатыр. Шал сіңірлі мойнын созып, түтеген боранға қарайды. Бір кезде алдыңғы жақтан жылтырап әлсіз жарық көрінеді. Машина тоқтап тұр. Жол ортасына жүгіре шығып, қос қолын бірдей көтерген шофердің үсті аппақ қар. Жігіт қолын түсіріп шеттей берді. Шакан манағы тоқтамай кеткен машинаны таныды. Ашуы асқынып, жүрегі алқымына тығылды. Үлкен қылмыскерді қолға түсіргендей ширығып кетті. Газды баса беріп, аяғын тартып алды. Тоқтады. Жігіт бүгжендеп тұр.

– Не болды?

– Бензин таусылып... Тістері сақ-сақ етеді.

– Әкел шелегінді!

Бейтаныс шофер Шаканды құшақтап бетінен сүйді. «Рахмет ағатай, мен енді ешқашан да жолдасты жолға тастамайтын болам! Ешқашан да...»

– Жә, жетті!– деп ақырып қалды. Машина ілгері зырлады. Қос жарық ұйытқып тұрған қарлы боранды шарпып өтті. Тас жол солға қарай ойысқанда орман арасынан шамдар жарқырап қоя берді. Совхоз орталығы қол созым жерде сияқты. Тар кезеңде тұмба күрткі бар екен. Машина өрмекшінің торына оралған шыбындай ызындады да қалды. Газды ақырына дейін басып қозғап-қозғап қойды. Тапжылмайды.

– Тағы да, енді тағы, кішкене, – деді Шакан тістеніп.

Мотор булығып сөнді. Ыктасынға үйіріп әкеп тыққан қалың қардың ені жалпақ болып шықты. Қазып тауыса алар емес. Ауру бала локсиды, кеудесінде сырыл бар.

– Апырай, шын қырсыққан шал болдым-ау, Зигмас, Зигмас, қуатым менің, көзінді ашшы, көзінді!

Баланың құлағына қайта-қайта дауыстайды. Шаканның маңдайынан суық тер бұрк ете түсті.

– Аксақал, баланы маған беріңіз.

– Неге?

– Беріңіз деймін!

Ауруды арқалап селоға қарай жүгіре жөнелді. Жол-омбы қар. Малтығып келеді. Баланың бойы ұзарып, жансыз дөңбектей икемге келмейді. Бірде иығына салады, бірде қолтықтайды. Бала тебінеді, тыпырлайды. Шал ере алмай қалып қойды. Боран маңайдан ұрып, адымын аштырмайды. Село алыстап кеткен, оттар да күңгірт тар-тып тұтасып алыпты. Шакан артқа қарайды. Шал адасып кала ма деп қауіптенеді. Әйтеуір қараңдап келеді екен. Тағы ілгері қозғалды. Жігіттің денесі тер болып еріп, демі таусылды. Алқынды. Жиі сүріне бастады. Иықтары салдырап ауырлықты сезінуден қалды. Кеудесі қысып, қолкасы үзіліп бара жатқандай. «Шыда енді, көп қалған жоқ, әне тақау тұр» – деп өзіне өзі қайрат береді.

Үйлердің терезелері анық көріне бастады. Бірін-бірі көтерген екі адам дәрі иісі анқыған кең дәлізге кірді. Үсті-бастары сірескен мұз. Баланың басы мен қолы салбырап тұр. Жігіт еңтіккен. Аурухана қызметкерлері аяқтарынан тік тұрғызылды.

– Мұнда жеткізбегенде сағаттық қана ғұмыры қалған екен,– дейді дәрігер күлімдеп.

ШӨГЕЛДІҢ КӨК БЕСТІСІ

– Сіз көк бестіні көрдіңіз бе?

– Жок, көре алмадым.

– Ойпырай, көп жылдар өткен екен ғой.

– Әлбетте, бірқыдыру заман өтті, – деп Тәкбаян қарт ұзақ ойланып қалды. Алғыр қырандай тастүйін болған бәкене шал қызыл көзімен құландар қалықтап жүрген сонау сарғылт далаға қарады.

– Көп уақыт өтіпті, онда мен туған жоқпын. Әкем Бапалақтың жастау кезі болса керек. Бертінде жел жетпес көк бесті жайлы әкем тебірене айтып отыратын. Көк бестіні ауызға алмай сөз сөйлеген емес. Ат бабы, қыран күйі айтылғанда, тілдің тиегі көк бесті болатын. Көк бесті бесті күнінде мерт кетті, ат болып қабырғасы қатып жегіле де алған жоқ.

– Айтыңыз ата, қалдырмай айтыңыз, – деп қартты ортаға алдық. Тәкең шоқша сақалды қоңыр бетін сипап қойып, сөз бастайды:

– Ертеректе, патша заманында, етікшілікпен күн кешіп ел аралап жүретін кедей ақысына деп бір мәстек бие алып қайтады. Шашасы жер сызған кәрі бие екен. Әлгі етікші біздің үйге келіп қонып отырып, көк мәстектің жетекке жүре алмай бейнет болып келе жатқанын айтады. Атам Шөгел ақсақал биені көріп жабыса кетіпті.

– Қонағым, мына көк мәстекті маған сата көріңіз, не алсаңыз да қолыңызды қакпаймын, – дейді.

– Бұған соншалық неге құмар болдыңыз, түрі болса мынау: арка-жоны жауыр, өзі көтерем, – депті етікші.

Шөп шайнаған сайын көз майы лықсып шығып бүлкілдеп тұрған көк биенің алды-артын орап, Шөгел шал құмар көзбен қарай беріпті.

– Пәлі-пәлі, тар құрсақта шиыршық атуыңа болайын! – деп сүйсініпті. Ештеңеге түсінбеген қонағы:

– Несі бар, не қылығы ұнады бұл керенау көктің? – деп сұрайды. Атам тұмағын қолына алып, мәстектің іші мен кеуде қуысын кезек тыңдап:

– Шіркін сабаздың өзі екенсің-ау, іштегі құлынның жүрек соғысы бесті аттыкіндей екен тура! – деп таңдайын қаға беріпті. Айтқаным айтқан, шырағым, қалағаныңды ал да, көк мәстекті қалдырып кет. Бұл қалыпта еліңе жете алмайды. Мынадай зілдей жүкті жеткізе алмайды.

-- Болдыруы анық, жете алмайтынын көріп келем, несі бар екен? -- деп жолаушы қарттың аузына қарайды.

-- Жігітім, Шөгел шал десе осы төңірек түгел біледі. Байлығым да, билігім де жоқ. Атбегі, құсбегі ғанамын. Көп жылғы тәжірибем алдамаса, көк биенің ішінде тұлпардың тұяғы жатыр. Жүйрік жылқы нәсілі бар. Шөгел кате сөйлеп көрген жоқ,-- деді.

-- Салған қолқаңыз көк мәстек болса, алыңыз. Өзіңіз біліп қайырымын қайтарарсыз.

Атам маңдайға басқан екі биенің бірін жетектетіп жіберіпті.

-- Шөгелдің қартайғаны емес пе? Мәстектен тұлпар туады дегені кемігені ғой, -- десіпті жұрт. Олардың сөзіне құлақ аспаған атам көк биені күтіп бақылаумен болады.

Көкек айы туа бие желіндейді.

-- Бапалақ, а, Бапалақ, бері келші, балам, -- деп атам әкемді шақырыпты. Әкемнің бозбала кезі екен.

-- Биені өріске апару керек. Боз оттасын. Бірақ жанынан екі елі қалма, көп ұзамай туады. Қолыңнан туғыз. Ұйықтап қалсаң, не ойнап кетсең, менен жақсылық күтпе,-- деп тапсырады.

Бір күні бала әкесіне келіп:

-- Әке, сүйінші, көк бие құлындады, еркек кара құлыны бар,-- дейді.

-- Құлын туғанда қалай туды?

-- Туған бетте бауырын жерге тигізбей бірден қарғып тұрды.

-- Бәрекелді, солай болар деп едім. Шөгел әлі қартаймапты. Ал, балам, құлынды көз жазбай күтіп бак. Қасқырға жегізбе, ұрыға алғызба, әйгілі ат болады, бағың бар екен.

Құлын құнан шыққан жылы бозғылт тартып өзгеше түлейді. Қара жүнін тастап көк құнан болуға анық бет алды. Бапалаққа әбден үйреніп алған. Қайда барса соңынан еріп жүреді.

-- Міндетің көк құнанды өріске жайып оттатып келу болсын. Байқа, оған әсіресе қасқыр өш келеді. Сақ жүргейсің. Ол жауыздар жүйрік жылқыны қырымнан таниды, -- деп қарт Шөгел күнде қақылдап отырады.

Күз өтіп қыс келді. Қан сонар екен. Шөгел атам мұндайда үйде отыра ма? Түннен тұрып сонарға шығып кетіпті. Бапалақ сәске кезінде мал жайлап болып пішендікте жүрсе, сырғтан қиқулаған көп адамның даусы естіледі.

-- Аттан, алдынан шығыңдар!

Бапалак мая төбесінен қараса, ауылды жанай өтіп қасқыр сілтеп барады. Беті Астаукөл жак. Қалын камысқа кіріп паналамак ойын Бапалак бірден түсіне қойды. Қолда тұрған тұяк жоқ екен. Қызу қанды бала жігіт Бапалак көк құнанға жайдақ мініп, шарбактың бір қазығын суырып алып тартып кеп кетсін. Қыстау сыртына шыкса, қасқыр Астаукөлдің ойына жақындап та қалған екен. Тақымды қысып қалмай ма келіп? Жын ба, пері ме, көтеріп ала жөнелді. Көзді ашып-жұмғанша бұралаңдап бара жатқан қасқырға жанаса берді дейді. Жасынан сойыл сермеуді үйренгені тегін кетпепті. Бапалак қазықпен сипай салып өткенде, қасқыр аунап кетті. Осы кезде Шөгел бастаған топ келіп жетеді. Сұлап жатқан қасқырды көріп баласынан:

– Мынаны соккан сен бе? – деп сұрайды.

– Мен, – депті Бапалак мактанып. – Көк құнанмен бір-ақ ырғыдым.

– Сен болсаң, мә сыбағаң, мә сазайың! – деп Шөгел баласын қамшының астына алады.

– Апырау, Шөке-ау, баланың жазығы жоқ қой, – деп жұрт арашаға түскен екен.

– Көк құнан тұлпар нәсілді жылкы. Аңның қызығын көріп жүрмін ғой, ал көк тайды үлкен той-думанда бәйгеге қосайын деп ойлап жүргем. Енді бәйгеге бағы болмайды, – деді атбегі кинала сөйлеп.

Осыны айтып Тәкбаян карт ұзақ үндемей қалды. Мөлдір сағымды кешіп, шұбар табын алыстап барады. Қарт насыбайын иіскеп «әпшу!» деп қалды.

– Ата айтыңыз, сонан соң не болды? – деп жалбарындық. Тәкең бізді жалынта түскісі келгендей немесе әр жағын айтқысы келмегендей, кібіртіктеп отырды да, ауыр күрсінді:

– Айтып айтпай не керек, атам айтқанындай бәйгеге бағы болмапты. Ірі тойларға, астарға апарады. Үш жүз аттың алдында екінші, үшінші болып келіп жүреді. Бірақ шырқап шыға алмайды. Озуға жүйріктігі жетпегендіктен емес, бағы болмайды.

– Ал аңға қалай екен?

– Атама! Аң құтылмапты, – деді Тәкең көтеріле сөйлеп, – сойқан болыпты. Ол кезде біздің даламызда қасқыр деген қойша жайылып жүрген ғой. Жылқыға шауып екі күннің бірінде қан қаксатқан көрінеді.

– Соғып алушы болмаған ба?

– Болған, бірақ қайдан тауыса алсын. Көк тай дөнен шыққанда жүні ақ бурыл тартып, көшелі ат болыпты. Киіктің асығындай шымыр қалпымен оқша атады екен. Қар неғұрлым қалың түссе, көкбесті солғұрлым аянбай сілтесе керек. Әкем Бапалақ сонар күні қасқырдың алтау-жетеуін түсірген. Ұялы жыртқыштарды қуа жөнелгенде, соңынан ілескендер соғылған қасқырларды теріп алуға шақ үлгерген. Көк бестінің қарасын ешкім де көре алмайды, тек қалың қарды есіп кеткен жыртқынды ізі ғана қалған. Сонда тоң жерді кертіп лақтырып отырады дейді. Пай-пай, жануар-ай, сондай да жылқы баласы туған ғой! Не деген қайрат десейші! – деп Тәкбаян карт көздері жасаурап, төмен қарады. – Қалғанын кейін айтармын жалығып кеттім.

– Атай, аяқтаңыз, енді не болғанын білейік.

– Жарайды ендеше, бір шабысын айтып берейін. Аты-шулы бай, әрі болыс Токсан деген болыпты. Осы өңірге жарты патша атанып тұрған Токсан атама арнап кісі жіберіпті. «Шөгел тез жетсін, бір безбүйрек қасқыр күн сайын бір тайымызды жеп кетеді, әбден құртар болды. Не соғуға, не атуға келтірмей тұр», – депті. Естіген соң атам тұра ма, баласы Бапалақ екеуі тартып кетеді.

Танның бір ұйқысынан тұрып сонаршылар атқа қонған. Еснейдің Қайранкөлінің ну қамысынан қара қасқыр керіліп тұрып беті Ақсуат, обағанға қарай жөнеле береді. Қысылып қорқып тұрған жыртқыш жоқ, жәй шоақтап қыр асып барады. Шөгел қасқырдың түлкі ізіндей ұсақ аяқ таңбаларын ат үстінен құрықпен шұқып көріп таңдай қағады.

– Апырай, мынау өзіне-өзі сенген шығанның өзі екен. Басқан ізі қарды шегедей нығырлап отырыпты. Шалыс басуына қарағанда қаншық болу керек, ұзаққа салар-ақ, оңайлықпен беріспес. Қоржынында көк малтаң бар ма еді, жүрегін талып кетпесін. Қуып жетсең алдына шықпа, жазым етер. Бөкседен сипай сок. Балам, көк дөнен екеуіне бұл бір үлкен сын. Қараңғы түспей қарманып қал. Өйтпесең құтылып кеткені, – депті.

Бапалақ нар тәуекел деп қасқырдың соңына түсе қалсын. Атты шу дегеннен қыспай, жай сілтеп келе жатты. Қасқыр кішкене қара түйіншекттей ақ бұрқасынға оранып сары даламен батысқа қарай тартып барады.

Қасқыр қуа жүріп мұндай пәлені Бапалақ көрген жоқ екен. Көлге де, шілікке де, не бір пана табар жердің біріне бөгелмей ұзаққа сілтейді.

Қыстың шолақ күні тез өтеді. Қасқыр саябырлау түгіл шырыға салады. Бапалақ көк бестінің басын еркін жіберді. Күн бойы қарулы қолдың тежеуімен тұқырып келе жатқан бесті құс болып ұшады. Қасқырмен арасы тез жақындай береді. Бірақ жыртқыш та бойлауық екен, ышқына сілтейді. Алда көз көрім жерде бұрқыраған ақ шандақ қана көрініп келеді. Ақсуат елі артта қалғалы қашан. Қысқы күн қызыл мұнарға оранып көк жиекке асылады.

Бапалақ ашу шақырып көк бестіні камшымен сауырға тартып- тартып қалады. Өмірінде камшы көрмеген жануар шырқырап күн астына қарай ұша жөнеледі. Көзді ашып- жұмғанша кішкене қара қасқырмен қатарласа береді. Бапалақ бар қайратын жинап, қақ сойылмен сыпыра сермеп өтеді.

Ат лағып барады. «Тек, жануар, тәк-тәк» деп, Бапалақ үзеңгіні шірене тартып кейін оралады. Келсе, қара қасқыр шоқайып отыр екен. Көздері жап-жасыл болып, пышақ тістерін көрсетіп ырылдайды. Әкем бір түсірілген аңға екінші рет қол көтермейтін. Қасқырдың мойнына құрық салып сүйретіп елге қайтады.

Қасқырды Токсанға табыс етеді. Сойып көрсе, әйгілі бірішектің өзі екен. Бірішек дегені қарны сыбызғыдай, ұзаққа салса да шаршамайтын неме болса керек. Болыс аларын алса да, жарытып қонақасы да бермепті.

– Бұдан былай бай мен болыстың айтқанына жүрсем, қарғыс атсын!– депті Шөгел атам.

Иә, атам бір мұрт қисық адам болыпты. Әкеме де сол мінез дарыған. Қартайсам да, менде де қисықтық бар,— деп Тәкең мұртын сипап қойды.— Қисық болғаннан кім пайда көруші еді. Токсанның сарандығы жайлы Шөгел жүрген жеріне жайып отырған ғой. Болыс шамданған көрінеді. Қыстың бір сұрапыл боранды түнінде көк бесті қолды болады. Әкем мен атамның басына қаралы күн туды. Бастарын тауға да, тасқа да соғады. Із– түз болмайды. Көрдік, сездік деген де адамдар табылмайды.

Көктем шығады. Атам қабағынан қар жауып ел аралап кетеді. Бір күні арып-ашып, торығып оралыпты. Дағдыдағы қызыл күрең жүзі қуқыл тартып, бурыл сакалы ақ селеудей ағарып кеткен екен.

– Көк дөненді таптым,— деп еңіреп жылап жіберіпті...

– Міне көріңдер.

Қарт күпісінің қойнынан сақарға түсіп аппақ болған, бітімі өзгеше шеңбер қабырғаны қалтыраған қолымен қасиеттеп ақ орамалдың бетіне қойыпты.

– Қайран жануарды көзі қалай қиды екен,– деп аһ ұрады.

Өмір бойы алып емендей толқымай өткен қайсар қартты ағайын болып жұбата алмапты. Ақыры өзінен өзі ширығып белін шарт буыпты да үлкен өжеттікпен аттанып кетіпті.

Болыс, билер кедей Шөгелдің сөзін қайдан сөйлесін. Өзін ажуа қылады. «Қу тұлыпқа мәңірегендей, қу қабырғаға қарап айыптай алмаймыз. Мұндай қабырға толып жатыр. Заң бойынша көрген, білген тірі айғағынды әкел!»– депті. Сонда атам ашына сөйлеп:

– Осыдан артық қандай айғақ керек. Дәл бұған ұқсас жылқы қабырғасын құлақ естір жерден тауып берсеңдер дауым жоқ. Таппасаңдар ат менікі. Мына Жанторының ұрыларынан ат құны емес, ер құнын төлетіп беріңдер,– дейді. Билер сөзді байлаусыз қалдырады.

Жылдар өте береді. Атам Шөгел о дүниелік болады. Әкем Бапалақ та қартаяды. Кезінде ел арасы бүлінеді, болыс қысым жасайды деп сырды ішке бүккен адамдар көк бесті жайын жіңішкелеп жұртқа шығарады.

– Токсан болыс атама ерегіседі де, Жанторының ұрыларымен байланысып, көк бестіні ұрлатып сойғызған екен...

Төкең иығы селкілдеп, сіңірлі саусақтарымен қалтасын кармана берді. Орамалын алып онсыз да қып-қызыл көзін ұзақ сүртіп, үндемей отырды. Сонан соң:– Әй, балалар-ай, қайдағы бір ата қайғысын қозғаттыңдар-ау!– деп тізесін басып мамырлап орнынан тұрды.

КІШКЕНЕ ҚҰСАЙЫННЫҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ

Ел арасында қу тілді, көңілашар адамдар көп болған ғой. Солардың бірі кішкене Құсайын атанған қарт. Өзіміз көзбен көрген, кеңестерін өз аузынан естіген кісі. Құсекеңнің кей қылықтары Қожанасыр, Алдар Көсеге ұқсас. Ол тоқсан жасап бертінде дүние салды.

Сақал-мұрты аппақ, қызыл шырайлы, кішкене шалдың сырт пішіні жаңа жыл кешінде Аяз ата болып ойнаған қуақы балаға келеді. Әңгіме айтарда қып-қысқа аяқтарын астына басып, шарт

жүгініп алады. Әрі сөзі, әрі қимылы күлкі туғызарлық. Бірақ өзі әсте езу тартқан емес. Кеңес айтқанда оқиғаның желісіне қарай кескінін құбылтып кейде мүләйім, кейде ашушаң, кейде монтаны болып оп-онай өзгере береді. Ол кеңесін бастамас бұрын иықтарын селкілдетіп үнсіз күліп алады да:

– Әй, балалар-ай, кәрі кісіні әурелеп қайтесіңдер, – деп мырс-мырс күледі. Онысы енді кеңес бастайын дегені. Біз қуанып ентелей түсеміз.

БОРАҚАЙ

– Бозбала кезім, – деді Құсекең кешкі далаға барлай қарап. – Астымда тайынан үйреткен тор дөнен бар, жұқа сүйек, қара балтыр еді. Жасынан көк иық болғаннан ба сылбыр, ынжық. Оңашада шықпыртып зәресін алып қойғам. Ауыл қарасын көрсе, жол жорғасына салып тепектей жөнеледі. Құйрығын түйіп, кекілін тарап әуреленіп жатқаным. Торы дөнен болса біздің үйдің шаңырағына біткен жалғыз дөңгелек тұяқ. Содан ба, мен үшін одан жүйрік, одан әсем жылқы жоқ сияқты.

Торы дөнен осылай торы дөнен болып тұрғанда Қарауылдағы апама барып келейінші деген ой келді маған. Әке-шешеме айтып едім, барып кел деді. Ұзын сөздің қысқасы, елең-алаңда сипай қамшылап жолға шығайын. Мына Жалпақталдың арғы тұмсығында біреу салпақтап барады. Қуып жеттім. Келсем салтақ құлаға мінген Қантайдағы Борақай деген кісі. Жөн сұраса кеттік. Оның да беталысы солай қарай екен.

– Жол серік болдың ғой, бала, бәрекелде-е-е, – деді Борақай кеңкілдеп. Істік қара сақалы, келте қара мұрты мен мол денесі жауға аттанған қас батырға ұқсас еді.

Астындағы топырыш құла тілерсегі майысып ауырлап келеді. Танауынан құшақ-құшақ бу атқылап жиі пыскырынады. Көздеріне тер құйылып құлақтары салпақтап қалыпты. Қыстың қысқа күні болса да май тоңғысыз жылы.

– Бореке, қансонар деп осындай күнді айта ма? – деп сөзге шақырып едім, үн қатпады. Насыбайын қостанауға кезек иіскелеп келеді. «Сонар деген де сөз болып па?» – деген жайбаракат қалпы бар. Алып денесімен ерге жантая отырып ойға кеткендей. Мен де қайтып сөз қатпадым. Салтақ құланың мимырт жүрісімен Борақайдың іш пыстырарлық үнсіздігі зеріктіріп кейде шоқытып

алам. Боракай болса салпак жүрістен таймайды. Екі тізесі тыныш таппай қапталдықты ұрғылайды. Жолсерік болдың деп қуанғанымен мені жан құрлы көріп келе жатқан ол жоқ.

Есіл алқасына құлағанымызда күн ұясына домалап бара жатты. Батар күннің шапағы мешіттің күміс айшығына шағылысып жарқырап тұр. Ауылға кірдік. Иттер шабаланып қарсы алды. Кешкі аязда ақ түтін шұбатыла ұшады.

– Қайда түсеміз? – деді, оның бар тіс жарғаны. Өзіме билік тиіп тұрғанда:

– Анау үлкен үйге барайық, – дедім. Боракай мұрт астынан мысқылдап:

– Үлкен үй үлкендігін істеп біз құралпы кедейлерді жуытпай жүрмесе, – деді.

Жолаушы салтында ауылдың үлкен үйіне түсу бар. Бірақ біз сияқтылар емес, жілігі майлы, жақсы-жайсаңдар сөйтетін. Біз солардан кембіз бе деген бір өзімшілдік пайда болды да, тор төбелдің таса жағынан білдірмей тебініп шеки аяндатып, үлкен мама ағашқа келдім. Қорбандап түсіп жатырмыз.

Боракайды алдыма салып қара көлеңке қораның түкпіріндегі есікке қарай жүгірдік. Табалдырықтан сүріне-қабына аттадық. Кең бөлменің дәл ортасында батып бара жатқан күнге қарап үлкен адам отыр. Сақал-мұрты бурыл тартқан. Боракайдан да ірі кісі жұп--жуан мойнын бері бұрды. Кескіні ызғарлы еді, сәлемімізді асығыс алып:

– Тез намазға тұрындар, ақшам өтіп барады! – дегені. Боракай саскалақтап:

– Апыр-ай, отағасы-ай, дәретіміз жоқ еді, – деді.

– Дәреттерің болмаса тез дәреттене қойыңдар, – деп дігірлемесі бар ма? Боракайда береке қалмады. Үлкен денесін қайда қоярға білмей бүрісіп тұр. Мен пәледен құтылу үшін қасақана:

– Хазірет, – дей беріп едім.

– Екеуіне екі құман су құйып беріңдер, тез! – деді. Амалымыз құрыды. Қысқы кеш ызғып тұр. Шомылмақ түгіл, қорада қол жуу бір қиямет.

– Қарағым бала, мынау қалай болды? – деп Боракай маған жалтақтай қарады.

– Бетінді, басыңды жу, мұрнына су ат, құлағыңа су жүгірт, – дедім мен. Борекең аһылап-уһілеп айтқанымды істеді.

– Тоқымадан шүмекті шығарып суды сыртқа төгіп таста,– дедім. Өзім де соны істеп, қалтырай тоңып үйге қарай жүгіре жөнелдім.

– Әй, бала, тоқта, титтей кідірші,– деді есікке тақап қалғанымда.– Қарағым бала, мен намаз оқыған кісі емеспін. Не деймін, қалай оқимын?– деп күсті ірі қолдарымен иығымды сығып жіберді.

Қапелімде оған намаз үйрете алам ба? Жалғыз-ақ айтқаным:

– Бореке, кам жеменіз, анау үлкен кісі не істесе, соны істе, көз жазып қалма,– дедім. Борекең басын изеп қойды. Риза болған қалпы бар.

– Бәрекелді, тез жайнамазға тұрындар,– деп үлкен кісі орнынан көтерілді. Борақайды арғы бетке жібергем. Ол жақта, биік төсек алдында сол үйдің бойжеткен қыздары іс тігіп отыр. Күліп қоям ба деп, тасалана бердім.

Үлкен кісі «түтелмісіндер» дегендей, екі бетке кезек қарап алды да бармағын құлақтарының жұмсақ жеріне тигізіп азан айта бастады. Сол-ақ екен Борақай да орнынан тұрып өрекіп:

– Аллаһу ақпар, ашадан айналайын,– деп азаншымен қабаттасып барқырай жөнелмесі бар ма? Етегінен тартып «тоқта» десем, «қатты дауыста» деп ұғып, күшейіп кетті. Борақайдың дауысы азаншыдан басым түсті. Күлкім келіп барады. Тістеніп алдым.

Азан айтылып болды. Сәждаға бас қойылып жатыр. Борақай бір жақ құлақ шекесін жайнамазға тигізіп, бір көзін үлкен кісіден айырмайды. Тұрса тұрады, бүгілсе бүгіледі, еңкейсе еңкейеді. Намазға ит қорлықты көрсетіп жатыр. Өзі де әбден қара тер болды. Қолапайсыз үлкен денесімен иіліп, бүгілу бір қиямет сияқты. Еңкейген сайын тері шалбарының ышқырлығынан жалаңаш белдемесі көрінеді. Борақай жақтағы қыздар жағаларын тістеп бүрісіп қалыпты. Иықтары үнсіз селкілдейді. Менің де құр жаным тұр. Бір кезде намаз ақырына тақалып, молда сақалын жыбырлатып тасфиқ тарта бастады. Сырт қараған адамға ұзын тасфиқтың қоңыр тастарын мұқият есептеп отырған сияқты еді.

Борақай енді не істеймін дегендей, еңкейіп маған қарады. Қолдарымның буындарын шұқып, қалай тасфиқ етуді ымдап көрсеттім. Ол жүзі жылып, түсіндім дегендей болды. Сөйтті де орнығып отырып алып, саусақ буындарын «біреу, екеу, үшеу» деп зор даусымен гүжілдеп санай бастады. Манадан тығылып

отырған қыздар күлкіге булығып шығып кетісті. Езу тартуға хал жок. Борақай болса санды жүзге қарай алқындырып барады. Бір кезде имам сакалын сипап екеуімізге кезек қарап алды да:

– Мүскіндерім-ай, барып тұрған надан екенсіңдер, – деп ызбарлана тіл қатты. Молданың бұл ғайбатын Борақай үлкен мақтау сөз деп ұғып іс тындырып тастағандай жұтынып отыр. Қиямет көретін намазды да әп-сәтте оқып тауысып алды. Әрі кетсе хазірет, әйтпесе осы елдің мықты молдасы мына дәу адаммен тізе қағыстырып намаз оқу деген әркімнің қолынан келе бермейтін іс. «Әй балақай-ай, жақсы жерге түсіріпсің, жігіт екенсің» дегендей, жылыұшырап маған қарайды. Өмірі молдалықпен өткен адамдай шарт жүгініп алыпты.

Үй иесі біреулерді шақырып ым қақты. Екеуімізді жетектей жөнелді. Сол қалпымен қораға бір-ақ шықтық. Бір жағына қозы, лақ қамалған балшық үйде, шөп төселген жер сәкіде екі– үш адам отыр. Үсті-басын кір басқан жалақ қара жігіт сырылып орын берді.

– Әлгі хазіретпен намаз оқыған молдалар екенсіңдер ғой, – деп сықылық ата күледі. – Хазірет бұларды намазға жығып, мол сауапқа қалам десе керек.

Көже катық ішіп кисая кеттік. Таң атпай Борақай жұлқып оятты.

– Немене?

– Кетейік.

– Неге?

Жауап катпады. Тері шалбарын қаудыратып шапшаң киіне бастады. Ауылдан шыға:

– Аллаһу ақпар, аллаһу ақпар...– деген азаншының даусы күңіреніп қоя берді. Борақай салтақ құланың үстінде құнысып кетіп барады. Тұмағының құлақ бауын тас қылып буып алыпты. Көпке дейін үн катпады. Былай шыққан соң кең даланың еркін ауасымен тыныстап:

– Апыр-ай, құтылдық па?– деп қалып, тепектеп жорта жөнелді.

Қайтарда тор дөненді лекітіп оқ бойы келе жаттым. Хазіреттің ауылына тап анадағы мезгілде, күн батарда жеттік. Ат басын іркіп Борекеңді тосып алдым.

– Ал отағасы, қоналқа уақыт болды. Әнеугі үйге барамыз ба, әлде басқа үйге ме?– дей беріп едім, Борақай қарсы шабар сілеусіндей шамданып:

– Әнеугі үйді бас кылып бүкіл осы ауылды өрт алсың, котаннан шауып өте шық!– деді.

Осыны айтып Құсекең жамбастап қисая кетті.

ПЕТНӘ ҚҰСАЙЫН

– Құсеке, сізге осы «Петнә Құсайын» деген жанама ат қайдан тағылып жүр?– деп бірде сұрай салдық. Шал каркылдап тұрып күлді де, ашу-ызасыз:

– Айтайын,– деп жайдарлана түсті.– Сонау тақыр коянда қыс қандай қатты болды? Жаз қуаңшылық, кылтанақ шөп шықпады. Байлар жылқысын алыс Төкалаға айдап, сол жаққа қыстатуға кам--әрекет жасады.

Мұса дейтін бай нағашым бар-ды. Нағашымның тарылып тұрған кезі екен. Қызыл бурыл сақалын салалап ел жағдайын, жер жағдайын сұрастырды.

– Жағдайымыз жаман емес, өзек арасынан шырмауық шауып, көлдің көкөлеңі мен бала құрағын орып алдық. Құдайға шүкір, шөптен қысылар емеспіз,– деп қасақана серпіп сөйледім. Сол-ақ екен нағашымның жүзі жылып:

– Апыр-ай, қыр елі қыстан қысылмайды екенсіңдер,– деп қуанып қалды. Алғаш рай бермеген тырысқақ шал жүзі жылып, бәйбішесіне шай дайындатып, қымыз келтіртіп, аяқ астынан бүлінді де қалды.

– Ішіп-же, жиенжан, сен де бір ұрпағымызсың, жиен назасы күшті деген,– деп өзеуреп барады.

– Шырағым жиенжан, мына қуаңшылық акыры жұтқа апарайын деп тұр. Жылқыны Төкалаға айдаймыз, қара малды қайда қоярды білмей далмыз, біразын алып қыстатып беруге қалайсың?– деді.

– Қайдан болсын, нағашы, қайдан болсын,– деп жер шұки бердім. Шал менің көмейімнің бостығын көріп ентелей түсті.– Екі дүниеде ұмытпайын, жиырма тайыншамды қыстатып бер,– деп көздері бозарып жалына бастады.

– Қайдам.

– Қайдамды қой, жиен болған соң салмағымды көтер,– деп Мұса енді омырауға салды.

– Жиырманыз өте көп. Онын берсеңіз де...– дей беріп едім.

– Жарайды ғой, жарайды,– деп кенкілдеп күліп қоя берді.

– Айтқаным айтқан, бұзаулайтын он тайынша бер. Ағайындарын сауып ішсін. Көктем шыққан соң бұзауларын ертіп кайтарамын,– дедім.

Осылай келісіп, сәлем-сауқат алып, ауылға оралдым. Күзде нағашым он тайыншаны қорама қамап кетті. Оларын кедей ағайындарға үлестіріп бердім. Айтқандай-ақ қыс қатты болды. Қоныр күзден үскірік соқты да тұрды. Күртіктің қалыңдығы сондай үйіле-үйіле ағаш басына жетті. Мал қырылып, ел күйзеушілікке ұшырады. Мал соңында жүріп талай адамдар үсікке шалдықты. Өліп қалғандары да бар. Те-өкала жактан да жайсыз хабарлар келіп жатты. Жылқы тебін сала алмай баудай түсіп қырыла бастады. Байлар жағы сендей соғылысты.

Көктемнің кешіккені сонша, қойға күртік ашқан күректің сабына қонып көкек шақырды. Жұрттың соңғы күш-қуатын сығып, титыктатып барып, бір күні қар қозғалды-ау. Қар еріп дүние қалқып сала берді. Жер көктеп, жұрттың аузы аққа тие бастады. Бір күні Мұса нағашым жетті.

– Ал жиен, күздегі малыма келіп қалдым. Жылқым болса қырылды. Төкала дегенің қу пәле болды,– деп көкірегі қарс айрылды. Мен де қабағымды кіртитіп, үлкен қасірет шеккен адамдай мұнайып отырмын.

– Біз де онып жатқанымыз жоқ. Бірлі-жарым күн көргіштеріміз ит жемеде қалды. Сіздің тайыншаларыңыз да сөйтті. Өңкей ақиық кедейлер өздерінікімен қоса сіздің малды қырып алды...

– Мен қыруға бергем жоқ, малымды шығынға ұшыратқаннан қайтсем де төлетіп алам,– деп шал бажылдап қоя берді.

– Малыңды ұрып өлтіргем жоқ, құдайдың жіберген жұтынан өлді,– деп бұлтаққа салып едім, көнбеді.

– Ал енді тайшанды құртқанның бірі мына Аймырза, соныкіне барайық. Нағашым соңыма ерді. Аймырзаның жер үйінен лыпасыз балаларды көрді, киім де, төсеніш те жоқ. Халдері адам шошырлық еді.

– Даугеріңіз осылар, жанын алмасаңыз, малы жоқ. Мұсаны ертіп өзге кедейлердің үйіне апардым, бәрі де бірінен бірі өткен қу кедей тақырлар.

– Жоқ, бұған көнбеймін! Болысқа, биге барам!– деп Мұса нағашым Сүлеймен болыстікіне ертіп келді. Келген бетте саусақтарымды тарбитып, «жартысы сенікі» дегендей

ымдадым. Әккі болыс бірден түсіне кетті. Маған жүзі жылып Мұсаға рай бермеді. Көріне сөзімді сөйлеп шықты.

– Жұтты тілеп келтірген ешкім жоқ, отағасы. Қазасы жеткен адам да өліп жатыр. Мұндай жылы «өлген малды тірілтіп бер» деп даулауыңыз ақылға сыймайды.

– Міне, ақиқаты осы емес пе?– деп былай шыға нағашыма дүрсе қоя бердім.

– Е– е– е, сені кішкене Құсайын дегенше, «Бәле Құсайын» деген дұрыс шығар,– деп жағасын ұстап нағашым кете барды.

Ол кеткен соң Сүлеймен болыс:

– Әлгі берем деген бес малыңды әкеп таста,– демесі бар ма?

– Ойбай-ау, Сүке-ау, бесеу түгілі біреу де жоқ, тайыншалары расында қырылып қалған! Мен сізге әділін айт, ең құрығанда жартысын төлет, әйтпесе мынау нашар ағайындарың сорлайын деп тұр деп, бес саусақты көрсеткенім емес пе?

Болыс қисайып жата кетті.

«Не де болса, он тайынша ағайынға ас болды»– деп ішімнен күліп кете бардым. «Петнә» деген ат содан қалған ғой, қарақтарым.

ҚҰСАЙЫН ХАЛФЕ

Ол кезде осы күнгідей театр, кино сияқты сауық орны жоқ. Қоди-сөдиді ойын қылып көңіл көтереміз. Әсіресе жолаушылап шыққанда жігіттердің ермегі мен болам. Бір жолы, Атбасардың жәрмеңкесіне кетіп бара жаттық. Он шақты жігітпіз. Жалпақ даланы асып, сұлу Сырымбеттің қойнына кірген бетіміз. Қоналқаға төренің аулына жеттік. Кедей болсақ да әлімізге қарамай бай үйді сағалайтын әдетіміз.

– Неде болса төренің өз үйіне түссек қайтеді. Ол биыл қайтыс болған. Дұға оқимыз, халфеміз ортамызда,– деп Кәртайдың Шәймердені мені иегімен ымдап қойды:

– Түсіре қойса,– деп біреу күдік айтып еді.

– Әйде тарт,– дедім мен.– Жігіттер мені халфеше киіндіріп, Шәймерден күтушім болды. Қакпа алдына тоқтаған соң:

– Әй шырағым, аттан түсіп рұқсат сұрап шықшы,– деп әмір еттім. Шәймерден жүгіріп кетті де, әлден соң қайта шықты.

– Рұқсат жоқ, жағдайымыз келмейді, – дейді таксыр.

– Кім айтады, айтқан кім? – деп ақырдым.

– Төренің бәйбішесі айтты, – деді Шәймерден қипалақтап.

– Не дейсің? Малшы-сауыншыларының біреуінен сұраған шығарсың. Бүкіл казакқа мәлім болған, қақпасынан ат кетпеген кешегі хан иемнің шаңырағы алдынан қонақ кетті деген не сұмдық! Бәйбішеден сұрадым дегенің өтірік. Ыңғай былжырайсың да жүресің, – деп Шәймерденнің құлын жарғағын тасырлатып сабап жүрмін.

– Әй, Мырзакелді, сен баршы, мына болбыраған бәтшағардан іс шықпас, – деймін тамағым қырылдап. Мен Шәймерденді камшының астына алғанда, төренің бәйбішесі қақпадан сығалап тұрған. Енді Мырзакелдіні жұмсағанда үйіне кіріп отыра қойыпты.

– Рұксат, түссін деді, – деп жігітім күлімдеп шықты.

– Бәсе, солай болса керек еді. Сен-ақ зығырданыма тиесің де жүресің, о аузынан сөзі түскен болжыр неме! – деп әлі де Шәймерденмен болып жүрмін. Жігіттер жымың-жымың етеді. Мені ортаға алып үйге қаумалай кірді. Біреуі киімімді шешіндіріп, енді біреуі тымағымды сілкіп іліп бәйек болулы. Жүзі сынық шұбар бәйбішеге сәлем беріп, төр алдына шарт жүгініп алдым да, құлағымға сіңген бұқар мақамымен заулатып құран оқыдым. Аятты шала білетінмін. Құран оқып болып хазіреттерше құлашымды кең жайып бата қылып, бәйбішеге көңіл айттым. Даусымды бұза сөйлеп, көздерімді ұзақ сүртіп «қайғырып» отырып қалдым.

– Алланың ісіне шара жоқ. Жаны жәннаттан табылсын! – деймін естірте күбірлеп. Сонан соң үлкен тасты тасфиғымды сытырлатып тарта бердім. Жігіттердің біреуі сөйлейін десе, екіншісі тоқтау салып мен жаққа ым қағады. «Халфеге бөгет жасама» деп қоғадай жапырылады. Бәйбіше даяшыны шақырып, қонақасы жағын сыбырлап жатты. Шайдан соң дағдылы тасфиғымды тартуға кіріскенде, екінші бөлмеден ыңырсыған аурудың даусы естілді. Тыңдай қалдым. Бәйбіше рұксат сұрап сөз алды.

– Манадан айтуға батпай отыр едім, халфе, бойжеткен қыз баламыз сырқаттанып тұрғаны, басым деп зар иелейді. Бір жақ аяғым сырқырайды дейді, оның үстіне. бүгінгідей салқын күндері төсек тартып жатып қалады. Қырықтың бірі қыдыр болар, тамырын ұстап көрсеңіз кайтер еді? – дегені ғой.

– Алла-тағалам көп көрмесе, шапағатын салар, – деп құжырандап қалдым. Төренің бой жеткен қызы сылти басып бері шықты да, тәжім етті. Жүзі тұнжыраған, кейкі мұрын, арық, бойжеткен екен.

– Белбеуімді әперші, ей? Әйел жыныстының денесіне қол тигізу әлбетте харам боладур,– дедім. Шәймерден калбалақтап тұрып қызыл шыт белбеуімді алдыма тастады. Белбеудің бір ұшын қызға ұстаттым да:

– Ұста, шырағым, мықтап ұста. Ішіннен салауат айтып отырғайсың,– деп көзімді тас жұмып мүлгітім де калдым. Белбеудің ұшын сығымдап ұзақ тыңдаймын.

– Е-е, аруакты адам екен,– деп таңданып бәйбіше отыр. Мен өзімше әуремін. Не дәлел айтсам екен. Әлгінде сылти басқаны қай аяғы екені де жадымда жоқ.

– Бағана жолда түсіп қалған арбаның қай донғалағы еді?– деп жұмбақтап сұрасам, Шәймерден қу түсіне қойды.

– Левый,– деді орысшалап. Мен сөйлеп жөнелдім.

– Бәйбіше, қорықпаңыз, шипасы бар наукас. Кешкілікте қора маңынан салқын жел болып жабысқан екен. Алғашқыда денесі қалтырай беріпті де, кейіннен сол аяғы сыздайтын болыпты. Ыстық өкпемен қағып дем салып жіберсе, иншалла айығар.

– Аруағыңнан айналайын халфе, үшкіріп беріңіз, қырықтың бірі қыдыр деген,– деп кемпір сарнап отырып алды.

– Ама! жоқ, алла ризашылығы үшін үшкіріп берейін, меңсіз кара ешкі табылар ма екен?

– Бар,– деді бәйбіше.

Ешкіні сойғызып, ыстық өкпемен ауру қызды қағып, аяғына шарбысын орап жатқызып салдым. Қыз түні бойы терлеп ұйықтапты. Сәскеге дейін ұйықтаумен болды. Біз оянуын тоспастан аттанып кеттік. Төренің бәйбішесі дағды бойынша кара ешкінің етін татпастан бізге салып берді. Жол азыққа молыққан жігіттер жымың-жымың етеді.

Ұлы сәскеде сары далаға шығып алып, ал келіп күл, аттан түсіп домалап жатырмыз. Жігіттердің осынша күлкіні іштеріне қалай сиғызғанына қайран қалдым, – деп Құсекең үнсіз селкілдеп қойды.

Айта берсе кішкене Құсайынның әңгімесі көп...

ШЕБЕР БАЛА

Оның былайынша шебер бала атанатын да орны бар, шеберліктен де құр алақан емес қой. Іскерліктің несі шам, несі ерсі? Қайта атак-абырой емес пе! Алайда, осы атағы жұртқа

жайылғаннан бері Әбілқайырда біраз көңілсіздік пайда болып тұрғаны. Неге екенін кім білсін, көшеде кездескен адамның жүзінен күлкі көрініп тұрады.. Өзінен-өзі қысылыңқырап қипақтап қалады, жерге қарайды. Ал осы ой мазалай бергелі де едеуір күн болды. Жұтқыншақта тұрып қалған сүйектей не әрі кетпей, не бері түспей, не аулақтан қол үзбей, не мүлде жатқызып салар ауыр дерттей қоюланбайды да. Жүрегін тырнап, ойын шатастырып сүлелендіріп-ақ болды. Күлмейді, қуанбайды, тіршіліктің қызығы кеміп, суық тартып бара жатқанға ұқсаңқырап "осы мен неге бұлаймын?" – деп өзіне-өзі сұрақ қояды. Жауабын таба алмай миы ашиды. Құрысын сол, шебер бала", – деген сөзде не тұр, қайта қуану керек. Қой ақымақ болмайын. Аулақ, сүренсіз ойлар, – деп қайратына мініп бекініп алады. Дағдылы тіршілік қамына кірісіп, ол-пұлды ойластыра бастаса болғаны басқаны итермелей, ығыстыра жалпақ табанымен жапыра әлгі құбыжық ойлар сап ете түседі. Басын шырмап шыр айналдырады. Қазір де ағаш жонатын сөренің үстінде аяқтарын былғалактатып осылай отыруының себебі де сол. Орасан айғыздағы тарғыл жүзінде де небір шытырман шатақ ойлардың белгісі көрініп тұр. Қапсағай денесі еңкек тартып, айран көздерімен жердегі жоңқаға тесіле, телміре қарап қалыпты. Көнөтоздау түлкі терісі құлақшын бақырдай басына мықтап қонақтап алған. Жапсардан соққан жел қызғылт мамығын үрлеп жыбыр қактырады, ойы да кібіртіктеп бір қазықтың төңірегінде айналады.

Кең ашылған қақпадан қарсы үйдің әшекейлі, бояулы терезелері көрінеді. Аспанда жел дал-дұлын шығарып жыртып тастаған ақша бұлт қалқиды. Боранды күнгі ызғырық жел қар біткенді сырғытып көшіріп жатыр. Қоңыр шымшықтар дамылсыз ұшып- қонып жүр. Кішкене бастарын кекшитіп, сүйір құйрықтарын шошандатып адамға жақын келеді, қорықпайды. Өзара бас түйістіріп шүйіркелесе қалады да, шыкылықтап секектейді. «Шебер бала, шебер бала, өлде маған», – деп мазактағандай болады. Күйіс қайырған сынық мүйіз қызыл сиыр да екі көзін тасалай басын ақырын шайқайды.

...Қас қарайып іңір қараңғылығы қоршаған уақыт болатын. Күн бүгінгідей борасын емес, шағырмақ жылы еді. Аспанда сансыз жұлдыз, жерде жүздеген жарық самсап, ауыл кеші тек нұрлы сәулеге ғана толы кез. Радиодан әсерлі әуен естіліп тұр.

Әбілқайыр құдасының аулына осындай әсем кеште келіп түсті. Қаңтардың аязына тоңған балғаның сабындай саусақтарын сықырлатып диванға отыра кетті де, сәл тітіркеніңкіреп үй ішіне көз жүгіртті. Қонақ бөлмесі салтанатты екен. Ортадағы орындықтан қоршаған биік столда Үй гүлдері өсіп тұр. Жасаулы кереуеттер қойылған, "Бұлар Үй тұрмысын жөндеуді мықтап қолға алған екен. Қандай жарасымды тірлік мынау?!".

Шебердің жанында көмекші болғанын ойлағанда кең бөлмеге симай күпініп кетті. "Мен ағаштарын жонып, жеңілдетіп бермесем, көксау Рысжанның қолынан не келер еді? Ендеше сағатына жетпіс центнер бидай елейтін алыпты жасаушының бірі мен болмай кім? Осы жұрт Рысжанды мақтап, мұны аузына да алмауына қайран қалады. Жок, бұл толайымен әділетсіздік"

Бөлмеге біртіндеп адамдар келе бастады. Қара-құра оншақтысының басы құралды. Дорба сакалды, шикіл сары, семізше кісі солғын амандасып, тырсыып отыр. Онымен тізелескен жалбыр мұрт кара да сөйлесуге ерінгендей сазарады. Ұзынша биік столды ортаға алып мүлгісіп қалған. Барлығы да осынау екеуінің қас-қабағын бағып үндемейтін сияктанады. Қонақ алдында несие сөз сөйлемеуге бекініп отырғандай.

Бейтаныс жігіттің әлем-жәлем тарғыл кескініне көз астымен ұрлана қарайды. Ортада құрма ағаштай тарамдана жайылған апельсиннің жалбыр көлеңкесі биік көкшіл қабырғаға түсіп болмашы қалтырап тұр. Орамалды қылқындыра буып алған нокталы бет бәкене келіншек кешкі астың дастарқанын жаяды, тып-тып басады, пысық екенін аңғартқысы келеді.

Ас алдында ішкен арақ суық сорған Әбілқайырдың басын айналдырып, көзін бұлдыратты. Есесіне сөзуарлық, қуаңқылық пайда болды. Ауыл адамдарымен шешіле сөйлесіп, жөн сұрасып: пәленше— екен, түгеншекен деген есімдерін біліп, ортақ тіл тауып, көптің ағымына тоғытылды да кетті. Қонақтың өзі елпілдеп отырған соң жұртта қымсынбай дағдылы кепілдікке ауысты. Дорба сакал, жирен кісі де қабағы жадырап жөн сұрауға, сөзге араласуға ықыласы барлығын білдірді. Жалбыр мұрт жігіт те қаска тістерін көрсетіп күле берді. Әбілқайыр мас болыңқырап қалғанға ұқсайды. Сыртқы қауызы ғана бар, қайраттанып сазарып отыр. Сөйлеп кетсе алдына жан салар емес, комданып қояды. Өзін үлкен құрметпен сыйлап отырған меймандос жұрттың алдына не сөйлеу, қалай сөйлеудің ретін таппайды.

– Астық тазартқышты жасаушы осылар емес пе еді,– деп бір, екеу күнкілдеседі. Әбілқайырдың бұл тұста шыдарлығы қалмады.

– Оны жасаушы білгіңіз келсе мына дәдең, – деді ол тілі сәл күрмелінкіреп. Жұрт тесіле, тандана қарады.

– Шырағым-ау, анық сен боласың ба? Жолы болар жігіттің женгесі алдынан шығуын қарай көр, ертең жүргелі отыр едім, бәрекелді,– деді қызыл сакал қуанып, – сол веялканың жобасын алуым керек.

Әбілқайыр көздері кілмиіп сөйлей берді, не сөйлеп отырғанын да байыптамады.

– Алсаңыз мына менен аласыз, алмас бұрын үш күн оқытыласыз. Қалай болса солай нете салғыңыз келген екен. Жо-жоқ, ол болмайды. Оңай сауда емес. Мен жылдар бойы ойластырғам, ол машина,ол алып... Ол мына мидан шыққан. Мына жаңа құдаларың осал емес, әйдік шебер. Біз колхозымызбен солаймыз... Біз-біз...

Үйіне келген соң қаракөленке кештің бірінде қақпа алдында сүйеніп тұрды. Көшеде қарауытқан пар атты жолаушы көрінеді. Екі кісі тоқтап жөн сұрап жатыр.

– Әлгі шебер баланың үйі қайсы?– деген таныс дауыс естілді.

Ат басы бері бұрылғанда дорба сакал, жирен кісіні көрді. Жүрегі аузына тығылды. Басы айналып кетті. Ұяттан жерге кіріп кеткелі тұр. Әлде тығылып қалар ма екен?

– Ой, айналайын, шебер баламысың, міне, біз де келіп қалдық, – деп қонақтар шанадан домалана түсіп жатыр.

Осыдан бері жұрт "шебер бала",– деп атап кеткен. Осы ат тайға таңба басқандай, азан шақырып қойған атындай мықтап орнығуға бет түзеген.

"Шіркін-ай, мұндай ұятсыз болармын ба? Біреудің еңбегін өзімдікі деуден қандай абырой алдым. Өтірік үшін, кім алғыс айтар дейсін?..

Дорба сакалдының былкылдатып отырып айтқан наразылық сөздері сойылмен ұрғандай болды-ау. "Шебер бала" дегеннен тура қарғыс сөздің өзі артық болар".

Ол салбырап отыра берді, ұяттан қалай арылудың жолын қарастырды, таппады. Көп іздестірді, жүрегі әділ байлам айтты.

"Сені құртатын арақ, білгің келсе сол ғана. Ішімдікті қойсаң, ұяттан да тазардың, қоймасаң өзің біл",– дегендей болды. «Сол-

сол бүлдірген мені, ішімдік қас жауым екенін ұқтым, бездім одан, түңілдім...».

Осылай дегенде бойынан ауыр жүк түскендей жеңілдеп сала берді.

НӘЗИЯ

Ақ сұр реңді, атжақты жігіт ауыр чемоданын жерге қойып, маңдай терін сүртті де, сәл деміге тіл қатты:

– Қарындасым, колхоз кеңсесінің қайда екенін айтпас па екенсіз?

– Жөн сілтеуге ақы сұрамайтын едік, – деді жүзінде күлкі ойнаған қыз, – Анау көк төбелі үй кеңсеміз болады.

Жігіт рахмет айтып жүріп кетті. Қалпағының ернеуі желпілдеп ұзап барады.

"Колхозға келген мамандардың бірі болар, өзі бір сүйкімді жігіт көрінеді", – деп Нәзия біраз қарап тұрды. Осы жігіт жұмыс басында жиі кездесетін болып алды.

– Мұхаметқалиев Зиядамын, – деп таныстырды ол, – инженер-механикпін, колхоздарына қызметке келдім.

– «Істің сәтті болмағы келіннің аяғынан» деген, қадамыңыз құтты болсын! – деп Нәзия аппақ тістерін көрсетіп күлді..

– Сонда мен келін болғаным ба? – деп қызарақтап қалды жігіт. Қоңқак мұрнының үстіне шыпшып тер шықты.

– Сіз бізге келген соң келін боласыздағы. Асықпасаңыз жата- жастана жақсы қызға қосамыз.

Нәзия комбайнның сатысымен жоғары көтеріліп кетті. Комбайн козғала берді. Зияда ұзай түскен қызыл орамалды қыздың тұлғасына қарап аңыз шетінде тұр, ол да бұрылып қарап бара жатқандай.

Нәзия комбайн тетіктерінен көз алмады. Ақ ала бұлтты аспанға, сонау бұлдыраған көкжиекке қарап қояды. "Жақын күндерде нөсер жауын болмақ" – деген хабарды естіген. "Жауын мына дестелерді бүлдіреді-ау" – деген ой мазалап, осы аңызды ертеңге дейін қалада жинап алуға жанталасады.

Қызуы қайтқан күн сарғылт даланың үстімен асықпай жылжып барады. Көгілдір мизам қалқиды. Сарыала орман бұйра бастарын сілкіп, жапырақтарын түсіріп тұр.

– Шіркін күз, осылай ғана балбырап тұрсаң етті. Алтыныңды алып болғанша өзгермесең, етті, – деп Нәзия күнкілдеп келеді.

Ол түскі асқа да тоқтаған жоқ-ты. Шаң басқан ақ жүзі кірлеп, найза кірпіктеріне тозаң қонақтап, қоюлана түскен. Аңыз екі бүйірден қусырылып тарылып барады. Қыз шоферларға ашулана тіл катады.

– Мінгендерің өгіз бе, неге икемді болмайсыңдар, сендерге бола комбайнды тоқтатып тұрмақпын ба?

Комбайн бір сарынмен гүрілдеп, бозғылт шаңдағын шұбатып, тағы жүріп кетеді. Кеш болды. Аспанда қызылала, қоңырала бұлттар тынып қалған, болмашы жел бар. Қосарланған бірнеше могордың шуы естіледі. Күн бойы бригаданы аралаумен болған Зияда қазір ертемен қызды шығарып салған жерде тұр. Еңбек даласына сүйсіне қарайды.

– Қандай тамаша өмір бар бұл далада! Нәзиялар сияқты еңбек ете білген бақыт емес пе? Ие, онымен осы жерде тұрып, сөйлесіп еді ғой, комбайнға мініп кеткен жері мынау. Нәзияны тағы да көргісі келді. Әне, зор кеме шайқала түсіп жылжып келеді. Жоғарыда адам тұлғасы қараңдайды. Анау, соның өзі!

Зияда "колхозда жұмыс көп, шалдыға еңбек етуге тура келер", – деп ойлаған еді. Мұнда келгелі біраз күндер өтті, әлі серуен сенделумен жүрген сияқты. Саусақпен нұсқап "басшылық ету" де жұмыс болып па? Іші пысқан, жеріккен жігіт:

– Негізгі жұмысыма қосымша комбайншы болып істейін, – деген байламға келді.

...Таң ата еңбек күні басталды, күтімнен өткізілген комбайндар жұмысқа кірісіп кетті. Зияда комбинезонын киіп, өзіне бекітілген комбайнның тетіктерін тексеріп, күйбендеп жатты. Біреу білдіртпей келіп, көзін баса қойды. Бұлқынып көріп еді жібермеді, босатар емес, мамықтай қол...

– Нәзия, бұл сіз боларсыз? Қыздың күлкісі естілді.

– Қалай, қорықтыңыз ба? – деді Нәзия кіршіксіз маржан тістерін көрсетіп. – Келші жүрегіңізді басып көрейін, батыр-ау, өзіңіз қояннан да жүректі екенсіз. Лүпілдеп тұр ғой.

– Ол қорыққаннан емес, қуанғаннан болар.

– Қуанғандай не болды, сізге?

– Жәй әншейін... Сізбен жарысу үшін егін жинауға кіріскелі жатырмын, – деді жігіт күліп.

– Сәт сапар ендеше, өткен тәулікте отыз екі гектар егін жинадым. Бүгінгі нысанам – 35. Жүрексінбесеңіз жарысып көрейік.

Зияда қысылыңқырап қалса да, әлсіздігін көрсетуге ұялды да:

– Болды, мен сертімде тұрам, бірақ шартым мынау – алғашқы бетте сізбен теңеліп кету қиындау соғар...

– Жок жігіт, байбалам салуды қоя тұрыңыз, техника адамның дегеніне көнуге міндетті.

– Кейде көнбейтіні де бар емес пе!

– Жок, жарыстың аты жарыс.

– Болды, түбінде қортындымызға жүгінерміз. Ал, жүрдік пе?

Зияданың комбайны қозғалып кетті. Моторы қақалып-шашалып бықылдайды.

– Көксауын емдемей оңалмас, – деп Нәзия күліп келеді. Будақ-будақ шандағын ерткен комбайндар жүр. Бидай тиелген машиналар жүйткіп өтеді. Күн бұлыңғыр. Аспанды күздің жылауық бұлты торлаған. Салқын... жауып кетпесе жарар, – деп әр адам аспан қабағына қарайды.

Нәзия комбайн үстінде, өз орнында, көршісінің әр кимылын көзден таса қылмайды. Зияда алғашқы екі айналыста бөгеле берді. Күйбеңі көбейіп, мандымап еді, кейін жүріп кетті.

– Маманның аты маман емес пе, машина тілін білмесе инженер бола ма? Өзі еңбексүйгіш жігіт. Оның орнында басқа біреу болса шалбарының қырын сындырмай, еппен басып, нұсқап көрсетіп қана жүрмес пе еді?

– Сабан арасына дән кетіп жатыр, – деп хабарлады, көмекші қыз. Комбайн кілт тоқтады. Нәзия қақпақтарды ашып, тетіктерді қарап, жөндеп көрді, бәрі бір дән кете берді. Уақыт өте берді. себебін таппай күйгелектенді, қысылды.

Зияда комбайнда тоқтатып жүгіріп келді. – А, қызым, техникаңыз асаусып жатыр ма, мұныңызға жол болсын!

– Асаусып жатыр, құлағына қол тигізер емес, – деді Нәзия ызалы. – Комбайншы болғаннан бері кездеспеген ақау...

– Сіз қашаннан бері комбайншы едіңіз?

– Биылдан. Онжылдықты бітірдім де курсқа түстім, жақында бітіріп шыққам.

Зияда қарқылдап күлді.

– Неге күлесіз?

– Күлмегенде ше, мен сізді көптен комбайншы екен деп ойдағам.

Зияда желдеткіштерді, шниктерді тексеріп шықты.

– Егінде дымқылдық бар, құрғақтағыдай айналымды көп беріп, шапшаң жүргізуден пайда жоқ, тетіктер үлгіре алмайды. "Мотордың айналымын азайтыңқырап, баппен жүріп көріңіз.

Комбайн қозғалып барады. Нәзия мен Зияда көпенелегіш баспалдағында жалпылдап түскен сабанды ақтара қарап тұр.

– Міне, енді дән кеткен жоқ. Осы жүрістен айнымаңыз, көмекшіңіз тапжылмай бақылап тұрсын, – деді Зияда үстін қағынып.

– Көп рахмет сізге, – деді қыз.

Зияда көзі күлімдеп қызға қарап тұр.

– Қош болып тұрыңыз! Жігіт аяндап бара жатып; артына тағы бір қарады. Қыз тапжылмай тұрып қалыпты.

– Осы инженер жігіт жүрегінді тұтқындап алудан сау ма өзі? – деп көмекші қыз сықылықтай күлді. – Жә, жетер, саған деген сөз жоқ, – деп бұрылып кетті Нәзия.

ТАЛАП

Ырысжан ойланып қиналып отыр. Осы бір ұшқыр ой бірде көлбеңдеп қол созым жерде тұрғандай болады да, бірде алыстап ұзап кетеді, жеткізбейді. Қуа береді, бұғалықтап алсам деген албырт талап жетектейді, жалықпайды. Мол жарығын төккен электр шамы астында аласа столда дәптер қағазына сызық түсіріп, әлденелерді есептейді. Басын шайқап, тамсанып қояды. Көзіне түсіп мазалай берген қою қара кекілін күсті алақанымен қайырып тастайды, ұрты солынқы, сақалы тебіндеп өсіп кеткен. Үй жандары еппен басып сыбырласа сөйлеседі. Ойлануына бөгет болғылары келмейді. Сыртта қыстың ұзақ, ызғарлы түні қап-қара болып мүлгіп тұр.

– Шкифтың айналымы мың рет, басқа тетіктердің қозғалысы керісінше үш есе баяу болу керек. Екі желдеткіш... ие, мынау сол екі желдеткіш...

– Кеш жарық!

– А, аман ба, туысқан, төрлетіңіз.

– Жарқыным-ау, осы бір қағазға үңілесің де отырасың, шырт-шырт шот қағасың, одан не табасың, – деп көршісі Қабдрашит даңғырлай кірді. Қараңғыда келгендіктен болса керек, бітік көзін жыпылықтата берді. Ұзынша имек мұрнының белдігін қасып, таңқита қырыққан сары мұртын қозғап қойды, беті қызарып, алаулап тұр.

– Үйден шайға қанып шықтым да, кішкене кеңесе тұрайын деп... Ырысжан ісінен бас алмай шұғылдана берді. Оны жаратпаған адамша үнсіз отырды. Біраз тыныштық орнады. Сағаттың үлкен жез шайқағышы тынымсыз қозғалып тырсылдап тұр. Қабдрашит "ым– ым – деп тіс арасынан сыздықтай шерте түсті де:

– Менің естіп-білген біраз жаңалығым бар еді,– деді столға шынтақтай отырып.

– Желдеткіштің айналымы минутына 500-ден кем болмауы керек,– деп күңкілдейді Ырысжан.

– Менің естуімше, – деп Қабдрашит сөйлей жөнелді, – жакында Бірімжан мен Мәлік құда болып, жең ұшынан жалғасып қалған екен. Біраз келіспеушіліктеріне, естуімше, Сұраған хатшы бітуана айтыпты. Бұл ескілік салт емес пе? Ол ол ма, Әбілқайыр агент баласын сүндеттетіп, көл-көсір той жасамақшы. Құрбан шалған белсенділерді көріп-біліп отырмыз. Шіркін, хат-қаламға шорқақтығым, әйтпесе жоғарғы орынға түртіп жіберсе не болар еді,– деп еденді нұқып қойды. Ырысжан күлді де мән бермеген қалып көрсетті. Қабдрашит сызықтарға төне түсіп:

– Осы өрмекшінің торы не, соны түсіндірші. Менің естуімше, сен бір үлкен машина жасайды дейді ғой. Ол өнерді қайдан тауып жүрсің,– деп ынтыға, кадала сұрады. Ырысжан жалтара сөйлеп:

– Жай ғой, жай талап қой, туысқан,– деп күле берді.– Өзің білесің, мен ағаш шебері ғанамын.

– Жоқ, бұлтарма, шыныңды айт, мен естіп-біліп отырмын.

– Менің ойластырып жатқаным жай бір жоба, астық тазартқыштың жаңа жобасы. Бұл осындағы астық тазартқыштардың, жалпы құрылысы бойынша жасалады. Бірақ, көлемі де, жұмыс өнімділігі де екі есе болмақ. Астықты дұрыс тазарту үшін бұрынғыдай бір жерден емес, екі жерден желдеткіш орнатылады. Електері көп және әртүрлі. Астықты өзі салады, тазартылып шыққанын өзі үйіп береді. Қол күші жұмсалмайды.

– Апырай, мынау сұрапыл болды ғой, жұмыс өнімі қалай болады сонда? Өнімділігі сағатына 100 центнердей бола ма деймін.

– Апырай, мынау естіп-білмеген сұрапылдық қой. Сонда мұны істеуші кім?

– Өзім істеймін.

– Қой әрі, мұнына нанбаймын, саған терезе мен есіктін жактаулары емес, қолыңнан келмейді. Көріп отырмын, естіп отырмын...

Ырысжан қысылып, қызарандап қалды.

– Астық тазартқышты өзім жасаймын, бұл анық, – деп өршелене түсіп.. Қабдрашиттың ішін қызғаныштың жалыны шарпып барады. Үйтетін орны да бар,– Ырысжан мен Қабдрашит бірге өсіп, біте қайнасқан адамдар болса да Қабдрашит досынан көп кейін қалды. Ырысжанды ылғи мақтайды, сыйлық береді, Кәкенді үнемі жамандайды, бетке соғады. Бала кезіндегі ынжық Ырысжанның мынасын көпсінеді, күндейді.

– Жо-жок, менің естіп-білуімше қолыңнан келмейді. Кеше кеңсеге кіріп едім, бастықтар саған күліп отыр. Көлденең сөзге құлақ аспайтыным қандай, жұмысым да болған жоқ. Менің білуімше беталыстары оңды емес. Баланың ойыншығын істемесін, қаражат шаша алмаймыз дегендерін құлағым шалды.

Тағы да үнсіздік..

– Жарайды, қысыр кеңестен ештеңе өнбес, мен тынығамын. Қабдрашит кетіп қалды. Сыртта үлкен қақпаны дарылдата ашып шығып бара жатқаны естіліп тұрды. Ырысжан мұңайып қайран болып отыр. Көңілі басылып, жүдеп жалғызсырап қалды. Әлгі бір тәтті ойлар алыстап, ажыраса түскендей. Оның орнына ұзын мұрын, жирен жігіттің "қолыңнан келмейді" деген сөзі орнап, ақылын әуреге салып бақты. Қабдрашит болса колхозда жылына жүз еңбеккүн таппайтын кем талап жалқау жан. Ауыл арасындағы сан қилы өсектерді соның аузынан еститін едік. Көбісінің жалғандығы ашылып қалатын. Бұл жолы да оның айтқандарына онша сене қойған жоқ. Ісіне қайта кірісіп кетті. Бірақ, елпілдеген көңіл басылыңқырап, қолы жүрмей, жұмысы өнбей қалды..

* * *

Тамыз күні аптабымен қыздырып, тынысты тарылтып тұр. Шөп басы қимылдамайды. Ашылған кең қақпадан сарғылт егін даласы көрінеді. Жасыл кайың шоқтары әр жерде ербие қалыпты. Көкжиек көгілдірленіп сағым ойнайды. Алыста комбайн қозғалып барады. Егін орағының басталған кезі. Ырысжан соңғы күндері қабағы кіртііп, жағы солып жүдеп кеткен, шалдыға, сарқыла қимылдап жүр. Кең қораға түгелге жакын жаңа астық тазартқышы орналасқан. Оны егін орағына

үлгертуге берген уәдесі дамыл таптырмайды, күйгелектенеді, асығады. Қорада шиыршықталған шырға мен түрлі аспаптар шашылып ыбырсып жатыр. Қарағай мен сыр исі анқиды. Ол ағаш жонатын сөреге отырып, сәл дамылдады. Жұқа көк көйлегі терге малшынып, арқасынан шайыры шыққан, бетін жеңімен сүртіп ауыр дем алады.

– Сонымен астық тазартқышты аяқтап шықтық, қалай болар екен? Қабдрашит болса баяғы бір сарынын үдетіп, басшыларға да сан соқтығып, әркімге шағынып, шабынып жүр. Солхоз қаржысын босқа шаштыңдар деп байбалам салады. Енді астық тазартқышты жұмысқа қосу, сынау ғана қалды.

...Қырман басы қаптаған, анталаған халық. Электр бағаналары орнатылған тақтайдай тегіс кең алаңда бұрын көрмеген астық тазартқышы көлбей салып тұр. Бүйірінде дәл сондай транспортер жер бауырлап етпеттеп жатыр. Жасыл сырмен боялған сәнді, салтанатты. Шебер, ықшам денесімен бірде үстіне шығып, бірде астына кіріп, ықылас қоя беріле қарайды. Айқыштала керілген қайыстарды жұлқып көреді. Жерге орнатылған жатаған мотор тынымсыз селкілдеп тұр. Астық тазартқыштың тетіктері баяу қозғалып, бірден жұлқына жөнелді де, тоқтай қалды. Транспортерлер жылжымайды, қайыстарының біреуі жалғауынан үзіліп кеткен.

– Менің көріп-білуімше бұл оңған жұмыс емес, колхозға жаны ашымағандық, бұл қаражаттың соры! – деді біреу жұлқынып. Таныс дауыс Рысжанның құлағына түрпідей тиді. Маңдайынан суық тер бұрк ете түсті.

– Оқасы жоқ, дүниеге жаңа келген нәресте бірден қылықты болып, сөйлесе кете алмайды, – деген партком секретарының салмақты даусы ғана өз-өзіне келтірді.. Ол енді қысылмай, қиналмай өр тетікті көзінен өткізіп қарап болды, қайта жүргізді. Астық тазартқыш селкілдеп, бірқалыпты айналып кетті. Астық үйіндісіне тұмсығын көміп жіберген транспортер мен бидай бірін-бірі қуалап, толып жатқан електерден өтіп ұзын мойнымен алысқа түсіп жатыр.

– Жаным– ау, қалай тамаша, қолмен ақтағандай ғой мынау.

– Ғажап-ай, үйіндіні асап аласартып барады ғой.

– Жақындатып жіберіндер, бидайды!

Қырман басындағы адамдар нөпірі, шуы қалыңдай түсті. Кенжелеп келіп, еселеп толып көбейе берді.

– Бір сағатта жүз центнерден астық еленді,— деді есепші айғайлап.

– Апыр-ай, не дейді жаным!

– Шыбыным Ырысжан-ай, сен де осындай ма едің? Көп жаса, өркенің өссін өнерпазым!

– Мынау сұрапыл... Менің білуімше бұл үлкен жетістік,— деп Кабдрашит те жалпақтап жүр.

Ырысжан маңдай терін сүртіп, дымқыл көзімен көпті шолып шықты. Тотыққан жүзінде ерекше қуаныштың ізі бар, Айналасындағы замандастарына жас баладай қалтқысыз күле қарап тұр. Олар бұған қуана, мақтана қарайды. Барлығының көз жанарында "талаптыға нұр жауар" — деген терең сырды тілсіз түсінгендей.

ЖАРЫС

Күн еңкейіп барады. Жел саябырлаған кез. Алыс-жақын қайың шоқтары мүлгіп қалыпты. Тракторлар бригада басына жинала бастады. Жұрттың бас қосатын мезгілі. Әйтпесе байтақ кеңістікте тарыдай шашылып жүргендері. Мұндайда мотордың үнінен құлақ шыңылдайды. Сондарынан ере келген қалың шандақ ақ тор болып желпініп тұрады. Біреулер күледі, біреулер күйгелектенеді. Апақ-сапақ, кезек ауыстыру сәті. Күндізгілер ісін тапсырып, екінші кезектегілер іске жұмылады. Кішкене қара мен сопақ сары тракторларын қабылдады.

– Естай, бүгін менен қалып қойма. Жарыстың аты — жарыс,— деп сопақ сары кабинаға бір бүктеліп кірді. Кескінінде келеке бар. Естай бұйра шашын қайырғыштап кипалақтайды.

– Әнуар, сен жұмыс әдісіңді айтпайсың, дос болып көмектеспейсің,— дейді өкпелеп. Сопақ сары шиқылдап тұрып күледі.

– Мен білгенді сен де білесің, бірге оқыдық. Бірге істеп келеміз. Қандай көмек тағы? Өзіңнің бостығыңнан көр. Бұған айту керек, көмектесу керек тағы, сондай жарыс бола ма!

Әнуарбек ашық терезеден секірте түкіріп тастады да, тракторын дарылдата жөнелді.

– Осы қалай озып жүр-ей? — деп таңданды Естай. Тракторының о жер, бұл жерін қарап шыққанша сопақ сары ұзап кетті. Кабинадан басын шығарып күліп барады. Естай қараптан

қарап қысылды. – Қалай озып жүр-ей? – деді тағы да. – Жағар майды да үнемдейді. Бір жарым норма орындайды.

Трактор жосылтып тартып келеді. Тоқтап, жырту тереңдігін өлшейді. Күн батқалы қашан, әлі жарық. Шық түскен салқын даладан оттар көрінеді. Мотор қатты қиналады. Жерді тайыз жыртуға болмайды.

Дала түні мүлгіп тұр. Жасыл бетегеге жатып алыс-жақыннан естілген бөдене дауыстарын, түннің өзіндік тынысын тыңдап, сансыз жұлдыздарды санайтын бала кезі есіне түсті Естайдың. Қазірде де дала түні өз тілімен сөйлеп жатыр. Тыңдауға уақыт қайда? Артына түкті ізін қалдырып жұлдыз сорғалай жөнелді.

Әнуарбек аңызын бітіріп, екінші айналымға түсіп кетті. Қатарласа жүріп әдейі жарығын қылмындатып барады.

– Жұмыс әдісіңді айт дейді, аккөңіл байғұс-ау, осы Естай, жұрттан бөлек қандай жаңалық тапты дейді екен?

Түрендер жердің бетімен қалқып, жүгі жеңіл трактор жылжып келеді.

– Жұмысты әрі өнімді, әрі сапалы істеймін. Жиырма сантиметрден тайыз жыртпаймын. Тракторды күтіп, баптап бір минут босқа тұрғызбаймын. Жанар және жағар майды үнемдеймін. Жұмысты мендей істесін, мына Естайды жарысқа шақырамын, – деген. Ойы әр сақта, орден алса, ер атағын алса дейді. Сөйтіп отырып қалғып кеткенін де аңғармай қалады. Мәскеуге көрмеге барыпты. Алтын медаль алған екен, жұрт сатырлата қол соға жөнелді. Әнуарбек селк ете түсті. Көзін ашқанда трактор орман арасына кіріп барады екен. Самаладай болып тұрған жас қайындар сатыр-күтір құлап жатыр.

Есі шыққан Әнуарбек моторды сөндіре салды. Қап-қараңғы орман ішінде жалғыз қалғандай сезініп, жүрегі суылдап қоя берді. Жапырақтар сыбдыр қағады. Құлақтары ың-жың. Радиатордың суы сақырлап қайнайды. Әлдеқайдан бір құс ысқырығы естіледі. Трактор астына төселген қайындарды көрді. Ілгері де, кейін де шыға алатын емес.

– Қап, жалғыз не істемекпін? – деді ол күйініп. Шнурды тартқылай бастады. Мотор от алмай қойды. Көп әуреленді. Көрші аңыздағы трактор бері бұрылды. Жарығында түн көбелектері ұшып жүр.

– Әнуармысың, саған не болған! – деген Естайдың даусы естілді. Әнуарбек төмен қарап күйбеңдей берді.

– Ой-бо-ой, бауырым-ай, қалғып кеткен екенсің ғой, қап, немене, от алмай тұр ма?

– Ие, – дей салды Әнуарбек.

– Кәне, маған берші!

Әнуарбек түбірге отырып темекі тартты, терін сүртті. – Тракторың аман, соляркаң таусылыпты, бекер құйып алмағансың. Оқасы жоқ, мен берейін. – Мотор гүрілдей жөнелді. Соканы кейін сүйреп тастады да:

– Шегіне бер! – деп дауыстады.

Трактор құлаған ағаштардың үстімен жылжып шықты. Жыларман болып тұрған Әнуарбек:

– Рақмет, Естай, – деп досын құшақтап жатыр.

– Оқасы жоқ, ендігәрі жаңалығыңды жасырма! – дейді Естай арқасынан қағып.

Әнуарбек айдау жазыққа шықты. Агрономның ашық ауыздығын пайдаланып, жерді тайыз жыртып, норманы «асыра орындағаны» жақсы қылық емес. – Жаңалығыңды айтшы, – деп жалынған Естайдың аңқау кескіні елестеді. Басына қан шауып локси бастады.

БАЙБОСЫН МЕН БЕЙСЕКЕЙ

Жанбырлы кеште ағайынды екі қарт өткен-кеткенді айтып кенесіп отырды. Екеуі өмір бойы бір ошақтың басынан тізелері ажырамаса да әңгімеге келгенде жаңа көріскендей ауыздары жабысып қалатын әдеті еді. Сыртта телеграф бағаналарын азынатып қатты жел тұрған. Енді жаңбыр жауа бастады. Күздің осындай лайсаң кезінде қарттар жылы үйде отырып, шаруасын жайғастырып тастап, жүйткіп сөйлеуді рахат санайтын.

Ағасы орақ мұрын, шықшытты Байбосын отағасы малдасын құрып алып төмендегі інісіне еңкейіп:

– Ой, несін айтасың?– деді таңдай қағып,– өткен заманда болыс Малдығұлдың Сүлеймені, Қаракөктің Бейсембілері ұры ұстап, жарлының жалғызы демей осы елді қан-қақсатпады ма?

Ағасынан аумайтын інісі Бейсекей балғасын тықылдата түсіп:

– Тәйкөктің Сүлеймені ше?– деп, басын көтеріп алды.

– Сүлеймендер жауыз еді ғой. Доңыз жылы есінде ме, Бейсекей, біздің торы ала биені қызыл іңірде ала қашып, ізімен

іздеп барғанда теңдік бермей, сабап жібергені: сол жылы жалғыз көліктен айырылып, сорлап қалмадық па?

– Ие, аллай, несін айтасың, құдай жүзін көрмегір еді-ау,– деді Бейсекей.

– Бәтшағар, сол кездегі заң– зақуннің қалай екенін түсінбеймін, ұры-қары, ұрда-жықтар дандайсып жүреді, тыйымы да жоқ, тойымы да жоқ,– деп үлкені жеңіл күрсініп алды.

– Айтпа деймін, ұрыларға тыйым салу орнына, болыс, билер канат астына алып, қылмыскерлердің орнына «осы ұры» деп Шайхы-диуана Шәшкені ұстап бермеді ме? Сенің есінде ме, Бейсекей?

– Тү– у, кіші аға-ай, өзіміздің жігіт кезіміз еді ғой. Оны істеген кәріктің ауылындағы Құтыш би емес пе?

– Айналайын өкіметім-ай,– деді Байбосын отағасы серпіле сөйлеп.– Ұры-қары дегенге тыйым салды, ұрыс-төбелес дегенге тыйым салды, барлығың бір адамнан туғандай бауырмал бол, бір-біріңе қиянат істеме деп отыр, адал еңбек істеп, тұрмысыңды көркейт деп отыр, тап әкең де осыны айтпас!

– Кіші аға, сен титтей тұра тұршы, тап құдайға күнәлі болсам да айтайын,. Бірақ біздің жұрттың ішінде әлі де бірлі-жарым бұрынғыны көксейтіндер бар ғой. Жұмыстан бас тартып, артық мал ұстап, ет сатып, сауда жасап отырған адамдар жоқ па осында? – деп Бейсекең балғасымен етікті ұрғылап қойды.

– Тұра тұршы, мен айтайын әлгі Мәкенов деген Айымжаннан келген мұғалімнің әкесі не істемеді? Бір қыста үш жылқы семіртіп сатпады ма? Ойдан орып, қырдан қырып пайданы немен тапты? Қаладан тауар әкеліп, баға қосып сатпады ма? Ошақ басы отырып тісімізді қайрағанмен екі шал не бітірдік? Айналайын бір тілші кәзитке жазып сарт етіп тексеру келіп қалғанда не болды? Аяғы аспаннан келген жоқ па? Соны жазып әшкерелеген кәзит жарықтықты айта берсейші?! Осы өзіміздің «Ленин туының» жұмысы ғой,– деп Байбосын отағасы пеш үстіне шалқайыңқырап отырды.

– Баяғыда ұмытпасам сонау жиырма бесінші жылдарда осы «Ленин туы», «Бостандық туы» деген атпен шығатын. Ұры-қары, басбұзарларға қарсы, кедей хақы мен әйел теңдігін аяққа таптаушыларға қарсы түйілмеді ме? Иә, аллай, қайдан көре қалды? Әлгі баукеспелердің желкесін қиюға тұңғыш рет осы кәзит көмектеспеді ме?. «Тәйкөктің сиқыры» деген мақаламен

Сүлеймендерді әшкерелеп тұрып берді-ау! Сонан соң бас көтере алмады ғой.

... – Жаным-ау, мына Қажымұрат ше?– деп сөзді Байбосын қағып әкетті. «Еңбек» колхозынан қуылып келген соң «басқарма не ауылнайдан төмен орынға тұрмаймын» деп қалтасына қолын салып жүріп алмады ма? Ал көрші «Бірліктің» басқармасы Жұмалар елді бүлдіргенде бір тілші жазып кеп жіберіп жөнге салмады ма? Әйтпесе әке десе олар күзетшілікке барар ма еді?– Иә, аллай десенші, бір Қажымұрат емес, сондай бастықтардың» талайы болған шығар. Осы төңіректегі бар төрешілерді еңбектің еліне тоғытып жіберді ғой.

– Өзіміздің Көшербай ше, Көшербайды білмейсің бе?– деп Байбосын отағасы киліге кетті,– бұл жігіттің де сауда-саттыққа хоты жүріп кетіп еді, қос қолдап төбесінен ұрып жібергендей болған жоқ па?

– Кіші аға-ау, Көшербай осы күні не дейді десейші, кәзитке мың рақмет дейді, сол қалпымен кете берсем не болатын едім, қымыстан арашалап қалды ғой,– дейді, тіпті адал сөз емес пе осы?

– Кәзит жарықтықты несін айтасың,– деп Бейсекең насыбайын шырт түкірді: Шіркін-ай! Осы колхозда құдықтың көзі бітеліп ел сусыз отырғанда ауылнай Уақпанның мән бермейтінін жазып жіберсе не болар еді, ә? Жайшылықта біздің Баян, «сахарадағы сәулетті ауыл»деп мақтанғанда құдайдай.. Жұрттың ішерге су таппағанында жұмысы жоқ-ау, бәтшағардың!

– «Маса» мен «Тезтомардың» сасық суын ішіп отырғанымыз ойында болсайшы, иә, аллай! – деп Бейсекең мойнын ырғап қойды. Осының бәрі Уақпанның жұмысы емес пе? Мен білсем осы кәзитке шығады, әлі.? Жұрт аузына ілігіп кеткен екен, босқа қалмас,– деді ағасы.

– Шықты дегенше, құдық қазылды дей бер, құдай ондайды онда, кіші аға!– деп, Бейсекең көтеріле сөйледі.

Аз үнсіздікте сыртта қара жаңбырдың шелектеп құйып тұрғаны естіледі. Бейсекең кайқы балғасымен тарсылдатып өз ісімен қайта шұғылданып кетті. Есік ашылып, үсті малмандай су Бейсекеңнің баласы Седен кіріп келді.

– Жаңбыр құйып тұр ма?– деп әкесі көзәйнегі арқылы бала жігіттің бас-аяғына қарап шықты.

– Сұрамаңыз, әке, көшеде су көлкіп кетті, толарсақтан саз,– деп шешіне бастағанда қойнынан бір тең газет түсе қалды.

– Кәзит пе?

– Иә, почташы Садуақастан алдым.

– Ал оқи қал, не жаңалық бар екен? – деп Бейсекең ісін жерге қойды.

– Оқы– оқы!– деп Байекең төне түсті.

– Ойбай тағы «кірпі» шығыпты, – деп Седен баж ете қалды.

– «Кірпі» дейсің бе, оқы, айналайын! – деп Байбо–сын пеш үстінен домалап түсті, Бейсекей де газетке үңілді. «Баян ауыл советінің басқармасы Тажин Уақпан жолдасқа хат» деп Седен саулатып оқи жөнелді.

• Тажин жолдас, Сізге айтпай болмас...

– Болды қызық!– деп Бейсекең санын соғып жіберді. Екі карт көздерінен жас аққанша күліп, сөзді бөле берді.

– Алла деген, «Маса» көлге суға кетіп бара жатқандарды кара, жаным-ау, мына бір шелек ұстаған шалдарға кара, әй, қулар-ай!..

– Шал дейсің бе?– деп Байбосын отағасы ұшынған адамдай бозарып,– анада бір рет суға барғаным бар еді, мені жазып қоймаса игі еді.

Осылай дабырласып жатқанда:

– Ассалаумағалейкум!– деген дауыс күлкілерін су сепкендей басып тастады. Уақпан ағай үйдегілерге таңырқай қарайды. Шекпеннің етегінен жауын суы тамшылап тұр.

– Неге күліп жатырсыңдар?

– Күлмегенде қайтейік, мына кәзит саған арнап хат жазыпты, соны оқып едік, – деді Бейсекең сакалын сипалап.

– Хат дейсің бе?– деп Уәкең газетке үңілді, тез оқып шығып, ойланып қалды.– Өте дұрыс сын, жабуды жаба тоқып келдік, Шынында, осы елдің судан тарығып отырғаны анық қой. Сессияда да айтқам, аудан алдына да қойғам, құдық қазбаймын деген мен бар ма? Енді шындап кірісуге тура келген екен!

– Шіркін, кәзитім-ай, қамқорымсың-ау, айналайын, Иә, Аллаһ! – деді Байбосын отағасы.

ТЫМАҚБАЙДЫҢ ЖАУАБЫ

Кешке таман ауылдың сонау тұсынан айғай шығуы бар ғой.

– Бәлем, түбіне жетейін,– деп шырылдаған кішкене қара шал жұлқынып жүр. Біреу күліп, біреу тоқтау айтып дегендей, у да-шу. Шал қапсағай жігітке титтей жұдырығын түйіп таптап береді.

– Ақсақал, айғайды қойыңыз!– дейді анау, – балаңыздың кескен ағашына акт жасап, айып тартқызамын!

Апақ-сапақта шалдың ойбайына жүгіріп Түлкібай:

– Не болды, не? – деп еңтігіп тұр.

– Қиын жағдай. – Түлкібай насыбайын шалқая атып ақылды сөз айтты:

– Құр байбаламнан түк те өнбейді, есінен кетпестей етіп тойтарыс бермеу Қарабай атамызға ұят...– деді шырт түкіріп.

– Бәсе деймін-ау– деп шал жақындай түсті.

– Қалың ағайын отырып қорлық көруіміз ұнамас, сылтау тауып сүріндіру керек,– деді Түкен күрең мұрнына қолын апарғыштап.

– Рас-ау, найсапты осы елден қумай болмайды,– деді дызылдақ шал еденді түйгіштеп.

– Шақыр ана Тымақбайды!– деді Түлкібай.

Есік ашылғанда алдымен таяқ кірді де, ізінше жыртық тымақты бас көрінді. Ақ сақалды шал төменірек тізе бүкті. Тымағын шешіп, тақиясын түзеді. Көне шапанының белін қылдырықтай етіп буып алыпты. Түкен танауы қусырылып:

– Айыппұл емес-ау, коқаңдаған қорлығы өтіп барады, мынаның...Қарабай балаларының бетіне кім шығады деп жүргенде, көрдің бе, жер астынан жік шығып. Ол қаңғыманы келген жағына қуу керек. Қуудың тетігі сенде тұр, – деді.

– Астапыралла!–деді Тымақбай шошып.

– Қара шыбыш пен көк доғаны алды ма сенен?

– Алды, жо-жок, ие...

– Бітті, ендеше, қара шыбыш пен көк доға түбіне жетеді. Пара алды, қорқытып алды дейсің. Сұраушы келсе таймайсың!

– Рас-ау, өзің осы тұқымның жиенісің, жақсылық істейсің, бұлтармайсың,– деп пысықтап жатыр қара шал.

– Апыр-ай, өтірікті қалай айтам, – деп жыламсырады Тымақбай. – Кәрі басыңмен ұялмайсың ба десе не деймін?

– Ұятшылын қарашы, әліне қарамай,— деді дызылдақ шамданып.

– Ел болсаң осыны айтасың, айтпасаң, ағайын, отқа түсіп жатсаң, мойын бұрмаймын дейсің, – деп Түлкібай қағаз алып шимайлай бастады.

Тымақбай қалтырап:

– Астапыралла, не деген заман болды– ау! – деп іштей егіліп кетті.– Айтқандары мынау, қарсысың дейді. Кімге қарсылық істеп едім?

– Қол қой.

Тымақбай еденге төселген қағазға тоңқандап қол қойып жатты.

Аспан төрінде үркер шүпірлеп тұр. Құс жолы созылып жатыр. Ауыл ұйқыда. Тымақбай түн жамылып қашып кеткісі келді. Жанындағылар бұлтарар емес.

– Шал алдымен сен кір, қорықпа мылтығын тақаса да айтып шық! Мен тұрғанда саған өлім жоқ, бар-бар!– деді итермелеп.

Тымақбай таяғын тықылдатып, «ие аруақ, қолдай гөрлеп» табалдырықтан аттады. Бөлмеде темекінің түтіні іркіліп тұр. Қағаздарын жайып салып пагонды жігіт отыр. Ол Тымақбайдың аты-жөнін сұрап, жазып қойды. Шал тымағын қолтығына қысып, сап-сары екі тісін көрсетіп, кіртіе қарайды. Ұзын ақ сақалының дірілдегенін өзі аңғармайды, іші де қалтырап барады.

– Сіз Жаңбырбайды білесіз бе?

– Біл-біле-ем, әлгі ләшнек бала ма?

– Ие.

– Ол кісі қызметті қалай істейді?

– Жап-жақсы, кішіпейіл бала, жамандығын көргеміз жоқ. Құдай ақына, обалы нешік...

– Сіз оған қара шыбыш пен көк доғаны не үшін бердіңіз

– Мен... мен бе? Саттым... Жо-жоқ, астапыралла, алды. Алғанда нетіп алды...

– Неткені қалай?

– Қорқытып алды, пара ма еді, соған алды,— деп Тымақбай ішінен бірденесі үзіліп кеткендей қинала тұнжырады.

– Пара дейсіз бе, не үшін оған жалынышты болдыңыз?–

– Үйімді жаңартып едім, соған ағаш кестің дей ме, өзім де білмеймін...

– Солай ма? Параны алушымен бірге беруші де жауапты.. Сіз қылмысыңыз болған соң бердіңіз ғой, солай ма?

- Солай, солай, шырағым.
- Ендеше, сізді де жауапқа тартуға тура келеді.
- Жауапқа дейсің бе, шырағым?
- Тымекеңнің көз алды бұлдырлап, буындары әлсіреп барады.
- Шырағым, мен өмірі сот алдын көргем жоқ, балаларым жас.
- Атай, онан да шынын айтыңыз, қарт адамға жалған сөйлеу ұят – деді тергеуші.
- Ағайыным жау болдың демей ме?
- Шындықты айтқан адам жау болмайды. Тымақбай дірілдеген қолын сакалына апарды. Көзі жасаурап тұтығып қалды.
- Сонымен шыбышты саттыңыз, доғаны ұстай тұруға беріп қайырып алдыңыз. Солай ма? Өтірік айтпаныз...
- Жо-жок, шырағым, көкте құдай көріп тұр ғой. Дәл осылай...
- Жарайды, Көріпбай ағашты қайдан кесті, білесіз бе?
- Ана Кеңшалғыннан, – деді шал таяғын терезенің ар жағына қарай шошайтып. – Түнде барып көрсетпей кесіп әкелдік деп отырған.
- Түнде көрсетпей дейсіз бе?
- Тымақбай қараңғыда үйіне қарай ілбіп бара жатты. Жүрегі шаншып аяқтарын сүйретіп басады.
- Ой, үйің күйгірлер-ай! Түбіме жете жаздағанын қарай гөр?! – деп ауыр күрсінді.

БАСТАМА

Олар ауылға түн ортасы ауа келіп еді. Алғаш қалың күрткітен басқа бөлек-салақ ештеңені де көре алмады. Сымы салбыраған. Көше жобасын осы бағаналар арқылы аңғаруға болғандай. Қақпаларды тауып, жылы үйлерге жайғасты да, ертенінде колхоздың шағын кеңсесіне келіп, бастыққа сәлем берісті. Бірі орыс, бірі қазақ, бірі – псковтық, бірі – оралдық, сып-сыпайы болып басқарманың алдында отырды.

Қаска бас бастық домалақ қара әукесін столға тақап қойып, колхоздың жағдайын айтып отыр. – Небары қырық шақты үйміз, мың жарымдай егістігіміз, төрт трактор, бірнеше пар өгізіміз бар. Жұмыс қолы өте аз, – деді.

Қанына сіңген әдеті бойынша бар жетіспеушілікті жайып салып отыр. – Тың көтер дейді, немен көтеретінімізді қайдан

білейін? Тракторлар ескі, өгіздер арық. Жер жаралғалы түрен тимеген жерге әліміз келе ме?

Ол ернін жалап алып махоркесін түтетті. Сендер біздің колхозға түпкілікті келдіңдер ме? Әлде уақытша ма?

Есен теңселе түсіп:

– Осында түпкілікті жіберді. Тракторлар, құрал-саймандар жеткілікті, – деп естігенін айтты. Басқарманың жүзінде күлкі ойнағандай болды.

Бәрекелді, мықты колхоз боламыз онда!

– Колхоз емес, совхоз боламыз. «Ақсуаттың» екінші бөлімшесі.

Есеннің бұл хабарламасы басқарманы қуанта қоймайды.

– Колхозшылар көпшілігінің еркінде шығар кім болатындары, – деді шүнірек көз. Қарасұр Есен сақалын сипап қойып:

– Колхозшылар да кет әрі болмас, – деп күлген болды. Тізелесе отырған жалпақ жирен Сергей:

– Ақсуаттың екінші бөлімшесі атанып, карта бетіне түсіп те қалғансыздар, – деді болашақ совхоздың жобасын жайып салып: Міне, мынау сіздердің «Қызылтаңдарыңыз» ғой. Есен етектей қағазды басқармаға ұсына берді. Басқарма жұп-жұмыр саусақтарымен қыса ұстап кетік мұртын салбыратып жіберіп:

– Сақтағанов Есен – бөлімше агрономы, Власов Сергей – механик болып тағайындалған, – деді ернін тістелеп. – Көпшілік жиналысы жоқ, келісім жоқ тағайындай салған, ә?

– Үлкен бастықтар келген соң келісім болады. Біз көктем егісіне дайындыққа кірісе бастаймыз, – деді Сергей.

– Тракторларды қар кете алады. Ал тұқым дейтін қанша тұқым бар. ВИМ-нен өткізіп үйіп қойғанбыз. Өгіздердің мойнын босатып күтімге алдық, – деді басқарма байырғы қойын кітапшасын парактап. Осы бір қысқа мәлімдемені кім келсе де, алдарына жайып салып отырғаны.

– Біз тракторларды, саймандарды қатарға қойып, ертең МТС-ка барып, колхозға тиесі техниканы көреміз, – деді Сергей қып-қызыл кекіліне құлақшынын тастай салып, – электр станцияларыңыз неге істемейді, білуге болар ма екен?

– Неге болмасын, қыс бойы тұр адыра қалып, генератор жарамсыз, моторы сынық. Жарықсыз қиын болды, – деп бастык кәрәсін шамды сырып қойды.

Жігіттер колхоздың қуыс, қуысын аралап не бар, не жоғын көріп, колхозшылармен сөйлесіп, істі шеберханадан бастады.

Электр станциясының генераторын жөндеп, моторын түзеп шығуға небары үш-төрт күн ғана кетті. Жетпейтін бөлшектерді тауып әкелуге МТС-қа шапты. Түнде боран астында калып иен далада адасып жүрді.

Күн сұмдық суық болып тұрған. Суыққа карауға уақыт бар ма? Қар белдеулеп тастаған көше бағаналарының басына аюдай жабысып алып сымдарды жалғап жүрген Сергей қайта-қайта қолдарын үрлейді. Төменде:

– Уай, бұларың не?– деген баскарманың қарлығыңқы даусы естілді. Баскарма өзінің кашовкасында кіп-кішкентай болып, тонға оранып отыр. Қатты жел жіңішке қайың бағананы шайқап теңселткен сайын түбінен морт үзіліп кететіндей көрінеді.

– Ештеңе емес, жарық жолын жөндеу ғой,– деді Есен.

– Жөндеу ғой,– деді бастық қыраулы мұртының арасынан сары тістерін көрсетіп...– Жөндеудің де жөндеуі бар. Мұны МТС-тың мамандары жөңдей алмаған. Облыстағылар қалпына келтіру үшін мың жарым сұрады. Колхоздың тиын-тебенін далаға тастай алмай жүрмін бе? Сендерге істей ғой деп қашан айттық, тағы ақша сұрамақсыңдар. Жо-жоқ, менен ақша ала алмайсыңдар!.

Бастық қамшысының сабымен Есенді қарынға түртіп:

– Әуре болмандар, бұл сендердің қолдарыңнан келмейді, оллаһи келмейді, білдің бе?– деді.

Жел шайқап тұрған бағана басынан Сергей:

– Мың жарым сомнан тиын да кем алмаймыз, көрдің бе қандай қиындықпен істеп жатқанымызды?– деп айғайлады.

Баскарма ашуланып кашовкасының ішінде бұлқынып алды да, шекесінен қарап тұрған сұлу жиренді сираққа шықпыртып жіберді. Ат секіріп түсіп шаба жөнелді. Жігіттер күлісіп жатыр.

– Кәне, тездетіндер, бастықтың бермес ақшасын алатын болайық. Сымды сүйреңдер ілгері!

Жігіттер арғы-бергісінен еткен суық желдің астында жанталасып жүр.

– Бағаналардың бұрынғы сымдары қайда болған? – деп сұрады біреуі.

– Колхоздың керек-жарағына деп қиып әкеткен. Мотордың бөлшектерін алып тракторға салған!.. – деді Есен сымды мықшиятартып бара жатып.

– Иесіздік деп осыны айтатын шығар, – деді біреу әндете сөйлеп.

– Ақша шығармас үшін бәсекең құртып тынған ғой – деп күлді Сергей.

– Кеше қора жағынан келе жатсам, бір үйде көше фонарының қалпағынан тауыққа ұя жасап қойыпты. Мынау керек десем, әлгі үйдің кемпірі айғай шығарғаны,– деп Есен мандай терін сылып тастады.

Бірде киіз, бірде мүйіз болып тұрған салпы етек көктем ертеніне маужырап қоя берді.

– Ал, жігіттер, бүгін шешуші күн, қайткен күнде де кешке жарық беретін болайық!– деп Есен сырт киімін шешіп лақтырып жіберді. Бағанаға тартылған қос қабат сымдарға сайрауық торғайлар қонып отыр. Қар еріп шатырлардан тамшы саулайды. Көктем хабаршысы қараторғайлар ұшып жүр.

Ұзақ күн бойы қимылдаған жігіттер іңірде ескі электро-станцияға жиналды.

– Кәне, жібереміз бе? – деді Сергей.

– Көрейік,– деді Есен.

Двигатель от алып ызындай жөнелді. Сыртта айғай-шу, қуанышты күлкі естіліп жатты. Ауыл үстінде таңғажайып ерке шұғыла жарқырап тұрды. Электр станцияға қарай домалаңдап басқарма жүгіріп келді. Келген бетте Есенді, Сергейді құшақтап:

– Бәрекелді, көзің ашылды деген осы. Рахмет, жігіттер! – деп есі кете қуанып тұр.

– Бәсеке, мың жарымды бері қуып қойыңыз! – деді Сергей алақанын укалап.

– Ертең шотауатты банкіге жіберем, – деп тыпырлады басқарма.

Жігіттер күліп жатыр.

– Отағасы, Сергейдікі ойын сөз ғой, өзімізден-өзіміз ақы аламыз ба?– деген Есенді басқарма құшақтап тұрып бетінен сүйіп алды.

– Бұл үлкен істің бастамасы ғана! – деді жігіт те күліп.

ӨРМЕК БАСЫНДА

Салика кемпірдің үйіне көрші әйелдер келе бастады. Өрмекке шашу шашып, мәре-сәре.

– Қайырлы болсын, жеңеше!

– Бояуын келістіріп-ақ тапқан екенсің!

Жүзін әжім басқан кейуана кимешегін серпіп тастап, қылышты үсті-үстіне қаққылайды. Қызылды-жасылды өрмек жіптерінің өн бойына сығырая қарап алып әжей қопаң-қопаң етеді.

– Ат жүйрік болсын!– дейді кейіндеп келгендер.

– Әжей бәйгеге шабушы ма еді бетім-ау!– деп басқарманың жұбайы қара келіншек жыртыңдайды.

– Сондай да жақсы тілек бар, бәрі де бұрынғыдан қалған сөздер ғой,– деді әжей.– Көптен жатқан жіптер еді, бұл түскір, қай заманнан ұмытылған өнер ғой. «Еліміздің тойына көрмеге қоятын нақышты алаша тоқып бер» деп балалар қыңқылдай берген соң, қолға алған болып жатырмын. Мына бояуларды тандатып қаладан алғыздым. Ұйқы-күлкіні қойып осының үстіндемін.

Қарны шығыңқы қайқы бел сары келіншек ермекке үңіліп:

– Маған бере тұршы, қағып көрейін,– деді.

– Тек бүлдіріп ала көрме, шырағым.

Келіншек тез-тез қаға бастады. Шегір көздерін қылшыққа жүгірткенде, қабағындағы меңі тері шыбындай қыбыр-қыбыр етеді.

– Арқауды баса салып қаттырақ ұрса, тоқу тығыз түседі... Өне солай,– деп әжейдің көңілі көншіп отыр.– Жассындар ғой, тез үйреніп кетесіндер. Нешеуін қолдан өткізбедік. Өрмекпен тамақ асырадық. Жіптерді қылыштың ұшымен тарап қой, әне солай. Тоқу біркелкі түседі...

Салиқа күрсінді, әлсіреген жанарын бір нүктеге қадап отыр.

– Отағасымнан отыздан асканда жесір қалдым. Осы Рысжан аяғын апыл-тапыл басқан бала. Арыстаным бесікте, шаруа болса кем, карасатын ағайын жоқ. Басымды тауға да, тасқа да ұрдым. Осы екі құлыншағымды қайтсем аш-жалаңаш қылмаймын деп арпалыспаймын ба? Беу, бала шіркін-ай, десейші! – Қаттырақ соқ, арқауды шұбалтып ұстама... Әуелі қажының үйінде бір неше жыл сауыншы болып, отымен кіріп, күлімен шықтым, құлқын сәріден тұрып ел ұйқыға кеткенде үн деп жаныңды шақырасың. Алатын ақың ескі-құсқы киім мен болмашы азық. Сол күндер түсіме кірсе, шошып оянамын, нан құдайға! Шүкіршілік, мың тәубе!

– Күйеуге шыға қоймасаң болмайтын ба еді? – деді қара келіншек күлкіге булығып.

– Ондай ойым да болды, бірлі-жарым адам кездесті де. Бірақ түбінде қалай боларына сенбедім. Үйленсем бе, жоқ па!

Балаларыма өгейлік етіп, ұрып-сокса мен сорлының күні не болар деп тайкакси бердім. Осы екі құлынымды ержеткізсем, жетіліп қетерміз деп армандадым.

– Енді қайтсін жарықтық– ай,– деді бір әйел көзін сығып.

– Уа, кем-кетік, жок-жітік, жетім-жесір, күнің туды, заман сенікі!– деген хабарды жеткізген қызылдың әскері болды. Қажының ауылына келіп кірген әскердің басшысы мұртты казак осылай деді. Төбем көкке жеткендей болды. Өзімді жәбірлеушілерге тұңғыш рет такаппарлықпен қарадым. Патша құлапты, кедейлерге жақсылық болады дегенді естісек те сене бермейтінбіз. Енді міне, көзіммен көріп, құлағыммен естідім.

Қарағым, мосы ағашынды түзеңкіреп қой, әне солай... Не, не айтам деп едім? Бірді айтып бірге кетем. Не, осы өрмек жайлы ғой. Таршылықта білген өнерің азық болады екен. Алаша, құр бау, киім тігу менен құтылмады.

Шебер катын атандым. Пәлен үй қыз ұзатады. Киім тігуге, түс киіз түрлеуге шақырады десе қуанып қаламыз. Екі баламды жетектеп жылы үйге, жын-тоғы бар үйге барып тәуліктеп жатамыз. Аتكөпір іс тіккізеді, кейде жұмалап жатып өрмек токимын. Балаларым тоя тамақ ішсе, мен үшін зор қуаныш. Беу, бала шіркін-ай, десейші! Сендер бақыттысыңдар, бала да, ана да бақытты. Баланды оқыт, тәрбиеле, ішкенің артында, ішпегенің алдында. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалады деген заман осы. Рысжаным – прораб, Арыстаным – мектеп директоры, немерелеріммен бір қауым жұрт болып отырмын. Ұрпағым жақсы болса екен деймін. Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік. Шын сөз!

Рысжан әбілет басқыр жасында ерке болған шығар, шеше?– деп қара келіншек тағы да күлкіге басты.

– Жок, шырағым, баланы еркелету жөнге келмейді. Бала ата-ананың сөзін жерге қалдырғыш, сыйламай, бетімен жайылғыш келеді. Тоғышар болып өседі. Балаларымды еркелетпедім. Жо-жок! Беу, бала шіркін деген сол!– деп әжей күрсінді.– Баланы от басында мықтап үйрету керек. Мектепке бердік деп назардан тыс қалдыруға болмайды.

Салика осы сөздерімді әдейі айтып отырмын дегендей жас әйелдерді айнала шолып шықты.

– Үлкен әженің айтқаны рас,– десіп жатыр. Қара келіншектің таңқы қарасы көк шыбықты үйіріп «Қараңғыда көзім жок, тиіп

кетсе сөзім жоқ» деп балаларды куалап жүр. Шешесі темекісін бұрқыратып көмейін көрсетіп күледі.

– Ана Зейнептің сары қызын әперем өзіңе, ха-ха-хау!– дейді.

– Келін-ай, балаң тентек екен, сәулетайым, – деді кемпірдің бірі.

– Ойбай– ау, тентек болып не қылыпты, ойнап жүр, даланы аяйсыңдар ма, не қылғандарың, әрмән әрі,– деп шап ете қалды кара келіншек.– Менің баламда жұмыстарың болмасын!

Шешесінің темекі тартып отырғанын көріп, таңқы кара арсаландап келді.

– Апатай, шылым!– деді созаландап. Кара келіншек темекісін езуіне іліп қалтасын актарды. Баласына шылым тұтатып беріп:

– Құдайдың құдіреті ауыз кимылдатпайды, өзіммен бірдей тартады. Әне, біздің Секенай мұрнынан шығарады, еһ– еһ– е–ей!– деп арқасынан қағып қойды. Әйелдер ауыздарын сылп еткізді.

– Балаға темекі зиян ғой,– деп еді қайқы төс келіншек.

– Өз жөніңді жөнде, зиян болып дәулетім шайқалмас, отыздан асканда көрген жалғыздан аянарым жоқ, әрмән!

– Денсаулығына деймін... Әйтпесе...

– Жұрт темекіден өліп жатқан жоқ, ақылың өзіңе! Таңқы кара шылымды тістеп алып, балаларға шыбық жайқауға кірісті. Шыбық сары келіншектің баласына тиіп, бақырып жүр.

– Ойбай-ай, мына көкшешек баламды өлтірді-ау!– деп жұлқынып шықты.– Қағынды ғана келгір-ай!

– Өзің қағын, өз балаң қағынсын!– деп кара келіншек те көгерендеп жакындай түсті.

– Үйбай, балаңды неге жөнге салмайсың? Ішкен мас, жеген тоқ, кім боларыңды білмейсің... Құлыншағым-ай, қай жерің, көрсетші... Үйбай-ай, білеудей болып кеткенін қарай гөр... Балаң өзіңе, жұртқа не керек.

Колхозда жұмыс істеу жоқ, әбден семіріп болғансың.. Қоя қой айналайын, ал– ал– ал...

Қара келіншек шеке тамыры шығып, ақ сайтаны қозып:

– Әй, зоотехниктің қатыны, маған сөз айтуға қалай батылың барады? Менің байым сенің байыңды адам қылып отыр. Оны білесің бе өзің? Әдірем қал.

– Әдрем қалсаң өзің қал, енді келіп колхоздың байлығын жеп қойдың дегенге дейін бардың ба? Менің ішкенімде сенің шаруаң не, маған жұмыс істететін құдай сенбісің, баламнан

садаға кет. Сенің байынды қызметке қойған кім? Соны айтшы!

– Сандалма, мамандығы болған соң, жұрт қойған.

Менің байым болмаса мынаны қояр, тфу десем , ұшырып та жіберем!

– Токтат!– деп Салика әжей ақырып қалды.– Әлгінде не айттым? Енді не істеп тұрсыңдар?

Бастықтың әйелі бөксесін ойната, тық-тық басып жөнеле берді. Сөйлеп барады.

СЫРЫМБЕТ

Есілдің жиегінде отырмыз. Жып-жылы су жағаны еркелей сипап жатыр. Шілденің ыстық самалы судан шыққан денені қыздыра түседі. Өзен өзінің тар арнасында баяу жылжиды. Моп-момақан, мөп-мөлдір. Түбіндегі уак тастар шайқалақтайды. Майда шабақтар жосылады. Боз талдардың сәулесі су бетінде жылжып бара жатқандай. Арғы жақтан пішеншілер «Сырымбетті» үзілдіре шыркады. Назды да, шерлі ырғақтары:

– Қарындас-ау, енді есен бол! – деп аһ ұрады. Ән айбарлы кара теректер мен кәрі үйеңкілердің сыртынан ап-анық естіліп тұр.

Сәду отағасы салалы ақ сакалын тарағыштап, тұнжырап суға қарайды.

– Ақан ағаң да өтті дүниеден– деді күрсініп.– Сіз Ақан серіні көрдіңіз бе? Не дегеніңіз, ол кісі бертінде қайтты ғой. Қарт үнсіз, әуе айналған ыстық. Айнала тынып қалған. Су кемерге шылп-шылп соғады. Қып-қызыл көздерімен жер шұқып шал күрсінді.

– Бозбала кезім болатын. Шұңқырша қарауылда Шөмектің Бекәлісінде жалшылықтамын, – деп бастады әңгімесін.

Бес-алты ағайынды бәрі де бай, жалшылары көп, бағатындары аңшылық, атқұмар, итқұмар. Біреуде тәуір жылқы болса, жүйрік ит болса сұранып, немесе көп пұлға сатып аларман болып жүргендері. Бірде Шәшке Қарауылдан құлын мүшелі тобылғы торы ат әкелді. Жануардың денесінде бір мін болсайшы, тегі Бекәлі тұлғасына да қызыққан болу керек. Атты көріп қайырлы болсын айта келгендер байдың шашбауын көтеріп бақты. Мен танымайтын аласа бойлы, кертеш мұрын кара кісі серпе сөйлеп тұр.

– Уа, Шөмек баласы, ұялы теректей бұтағынды жайып тұрғанын мынау. Шөп шыққан үстіне шықсын, мына торы құлагерден кем түспес. Пәле, шіркін, үзіліп тұрған сағағыңа болайын...

– Тәйір деген, – деп біреу іліп әкетті. – Құлагерден басқа жүйрік жоқ па, көзім алдамаса бұл ұзаққа шабады. Шаңына ілестірмейді.

Бекәлі қара сақалын салалап сылқ-сылқ күлді.

– Ақан деген әумесер ғой, жарлыға жүйріктің керегі не, таңдап жүріп он құлынды бие ал да маған бер дегенімде: – Бар жылкынды берсең де сатпаймын, мал қажет емес, – деді. Сөйлеспеді де:

– Әлін білмеген әлектің кері-дағы, – деді кертпеш қаратыжырынып. – Осыны перінің салқыны соқты, – деп жүр ғой.

– Сондай бір пәлесі бар, әйтпесе кедей малдан безе ме?

– Бәсе-бәсе, – деп байдың жандайшаптары күлді. Көпшіліктің арасынан шыққан бір нар жігіт:

– Уа, күншілдер, – деді кедей біткенді теңдікке алмайтындарыңды білем. Ақан да солардың бірі. Ақанға бір тай бітті деп шок басқандай шыжалақтайсыңдар. Сендер малдың құлысыңдар, Ақан елдің ұлы...

– Апырым-ау, мынау дүлей не дейді? – деп кертпеш қара баж ете қалды.

– Өшір үніңді найсап!

– Жігіттер, бауыр сыртын бірдей қылып сабап алыңдаршы!

Бекәлі тобына еріп өзеурей қойған ешкім болмады.

– Садык шырағым, мырзаларға сондай сөз айта ма екен? – дейді біреу күңкілдеп.

– Жоқ-ау, тіпті күйіп кетем, кедей біткенді қорлап тұрған жоқ па Шөмек баласы?! – деді Садык өршеленіп. Кейін Бекәлілер қайран ерді жаламен жер аударып жіберді. Шіркін жігіт – ақ еді.

Қыс келді. Қансонар. Бөлтірігін алғызған қаншық күн сайын жылқыға шауып, лаңдатып жүрді. Мал шығыны көбейе бастаған соң Бекәлі мен Серәлі болып, жиырма шақты адам таң сәріден атқа қондық. Жалпақ даланы жосып, жыңғыл сайларды, қызыл шілікті еңістерді сүзіп өтіп, қасқырды таң ата орнынан тұрғыздық. Ақ қасқыр қырға қарай бет алды. Шапқанда оқ жыландай сызылып кетеді екен.

Апыр-ай, мынау ұзын белдің өзі болды, алысқа тартар-ақ, аттарды қысып кете көрмендер, – деді Бекәлі. Серәлі ықшам

денесімен торы аттың аркасында қаздырып алып оқ бойы алда. Аспан түнеріп тұр. Тымық. Қосарлана шапқан көп аттың тұяғы ұлпа қарды лақтырып барады. Қасқыр жол-жөнекей кездескен шұқыр көлдерге, шок ағаштарға соқпастан қырлардан асып ұзай түсті. Күн кешкіре қарақшыдай қылтиып Жамантау көрінді. Қасқыр солай қарай тартты. Жамантау бізден күншілік жер еді, жакындап қалғанымызға таңдандым..

– Жок,– деді үзеңгілес шапқан жолдасым,– әлі алыс жеткізе қоймайды.

Аттылардың тобы қақырай сәгіліп, біртіндеп кейіндей берді. Алда Серәлі, соңынан үш-төрт атты біз ғана еріп келеміз. Басы- көзіне тер құйылған бәйге торы аяқ алысымен жанылып, шокаққа басты. Қасқыр еркін сілтеп жеткізер емес. Көлденең дөңнен құлдырап әрі асты. Айнала күңгірт тартып барады. Дөң үстіне жалғыз атты шыға келеді. Бекәлі терісіне сыймай:

– Құдайы құрғыр не қылған меніреу, кетті ғой!– деп күйгелектеніп. Құла атты жакындай беріп тізгінін тартты.

– Акан-ай, анаған бір қайрат көрсетші,– деді Бекәліге ентігіп,– кетті ғой анау!

Біз Акан серіні танып жамырай сәлем бердік. Акан даусын көтере күліп:

– Уа, Бекәлі, маған несіне қолқа саласың, жылқың көп қой, қайда барар дейсің,– деп жөніне жүре берді.

– Құлдық, Акан аға, жау ғой, малымызға тиіп шығындатып жүр еді,– деді.

– Солай ма, ендеше құрығыңды бер!

Аканның қалай қозғалып кеткенін байқамай қалдық. Құйын болып дөңгелене жөнелді. Далақтап шауып келеміз. Қалың қарды есіп өткен Құлагердің ізі жатыр. Көз байланып барады. Жалғыз тау жап-жақын қалды. Қойнаудан оттар жылтырайды. Аттар болдырды. Акан қасқырды құрықпен жетектеп алыпты. Жыртқыш кейде жортып, кейде сүйретіліп келеді екен.

Құлагер қылаң тартыпты, ауыздықпен алысады.

– Бекәлі, жауың осы болса, мә, ұста!– деді Акан айғайлап, солай деді де «Сырымбетті» әндетіп кете барды. Ән қараңғы түнді жарып, дала үстінде қалықтап тұрды. Сондағы үні бүгінге дейін құлағымда. Шіркін, Акан ағаң адамның Сырымбеттей биігі еді-ау!– деді Сәду карт.

Біржан қонақтарын шақырып үйіне басын сұға бергенде, асханадан салдыр естілді.

– Уай, шешесі, сен қайда жүрсін, аналар қиратып жатыр ғой,– деді күйініп. Сағындық пен Сағымбай жүгіріп шықты.

– Әке, анау ыдыс-аяқтарды колынан түсіріп алды.

– Сен ше?– деп шап ете қалды екіншісі,– арақтарды сындырған кім екен!

– Апыр– ай, не дейді,– деді Біржан сасқалақтап. Қонақ күтіп тұрған столдардың ойраны шыққан, ыдыстар қирап жатыр. Ақ мойын шөлмектер қак бөлініп қалған. Шарап исі аңқып тұр.

Біржан басын шайқап, кескіні талаурап кетті. Қырау мұрты дірілдеп, балаларына жаутандай қарай берді.

– Анау арақ ішем деп сөреден құлап түсті,– деді кекілді бала.

– Өзін ғой,– деді әкесіне тартқан кішісі.

– Құдайы құрғыр-ай, қарғайын десем – жалғызым, қарға-майын десем- жалмауызым болдындар-ау!– деп кейіді Біржан. Балалар әкесінің жыламсырап сөйлегендеріне ішектері қата күлді. Осы кезде бітік көз ақ-бұжыр әйел келіп, отқа күйіп қалғандай безектеп:

– Үйбәй-ай, мына көкшешектердің істеп тастағаны-ай, жайратайын ба!– деп балаларға ұмтыла беріп еді.

Оларды ұрғанша мені ұр!– деп Біржан арашаға түсті.– Құдайдан сұрап алған осы екеуіне қол көтеруге батылың барады?

Қонақтар ойраны шыққан үйге келді. Біржан үлкен басын иіп тәжім етті. Қырғауылдың қоразындай маңғазсыған екі еркекке еріп сылқым әйел кірді. Келгендердің не ойда екенін кім білсін, үй иесі әйелдің бетінен оты шықты. Ақбұжыр беті қызыл пүліштей болып ернін тістелей берді.– Сөгіп кететін болды-ау.

Ет желініп, шарап ішкен қонақтар тершіп отырғанда балалар кіріп:

– Ойбай, етті жеп қойыпты мыналар!– деп бақырып жіберді.

– Сендерге де бар, айналайындар!– деді шешесі маңдайынан суық тер бұрқ ете түсіп. Балалар жантайып жатқан шарап шыныларын ауыздарына төңкеріп, сарқынын жұтып тамсанды да әкесіне:

– Бізге арак неге қоймадың?– деді әлденеге октанып. Кейін ішерсің деп жұбату ыңғайсыз, амалы құрып төмен қараған әкені бөтелкемен шекеден салып жіберді. Қонақ әйелдер шар ете қалды. Біржан шекесін басып қисайып барады. Балалар сықылықтай күліп шыға жөнелді.

– Апыр-ай, Бірекесі-ай, мыналарыңызды тәртіпке шақырмайсыз ба?– деді қонақ қырылдаған дауыспен.

– Қырыктан асканда көріп едім. Ұрып-соғуға қол бармайды. Ақылды бұлар тыңдамайды,– деп мұнайды Біржан.

Ол балаларын қайда барса да бірге ала жүреді. Ондайда әйелінің қолы босап, арқасы кеңіп қалатын еді. Жаздың аты жаз ғой, Сағындық пен Сағымбай қыста да сөйтетінді шығарды.

Көрші ауылдағы жиынға бірге кетем деп дігерлеп отыр.

– Айналайын Сағындық, саған не болған, жетіге шықтың ғой, күн суық, үйде қалсаңшы,– деп әке жалынады..

– Бара-а-ам, ойбай,– деп бақырды Сағындық. Оған Сағымбай қосылып азан-қазан болған соң көнді. Сөйтіп көрші ауылға іңірлетіп жетіп келсін. Балаларын шұбыртып кіріп жатыр. Үй толы еркек-әйел бас қосыпты.

– Балаларын неге әкеледі екен?– деп әйелдер бетін шымшыды. Біржанды төрге шығарды, балаларымен өзі бір қауым болып отыр. Ішіп-жеу басталды. Сағындық пен Сағымбай қолдарын табакқа тығып, тамақты шашып-төгіп жеді. Әкесінің алдындағы аракқа жармасады. Майлы қолдарын көршісінің тізесіне жақты. Қой дейтін әке жоқ, ішіп алып ләйліп отыр.

– Мен мас емеспін,– деді Біржан кетпеннің ұңғысындай кеңірдегін созып.– Мына көже, сыраларың сумен бірдей, ішім кеуіп кетті.

– Әй, солай ма?– деп шамданды үй иесі.– Ендеше арақты әкеліндер.

Біржан қанша ішкенін білмейді. Көз алды іріндеп, мұртын үрлей берді. Түн ауа жұрт тарағанда:

– Ал біз де кеттік,– деп Біржан орнынан тұрды. Үй иесінің қонып қал деп жалынғанын тыңдамады.

– Мені мас деп отырмысың?– деп дүрсе қоя берді.– Атымды жолға салып бер, кетем.

Әлдеқашан ұйықтап қалған қос тентекті орап-шымқап, шананың алдына жатқызды. Біржанды отырғызып қолына

делбесін ұстатты. Аяз сорып бүрсендеп тұрған ат шананы қорадан суыра жөнелді.

Сағындық көзін ашқанда ызғарлы қара түнді көрді. Ат күртікке батып тұр. Шырпының басын шалып күрт-күрт шайнайды. Аспанның мұңды жүзінен жұлдыз сорғалай жөнелді. Сағымбай жылап оянды. Шанада бір бүктеліп әкесі ұйықтап жатыр.

– Әке, тұршы, кетейікші!– деп балалар жұлмалайды. Әкесі ұйқысырайды. «Мені мас деп отырмысыңдар» деп былдырлайды. Оята алмаған балалар суық торғайдай бүрісіп отыр.

– Аяғым үсіп барады,– деді Сағымбай шырылдап.

Біржан түс көріп жатыр. Түсінде терең жардың жиегінде тұр екен, қап-қара болып тұңғиық су көрінеді. Сағындық пен Сағымбай жардан құлап, шошып оянды.

– Балапандарым-ай, өлдіңдер-ау!

Үстіндегі тонын, шапанын шешіп орады. Атты кейін бұрды. Таң атарда ғана үйін тапты. Келесі күні балалардың ыстығы көтеріліп, жөтеліп қалды. Әке мен шеше тұмауратқан ғой деп мән бермеді. Дәрігер тексеріп көрді.

– Балалардың өкпесі қабынған, ауырған бетте әкелмей асқындырып алыпсың, емдеуі киындап кетіпті.

Біржан ауруханадан екі иіні түскен күйде көңілсіз шықты.

СЫНАҚ

Сейтен су бетіндегі ұсақ толқындарға ұзақ телміріп, қызықтап отырған сияқты еді. Математикалық тендеулердің шешуін, физикадағы толып жатқан заңдарды есіне сақтауға тырысып, өзін-өзі ұмытып кетуге айналған. Жаңбыр жауып кетпесе, немесе біреу келіп мазаламаса, ұзақ күн бойы тамақ ішпеуге, қозғалмауға бар. Сынақ мерзімі тақалған сайын өзін-өзі камшылап дамыл таптырмайды.

Жар астында шымырлап, қайнап жатқан қара тереңге төніп тұрған бозша талдардың көлеңкесі жігіттің көптенгі орны. Мұнда тірі жан аяқ баспайды. Алаңсыз оқуға, алаңсыз ойлауға болады. Өткен жылғы сынақ сәттерін есіне түсірді.

Кең бөлмеде қаз-қатар адамдар отырған. Барлығы да салқын жүзді, томсарыңқы. Көздерімен арғы-бергіні тінтікілеп: «Сенен қандай білім шығар екен, көрейік» дегендей қатулана

карайды. Төнкерулі билеттерге қолдарын апара беріп, тартып алып ит әуреге түсті. Сонан соң тәуекел деп біреуін сүйреп кетті. Миына салып қараса, онша киын сұрақтар емес сияқты. Аулақ барып отырып, шапшаңдатып жауабын бірыңғайлап тастап, сыдыртып айтып берді. Қинала қоймағандай еді. Үштікті арқалап шықты. Онан кейінгі пәндерден де ала-құла баға алды. Сынақ қортындысында тәйкесінен түсті.

– Шырағым, талабыңа дауым жоқ. Сенен жақсы азамат шығады. Нағыз академия ауылда ғой,– деді профессор көңілін аулап. «Сенен ғалым иесі шықпайды, ауылға барып шаруанды жайғастыр» дегені. Жоқ, қайткен күнде де институтқа түспей қоймаймын– деп сөмкесін арқалап ауылға қайтты. Ұрлық қылғандай жұрт көзіне түсе алмай, әсіресе Кәкімаға көріне алмай жүрді. Қанша қашқанмен суат басынан қыз бәрібір тапты.

– Сейтен, оқуға түсе алмағаныңа намыстанып жүрмісін, келешегің алда емес пе? Онан да тракторшы болып, колхозда жұмыс істейік,– деді.

Кәкіманың айтқаны екі болмады. Екеуі қыстай курста оқып, жаздай майға малынып трактор жүргізді: Ескі трактордың жүргенінен тұрғаны көп.

– Шіркін, мына тың даланы төнкеріп тастап егін ексе ғой,– деді Сейтен. Әкелері майданда жүргенде бір түйір нанға зар болғандарын есіне алды. Оқу да ойынан кетер емес, қайдан кетсін. Айдай әлемге жар салып қалайда оқымай қоймаймын деген соң. Қолы боста осында келіп өткенді қайталайды, пысықтайды. Ал бүгін, ертең мүлдем бос, трактор сынып қалған. Осындайда өзін-өзі сынап көрмек.

Тал арасындағы тақырға сынақ билеттерін жайыш салып, жел ұшыра берген соң малта тастармен бастырып қойды да, мойыл көзімен қыдыра қарап, ойланып отырды. Сонан соң алақанына түкіріп, ысқылап жіберіп, шеткісін суырып алды. Профессордың алдында тұрғандай тамақты кенеп, жауабын айта бастады. Өзін-өзі қамшылап сынақтан өткізді де, жаңа билеттерді жайды. Ұмтыла түсіп, жұтына сөйлеп тұрғанда біреу келіп көзін баса қойды. Жұп-жұмсақ алақанымен көз шарасын қысып барады.

– Кәкімасың ғой, босат!– деді мандай терін сүртіп.

– Бұл жер менің академиям. Қазір сынақ жүріп жатыр, кәдімгі емтихан,– деді билеттерді саусағымен нұсқап. Қыз біреуін алып:

– Кәне, мынаған жауап берші!– деді.

– Өзің сынақшы бола аласың ба?– деп сұрады Сейтен.

– Мен де бір жыл бойы дайындалдым ғой,– деп Кәкима үлкен ұялы көзімен күлімдей қарады. Сейтен үшін сынақтың қаттысы енді басталды. Қыздың алдында жаңылу! Құдайым бетін аулақ қылсын! Жігіт тік тұрып сұрақтарды оқып асықпай жауабын айтты.

– Дұрыс па?

– Дұрыс.

Осылай бір-бірінен кезектесіп емтихан алысып өзен жағасында ұзақ отырысты.

– Саған әлі оқи түсу керек,– деді Сейтен.

– Саған да,– деді қыз.

Күзде қайтқан қаздай қатар түзеп екеуі институтқа келді. Сейтен таныс профессорға жолығып, «ауылдағы академияны» тауысып келгенін айтты.

– Қош, көрейік!– деді карт ғалым сакалын салалап. Алдымен жүгіріп шыққан қыз өңі алмадай қып– қызыл болып қуаныштан Сейтенді бас салып, сүйе бастады. Бұл да тас кенедей жабысып қалыпты. Жігіттер мен қыздар күлісіп жатыр, оларда қанша шаруа. Сейтен қызды төбесіне көтеріп кете барды. Сынақ онымен тынған жоқ, кітаптарды басына жастау одан әрі жалғасты. Жатақханадағылар әлдеқашан ұйықтап қалғанда Сейтен шамы жылтырап оқып отырады. Қиыны шапшаң жаза алмайтыны болды. Оқытушы қас қылғандай лекцияны шұбырта жөнелгенде жазып көр, кәне! Тырнақ көбесінен трактор майы әлі кетіп болмаған ірі саусақтарын қалай қозғаса да профессордың лекциясына ілесе алар емес. Осы арада мұрны шуылдап, тер моншақтайды-ай келіп.

Оңашада шапшаң жазуға қолын жаттықтырып әуреге түссе де, октаудай саусақтары көнер емес. Жүре келе лекцияның негізін қағазға түсіріп алып, кеңейтіп ойлауға жарап қалды. Алғашқы сессияны төрт пен беске тапсырды.

– Студент Қилыбаевтың үздік оқуға толық мүмкіндігі бар деп мәлімдеді декан. Соңғысында бір пәннен басқасын беске тапсырды. Жолдастары да, оқушылары да өте сыйлайтын болды. Комсорг сайлады. Сөйтіп, Сейтеніміздің тасы өрге домалап келе жатыр еді. Кенет жағдай өзгеріп кетті.

Студент Қилыбаев сырттан оқуға ауысып, туған ауылына қайтады,– деп декан екінші мәлімдеме жасады. Кете таңданған Кәкима аудиториядан шыға бере алдын кес-кестеп:

– Сенікі не?– деп жұлмалап сұрады. Қыздың өні өзгеріп кеткен екен, үнемі күлімдеп тұратын көздерінде қорқыныш бар.

– Сенікі не?!

Сейтен ештеңе болмағандай жәй ғана күлім қағып:

– Менікі сол, тың көтеруге ауылға тарттым!– деді.

– Үлкен қиындықпен институтқа түсіп, жап-жаксы оқи бастағанда бұл қалай? Бастықтарға жағдайыңды айтып, оқуда қалдыруды неге өтінбедің?

Сейтен күлді:

– Барлық жағдайды айтып жалынып зорға босандым. Институт жіберер емес еді, обкомға бардым. Солай да солай, туған жерімнің тыңын игеруге комсомол жастар келіп жатқанда менің шет қалуым ұят, жіберіңіздер!– деп есіктерін тоздырдым. Қаласаң сырттан оқуға ауыстырып өзінді де ала кетейін. Бұрынғыша екеуіміз бір тракторда жұмыс істейміз. Бұл жолы күшті ДТ-лар мен дизельдерді жүргіземіз, кетейік!

– Жоқ,– деп жылап жіберді Кәкіма.– Оқуды тастамаймын, институтты бітірген күні ғана барам ауылға.

Қыз осылай деп, ақ сазандай жұлқынып жөнеле берді. Сол кеткеннен жатақханаға барып төсегіне киімшең құлай түсті. Жыласын келіп, жөн сұраған қыздарды да маңына жолатпайды. Әбден талықсып барып ұйықтап кетті. Түсінде ауылды көрді. Аспанның ернеуінен әрі құлаған, сұмдық кең далада Сейтен екеуі жер жыртып келеді екен. Трактор қара қыртысты төңкеріп келеді. Жоғары-төмен сорғалаған бозторғайлардың үні де апанық еститін сияқты. Бір кезде тракторда Сейтен де, адамдар да жоқ иесіз далада жападан-жалғыз қалыпты. «Сейте-ен!» деп айқайлаған өз даусынан шошып оянса, бөлмеде бір қыз жоқ. Қайда кеткендерін есіне түсіре алмай біраз жатты да, көшеге атқып шықты. Сол бетте дүкеннен бір құшақ гүл сатып алып вокзалға тартсын. Бар халық осында екен. Жұртты кимелеп перронға ұмтылғанда поезд жылжып, кете барды.

– Сейте-ен!– деп шырылдады, Кәкіма. Сейтен оны көріп қалды. Жүрісін тездете бастаған поездың орта тұсындағы вагоннан кеудесін шығарып жіберіп «Кәкімалап» барады. Ербіндеген қолы өзге көп қолдарға араласып көрінбей кетті.

Қара шал Шәкен отағасы көңілсіз отыр. Жабырқау. Терезеден түсіп тұрған күн сәулесіне жаскана карап айналасын сипалақтай берді. Мұндайда камзолының кеуде қалтасынан мүйіз шақшаны алып, келістіріп насыбай атса көңілі жадырап қалушы еді.

Қас қылғанда насыбай да таусылыпты. Қоқымын иіскеп түшкіріп салды да, үккішті алдына алып насыбай үгуге кірісті. Шоқпарды бұлғақтатып ұзақ уқалады. Ойы да әр сакка кетіп өзімен-өзі әуре.

Бәрінен Жамантайдың қорлығы өтіп барады. Аяқтан шалып таң атырмауға бар. Құрдас болғаны құрысын, өйтіп. Жолы түсіп дүкенге кіре қалғаны еді. Сөрелер заттарға толы, жаның не тілейді. Әркім керегін алып, дуылдасып жатыр. Қарт дымқыл көзімен айнала бір шолып шықты. Керегі көрінбеген соң жабырқап:

– Шырағым, әнеугі тапсырғанымды әкелмедің бе? – деп күңк ете түсті.

Мұрын астына түймедей мұрт қойған жылтыр кара сатушы басын шайқап күлімсіреді. Кездеме жыртқызып тұрған Жамантайға көзін қысып қалды. Жамантай кара сақалын сипап күліп:

– Ей, мына шалың қалы кілем, камқа тон тапсырып па еді, құпиялап кеттіңдер ғой?– деді.

Шөкең шамданыңқырап:

– Жамантай, анығында мен сендей шүберек саудалай келгем жок. Менің сұрап тұрғаным... деп бөгеліңкіреді. Неге екенін кім білсін, ар жағын айтуға батпады.

– Білем-білем деп Жамантай тағы жыртандады.– Құдай сені әуре қылған. Сен екеумізге кітап оқыған немізді алған, осы қартайғанда кім болмақсың-ей?

– Перім-ау, замандас болған соң айтқаным да,– деп анау кеңкілдеп күле берді,– мейлің, әкедемік болсаң да, шорт тебе.

Шөкең сарқыла сөйледі:

– Сен адам сайтанысын, қолыңды артына ұстап ел қыдыру, бакканың өсек.. Мен болсам кітаптан дүниенің төрт бұрышын түгел біліп отырмын. Кітаптан садаға кет, өл де маған.

– Астағыфиралла, құдайдан қорықпағаннан қорық деген. Мынау қайтеді-ей, перім-ау, ме-ме-ен..

– Өзің пері, құдайдан қорықпаған өзің, кеше колхозда белсенді болғанда құдайды көздеп ататын едің, құдайды боктамай сөйлемейтінсің, енді келіп молда бола қалыпсың,

алдауышсың сен, тамұқ бары рас болса, алдымен отқа лактырылатын өзіңсің!

Шөкен Жамантайды кеудеге түртіп нығарлап айтты. Анау канталаған көздерімен ажырайып:

– Кәрі текеше бақылдамай аулақ!– деп шыға жөнелді.

– Арамза молдакеш!– деп айғайлады Шөкен. Сонан соң сатушыға бұрылыш:

– Шырағым, тауарынды сата берші, қымбат бұйым – кітап неге жеткізілмейді. Толстойды тапсырғаныма үш ай болды. Шолоховты, өзіміздің Мұқанды ...ел деп айтқалы қашан. Кітап жеткізу орнына әлгілерге жел беріп мазақ кылғың келеді. Дүкенінде кітап жоқ, шүберегінді қайтейін, осы елдің ата-бабасы шүберектен өлген жоқ,– деді.

– Әкелем, әкелем, ақсақал,– деп сатушы сасқалақтап қалды.

Шөкен айшуын осылай асқындырып алып еді, енді тарқамай қойды. Шокпардың түбін зырлатып айналдыра түсті, ойы да зыр қақты. Насыбайын ерніне қыстырып шырт түкіріп тастаған соң ғана өзіне-өзі келгендей болды. Енді не істемек? Ауылдағы оқу үйінің азғана кітаптарын оқып бітіргелі қашан. Кейін қайталап оқыды.

Оқитын кітап таусылғалы ашуланшак болып кетті. Газет-журналды да көзінен өткізді. Қоңылтақсып отырғаны мынау, Жамантайдың қылығы анау.

– Қой, бүйтіп текке зерігіп болмас,– деп Шөкен орнынан тұрды. Күпісін киіп, белін буды да далаға шығып сары қарын құла биеге камыт кигізді.

Қысқы күн құлактанып тұр. Шаңыт аязда ызғарлы ак бұлттар тапжылмай қалыпты. Орман қырау жамылған. Қақпа алдына бет– аузын шәлімен орап-шымқап кемпірі келеді.

– Шал-ау, бір жаққа барамысың?

Қарт үндемеген соң кемпірі соңғы хабарды жеткізді:

– Қайнағанікіне Жамантай келіп, інің қартайғанда атқа мініпті, дінді, құдайды сөкті, тіл тигізді,– деп дәттетіп кетті. Ағаң сыбағанды бергелі жатыр. Өзгең өзге, құдайда нең бар, бейшара,– деді кейіп. Шөкен үсік саусағымен насыбайын шырт еткізді де:

– Жамантай екеуің оттамандар!– деді.

Қарт іңірлетіп қырауытып оралды, ауыр қапты төрге дүңк еткізді. Қағынып-соғынып алшандай басады.

– Үлкен ауылға барып кітапханадан біразға жетерлік азық әкелдім,– деді.

– Батырдың әкесі-ау, дауыстап оқысаң, мен де тыңдар едім,– деді сары кемпір.

ЖАЛҒЫЗ БАЛА

Күн әбден ысып кетті-ау!– деп Мағира тершіген алқымын желпіп тұр. Қып-қысқа саусақтарымен күн шалмаған омырауындағы тер моншақтарын сүрткілейді. Көкшіл көздері сағым буып жатқан далаға қадалып тұр. Бос кеңістікте титтей болып тракторлар жылжып барады. Мекебай калың ернінің үстіндегі қырау шалған бір шөкім мұртын ойната сөйлеп:

– Біз ғой,– деді жөтеліп алып,– көп жылдардан бері ауыл мектебінде мұғалімбіз.

– Осыншама уақытты ғылымды меңгеруге жұмсаған ғалым атағын алып, «Волгалатып» жүрмес пе едік,– деп Мағира таңдай қақты.

– Машинаны қойшы, ғалым атағын айтсаңшы! Кен аудиторияда үлкен ғұламалықпен сөйлеп тұрсаң, алдыңнан оқығандар үлкен ғалым болып хат жазып жатса...Жә, ол маған бұйырмаған нәрсе ғой. Мекен үндемей қалды.

– Ұстаздықтың үлкен-кішісі жоқ. Соңғы жиырма шақты жылда екеуміздің алдымыздан оқыған балалар ілгерілеп кетті. Осы абырой емес пе?– деді. Мағира Мекеннің қолтығына жұп-жұмыр білектерін өткізіп жіберіп, Мекебай кинала сөйледі.

– Ауыл қазағы баласын мұғалім етуге құмар-ақ. Осы мамандықтың беделін түсіріп жүргендер де толып жатыр. Кейбіреулері шектен тыс дүниеқоңыз болып алды. Солардың қырсығы ұстаз біткеннің абыройына кір келтіреді. Жалғыз баланы қыздар институтына жібергеннен гөрі СХИ-ға түсіріп, агроном немесе мал маманы еткеніміз дұрыс шығар,– деді ол.

Мағира шок баскандай ыршып түсті.

– Айтпа! Ол не қылғаның, мал маманы етіп, агроном, инженер етіп, кара май мен кірге бөктіріп, ақылыңнан адасқан шығарсың. Екеуміз де мұғалімбіз, кімнен кембіз?! Бала қайткен күнде ЖенПИ– ге бармай қоймайды, білдің бе?

– Жоқ мен қайткен күнде де мұғалімдікті қаламаймын.. Ауылда мұғалім көбейіп орын тимей жүрген. Тамыр-таныстың

көмегімен ілесіп келем. Алда-жалда ауданнан сүйеушілер кетсе, мені де сырып тастайды. Он жылдыққа сабақ беруге жоғары білімді адам керек. Ондай білім менде жоқ.

– Сеніңше, кім болу керек ол қыз?– деп Мағира нақты мәселеге көшті. Мекең мұртын ойнақшытып:

– Агрономдыктан тиімдісі болмайды. Жазда егін салып, күзде жинап алған соң тып-тиыш бір жұмыс. Зоотехник деген нағыз сор, қысы-жазы салпақтау,– деді.

Мағрипаның қызыл-сары жүзі күреңітіп, алқымы ісініп алып:

– Әсима қайткен күнде де мұғалімдікке оқиды айттым, болды!– деп білегін Мекеннің қолтығынан суырып алды.

– Жо– оқ, ешқашан да!– деп сұрланған жүзі қалтырап Мекебай да өз дегеніне табан тіреді.

Ерлі-зайыпты екеуі осылай далада керісіп тұрғанда, Әсима үйді жинастырып болып, киім-кешектерін бірыңғайлап, ертең, ертемен шаруаға кіріспекке қам қылулы еді. Бөлмелердің бәрі жиналған, бәрі орнында. Қулықтың құлынындай ойнақтай жүріп, көп іс тындырыпты. Шешесінен аумайтын қызыл-сары бетіндегі күрең секпілдері шып-шып шыққан термен көбейе, қалыңдай түскен. Қайткен күнде де қыз көңілді.

«Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» деп сызылтады. Кескінінде бір нәзік күлкі бар. Өткен кеш көз алдынан кетер емес. Жасыл қамыстың ұзынды-қысқалы көлеңкелері көл бетіне дірілдеп түсіп тұрды. Судың нақ ортасында айдың жез табакшасы қалқып жүрді. Ай жүзіп, жұлдыздар шомылған суға ұсақ тастарды лактырып бала жігіт ермек қылып отырды. Шолп етіп сүңгіп кеткен тастың серпінімен өрмекшінің торындай дөңгелек сызықтар жайылып барып жоғалды. Айдардың суға қараған қоңырқай кескінінде адам айтқысыз сүйкімділік бар еді. Оны жақсы көрмеу мүмкін емес екенін ұқты Әсима. «Айдаржан!»– деп жігіттің кеудесіне басын сүйей берген.

Әсима кітаптарды қатарлай жүріп әннің аяғын:

«...Дүниеде, сірә сендей маған жар жоқ, Саған жар менен артық табылса да...»– деп жалғастыра бастап еді, әке-шешесінің дауыстары естілді. Күн астында жүріп тершіген екеуі қызды жана көргендей шөпілдетіп сүйе бастады.

– Сәулетайым-ау, жиналыстарың түні бойы созылып әбден қажытты– ау, көздерің кіртііп тұр,– деді Мағира бәйек болып.

– Жас балаға он екі сағат ұйықтамай ажар кіре ме? Бүйтіп ұйқың шала болса жүйкенді зақымдайсың ғой, құлыншағым-ау,– деді Мекен де есі кетіп.

– Тамактан да, дәл қазір ұйықтай қал. Далаға шыға көрме, күн шыжып тұр. Қан қысымы көтеріліп кетті білем, басым зеңіп барады,– деп Мағира ақборық саусақтарымен шекесін сығымдады. Қол орамалымен желпініп болып:

– Әкең екеуміз сені қайда оқытарымызды көп ойладық. Әкең СХИ-ға жіберіп агроном, зоотехник немесе инженер еткім келеді,– дейді. Мен ЖенПИ-ге барғаныңды ұнатам.. Қыз балаға мұғалімдік лайық,– деді такала отырып.

– Тұра тұр, өзі айтсын,– деп Мекебай да төне түсті. Әсима бұрынғысынан да күренітіп:

– Біз механизаторлыққа баратын болдық, жолдамасы, міне,– деді.

– Біздің кім, әлгі Қарпықтың жетпегір Айдары ма?– деді Мағира баж ете қалып.– Әй, сол бір пәле болады деп едім, айтқаным келді.

– Токташы, анықтап айтсайшы,– деді әкесі қозғалақтап.– Әсима енді пыси сөйледі.

– Жігіттер ауыл шаруашылығына баруға тілек білдіріп жатқанда біз неге кашамыз, бізге бас тарту керек пе?– деді..

– Кім ол шақыратын, бізді сырттан билейтін кім?– деді ерлі–зайыпты екеуі.

– Комсомол!– деді Әсима.– Комбайншы, тракторшы болып совхозда еңбек етеміз.

– Ата-ананды керексіз кылып, өз бетіңмен жайылайын дедің бе? Бізді тындаудан қалдың ба? Олай болса мен сені балам деп санамаймын, білдің бе?– деп шорт сынды. Ашу қысқан Мекен үй ішінде ерсілі-қарсылы теңселіп жүр:– Өз ақылын жетпесе ата-анаңнан сұрауға болмай ма? Дәулеттен кашып, бейнетке баруға неге мұқтаж болдың? Комсомол шақырса қайтейін, менің жалғызымнан басқа жан құрып қалып па?

Әсима төсек үстінде қаршадай болып, аяк-қолын бауырына алып отыр. Үркек көздерін кірпіктерімен жауып, солқылдап жыласын келіп. Осы кезде ғана Мағира төсін қайқайтып алып қызына қарай қадам басты.

– Әй, сен шал, осылай ұрсуды қайдан шығардың? Жүрегің ұшырасың, қайда барса еркі емес пе?– деп құшағына ала

берді. Әсиманың жүйкесі одан сайын босап, Мағира қоса жылады.

– Туу– у, шіркіндер-ай, жылаудан басқа білетіндерің бар ма?– деп Мекебай мінгірлейді. Өзінің де жылағысы келіп тұр.

ЖҮЗ МЫҢ

Салық молда зор үнімен азан шақырып болып, дағдылы мінәжатқа кірісіп кетті. Кеудесін жапқан аппақ сакалының ұлпілдек етегі қыбырлап көп отырды. Батып бара жатқан күнге карап қу бұтақтай арбиған саусақтарын көз алдына әкеп: «Тірліктегі күнәләрімді кеш раббым, мақшар күніне сәбидей пәк қыла көр, аллам! – дей бергенде кемпір қоржын аузын шешіп, әлденелерді жайнамазға ақтара салды. Кесек-кесек ірі ақшалар төңкеріліп түсті. Молда намазын үзіп жалт қарады. Бозарған көздері шарасынан шығып барады.

– Бұл не!

– Ақша, байлық!– деді кемпірі иегін ілгері созып.– Құдай көктен тастай салды. Қора іргесінде жатыр екен!

– Ешкім көрмеді ме, біреудің көзіне түспедің бе?– деп ақша толы қоржынды жайнамазға орай бастады.

– Жок, ешкім көрген жоқ. Жегулі ат құтырынып шауып өтіп еді, содан қалған болар.

– Ат қайда, адамы қайда?

– Білуімше, қашқан ат!

– Апыр-ай дейсің...

Салық молда қалтыраған қолдарын қоржынға жүгіртіп ірі бумаларды ұстап көрді.– О, құдай құдіретіне бас, қарттыққа байлық бер деп бір өзіне тілек кылып едім, қабыл алған екенсің. Мың шүкіршілік ризамын, раббым!

– Молда жайнамазға оралған қоржынды іргеге тығып, намазын жалғастырды. Бұл кезде орман жақтан сиырдың сорабындай жіңішке жолмен сақалды зор кісі жүгіріп келе жатты. Анығында ол жүгіріп келе ме, жоқ аяқтарын зорға қыбырлатып бір орында тұр ма, өзі де білмеді. Қашаннан ақаулы кеудесі удай ашып қатты алқынып, көз алды тұманданып дәрмені құри берді. Сөйтсе де тоқтар емес. Сүрініп кетіп қайта еңкеңдейді. Інірдегі шалқак туған айды төңіректеген жарық жұлдыздарға қосылып көз алдына мың сан ұшқын шашырады. Бірін-бірі

қуалаған делбеші бала мен үріккен ат та соқыр қараңғылыққа шым батып жоғалған.

Ауылдық совет кеңсесіне кіре сылқ етіп отыра кетті. Жыпылы жап-жарық бөлмедегі бір адам бірнешеу болып көрінді, үй төңкеріліп бара жатқандай...

– Жолдас, басқарма!– деді ол қызыл сакалын сілкіп:

– Мен басқарма емеспін.

– Кім болсаң да айтарым бар, бақытсыздыққа ұшырап...

– Не болды, біреу жәбірледі ме?– деп Мәлік шошына сұрады.

– Қашқан аттың шанасында кетті...

– Не кетті?...

– Ақша... жүз мың...

– Мәлік су ішкізіп, темекі ұсынып бәйек болулы.– Айтыңызшы, сіз кімсіз, ақшаңыз не?

Ол да сұрланып қатты үрейленген калыпта сакалдыға төне түсті. Келген адам көзі бозарып сөйлеп отыр.

– Көрші совхоздың кассирімін,– деді ықылық атып.– Жұмысшылардың еңбек ақысын алғам. Көшір айғырды айдап келе жатыр еді. Көптен мінілмеген соң айдасына бой бермей екеумізді төңкеріп кетіп отырды.

Мәлік телефонға жармасты.

Көрші колхоз бен совхоздың адамдары түн бойы іздестіріп, елді тік тұрғызды. Айғыр өзінің ат қорасына барыпты. Жарық ұстап жол кезгендер де ештеңе таба алмапты. Бәрінен де қатты шаршаған Мәлік болды. Ол өзінің комсомол жігіттерімен қысқы ұзақ түнді іздеумен өткізді. Таң аппак атқан соң келіп төсегіне қисайды. Қанша ұйықтағанын білмеді, оянса, терезеден күн сәулесі түсіп тұр екен. Мәңгіріп біраз жатты. Көрші бөлмеден күңкіл естілді.

– Меңімше, бұл жеке адамдікі емес,– деді әкесі. Өзіміздің колхоздың ақшасы болып жүрмесін.

– Кімдікі болса оныкі болсын, ақша қолға түскен соң сөз бар, бұл құдайдың өзі аударып берген байлығы, Түсімде аян беріп еді– ау!– деп Салық молда ар жағын хадисшілеп кетті.

– Баяғыда Көшке бақташы көпестің күмәжінегін алып «кедейлік прощай!» деп айғайлаған екен. Мәлікжанның атағын бір шығарар,– деп кемпір сөзінің аяғын күңкілдеп барып бітірді.

– Балаң да, ұрпақтарың да жокшылық көрмейді, иншалла. Ырыс-нәсібеңіз аз емес екен.

– Осы қарғам бойыма бітерде түйенің бүйрегіне жерік едім.. Түйе пейіштің малы ғой, тегін емес,– деді шешесі.

Салық молда құдайтағалаға рахматын жаудырып, олжаның қайырлы болуына дұға оқып, есік-терезені жапты да, жайнамазға орап, іргеге тастаған қоржынды ортаға алды.

Мәлік көрші бөлменің есігінен сығалап, сакалы жыбырлап ақша санап отырған әкесін көрді. Қарт селк ете қалып:

– Кел, карағым, санына жете алмай отырмын,– деді тіссіз аузын сәл ашыңқырай түсіп.

– Бұл не, қайдан келген ақша?– деп сұрады Мәлік. Ашандау, бозғылт, өңіне қарайып сакал нобайы көрініп қалыпты. Шаршаған, ұйқысы қанбаған.

– Алланың рахметі жауып осынша байлықты төбемізден тастады,– деді әкесі.

– Іңірде далаға шықсам, қора сыртында жатыр екен,– деді шешесі.

– Құранда құдай бергенді де санап алу лазым деген,– деп әкесі ұртын бүлкілдетіп жұтынып қойды.– Өмірінде жоқтық көрмей дүрілдетіп өтетін болдың, балам.

– Тауып алдық, бір адам да көрген жоқ,– деді шешесі.

Мәлік ақшаны анықтап санап болып:

– Жүз мың!– деп қуана тіл қатты да, қайтадан қоржынға рет-ретімен сала бастады. Әкесі мен шешесі көмектесіп жатыр.

– Бұл ақша иесіне қайтарылу керек,– деді қоржынды өзіне қарай тартып.

– Мәлікжан, саған не болған, есі түзу адам сөйте ме екен?– деді шешесі.

– Осыған іздеуші де жоқ, кімдікі екені де белгісіз,– деді әкесі.

– Жұмысшылардың жалақысы. Түн бойы ел болып іздедік,– деді Мәлік.

– Таптындар ма?

– Жок.

– Ендеше бұл біздікі. сандыққа сал!– деді Салық молда.

– Сіздікі емес – кісінікі.

– Кісінікін сандығына түсіп алыппыз ба? Құдай өзі әкеп берді,– деді шешесі.

– Мемлекет мүлкі бұл,– деді Мәлік.

– Абзалында, соның өзі тұрақты иесі жоқ мүлік. Шарифат одан алуды күнә демейді.

- Шариғатыңыз қылмыскерге жақ болды ғой, әке!
- Күнәкар болма, балам, шариғатта нең бар! Ақымақтың сөзін сөйлеме!
- Мемлекет деген кім?– деп сұрады Мәлік.
- Мемлекет... ие, мемлекет – біздің хүкіметіміз, әміршіміз,– деді молда басын қатыра ойлап алып.
- Мемлекет – сіз бен біз, бүкіл осы ел, әке! Өзімізден-өзіміз ұрлағанымыз ба сонда?
- Абзалында, біз ұрлаппыз ба, тауып алдық қой.
- Тауып алғанды иесіне қайтару ләзім, иесі жоқ болса ғана иемденген дұрыс деп өзіңіз айтқаныз,– деді Мәлік.
- Молда қасарысып отыр.

ҮЙРЕНІП КЕТЕСІҢ

Жүрер поездың қарбаласы әлі біткен жоқ. Ертерек жайғасып алған Қабыл ауладағы адамдардың төбесінен үнсіз қарап отыра берді.

Әбігерге түскен бір халық. Соктығысып, кимелесіп жатқандары.

– Сәлем, інішек!

Купенің тілдей есігінен сары кісі бас сұқты:

– Тағы біреу бар.

– Кім?

– Бәрі бір емес пе?..

Поездың тіркеуі салдыр ете қалды. Станция үйінің әшекейлі әйнектері жылжып қала бастады. Тақала тұрған жүк вагондары терезе алдынан өтіп жатыр.

– Құдайға шүкір, сені кездестірдім. Жол серік боламыз, атын кім, шырағым?

– Қабыл.

Қыдырбек шоқ басқандай шыж-быж болды.

– Ойбай-ау, бауырым екенсің ғой! Мен ағаңмын, жол болсын!

– Алматыға оқуға.

– Бәрекелді, әке-шешен бар ма, айналайын?

– Бар.

– Колхозбысындар, совхозбысындар?.. Қыдырбектің ұшы-қиыры жоқ сұрақтар мазасын алса да жігіт шыдап бақты.– Үлкендердің қашанғы әдеті ғой,– деп ойлады. Поезд станциядан ұзаған соң шапшаңдатып кетті.

Сарғыш-жасыл тартып дала жатыр. Ағасы да сұрақ беруден жалыққандай кең танаулары шуылдап үнсіз қалыпты. Не ойлап отырғанын алласы білсін, шабдар кірпіктерінің астынан жәй ғана елеусіз қарайды.

– Ойбай-ау, не қылып отырмын,– деп ағасы ала қоржының жұлмалай бастады.– Дәм татырайын саған. Ойбо– ой, қатын байғұста ес қалмапты ғой. Мынау қойдың еті, мынау жент, сары бауырсақ... Мынасы несі «Ақаң» екен ғой. Айналып кетейін. Шәйін-ай, қамқорым-ай, мұнсыз ішкен ас ас бола ма?– Қыдырбек кеңкілдеп тұрып күлді.

– Кәне, шырағым, ал ауылдың дәмі, титтей де ұялма,– деді сұқ саусағымен көрсетіп. Қабыл өз чемоданын ашпақ болып еді.

– О, қайткенің, жатсынғаның ба мені?– деп ағасы омыраулап тастады. Сөйтті де томпақ аузына тағамды тығындай түсіп-мынаны алып жіберейік!– деді.

– Рахмет, аға, мен ішпеуші едім.

– Сөзді қой, ағаң ұсынған соң шегінуге болмайды жүз грамм, артық бермеймін, бұл астың дәмін келтіреді. Кәне, кәне!– деді кимелеп.

«Жүз грамм ғана ғой»,– деп ойлады Қабыл.

– О, бәрекелді, сыйлап берген соң ішкен артық.

– Өзің шімірікпейді екенсің. Бәрекелді, жігіт солай болса керек. Тамақ ал, ие солай...

Қабылдың жүзіне күлкі үйіріліп, көңілденіп қалды. Құлынның кекіліндей қара кекілі тершіген маңдайына түсіп отыр. Ағасы екі рәмке арақ құйды. Бұл жолы тіпті тартынған жоқ.

– О, бәрекелді, міне жігіт!– деді көтермелеп. Қабыл жасаураған көзімен терезеге қарайды. Манағы бір суреттер өзгеріп, сағым бұғандай сапырылысып жөңкіп кетті. Ағынмен ыққан бөріктей таз төбелер қоңыр адырлар қылаңдап қалып жатыр. Ән салғысы келді. Құдай бермеген өнерді қайдан алсын. «Сұрасаң руымды Қаракесек»... деп барылдады. Сонан соң көз кіртііп терезеге қарады.

– Інішегім, зерігіп кеттің білем, картаға қалайсың, бірер алып жіберейік.

– Жетік білмеуші едім.

– Оқасы жоқ, мен де жүйрік емеспін. Ал, кәне, ойнаймыз?

– «Подкидной».

– «Жиырма бірден» артық ойын бар ма? Бір сомнан көнге саламыз, ермек кой, әйтеуір...

– «Жиырма бірді» білмеуші едім.

– Үйреніп кетесін.

Аюжем болған көне картаны ағасы шапшандатып үлестіре бастады. Жаншылған бір сомдықты алып үстелге ұрды. Қабыл картаны тұмсығына тақап бір-бірден ала берді.

– Өзің ізде.

Қыдырбек үш картаны қатарынан алып:

– Асып кеттім,– деді өкініп,– балақай салған жерден іліп түстің ғой.

– Ассалаумағалейкум!

– Әліксәлем, төрге шық!

Жатаған бойлы жылтыр кара Меккеден келгендей қолдасып, амандасып жатыр.

– Жаңағы станциядан мініп едім. Сіздердің дауысыңды естіп келіп қалғаным...

– Окасы жоқ, қазақбайдың баласы екенсің, бізбен бірге бол, бәрекелде-е!– деді Қыдырбек бәйек болып.

– Карта білесің бе, жігітім?

– Шамалы.

– Окасы жоқ, үйреніп кетесің. Мына інішегім де шамалы деп еді, салған жерден қусырып барады!– деп қарқылдап күліп қойды ағасы.

– Солай ма!– деп жылтыр кара таңданды.

Карта бірнеше айналғанда Қабыл үнемі ұтумен болды. Жан қалтасында жаншылып қалған ақшалар қомақтыланып барады. Сорпа сапырғанның да желігі бар дегендей көтеріле түсті.

– Стук – елу сом,– деп жариялады жылтыр кара.

– Бәріне,– деп Қабыл ұрып жіберді. Алып шықты. Қыдырбек теңселіп шығып кетті де, көп ұзамай жартылық алып кірді.

– Құдайдың құдіреті, арақ ішпесем бабым келмейді,шырматылып отырғанымды көрмеймісің?– деді стакандарды лықылдата құйып:

– Алып жіберейік.

Барлығы да ішіп салды. Карта ұрыла берді... Алғашқыдай емес Қабыл сыпырыла берді... Таң алдында жынын алған баксыдай сілейіп қалды. Қалтасының түбін айналдырып қарады... Бір стакан лимонад ішерлік бакыр жоқ.

Ағасы мен жылтыр кара үстелге тұмсықтарын тіреп ұйқыға кеткен.. Поезд діңкілдетіп тартып келеді. Алда –астана, қалта бос.Ол корқынышты түс көргендей күйзеле тершіп:

– Не істесем екен, осылардың өздерінен сауға сұрайын ба? Акша алатын таныс та жоқ. Сұраған күнде не деп сұраймын. Ұтылып қалдым дегеннен тонап алды деген көп жеңіл»,– деді. Бір кезде «ағалары да» тұрды. Жылтыр кара домбығыңқы қабағын укалап керіледі, есінеді. Ағасы ісінген бетін тырыстырып сағатына қарады. Қадақ– құдақ акшабдар мұрты ұзарып, тікірейіп кеткен.

– Бар акшамды ұтып алдыңдар, бір тиыным жоқ, азғана болса да өзіме қайырыңыздар,– деді Қабыл жыламсырап.

– «Қайтарыңдар?!» Табылған ақыл, сені біреу зорлап па, түнде сыпыра ұтып алғанда бізге қайтарып па едің? Ол қайдан шыққан заң? Саған қарта ойнағаннан шешеннің етегіне тығылып отыруың керек екен ғой, кара сен мынаны!– деп иығын ырғап-ырғап қойды. Жылтыр кара кетіп қалды. Қыдырбек те алдағы станциядан түсуге кам қылды.

– Ағатай, азғана акша қайтарыңыз!– деп жалбарынды Қабыл. Қыдырбектің жалпақ сары бетіндегі титімдей мұрны аумағымен бір жағына қарай ауынқырап кеткен сияқты еді. Есікке барып біраз бөгелді де:

– Акшанды ұтқан мен емес, мынаны өз жанымнан беріп отырмын,– деп он сомдықты үстел үстіне тарс еткізді.

Сыртта бозарып таң атып келе жатты. Сарғылт далаға жүдеу көңілмен қарап мұңайып Қабыл отыр. Көз алдына жемсаулы сары елестейді. Жұмырлап жонған тас мүсіндей жылтыраған қайыспас кара көлбеңдеп өтеді. Қабыл қос қолымен бетін басты.

ОРМАНШЫЛАР

Ауыл иттерін дүрліктіріп, кешеге сар желіспен кірген екеу Шакандікіне келіп ат басын тіреді де, арбадан секіріп түсіп, жаңа үйге қарай асығыс қадам басты. Келген бетте алтынын жоғалтқандай бөренелердің кесінділерін шұқылап қарап, іштерін тартып, оскырынып жүр. Аршылған жас теректің ісі білінеді. Жуантық касқабас сары жанындағы бака караға әмірлі дауыспен:

– Міне мыналар, сонан соң ана қабырғадағы он бөрене түтел өз бетімен кесілген, «СП»-ны соқ, Сәрсенбек!– деді.

– Себеп?– деп шошына сұрады Шақан, «СП»-ның жақсылық емес екенін түсініп.

Себеп сол, ағашты өз бетіңмен кесуге тыйым салынғанын білмеуші ме едің? Ежели, білетін болса көрейік,– деді.

– Қағаздарым бар.

– Қашанғы?

– Былтырғы.

– О, мынау теректер жақында ғана кесілген, алдай алмайсың батыр!– Балқожа түбірге отырып алым-жұлым болған сөмкесін ақтарып жазуға кірісті.– «Апырай, мынау жыланның аяғын көретін ку екен. Біле қалғанын қарашы, тырнақтап жиған он мыңның шетінен опырып кететін болды-ау. Ақша шығарып билет алмаймын дегенім мынау... Әттеген-ай, әлде шынымды айтып жалынсам ба екен?»

Шақан көмірдей қара сақалын ілгері төсей шошайтып:

– Шырағым, Балқожа-ай, бір қате болды, ендігісін өзің біл, бала-шаға бар еді,– деп жыламсырай сөйледі. Орманшылар сытырлатып жазып жатыр. Балқожа жылтыр бетін сипап қойып:

– Қате екенін біле тұрып ағашты неге кесесің? Орман кімдікі өзі?– деп ала көзімен атты:– Жиырма жеті бөрене, әрқайсысына он сомнан штраф салынады.– Шақанның жел қарыған қызыл көздері шарасынан шығып барады.

– Алла-Құдай!– деп шар ете қалды.– Мал-мүлкім де жетпес бұған.. Колхозда жұмыс істеп жүз еңбек күн де таба алмаймын, жас та келіп қалды. Бала-шағаға баспана қылып берейін деп... Азғана қараның өнімімен күн көріп отырған басым...

– Бұл қоғам мүлкі отағасы,– деп Балқожа мыңқылдап қойды.– Мына Сәрсембек орманшының жуастығын пайдаланып, әбден еркінсіп алғаныңдар, түге! Лесхоз алдында жауап береді бұл!

Балқожа етектей хаттамасын толтырып отырғанда, Шақан еңтіге кірді. – Ойбай, қатын, мыналардың беті жаман, екі жүз жетпіс сом айып салып отыр, енді қайттік?– деді.

– Абыржыма, аузы бар ма екен өздерінің?– деді қатыны қутындап.– Сен оларды айналдыра бер, мен ас қылып жіберейін.

Аласа балшық үйдің іші қапырық та лас екен. Бұрыштарда өрмекшінің торы бар. Қиюы қашқан еденнің кірі көптен жуылмаған, қараңғы үңгірде тесіле қараған күннің көзі босаға

жакка төрт бұрышты жарығын түсіріп тұр. Сыртта жаңа көтерген үйдің қабырғасы көрінеді. Орманшылар заңсыз кесілген ағаштың көлемін анықтап жатқанда, үйден Шаканның қатыны Әнипа шықты. Бетін жуып, таза көйлегін киіпті. Бұрала басып, тақау келді де, Балқожаға сүйеніп:

– Қайным, ағанның кескен оншақты ағашын каттап жатқаннан саумысың? Өйтем десең, кім бөгет? Бірақ..– деп жорғалатып тартып бара жатыр еді:

– Жеңгей, доғарыңыз, орманды әкем Кенжеғозы өсірген жоқ, халыктікі, бұл араға сөзің өтпейді,– деп сөмкесін тарс еткізіп жапты да, қалтыраған саусақтарымен жейдесін түймелей бастады. Әнипа шегі қатып күлді.

– Қарағым-ау, ашуланатындай ыңғайсыз бірдеңе айттым ба? Ештеңе айтқан жоқпын ғой. Жарайды, хаттаманды сал, айыбыңды тартқыз, оңып жатқан Шақаң жоқ, тек қана бір тілегім– дәмнен үлкен емессіздер, ауыз тиіп кетіңіздер,– деді.

– Иә, шырақтарым, қазақтың баласысыңдар, алынбаған еншілерің бар,– деп Шақан да жортақтады.

– Дәмді аттамайды ғой, өйтетін болса, өздері де оңбас,– деп Әнипа күліп тұр.

Аласа бойлы қасқабас оңып кеткен фуражкасын төбесіне тастай салып, лып етіп орнынан тұрды.

– Мен сіздерге дәм істе дегем жоқ,– деп басы-көзін тер басып тұрған атына қарай ашуланып қадам басты. Керенау торы жалаңаш сираққа үстіне-үстіне шықпыртып барады. Шақан мен әйелі бір– біріне қарап:

– Алырау, дырау пәленің өзі екен!– деді мінгірлеп.

ТОЛҒАҚ

Жайлаудағы жалғыз үйде келіншектің толғағы жиілете түсті. Көрші шопанның кәрі шешесі, мұндайдың неше атасын қолынан өткізген Сағила кемпір тіссіз аузын жымырып алып, шаңбырақ атқан құрсақты егеудей алақанымен сипалап отыр. Сипалап отырып, әулие-әмбие, қырық шілтеннің өз аттарымен адақтап жалбарына жәрдем тілейді. Кемпірдің келіні шілдехана болатын үйдің шаруасын жайғап жүріп, әйелдің киналған кескініне қатты кобалжи қарайды. Толғақ жиілеткен сайын «жаным-айлаған» келіншекке төне түсіп, кемпір:

– Жаңыл, шырағым, алла де, Бибәтімә піріне сиын!– деп кылкылдайды.. Жаңылдың адам төзбес азабы оған түк тұрмайтын бірдене сияқты.

Ой, Құдай-ай, өзіміз неше бала таптық?! Қайсысына қалай толғатқаным есімде жоқ.. Аман-сау аяқ-қолыңды бауырыңа алсаң болды да,ой, тәңірі– әй,– деп бір сөзін қайталаумен болды. Әлсіреген әйелді жіпке асып қойып:

– Құдай босатса, қазір босанасың, шыда, шырағым,– дегенмен келіншек жуырмаңда босана қоймады. Даланы сарғылт нұрға бөлеп күн батып бара жатқанда, қойдан Тұтқабай келді. Аптап күйдірген кара қакпыш кескіні үрей билеп, көздері атыздай:

– Маған неге хабарламадыңдар, әлсіреп қалыпты ғой, енді қайттім? Дәрігер шақырту керек еді,– деді тыпырлап.

– Қой, шырағым, першіл не білуші еді? Оның үстіне еркек біреу келсе,тірі өлім емес пе? Құдай тағала өзі босатады,– деп Сағила кемпір шыж-быж етті. Сөзге келіні араласты:

– Әже, сізге не болған, шақырсын дәрігерді,– деп шіңк етті.

– Әдірем қал, білгішсуін өзінің, баяғыдан бері осы ауылдың әйелдерін першіл босантып жүр ме еді, жайына отыр!– деді кемпір бағжандап. Сасқалақтап тұрған Тұтқабай дәрігерге шаба жөнелді.

– Аллам сақтасын десейші, першіл деген батыл ғой. Салған жерден темір аспаптарын жұмсай бастайды дейді.

– Жәмиләға соны істепті ғой, Содан қатпа болып келген жоқ па, сорлы!– деп кемпір сыбырлай сөйледі.

Жаңыл жіпке асылып тұр. Сиынуға да халі қалмады. Жіптен босап бара жатса, кемпір қайта асады. Құрсағына қолын апарғыштап келіншек үшін алладан тілек тілей берді.

– О, Бибәтима пірім, Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожахмет..– деп әулие біткеннің атын шұбырта берді...

Жаңыл толғақ арасында қалғып кеткендей басы сылқ ете қалса:– Шыда, шырағым, көп ұзамай босанасың!– дейді кемпір жұлмалап.

Көз байланып бара жатқанда бейуақтағы байтақ даланы дүр сілкінтіп, төбеде вертолет пайда болды. Қараңғылық құшағына ене бастаған жалғыз үй мен отар қойдың үстінен сұрғылт бауырын көрсетіп айналып жүрді де, екі бетке кезек жантайып төмендей бастады. Жакын қонғаны сонша, дауылы шопан үйінің түндігін аударып тастай жаздады. Вертолеттің доңғалағы жерге

тие тілдей есігі ашылды да ақ киімді еркекке ілесіп, сұрша қыз түсе бастады. Мотор сөніп тыныштық орнаған еді.

– Мына құрғырлар кайдан келді?– деген Сағила кемпірдің кейіген дауысы шықты. Ол жас қызды көзімен атып: – Әдірем қалғыр, қаршадай болып бала тауып көріп пе едің?– деп күнкілдеп теріс айналды.

Денелі ер адам қолдарын жуып жіберіп аспаптарын дайындай берді. Сағила кемпір бетін шымшыды:

– Жұртым-ау, мен айтпап па едім, шырағым-ай, алпамсадай болып мұның не, басқа жұмыс құрып қалды ма?– деп еркектің ісіне өзінше ұялғанын білдірді.

– Барыңыз, апа, барлығыңыз да шығыңыздар, әйел қиналып жатыр, бізге бөгет болмаңыздар!– деді қыз шәңкілдей сөйлеп. –Босатыңыздар үйді!

Күнімен Жаңылмен бірге толғатқан кемпір де, тілалғыш кішкене келін де, Тұтқабай да есік алдына шықты. Іштен Жаңылдың ықылық атқаны естіледі. Бір кезде тылсым кешті жаңғыртып сәби үні естілді.

– Ұлды болдыңыз, бауы берік болсын!– деп Тұтқабайды акушерка қыз құттықтап жатыр.

– Әйелді орталыққа әкетеміз, ем-дом жасамай болмайды!– деген дәрігердің дауысы естілді. – Зембілді әкеліндер!

Өлден уақытта вертолет аспанға тік көтеріле жөнелді. Жарықтары жылтырап ұзап барады. Қуанғаны болар, Тұтқабайдың жүзін жас жуып кетті...

ТҮС

Шадырбай ықылық ата күрсінгенде:

... Дүние бірде оңда, бірде солда,

Тұрмайды шіркін, дүние, күнде қолда...

деген өлең шумағы тіліне орала кетеді. Кей сәт әуендетіп ынырысып босап қалады. Бүгін тіпті сәскеге дейін ұйықтапты. Тыр– тыр қасынып, дөңкиіп жатыр еді, «тұр, тұр»– ға басқан әйелінің мазалауымен басын көтеріп, аузын арандай ашып бір есінеп алды. Көзі ісіп, бақыр қазандай басы мең-зең. Үкінің басындай жалпақ төбесінен бастап, қасқа маңдайын ала төмен сипап көздерін уқалады. Ұзақ ұйықтағаннан беті ісіп кетіпті.

– Шалбарымды бері таста!

- Етігімді ыңғайла!
- Шапанымды әперіп жібер!
- Шәйнектегі суды жылыт!– деген дағдылы бұйрықтарын

бере бастады.

Қатыны киіндіріп, құманына жылы су құйып қолына берді. Далаға шығып, жуынып келген соң қаратонды жамылып отырып дайын шәйді ішуге кірісті:

– Қатын, – деді жұп-жуан мойнын бұрып. Жаксы түс көріппін. Тегінде қаңғырған бак қайта қонар, Шадырбайға деп жорыдым.

– Еншіалла, періштенің құлағына шалынсын! Аса мейірімді алла құр қол қалтыра қоймас!– деп әйелі көтеріліп қалды.

Баяғы бір күнім екен. Қара арғымақты секіртіп келе жатып, қияға көтеріле беріппін. Бір кезде қиям тауға айналыпты. Төбесінде тұрып жерге қарасам, саған өтірік, маған шын, төменде адамдар құмырскадай ғана болып көрінеді. Ішінде Ботбай бар, Кібән бар, «ағатайлап» зар қағады. О, атаңның ғана аузын... Кеше «колхозды жеді, уставты бұзды, моральдық жағынан азғынданды» – деп, аузы-мұрындарың қисаймай маңырадыңдар кеп. Шадырбай енді жарық дүние көрмейтіндей жабылдыңдар кеп, қалай екен? Табаныма салып қара қоныздай бытырлатайын ба, өздерінді, ха–ха–ха. – деп, мысқылдап күліп тұрғанымда оянып кеттім.

– Болды, болды, әржағын айтпа!– деп қатын сартылдап қалды. –Мана сүйінші сұрап оянсаң етті, оллаһи, бак қонады екен! Управляйшы, баскарма боларда да осындай жаксы түс көргенсің. Жорығаным дөп келсе қара түлкіден жағасы бар пальто әпересің!– деді ол.

Шадырбай:

– Пәлте деген үш-төртеу, текке ақша шаша береміз бе? Лауазым өскен соң қонақ та келгіштейді. Көбіне ішіп-жемді ұнатады. Олардың аузын майламасаң болмайды. «Берген перде бұзалы» – деген қайда?– деді отағасы кесені саусақтарының ұшына қондыра сөйлеп.

– Баскарма күнімде молшылық болды. Ақшаны аямай шаштық. Әлгі Ботбай мен Кібәннің шыжалақтауы да содан. Мәгәрәки, бак қонса, ақша деген не тәйірі, пейілінді кеңге сал,– деді қатыны көзін көкшітіп.

Самауыр ызындап тұр. Саусақтары жүзікке толы әйел кескінсіздеу еді. Шықшытты шикі сары болатын. Көйлекті

тазадан киіп бұлғалақтағанмен, Шәкең оған кашаннан салқын еді. Баскармалықтан қуылғаннан бері байының жүйкесі жұқарып, ұрысқак та тырысқак болып алды.

– Қатын,– деді кырылдаған дауыспен,– құр түстен іс артық. Осы жақсылықтың алдында колхоздың басшыларын үйге шақырып жіберсек қайтеді?..

Көкқасканы сояйық та, қоңыр бағланды жоғарыдан келгендерге қояйық. Баскармаға орынбасар болып алсам, кейінгісін көре жатармын. Бермесе сұрап алам, өз елім емес пе?– деді аса маңызды шаруаны сөз етіп.

Терезеден өткен адамның көлеңкесі қараң етті. Қолында қамшысы бар бригадир екен.

– Ал, Шәке, мынау көктем егісі, адам жетпей жатыр,сеялкаға тұқым салуға барасың!

– Қалай, қалай дейсің-ей! Әрі-беріден соң колхозға мүше де емеспін. Мен келмесем өліп пе едіңдер? Байқап сөйле, шырақ. Әрі-беріден соң өмірі бұрау басын сындырмаған Шәкенді қара жұмысқа айдау оңай болмас!– деді.

– Ойбай-ау, елім-жұртым деп келгенде көрген сый-құрметін мынау ма? Інілерің мұрнынан сіргелеп жұмысқа салсын деп пе?

Шәкең әлдеқандай біреулерге ұқсап қара жұмысқа салпақтай алмайды. Берсе қызметін істейді, бермесе қызметі бар жерге барады, білдің бе? –деді әйелі жұлқынып. Бригадир енді әйелге бас салды:

– Сіз неге жұмысқа шықпайсыз?

– Қалай? Осы мені де жұмысқа жұмсап тұрғаннан саумысың? – деп жеңгесі күліп алды да:– Бара ғой, сәулетайым, бұдан былай біздің есікке бас сұққаныңды көрмейін!– деді.

– Қума, мен, колхоз үшін айтып тұрмын, Кеше өз басыңнан өткен нәрсе, – деп бригадир сандық үстіне орнығып жатыр еді:

– Әрі-беріден соң маған өнеге айтуға жеткен жоксың, тай, кәне!– деп Шәкең жуан саусағымен есікті нұсқады. Ашудан бойы қалтырап, шекесі ұстап қалды. Бір кезде: – Қатша– ай, осы мен түс көріп отырған жокпын ба? Тынымсыз ұйықтағанда осындай бәдік түстер көруші едім,– деді.

ОРМАНДА

Жағыпар жылқышы елен-алаңда шығып еді. Содан бармаған жері жок. Теріжайғанның арғы-бергі бетін түгел шолып, аумағы

елу– алпыс шакырымды шарлап шықты. Қар тегістеп кеткен менсіз далада какпа бел кара атты тебіне түседі. Аспан бұлтты, желсіз. Дала астан-кестен болайын деп тұр. Асығып келе жатқаны да сол. Кара ат қаржалды. Кінә бар ма, қар дегенін үзенгіден. Аяң мен бүлбектен артық жүре алар емес. Тебіне-тебіне қызыл асығы қажалды.

Уақыт кешкірген. Қалын соңында қылтиған курайлар, сыбызғы сабақтары, тобылғы бастары кимылсыз. Қар түйірлері жантая түсіп тұр. Жағыпар аспан кескініне қарап тебіне түседі. Әріректе даланың күзетшісіндей қалқайып жалғыз мола қалып барады. Мұнарасы қисайған ескі там бейуақта мұңға батып, жолаушыны қимастықпен шығарып салып тұрғандай. Орманға жакындаған сайын ат сүрініп, адам жүре алмайтын жылқы тебіні кездесе бастады. Жылқы жарықтық сіреу қарды астан-кестен етіп аударып, төңкеріп тастапты. Суығынды бұйым көрмей қаңтарда қасқайып қарсы тұратын мықтылардың мықтысы, жылқының да әлсіз жерлері толып жатады. Бір тепкенде аюды сеспей қатыратын жылқы қатпа қасқыр тақымынан алғанда шырқырап жата кетеді. Суықтың небір сұрапылында ықпайтын сары қарын биелер мұз жұтса, іштегі құлынын тастап жібереді. Орман маңында жылқы жайылып жатыр. Қардың астына тұмсықты тығып жіберіп қадалып қалыпты. Бытырай шоғырланып, бас алмауларына қарағанда ауа райының бұзылатыны анық болды. «Ықтасынға кіре тоқтаған кара қостың мұржасынан түтін будақтайды. Әбекеннің құласына тақау завферменің жирен қаскасы тұр. Қостың көгілжім түтіні ырғала түсіп, аспандап кетіп жатыр. Ішін тартқан тымық кеште байлаулы аттар оқыранады.

– Жағыпар да келіп қалды!– деген Әбекеннің даусы естілді. Жақан аттан түсіп, сілікпесі шыққан қарияға аянышпен қарады.

Қоста жылқы сорпасының исі аңқып тұр. Өзегі талып ашыққанын жаңа білді. Темір пешке тақау тонын төсеп завферме Алаз қисайып жатыр. Шап-шағын ғана Әбекен сорпаның дәмін көрді де, балбырап піскен етті түсіре бастады. Үшеуі үнсіз тамақ ішті. Сосын:

– Ал, Жақа, не көрдің, не түйдің сөз сенікі!– деді. Жақан қызыл сары жүзі өрттей жанып мандайынан тер моншақтаған қалпы:

– Биелердің іш тастай бастағаны айтқандай «мұз жұтудан» екен. Басқа кінәрат болуы мүмкін емес,– деді.

Май жакқандай жылтырап күлімсіреді.

– Сеніңше, енді не істеу керек?

– Көшу керек, бір сағат қалуға болмайды.

– Қайда?

– Теріжайғанға, мұздағы жок жакқа,– деді Жағыпар көздері жарқ ете калып.

Алаз тұтатқалы жатқан шылымын қоя салды.

– Ақпанның ақырып тұрғаны мынау, жылқыны жазыққа шығарып қырып алу ма, сенікі?

– Жылқыны суыкпен қорқыта алмайсың!– деп күлімсіреді Жақан.

– Боранда ықтап шығып кетсе, далада қырылып жатқанын көресің. Аллаһ сақтасын, мен заппермі болғандықтан, әрі осы малға бүтіндей жауапты болғандықтан келісе алмаймын. Ұлықсатым жок!

Сөзге араласпай отырған Әбділдә ақсақал қонырқай кескінін төмен салып, мұртының шалғысын ширата берді. Сосын бір мезетте:

– Теріжайғанда мұздақ жок па екен?– деп сұрады.

– Теріжайғанның ол жак, бұл жағы да құп-құрғақ бетегесі бұрқырап жатыр.

– Апырай, бұлт ала, жер шала деген рас,– деп қарт көкше сақалын салалай берді.

– Жауын осы төңіректі басып Есіл алқасына қарай жүріп өткен екен, шекарасын да анықтап келдім,– деді Жақан.

– Ендеше көшу керек. Орманды ықтаймыз деп төлсіз калармыз,– деді қарт жылқышы да.

– Апырау, Әбеке, сізге не болған? Мынауыңыз көпе-көрінеу қаскүнемдік қой!– деп Алаз орнынан тұрды.

– Биелерді қызыл шу етіп, іш тастатқанымыз қаскүнемдік болмай ма?– деді Жағыпар.

– Мен малды орман барқынынан шығарып, далаға айдай алмаймын. Ұлықсатым жок, егер өз бетіңмен айдасаң, басыңмен жауап бересің!– деп запперма өзінің ақтық сөзін айтты.

Көгілдір алакеугімде көп жылқының бергі шетінде тайсаяктар жиналып, қар үстінде сұлап жатқан қылаң малды қоршап алыпты. Әбділдә алақанын маңдайына басып:

– Тағы бір бие құлын тастапты!– деп санын соқты.– Бүйте берсе, биелердің ішін сақтай алмаймыз, көшу керек.

Қалың қарда сүйреп жүретін трактор да жоқ. Бәрі жөндеуде тұр. Баспанасыз үсіп өлесіңдер... Әбекең сөздің түйінін айтты.

– Жылқы Теріжайғанға қазір айдалады. Түн бойы жая жылжытып отырамыз. Таң ата бір қарасын көріп қалармыз. Жылқы ізімен косты сүйреп, ертең кешке сонда жетіндер!– деді.

– Менің ұлықсатым жоқ. Қазір ауылға шабам, басқармаға, парторгке айтам! – деп Алаз жирен қасқаның үзеңгісіне жармасып жатып.

– Біздің осы жағдайымызды айт, бір тәулікке баспанасыз шыдап көрерміз,– деді Әбекең тебініп бара жатқан завферменің сонынан айқайлап. Сонан соң Жағыпарға бұрылып:

– Қойныңа көп етіп ақмалтадан салыпал, жүрегің талса талғажау қыларсың! Қазір сары табан айғырды ерттеп жылқыларды топтай баста!– деп өзі қаражал құнанның шап айылы мен төс айылын шіреп тартып жатты. Жылқылар кісінесе қараңғы түнге жылжып кіре берді. Екі жылқышы екі бүйірден шығып жылқы керуенінің алдын ілгері созып жіберіп, шапшаң ығыстырып келеді. Күн бойы тебіндеген тоқ үйірлер жерге бас салар емес.

– Күн бұзылғанша біраз жерді алып қалайық!– деп Әбекең әбігерленіп жүр.

Боран жәй ғана желдетіп тұрып бірден үдей соқты. Қалың қарды суырып көтере қаппақылдап, үйіріп ала жөнелді. Әуелі жел бүйір тұстан еді. Кейін бағытын аңғарып болмастан дөңгеленіп ұйтқып кетті. Әбекең де, Жақаң да жаңылмауға тырысып үйірлерді кіре топтайды. Ақ боранның ортасында көп жылқы жүзіп, қалқып бара жатқандай. Тай-саяқтар тік шапшып тістесе тебісе алысып, қараңдай қалады. Жалы тізесін соққан құла айғыр ойкастап, «осындайда қайда барамыз» дегендей басын төмен салып қазымырлана қайырады. Әбекендер ілгері озып айғырға айғайлап, аз да болса бөгелмесе екен деп тепендеп жүр. Олар түн бойы жылжумен болды. Таң белгі бере боран да сәл саябырсып еді, сәскеде қайыра күшейді. Бұл жолы жел қасақана терісінен шығып, аяз сұмдық қатайып кетті. Жақандар ат ауыстырып мініп, ілгері қозғалды. Кешке қарай Теріжайғанға боран тегістеп кеткен Шіліктің іргесіне келіп, жылқылар тұрақтай қалды.

– Қос бүгін келмес, күртіктің астын үңгіп баспана жасайық!– деді Әбекең аттан түсіп.

Үш күн бойы елден ешкім келмеді. Меңсіз дала. Көкжиектің ернеуіне дейін аппақ. Өліктей қимылсыз. Қыбыр еткен жан жоқ.

– Биелердің іші аман, әйтеуір!– деді Жақаң кеуде кере дем алып.

Бір күні ауыл дүрліге қалды.

– Ерман қатты ауырып келіпті!

Не болды оған?

Кебісін коқайтып алып үйден шыққан кара кемпір сыбырлап:

– Желкірне болса керек, ұзакка бара қоймас, пақыр-ай, бір атадан жалғыз еді,– деп көз жасын іркіп тастады. Үйдің ауызғы бөлмесіне көрші-көлем жиналыпты. Барлығы да орта есіктен мойындарын созысады. Ерманның кемпір шешесі:

– Мә, карағым, ауырып тұрған жеріңе басшы, жел кармаған ғой деп, қыздырғыш беріп бәйек болулы. Қан-сөл жоқ кескінін төмен салып, бір бүктеліп Ерман отыр. Көздері шарасынан шығып ықылық атады. Шешесі бір жағынан, секпіл бет, тығыршықтай келіншегі бір жағынан басын сүйеп түріне карайды. Етегіне жармасып шырылдаған бала былай қалды. Шеше мен келіншек колдарынан келген бар жаксылығын істесе де суырып бара жатқан бір пәле.

Ерманның, көзі бозарып, тартып кетті. Ыңқылдап дыбыс шығаруға да шамасы жоқ. Қос жанары жерге қадалып азғана ғұмырының елестері бір-бірлеп өте бастады. ...Ок түтеген соғыс. Ақ теңіз жағалаулары, сызды окоптар. Қанды ұрыстар, асты- үстіне түсіп жатқан дүние. Сонынан карақұрым солдат ерткен танктер... Оларға қарсы шабуылға шыққан қысылшаң сәттер. Жеңіс сағаттары... Бейбіт өмір... Ақыры мынау... Ерман тілі байланып есікті нұскай берді.

– Першілді сұрайды,– деді келіншек жылап. Әжім торлаған бетін баласына бұрып кемпір:

– Қарағым– ау, першілді қайтесің, әлдеқалай жел кармаған ғой, тарқап кетер. Бұрын да тарқайтұғын үйреншікті сырқат, ештеңе етпес деді. Ерманның көрпесін қымтап.

Кемпір айтты екен деп науқастың беті бері қарамады. Көзі көрмей, құлағы шыңылдап құрдымға анық тартып бара жатты.

Фельдшер алдымен ішіне басқан қыздырғышты алып атып жіберді. Тамырын ұстап көріп укол берді де:

– Қыздырғышты кім басты?– деп сұрады.

– Мен!– деді кемпір.– Суық кармаған адамға қыздырғыш зиян ба?

– Зиян емес – ажал!

– Шырағым, бала менікі, оған қастық ойламайтынымды құдай да, адам да біледі,– деді кемпір першілді кимелеп.– Тәуір болады, көзі ілігіп жатыр.

– Көзі ілігіп жатқан жоқ, әлсіреп жатыр. Бұл калыпта көпке бармайды. Мен самолет шақыртам!– деп жұртты қаға-соға далаға атқып шықты. Кемпір көріктей желпінген Ерманның кеудесін сипап:

– Тәуір боларсын карағым, першілдер тірі адамдарды бас салып сойып тастайды дейді, бетін аулақ қылсын, барып қайтесін,– деп күнкілдейді. Аппақ болып сұлық қалған Ерман төсектен басын көтеріп ышқына айғайлап жіберді де, жастықты басымен құшырлана жаншып, иегін бір-ак қакты.

– Қайран да менің он бесімнен тиген қосағым-ау, аккөңіл аксұнқарым, ак көңіл, аңғалым-ау, мұңылық болған бізді қайда ғана тастап барасың, асылым-ау! – деп келіншек сұнқылдай жөнелді. Сол-ак екен далада кіре алмай тұрған ағайын «Ой бауырымдап» мидай араласты да кетті. Ерманның ізгілігін айтып, жұмсай қойса тракторымен ай-түй жоқ, шаба жөнелетінін айтып, өмірден жас кеткенін айтып, ағайын біраз шер тарқасып алды. Шалдар жағы мәйіттің алдының жақсылығын, артының қайырын тілеп, Мәржәпия байғұсқа қартайғанда әбден қиын болғанына күрсініп, төрге жайғасып отырды. Бір кезде фельдшер кіріп келді. Өліктің бетінің жабуын сыпырып қолтығына қолын салып жіберді де, даяр тұрған шприцті қара саның осы түс қой деп, сұға берді. Инесін суырып алып, кеудесін ысқылады.

Аязды таңды шулатып самолет ұшып келді. Мотор үніне Ерман көзін ашып еді. Шалдар «аллалап» таяқтарын тарсылдатып, сыртқа ұмтылды. Топырлап жылаған ағайын есік алдын босатты.

Ерманды орап зембілге жатқызды да, қырғидай жұтынып тұрған кішкене самолетке алып келді. Буыны құрып талықсыған шұбар келіншек шыр-пыр етіп зембілге жармасады.– Бақыл бол, құлыным!– деп Мәржәпия кемпір зар қакты.

Мыналардан тез құтылғысы келгендей қызыл кресі бар ак самолет жұлқынып қалып, аспанға көтеріліп жүре берді. Сол кеткеннен ұзап барып, тоқымдай бұлттан асып кетті. Ауыл-ағайын оңаша қалып кеңес құрды,

– Бәрі бір кісі болмайды, камдарыңды жей беріңдер. Ішермендік қант-шәй, ұн, сойыстық малды бірыңғайландар.

Өлік жөнелту онай жұмыс емес. «Бардың малын шашам, жоктың артын...» деген өлім бұл,— деп данышпан кара шал сыдыртып тартып отыр. Неше үй бірігіп қанша мал әкелетінін, пидиясы мен құранына, садақа-сауқатына, жаназасына қанша қаржы керектігін сұңғыла сары мұқият есептеп шықты.

— Өз үйінде акшардан тұқым бар ма екен, малдың жағдайы қалай, соны біліп беріңдер!— деп ыңғайлы адам тағайындады.

Халық қалт айтпайды. Осылай даңғаза болып жүргенде күткен жаманат хабар да сарт ете қалды.

— Ерманды арнайы машинамен алып кетсін,— депті. Айтқандай — ақ, пақырға ажал жеткен екен, ауылнайға құпиялап айтыпты,— деп бір әйел сыбыр ете қалып еді. Сол сағатында ауылға тарап үлгерді. «Үлкендер естіртеміз»— деп данышпан кара шал бас болып Ермандікіне сау ете түсті. Сөзді шығын қылмай-ақ кемпір жағдайды өзінен— өзі түсініп:

— Қайран боздағым, қыршыным,— деп қаксай жөнелгенде бала- шағасы түгел үн қосты. Әбден шаршап, ықылық атып отырып мән— жай сұрады. Сұрап алып тағы жөнep кетті. Қара шал Ерманның үйін осылай шулатып қойып, насыбайын атып:

— Тағдырдың ісіне шара жоқ!— деп шырт-шырт түкірді.

— Шырақтарым, өлген қайтып келмейді. Тірі адам тірлігін қылатын. Мәйітті бүгін әкелетін шығар. Ел жиналды, қонақасы беру керек. Сойысқа жарайтын мал бар ма еді?

— Дөнен ісек бар, қарғамның тырнақтаған малы ғой, — деді кемпір.

Ауыл-ағайын Ермандікіне тағы ағылды. Рет-ретімен отырысып жатыр. Басқарма болған кезінде құдайды қысқа күнде қырық боқтайтын сұңғыла сары енді молда болып дәріс айтып отыр. Оның сөзіне құлақ қойған адам көрінбеді. Әрқайсысы оңаша күңкілдесіп, дүниәуі бірдеңелерді сөз қылысады. Жылау- сықтаумен діңкесі құрыған ағайын қалғып шұлғи бастап еді. Есік алдына тоқтаған машина гүріліне елең етіп, сыртқа ұмтылысты. Ерманның келіншегі бүйірін таянып:

— Келдің бе, көлденең түсіп, қирап қалған босағаңа!— деп шаршаған дауыспен басын бұлғай бастап еді, әйел біткен шу ете қалды. Бірін-бірі қылқындыра құшақтап, азан-қазан болып жатқан үстіне Ерманның өзі кіріп келді?.. Иә, кәдімгі тракторшы Ерман — осы үйдің иесі жоқтап отырған «мәйітіміз». Аппак кудай кескінімен үй толы халыққа қарап, аузын қисайтып:

– Апажаным-ау, алтыным-ау, қайда кеттің бізді тастап!– деп дарылдап келіп жыламасы бар ма?! Мәржәпия кемпір баласын көрген бетте тілі байланып, сілейіп отыр еді. Қапелімде Ерманның көзіне ұшырамаған соң көптің, жиналғанынан кемпірді өлдіге жорып, буындары босап кеткені. Сол-ак екен, шешесіне тіл бітіп, жұртты аттамалай ұмтылып, қолдарын соза берді.

Шеше мен баланың не десіп жыласқанын бір адам да естіген жок. Үй тола жан біреу күліп, біреу жылап даңғаза болды да кетті.

Жұрт Ерманды төрге отырғызып, анық тірі ме деп ұстап көріп, хал-жай сұрады. Ерман түнеріп сөйлеп отыр.

– Ыстық басқаннан жарылып кеткен соқырішек екен. Жедел жәрдем келмегенде өлген кісімін ғой. Бір жаман жері арак ішкен адамның наркозға жаны шыға қоймайды екен,– деп беті тыржын етті.

– Апыр-ай, желкірнеден де адам тірі қалады екен!– деп таңдайларын қағып, жұрт үйді-үйіне тарасты.

ХАТТАР, ХАТТАР

Әбен бір отар қойын жайып жіберіп жантайып жатыр. Мұндайда қоржыннан қалың роман алып оқуға кірісетін еді. Шопан болған жылдары ондаған роман оқыпты. Бірақ бүгін кітапқа көңілінің қошы жок. Ел аулақта, ал бұл болса өзін қинаған ойлармен әуре. Ойлар. Ойлар..

Иә, қызбен кездескені де қызық еді. Мейманхана есігінде қактығысып қалып кешірім сұрады. Анығында қағып кеткен қыз болса да Әбеннің қатты ұялып, қызарактағанына қыздың күлкісі келді. Жігіт ұялшақтау еді, ынғайсызданып қалды.

Ғафу ет, мен... байқамай деді. Әбен иығын көтеріп қинала күлімсіреп. Қыз сықылықтап күліп жіберді. Тарыдай ұсак секпілдері бар қызылшырай жүзі күренітіп:– Соғып кеткен мен ғой,– деді.

Екеуі опера театрына қарай жүрді.

– Қаратаулықпын, оқуға түсуге келгем,– деді қыз.

– Ие, түстің бе?

– Жо-жок, математикадан құлап қалдым.

– Ата-анаң бұны естісе ренжитін шығар?

– Әке-шешем жок.

– Туыстарың бар ма?

– Жо-о-ок...

Талдырмаш сары қыз мұнайып төмен қарады.

– Ешкімім жоқ,– деген қызға Әбен:

– Менің де ешкімім жоқ,– деп сөзін сабақтады.– Анам әскер қатарында жүргенде қайтыс болды. Қанырап тұрған бос үйге келдім. Айлар бойы шаң басқан үйде қатты ұйықтап кетіппін. Түсімде әкем келіп.– Ұлым қамықпа, сен азамат болдың. Осы үйдің түтінін түтет, иесіз қалдырма!– деп ап-анық аян берді. Оянып кетіп ойға қалдым. Сыртқа шығып бір құшақ отын әкеліп, от жақтым. Біздің үйдің мұржасынан будақтаған түтінді көріп, ауыл адамдары жүгіріп келді. Бәрі мені құшақтап, көңіл айтып жатыр.

– Жалғыз жүруің қиын болар, біздің үйге жүр– десіп жатыр ағайындар.

– Біздің үй лайық!– дейді енді бірі.

– Қалекен мен Бишә абысыным болса әскерден келген жалғыз ұлға дүрілдетіп той жасамас па еді?– деп қариялар көздеріне жас алып жатыр.

– Не тұрыс, жүр-жүр!– деп қаумалайды бәрі.

– Ағайындар, мен өз үйімде қаламын!– деп қарсыласып жатырмын.

– Әбен шырағым, азаматтың сөзін айттың, сөзіңнің жаны бар. Қазір біздікіне жүр, дәм тат, алыс жолдан шаршап келдің ғой!– деп ниетін білдіріп жатыр.

Қарекен бір бағланды сойып жіберіп, бүкіл ауылды шақырмасы бар ма! Жұрт жиналып, тағам тартылған соң :

– Халайық, – деді қария.– Мынау Әбен кешегі Қалекеннің жалғызы емес пе? Олардың жоғын білдіртпеуге тырысуымыз керек. Азаматтың әскерден келген тойын өзім жасап отырмын, ішіңдер, жеңдер, бірге қуаныңдар!– деп жатыр.

Қарекен бастаған той әрі қарай жалғасып, ауыл болып неше күн Әбеннің шашпауын көтеріп, бір сергітіп тастады, Ата-анасының жақсы қасиеттерін айтып, рухын шаттандырды. Қызды-қыздымен арақтан ауыз тиіп ем, үй төңкеріліп кеткендей халде болдым, асыра сілтеп жіберген болуым керек, қызып қалыппын. Алла деуге шамам жоқ, далаға атып шықтым.

Ертеңінде бөлім басқарушысынан бір отар тоқты алып, жайлауға қой бағуға кете бардым. Отарым тұсақ шыққан жылы қоздады. Қозыны жап-жақсы өсірдім. Келер жылы одан жақсы көрсеткішке жеттім. Аудан, облыстан басшылар келіп жұмысыммен танысып жатыр. Тілші деген де жиі соғатын

болды, суретке түсіріп, газетке жазып дегендей... Сөйтіп, астанада өтетін мәслихаттан бір-ақ шықтым.

Кеше сіз сол жиында сөз сөйледіңіз, маған ұнап қалдыңыз, – деді сары қыз.

Сол күні кеште біз театрға бардық. Халық көп жиналыпты. «Біржан-Сара» операсы басталып кетіпті. Қыздың есімін сол жерде сұрадым:

– Атым– Бану– деді басын иығыма сүйеп.

Бану екеуіміз бір-бірімізге көбірек карап, сыбырласа сөйлесіп, қысыла күлеміз. Ып-ыстық денесі күйдіріп барады. Операның аяқталар кезіндегі кайғылы халді көріп, Бану қатты күйзелді:

– Қайран, Сара апам-ай!– деп көз жасына ерік берді. Біз театрдан көңілсіз шықтық, паркке қарай аяқ бастық.

Түн. Айсыз аспанның астында нұрға шомылған Алматы көшелері кісі аяғынан саябырсыған.

– Әбен, отырайықшы!– деді қыз. Отырдық. Жасыл шырша төбемізден төніп тұр. Тау жақтан салқын самал еседі. Қыз:

– Онжылдықты бітірген соң Қаратау жаққа комсомол-жастардың қой өсіру бригадасына жіберді. Онда екі жыл жұмыс істедім. Жаксылар қатарында өзімді көрсете алдым. Содан жуырда оқуға түсем деп келгенім еді, көріп отырсыз, жолым болмады– деп өзі жайлы ой қозғап қойды.

Бану гүлдің сабағын тістеді, кескінінде мұң бар, мен оны аяп кеттім де:

– Бану, мен бір сөз айтсам өкпелемейсің бе?– дедім. Қыз күлді:

– Өкпелемейтін сөз болса, егер...

– Бану, екеуіміз де жалғыз екенбіз, бас қоссақ қайтеді?– дедім ұялыңқырап. Қыз жәй ғана күлімсіреп:

– Тұрмыс құру оңай дейсің бе?– деді.

– Оңай деп ешкім айта алмайды, шын сөзім, мен сені ұнатып қалдым. Сенімен бірге қандай қиындыққа баруға да әзірмін. Айтқаныңды екі етпейтін жар боламын, ант ет десең ант етейін... Мен...

Шырша іргесіндегі орындықта отырған қыздың алдында тізерлеп тұрып жалынғандай кейіп танытқанда, қыз:

Әбен, есінді жи, жігітке құнын түсіру жарамайды,.. – деп Бану қысқа қайырды.

Бану бір аптаның ішінде уәдесін берді, екеуі қол ұстасып ауылға келді. Бүкіл ауыл болып Әбеннің үйленгеніне қуанды.

Той жасалды. Келер жылдың көктемінде маңдайы торсықтай ұл дүниеге келді. Атын Азамат қойды.

Қырсықтың басы Қарекеннің үйінің құда түсерінде басталды. Аракты жаны жек көретін Әбенге Кәкен деген ішкіш жігіт коярда- қоймай мойнынан қылқындыра құшақтап:

– Іше алмайтын тамағыңа тас тығылып тұр ма?– деп бір стакан аракты аузына құя салды да:

– Міне, жаңа кісі болдың!– деп жетісе күлді.

Әбеннің іші өртеніп кетті, көзі бұлдырап, тілі күрмеде күле берді.

Кәне, тағы алып жіберейік!– деген Кәкеннің дауысы есінде. Аракты аузына апара берген... Басқасы есінде жоқ. Оны құдалардың көлігімен үйге жеткізіп салыпты. Наразылық білдірген Бануды боқтап жібергені есінде жоқ...

Танертен оянса үстелдің үстінде тілдей қағаз жатыр екен, онда: «Әбен! Сөзіңде тұрмадың, Хош. Мен Қаратауға кеттім,– деген Банудың хаты қалыпты. Соңынан қуып барайын десе бөлімше бригадирі жібермеді. Бануға кұнара хат жазады.

«Бану, сәулетайым! Сөзімде тұрмағаныма кешірім өтінем! Бұдан былай аракты аузыма да алмаймын. Қайталасам, кісі болмай кетейін. Үйге қайт, Азамушканы сағындым.. Әбен»

... Әбен ат аркасында тенселе түсіп келеді. Қойларды қайырып тастап шексіз далаға телміре қарайды. Сағым жөңкіп, бозторғай шырылдайды. Дөңнің арғы жағынан жеңіл машина шыға келді. Партком секретарының көлігі.

– О,сәлемет пе, Әбен шырақ!,– деп Әзекен мұртын ширатып тұр.– Аттан түс, кеңес бар. Бала-шағаңнан хабар бар ма?

– Жок.

– Арак ішіп бала-шағаңды мазалау ұят емес пе?

– Енді аракты аузыма алсам, атым өшсін...

– Дұрыс....

Партком дөңнен асқанша Әбен артынан қарап тұрды, Әзекен жас шаңырақтың шайқалғанына қатты қиналды, келінге өзі хат жазды:

«Қарағым, келін! Баламдай көруші едім. Әбеннің қателігін кешкенің дұрыс. Еркек бас, әйел мойын деген қайда, ақылға сал! Үйге қайт, ошағыңды бұзба, айналайын! Сөйт, шырағым!– деп Әзберген ағасы Қаратауға хат жазып жіберді...

Автобус жолдағы елді мекендерге тоқтап, кісі мінгізіп, кісі түсіріп дегендей көп кешігіп келді. Кәкеннің асыққан көңілі алып ұшса да ауыл жеткізер емес. Күн күйдірген даланың шеті аспанмен астасып жатыр. Көгілдір сағым дірілдейді. Шок қайындар көтеріліп, толқып тұрғандай.

Мәскеуден Тимирязев академиясын бітіріп келе жатқан беті. Пілдей агроном болып оралды. Таныс жерлер бәрі. Көк егін ыстық желмен шайқала толқиды. Жас агроном егіннің бет алысын ұнатып, туған жердің тыны ғой деп жылыұшырай қарайды.

Автобус орманды жағалай жүрді. Ақ қайындар мен көк теректер күн нұрына шомылып тұр. Балалық шағы есіне түсті. Шие теретін ағаштар еді.

Ауыл көрінді. Жүрегі лүпілдеп терезеден мойнын созды.

– Тай шаптырым көшені кашан салып үлгерген-ей?! Мұртты кісі құшағына қысты. Аймалап жатыр, екінші жағынан балалар жармасты. Ағайын көршілердің ортасында қалпағының төбесі ағараңдайды.

– Шырақ, аман-сау келдің бе, ә?– деді Жекен ағасы.

– Шүкіршілік ауыл жаңарып кетіпті ғой!

– Ел жаксы, тұрмыс та жаксы, мал бар, ақша бар. Жекен қалбалақтап есік ашты. Үй-іші тастай қараңғы екен.

– Ақырын, легенді байқа!

– Қараңғылап қойғандарыңыз не?

– Қаһар сокқыр, шыбыннан көрдік көресіңді.

Үйге сәуле түскенде айтқандай-ақ кара шыбын ду ете қалды.

– Өне сөйтеді енді,– деді ағасы күңкілдеп. Асты-үсті карағай, терезелері үлкен сырлы жиһазды екен жаңа үйі.

– Қоныс құтты болсын!– деп жатыр інісі.

– Шырақ, ауыл түгел жаңа үйге көшті. Осының көбін өзім істедім. Қол біліп тұрған соң не тәйірі. Астық көп, еңбек күн көп, не сұрайсың, тұрмыс ондалды ғой. Шырақ, қайырлы етсін!

Кәкеннің тынысы тарылып кетті. Көң ісі аңқып барады.

– Көзгелдекті ашып жіберші, қапырық екен!

– Ол не?

– Терезенің желдеткішін айтам.

– Желдеткіш? Жок кой ол.

Жекен інісіне ренжіп қалды. Үлкен қалада тұрып, оқу оқыған соң бізге мұрын шүйіргені ғой. Үй мынау, іші толы кілем мен жасау, қора толы мал, қалта толы акша, осыдан артық мәдениет бола ма? Ата-бабамыз көрмегенді көріп отырмыз, мінекей...

Жекен үйінің мол дастарқанына ыстық бауырсақ төгіліп, тәрелкелеп май қойылды. Қантты кесіп алып дастарқанға серпіп жіберді.

– Алындар, жеп ішіндер,– дейді ашық үнмен. Інісі малдас құрып отыра алмай әуре. Тізелері шошайып шыға берді. Сіңірлері тартылып, аяқтары ұйып қалды.

– Ауру қалса да әдет қалмайды деген ғой. Үстел тұрса да жерге дастарқан жайып тамактану бар екен әлі,– деді Кәкен кейіңкіреп.

– Аанада бір рет шал екеуміз шай ішіп едік, Сұрағанның қатыны күліпті,– деді Жекеннің қатыны данғырлап:– «Адыра қалғыр-ау, жетісіп биік үстелге қаздия қалыпты. Қызметкер болар ма» депті. Сонан соң қоя қойдык.

Жұрт тарағанда Кәкен туфлиін іздеп босағада қарманып жүрді. Көң ісі осы арадан шығады екен.

– Не іздеп жүрсін?

– Туфлиімді... Қараңғыда қолымды былғап алғаным. – Төл үйшігі ғой.

– Төл осында тұра ма?

– Ие, қысқы ергенек.

– Үйге төл қоя ма екен, ауру-сырқау осынан тарайды, безобразия!

– Келмей жатып мән үйрете бастадың ба? Сен ұнатпайды деп төлімді қырып алмақпын ба?– деп Жекен қатты кетті. Бүлдіріп алғанын інісі енді білді. Ақылмен айту керек еді.

– Ағатай, сіз түсінііз, мәдениет – байлық пен барлық емес, тазалық пен жарасымдылық. Мынадай үй орнатқан адамға шағын етіп төл қора салып алу немесе терезелердің бір көзін ашып, жабылатын ету қиын ба? Төлдің үйшігі болмаса, шыбын да болмас еді. «Жұғын бар жерде шыбын бар, шыбын бар жерде шығын бар» деген ата-бабамыз емес пе?

Жекен үндей алмай қалды. Алғаш қаладан келген інісін бізге танау көтеріп отыр деп ойлап еді, азаматтың сөзін айтты-ау.

– Қатын-ай,– деді ол әйеліне дауыстап.– Жұрт не десе о десін,

ана биік үстелді Иван тамырдікіндей ортаға қойып тамақты сонда ішейік. Ергенекті сыртқа шығар, мен терезенің бір көзін ашып-жабатын ете қояйын,— деп белін басып шойнаңдай тұрды.

ӨТЕУ

Есіл сабасына қайта бастаған кез. Байтақ алқаға тұтас жайылған суда мұз сынықтары қалқып жүр. Тарбия құлаған үйенкілер сәл бөгеледі де, аунап түсіп қайта жылжиды. Ақ шағалалар сорғалап келіп қайта ұша жөнелді. Жел толастап дала бусана бастады. Сағым жөңкиді. Сай-салада қысқы кардын тоқымдай-тоқымдай қалдықтары жатыр.

Жаңабай атын тебіне түсіп келеді. Кешеден бері көңіл қошы жоқ. Түн ауғанша ұйықтамады.

— Жаңабайдың қырсығынан төлдің өлімі көбейіп кетті, козы мен лактың шығыны бар. Мұны не деп білуіміз керек?— деді бір колхозшы күйініп.

— Мал қыстан арықтап шықты, шөптің жоқтығына қой кінәлі ме?— деді енді біреуі.

— Сәду дұрыс айтады, шөп әрі аз, әрі сапасыз болды. Сары өлең азық па сол? Жаңабай шөп шабысы кезінде мықынын таянып босқа жүрді. Завферма болып жұмыс басына барып қол тигізді ме екен, айтсыншы өзі!— деді қаба сақалды жігіт,— ең құрығанда жоңышканың бір маясын қара өзек шаққа алып қалу керек еді ғой. Енді мына қара дауылда козыларға беретін шөп жоқ, безобраз, барып тұрған.

— Мая дейсің-ау, жақсы аға, төлдер көлденең шөп тістемегелі екі күн, енесінің тандырын ғана сорады. Арық саулықтар қалай сүт бермек, сұмдық-ау!— деп, төлші келіншек ернін сылп еткізді,— арасына барсаң азан-қазан шулап, өзінді жеп қойғандай.

— Қозы қора лас, қапырық, сыз өткен төл өлмегенде қайтеді? Біз сияқты ірі колхозға жақсы козы қора салып алуға әбден болатын еді ғой. Бұл қоғамға жаны ашымағандық!— деді біреуі білек сыбанып. Сөзге қонақ бермей даурыққан жұрт ферма бастығы Жаңабайға шүйілді. Қысық көздерін қыпылықтатып сөйлеушілерге жүдеу кескінмен қарап Жаңабай отыр. Шашы өсіп, ұрты салбырап кетіпті. Жаңабай дәлел айтып ақталғысы да келген жоқ. Несіне ақталсын, жұрттың айтқандары өтірік емес. Ендігі ойы төлге керек шөпті жарысқа түскен көрші колхоздан сұрап

алу. Қалай сұрар екен? Малы күйлі, шығынсыз жарысушылары күлмей ме? Ұят-ау! Жаңабай сылбыр аяндап келеді.

Өзімен-өзі болып алыста, су бетінде көрінген қараға көңіл аудармаған еді. Ағынмен ыққан бір мая шөп екен. Осы шөпті бұрын фермаға жеткізсе деген бір ой сап ете қалды. Қалайша? Ағын әлі күшті. Тасқында кайық есіп те көрген жоқ. Сендерден өтіп, маяға жету де қиын-ау. «Жоқ, болмас» деп атын тебініп ілгері беттеді.

«Ал, Беке, туыскан, мен қысылып келдім... Жоқ... не, қысылып келдім... Төлім қырылғалы тұр... жоқ... ие, арықтап тұр...»

Жаңабайдың жүрегі алқымына тығылып, беті дуылдап сала берді. Бекенің беймаза күлкісі құлағына келгендей болды. Қалай екен, батыр, кім озды, былтыр тасқан сен емес пе едің? Сондағы екпінің қайда? Хих– хих– хих...

Ол тізгінді тартып тұра қалды.– Жоқ, ана шөпті жағаға шығаруым керек! Шапқан бойы үйіне жетіп аттан секіріп түсті де, балықшының кайығына ұмтылды. Жұрт таңдана қарап тұр.

– Не болды?

– Е, мұнысы несі?

– Жаным-ау, қайда анау! Жаңабай арпалысып барады. Ұсақ сендер ұрып өтеді. Құрықты онды-солды жанталаса сермейді, терлеп, ентігіп келеді. Жүрегі кобалжып алқымына тығылды. Қатты ағынды қия жүзген кайық мұздардың сокқысынан қалтылдап аударылып бара жатқандай болады. Қауіптен басы айналып, көзі карауытады. Маяға такала беріп жармаса кетті.

Шөптен қапсыра ұстап жоғарыға тырмысады. Көтеріле алмайды. Уыстаған шөбімен суға батып жанұшыра қайта жармасты. Сүлікше кадалып алып, сүйретіліп келеді.

Бір сәт жүрегі сокпай тым-тырыс тоқтаған сияқты. Ызғар кеудесін қысып, арғы-бергісінен өтеді. Маяға бастырған бұтаққа қолы іліккенде шығып үлгерді-ау. Ауыл тұсынан недәуір өтіп кетіпті, кейінде келе жатқан қайықшылар айғайлайды. Шөп соңынан ұры сиырдай қайығы еріп келеді. Жібінен тартып жақындатты да, сырығын алып суға бойлатып көрді. Су әлі терең екен. Жаңабай күшпен бұруға әрекеттенді. Мая жағаға ойыса бастады. Тістері сақылдап, іші мұздап кетті. Көмекке келгендер жағаға шыққан еді.

– Шіркін, біздің Жакан осындай жігіттігін жайшылықта істесе ғой,– деп мекіренді біреу.

– Өзіне де сол керек!– деді екіншісі.

– Па, шіркін, сөз екен-ау!– деп шәңк ете қалды Бейсембі молда. Әуелі қыркылдап, сонан булыға шиқылдап, күлкісінің аяғы қықықтап тынды. Қарлығаштың құйрығындай айыр сакалын жел үрлеп, ұйқы-тұйқысын шығарды. Сап-сары жалғыз тісі аузын ашқан сайын көрініп қылаң– қылаң етеді, қозғалып, былшылдап тұр. Иығы селкілдеп шүңіректеу ақшыл көздері қызарып кетті. Көзінің жасын сүртіп, ықылық атып:

–Түһ, шегітүскір-ай, тамтығы қалмады-ау, өркенің өскірмұндай көреген болармысың! Бәйкен трактор шыға басын қисайтып қарады. Көк шалған аппақ мұртын ширатып, пыскырынып.

– Солай де, құдаймен тілдесіп тұрмын де, сөз екен-ау! Әкеңнің қашан өлетінін айтып па радион? Бейсекең тағы селкілдеді – қырма сакал Бәкеніміз кепкесі қисайып тұрып қалды, не дерін білмей сасқалақтады. Ақиқат сөзді айтам деп пәлеге қалды. Мазасыз күлкісімен жанын тырнап жатқандай. Лайықсыз ұшқалақ танып отырған кәрі көршісіне ызасы келді.

– Қуаңшылықтың сыры, пиғылымыздың нашарлығында. Мал сойып тасаттық бермесендер, жауын жаумайды,– деп сыдыртқанын өз құлағымен естіген. Сонысына карағанда жаңбырды тілейтін молда жоқ. Ал тірлік біткен шөлдеп тұр. Танертең ауа райын зерттеушілердің айтқаны анау. Ал бұл өзінікін растағысы келеді. Тасаттық беріліп садақа-сауқат қалтаға түссе дейді.

Бейсембі тершіген жүзін пұшпақ бөркімен дөңгелете сипады да, шашы жидіп түскен төбесіне кигізе салды. Әжімді жүзі жымын-жымың етті:

– Менікі жәй сөз ғой, лайым жаңбыр жаусын,– деп аспанға бір қарады. Шілде күні тас төбеден шақырайып тұр. Аспан боп– боз. Айнала сап-сары, күп-күрең. Изендеген сағыммен тербеліп тұрғандай. Алыс көкжиектен ыстық жел соғып аңқаны кептіріп барады. Тал түсте далаға өлі тыныштық орнаған. Шегірткелердің шырылы ғана естіледі. Түтеген ыстықта құйын дөңгеледі. Біреуі бері қарай ойысып ауылдың арғы шетінен килікті де, сұрғылт құйрығымен ұйпалап өтті. Қора төбелерінің қатпарын ұшырып ұйқы-тұйқысын шығарды.. Сөйтті де есік алдында отырған Бейсекеңдерді шайқап кетті.

– Кет, бәлекет! Ақтаңдың үйіне бар найсап!– деп қақтырмай шығарып салды молда. Жауын деген жақсы сөз, бірақ, ол

бір алланың пәрменінде емес пе? Нақ бүгін жаңбыр болады деп кесіп айтқан адам діннен шығады. Мына құйын жын-шайтанның хабаршысы, кедергі жасайтын осы. Кім айтса ол айтсын, жауын болмайды, көріп отырмын, болмайды.

– Не бәс тігесің, Бейсеке?

– Түк те тікпеймін, құдайдың ғайыбын саудаға салар жайым жоқ. Күнәһар болсаң, менен аулақ, өзің бол!

Бәйкен бригадаға қарай аяңдады. Бұрылып артына қарап еді, үй алдындағы түбірде сакалы желкілдеп Бейсекең әлі отыр екен. Түстен кейін торқасқа байталды жегіп шөпке баруға камданды. Айыр, шалғысын камдап жүруге айналғанда:

– Шал-ау, шекпенінді ал!– деген дауысқа бұрылып та қарамады. Шыбыңдаған байтал құйрығын сипақтатып жорта жөнелді. Жолдың шаңдағын бұрқыратып ағаш арасына кірді. Көлеңкеге биені ағытып, шалғынға тиісіп кетті. Тер сакалынан саулады. Жіңішке ақ шалғыны шаң– шұң жанып, тері колғабының алақанына түкіріп алып сілтей берді. Төңкеріліп түскен пішеннің жолдарына қарап ыңкылдап қояды. Ертең кемпірін әкеп, екеулеп кимылдау керектігін ойластырды.

Орман сыртынан дүңгірлеген дыбыс естілді. Жалғыз адамға жын-пері әуес деуші еді. Аузында құраны барға тіпті өш қой найсаптар деп, жүрегі зырк ете қалды. Ағаш сыртынан нажағай ойнап, күн күркірей жөнелді.

– О, тоба,– деп Бейсекең сакалын сепситіп аспанға қарады. Бұлт жоталарын оскылап нажағай тағы жаркылдады. Нөсердің екпінін білініп, алғашқы суық тамшылар түсе бастады, құйып кетті. Молда шапанын жамылып ағаш түбіне ықтады. Жаңбырға қарап қайран болып отыр. Бөркін шешіп сопақ төбесін тосты, алақанына жиналған суды бетіне жакты.– Жаңбыр, жаңбыр!– деді ол көздері шүңірейіп.

– Қалай екен?– деп ыржия күліп Бәйкен тұрғандай.

– О, тоба, мұны қайдан біле қойды– ей!– Күн жаркылдап, аспан шатырлап кетті. Нөсер сабап тұр. Бейсекеңнің шапаны да пана болмады, су өтіп қалтырай бастады.

– Шіркін, сөз екен-ау!– дейді таңдайын қағып.

Кәжен карт аттан түсті, қолын маңдайына тосып алысқа қарады. Сарыала күз мұнартады. Жел қуалап тастаған шарбы бұлттардың сыртында күн жылжып барады. Желке тұсында былбыраған көкшұлан шашы қалыпты, басы шака жалтыр. Ықшамдап қойған буры сакалы бар.

– Шіркін, күз-ай, даланы кемеліне келтіресің-ау!– деді ол кеуде кере дем алып. Қырдан тағы бір отар көрінді. Теңбіл кектің шоктығында тұрымтайдай жабысып Әбілқайыр отыр еді. Енді міне, қойларын қаптатып жіберіп, бері қарай шоқытып келеді.

– Атты осынша сабылтқан жөн бе екен, жастық шіркін-ай!– деді Кәжекен. Биыл бала-шағасының мал бағуды қой деген, тілдерін алам деп, іш құса бола жаздады. Дені сау адамға ермек табылмайды. Кемпірлермен кеңессең, сөзің үйлеспейді. Екі қолың алдыңа сыймайды. Құрысын бүйткен күн деп, қайың құрығын сүйретіп жайлауға тайып отырды. Даланы сағынып қалыпты. «Шәпибаяуды» әндетті.

– Әліксәләм, Әбілқайырмысың, мал-жаның аман ба? Рас та, сен жиналыста болған шығарсың, иә, сөйле,– деді карт. Жас шопан шүңірек көзді, біз мұрын жігіт, аттан түсіп қоржынын жерге қойды да, көкбестінің аяғын шылбырмен шала салды.

– Көргенімді айтайын ба, естігенімді айтайын ба?– деді Әбілқайыр шарт жүгініп.

– Бәрін де айт, кеңес көптік қылмайды, рас та, жиналыста не сөйленді, тапсырмамыз не болды!

– Кәжен деген шалымыз бар, мінезі тым қатал, бұйрығы орындалмаса жұртты қуырып бітеді, – дегенімде үлкен бастықтардың өзі сескенейін деді,– деп Әбілқайыр кескінін құбылта сөйледі.

– Қой жынданба, рас та, қалай болды?– деді Кәжекен құмартып.

– Ештеңе өнбейді,– деп мұңайып төмен қарады Әбілқайыр.

– Апыр-ай, көршінің шопандары ала бастапты ғой, неге бермейді? Қозыны кем алдық па, жүнді аз қырықтық па, еңбегіміз кем бағалы болғаны ма?– деп карт шын күйзеліп.

Әбілқайырдың көк көздері ойнақшып, істік мұрны-ұшы жыбырлап кетті. Түбіттен бастаған мұртсымағын укалап,

кепкесін көзіне түсіріңкірей киді. Кәжекеңнің әжімді, болбырақ беті азғана қалтырап кеткендей еді. Жігіт таңқылдай күліп:

– Ойнап айтам, Кәжеке, мүлде олай емес, түп шегі түскірай,– деді ол ішін басып.

– Әкесі құрдастың баласы құрдас деген-ау, антұрған, әкен Шакабайды да көргем, менімен ойнауыңды қоясың ба, аһ!– деп карт үстіне қона кетті.

– Қойдым, әкета-ай!– деді жігіт ышқынып. Әбілқайырдың шықшытына әлуетті бармақ шегедей қадалып, жанын шығара жаздады. Көзінен ытқып шыққан жасын сүртіп күле берді. Кәжекең де күлді:

Көптен қолыма түспей жүр едің, енді қалжақтайсың ба?

– Жо-жок, алла сақтасын!– деді Әбілқайыр шегіншектеп..

– Ал, сөйле ендеше!

– Сессияға депутаттар түгел жиналған екен. Райисполком председателі қышыған жерге тигізді-ау! Мәселе малшыларды мәдениетпен қамту төңірегінде болды. Өтініштеріміз алдында жатыр екен. Тұтыну одағының бастығын қырғидай бүрді.

– Рас та, сол керек оған... Тіпті, бәсе деймін– ау, ана жолы сөзге құлақ аспады деп еді-ау!– деді Кәжекең жадырап.

Керектері түгел берілсін деп қолма-қол қаулы қабылданды. Біздің жайлауға орталықпен байланысып тұратын рация жабдықталады. «Әу, кемпірмісің, есенсің бе?»– деп сөйлесе бастайсың.– Әбілқайырды күлкі қысса да карттың қабағына қарап қоя қойды – Кино көшпелі дүкен де келіп тұрады. Малшыларға арналып киімдер әкеледі.

– Жә, киімнен жүдеп тұрмыз ба, басқасын айт! Қыстауда шағын электр станциясы жұмыс істейді. Иә, ұмытып барам, шопандар үшін тазы иттер мен аңшы мылтықтарын береді. Бұл малды аман сақтауға көмектеседі деп қаулыда атап көрсетті. Ана жолы селеу арасынан шыға келген көкжалдан тоқтыны зорға арашалап алмадық па? Мылтық болса, не ит болса аман құтылмайтын еді ғой.

– Солайы солай,– деп Кәжекең аз ойланып отырды да,– Сенің ойың мылтық пен итте, ал радио не болды соны айтшы!

– Ең қиыны, қолға түспейтіні сол екен,– деді Әбілқайыр мұңайыңқырап,– табылмай отыр деседі.

– Әй, тәңірім-ай, мынадай күнде, далада ән тыңдап, әңгіме есту қандай жақсы еді, ә?

Қарт шалқасынан жатып шексіз аспанға қарады. Байтақ әлем ән мен күйге, кеңеске толы болып көрінді, көзі іліге берді. Жігіт орнынан тұрып малға көз салды. Қойлар кең жазықта шашырай жайылыпты.

Әбілқайыр қоржынды шешіп, кішкентай ғана «Турист» радиокабылдағышын алып жерге қойды. Мұны малшылардың өрісте пайдалануы үшін колхоз сатып әперген еді. Құлағын бұрап калғанда әннің үстінен түсті, «Шәпибаяуды» шырқап жатыр екен. Кәжекең апалақтап басын көтеріп алды.

– Апыр-ау, апыр-ау, «Шәпибаяу» ма? Рас, «Шәпибаяу» ғой, мынау. О, бәрекелде-е!

БІЗ ІЛГЕРІ ТАРТТЫҚ

Қалың қабақты шот маңдай қара кісі Исатай күндегіден ерте оянды. Бөлменің бұрыш-бұрышы қарауытып тұнжырап тұрған. Көздерін былшық басып ұйқылы-ояу жатты. Егде тартқан дене ауырлап қалыпты. Жанталаспағанда бола ма?– Мергенбайдың звеносынан қайткенде озу керек қой. Буындары сытырлап орнынан тұрды. Әйелі Рахия әкесіне тартқан ұл баланы құшақтап ұйықтап жатыр еді. Есікті ақырын ашып тысқа шықты. Күн қызарып шығып келеді. Таңғы тыныштықта күңкілдеп сөйлеген Мергенбайдың дауысы естіледі.

– Айыр-тырнауыштарды сайлап машина келгенде дап-дайын отырайық, Исатай әлі ұйқыда жата берсін! – дейді.

Исекең мырс етті де, шүңірек көздерімен далаға қарады. Балғаның сабындай саусақтарын маңдайына көлегейлеп тұр. Қарагер бие қара құлынын ертіп егінге барып қалыпты. Еңкелеңдеп соңынан жүгірді. Қалың қабағының үстіндегі екі елі маңдайынан тер моншақтады. Тәпірейген сұр кепкасын шалқайтып тастап жанұшырып келеді. Бие секіріп барады, қайыру берер емес. Бұрынырақ жетіп жасыл бидайды күртілдетіп ора бастады, құйрығын сермеп қойып пыскырынады. Бидайдың масағын емес, өзінің төбе шашын жұлып жатқандай бетінен оты шықты. Жеткенімен жакындатпады, егінді жапырып айнала секірді.

– Қап, мына ката қалғыр-ай, машина келіп қалады-ау, ә?– Ертең жаным ұяда болса озып шығамын деген Мергенбай сөзіне жететін болды-ау... Осы мал деген бір пәле, жұмыс істетпейді. Бұл көкбалақ болып шық кешіп жүргенде жұрт іске кірісіп те

кетті- әй, әттеген-ай! Исатай кештетіп оралды, асықпай аяңдап келеді. Тамақ тоқ, киім бар, дүние жеткілікті, ақша көп. Оның үстіне қой, ешкі, сиыр, торпақ, құлынды бие, қаз, үйрек асырап, ауланы көңге толтыру кімге керек? Не үшін асырап отырмыз? Ет, сүт, май, қымызды дүкеннен алсақ болмай ма?

– Әкесі-ау, шаршадың ба?– деді Рахия аппақ тістерін көрсете күліп. Исекең үндемеді, тез шешініп қып-қысқа жуан мойнын, жалпақ бетін сабындап жуды, сүртінді.

– Күн ыстық болды, Мергенбайдан озамыз деп болдырып қалдық,– деді пижамасын киіп жатып. Бөлмелерде үй гүлдері жайқалады, масаты кілемдер төселген, кітаптар сірескен шкафтан Сәбиттің «Өмір мектебін» алып тоқтаған жерден әрі көз жүгіртті. Бау жақтағы ашық терезеден көкше алманың исі келді. Исекең кітапты тізесіне қойып ойланып отыр. Жетімдік пен өткен жастық шағы есіне түсті...

– Әкесі-ау, шәй даяр,– деп Рахия дауыстағанда ұйқыдан ояңғандай басын көтерді. Қырықтың ішіне кіріп қалған бұғақты сары әйелдің мінезінде жастық, еркелік бар. Шәйді құя отырып Исекеңді аялап:

– Ішіңіз, тәттіден алыңыз!– дейді.

– Қатты шөлдеп қалған екем,– деп үһілей берді Исекең.

– Әкесі– ау, танертен шәй іше алмай кеттіңіз ғой, – деді Рахия аяп.

– Уақыт болды ма?– деді Исатай шәшкесін төңкеріп.– Биені егіннен зорға ұстап алып үйге келгенде машина тосып тұр екен.

– Әй, осы малы түскірден де көреді екенбіз,– деді Рахия кейіп.– Кешкісін коралап алу үшін жұмыстан ерте қайту керек. Өйтпесе ешкілер ағаштарды кеміріп тастайды. Тыныштықпен жұмыс істетер емес. Бие сауылмайды, мінуге машина бар...

– Осы малдан құтылу керек,– деп Исатай кесімін бір-ақ айтты.

Рахия ойланайын деді.

– Малға үйренген адамға малсыз тұру көңілсіз болмас па екен? Бірімжанның әйелі «үрерге иті жоқ» деп күлмей ме? Қоралардың бос тұруы лайықсыз емес пе және бірден қалай құтыла саламыз?– деді әйелі.

Исатай қалың еріндерін жымқырып тамсана берді.

– Малдың оралғы екені анық қой, колхозға тапсырамыз. Керегімізді ортадан алып тұрамыз. Одан артық не керек?

– Колхоз қабылдай қойса...

– Алады, алғызамыз,– деп Исекең кеңсеге тартты. Көше жап- жарық, үйлердің ауласында екпе ағаштар жасарып тұр. Клубтан ән естіледі. Асфальтпен асыға басып келеді. Бастык өзінде екен. Топпақ мұртты, қоңқақ сары.

– Жоғары шығыңыз!– деп жатыр.– Халіңіз қалай?

Исатай саскалақтап тұтығынқырап қалды. Қалың қабағын қозғап кішкене көздерін қыпылықтата берді. Шамадан тыс кең бөлменің төріндегі бастыққа тақау келді. Бастык жалғыз емес, басқарма мүшесімен сөйлесіп отыр екен.

– Азғана шаруам бар еді,– деп күңк етті Исатай.

– Айтыңыз.

– Айтсам мынау,– деп үлкен еріндерін жинақтап тамсанып:– Әйелімізбен екеуіміз жұмыстамыз, тұрмыста мұқтаждық жоқ. Сондықтан жеке меншікке мал ұстаудың да керегі болмай тұр. Малдарымды колхоз орталығына тапсырғым келеді, қалай қарайсыңдар?

– Тың мәселе екен, сүт пен етті қайдан аласыңдар?

– Әрине, орталықтан.

– Бұлай ету әлі ертерек шығар.

– Бастык ойланды, аңысын андап отырған басқарма мүшесі іліп ала жөнелді.

– Менімше, бұл дұрыс емес. Коммунизмді бір күнде орната салуға болмайды. Түп орнымен қате. Мен білсем, сіз өз малыңызды колхозға асыратып, бейнетін жұрттың мойнына арта салғыңыз келеді. Білем, білем, бұл айла. Басқарма бұл жолсыздыққа бара алмайды, білдің бе?

Бастык орнынан тұрып үстелге келді, қайта отырды, қайта тұрды. Исатай қысылайын деді. Маңдайынан тер шықты.

– Ешқандай айла жоқ мұнда...– деп міңгірледі.

– Устав малын колхозға асыратып, өнімін өзі пайдалансын демейді, білдің бе?– деді басқарма мүшесі.

– Жолдас сен,– деп дүрсе қоя берді Исатай, қорадағы малыңды баю үшін асырап отырмысың, колхозға жаның ашыған соң ұстайсың ба, көп малды?

– Сабыр етіңіз!– деп күлді басқарма,– төтесінен айтқанда сөзіңіз орынды. Бұл тың мәселе болғандықтан басқарма отырысында қарап ақылдаспай болмайды. Аудан басшыларымен сөйлесейік...

Исатай мен Рахия кең қақпаны ашып қой-ешкілері мен сиырларын, қарагер биені құлынымен топырлатып айдап шығып фермаға қарай тартты.

- Уай, мынасы несі, малдарын қайда апарады анау?
- Фермаға өткізеді.
- Фермаға, неге?
- Естіген жоқ па едің, мал ұстамаймын деп арыз бергенін.
- Сүтті қайтеді, балалар бар емес пе?
- Колхозда сүт аз ба?..

Сенікі дұрыс мал бағуға ерінген ғой. Сұлу қатыны көңді қалай тазаласын, ха-ха-ау!

Сөйлеп тұрған Бірімжанның қатыны Шәйін еді. Рахия естімегендей жанынан өте шықты.

– Кекететін ештеңе жоқ, – деп шап ете қалды Мәліктің қатыны Жаксылық. – Мал ұстағандарына қой деген кісі бар ма, біздің үйдегі де фермаға қосамын деп жатыр.

Біреу шаңқылдап тұрып күлді.

- Уай, Исатай коммунизмді бір күнде орнатпақ, көрдіңдер ме?
- О, тоба! – деп күрсінді шалдар. Арғы бетте көкшолақ биені жетектеп, қалбақтап Мергенбай келеді екен,
- Қайырлы таң, Исеке! – деді ол сонадайдан дауыстап, – ілгері тарттық па?
- Ие, ілгері...

МЫРЗАБАЙ

Терезені үсті-үстіне қағып ояңбасына қоймады. – Мырзабайшы, Мырзабай? – деген дауыс сапылдап тұр.

– Аллатағала-ай, – деді Мырзабай зарланып. – «Тырнадан төре қойсаң басыңнан қиқу кетпес» деген осы екен ғой. Мына біз мұрын пәледен көреді екенбіз!

Дауыс та, терезе қағу да тоқтады. Таң бозарып келеді. Үйдегілер ұйықтап жатыр. Басын көтеріп, теңселіп отырды да, қайта құлап түсіп, қор ете қалды. Түс көрді, түсінде бригадаға барыпты. Тракторлар тоқтап тұр, адамдар көрінбейді, тып-тыныш, қостың үстінде байғыз қонақтап отыр.

– Таң атпай кім шақырды, тракторлар бүгін жүрмейді, басын қатқан байғұс екенсің, – деді байғыз адамша сөйлеп. Мырзабай ашуланып кейін қайтты.

– Астағыпыралда-ай, ұйқымның берекесін алдың-ау, құдайым сенің де берекенді алсын басқа не айтайын,– деп көздері жасаурап отыр.– Не қыл дейсің маған?

– Себу агрегаты сен үшін тоқтап тұр, неге бармайсың?– деген бригадирдің күйінген даусы естілді.– Бол, тез!

Бригадир асыққан екен деп Мырзекен асыққан жоқ. Терезеден күннің қызғылт сәулесі түсіп тұр екен. Мұрны шуылдап тамсана берді. Сыртта бригадирдің басы қараңдайды.

– Тездет!

– Не қыл дейсің маған, бітеу адам емеспін ғой, шай ішпей қалай барам. Жолың болғыр, тарта берші, мен бірер шыны шай ішпей қалай барам. Оразамды ашайын да, екі аяғымды бір етікке тықпай қоя тұршы.

– Шәй онда да бар, сөзді көбейтпе! Бригадир терезе сыртына әбден орнығып алды. Мұны қалдырып кетері емес.

– Астағыпыр аллай, мынау кенедей жабысқан пәле ғой. Өз үйінен оразанды ашпай, таң атпай тентіре дейді. Жолың болғыр- ау, бара берші! Мені қайтейін деп ең?

– Жо-жок, алмай кетпеймін!

– Қап қорлықты көреді екем. «Бай болған кісі бақырып бола ма» деп бүйте берсе түбіне жететін шығар, Мырзабай пысылдап күйбеңдеп жүріп алды. Қағынып-соғынды, қонақтайтын тауықтай айнала қарады. Шақшасын шұқып біраз отырды. Сонан соң насыбайын ерніне бұлттытып, сырт түкірді.

– Дереу бригадаға тарт, сенің кесіріңнен трактор тоқтап тұр!– деді бригадир.

Мырзабай түтін түстес көгілжім мұнара басып жатқан даламен асықпай аяндап келеді. Өзінен-өзі сөйлеп келеді. Шайтан тайып жығылатын көселердің көсесі болғандықтан «Мырзабай көсе» деуші еді. Енді Мырзабай жалқауды қосып алыпты. Өзгесі өзге «Жалқауына» жол болсын. Жалқау адам осындай ма? Жұмыс істеп, дамыл көрмейді. Көп ұйықтайтынын айтатын шығар!– (Осы арада Мырзекен бір күліп алды).– Тамақ ішпейтін, ұйықтамайтын адам бола ма? Ат қоюға шеберлерін көрдің бе, нәлеттердің? Жуас түйе жүндеуге жақсы дейтін шығар!

Күн тұсау бойы көтерілді. Аспанның іргесінде қоңырқай бұлт шөгіп жатыр. Жоғарыда солғын тартып орақ ай көрінеді. Мырзекен асығар емес, тракторлар гүрілдеген жаққа жақтырмай қарап, бозторғайлардың шырылына құлақ қойып, тың тыңдады.

Кезек ауыстыру әлдеқашан аяқталып, жұрт жұмысқа кірісіп кеткен екен. Қос басында тұқым сепкіштерін тіркеп, ашылып-шашылып бір трактор тұр. Мұржасынан түтін дөңгелетіп бық-бық етеді. Тұқым сепкішке сүйеніп танқы танау кара бала Дәкен шылым шегіп тұр. Тракторшы жігіт таусыла сөйлеп:

– Мұныңыз тіптеп жөн емес. Сіздің кінәнізден тоқтап тұрмыз!– деді.

– Астапыралла, сізге не болған? Маған айтқаны жаңа. Тоқтап тұрғаныңды түсімде көріппін бе?

– Кеше жиналыста естіп едің ғой,– деді Дәкен бала қосарланып.

– Иә, құдіретті құдай-ай... «Жуас түйе жүндеуге жаксы» дейтін шығар! Мүлдем иектеп алған. Шырағым осыдан былай да есесі толар!– Мырзекен қалтасына қол жүгіртіп көп карманды. Ақыры шақшасын тауып алып келістіріп насыбай атты.

Трактор жылжи бастады. Екеуі екі тұқым сепкішке тұрып ортадағыны кезекпен бақылау керек еді. Мырзекен қақпаққа асылып алып мықшиып тұрды да қойды. Шаңы болмаса жан қиналатын шаруа емес екен. «Осысын біліп келісе қойдым ғой. Әй, Мырзекесі-ай, сенен қулық артылмас-ау!» деп уак сары тістерін көрсетіп, жетісіп күлді.

Көршісі тұқым сепкіштің дән түсіретін өнештерін шұқып, дискілерін қаққылап, қақпақтарын ашып-жауып, тыпыңдап жүр.

– Шіркін балалық-ай,– деді ол ішінен.– Неге керек сол!

Мырзабай үнемі аяғынан тұра беруге жалықты да, тұқым сепкіштің үстіне шығып отырды. Енді серігінің іс-әрекеті көз алдында жүріп жатты. Дәкен бала дамыл көрген жоқ. Қақпақтарды салдырлатты. Өнештерге сым жүгіртті. Тағы не істемеді?.. Мырзекен кәрі мәстектей қалғып кетіп еді. Дәкен бала жұлмалап:

– Мырзабай аға, мұныңыз не? Өткізгіштен тұқым түспей қалды. Дискілерің топырақты сыпырып келеді. Ал сіз болсаңыз сеялка үстіне үйіндегідей нетіп алыпсың.

Мырзекен төбелесер алдындағы қораздарға ұксап әжім-әжім мойнын соза түсіп:

– Алла тағала-ай, осы не дейді! Кәне көрсетші!– деді мұрнын тартқылап.

– Мынау,– деді Дәкен,– қылмыс, бұл жерге ештеңе шықпайды. Сіздің кесіріңізден егінге зиян болайын деп тұр.

– Аллатағала-ау, маған не қыл дейсің? Бәрің өктем сөйлейсіңдер. Жолың болғыр-ау, айтшы енді не істемекпін?

– Мына сымды ал да былай, былай қозға,– деді Дәкен дыпылдай сөйлеп, ұзын сымды дән түсіргіштің өңешіне жүгіртіп.– Дискіні былай-былай қағып, балшығын түсіріп отыр. Көз алмай қара, қалғып алуды қой.

Мырзабайдың көңілі ортайып қалды. Дәкеннің артынан қарап күңкілдеп:

– Оқуды осылай үйренсең етті миғұла, мектептен қашып келмей!– деді.

Мырзабай енді аз болса да қараған болып отыр. Тұқымсепкіш тәп-тәуір істеп келеді. Қаптағы тұқымды аударып салып жүріп кетеді. Трактор тарта береді. Күн ұзын тоқтаған жоқ. Адам отыруға жалығады екен. Күннің өзі жылдай көрінді. Көзіне ұйқы тығылып қалғи бастады. Басы былғақтап, теңселіп келеді. Аузына насыбайын салғыштайды. Болмаған соң түсіп, тетіктерді қарады. Бәрі орнында сияқты.

Аздан соң ұйықтап кеткенін өзі де білмей қалды. Ояңғанда трактор аңыздың басында тоқтап тұр еді. Дәкен мен тракторшы жігіт мұның тұқым сепкішін айналдырып қарап жатты. Дискілер тоқтап, тұқым түспей балшықты сырып келген.

– Мыр– Мырзабай аға, сапасыздық үшін, мен кінәлі емеспін. Бұл сенің кінәң?! Мен агрономға айтам! Бригадирге көрсетем! Мен... Мен...

– Иә, құдіреті күшті құдай-ай, маған не қыл дейсің? Мен дискілерді қолмен айналдырып отырмақпын ба? Шұқып дамыл көргем жоқ. Жолың болғыр-ау, айтшы, енді не істемекпін?

Тракторшы жігіт бас шайқап тракторына отырды.

Кешкі жауынгерлік листокта тұқым сепкіштің жәшігінде ұйықтап жатқан Мырзабайдың суретін салып қойыпты.

Жұрттың шулап күлгеніне Мырзабай айылын да жиған жоқ. Тісі ауырған адамдай томсарып үйіне қайтты. Мотордың гуілі құлағында тұрып алды.

АЗАМАТ

Тауфикты біреу түртіп оятты. Вагоншенің сығыр терезелері бозғылт тартыпты. Ұйқы меңдеткені сонша, көздерін аша алмай отыр.

– Тұр, шырағым, уақыт болды. Комбайныңды дайында.

Тауфик ұшы имектеу зор мұрнын уқалады, есінеді.

– Жас адамға ұйқы қандырған теріс емес, әр нәрсенің өз реті бар, – деді оятушы күнкілдеп. Қаракөленкеде темекінің шоғы қызарады. Қолканы қапқан ащы түтінге жөткірініп, Тауфик тысқа шықты. Таң сібірлеп келеді екен. Қаракөк бұлттың ернеуі ақтандақтанып айнала жарық бола бастапты. Сайда боз тұман калқиды. Тұман арасында оты сөнген кемелердей болып комбайндар көңілсіз қарауытады.

– Бас аяғыңды, жұмыс көп! – деп асықтырды Елубай ағасы. Өзі қып-қысқа аяқтарымен тыпырлай басып, комбайндар жакқа жүрді. Қызыл «Нива» шыққа шомылып тұр. Темір біткен дымқыл, суық.

– Алдымен жатканы алып тастау керек, – деп Елубай білегін түріне бастады. Кескіні қан-сөлсіз, әбден шаршаған. Ақсұр жүзінде қап-қара болып сакал-мұрт өсіпті.

– Ағатай-ай, жұрт қатарлы тынығып алсаң қайтетін еді, – деді Тауфик. Елубайдың даусы жатканың астыңғы жағынан шықты.

– Айналайын, айтканың да болады, тынығу қайда қашады дейсің, тамашалап тынығатын бір мезгілім бар. Қашан дейсің бе? Комбайндар қаздай тізіліп, десте жинап кеткенде, шаршағаным ұмыт болады.

– Ағатай– ау, бізбен әуреленіп қайтесің, өз комбайныңмен жүре берсең болмай ма? – деді Тауфик. Елубай тікен мұртын сипап үстін қағынды.

– Жалғыз менің істегенім не болады? – деп шырт түкіріп тастады. – «Ниваны» десте жинауға дайын ету оп-онай шаруа емес, бір бөлшегін кате орнатып қойсаңдар қайтем, әлгі екен қайда?

– Әу, мен мұндамын, – деп тарпылдай басып Ғалимолла жетті. – Неге оятпағансың, шаршаған екен. Небары төрт-ақ сағат ұйықтаппыз ғой.

– Ештеңе етпес, – деп дағдылы сөзін қайталады Елубай, өзі комбайн қуысына кіріп тарсылдатып жатыр. – Бала менікі, үйретіп, камкор болушы Елубай... – деп қысыла күлімсіреді.

– Сенде татарлық, менде қазақтық жоқ, бірге жасасып келеміз, бала бәрімізге бірдей, – деді Елубай темекі тұтатып жатып.

– Рас-рас, – деді Ғалиолла. – Үйретсе, қолтықтап демеп жіберсе азамат болып кетер. Елубай ағасынша Мәскеуге барар, съезге қатысар.

Жайшылықта үндемейтін Елубай Мәскеуді сөз еткенде желпініп қалатын еді, бұл жолы:

– Жігіттер, тездетейік! Тауфик жұртпен бірге десте жинауға кірісіп кетсін!– деді.

Дала әлі кара көлеңке. Ақ мұнар арасынан шілдедегідей бөдене шақырады. Үйректер сымпылдап ұшып өтті. «Нива» десте жинауға дайын болғанда іргеден күн шықты. Жер бауырлай төгілген сәуле қызғылт күлгінденіп, дірілдеп біраз тұрды да, биіктеп жарқырай түсті. Шөптердің, егін сабақтарының басынан шық тамшылары мөлдірейді. Оңынан жылы жел тұрды. Тауфиқтың «Нивасы» айналаны жаңғырықтырып, азынап қоя берді. Жұрт оянып комбайндарына қарай жүгірісті. Тауфикка бірінші жеткені:

– Апырау, шырағым-ау, комбайныңды десте жинауға қашан дайындап үлгергенсің?– деп тандана сұрады да, жауабын тоспастан:– Міне, азамат, әй, жігітсің сен, Тауфик!– дей берді.

ЖАУЫНДЫ ТҮНДЕ

Күз желі соғып тұр. Қарашаның алапат желі. Қатия трактор есігін жауып, жылу жүйесін қосып еді. Кабинадан жабысып тұрған шыбындар тіріліп ұша бастады.

– Жылылық деген жақсы ғой,– деп күлімсірейді. Кеше әкесінің қабағы қатып отыр еді. Себебін сұрағанда:– Сүйектерімнің қаксап кеткені, жауын болар,– деген. Қарттың «барометрі» кате айтпапты, бұлт қаптап, ауа райы өреки бастады. Түн дегеніңіз мұнша ұзақ болар ма? Іңірден бері қанша уақыт өтті. Аңызды қалайда бітіру керек. Мына бұлттың кескінінің жаманы-ай, кара бауырдай талаурап тұр ғой!

Жел ышқына соғып, терезелерге тамшылар ұрғылайды. Жұмыс істетпейтін қырсық тамшыларға карап жатқан Қатиялар жоқ. «К-700» соканы жұлындай ұшырып келеді. Қатия ер жеткелі техниканы ерттеп мінді. Еңбек жолын шоферлықтан бастап, дала желімен жарысып, алыс сапарларға барды, бәрінен де алып тракторлар қызықтыратын еді. Сұранып жүріп оқуына барып, алыбынды ауыздықтап шыға келді.

– Әп, бәрекелді, кимылдап көр, Қатия!– деді ауылдастары.

Қатия кимылдады да, онын тракторы қақаған қыста да, шыжыған шілде де бір күн тоқтаған емес. Қайда жұмсаса Қатия даяр...

Жаңбыр суылдап құйып кетті. Трактор жұлқынып ілгері ұмтылды. Азғана қалдықты бітіріп тастаса жарар еді. Жок

қалайда бітіру керек. Жаңбырдың мөлдір тамшылары трактор жарығында сау-сау етеді. Ылғалға бөккен сарғыш егістік шылқып кетті. Бұлт жапқан қара түнек аспанның етегі бозғылт тартты. Шынымен-ақ таң білініп келеді.

Қара бұлт күн сәулесіне бөгет бола алмады. Айнала көгілдірленіп алыс-жақын айқын көріне бастады. Жауын жауып тұр. Кәсемсоттың доңғалақтары ауыр айналып жүріс қиындап барады. Жыртылған аңыз ортасында тілдей ғана сарғыш қалдық жатыр. Қас қылғанда мына нөсердің төпеп кеткені-ай!

Жауын терезелерді шайып тұр. Мотор кинала тартып қап-қара түтін атқылайды.

– Шыдап бақ, батырым, небары бір-ақ айналым,— деп күңкілдейді Қатия. Трактор шайқалып, тайғанактап-келеді. Қатияның маңдайынан, тер моншақтап отыр. Аспандағы алапат бұлтқа қарап газды баса түсті. Жауын құйып тұр.

ӘЙ, БАЛАЛЫҚ-АЙ!

Төлен аппақ басынан кепкасын алып жанына қойды. Маңдай терін жеңімен сүртіп, тұтқаны ерсілі-қарсылы тартқылады. Кәрі «газик» суырылып шығар емес. Ілгері-кейін шоқалақтап арылдай ұмтылып тынды. Мотордың суы қайнап кетті. Тал түс. Аспан ашық, күн шуақ. Күннің қызуынан жер бусанып жатыр. Шілдедегідей сағым жөңкиді. Кабина сұмдық ыстық. Төлен есікті ашып тастап моторға тағы от берді. Ерсіл-қарсылы изендегенмен жылжымады. Жерге түсіп айналып көрді. Кәрі «газик» бөксесін сазға малып шоқайып қалыпты. Шофер жігіт пысылдап күрекпен қаза бастады. Қазып болып қайта жүлқылады. Қозғалар емес.

– Қап!— деп санын бір соқты.— Төте жол іздейтін нем бар еді? Бұрылыс болса да жұрт жүріп жатқан жолмен жүрсем біреу кездесер еді. Әй, осы аңғалдығың қалмайды-ау! Шапшаң ораламын деп кетіп еді, бун— кер толып комбайн тоқтап қалды ғой. Әбден ұят болды, бір минут қымбат кезде көрдің бе?

Төлен доңғалақ астынан лай сазды кесіп лақтырып кеп жіберді. Апта бойы жауған қара жаңбыр жердің жеті қабатына кеткен бе дерсің, іркілдеп жатыр. Қазған сайын бата береді. Шофер даланың арғы шетіне қарайды. Төбесі кетік-кетік болып қайың шоктары көрінеді. Сағым арасында комбайндар жылжып

барады. Төлен бидайды қос қолдап алып бетіне басты. «Алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен» деп отыратын шешесінің сөзі есіне түсті. Мұнша байлықты артып алып, далада қаңтарылудан артық қорлық бар ма?! Жейдесін шешіп атып ұрды. Осы жерден қырманға дейін қазып жол салуға бар. Бір кезде мотор даусы естілді. Мұның ізімен құласары салдыртып келеді екен.

– Әй, тоқта, естимісің!?

Жирен шашы дудырап иығына түскен бала машинасын шегіншектетіп жіңішке сым-арқанды жалғап жіберіп жұлқып қалды. Арқан шарт үзілді де, шофер бала қолды бір сілтеп тарта жөнелді.

– Әй, тоқта, естимісің, менде арқан бар. Бидайды қырманға жеткізу керек. Комбайн күтіп тұр, тоқта деймін, естимісің. Әй, әтене нәлет-ай!

Төлен асқынған ашумен күрекке жармасты. Машина едәуір ілгерілеп қатты жерге жақындап қалған екен. Моторды азынатсын-ай келіп. Бір кезде саздан суырылып шықты. Кепкісін көзіне түсіре киіп ұшыртып келеді. Жолдың ойлы-қырлысына да қарар емес. Қораптан бидай төгіліп кетпесе болады, әйтеуір. Жол бойындағы қақтарды шашырата еседі. Әлгі машина сазға батып әлі тұр. Баланың терлеген бетіне ұзын бұрымы жалбырап түсіп кетіпті. Үсті-басы батпақ. Төлен алдын орап тоқтай қалды да, сым арқанды жалғап жіберіп, тартып, шығарып тастады.

– Рахмет, ағатай!

Төлен айдау жолға түсті. Кейінде еріп келе жатқан машинаға айнадан қарап қойып бас шайқап:

– Әй, балалық-ай!– деді.

МЕНІҢ БӨЛЕКБАЙ АҒАТАЙЫМ

Ойымда дәнене жоқ, өмірде бар немесе болашақ жайдан шамалы әзіл жазып гәзетке ұсына салмаймын ба. Басыла қоярына пәлендей сенген де емеспін. Тисе терекке, тимесе бұтаққа дегендей баяғы...

Міне қызық, бір күні, ие бір күні, яғни газеттің бір санына әлгі әзіл-сымағым жарқ ете түссін.

– Әй, собалақ, сен бері келші, сықақ жазып жұртқа күлуді қайдан шығардың?

– Е, кімге күліппін. Мен жәй нетіп... – деп міңгірледім.

Ағатай арыстандай бітімімен ентелей түсті. Сәбидің басындай қыңыр жұдырығын түйіп алыпты. “Біткен жерім осы шығар” деп тілімді кәлімәға келтіріп, тоңған адамдай басымды иығыма тығып бір уыс болдым да қалдым. Бөкен жұдырығын мұрныма тақап, ежіктей, тістене сөйледі:

– Басқарушылықты сұрап алды дейсің, көпірме сөзге үйір дейсің, шөпті аз шауып өтірік мәліметпен көбейтті дейсің, малы шулады дейсің, қашан шулады, қашан?! – деп жақындап келді.

– Сіз емес қой, ағатай, жәй өмірде болған жағдайды ала салғам – деп мәністете бастап едім.

– Тарт былай, былжырама! – деп ақырып қалды. Саған сүйінші бере ме жазғаныңа! Жұрттың ыржақтап күліп жүргені анау.

• Бөлекбай ағатайым жер тебінгенде сасқанымнан көзім қарауытып кетті.

– Сіз емессіз, онда жазылған Бөген деген біреу. Сіз Бөлекбайсыз және менің жазғаным әдеби жанр дедім сендірмек болып.

– Әдеби жанр болмақ түгіл сайтанның сапалағы болса да оллаһи деп айтайын мені жазыпсың – деді де жұдырығын иіскетіп қойып, бастырмалата жөнелді. – Мәжіліс сайын жанжалсыз шықпайтын мектептің маскүнем директоры Мақанды сықақтағанда сен емеспісің, айта қой, кәне!– деді ол быртық бармағымен езуін сүртіп. Осы жолы шаруаң біткен шығар дегендей көздері ойнақтап.

– Жо-жок, оның аты Майтан емес пе? Мақан әкесінің аты құдай ақына ол емес деп, иығымды бүлкілдетіп қойдым.

– Тағы кімдерді жазғаныңды жіпке тізіп берейін бе?– деп Бөлекбай ағатайым әбден еркінсіп алды. Онымен сөз таластырудың пайдасыздығына көзім жетіп үндемей құтылдым. Жалғыз-ақ айтқаны:

– Парткомға шағынып бюрода қаратамын, жалақордың жазасын білетін шығарсың, жазғышым! – деді ол саусағымен кеудемді нұқып.

АЛ. СОҚ!

Көршіміз Бөгендікі тойға шақырады деген соң әйелімді жетектеп жетіп-ақ бармаймын ба? Кешкі сағат сегіз кезі, жұрт әлі жиналмапты.

– Төрлетіндер, кош келіпсіздер! – деп Бөкең жалпақтап жатыр. әйелі ашулы, сазарып алыпты. Кәжік-күжік шаруасын жайғап салып, үй иесі тізе бүкті. Кәрі қойға ұксап басын изеп қойып:

– Тым құрыса карта ойнайтын біреуі келсе етті, – деді.

Сегізге шақырды деген соң... – деп міңгірледім.

– Біз осылай шақырамыз, араға бір-екі сағат сала айтпасак құдай сактасын! Онға шақырсак он екіде жиналады. Біз де тегін ку емеспіз ғой! – деп Бөкен күлген болды. – Сіздерге бұл жат көрінуі мүмкін, алғашқы кезде біз де сөйткенбіз. Мұндағы жұрттың ата-кәдесі осы, жүре келе үйреніп кетесіндер ғой, – деді Бөкең темекісін түтіндетіп.

Қонақтардың алды келе бастады. Құнжиған қонды біреуі амандасып үлгермей жатып дала құдығындай терең қалтасына қолын сүнгітіп жіберіп, бір қола картаны сүйретіп шықты:

– Кәне, соғып жіберейік! – деді ол сак етіп. Сол-ак екен екеу-үшеуі мені ортаға алып, бөлектеген жылқыдай бастарын түйістіре берді. Карта білмеуші едім дегеніме әлгілер шегі ката, күлмесі бар ма.

– Апырау, бұл жігіт аспаннан түскеннен сау ма? Карта білмей қайда өскен адамсын? – деп, ду-ду етісті. Сүзеген бұқадай бір мойын қара жігіт ала көздерін төңкеріп маған қарады да:

– Шығып тұр! – деп дүнк етті. – Әй, Салқамбай, кел бері мынаның орнына!

Әлкисса, карта ойны қызып кетсін. Даурыға сөйлесіп, ұзак керкілдесіп болып, бір мойын қара жігіт мұқыл қара саусақтарымен карта үлестірді. Карта үлестіріп отырып:

– Сайтанның сапалағысын, сенен онбаған жан өтпес. Карта ойнай білмеген соң, жан болып жүруің бекер ғой, – деді жас әріптесіне сүзіле қарап.

– Ағатай, білмейтінім рас еді, – деді жігіт қызарып.

– Білмеген соң мұндай іске ұмтылмау керек, – деп ынк етті де, Кәпірбек ағасы мұқыл бармағының басына түкіріп алды.

Кейін келгендермен сәлемдесуші жан болмады. Оған ренжіген ешкім жоқ. Оларда қалталарын қарманып, төртеу-бесеуі оңашалана қалды. Бөкең үйінің шілдеханасы “Карта ойынының турниріне” айналды да кетті. “Ал, сок! Көтеріп ұр! Бәрекелді, О, каска!” – деген дауыстар естіліп жатыр. Бөлменің екінші жағында әйелдер топтаса қалыпты. Орталарында

кейуана сары қатын өсекті шұбыртып әйел біткеннің басын шұлғытып қойыпты.

Түнгі он бірге иек артып барады. Бөкең әлі біреулерді тосулы. Асықтай жұтқыншағы ерсілі-қарсылы жүгіріп Кәпірбек есікке қарайды. Басқалар да оңып отырған жоқ. Карта ойнамаған қалайықтың біреулері бөксесін бері салып ұйықтап жатыр. Бір кезде әйелдерін ертіп, еркек қырғауылдай сәнденген екеу келді.

– О, бәрекелді. Жетті-ау әйтеуір, құдайға шүкір келдіңдер-ау! – деп ас үйге ұмтылды. Көсе сары бөлімшенің кілтшісі болу керек, еркін сөйлеп даңғырлап кетті. Алдымен бүрісіп ұйықтап жатқан шеткі біреуді сүйреп тастады. Анау ұйқыдан алжасып, алақтай берді. Сонан соң қарташылардың картасын жұлып алды. Өзі істеген істерінің бәрі өзіне қызық көрініп, шиқылдап келіп күледі. Діңкеміз құрып отырған бізді бұл да бір серпіп тастады. Көсе сары сілекейін сүртіп:

– Жалмақтың үйінде арағын да, сырасын да сілтедік әкесіне танытып! – деп бұлғақтап қойды. Сонан соң дәмсіз ұзақ күлкімен діңкемізді құртып алды да, жанындағысын тізеден бір салды. Анау тыжырынып теріс айналды. Табақ тартылып ішіп-жеу басталды... Түні бойы қажыған тойшылар алдарына келген тағамды қауға тиген жалындай отады. Көп ұзамай Бөгеннің үйі араның ұясындай гүілдеді. Кімнің не айтып жатқаны белгісіз, әркім өз айтқанын естіртем деп, жұрттан асыра айқайлайды. Сәл толас тапса, Қапсағай денесімен қарсыға келіп Бөген ағай дігерлейді, өзі масаң, бозарыңқы көздерімен отырғандарды шолып:

– Бөкең тойында аракка тоймадық демексіндер, ә? Ертен былай шығып, сөз қылғыларың келеді, ә? Жо-жоқ, олай болмайды. Ішпей көр, кәне! – деді, жер сабап.

– Жігіттер, несі бар, арактың атасы су емес пе? Жұта салайық! – деді біреулері, ұрандап.

Кәпірбек лайықсыз көп жеп, дарылдата кекіріп отыр.

– Уа, Токсанбай атам: “Бір жерде бірге жүрсен басың қосып, біріңнің бірің сөйле сөзін тосып”, – депті ғой, халайық. Аталы сөз айтам, бата берем, мен білмейтін бата, мен білмейтін аталы сөз жоқ. Бата жолы менікі! – деп қақылдады бір кезде.

– Батаңмен басың қатсын! Өзіңді жарылқа аталы сөзіңмен! – деп, жұрт тарай бастады.

Бетіме газетті төсеп алып сыдырта оқып отыр едім. Біреу жүгін сәкіге тастай салып жаныма қонжия кеткені. Кеудесінің шуын естіп қарт адам ба десем, инелік пішіндес жадау сары екен, тістерін көрсетіп күлді де:

– Уа, жігітім, жол болсын, қай жердікісің!? – деп төтелей салды. Көздерімді газеттен аудармай совхозымның атын атадым да іс сонымен біткен шығар деп қыңыр бұрылыңқырай бергем. Көршім жерден жеті қоян тапқандай:

– О, садаған кетейін алла-ай, деп жіңішке жетім дауыспен сарнай жөнелді. – Өзің бері қарашы, осы менің жан досым Айтанның тұрған совхозынанбысың? Ой, бауырым-ай, онымен жүргенде көк Есілің шұлығымыздан да келмеуші еді-ау. Тұра тұршы, дені-қарны сау ма, байғұстың? Әлі сол ішетін шығар? – деп алып жауабын тоспастан сыдырта берді. – Ой-бой, ішкенде келістіріп ішетін едік қой. Бәстесіп сілтемейміз бе? Он рюмкені ол жөнелтті, тоғызын мен сылқыттым. Мені үйге итшанамен сүйреп апарыпты. Ол пәлекет емес пе, жерді қара табанымен басып әкетіпті, әйтеуір. Несін айтасың араққа мықты-ақ еді сабаз, Ха– ха ха– а!

– Қыкым-ай, түбі түскен шелектей гулеп кеттің ғой, байқасайшы! – деп қоянның көжегі пішіндес бәкене көршісі санынан нұқып қалды.

– Ойбай-ау, бірге істескен жетпегір емес пе еді. Ол мектеп директоры, мен оң қолы завхозы болатынмын. Жіліктің майлы басын бірге сорыстық қой, мұқым. Талақ бауырдай жабысып алдық қой әбден...

Қыкым есімді көршім сұңғыланың желіндей есіп отыр. Арасында сұр көздері қызарғанша күледі де: – Қызықтың әкесі, – деп алып бауыры жазылған жүйріктей сілтей берді. Газетті оқытпайтын болған соң бетімді туралап келсең келге бекіндім. Қыкым жіңішке мойнын созыңқырап:

– Інішегім, аздап ұрттап жіберуге қалайсың? – деп сұрады ол құлак оты жерден. Сөйтті де қойнынан шишаның ақ тебетейін көрсетті. Мен бас шайқаған соң қойдың тобығындай жұтқыншағын ерсіл-қарсыл жүгіртіп тамсана берді. Автовокзал іші ыстық. Жолаушылардың көбі қалғып отыр.

Келіп-кетіп жатқан автобустар жайлы диктордың әбігер даусы естіледі.

– Қызықтың әкесі, – деді Қикым шишаның аузынан байкатпай сылқ еткізіп. – Айтан барда арактан ауыз босаған жоқ. Ақша дейсің ғой. Теуіп қалсақ тезек астынан шығарып жүрдік. Мектеп қорынан, интернат балаларының тамағынан, қызметкерлердің жалақысынан жымқырттық. Жүрек жұтқан еді ғой сабаз. Жетім балаларға берілмек үш жүз сомды бір, бес жүз сомды бір түгімен қылғытып салдық. Қалай дейсің ғой? Онша киналада қойған жоқпыз “үлестіріп берілді” деп тізім жасап, жалған қол қойып жымдастырдық та ақшаны қалтаға сүңгіттік. Алған ұры, көрген құдай хих– хих... Өзі көзге түспей көбіне маған істететін еді-ау! Олжаның кеудесін ол жел, қанаттарын маған қалдырады, мен байғұс риза бола берем-дағы. Жалпы, Айтекеңнің жаны белгілі дәу Шойын құлақтың жанындай керкиіктің құрсағындағы, алтын сандықтың ішіндегі, шүпірлеген қызыл шақа балапандардай менің қалтамда жүрді. Не шатағын білмедім мен. Ұрлығымыз да, өтірігіміз де бір. Сонан соң қызықтың әкесі...

Қикымның кеңесі шайтанға мінген Алдар ағанның әніндей таусылар болмаған соң қолымды бір сілтеп орнымнан тұра беріп едім, көзі күл сепкендей бозарып жыламсырап:

– Қызығы бар шыдай тұршы, құдай үшін титтей бөгелші! – деді.

Сағатқа қарасам автобуска әлі ертерек екен. Бітіріп жатқан не бар, мейлі...

– Айтан жігіттің көк қошқары еді ғой!– деп сабақтай жөнелді Қикым. – Сенікі-менікі деп есептеспедік. Мал байдікі, жан құдайдікі. Обалы нешік қаражатқа қараулық істеген жоқ. Өзі де қара шұнақ болып байып, құйыны күншілік жерден көріне бастады. Сұмдық жұлғыр еді ғой сабаз. Пайданың түсер жерін алыстан шалып, жауыр көрген сауысқандай шықылықтай бастайтын...

Қикым жанасқыш бұзаудай өз-қойнына өзі ұмтылып шишадан бір жұтты да:

– Қызықтың әкесі, – деп аш қораздай қырыс-қырыс мойнын созып маған қарады. – Ол әркашан көңілді дархан болатын. Жаксы болмақтың бәрі мынада емес пе, қалтаң болсын, қалтаң. Құдайдың тал түсінде тәлтіректеп жүрген жерінен өзіміз талай үйіне апардық. Кейде шәкірттері де апарып жүрді. Ауылымыздың еркесі еді ғой!..

Қықым жүрегінен асылы түсіп қалғандай қинала күрсінді. Айтанды мақтағаны ма, даттағаны ма ақылым жетер емес.

– Сіздіңше Айтан жақсы кісі ме өзі? – деп таңдана сұрағанымда Қықымның көзі атыздай болды.

– Ту– у, не дегенің, дос едік, рюмкелес едік, құдай айырған соң қайтейін, құдай...

Қықым жұмсақ шалқаймаға сүйене беріп, үлкен аузы епетейсіз кисайып, көздерінен ыстық жас домалап түсті. Кескіні ұшынған адамдай бозарып:

– Ақыры екеуміз де істі болып тергеуге алындық. Айтан өлуші ме еді дос-жарандарының көмегімен сотталмай қалды. Сотталмағаны құрысын, тоғыз жерге қоныс аударып ақыры сіздің ауылдан бірақ шықты.

Мен болсам жуырда ғана ел бетін көрдім. Айтанды білмеймін, өзім енді ондайға бара қоймаспын, аллам сақтасын!

Қықым осылай деп, басылып, сөніп отырды да көптен соң: – Ол өзі әлі іше ме? – деп алғашқы сұрағын қайталады.

– Аздап... – деп күңк еттім мен.

– Ойбой, Айтекең ішті дегенше тағы да қоныс аударып, тентіреді дей бер.

Қықым кәрі текедей басын шайқап сәл тұрды да:

– Қызықтың әкесі! – деп ызалана күліп жіберді.

1. ТЕРІНІҢ ҚҰНЫ

Сүкең бір құшақ буды үйге ертіп ала кірді. Жәкең етпеттеп газет оқып жатқан.

– Бәрекелді жақсы келдің! – деп басын көтеріп алды. Азанда суат басында кездесіп біраз жерге барысып қайтқан. Сөйте тұра бір жыл көріспегендей-ақ шұқыраса кетті. Шәкең төр алдына көрпе тастатып еді. Сүкең кебісін шешіп төменірек шарт жүгініп отырды. Сөйтті де мұжық саусақтарымен қара насыбайды шымшып алып тілінің астына тастап жіберді. Шәкең де сөйтті. Сонан соң қанылтыр қалбырға шырт-шырт түкіріп, кеңесті қай жағынан бастауды ойластырды.

– Бүгін жылтыр Ахметпен жанжалдасамын деп күнді кеш қылдым. Соғымның терісін апарып едім. Таразыға тартып жіберіп, жынын шақырған баксыдай өзінен-өзі күбірлей бастағаны. Бір кезде түйедей торы биенің терісі үш сом алпыс екі тиын болды да шықты.

– Бәтшағар-ау, жылқы терісінің осындай бағасын кім көрген. Қойдың терісі де бес сом болып жатыр ғой деп едім.

– Мен одан артық ала алмаймын – деп отқа түскен тұздай шыртылдады.

– О, тоба-ай, мынау құстан сүт сауып, май айыратын пәле ғой! – деп жағамды ұстадым.

Шәкең насыбайын саусағымен көсіп алып, шертіп жіберді де:

– Ақылы жоқ басқа бадырайған көз береді деген осы. Осынша жасқа келгенше істің мәнісін білмейді екенсің. Ақырзаман боларда мың қойды бір қозы емсе де тоймайды деген екен. Жұртты қақтап сауса да жылтыр Ахметтің бүйірі шықпайды. Таразыдан жеп жалақтап барады. Тері-терсек, қыл-қыбырымды үйіп-төгіп берсем, болмашы тиын-тебенді алақаныма қысып жымындап кете барады. Азсынсаң алмай қояды. Әбден діңкеме тиген соң бір тамаша ой келе кеткені. (Осы арада Шәкең рахаттана күліп кемпіріне, шекесінен қарап қойды). Қатынға көп қылып ет астырып, бір шыны “Экстра” алып (жылтыр Ахметтің “Экстрадан” басқаны ішпейтінін білемін) үйге шақырмаймын ба? Арақты ішіп, етке тойған соң соғымның терісіне тоғыз теңге он тиынды лақтырып тастап

кете барғаны. Қуанып біз қалдық. Көңілденіп ол кетті. Солай, шырағым, әр нәрсенің өз жөні бар, берген перде бұзады деген сол! – деп Шәкең ақ көйлектің қарын тұсынан қос қолдап шымшып алып желпініп қойды.

– Сонда терінді “жылтыр” жайға әкеткен ғой – деп Сүкең күлкі буып қисая берді.

2. ТУҒАН ЖЕР

Шәкең буырыл мұртын сипап күлімсіреді де:

– Кеше өзіміз Отан соғысында жаумен жағаласқанда – деді (осылай деу сөзінің шарты болатын) – Бірнеше күн ұйқы көрмей қажыған кездеріміз болды. Жүріп келе жатып көзіміз ілініп кетеді де ауыл түсімізге кіреді. Оянсаң көңілденіп қайраттана түсесің. Аяқтарыңды нық тастап алға ұмтыласың. Бірде қалғып қатардан шығып кетіппін де қараңғыда саптан қалып қойсам керек. Біреу жағамнан жармаса түскені. Қарасам теке сасыған неміс екен, айқаса кеттік. Бірде ол, бірде мен дендеймін. Итжығыс түсіп бірде ол мені аударып тастайды, бірде мен. Еңгезердей қарулы неме әлсіретіп барады. Өмір сүру керек оған да, маған да әбден қалжыраған кезімде бар қайратымды жұмсап:

– Уа, қасиетті Масалым, сен үшін! – дегенде Қобыланды атамның қайраты бітті ме деймін, фашисті алқымынан бірақ сықтым – деді Жәкең.

– О, садағаң кетейін Масалым-ай! – деді Сүкең қызыл көздері жасаурап. – Сенің қасиетіңе шек келтірмеймін. Соғыста жүргенде Ленинград фронтында көргенімді мен де айтайын.

Сүкең насыбайды ауыстырып салып қалбырға шырт еткізді.

– Жау шабуыл жасап келеді. Беті қатты. Окоп қазып алып, бауырымызды төсеп атқылап жатырмыз. Жер барда біз мықтымыз. Фашистерді баудай түсіріп беттетпей қойдық. Бір кезде алыстан соғатын зеңбіректің ауыр снаряды ысқырып келе жатты. Мұндайда тыңдай қаласың. Қай тұсқа түсетінін шамалайсың, байқаймын тура бізге келеді. Жерге жабыса түстім. Айтқандай-ақ снаряд қақ жанымнан гүрс етіп мені аспанға ұшырып жіберді. Үйдің шатырындай көтерілдім-ау деймін, есім дұрыс сияқты. Аспанда жүріп аяқ-қолымды қозғадым сап-сау. Бірақ менде күш те, қасиет те қалмапты. Құлашымды жазып дереу жерге ұмтылдым.

Жерге бауырым тиген соң қаһарға мініп алып, ал келіп жауды ота. Пулеметтің оқпаны қып-қызыл болып балқып кетті. Бір кезде “Максим” мелшиді де қалды. Оқ бітіпті.

– Оқ! – деп айқайлап едім ешкім үн қатпады.

Немістер граната лақтырды. Қағып алып өзіне жібердім. Сөйтіп жаудың өз гранатасымен өздерін жусатып салдым. Туған жерге бауырымды төсеп мықты жатырмын. Ондайда саған өлім жоқ.

Сүкеннің әңгімесі Жәкенді қатты толқытса керек:

– Шіркін, туған жердің несін айтасың! – деп көздерін сұрткілей берді.

3. ЖЫЛҚЫ МІНЕЗДІ

– Адам жылқы мінезді деген рас қой – деп Шәкең кішкене сары көздерін Сүкеңе қадай сөйледі. – Өзіміздің мына Бәриді айтам, сот жазасын өтеп келгенде моп-момын жөндем адам болып оралған. Содан сауданы жағалап, әуелі күзетші, сонан соң жүкші болып істеді де бастығына жағып, қойма меңгерушісіне тұрды. Сарайға түскен атжалман алғаш қапты иіскелеп көреді де дереу бөксеріп тастап жей бастайды ғой. Бәри де сөйтті. Дүкен қоймасын атжалмандай жалмады. Не жақсы товар жең ұшынан жалғасып жан-жаққа кетіп жатты. Жәй емес баға қосылып сатылып Бәкеннің қалтасын қалыңдата түсті. Қоймаға келген тауарды електен өткізіп, өтімдісін былай қойып саралап шықпай, ішкені ас болмайды. Енді жұрт керек заттарын дүкеннен емес Бәридің жекжаттарынан сұрастыратын болды.

Құныға келе қоймадан товар алған сатушы әріптестеріне салды ауызды. Бәкеннен екі жарым мың, Кәкеннен мың сом, Секеннен сегіз жүздің товарларын қапыда сіңіріп кетті. Сатушы ағайындары айып төлеп жатса Бәри кетік тістерін көрсетіп күлумен болды. Жағымпаздар “Бәкелеп”, “Көкелеп” әбден басын айналдырды. Көзі тұманданып ештеңені көруден қалды.

– Жердің құлағы қолыма ілексе шыр айналдырар едім, – деген Қазіреті Ғали жарықтықтай терісіне сыймай кетті. Кеше ғана қоймашылыққа қолын жеткізген бастығын қаймықпай-ақ қоймадан қуып шықты. Ауылнай ағасын аяусыз боктап айдап салды. Құлақтарын тас төбесіне шаншып алып, жер тарпыған Көбен мәстектей болып Бәриіміз тұр! – деп Шәкең шырт-шырт түкірді.

– О, тоба-ай, адам жылқы мінезді деген рас екен-ау! – деп Сүкең сирек мұртын сипалай берді.

4. МЕН БОЛСАМ...

Өзің білетін Бөлекбай інім, жиналыс сайын ұзақ сөйлеп, шыдамын тауысатын – деп, Сүкең бір сөз бастады. – Мынау бригадирдің пәлен кемшілігі, түгел жолсыздығы бар. Зоотехник пенагроном сылбыр, момын. Бөлімше меңгерушісі барып тұрған кеше. Жұмыстың ана саласы ақсап, мына жағы кері кетіп жатыр. Егер мен болсам өйтпес едім. Малды күйлі, егінді шығымды, шаруашылықты тиімді етер едім. Мен болсам – маскүнемдікпен мықты күрес ашар едім. Мен болсам – жолсыздық атаулыны жолдан сыпырып тастар едім. Мен болсам...

Мен болсам дей берген соң, Бөлекбайды бөлімше бастығы сайлады. Алғашқыда анамен де соқтықты, мынамен де қақтығысты. Басын тауға да ұрды, тасқа да ұрды. Қолымен от көсермен болды. Ұйқы-күлкіден қалды. Үйдегі көңілді базардағы нарық бұзады дегендей, Бөлекбайымыздың берекесі кетті. Алға басқан бір жұмыс жоқ. Жоспар біткен орындалмады. Малы күйсіз, егіні шығымсыз. Байыбына барсақ Бөлекбай інім қырсыз, көшірме мақтаншақ, әрі қорқақ екен – деді Сүкең жер шұқып.

– “Мен болсамның” артында мың пәле жатады ғой – деп Шәкең кеңкілдеп тұрып күлді.

АҚЫМАҚТЫ ТАПҚАН ЕКЕНСІҢ

Көк мәстек қар кешіп келеді. Алғаш бүлкетеп еді бара-бара мимырт аянға түсті. Ызғырық соғып көбік қарды үйіре бастады. Шанада Бөкең қалтырайды. Жаяу жүгіріп алса жылынып кетер еді жаяулауды ар көріп отыр. Ескі тонның тігіс-тігісінен жел саулайды. Бөкең тоңған сайын көк Шолақты қужай түседі. Арық ат аяннан әрі аспайды, әлгінде ғана арақ ішіп қызынып алған дене тез қалтырады. Қарсы жолыққан ауылдасы:

– Бөке-ау, тоңып калыпсың ғой, қарқарадай қара ішігің бар емес пе, неге кимейсің деп еді.

Бөкеңнің қызыл көздері ойнадап:

– Ей, не шатасың, менің ішігімде не құны бар? Осы ауылдың хат-хабарын тасуға қара ішікті киіп тоздыратын ақымақты тапқан екенсің, берсін маған басқа ішік! – деді.

– Жүреңнен жат, ендеше! – деп, анау атын борбайлап шаба жөнелді.

Сейілханның әлде несі ұмыт қалғандай жалтақтай берді. Жұтқыншағы кеуіп, аузына арақтың кермек дәмі білінді. Өткен кеште ішкен ащысы жүрегін қыжылдатып, басын мәңгіртіп отыр. Мұндайда бір шөлмекті жұта салса басы дұрысталып, көздері жайнап кетер еді. Амал не, жанында мықты күзетші бар. Құдайдың қызыл көз пәлесі бұл. Осының қырсығынан мол дүниеден қанып іше алмапты. Шәшкеге қолын созса жеңінен тартып, көздерін ойнақтатып, жұмысыңның біткен жері осы деп ым қағып отырғаны.

Тыңдамас едің-ау, үйге келген соң тақым бұрауы даяр. О, Тәңірім, бұрын ғой еркек үстем болып әйелге айғаймен ұғындырса, бұл күнде әйел ыммен-ақ жайын таба салады.

Мараш көзін алайтса жүрегін зырк ете қалады. Бұдан да қыз болып неге тумадым екен?..

Сейілханның көздері жасаурап жолға қарады. Қара сұр асфальт машинаның астына сусып кіріп жатыр. Күркелеген тар кузовта кәрі-жасы, әйел-еркегі бар оншақты көңілді жұрт келеді. Мараш көпей баласын бауырына қысып ойға кетті. – Арақты көп ішкізгенді мақтан көре ме екен? – деді басын қатыра ойлап. – Құда аттанарда ғой бір-бір шөлмектен алып шығып, әркімнің аузына бір тосты. Ішпегенін зорлады. Тілдерінен майын тамызып, жүйкесін босатты. Сонан соң құда біткен ері ауғанша ішті. Көбін машинаға көтеріп салды. Мараштың аңдығаны Сейілхан еді. Көз жазбады әйтеуір. Сақтығынан аман алып шықты. Әйтпесе өлгенін біле ме бұл. Жалғыз байыма ие бола алмасам кім болғаным?!.. Шүкір есі бүтін құтылды. Мені ұнатпай алакөзденіп отыр. Мейлі, тетігі қолда ғой үйге барған соң жақсылап құшақтап жіберсе...

Мараш күлімсіреді, баласын бауырына қысып маужырай бастады. Машинаны Сейілханның құр сұлдері айдап келеді. – Құда түсерге барып та адам осылай көңілсіз қайтады, ә? – деді басын былғақтатып. – Шофер деп ішкізбеді. Осыларды әкеле жатқаннан басқа жазығым не? Кузовтағылар кәукілдесіп, шат-шадыман. Мен болсам, перінің салқыны соққандай мең-зеңмін. Адам сикым жоқ. Ең құрығанда құдай үшін бір рюмка берсе осылардың дарбазасы құлайтын ба еді. Үйге барған соң ішерсің деп бір жартылықты қоржынына салды. Арак таба алмай жүр ме екем...

– Мараш-ай, сен жерге түсіп машинаның артына баршы, тормоздың жарығы жанбай келе жатқаны.

Жөндеп алмаса жүруге тиым салынған. Майрашта сөз болған жоқ. Баласын құшақтап жерге түсті. Педальді баспастан:

– Жанды ма? – деп сұрады.

– Жок.

– Ендеше тоса тұр қазір жандырам.

Сейілхан қоржыннан жартылықты алып тебетейін лақтырып жіберді де орталап ішіп бір дем алды.

– Жанды ма?

– Жок.

– Ендеше қазір...

Бос шыныны қоржынға тығып педальді басты.

– Жанды ма?

– Жанды– жанды! .

Машина ілгері қозғалды. Сейілхан көңілді, белгілі көк мылжың әдетіне басты.

– Секене тек өмір берсін! Секең текке өлетін жігіт емес. Секеңнің қолдары алтын емес пе? Көрдің бе шамды жарқ еткізді.

Секе– ең...

– Ой, осы сенікі не мылжың? – деп Мараш кескініне қарап еді. Сейілханның көздері бозарып, тұманданып кеткен екен. Машинаның да буыны босап бұралақтай бастапты. Жолдың екі бетіне кезек ауытқып ирек салып келеді. Мараш қоржынды ақтарып бос қалған шөлмекті көрді. Көрді де жүрегі кеудесінен атып кете жаздады.

– Ойбай, шұнақ құдай, бүйте берсең бір күні басымды ашып миымның қауашағын да ұрларсың. Жегенің желкеңнен шыққыр қу жексұрын. Арақтан іші іріп кететін болды-ау. Ана темір тістерінді жерден тергізейін бе? – деп тоқпақтай жұдырығын байының мұрнына тақады. Қорапта отырғандар ұлардай шуласып даланы басына көтеріседі.

– Оншадан мұнша жүріп өлер жерімізге жеткен екенбіз. Ойбай- ау, әлгінде машинаның доңғалағы жарға тайып кете жаздады ғой – деді біреу ықылық атып. Қорапта созылып жатқан масаң шал аппақ кірпіктерін қимылдатып:

– Жетпіс бірге шығармай желкемнен қиған жері осы екен. Жамағат, иманымды үйіріңдер, иманымды!– деді зарлап.

Біреулер күліп, біреулер жылады. Мараш машинаның кілтін байынан жұлып алып рөлге отырды да жүйітке жөнелді.

КЕБІСІН КӨЛДЕНЕҢ ҚОЙДЫ

Нәси ағаң соңғы кезде құдайшыл болып алған. Ораза ұстап, намаз оқып дегендей шама шарқынша “о дүниелік” қамын ойластырды. Былайынан оқуы да терең болмайтын, әптиекті тәмәмдап, құранды бірер аударған. Қапар қари бар, басқалары бар ортаға алып:

– Сен көп жыл белсенді болдың, құдайға, құранға тілің тиді. Сират көпірдің барына сенсең ораза ұста, намаз оқы. Бұл алдамшы дүниеге кездейсоқ келдің, негізгі тұрағың сол жақ.

– Тәубене кел, құдайдың құлы, Мұхамедтің әулеті – деп қаумаласты.

Сыраттанып жүрген. Түсіне бабасы аян беріп:

« – Уа, менің иір бұтағым, тіршілікте істеген күпірлігін халден асып кеткен екен. Құдайға шын жыласаң кешпес күнәсі жок. Біз мұнда оңбадық», дегелі түсіне сакалы сала құлаш шал кіріп үрейін алды.

Құранды мақамдап, қай намаздың неше бас екенін әркімнен сұрастырып, дәреттену жайын да есіне түсіріп сары табан бола бастаған. Бұрынғы тағат-ғибадат етіп жүрген қарттардың соңғысы өліп ауыл шал біткеннен таза айрылғанда кемпірлер жағы көздерінен сорасы ағып:

– Біздей қаусап отырған жоқсың, келешегін бар. Жұртқа бас болып мұсылманшылық дағуанды құр, баста бізді жұмакка! – деп отырысып алды.

Несі бар сөйтсем сөйтеің – деп келісе кетті. “Рамазан Шәріп” айында бір топ сулы көз кемпірлерге бас болып азан шақырды.

– Дарбазаға шығып қышқырған әтештей-ақ бар екенсің, – деп күлісті құрдастары.

Олар пайдалы еңбекке араласып, ойнап-күліп жүрсе бұл оразаға көшкен ермек деп бір бүктеліп жатады. Аштық кескінін алды. Қашаннан ұмытылып бара жатқан “давлениесі” бас салды. Көзі кіртііп кетті.

– Сахарға тұр, ей, шал! – дегелі қашан, әлі жатыр. Күздің керенау таңы білінді.

– Қатын-ай, – деді ол басын көтеріп. – Көртышқандай жарыктан қорқып-ақ өлдім ғой. Сәресінді әбдір мен Қаппас ішсін. Ораза да ұстамаймын, намаз да оқымаймын, молда да болмаймын. О дүниесіне көппен бірге барармын білдің бе?

– Ұят-ай, құдай жолын қайтесің, қу шал! – деп қатыны байбалам салып еді:

– Құдай жолына кебісімді көлденең қойдым – деп шырт түкіріп тастады.

БӘРТІК

Дүкенде Бәртiктің шәңкiлдеген даусы естіліп жатты.

– Не сандаласың, бестің құйрығы қайқайып кеткенге мен кінәлімін бе? Мұның бағасы үш сом емес – бес сом. Әйдә, дүкенді босат, кәләкәйттап тұруға уақыт жоқ, о, несі-ей!

Жалпақ бетінде кішкене ғана тәмпіш мұрны бар сатып алушыны дүкенші бастырмалатып, істен шығарып тастады.

– Әмәнда тауардың бағасына дау салып ереуілдейсің, бессовесныйсың барып тұрған. Бестің құйрығының теріс қайқайғанына мен бинаматпын ба? Бұл үшке ұксағанымен нақты бес сом – деп Бәртiк үлкен ернінен насыбайын көсіп алып сөренің астына лақтыра салды. Лақтыра салды да ащы насыбайға елтіп дүкен ішіне былш-былш түкірді.

Колбаса демеді, қант салған қап демеді, түкірік астында жатты. Жалпақ қараға ашуланған әрі насыбайға елтіген Бәкеннің шикі сары беті бұрынғысынан да қушиып, тышқан көздері суланып алқына дем алды. Бөктергінің тырнағындай саусақтарымен халваны кесіп алып, таразыға тартты.

– Қолыңыздан жиіркеніп кеттім– ау! –деген жас жігітке:

– Шық, дүкеннен, иттің күшігі! – деп ақырандап еді анау жәй ғана күліп:

– Шығуын шығамыз ғой, шыксак сізді алдымызға сала шығамыз – деді.

“Мына найсаптың сөзі қалай еді” деп Бәртiктің жүрегі зіркете калып:

– Не істеппін мен, не-не? – деп халваны сығымдай түсті.

– Өзгені қойғанда настығыңыздың өзі шектен шыққан. Қолыңызға күн тәулігіне бір су тимейді. Сонымен азық-түлікті ұстайсыз. Насыбайыңыз анау... Жүйке тамырыңыз әлсіз наукас адамсыз, емделу керек. Сізге сатушы болу дұрыс емес – деді жігіт.

– Мынау не дейді, ауырған адамды қусын деген қай Зақун – деп Бәртiк белгiлi айғайға басты.

– Токтай қалыңыз, ол десеңіз жұрттың қалтасына, қол салғаныңыз өтiрiк пе? Бестiң құрығы терiс қайқайды дейсiз, мәселенки фактуранызды берi тастаңызшы, көрейiк!

– Ей, сен кiмсiн, құдайдай тергейтiн?

Жiгiт қойын қалтасынан «Халық бақылаушысы» деген куәлiгiн алып ұсына бергенде сатушының саусақтары қалтырап кеттi.

СӘЛiМЖУАР

Алпысты әлдеқашан артқа тастаған сақал-мұрты ықшам, тықырандаған кiсi екен. Қариды дарбаза алдында қарсы алып кәукiлдеп қалды.

Қари алпамсадай болып шарт жүгiнiп отыр. Қарашұбар жүзiнде селдiр сақалы бар. Сақалы селеудей аппак.

– Уа, Сәлiмжуар, дәм айдап келiп қалдым. Көрiспегелi көп болыпты, әуелi аруақтарға дұға бағыштайын – дедi де атша шұлғып бiр қиын аятты қирағаттап кеттi. Даусы сұмдық беймаза едi. Араб мақамы түгiл қазақтың қара өлеңiн көптен естiмеген жатақтың құлағына түрпiдей тиiп барады. Қаридың көзi андасанда бiр ашылып қызарған орны көрiнедi. Аруақтарға жеке-жеке бата арнап түгендеп шықты.

– Еншi алла тiлегiмiздi қабыл алар, әмин – деп, тап-тарғыл бетiн сипады.

– Қари, шәй даяр, ужинать етiп алайық – дедi үй иесi төрт тағандай тұрып.

– Жок, шырағым, сабыр ет, екiндi болып қалыпты, дәретiн бар ма едi?

– Қари, намаз дегендi бiлмеушi едiк.

– Жетпiске келгенде сәждеге маңдайың тимеу пәндәшiлiк, құдай алдында күнә. Олай болса, бүгiн сенi намазға жығуым керек. Кәне, дәреттене қал!

– Қа-қа-қари, напрасный болмаса... Мен ештеңе бiлмеймiн ғой, ей, богу...

– Бiлмесең ниетiндi құдайға, жүзiндi қасиеттi қағыбаға қойып жығыла бер. Мен не iстесем, соны iсте.

– Шаруа адамға молитса етуге уақыт та болмайды ғой, Қари – деп мiнгiрледi Сәлiмжуар.

– Шаруа адам құдайдың құлы емес пе? Тез дәреттен!

Сәлімжуар сакалын сулап, жайнамаз шетіне табанын тигізді. Қари “Құбыла осылай ма” деп сұрап алып, күңіреніп азан шақырды. Сәлімжуарда қосылмақ еді үні шықпады, қылғынып барып тынды. Имам тұрса тұрды, жатса жатты. Тышқан көмбесін аңдыған мысықтай сақ. Айтып жатқан, жалғыз ауыз құлшылығы да жоқ. Бір кезде даладағы жұрт жайлауын өрт алғандай у-шу болды. Сәлімжуар ұзын мойнын созып жіберіп “Ой, беда!” деп жылан қуғандай жүйткі жөнелді.

Көше халқы бір жегулі жылқының соңында еді. Есі кеткен жануар мөңкіп шананың алдына кептелген шошқаны шыңғыртып жүр. Жеңіл киінген мәсішең Сәлімжуар құстай ұшып аттың сулығына жармаса түсті де, арпалысып әзер тоқтатты.

Жабылып шошқаны арашалап алысты.

– Андрюша-ау, сенің шошқанды танып, ей богу қорқып кеттім – деді Сәлімжуар сакалды шаруаға еңтіге тіл қатып. Сөйткенше сарыала жайнамазда төбедей болып отырған Қари есіне түсіп қайта жүгірді.

– Ойбай-ау, окошкеге көзім түсіп кетсе, Андрей соседтің шұбар поросенкесін ат дарылдатып сүйреп барады екен. Тұра ұмтылмаймын ба, бүкіл село халқының шамасы келмеген қара мәстекті тырп еткізбедім. Содан шұбар поросенкені... – деп әрі қарай бастырмалата жөнеліп еді.

– Тоқтат! – деп Қари барқ ете түсті. – Жетпіске келдім дейсің, қасиетті байтоллаға жүзіңді қойып, ниетінді аллаға беріп тұрып көңіліңді арамға бұрдың. Шарифат айтады: Намазға ұйып тұрғанда өз балаң отқа түсіп жатса бұрылма, көршіңнің баласы отқа түсіп жатса ғана бұрыл деген. Ал сен доңызға бола...

– Қари-ау, құран дұрыс айтқан, мен соседім үшін емес пе? Андрюшаның шұбар поросенкасы...

– Тоқтат сөзіңді!

– Андрей ағайын болып кеткен адам. Өзімді “Бәселей-Бәселей” деп қандай қадірлейді. Он қазаққа айырбастамаймын, ей богу деп айтайын!

Сәлімжуар шәй қамдауға шықты. Қари қобызсыз қалған бақсыдай үнсіз. Ішінен:

– Апырай, мынау дырау кәпірдің өзі екен ғой! – дей берді.

БАСТЫҚ

Жаңа бастығымыз Бірімжанды жұрт жақсы атап жүр, жақсы ғана емес-ау, тұп-тура мактап жүр.

– Пәле, осындай бастық болса деуші едік, бағымыз ашылып қайыбынан түсті келіп. Шіркіннің келбеті мен кескіні-ай, сөйлеп кетсе сөзі қандай, аудан басшыларына беделі таудай, қай мекемеге барса да шаруаға керекті іліп түседі...

– Ұрт мінезі жоқ па?

– Аздап ішеді.

– Ойбой, ендеше қоя тұр! – деп түршіге қалды былайғы жұрт.

– Болды десейші жұт.

Сол бастығымыз қоңыр күзде жиналыс ашты. Мінбеге шығып қос қолдап ұстанып алды. Маңғазсыды, сонан соң сылдыр сөзді сапырды келіп:

– Мен келгелі колхоз жөнге көшті, мал басы едәуір өсті. Шөп шабу жоспарын артығымен орындадық, еселеп силос салдық. Бұйырса биыл малымыз күйлі болады, қорамыз жайлы, жылы болады. – деп Бірекен даусы қарлыққанша жар салды. Шайтан көбелектей жағымпаздар қошеметтеп қарсы алды.

Наурыз бен сәуір келді. Жем-шөптің қоймасы сыпырылды, қас қылғандай боран да құтырынды. Бастықтың жағы қарысып жылап тұр. Малдары азан қағып шулап тұр.

ҚАРИЯЛАР

Қапша сиырдың мәңірегенінен оянып еді. Аласа терезелер қызғылт тартыпты. Күн шығып келеді екен. Аунап түсіп шалына қарады. Шалы дөңкиіп жатыр. Қимылсыз. Құлақтары шыңылдап, көздері бұлдырап ойы әр саққа кетті. Көрген түсі

тіпті көп, қайсыбірі есінде болсын. Жалғыз-ақ ұмытылмағаны Кәрібай мен Әлібайдың келгені, өңіндегідей тіпті. Екеуі егіз қозыдай болып есіктен кіріп келеді екен. «Құлындарым-ау, сендерді де көретін күн бар екен— ау, аллау, ризамын»,— деген өз даусынан оянып кетті.

— Уһ, жаны түскір-ай, неге ояндым? Бұдан артық жақсы түс бола ма? Ап-анық көрдім ғой. Балаларым тірі шығар, аспанның асты қуыс, бір жерде жүрген шығар. Жакыннан көруіме қарағанда анық тірі... Шал, ай, шал!

Шалы теріс қарағаннан қозғалмады. Түні бойы жөтеліп, ұйықтамап еді, тынышталып жатыр екен. Тағы да өзімен өзі болып кетті. Ұлдарын түсінде көрсе де, Қапшаның көңілі өсіп қалатын еді. Соғысқа екеуі бір күнде кеткен жоқ-ты. Алдымен үлкені Әлібайға шақыру келді.

— Әже, уайымдама, көп ұзамай ораламыз ғой. Жауды жапырып ертең-ақ келеміз,— деп жұбатқан болады. Қайтсін, жүрегі елжіреп, Қапша баласы аттанарда бетінен сүйіп қала берді. Көп ұзамай Кәрібайды да алды. Бұған да сөйтті. Ұлдары оралмады. Өмір бойы тосып отыр. Өлді деуге қимайды. Екі бірдей өндірдің өліп кетуі ақылға сыймайтын сияқты. Жок, олар тірі, бір күні қатар түзеп келіп қалады деген үмітпен таза қартайып болды. Бүгін тіпті ап- анық көрді ғой.

— Шал, әй, шал, апырай сенің ұйқың-ай.

Шалы қозғалар емес. «Е— е— е бейшара, ұйықтасын, күні бойы еңкендеп дамыл көрмейді. Жасы болса келді, денсаулығы болса жоқ, кімге сенсін»,— деп есіркеді кемпір.

Қапша төрт құрсақ көтерді. Үш ұл, бір қыз. Осылардың бейнеті де аз болған жоқ, дені сау, ақыл есі бүтін бала өсіру оңай ма?

«Шүкір, балаларым жұрттың балаларының бәрінен артық болды» дейтін. Кенжесі Жаныбай институт бітірді, көрші ауылда зоотехник. Қызы күйеуде, бір үлкен бастықтың келіні, бір шаңырақты өргізіп, жусатып отыр.

— Иә, Алла, бергеніңе шүкір,— деп кемпір күрсініп алды.— Әй, шал, шал деймін, әй, осы бір сенің ұйқың-ай!

Шал қозғалмаған соң кемпірдің ойына күдік келіп, жүрегі мұздап сала берді. «Әлгі Жықыштың шалынша қапияда о дүниеге аттанып кетпегей, аллау, шалдан айрылсам не болам?...».

— Шал, әй шал!

Қозғалмай жатқан қарияны жұлқылай бастады. Денесі темірдей қатты, қорғасындай ауыр екен. Бетіндегі көрпесін жұлып алып еді, сакалы қу көдедей ербиіп шыға келді. Көкшулан басын жастыққа аунатып жібергенде шалға жан кірді. Бір көзін ашып, екінші көзін тас жұмып алып:

– Немене?

– Аллау, ұйқың қалай қатты, қорқыттың ғой.

– Бекер ояттың-ау, кемпір, Әлібай мен Кәрібай келіп емірене сүйіп жатыр екем,– деді Жолдыкең қып-қызыл көздері суланып.

– Астапыралла,– деді кемпір шок басқандай шыжалақтап.– Мен де сондай түс көріп едім, құлындарым анық келетін болды-ау, айттым ғой келеді деп... Шал-ау, тұрсайшы, қызыл ісекті малдан алып қал, балалар келген бетте құдайы қылып, шалып жіберуге керек. Өріске қайдан шапқылап жүресің, тұр-тұр, тысқа шығайық.

Ойға батып денесі ауырлап жатқан Жолдыкең қозғала қоймап еді:

– Тұр деймін, тұр, о несі-ай!– деп Қапша жұлмап киіндіре бастады.– Менің тілімді алып, айтқанымды істеп жүрсең жаман болмайсың. Ортаң қолдай ұл тауып, кер маралдай қыз тауып берген мені осал деме, ана Мәпішті алсаң отырар едің қуарып, тұр деймін, тұр.

Қапша дәл бір елу жас жасарғандай еркелей қалды. Сөлінен айырылған қиярдай сопақ бетіне қан жүгірді. Сиыр сауып, сүт пісіріп, құстарын тамақтандырып, ұшып-қонып жүрген кемпірін көріп, Жолдыкең ауыр күрсінді. Суалып қалған көзінен бір тамшы жасты сығып шығарды. «Балаларым келеді»– деп қырық жылдай күткен қарттың үміті үзіле бастап еді. «Қайдан келсін, келмейтін болды ғой, келсе не қылып жүр?»

Қапша жаздың ұзақ күні дамыл көрмеді. Қызыл ісекті маңыратып қойып, бауырсақ пісірді. Сырмақтарын қағып-сокты, қант-шайды молықтырып, қыстан қалған қазы-қартаны ақтарыстырып қарады. Ісектің етіне қосып салса табақты түрлендіріп жіберер деп ойлады. Ақшамда аландап көшеге шықты. Кішкентай ауыл таусылып бітуге жақын. Көбі совхоз орталығына көшіп кетіп, үнірейіп ескі үйлер тұр. Қысқа көшенің ба-сынан әрі қара жол жатыр.

– Кемпір-ау, не қылып тұрсың?– деп жаутаңдай басып Жолдыкең шықты. Екі қария болдырған аттай сілейіп, жол бойына

ұзақ қарады. Қария құты қашқан ауылдың кескініне қынжылады. Жер жаннатындай осы мекеннен дүркірей қашқан ағайындарымен жауығады. Қандай әп-әдемі ауыл едік. Енді, міне...

Жолдыекең осында туып, осында өсті. Малшы да, тракторшы да, бригадир де, басқарма да болды. Ауылды өркендету үшін өмір бойы арпалысып келіп еді. Енді, міне... Өзі де қартайды, ел де тарап жатыр. Дүние деген сол... әні. Күн көзі көкжиектен асықпай әрі асып барады. Кешкі қызғылт шапаққа малынған қариялар салған суреттей болып қимылсыз тұр.

– Әне, көрінді!– деп Қапша ұмтылып қалды. Кенеп жапқан қоңыр машина қара көлеңкеде ауылдың итін дүрліктіріп жақындап келеді екен.– Солар болды, ия, аллай, өздері!– деді кемпір дегбірі кетіп.

Машина тақалғанда айтқанындай-ақ ішінде Кәрібайға ұксаған біреу отыр еді.

– Кәрібайым– ау, сағындым ғой, осынша сарғайтып қайда жүрсін?– деп Қапша құшақтарын жая ұмтылды. Әлі құрып жер төңкеріліп бара жатты. Кәрібай дегені ағасына аумай тартқан Жаныбай екен. Машинадан секіріп түсіп, анасын жерден көтеріп алды. Аппақ құдай болып аузы көпіріп жатқан кемпірді алақанына салып тербетіп жүр. Жолдыекең қып-қызыл көздерін сүрткіштеп:

– Кәрібай мен Әлібай түсіне кіріп, бүгін қайткенде келеді деп, күні бойы дамыл көрген жоқ. Қызыл ісек таңнан бері аштан-аш байлаулы тұр. Бейшара қырық жыл балаларын зарыға тосып, ақылынан адасуға айналды,– деді.

Жаныбай да, оның келіншегі де, қызы Жібек те, күйеу баласы да бір машинамен үйіле-төгіле келіпті. Баршасы ортаға алып кемпірді зорға тірілтіп алды. Қапша көзін ашып, әрқайсысының кескіндеріне таңдана қарап:

– Сендер неге жиналдындар, Кәрібай мен Әлібай келмеді ме?– деп сұрады.

– Жоқ, әлі келген жоқ,– деді шалы бұрынырақ жауап беріп.– Келетін шығар.

– Ә, солай ма, келеді, келуге тиісті!– деп үнсіз қалды. Мұндайда ешкім мазаламаса тез жөнделіп кететін еді. Айтқандай-ақ:

– Шал-ай, шал, балалардың басы қосылған екен, үйім деп келді ғой, ана қызыл ісекті соя қойшы, бұлар жемегенде әкем келе ме?– деді.

Денелі конкак сары Жаныбай ас артынан сөз бастады:

– Біздің жүрген мәніміз...– деп жұтынып біраз отырды.– Сіздерді көшіріп алғымыз келеді. Бұл жерде не бітіресіңдер. Қартайдыңдар, қайрат кетті дегендей. Енді біздің қолымызда болып, тыныш өмір сүріңіздер. Біз күтеміз, бағамыз...

– Әй, токта,– деді кемпір тұлданып.– Атамекенімізден ауып, танымайтын елге барсақ, мұратымызға жетеміз бе? Біз жоқта Әлібай мен Кәрібай келіп қалса не дейді? Жоқ, шырағым, өзге арызын болса айт, мынауыңды естіртпе.

Мұрнының төңірегіне қиғаш әжімдер шоғырланып Қапша қатты ашуланып қалды.

– Енді өмір бойы осылай оқшау қаласыңдар ма? Көшіндер, ол жақта осындай ел, өздеріңдей қариялар бар,– деді қызы.

Шал бейшара жымыыспен кинала күлімдеп:

– Жайсаң мен Ортақкөлді де көшіріп әкетеміз бе?– деді.

– Жайсаң мен Ортақкөлден он есе артық жер жаннаты Көкшеге барасыңдар,– деді қызы батылдау сөйлеп.

Жолдыкең аппак сақалын салалап отырып мырс етті де:

– Атамекенім сол жер жаннаты Көкшеден кем бе екен? Мынау қос шалқар, кең дала, жасыл орман, анау ата-бабамның зираты. Мынау маңдай терді төгіп салған қоныс, бәрі-бәрін көзім киып қалай кетпекпін? Өлсем Көкшеден сүйегімді сүйреп жүрмекпісіндер,– деді.

– Әке-ау, бұл ауыл азайып бітті ғой, көп ұзамай ешкім де қалмайтын шығар,– деді ұлы.

– Жалғыз үй отырсам мені біреу жей ме? Жо-жоқ, кинамандар, ешқайда да кетпеймін,– деді шал.

– Ие, балалар келіп қалса орнымызды сипайды ғой,– деп жатыр кемпірі.

МАРИЯ – МӘРИЯЖАН

Аласа бойлы қонкак шал жамбастап жатып, кеп жөтелді. Соңғы күндері ауырынқырап жүрген. Күннің де алаурап батуына қарағанда қатты жел, қатты боран болар деп шамалады да:

– Сегізкөзі құрғыр-ай!– деп, сиыршылап орнынан тұрды.– Қатын-ай, шамам келсе мал жайлап келейін, боран болар, тегі...

Қара бұлт тас төбеге қарай өрлепті. Батып кеткен алыстағы күннің сәулесі жиектерін қызартып тұр екен.

– Апырай, мына бұлттың кескіні жаман, тебінде жылқыларын бар ма еді, қапы сокпандар. Қыстаудағы малды түнде шашпаға қалдырмандар, жем-шөптеріңді ыңғайлап, етек-жеңдеріңді жинап отырыңдар!– деп шойнандап жүріп, ауыл үйдің біразына айтып шықты. Айтып шығып шөп суырмақ болып, шотаяқты шірене тартып қалып, шалқасынан түсті. Шалқасынан түсті де:

– Ой, тәйірі-ай, осылай етпесең кәрілік боламысың,– деп кеңкілдеп күліп алды.– Қысты – қыс, суықты – суық демей алты пар өгізбен шөп тартатын қайран күн– ай, сонда маянын екі жағына екі шананы қатар қойып, кезек лақтырғанда, екі жігіт жайып үлгере алмайтын еді-ау. Сол қайрат қайда енді? Жә, өткен келмейді, өшкен жанбайды. Қырық жыл бойы жалғыздың жолына қарадық, келсе келер еді ғой. Жастық та қайдан келсін, кәрілік деген құрдымға дауа бар ма? Айналып келгенде мына жарық дүниеден қымбат ештеңе жоқ, бір күн жасасаң бір қыр аскандайсың. Елді көріп жасара түскендейсің...

Иә, оңаша шыкса таусылмайтын бір ой. Ана кезде қысыр ойға кім әуес болған, тасыған қайратыңды қайда жұмсауды ғана ойлайтынсың... Шалдың басы жастыққа тие бере айтқанындай-ақ жел көтерілді. Тозған үйінің терезе қақпағын жұмалап, шатырдың тіремелерін сықыр-сықыр еткізді. Кемпір бетін сипап:

– Құдай, өзін жар бол, қайда жүрсе де жалғызыма көз қырыңды салғайсың,– деп күбірледі.

– Тірлікте мейірімі түспеген құдай өлгенде не оңдырар дейсін,– деді Көбен. Әжім шимайлаған арық кескіні ыңғай күлімсіреп тұрғандай еді, құлықсыз айтты. Бозғылт сәуле түскен бөлмеде ұзақ ұйықтамай жатты. Ой деген тағы қаумалап алды.

Қыстың бір сұрапылы еді-ау сол. Биылғыдан әлдеқайда қатты болатын. Ақ қар, көк мұз болған біреулер бейуақта шалдың үйіне сықырлап кіріп жатты. Тонған, шаршаған. Араларында қыз бала да бар екен ғой, апырау мына сұрапылда қайдан жүрсіндер!– деп кемпір есі кетіп, қазандыққа ұмтылды.

– Шешін, жарығым, үсініп қалған жоқпысың? Қазір үй де жылиды, ас та піседі.

Қақпаны қайта бекітіп, шал кіргенде қонақтар үріккен қойдай топтанып тұр еді.

– Жоғары шығындар, өз үйлеріндей жайғасындар. Кемпір-ай, асыңды тез пісір!– деді.

Кемпір дегені болмаса Хизаның жас кезі ғой, әп— сәтте асты пісіріп, дастарқан жайды. Келгендер жол азықтарын ортаға салғысы келіп еді:

— Бізде ондай әдет жоқ,— деді үй иесі. Үш жігіт, бір қыз қымсына отырып шай ішті. Көбен қонақтарын «жылытып та» жіберді. Сонан соң:

— Қазақ мейманын сыйлап алып, жөн сұрайды,— деді жадырап.— Енді таныса отырайық.

Қызыл жирен жігіт, басшысы болар, көтеріліп қойып:

— Украинаданбыз, тың көтеруге келдік, есімім Иван — Иван Липко дейді мені, ана қара мұрт Федор, арғы оның інісі Сашко Бондаренколар. Қыздың аты Маша — Мария Иванко.

Бойы жылынған соң меймандар қалғи бастады. Маша көне альбомды ақтарып отыр. Алғашқы бетінде жап-жас Көбен мен Хизаның суреттері бар. Әр жылдардың ескерткіштері бірінен соң бірі жапсырыла берген. Әскери адамдардың фотолары тіпті көп. Венада комендатурада қызмет қылғанда өзі түсіпті, жолдастары сыйлапты. Қолы бос уақытта Көбен достарын еске түсіретін.

«Әй, айналайын, Павел-ай, бір оңды жігіт едің-ау»,— деп, немесе «Метрей досым-ай, сонда сен көмекке келмесең, өлтіріп кететін еді ғой»,— деп күңкілдейді. Соғыс біткелі оншақты жыл болса да Көбекең достарымен осылай тілдесіп, өзімен-өзі болып отыратын. Күмістей аппақ самайын сипап:

— Мына жаман ағанның майданда түскені ғой. Әскери жігіт біздің жалғыз ұлымыз. Осыдан басқа дерек те, хабар да жоқ, жолына қарап біз отырмыз, үміт үзілмейді, әйтеуір,— деді.

— Ағатай, мынау фото менің әкемдікі ғой!— деп қыз дауыстап жіберді.

— Апырай, Павылдың қызы ма едің, Иванко ма әкең, рас па?— деді Көбекең есі кетіп:

— Солай, бір қатесі жоқ,— деді қыз.

— Әй, Хиза, мынау майдандас достың қызы болды. Әлгі өзеннен еткен жолы суға батып бара жатқанда алып шыққан сержант Иванко, бір кәтөлектен ботқа жеген, ыстық-суықты бірге өткерген... Апырай, мұндай да кездесу болады екен...

— Әкемнің майдандас досы екенсіз, сізді әке дейін, әкемдей көрейін,— деген сонда Маша көз жасын тыя алмай, егіле отырып;

– Айналайын, бөтендігің жоқ маған,— деді Көбен де суланған жанарын сүрткіштеп— Павел марқұм қиын-қыстау шақта мені талай өлімнен арашалап еді.

Қыз кемпір-шалға жиі келіп қамқор болып жүрді.

– Қарғам-ау!— деді бірде қариялар.— Жатақханада жатқанша бізге неге келмейсің. Үй мынау қаңырап бос тұр. Өзіңе де, бізге де жақсы болар еді.

– Жолдастарымнан ұлықсат сұрайын.

Сөйтіп көп ұзамай Маша Көбендікіне қоныс аударып, кемпір-шалдың қызы болып алды. Ол кезде Көбен де трактор жүргізетін. Кешке қызы екеуі жұмыстан келсе кемпір күлімсіреп, жұтынып отыр екен.

– Мәриямжанға қос етек көйлек пен барқыт қамзол, тақия алып қойдым — жарқырап бір шықсыншы,— деді. Көбекең қарап жіберіп:

– Әй, бұл бала осындайды кие ме?— деп шегі ката күлді.

– Неге кимейді, бұл киімдер қыздың көркі емес пе? — деді Хиза.

– Кимейді, білдің бе?

– Киеді.

Көл-көсір болып малынып шыққан қызды көргенде, ерлі-байлы екеуі аузын ашып қалыпты. Машаның ақ сары өңінде қызыл нұр ойнап тұр еді.

– Келші, қызым, бетіңнен сүйейін,— деп Хиза ұмтыла берді.— Көрдің бе, біздің Мәриямжанды. Тақиясына үкі керек екен, әлгі Рысжан аңшыдан сұрастырайыншы.

Маша осы қос етек көйлек пен барқыт қамзол, үкілі тақияны кеш сайын киіп алып, клубқа тартып отырады. Ән шырқайды, би билейді. Әйтеуір, клубтың Мәриямсыз сәні келмейді.

Бір күні ауылдың екі-үш азаматы Көбендікіне сау ете түсті.

– Әу, сендерге не жоқ?

– Шаруамыз бар,— деді көсе сары орнығып отырып жатып.— Қызыңа құда түсе келдік.

– Не дейсің, менің жалғыз қызымды көре қалдыңдар ма, түге. Осы ауылда он қызы барлар да отыр ғой,— деді Хиза.

– Он қызда шаруамыз жоқ, бізге сіздің қыз керек, көңіл қосқан жігіті жіберіп отыр,— деді көсе сары кезерген еріндерін жалап.

– Кім екен онысы?

– Федор.

Осы арада Хиза күйіп кетіп:

– Сол Шодыр жетпегір-ақ жылтындап келе беріп еді, менің қызымнан баска қыз құрып қалып па оған? Бермеймін, қызым әлі жас, бір-екі жыл үйде болсын, оң-солын танысын, сонан соң кімге барам десе еркі,– деді.

Көбекең басын шайқап отырып, көзіне жас алды. Ауыл-ағайынды шақырып көл-көсір дәм беріп, көсе сарыға шапан кигізіп шығарып салды. Иә, ол да бір қызық күндер еді...

Боран тау құлатардай екпінмен әлі соғып тұр. Қакпаны қар қымтады-ау, ә? Оны күрейтін кісі қайда? Шал шарасыз қалыпта тағы аунап жатты. Көзі іліне беріп; «Шөп болса таусылып тұр, мынау сұрапыл тағы созылса қайттім» дегенде ұйқысы мүлдем ашылып кетті.

– Апырай, балаларға барып, жан бағатын кез келді ғой. Ой-хой, шіркін, ұлы кеуде баяғы Көбе, баяғы Хизадай қыз-күйеудің қолына кірмеймін деп кергудің жөні бар ма? Абысын-ажынымды көрмей отыра алмаймын деп, осы кемпір-ақ қыңырая тартып болды. Балаларда кінә жоқ, «Әкетай, апатай, бізбен бір тұрындар, ештеңе істемендер, зауқын сокса қыдыр, жүр, сайранда, ақша жетеді. Баланың кішкенесі жалғыз Тынбай ғой, оны да балабақшаға береміз. Ештеңеден кем болмайсындар»,– деп қанша жалынды. Тарта беретін осы Хиза. Оған қарсы шығып, бұзып- жарып кететін баяғы күн жоқ. Ауылды тастап, бірге жасасқан шалдарымнан аулақтап кету маған да оңай емес. Жағдай солай болса дауа бар ма? Бәріне кәрілік кінәлі, кәрілік...

Көбен осыдан соң қандай ойлар ойлағанын аңғара алмады. Ұйқы басып, көзі жұмыла берді. Түсінде қыз бар, күйеу баласы бар, өзі бар – үшеуі үш трактормен Шортандының даласын таспадай тіліп бара жатыр екен. Жыртылған тыңға қолма-кол бидай өсіп, дариядай толқып жүре берді. Қалың бидайды кешіп Хиза жүгіріп келеді. «Мәриямжан, тамактаншы, балам, әбден жүдедің ғой» дейтін сияқты. Моторлардың үні жер жаңғырықтырып, түк естіртпейді. Осы үн акыры оятып жіберді. Тан атыпты. Үй жанында «ДТ»-ның дарылдағаны естіледі. «Бұл кім өзі құлқын сәріден?– деді киініп жатып. Қакпа алдында қалын күртікті сүзгілеген бульдозер екен. Анадай жерде арбасына шөп артқан «Кировец» тұр.

– Әке, біз ғой,– деп Мариям түсіп келеді. Тынбайды жетектеп алыпты.– «Атаға, апаға барам» деп қалмағаны,– деді.

Көбен қызы мен немересінің бетінен сүйіп, есі кете қуанып жатқанда Федор келіп жармасты.

– Кемпір-ай, балалар келіп қалды ғой!– деп қарт еңкедеп үйге қарай жүгірді.

– Шөптеріңнің таусылғанын көріп кетіп едім, ертелетіп жеткеніміз осы,– деді күйеу баласы. Хиза барын салып, балаларын күтіп жатыр.

– Біз көшіп келмекші болдық,– деді Федор.

– Механиктігіңді қайтесің?

– Осында бригадир болып істеймін.

– Иә, біз енді сендерді бұлай қоя алмаймыз,– деді Мариям қартайған әке-шешесінің кескіндеріне қарап.

– О, құдай, бергеніңе шүкір – деді Хиза көздері жасаурап. Көбекең Тыңбайдың шашынан иіскеп, еміреніп отыр.

БЕЙСЕКЕҢ

Бейсекең аксақалдың үйінің жанына көршілері жиналып, кешқұрым сұхбаттасып отырды. Қарт сирек сақалын салалап қойып, желпіне сөйледі.

– Колхоз деген ағып жатқан бұлақ емес пе? Әмпәния жұрттың тамшы терінен жиналған алтын байлықты қадірлеушілер көбейіп кетті. Түбімізге осы бейқамдық пен салақтық жетті. Орақшылар аңызға масақ қалдырады, бастықтар оған ауылдың малын жайдырады. Машиналардың қорабы жыртық болып бидайы шашырап жүреді. Қарға құзғынды асырап жүреді. Қырман біздікіне жақын болғандықтан күнде көріп отырам. Бидайға қараторғайлар мен шымшықтар қонады. Мына көптің маңдай тері ысырап болады. Бір кезде мен де жұмыс істегем, осы колхоздың өркендеуіне күш бергем – деп қызына келіп шырты түкіріп алды.

Ту сыртынан біреу әбігерлене айқай салды:

– Уа, пірәдір, қырманға өгіздер кіріп барады. Қарасан келгірлер таптады ғой, бидайға бас салды ғой! – деп еді:

– Бас салса қайтейін, мен оларға бакташы ма, әкірендеме бас- басыңа! – деп, Бейсекең міз бақпай отыра берді.

Көршісі тұрып күңкілдеп:

– Жаны ашығаны осы ма? – деді.

Рысжан мұғалім арнаулы тапсырма алып, лекция оқымаққа қам қылды. Қағаз көпарды, цитаттар терді. Лекциясының тақырыбы адам санасындағы ескіліктің зиянды қалдықтары еді.

– Бұрынғы кейіпсіз әдеттер неге құрымайды? – деп қазымырланды ол. Кейбір ортан қолдай белсендіміз бала піштіреді, ауруын баксыға үшкіртеді. Ал көп шалдар құрбан шалады, шамадан тыс тақуа болады. Жиында әйел мен еркек қатар отырмайды, ана орыс жұртынша осылардың бастары неге косылмайды. Қыз ұзатып қалыңға акша алады, ырым-жырымын жымқырып басқа алады.

Айта берсе ескіліктің саркыншағы толып жатыр. Осыларды түп-тамырынан құртатын уақыт молынан болып жатыр. Соған басшылық ететін кімдер? – деп әр мансаптың адамдарын саусакпен санап теріп жатыр...

Ащы шектей шұбалтып жазғандарын оқып көрді. Халайықтың алдында тұрғандай тамағын кенеді, айнаға қарағыштап үстібасын жөннеді. Жағасына бұркыратып әтір себеді. Сонан соң марқайған көңілмен ісініп-кебініп клубка жөнелді.

Бұрын лекция оқып кім көрген, абырой бере көр – деп аллаға сиынып келеді, жүрегі бар болғыры дүрсілдей береді. Осы кезде асығыс басып алдынан бір әйел өте шықты.

Лекторымыз кәрі қойдай кекейіп тұрып қалды.

– Енді жолым болмайды!– деп сағы сынып қалды.

САТУШЫ

Аш өнді, сауысқан мұрын жігіт шықылықтап дүкенде сауда жасап тұр, қимылы ширақ, екпінді-ак.

– Уа, жакындандар бері, асфәһани кілемнен басканың бәрі бар. Жібек керек пе, жүн керек пе? Құдайға шүкір “Ақмағанбет” ағаң тағы бар, – деп жымың қақты. (Өзі аздап ішіп алыпты) – Көйлектің қызылы керек пе, аласы керек пе, трусидің көгі керек пе, қарасы керек пе?– дейді майлы қасықтай жылмындап, өзі есеп-шотты көз ілестірмей қағады, Жұрттың дегбірін алады. Сол екі ортада аңқау ағайынның тиын-тебенін жымқырып қалады.

– Шыбыным-ай, есімнен тандырдың ғой, басымды даң қылдың ғой, қайыра есептеші – деп қарт әжей өтініп еді.

– Ей, кемпір, сөзді қой, тек тұр, кәләкайтқа уақытым жоқ, маған сауда керек, саған дау керек?! – деп тоңқ ете түсті.

– Көжек-ай бір пәлеге ұшыраған екем ғой! – деп шешей есікке беттеді. Көпке дейін сатушының қылығы есінен кетпеді.

ЕС ПЕН ДОС

Әйгілі екі өтірікші Ес пен Дос жолаушылағанда әмәндә бірге жүрмейді екен. Ағасы күншілік жер алға кетеді де, інісі ізін басып отырады.

Сөйтіп, Ес тепектей жортып жайлаудағы Уақтың бір ауылына келіпті. Қотандағы бар итті дүрліктіріп бай үйдің бірінен сөйлесіп сұрайды.

– Уа, кім бар, алыс жерден келе жатқан мейманмын. Ұлықсат болса қонамын – дейді.

– Ана зарлап тұрған кім, әрі қуып тасташы! – дейді бай ішігіне орана түсіп.

– Ұрықсат жоқ, түспесін дейді – деді малайы.

– Байға айта бар, алыс жолдан келе жатқан жолаушымын, таңғаларлық жаңалығым бар, тыңдамаса арманда қалады – депті.

– Апырай, жаңалығы болса түсірші, бір құжак екен – дейді бай.

– Ес төрге жайғасып алып үнсіз отыр. Кескіні томсарыңқы, күйзелулі еді. Бай үйінің сараң қонақасын ішіп болғанша тіс жармай үһілей берді.

– Мейманым, бағана айтам деген жаңалығың не түрлі, айтатын болсаң айтсайшы енді – дейді.

– Айтуға, қалай оқталсам да, аузым бармай отыр, мырза. Бүгін құлақ естіп, көз көрмеген сұмдық көрдім. Ақырзаман тақау ма екен!

– Апырай, не дейсің?

– Сары далада жортып келе жатқам, күн ашық аспанда бір түйір бұлт жоқ. Бір кезде құрым киіздей қап– қара көлеңке төбемнен жапты да кетті. Шулаған мал, жылап– сықтаған балалар мен әйелдердің дауысы азан-қазан болды. Апырай, не сұмдық деп жан– жағыма қарасам ешкім жоқ. Аспанға көзім түсіп кетіп қалшидым да қалдым. Құдай салмаса– ен, мырза– еке-ай, мұндай да көрім болады екен. Бүкіл бір ауыл бұлттың бер жағында шулап көшіп барады. Жылау-сықтау, малдың азан қакқаны солардікі болып шықты. Тыңдап тұрсам “Елім-

айға” басып еңірегінде етектері толған шарасыз көш. Көшті капталдай шапқан торы жорғалы өзіндей бір мырза:

– Ей, жігіт, аузыңды неге аңырайтып тұрсың, бүгін бізге келсе ертең сенде құтылмайсың, таңыркайтын ештеңе жоқ – дегені.

– Апырай, таксыр-ай, не күйге ұшырап едіңдер? – деп жылап жіберіппін.

– Аллаға аз жалбарыныппыз, тасаттық, құрмалдық бермеппіз, кедей– кепшікке қараспаппыз, қайта қысым көрсетіппіз. Мейманды бетке қағып жарытып қонақасы бермеппіз. Енді соның жазасын тартып, ауылымызды о дүниеге жер аударып көшіріп барады дегені ғой. Осыны айтып “Елім-ай, қалдың кейін-ай” деп әлгі мырза көш соңынан шаба жөнелді. Мен қайғұс не болғанымды білмей мелшиіп тұрып қалыппын.

Аспан көші коңыр бұлттарға шым батып жоқ болғанша қарап тұрдым – деп Ес ауыр күрсініп жер шұкі берді. Үй иесі:

– Апырай, рас па, анык көрдің бе?! – деп шошынып сұрады.

– Рас, өтірік айтып не көрінді, өзім де қатты қысылып, опык жеп отырмын. Сол мырзаның басындағы менде де бар еді, кәйтерімді білмеймін – деп мұңаяды.

Ес ертемен аттанып кетеді. Бай қаттылықты қойып, дәулетінен біраз мал шығарып құдайы етіп, кедейлерге қол қайыр қылуға ойластырды да жолаушының сөзіне сеніңкіремей арқасын кеңге салды. Кешінде сол ауылға Дос келіп қонады.

Ауыл өте алаң болып отыр екен.

– Шырағым, осындай бір жаманат естіп отырмыз, не білдің, не көрдің? – деп жапа-тармағай Достың аузына қарайды. Дос та қатты шошынған рай көрсетіп ойланып қалады.

– Апырай, рас болмасын, кеше Аксуаттың сары даласында аспаннан салбырап түсіп келе жатқан киіз үйдің бір уығын көрдім, көшкен елден түскен уық болар ма екен? – депті. Мұны естіген ауыл пысығы сүріне-қабына мырзаға жүгіріпті.

– Рас екен, мырза, рас болды, осылай да – осылай деп, Достан естігенін екі есе қылып айтады.

Ес пен Дос сапардан қайтып келе жатса әлгі ауылдың байы құрмалдық шалып, жарлы-жақыбайларға қайыр-садақа үлестіріп шығынданып жатыр екен. Екі қу күліп өте шығыпты.

Ес бір ауылға келіп:

– Апырай, бір сұмдық көрдім! – депті

– Не болды?! – деп шошыпты жұрт.

– Балықшының қалдырған отынан бір көл дым қалмай күйіп, тақыры қалыпты – дейді.

Жұрт сеніңкіремейді. Сенбесе сенбесін Естің қандай шаруасы бар. Ертенінде сол ауылға Дос қонады. Ауыл халқы Естен естіген “кереметін” айтып, не білдің, не көрдің? – деп қаумалайды.

– Көл күйді дегенді естігем жоқ, бірақ, ұлы сәскеде құйрығы отқа шарпылған бір балықты шағала тістеп бара жатты – дейді Дос беті бүлк етпестен.

ҚЫМЫЗШЫЛАР

– Атбасар түбіндегі елдің байлары базарға апарып қымыз сатып кәсіп қылатын еді – деп Құсекең жаңа бір кеңес бастады. Қымыз саудасын көктемнен күзге дейін созады. Үлкен байлар арнайы ақ үй тігіп, биелерді үйірімен апарып сауса, орташалары жұрт жиналған жерге отыра кетіп, торсықтарын изендетіп, көздеріне қара шыбын үймелеп отырғандары. Содан ғой Атбасар аузындағы қозғандардың үйлеріне барсаң қымызға сараң, сусының бір қанбайды.

Бірде базардан қайтып келе жаттық. Үш-төрт адамбыз, бәріміз де салттымыз, әр қараға бір ұрынып жүрген желбас кезім. Сәске көтеріліп қалды. Ат соғып, шөлдеп келеміз.

– Уай, жігіттер, анау дөңнен құлағандарды көрдіңдер ме? Қамшымды шошайтқан жаққа бәрі қарай қалысты.

– Кордік.

– Кім екенін білесіңдер ме?

– Анық айыра алмай тұрмыз, білсең өзің айтшы!

– Айтсам қымыз әкеле жатқан осы манның байшікеші, базарға кешіккен ғой асығыс көрінеді. Арбасында саба бар піспегі шошаяды.

– Болса текке бере ме, бір тиынды мың тиындай көріп жүрген қарынбайлар емес пе?

– Береді.

– Қалай?

– Шап айылдарыңды мықтап тартып, атқа қоныңдар, мен не істесем соны істендер! – дедім де шаңдатып шаба жөнелдім. Іркес- тіркес шапқан бетте арбалыға тақап қалдық.

– Ойбай-ау, қырды ғой, қырды ғой, науыт болды ғой, көп жұрт! – деп бажылдап келем.

– Өлтірді түге! – деп жігіттер де шуды көбейтті. Тарантасты қайыстыра отырған денелі адам шошынып:

– Не болды, кімді өлтірді?! – деп көздері шарасынан шығып барады

– Ойбай– ау, базарлап жүрген жұрт емеспіз бе, бір шеттен жанжал бұрк ете түсті – деп көкі жөнелдім. – Лаң қымыздан шықты. Қымыз иесі көп сұрайды. Жұрт қымбатсынады. Ұрыс басы “боюкеме” емес пе бір ақкөз жігіт: – бар пәле осы қымызшылардан, қалтамызды қағып бітірді, құртындар, сойылдаңдар бәрін! – деп атқа мініп шыға келді. Сол– ақ екен базар халқы қымызшы біткенді жусатты да салды. Бас жарылған не сән, қол сынған не сән, өліп қалғандар да бар. Қымыз үйлердің шаңырағын ортасына түсірді. Бір үй сау қалған жоқ.

– Апыр-ай, бір үй сау қалған жоқ деймісің? – деп байдың үрейі ұшып кетті.

– Отағасы– ай, бекер шығып қалған екенсіз, қырғынға тап боласыз– ау, жұрт қымыз көрсе, әкесінің қанын көргендей өшігулі! – деп безек қактым.

– Апыр-ай, мына қымызды қайтем енді?!

– Құртыңыз, өшіккен жұрт бері беттеп қалды. Қолға түсіп жүрмеңіз жүндей түтеді, құдай сақтасын беттері қатты, – деп едім, байдың мысық мұрты жыбырлап, қолдары қалтырап кетті.

– Енді қайттім?

– Сабаңызды актарып тастап тез қашыңыз – дедім асықтырып. Бай сабасын төгуге ыңғайланып еді:

– Отағасы, жерге қиған асыңыз ғой бізге аздап жұтқызсаңыз қайтеді – деді жігіттердің бірі күңкілдеп.

– Ішіндер, қайтейін арамға шыққан бір ас қой – деп аяқтарды алып жағалата бастады. Алғаш асығыс ішіп едік, ықылық тиіп берекеміз кеткен соң жайлана сімірдік. Байдың ботқа беті қыбырлап біз келген жаққа қарайды.

– Жігіттер, тездете көріңдер, мен кетейін осы арадан – деп селкілдеп тұр.

– Сабаңыз бос болған соң сізге не қылар дейсің – деп жұбатамыз.

Бай қымыздың қалдығын төгуге қимай арбасын салдырлата жөнелді.

– Сау бол, саудагерлерге сәлем айт, қымыз көптің асы сауданы қойсын! – дедім дауыстап.

Қызып алған жігіттердің күлкіден езуі жыйылар емес. Қымызға сонда бір өлердей қанып едік – деді Құсекең.

ШЫРЫЛДАУЫҚТЫҢ ТҰҚЫМЫ

– Көбештің базары қызған күн еді – деп тағы бір әңгіменің шетін шығарды Құсекең.

Күн суық. Мұндайда қасап үйлердің төңірегі аттарға, іші адамға толы болады. Базаршыл халықтың жүрек жалғайтын жері. Семіз жылқыны сойып, бұтарлап тай қазандарға асады да ауылдағыша мүшелі табактар жасап базаршыларға сатады. Қасапшылардың жалақтап жүретін кезі. Қасап үй ұстайтын да әлділер жағы. Төрт- бес жігіт шеткісіне бас сұқсақ ет пісіп сатылып жатыр екен. Дөңгеленіп отыра қалдық.

Бізге бір табак жасаңыз – деп Кәртайдың Шәймердені ақшаны суырып тастады. Дәу табакты ортаға алып, қаулап жатырмыз. Бір зор адам сәлем беріп кіріп келді. Даусы гүрілдеп шығады. Қолындағы қоңыр бүркітін босағаға байлап, төрге келіп тізе бүкті. Отырғандағысы тап менің түрегеп тұрған бойымдай.

– Бір табак ет жасаңыз! – деді қасапшыға.

Қазы-қарға, жал-жая бар дәу табакты алдына қойып, ірілеу кесіп бірер қабытты да асықпай турап, ұсақтап болып бір шара аяқ сорпа алдырды. Етті қос қолдап көсіп екі-үш асағанда табак ортайып-ақ қалды. Шәулі бүркіттің асағанындай кең алқымынан сылқ ете түседі екен. Біздің төртеу-бесеуіміз тауыса алмаған табағымызды бір өзі сипап салып, сорпа ішті.

– Мені Қарауыл Сәдір балуан дейді, бүркітшімін. Сонау отырған қызыл балақтың өзін ғана жиырма жыл салам – деді.

– Бүркітші болсаңыз қыранның тегі мен бабын жетік білетін шығарсыз, қандай тұқымдары бар? – деп тақымдай түстім.

– Толып жатыр ғой... – деді балуан тісін шұқып отырып.

Орал тауындағы ұядан ұшқан бүркітті Оралдың ақиығы дейді. Ал қарағайға салған ұядан ұшқан бүркіттердің түсі көбінесе қызғылт сары болады. Оларды қарағайдың қызыл сарысы дейді. Қобдалалы қоңыры дейтін қыран да, сексеуілдің “Қанішер қарасы” деген тұқымдары да бар. Бабын тапсаң аң алмайтын қыран болмайды. Бабы келмесе самғап ұшпай кеуек аңдитындары да кездеседі. Қыранның алғыры Оралдың Ақ иығы қасқырды да оп-оңай бүктеп тастайды. Ал қарағайдың

кызыл балағы мен Қобданның қарасы деген бүркіттердің мінезі сыпайы болса, құмдағы сексеуілде ұя салған “Қанішер қараның” тұқымы ызакор келеді.

– Бүркітіңіз қайсысына жатады?

– Қарағайдың кызыл балағы дейді мұны – деді бүркітші құсына риза көзбен қарап. Адам мен адамның арасы жер мен көктей, құс пен құстың арасы жер мен көктей, ит пен иттің арасы жер мен көктей деген екен. Бүркіттің бәрі қыран бола бермейді. Тышқаннан басқа ауқаты жоқ тексіздері де кездеседі.

Оралдың ақ иығы суық аспанның қиырында самғап жердегі аңға сорғалап түседі де сығып тастап басып отырады. Қызылға ұмтылмайды, өте паң, төре тамақ.

Ал кызыл балақ қоңыр аңға талғамай түсетін өлермен құс.

Еділдің ақ құйрық сарысы деген бүркіт жан кинамай қоянның кебегін аңдып ұстайды, биіктеп ұшпайды.

Ал “Қанішер қара – шырылдауықтың тұқымы” дейді. Көңілі келмесе иесіне де тырнақ салып жіберетін әдеті бар.

Біз тұз тағысының биік аспанда қанат қағысынан айырамыз – деді. Саятшы істік қара сақалын сипап дәм қайырып.

– Олай болса – дедім мен қалжыңға бұрып. – Мынау Еламан молланың баласы Мұхамедия мырза бүркіт болса қандай болар еді? – дедім.

Бүркітші шарт жүгініп алды. Қалың қабағының астынан тасырайған сары көздерімен Мұхамедияны бір шолып өтіп, менің әзіліме шын жауап берді.

– Бүркіт болса шырқап ұшпайтын, оңай олжа іздеп, кеуек аңдитын кәдімгі Еділдің ақ құйрық сарысы болар еді – деді.

Жігіттер күліп жатыр.

– Ал мынау Ұлтарактың Жәнібайы ше, өзі әнші, домбырашы сері жігіт деп едім. Бүркітші шақшасын қағып насыбай атты да:

– Бұлда шырқап ұша алмайды екен, шүйілген аңын бірде іліп, бірде маңып кететін бабы қиын құс болар еді – деді.

– Ал мына Кәртайдың Шәймердені ше? – дедім мен бастырмалатып. Бүркітші Шәймерденге құмарлана қарап біраз бөгелді де көздері ұшқын шаша күлімдеп:

– Пәлі, шіркін, қолға түспес Оралдың ақиығы осы – деп жалбыр мұртын ширата берді. Шәймерденнің білікті ел адамы, сөзге шешен, елге қадірлі жігіт екенін бүркітшінің тап басқанына жұрт риза болып күлісіп жатыр.

– Ал бүркіт болсам мен қандай болар едім? – дедім
Бүркітші көп ойланбастан шырт түкірді де:
– Шарылдауықтың тұқымы екенсің, иесі барғанша алған
анының өкпесін суырып жеп қоятынның өзісің! – деді. Күлкіден
Қасап үйдін түндігі желпілдеді. – Ой, көп жасағыр-ай, кәре
кылдың-ау! – десіп жатыр.
Күсекең осылай деп өзі де күлді.

ӘТКЕ (ЫҚПАЛ)

Үлкен де, кіші де оны өз атымен атамай Әтке дейтін.
Дөң мұрын арық шалды турашылдығы үшін жаксы
көретінбіз.

Қария бүркеніп жатыр екен.

– Жай ма?

– Жай, дем алып... -- деді бәйбішесі.

– Тұмауратып қалмаса болды, – деймін мен.

Шал ояу екен, көкшулан түк жағын қасып:

– Сен не дедің әлгінде? – деп сұрады.

– Тұмауратып қалды ма деп корқып едім – дедім.

Қария ұзын сакалын сипалап мырс етті.

– Тұмау да ауру ма сол?

– Енді қалай, әсіресе карт адамдарға ауыр, – деп дәрігерлерден
естігенімді айта бастадым.

– Қоя ғой, айналайын, сендерден бұрын маған келмейді.
Токсанға аяқ салып тұрмын. Ауырған пәнде емеспін. Жап-
жас адамдар тістерінен айрылып сүйек шайнаған сиырдай
мылжаңдайды. Тісім мынау маржандай, түсім мынау азаматтай,
сонда мені мәңгінің суын ішті дейсіңдер ме? Жок. Мен өмір
бойы тісіме кір шалдырған пәнде емеспін, арақ пен темекі
дегенге қол созғам жок.

– Сонда бар пәле арақ пен темекіде ме?

– Енді неден, айта ғой, кәне! – деп Әтке өршелене түсті.
Шүнірек көздері ұшқын шашып, күйзеле ашуланып – Осының
барлығына сен кінәлісің, сен! – деді.

Мен анық саскалақтайын дедім.

– Сен – сен! – деді Әтке тұқыртып алайын дегендей
бастырмалатып – Сен болмасаң сенің замандастарың. Кеше Абай
не деді, “Адамның жаман болмағы замандастарынан” демеді ме?

Сен неге ықпал етпейсің? Жас кезімізде үлкендер тіл алмаған жас өспірімге дүре соқтыратын.

Мен күліп жібердім.

– Сен күлме, неге күлесің, қызық ештеңе жоқ мұнда.

– Сонда ұр дейсіз бе, Әтке-ау?

– Ұрмасаң да ұрғандай ететін жұрттың талқысы бар. Көптің ортасына шығарып сілкілеп көрші, санасы болса дүреден кем соғар ма екен. Арактан азып-тозып кеткендерді көріп жүрміз. Арақ ана сүтімен дарып па оған? Жаман дағдыдан сөйтті ғой. Сақтандыруға болмайтын ба еді?

– Болатын шығар...

– Жо-жок, әбден болады, бәріне ықпал ету керек. Жакында бір үйде лас шылапшынды әкеп су құя бастады. Бурыл мұртты, қара мұрттылар шерленіп отырып қолдарына су құйғызды. Маған тақалғанда су құюшы жігітке:

– Тарт былай, мүгедек емеспін, дастархан жаятын жерге ләген сүйреткен қайткенің деп ақырып қалдым. Отырғандар ұялды. Ұялғаның керек деймін ішімнен. Кейін бұл әдет қысқара бастады. Көрдің бе қалай ықпал ету керектігін.

– Сонда маған не істе дейсіз, Әтке-ау.

– Не істеу керектігін менен сұра, клубка ауылды жинап не жақсы, не жаман екенін білмейтіндерге түсіндір, бәріміз де болайық, айтайық, әр бұрышта күңкілдескенше ашық сөйлесейік – деді.

Әткенің қою шайын ішіп, көп кеңесіп үйге беттеп келем. Тынысым кеңіп, жігерлене түскендеймін.

КӘЖЕКЕҢ

Кәжен карт төр алдында, бұрынғы орнында жатыр екен. Ақ селеудей сақалы ұйпалақтанып танауы қусырыла түсіпті. Көздері бір нүктеден тапжылмайды. Өзі баққан көп жылқыға осылай қарап:

– Жылқы жарықтықтың несін айтасың малдың төресі ғой – дейтін.

Карт сондай бір кездерін есіне түсіріп жатса керек, күлімсірегендей болды.

– Келдің бе? – деді естілер-естілмес сіңірлі қолын маған созып. – Тамырымды ұсташы әлсіреп тұрмын.

Шыт-шыт болып жарылып кеткен ерніне әжей су тамызып еді қозғап тамсанды да: – Қалай екен? – деді.

Салқын тарта бастаған сүйекті қолдың тамырын ұстап отырмын. Бұрын тамырлары әжептәуір бүлкілдеп соғып тұратын. Бүгін болмашы ғана қыбыр-қыбыр етеді. Күнде мен:

– Ештеңе етпейді, әлі-ақ оңалып кетесің – десем, карт сергіп қалатын. Қысылған сайын менен сол бір жылы сөзді естуге асығады екен.

Адам деген қызық қой болмашыға жабырқап, болмашыға жадырайды Кәжекең жақсы сөзімді естуге зарығып жатыр. Тамыры баяулап, жүрек соғуы сиреп барады. Көздері өткір, жүзі суық. Қартты алдау лайықсыз, әйтсе де:

– Кәжеке, тамырыңыз сөйлеп тұр, ештеңе етпейді әлі он жыл жасайсыз деймін. Қария күлімсіреді. Жүзіне жылылық келді, соңғы күшін сарқып:

– Шіркін-ай, тағы бір бес жылды қосуға аяп тұрмысың – деді. Соны айтты да бетін терезеге бұрып туған даласына құмарлана қарады.

ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ҰРПАҒЫ

Ұзын бойлы арық қара шал тап-тақыр иегін сүйкеп қойып, дөкей сарының жылтыр кескініне қарап:

– Әй, Сүгірбай-ай, күніннен бұрын қартайып саған не көрінді. Кеше ғана балақты түріп жіберіп асық атқан балалар емес пе едік, ту– у, шіркін-ай, сені де бір қатынның байы дейді-ау! – деп қарқылдап тұрып күлді. Оған налып жатқан Сүкең жоқ, кетік тістерінің арасынан жұп-жұқа қызыл тілі жылтың етіп:

– Әй, өзін қыл бабында тұрғандай... – деп иықтарын селкілдетті.

Қара шалдың аты Шауыпкел, екеуі бірге туып, бірге өскен, іргелері ажырамай бірге жасасып келе жатқандықтан мұның атын жұрт Сүгірбайға ұқсас Жүгірбай қойып алған.

– Шауыпкелі не, Жүгірбайы не тәйір, бір сөз ғой – дейді Шәкең. “Жүгірбай” десе “әу” деп масаттанып қалады.

Жүгірбай тыриған арық, сақалсыз, сіп-сирек ақ мұрты бар. Ал Сүгірбай денелі, жуантық шикі сары, мұрт бітімі оныкі де тапшы, ақ-сары, тікірейген. Онысын октаудай саусақтарымен мәпелей береді. Көзі көкшіл емес, ақ-боз десе де жарайды.

Үнемі күлімсіреп сөйлегендіктен жалпак бетіне келістіріп кондыра салған домалақ мұрны мен мұңдалап тұрғандай. Тіс кетігінен тілін жылтын еткізгені Сүкеңнің жарыла күлгені. Ал Жүгірбай аузын ашып анықтап тындап алып, ұзын кеңірдегін ашып дарылдай жөнеледі. Ондайда қап– қараңғы аузының түпкірінен тістің жетім тұқылы ағарандайды.

Екеуінің түр-түсі жер мен көктей болса да біз бір-бірімізге егіз қозыдай ұқсаймыз дегенді ұнатады. – Иә, Сүкең мен Жүкең судың екі тамшысындай ғой десіп шашбауын көтеріседі кулар.

– Еш жәй деспей қатар жасап келе жатқан біздей кім бар? Малда бір, бала да бір, керек десе қатын да бір – деп Жүгірбай бір серпіп өтті.

– Рас– рас – деп Сүгірбай басын шұлғиды.

Сөз арасында Жүкең жердің құрғап бара жатқанына, жауынның тамбай тұрғанына налып еді, Жүкең жұлып алғандай:

– Жауады, осы түні селдетіп тастайды – деді.

Жүкең кеңірдегіндегі қойдың тобығындай бұдырмағын адраң еткізіп:

– Брогноз ештеңе деген жоқ қой – деп еді Сүкең өршеленіп кетті.

– Сонау Мәскеу мен Алматыда отырып осы жердің жағдайын менен артық біле ме? Жаңбыр жауады, көр де тұр – деді.

– Аузына май, жер қайта көктеп, жасарып кетсінші бір, ту– у құдай ондаған екен, үгірет /огород/ те бір суланып қалсыншы. Осы үйде үгіретке су шашатын кісі жоқ, бірімізді біріміз жұмсаймыз – деді Жүгірбай жаңбыр құйып тұрғандай масайрап.

– Қатыны қарнын көтере алмайтын жуан, өзі болса қанбақтай қағылез, осыларға обал-ау, – деп аяушылық білдірді.

Сонан соң көпке дейін ұйықтай алмады. Терезеге қарап еді толған ай алыс аспанда ақырын жылжып барады. Бір түйір бұлт болсайшы, апырай, мына құдайдың да кісілігі жоқ екен ғой, жауады деген соң жауғыза салсайшы, қолынан келіп тұрған іске осынша қасарып, ә. Жүгірбаймен жүз шайқасып қалғанын есіне алып: – Жоқ, өтірікші болу жараспайды-ау – деп қатынына білдірмей киіне бастады.

Ауыл ұйқыда, үйлер қап-қара болып түнеріп тұр, қорқынышты- ақ. Мұндайда жалғыз жүрген адамды шайтан аңиды деуші еді, аллам бетін аулақ қылсын. Түнде далаға арық қатыны Қапиды алдына сала шығатын Сүкең қорықса да намысқа жеңгізді. Жүгірбайдың терезесіне қарап:

– Ұйықтап жатқаны-ай батырдың! – деп оның ауласына білдірмей кірді де суды, шүмегін ашып шыланғамен қаусап тұрған үгіретті селдетті. Сонан соң есіктен бастап бүкіл аулаға бүрке берді, бүрке берді. Аула әбден саздап болған соң, бақшалығын түгел суарып таңға жақын жаурап жатып қалды. Қанша ұйықтағанын білмейді Жүкеңнің дарылдақ даусынан оянып кетті.

– Апырау, Сүке– ау, құдай да емессің, құдайдан бұлай да емессің ғой! Жауын көп жауыпты, жақсы ырымға мына біреуді әкеп едім – деп ақ бас шампанды қойынынан суырып алды.

Сүкең жұтынып:

– Екі сөйлеу ердің ісі емес – қолдан келіп тұрғанда...– деп тілін жылтың еткізді.

– Жауын осылай жаумай үгірет жарушы ма еді – деп қызарған көздерімен Жүкең шардай домалақ сары кемпіріне қарады. Ажары тая қоймаған кейуана күлді де:

– Сүкең екеуің кеше күн ұзақ текке бас шұлғыстыңдар ғой суара салсаңдар етті – деді.

– Жо– жоқ, текке емес шаруа жайын сөз қылдық, біздікі ел камы, – деп Жүгірбай селей мұртын ширатты. – Әлгі Қапиды шақырыңдаршы, бұйырған дәм ғой – деді.

Шалдар шампанды бөліп ішіп алып желпініп отыр. Қапидың арық бетін тер жуып, шәйді сораптай түседі. Ал Жәпидің ақсары толық кескіні қып-қызыл болып албырап кеткен.

Осы арада Жүгірбай бір ақылды ұсыныс айтты:

– Сүке, сен жуан сарысың, қатының мынау Қапи қатқан кара, мен тыриған арықпын, қатыным мына Жәпи денелі, сенің егізің сияқты. Қарап отырсам құдайекең осы арада аздап жанылыққырап кеткен екен. Соның қателігін түзеп жіберсек қайтеді. Қатындарымызды өзімізге лайық етіп айырбастап алсақ – деді.

Сүгірбай ойланайын деді, аздан соң тілін жылтың еткізіп:

– Бұл айырбасқа қолды ұрып-ақ жіберер едім-ау, саған обиды болады ғой, сенікі менікіндей екі бар, бесасы да артық – деді.

– Ой, тәйір-ай, сен қатын күте білмейсің, менің қолыма тисе Қапиың да күпідей болады – деді Жүгірбай.

Екі шал мал саудаласқандай қол соғысып, бірін-бірі қажап, таусылып жатқанда кемпірлер шәйға қанып кекіріп отыр еді.

– Әй, қатын, Қапи деймін, мына Жүкеңмен айырбасқа... – деп айқайлап еді кемпірлер бетін жыртып кете барды.

– Осылай сөз тыңдамағаны келіспейді-ақ – деп Жүкең налып қалды. Сонан соң оңашада екеуі кеңесті зауқытсын келіп.

– Баяғыда, – деп бастады сөзді Жүкең – Иә, баяғы болып барады ғой анық солай, екеуміз шопан болып жарысып тұрғанда мен үнемі сенен оза бердім ғой. Бастықтар: Жүкең еңбектің ері, шопандардың серісі деп арқаға қағатын еді. Бір жылы төл кем болып қалды. Әрі санаймын, бері санаймын планға бес қозы жетпейді. Бес қозы түгіл бір қозың кем болса шаруанның біткені, Сүгірбай озды да кетті дей бер. Қиналатын мен бе, өзіміздің жеке меншік қойлардың қозыларын қостым да жібердім. Қозы айыруда Жүкең тағы озды.

Мақтауды алғаныммен қатынның қысымы барын ойламаппын.

– Жеті қозы қайда? – деп Жәпи мәселені қырынан қойды. Көзі көкшиіп, кескіні шаңытып кететіні қандай. Сасқанымнан:

– Қасқыр жеп қойған, пұшпағы да бұйырмады, – дедім.

– Жә, өзінді жеп кетпесе болды, – деді Жәпи кекетіп.

Осы арада Жүкең қарт қораздай мойынын созып жіберіп дарылдап келіп күлді.

Қабағы күртііп отырған Сүкен:

– Әй, сен мені осылай соқтым десейші, әй қу-ай, сен бе сен... деп тілін жылтың еткізді.

ӘЗӘЗІЛДІҢ ЖОЛЫ

Жалпақ сары жолдың үстінде жап-жаңа “Жигули” қозғалмай тұр. Кәдімгі ақ белбеу қызыл “Жигули”. Өткен жылы ғана сатып алып дүрілдетіп той жасаған Нұрекеннің жүйрігі.

– Апырай, бұған не болды? Жүйткітіп-ақ тұр еді ғой! – деп кілтті әрі-бері қозғап көріп амалы құрып, қақпақты ашты. Қақпақты ашқанымен несіне түсініп жатыр. Тақыр иегін ернеуге сүйеп, көздері болдырған жылқының көздеріндей болып телміріп біраз тұрды.

– Әй, шал, шопырлық сенің не теңің? – деп кемпірі егелей бастады.

Алпысқа келгенде жүйрікті ерттеп мінген осы мен осалмын ба, – деп серпіп жіберетіні болушы еді. Күпірлік-ау, деп таңдайын тақ еткізді. Сөйтіп тұрғанда бүкіл даланы басына көтеріп азнап ақ тұмсық “Камаз” келе жатты. Шал қалбалақтап алдынан шықты.

– Қарағым, аяқ астынан машинам от алмай, тіпті түк жазығым жоқ, бар болғаны дәрет сындырдым да, кемпіріммен бірер ауыз сөз қағыстырып қайта отырғам, бық-бық, шық-шық етіп сілесі қатты да қалды, – деді. Құлын кекіл бала жігіт доңғалақты бір теуіп:

– Аккумуляторы отырған, – деді.

– Қалай отырған, қайтіп?

– Кім білсін...

– Апырай, ә, енді қайттім?

– Сүйреп жіберейін аккумуляторшыға барып көрсетіңіз.

– Сүйтші, шырағым, сүйреші, кемпір де көзімді шұқып, қалжаға кешігем деп... – деді шал.

Қызыл “Жигули” алғашқы тартқанда сыр етіп от алып кетті. Құлын кекілді бала жігітке рахметті жаудырып Нұрекең ұша жөнелді. Сол бетімен мазасыз кемпірді қалжа болатын үйге жеткізіп тастап, аккумуляторшыға келсін. Иісі әлем-жәлем сопақтау кең бөлмеде қауқиып біреу отыр. Бес биенің сабасындай жынтқты ірі еркек қалың көзілдірігінің арғы жағынан атан түйедей бадырая қарайды. Жап-жалпақ бетінде сәбіздей қып-қызыл мұрны бар. Иегіне қаулап өскен ақтұқыл сакалы мойнының қырыс-қалтарыстарына түгел жайылып қаулап кетіпті.

– Қарағым, ісім түсіп келіп қалып, бек зәру болып... – деді шал. Анау сол бадырайған қалпы. – Жолда бір бала сүйреп жіберіп, содан әйтеуір кемпірді қалжаға кешіктірмей жеткізіп, ух, деп өзіме өзім келіп...

Көзілдірікті әрең қозғалып қалтасына қол апарды. Шақшасын иіскелеп біраз отырды. Содан насыбайды алақанына салып қап-қара мұжық саусақтарымен уқалап ерніне қыстырды. Шалдын арық бетіндегі мың торап әжіммен ыстық тер жылжып ағып тұр.

– Қарағым, бірдене десейші, бір жақсылығың бола ма?

– Отағасы, бұл совхоздың шеберханасы, жеке адамдардың ісін қылмаймыз, техстанцияға апар “Жигулиді” сонда жөндейді, – дейді.

– Қарағым, сенің атың Жырым ғой, әкенді де білуші едім, бір жақсылық істе, машина от алмаса осында қонуым керек пе?

Осылай дегенде шалдың көзінен жас та шығып кетті.

– Көрейін, – деді анау ауыр бөксесін қозғап.

– Көр, қарағым, ақынды жемейін, әкенді білуші едім – деді Нұрекең.

Жырым сиырдың тұяғына ұқсас арнайы аспаппен аккумуляторды түрткілеп көріп, ауыр күрсініп, үлкен басын шайқады.

– Апырау, не болыпты, әйтеуір аманшылық па өзі? – деді шал көздері күл сепкендей бозарып. Жырым насыбайын түкіріп үн қатпады, кескіні ашулы. Нұрым үміті үзілген бейшара калыпта Жырымның шикандай бетіне жаутандайды.

– Құрғап калыпты, – деді анау көптен соң.

– Құрғаса не құйылады оған?

Осы арада Жырымның өлі кескініне жан кіріп күлген болды. Қап-қараңғы аузында кәрі жылқының азуындай бірер сары тістері калыпты.

– Апырай, осының шілдеханасында болып едім-ау, енді мұнша қаусап қартайған, ә? Арак мүжіп бітірген-ау пақырды – деп ойлап үлгерді шал.

– Арак керек, “Жигулиге” арак құйылады – деді Жырым даусын көтеріп.

– Қазір, – деп шал дүкенге жүгірді. Осы арада Жырымның рюмкелесі Қыйқым пайда бола кетті де, екеуі оңашаланып жартылықты қалқ бөліп қарынға жөнелтіп жіберді.

– Қожанасыр шалды құдай айдап әкелген шығар, әзәзілдің жолы болады деген осы, – деді Жырым күліп. – Бұйырса тағы бір-екі келетін қылам, көрде тұр. Арак ішетін өнешің болсын.

– Бұлар – шопандар ақшалы ғой, – деп изендеді Қыйқым.

Ала бер ретін тауып.

– Алмаған да, – деп алайды Жырым. – Жеке меншік түгіл совхоздың өз шопырларынан да қағып түсем. Осылай етіп әбден талдырып алсаң қажыған соң арақты өздері әкеледі. Әй, шырағым – ай, ептілік керек, ептіле-ек...

Сай-сай болып терлеген, әбден зықысы шыққан Нұрекенді Жырым жерден алып, жерге салды.

– Мәшиненің мәнін білмеген соң жоламау керек. Қартайған екенсің үйіңде жат. Көрмей көзің шығып кетті ме? Аккумулятор құрғап калыпты. Совхоз техникасы болса штрафты өкіртіп-ақ салатын шалсың – деді.

Аккумуляторға су құйып, аз-мұз тоққа тигізіп қойып қолына берді.

– Жүрмей қалса өзіме кел, – деген болды қамқорсып.

– Келейін қарағым, келейін, бала-шағанның игілігін көр, кеше әкеңмен жолдас болып едім – деп, машинасын

сыр еткізіп кете барды. Жолда шал кемпіріне шекесінен карап:

– Қалай, Нұрекең машина тілін білмей ме екен, ә?

Әй, Кемпір-ай, айтасың-ау, бұл таза еркектің ісі ғой, сен түсінбейтін іс – деді. Ертеңінде машина тағы от алмай қалды.

– Не болды?

– Тағы сол – әкмәләтр...

ЗАУАЛ

Кескіні арса-арса болып анық қартая бастаған кішкене сары кісі темір бөлшектер шашылып жатқан кең столда іс қылып тұр. Бұрғылайды, егейді, кеседі. Осы шеберханада менің қолым тимейтіні кемде-кем шығар, – дейді ол сөйлесе кетсең. Бірақ тап қазір, осы бүгін іс өнбей қойды. Басы ауырады, балтыры сыздайды дегендей көңілінің кошы болыңқырамай есік жаққа жалтақтай берді. Қалың ернін жалағыштайды. Таңдайы құрғап, тағаты кетіп, кескіні қалмаған. Қолында бір темірі бар құдасы – қызының қайын атасы Сыйқымбай келді. Қалың кара мұрты аузын мықтап жауып тастаған жоталы жігіт екен.

– Жәпеке, машинамың осы біреусін жөндеу керек болып... – деп алдына тастай салды. Бұлтаруға халі бар ма дереу іске кіріссін. Егелеп, бұрғылап тұрып қалай емеуірін таныту керектігін ойластырды. Мұндайда сырмінез кісіге шынашағыңды шошайта қойсаң жетіп жатады. Ал құдаға не дерсін, әлі қылауы түспеген жаңа құда. Қабағын қатты түйіп, қозғалған сайын ыңқылдап, кіржіндеп, белдігі босаңқы кішкене мұрнын шүйіріп, кезерген ернін бүрістіріп берекесі кетіп-ақ тұр.

– Құда, сіз сырқаттысыз ғой – деп Сыйқымбай тіксіне қарады. Жапабай көзі жасаурап:

– Басы түскір қаксап, жүрегім лоблып... – деді.

Құдасы қалтасына қолын сүңгітіп жіберіп:

– Мінекейіңіз аспирин, бастың ауырғанын жұлып алады – деді.

– Жо-жок басқа дәрі...

– Апырау, ол қандай дәрі? Дәрігерге айту керек шығар, әлде ауруханаға алып барайын ба?

– Жо-жок, атама аурухана дегенді!...

– Енді қандай?

Жапабай темірді егеп, кесіп ойдағыдай қылып қолына ұстатты да:

– Болдым, мінекейіңіз – деді.

Рахметті жаудырып құдасы кете барсын. Терісіне сыймай Жапабай тұр.

– Қапсағай адам акымак деген рас-ау, түкке түсінбеуін қарашы – деді. Сол ашумен залдың сонау шетінде жұмыс істеп жатқан токарь баланы шақырып алды.

– Аманбысың, дені-қарның сау ма?

– Шүкір.

– Жұтатын бірдеңе бар ма?

Басы құрғыр жарылды ғой.

– Аға, бұл жерге ішімдік кайдан келеді, – деді ұзын шаш бала мұртын сипап.

Жапабайдың кушық беті бір жағына қарай ауыңқырап кеткендей екен.

– Ішпей-жемей күніңнен бұрын өлмекпісің, осылардың қырсығы жұртқа тиеді. Анау келсе де, мынау келсе де текке істеп береді. Бір қызыл әкел десең шаңырағы шайқала ма? Өлгінде құдам істетіп алды да кетті. Дүлей адам сияқты түйсігі жоқ. Бізге жеке адамның ісін қылма деп отыр ма? Отыр.

– Аға-ау, болмашыға ақы сұрау ұят, өзіміздің ауыл ғой, адам күні адаммен, қалай бәлсінем – деді токарь бала.

– Анау да болмашы, мынау да болмашы, сонда маңыздысы не?

– Адамның ұяты шығар...

– Атаңның қатқан басы, ол ішіп-жеу, мына тұтамдай өмірде шайқап қалу...

– Шайқайтын жер осы ара емес қой, аға-ау!

– Ой, атаңның ғана аузын ұрайын, бұзау өгізге ақыл үйреткеннің кері...

Бала жігіт қолды бір сілтеп кете бастап еді, Жәпекең түп етектен алды.

– Токта, күшік, сөз тыңда! Көріп тұрам еменге де, семенге де темір жонып беріп, алғысқа мәз болып, ыржыңдайсың да тұрасың. Құрғақ “рахмет” қаражат бола ма?

– Маған артық қаражат керек емес.

– Керек болмаса шарапқа салып қызара бөртсең басың ісе ме?

– Атама аға, арақ ішпеймін, ішіп те көргем жоқ.

– Ішпесең іш, қасиетін сонда білесің!

Осыны айтқанда тіпті Жапабайдың көңілі босап кетті.

– Жұртқа тегін іс қылсаң ит те, құс та ішетін жайдақ су боласың, қалтаң бос, аузың кеуіп жүреді, – деді.

Жапекең аталы сөз айттым деп мәз болып:

– Отағасы-ау, өзіміздікі де жетіп жатыр емес пе? Маған айықпас сұғанак, айықпас маскүнем болсын дейсің бе? – деп жас жігіт енді асығыс жөнеле берді.

– Ой, атаңның ғана аузын ұрайынның сөзін кара, – деп Жапабай қалды. – Үлкенге қарсы шығу қайдан келген әдет бұл, ә?

Қысқа күн еді, әйтіп-бүйткенше уақыт та бітті. Жапабай үйіне осы жолы сау-сәлемет оралды. Көктем шыққалы қоқып жатқан ауланы сыпырды. Мал қорасын тазалады. Балта саптады, күрек шыңдады, тағы не істеді? Әйтеуір тындырмағаны жоқ. Жұмыстан келіп өлген түйедей сұлай кететін Жәпеннің мынасы бір жақсылық нышаны болды. Өзінен әлде қайда денелілеу, әлде қайда айбарлылау қатыны Қыздықой шайқалақтай басып жанына келді.

– Құлағыңды бұрап жүріп істете алмайтын едім ғой – деді үлкен жаңалық ашқандай қуанып.

– Таңданатын ештеңе жоқ, – деп мыңк етті байы.

Кешкі асты ішіп отырып Жапабай Қыздықойға мөлііп:

– Өнеугі берем деген қызылыңды әкел! – деді

– Қайдағы?

– Үй шаруасын тындырсаң бір шиша шарапты өзім берейін дегенсің.

– Ө– ә, шарап па саған?! – деді Қыздықой сұрланыңқырап.

– Жұмысыңды істетесің, бір шиша шарап беруге жарамайсын – деп өкпе айтты байы.

– Үй кімдікі?

– Кімдікі болса онікі болсын мен тегін жұмыс істемейтін адаммын, әкел бері!

Жапабайдың дауысы шырылдап ызалы шықты. Осы арада Қыздықой да қызып кетті білем:

– Аракқұмардың дауы үйінде деген осы. Болмашыға ақы алып, арақ ішіп күнде мас, күнде жанжал шығарып айықпас сорлы болдың. Қой енді, жетті – деп ақырып қалды.

– Неге сорлы боламын, үш ұлы бар кісі сорлы бола ма? – деп Жапекең де күшейе бастап еді:

– Токтат! – деп Қыздықой жұдырықтарын түйіп жақындап келді.

– Жанға айтуға аузым бармағанда енді өзіңе айтайын. Араққұмар әкeden ақымақ бала туалы. Үш баланның үшеуі де жарымес. Үлкені өзіңе тартқан маскүнем, қолынан іс келмейтін ынжық. Оқу оқып, жұмыс істей алмады. Жиырма бестен асқанша үйденген жоқ. Қалған екеуі де сондай. Азамат емес – азап. Сол балалардың обал-жазығы сенің мойнында, көзің ашылмасын білдің бе?

Осылай деп Қыздыкой аяқты созып жіберіп зар қакты.

– Қой, қатын, біреу естіп... – деп қылқына сыбырлады Жапабай.

– Естісін. Осы қарғысымды енді айдай әлемге жария етіп айтам, естісін бәрі! Ұрпағына қас қылған маскүнем біткен естісін, зауал келсін бәріне!

– Алла– алла, қатын-ай, сен қалай едің! – деп құлақтарын басып Жапабай шыр айналды. Түннің көбі өткенге дейін көзі ілінбеді.

Ес білгеннен бергі тірлігі көз алдынан өтті. Қатты киналып терлеп оянды. Салқын суға жуынып, шәйінді, шәйін ішті. Сонан соң белін тартып буып:

– Жарайды қатын, сенінше-ақ болсын, іштік кой біразын! – деді.

ЕР ҰЛАНЫ

(деректі әңгіме)

Боран соғып тұрған. Мұндайда жалшы біткенге тыныштық жоқ. Қайнет байдың үйіндегі жалшылардың ең жасы болғандықтан «барып кел», «алып келге» үнемі мен жүрем. Боранда кең ауланың қарын тазалауға Шабан торыны жеккем. Торы басын салбыратып мықшия тартады. Қардың бұлты аударыла жөңкіп жатыр. Кейде арасынан күн көрінеді. Күн бұлттардың шоқтығына секіріп ойнайтын сияқты. Ол да асығыс, көктей өтіп манып барады. Ентіккен аттың жанында тұрып шалқая қараймын. Бәрі қызық...

– Әй, бокмұрын, жол бер! – деген дауыс естілді. Үстін тер басқан екі ат арындай тоқтады. Аттар танауларынан бу атқылап ызалана пысқырынады. Қарға оранған жолаушылар қағынып, сілкініп үйге беттеді. Мұндай қонақтардың неше атасы келмейді. Әсіресе, көктем шығар алдында түстікке караушылар тіпті көп. Әрине болыс-билер, ел пысығы мықтылар болмаса кедей-кепшікке Қайнеттің қакпасы жабық.

– Әй, бала, кіші торыны жегіп қонақты Мадиярға жеткізіп таста! – деді.

Кіші торы қызу қанды бесті ат. Қозғалып кеткенше жұлдынып, арындап әбден әуреге салатын.

– Баймағанбет шырағым, олай-пұлай өткенде келіп жүр. Арамыздан шыққан оқыған азаматтар аз ғой. Ел тірлігі, заман жағдайын айтып тұрарсың – деп Қайнеттің өзі шығып қымтап жатқанына қарағанда осал қонақ емес, әйтеуір.

Қаппа ашылғанда әбігер торы жұлки тартып, ұйтқыған боранға қойды да кетті.

Боран жауа борап түк көрсетпейді. Аттың да арыны тез басылып бұралақтап келеді. Жол табанынан жаңылып соныға түседі де, оппалап барып қайта шығады. Мұндайда көк желкемде отырған мырзам таяқпен түртіп, жұдырықпен нұқып қалуы кәдік. Атты жүргізе алмайсың деп сөгуге тиісті. Мына жолаушы өйтпеді, өзімен-өзі болып отыр. Ыңылдап әндетеді, боран ызыңынан естіле бермейді. Сұр көздерімен бұрқанып жатқан далаға қарайды. Далада шет жоқ сияқты.

– Әй, бала, (селк ете қалдым) тоңдың ғой, ә?

Күпімнің жыртығынан жел саулап ішімді мұздатып бара жатқан.

– Жо-жок...

– Бекер сөйлеме! (даусы қатқыл естілді)

Токта, бері кел!

– Жо-жок аға, мен осылай...

Мықты қол отырғыштан жұлып алып өзімен қатар отырғыза салды.

– Тр– рр...

Үстінен қасқыр ішікті шешіп маған жапты да божыны алып:

– Мадияр алыс па? – деп сұрады.

– Біраз жер бар.

– Сен қозғалма, жылын, маған жол көрсетіп отыр!

Бейтаныс жолаушым атты ысқыртып айдай жөнелді. Торы жалтақтауды қойып желді қиялай тартып келеді. Делбешінің жағасы да, құлақшыны да аппақ. Ат та ақ, далада ақ. Күн тез кешкірді. Жел біраз толастап, батар күннің күнгірт сәулесі аппақ далаға түсті.

Секіріп, ойнақ салған шаңыт қар алтын ұнтақ болып жылжып, төгіліп жатыр. Қар астынан өсіп шыққандай шок ағаштар қарауытады. Жел қарды үйіріп тұр. Шу– ызын...

- Қалай, жылындың ба?
- Иә.
- Ат бүлкектеп аяңға ауысты.
- Көптен Қайнеттемісің?
- Екі жыл.
- Зәбірлік көрсетпей ме?
- Кейде.
- Хат танысың ба?
- Молдадан аздап оқығаным бар.

Жолаушының кескінін анықтап көруім еді. Жап-жас, боз бала, өзімнен аз-ақ үлкен екен. Ірі сөйлегеніне қарағанда сақа біреу ме дегем. Ол қолғабын шешіп, жып-жылы, жұп-жұмсақ қолын ұсынды.

– Баймағанбет Ізтөлинмін, Тройцкиде Уазифала оқимын – деді.

Мен Тройцкиді де, Уазифасын да білмейтінмін бас изеген болдым. Жолаушым көпке дейін үн қатпады. Торы да қужаусыз қалды. Делбеші бері бұрылып:

– Балақай, молданың сабағы оқу болмайды. Октябрь революциясы жайлы хабарың бар ма?

– Патша тактан түсті, – деп Қайнет күрсініп отырған.

– Күрсінсе сол, байлардың күні бітті. Өзің сияқты кедейлердің күні туды. Өкімет билігі кедейлерге көшті. Заман сенікі.

– Заман менікі? Қалай?

Баймағанбет Ізтөлин атты жөніне қалдырып бері бұрылды. Қызғылт сары кескініндегі келісті мұрнын сипап қойып, Ленин жайлы, революция жайлы айтты. Мен тым қараңғы екем.

– Солай, шырақ, сенің оқуың керек.

– Қалай? Қайдан?

– “Школа подростков” деген ашылады. Орысша – жәзитше хат танытатын бастауыш мектеп, соған түс!

– Ала ма?

– Алады, көмектесейін.

Жалшының сорлы тірлігінен құтылуды арман ететінмін, орайы келген сияқты.

– Айналайын ағатай-ай! – деп, жылап жібердім. – Оқығым келеді-ау!

– Ленин жолдас халықтың сауатын ашуды бірінші орынға қойып отыр.

– Апырай, жаксылық болды десейші!

Баймағанбет сәл бөгелді де, құлақшынын шалқайта киіп:

Туғаным, шағың жетті карап жатпас
Бетіңе қарсы келіп ешкім қақпас,
Жігерің құм боп мұқап жүруші едің
Қаймықпай аяғыңды енді нық бас! – деп тақпақтай жөнелді.

Мен аузымды ашып қалыппын.

– Әу ағай, өзің ақын екенсің ғой, Ленинді көрдің бе? – деппін ғой.

– Көрдім, күнде көрем.

– Қалай?

Баймағанбет Ізтөлин төс қалтасынан шағын ғана сүретті алып көзіме тосты. Жылы жүзді адам. Неге екенін кім білсін қайтыс болған әкеме ұқсайтын сияқты.

– Беріңіз менде көріп жүрейін!

– Жок, – деп Баймағанбет суретті қалтасына салды. Шана-ның бір шетінде отырып Ленинді көз алдыма елестетем. Далаға іңір қараңғылығы үйірілген. Иттер үріп шықты. Қыстау қойнауындағы ауылдың кішкене терезелерінен әлсіреп оттар көрінеді. Ат тоқтаған үйдің алды абыр-сабыр.

– Бәрекелді, ниетің дұрыс екен шырағым, мында бір қуаныш үстіне кез келдің, төрлет! – деп жатыр үй иесі мосқалдау адам! Ұзын балшық үйдің іші лық толы жастар. Келіп жатқандар да бар. Қарасақалды қасқа бас кісі Баймағанбетті төрге отырғызып:

– Шырағым, жеңгең ұл тауып ақ түйенің қарны жарылып жатқан күніміз еді. Ауылдың жас-желені, өзіннің замандастарың қысылмай ойнап, күліп отырындар – деді. Мені жан екен деп елеген бір адам жоқ, босаға жақта тұрмын.

– Сау бол, жүрейін – дедім Баймағанбетке.

– Жо-жок, жүрмейсің, түнде, боранда жазым боласың, қон осында!

Баймағанбет орнынан тұрып мені төрге отырғызды.

– Бірін-бірі қолпаштап, бөтен үйді билеп-төстеп жатқан мыналарың кім? – деп құндыз бөрікті сары жігіт жанындағыға қарады. Анау биік өкше былғары етігін созып жіберіп, шынтақтап:

– «Жаман үйді қонағы билейді» деген – деп күңк етті.

– «Байдың асын байғұс қызғанады» деген де бар ғой – деді Баймағанбет.

– Жә, жігіттер, қағысты қояйық, мынау той – қуаныш, ән айтамыз. Ауылдың алты ауызын өзім бастаймын. Сонан соң төрге қарай жағалатам – деді ойын бастаушы.

Ә– и– и, жазды күн шілде болғанда

Көкорай шалғын, бәйшешек,

Ұзарып, өсіп толғанда... – деп термелей жөнелді сіреңке қара.

– О, бәрекелді, Бәдәуи! – деп шуласып жатыр. Думан қызып, домбыра жағалап «Баймағанбетке келді. Ол өзінің «Туғаныма» дегенін домбыраға косып әндете бастады. Даусы бапты емес екен, өлеңін осындағы жастарға арнағандай әрқайсының кескініне қарап отырып айтты.

Жүруші ең итжемеде бұғып тегін,

Болар деп мұндай Заман ойлап па едің....

– Әй, мынау қандыауыз болшайбектің өзі ғой! Кеше ақ патшаны құлатқан осылар емес пе? – деп бөрікті сары еңтігіп тоқтады.

– Халықты желіктіріп жүрген осылар – деп кара етікті жалпақ жігіт алая қарады.

Баймағанбет домбырасын серт ұстап:

– Мырзалар, бұл сөз сіздерге жақпайтынын білем. Анығында сендер үшін емес мына ауыл жастарына арналып отыр – деді де өзі шығарған «Отарбаны» термелей жөнелді. Жиналғандар ұйып қалыпты. Таңданып отырғандар да бар. Өлеңнің аяғын:

– Оқу оқы, паңданба!

Текке жүріп, алданба! – деп бітірді.

– О, бәрекелді, мына жігіт ағып тұрған акын ғой.

– Е– е, ол акын болмағанда мен боламын ба, үлкен оқуды оқып келе жатқан беті емес пе?

– Бұл Баймағанбет қой, Ізтөлін.

Жастар қоршап алды.

– Баймағанбет, о, айналайын-ай! Жаңа заманда кедейлерге теңдік болады,– дейді,– рас па?

– Жастар жаппай оқиды дейді рас па?

– Рас-рас, жастар түгіл үлкендердің сауатын ашу да мықтап қолға алынбақ, Ленин жолдас солай дейді.

– Сен, Ленинді көрдің бе?

– Жок, көрмедім, бірақ менде суреті бар.

– Кәне-кәне?

– Көргісі келгендер жақындасын, қолға бермеймін!

Ұзын балшық үйдің іші лық толы жастар үймелеп жатыр.

– Әй, бұларын не? Кәне отырыңдар, әйтпесе жазалаймын! – деп Бәдәуи аталған кара , ширатылған сулық орамалды сермеп жүр.

– Тұра тұр, Ленинді көрейік!

– Иә, көрейік біз де.

– Жүзі қандай жылы еді!

– Ленин қазақ қой, қай рудан екен өзі?

– Қазақ болмағанда ше, кескіні айтып тұрған жоқ па.

– Әу, халайық, бұларың не? – деп үй иесі кірді.

– Ленинді көріп жатырмыз!

– Ленинді? Кәне?

Қара сақалды, қасқабас кісі де өндірішегін созды.

– Е-е-е, жарықтық-ай, Ленин осындай екен ғой! – деп таңданды.

– Ертай, құрметіңе рахмет, Лениніңмен, Баймағанбетіңмен бола бер, біз кеттік!

Бөрікті сары мен жалпақ кара ішіктерін киіп жатыр.

– Сәдуақас, Кәкібай шырақтарым, сендерге не жаздым, кетпендер!

– Жоқ, мыналардай көң-коқырдың арасында болу бізге лайық емес. Жаксы-жайсаңдар ма деп келіп қалып...

– Жалына алмадық, кетсеңдер атамнан әрі кетіндер, сендердің күндерің біткен, – деді біреу ызалана дауыстап.

– Жоқ, біткен жоқ, әлі талайыңды табанға саламыз!

Екі мырза есікті тарс жауып шыға жөнелді. Бәдәуи қара ойын бастады.

Ертайдың үйінен таңға дейін ән мен күй, жастардың қуанышты күлкісі арылмады. Орталарында Баймағанбет отырды. Ақсары, ашаң кескіні құлпыра күлімдеп өлең оқыды, ән салды. Кеңес айтты. Оқуда болып туған жерін қатты сағынған еді. Ертеңінде шығарып салып тұрып тағы да:

– Саған оқу керек, өлеңге де икемің бар екен – деді. – Қалайда оқимын – деп уәде қылдым. Кетерде қимастықпен қарай берсем керек. Баймағанбет төс қалтасына қолын салып жіберіп:

– Сұрап едің ғой – деп Ленин суретін қолыма ұстатты. Қуанғанымнан маңдайымнан ыстық тер шықты.

– Рахмет! – дедім тұтығып. – Рахмет!

Сонда ақын сыйлаған Ленин суреті кеудемде өмір бойы сақталып келеді.

– Баймағанбет Ізтөліннің өзі де сол жас, өміршең, шабытты қалпында бүгінге дейін көз алдымда тұр.

Қарт ақын Ғалым Малдыбаев осылай деп әңгімесін аяқтады.

БАЙМАҒАНБЕТ ПЕН ШАҒЫРАЙ ШЕШЕН

Санакты Шағырайдың ауылынан бастайық – деді Баймағанбет Ізтөлин жолдастарына қарап. – Қарияны көріп, бір ауыз сөзін естімегелі көп болыпты-ау! Онымен сөйлессең көкірек, көзің ашылып бір серпіліп қаласың.

Жанындағы екі салттының біреуі төртпак қоңыр өңді Есқақ пен сұңғақты аққұбалау Баймұрат аттарын тебіне түсіп келеді. Үшеуі де Қызылжардағы мұғалімдік курстан арнайы тапсырмамен шыққан беттері.

– Асығыс болсақ та қарияға сәлем берейік – деді Баймағанбет өңі тая бастаған далаға қарап. Дала күн астында созылып жатыр. Ақ селеудің мамығы төгіліп, жусан мен изеннің, киік отының пісіп-жетілген кезі. Тал түстегі ұлы тыныштықта бозторғайлар жырлайды. Баймағанбет айналаға құмар көзбен қарап:

– Жарықтық, дала-ай! – деді де көпке дейін үндемей қалды. Аттар пыскырынып бозға тұмсығын созады. Есқақ пен Баймұрат та үнсіз.

Сендер осы әулие шалдың, өмір-тарихынан ештеңе білесіңдер ме? – деп сұрады Баймағанбет.

– Жоқ, – деді екеуі де елең етіп. – Білсең айтсайшы жол қысқарсын.

Баймағанбет күннің тал түстегі балқыған дөңгелегіне шалқая қарап:

– Шағырайдың әкесі Төбет– Уақ Сүйір батыр мен Беркін батырдың ауылынан екен. Кедейліктен міні болмапты – деп такала жүрді. Әкеден жетім қалып Сүйірдің баласы Есжан байға қызмет қылыпты. Бір жылы Торғай болысындағы нағашыларын іздеуге көңілі кетіп, байдан ат сұрайды. Есжан бай Шағырайды қынаптан суырған қылыштай өткірлігі үшін жақсы көреді екен.

– Жылкыдан таңдап бір ат мін! – депті. Белгілі атбегі Беркінің Ыбырайына таңдатып шұбар бестіні алады. Шұбар бесті Алпамыстың Байшұбарындай деп мақтапты сыншы. Ер тұрманын да ауылдастары жинастырып беріпті.

Сөйтіп Шағырай құла дүзді бетке алып тартып кетсін. Осы дала, осы кез болу керек. Сағым бұған кеңістікпен үдере жортып келе жатады. Үшінші күн дегенде бір көлдің басында ат шалдырып қисая кетсе төрт-бес салтты қоршап алыпты. Шағырай жағдайын айтқан екен,

– Бізге жолдас боласың, көнбесең өзінді өлтіріп, атыңды әкетеміз депті. Іс жаманға айналған соң Шағырай ұры-барымташылардың қасында еріп кете барсын. Ұрылардың бастығы қоңқақ мұрын, қоңыздай қара кісі алда, салттылар жортып отырып қалың ағашқа кіріпті. Ортасында көлі бар екен.

Алға шолғыншы жіберсе, күзет күшті алдырмайды деп келген соң үш қонып, төртінші күні жылқыға тиді. Жылқышылар ер жігіттер екен. Ұрылар қашып, сойылға жығылып Шағырай қалады. Бейбіт елге тиген шапқыншының күні белгілі. Шағырайдың қол-аяғын байлап босағаға тастайды.

Байдың ақ тушадай сұлу қызы бар екен. Үй иелері желі басына кеткенде төсек жинап жүрген қыздан жабықтағы домбыраны сұрайды. Қыз бұрала басып тұтқынға домбыраны әпереді. Шағырай құдай берген өнерді аясын ба, Сүйір батырдың «Жортуыл» күйін, «Қалмақ қырғанды», «Бозінгенді» бірінен соң бірін аңыратады келіп.

– Зылиха, қарағым, домбыра тартқан өзінбісің? – деп сұрады бай.

– Жоқ, әке, тұтқын жігіт қой.

Жуан бітімді қызыл шал тұтқынға таңдана қарап:

– Ей, Сүйір батырдың күйлерін тартатын кім едің сен? – деп сұрайды.

– Ұрпағымын, – дейді Шағырай тіке қарап.

Шал Құлжа басын шайқап:

– Жо-жоқ, бекер сөйлем, Сүйір батыр қашанда ұрлықпен қас болатын, елге қасқырша шаппайтын, – деді.

Байдың аты Қажығали Тәуке деген кісі екен. Шағырайдың іздеп барған нағашылары болып шығыпты. Шағырай сол елде екі жыл тұрып, Тәйкенің қызы Зылихамен көңіл қосып, сырларын ашудың жөнін таба алмай жүріпті. Қыз жүдеп жатып алған соң Тәуке жалғыз атты Уаққа қыз бергісі келмесе де амалсыздан көнеді. Отау тіктіріп тойларын жасайды.

– Қызық екен! – деп таңдай қақты Есқақ. Баймұрат та ұйып қалыпты. Баймағанбет шыбындаған атын еркіне жіберіп:

«Айттым сәлем Қаламқасты» әндетті.

Ақсары кескінінде тәтті қиялға кеткендей ұяң жымыиыс бар.

– Көптен көрмеген қалыңдығың есіңе түсті-ау, Баймағанбет! – деп Баймұрат күлімсірейді. Анау әнін үзіп.

– Ол да бар шығар, – деп әңгімесін жалғастырды. – Шағырай кедейліктен шықпаған адам. Бірде ұлағатты сөз естиміз деп Қозған, Қаксал елінен сал-серілер келіпті. Уақыт жазғытұрымға қарай екен. Зылиха: – Үйде ет бітіп қалып еді – деп қысылады. – Барынды саласың, жокты қайдан табасың – дейді үй иесі. Табақты қонақтардың алдына қойған соң Шағырай:

– Сіздер ғой Қозған-Тарақты

Сіздердей осы үйге көп келеді пар атты,

Сойған соғым біреу-ак

Мына отырған бәйбіше өз қолынан таратты

Омыртканың жолы бар, қазы-қарта, жал-жаяның жөні бар. Алдарындағы бір кесек ет, бұл Сіздерге көрсетілген адал ниет. Бір шапқан қарын, әркім береді барын. Мынау бір шапқан қарта, осы сөзімнің артында жок қате, – депті.

Қонақтар Шағырайдың адал ниеті үшін өз ақшаларына сатып алып соғым сойып беріп:

– Ұлағатты сөзіңіз үйірлі жылқыға тұрады екен! – депті.

– Қызыл тілдің құдіреті осы шығар – деді Есқак таңдай қағып.

– Шағырайдың кеңесі көп қой, қайсыбірін айта бересің – деп Баймағанбет өзімен өзі болып кетті. Жолшетіндегі шаң-тозаң басқан шөпті аптап күйдіріп тұр. Аттар күнсіп терге шомылған, жолаушылар да шөлдеген. Ыстық жел сұрғылт селеуді шайқап, кең далаға сіңіп кетіп жатыр. Жусан арасынан шегірткелер шырылдап, құрғақ далада құйын дөңгеленеді. Баймағанбет атын тебіне түсті.

Даланың аспанмен астасқан ернеуінен ирелеңдеп ұшқан көкше түтін көрініп еді. Көп ұзамай бозша шаңдақты шұбыртып үш салтты ел деңгейіне ілекті. Қара таласа ұмтылған иттер ызалана ар-ұр етіседі. Үйір-үйір быжынаған сона. Ауыл тал-түстегі жансыз қалыпта. желі басында үйездеген жылқылардың маңында біреулер қарандайды. Үйлердің түндіктері жабулы, жабықтары түрулі.

– Ассалаумағалейкөм, Шағырай ата, – деп Баймағанбет ашық дауыспен сәлем бере кірді. Қара көлеңке төрде ұзыннан түсіп жатқан ақ киімді адам басын көтерді.

– Уай, бұл қайсың?

– Мен ғой ата, Баймағанбетпін, Ізтөле немересі.

Қария түзеліп отырды.

– Уһ, Шағырай ата, бір күнде асқар тау едің. Көпке ғибрат болыпты шешендігің, өнерің. Сізге сәлем беріп, жүзінді

көріп, ғибрат сөзінді естіп, батаңызды алайын дегенім, – деді Баймағанбет.

Ата аккумуля сырбаз карт сәл теңселе түсіп, сөйлеп кетті.

– Айналайын жас түлек, Баймағанбет шырағым, ұстат маған қолыңды, құдай алды екі көздің шырағын. Орынбор мен Сібірді, Арка мен Шуды аралап көріп едім жердің жырағын. Енді міне қарға адым жер мұң болып, оттың басы тұрағым. Жарық дүниені көре алмай, төрт тағандап тұра алмай, сексенге келген жасымда алдым терең, артым сай, шетінде тұрмын түпсіз шыңырау хиянын. Зылиха анаңмен елу жыл отасып бір перзентті сұрадым. Екеуміздің де тілегіміз қабыл болмады. Несін алдық құданың, уақыт жетіп көз жұмсақ, артымда жоқ атымды атар тұяғым! – деді Шағырай.

Қарияның қызғылт жүзі қуаң тартып, ақ сақалының істік ұшы қыбырлап, ықылық ата күрсінді. Баймағанбет тақала, тебірене отырып мұрнын тартқылай берді. Көздері қызара жасаурап, қатты күйзеліп:

– Түсінемін, солай шығар, шешендікпен талай қырдан астыңыз. Өткенге өкінбеңіз, Шағырай деген жерді жарды атыңыз, өзіңізді ардақтап, даңқыңызды шығарған ұмытпайды халқыңыз.

Өзімнен тумады деме, өгейлік қылады деме, біз бармыз. Осы елдің бар баласы Сіздікі, жасымаңыз әулие қартымыз, – деді Баймағанбет Шағырайдың алдына тізерлей отырып.

Қария жас жігітті өзіне тартып, маңдайынан емірене иіскеп, алақанын жайды да, көздерін тарс жұмып теңселе мақамдап кетті.

– О, жасаған күдірет, күпірлігімді кешу ет, Баймағанбет – сияқты жас қыранды бақытты ет. Атаң Сары Баянның жүрегін берсін, Сүйір батырдың білегін берсін. Әділетсіздікке қас бол, әділдікке жак бол. Халқыңның қамын ойла. Құдай берген өнерді көптің керегіне жұмса. Халқыңның қадірлісі бол, құрбыларыңның ең алдыңғысы бол, аллаһу ақпар! – деп еменнің тамырындай саусақтарымен тер жуған бетін сыйпады.

Баймағанбет жүрген жайларын айтты

– Жакыпұлы Баймұрат пен Көшерұлы Ескақ өзіңіздің інілеріңіз қызыл мұғалімдер – деп таныстырды жолдастарын.

– Кәдімгі Айсарының Көшері ме, Әбдірахман аман ба?

– Аман, бәрі аттанарда, Сізге көп-көп сәлем айтты – деді Ескақ.

– Е-е-е, сәлемет болсын арысым, – деді қария Әбдірахманды сүйіспеншілікпен еске алып! – Өмір сендердікі, ел сендердікі, Баймағанбетке берген батаға ортақсың бәрің!

Аттанарда Шағырай шешен қатты толқып, кимастықпен сөз бастады.

– Жас болса келіп қалды, көрем бе, көрмеймін бе өздеріңді, бірер ауыз сөз, айтайын домбыраны әперші, Зылиха! – деді.

Бүйрек бет екі көзі сарғыштау жуан бәйбіше мамырлай басып орнынан тұрды. Қария түзеліп отырып, үлкен шанақты, ұзын кара домбыраны күйге келтірді. Қос шектен төгілген мұнды сарын дәрменсіз тірлікті танытқандай. Қарттық жеңген әлсіз даусымен «Әу-у-у» деп алып тақпақтай жөнелді.

Бұралған тал шыбықтай он бесім- ай
Пәнденің көзі жетпес өлмесіне-ай,
Қадірі қонған жұрттың көшкенде өтіп,
Түсіп тұр қалған дәурен енді есіме- ай.
Жас артық емес екен жиырмадан,
Нәсіпті тартып алдым бұйырмаған.
Еңбектеп төсегімнен тұра алмаймын
Кәрілігің жақындап тұр биыл маған.
Отызда талай салған ұраным-ай,
Өтер деп бұл дүниені ойладым ба-ай.
Жігіттік қайта айналып, неғып келсін.
Құдайым бере бермес ойдағыны-ай.
Қырық пен елу алмас қылыш селкілдеген
Не пайда өткен күнге өкінгенмен
Соңы екен жігіттіктің алпысын-ай,
Көзбенен қол-аяқты түгел алды,
Жетпістің түскеннен соң талқысын-ай.
Ауыр тиді бұл күнде сексенің-ай
Мен тұрмын сексен сенен сескеніп-ай.
Лаулаған жанған өрттей қызық дәурен,
Бір күні сапар шегем келмесіне-ай.
Қош бол артта қалған дүние жалған
Бар ма екен қызығына тойған адам.
Пәниге өкінбестен көз жұмады

Артына өлмейтұғын сөз қалдырған – деп, домбыраны сүйеп терін сұртті. Өмірге ғашық, дауасыз кәріліктің бұғауында бұлқынған қария мұңын осылай ақтарды.

Баймағанбет пен жолдастары қарт Шағырайдың үйінен шириға атқа қонды.

Шілденің тал түсі. Оттай ыстық күн тас төбеден күйдіріп тұр. Айнала қиан сағым, көлкіп-толқып жатыр. Сол сағым дариясының ортасында шын шалқардың өзін айыру қиын сияқты. Ыстық желмен араласып жеткен қоғажай иісі мен саз иісінен ғана көлдің алыс еместігін аңғарасыз. Күйіп тұрған аптап далада жасыл құрақты дария кездесе кім болсын «Қайран, көл-ай» – деп бас қояр еді. Сондықтан ғой, Қайранкөл қойыпты мұның атын. Әлтидің Қайранкөлі дейді.

Әлти болса жердің де, көлдің де иесі. «Кигіз туырлықтыда Әлтиден бай өтпейді» деп дәріптеседі. Әлтидің баласы Сейтак жасына жетпей толықырап кеткен, боржық бет, домалақ жігіт Құмқайрақта дөңкііп жатыр. Ашыған камырдай болбырақ қарнын сипап қойып: – Менің Қайранкөліме шомылып салқындағандарың үшін рахмет те айтпайсыңдар! – деді. Жанындағы жалаңаш екеудің бірі судан суырып тастаған ақ сазандай шоршып түсіп:

– Ей, Сейтак, шомылғанмыз үшін рахмет айтатындай осы көлді сен жаратып па едің? – деді.

Сейтак бір білем майы бар желкесін қасып:

– Баймағанбет, осылай деген сен бе? – деп сұрады.

– Иә.

– Ойбай-ау, кеше әкең Қапафия Көшкемен біздің үйлерге піркәшік болғанын білмеуші ме едің. Аздаған күнкөргіштеріңді біздікінен тапқансыңдар – деді ешкі тістерін көрсете күліп.

– Баймағанбет Ізтөліннің жап-жас кескіні күреңітіп көкшіл көздерімен Сейтақтың бас-аяғына қарап:

– Жердің де, елдің де анық иесі кім екенін білгің келе ме? – деді.

Сейтак селт ете қалды.

– Ие, айтшы, кім екен?

– Халық.

– Халқың кім ол? Анау Тақырлар мен Тымықбайлар ма?

– Дәл өзі, анық солар.

– Қалайша?

– Е–е, қалайша екенін өзге емес сен білу керек қой, сауатсыз Тымақбай емессің.

– Ей, мені Тымақбайға теңеуге қалай аузың барады?

– Тымақбайдан нең артық? Кеуденді соғуың солардың арқасы.

Үшінші жалаңаш жігіт бұлардың «әзіліне» – құлақ қойып көздерін тас жұмып жатып Сейтақтың сіп-сирек кара мұртының тікірейіп, сотанак көздерінің ойнадап кеткенін аңғарды.

– Қалайша олардың аркасы болады? – деді Сейтак дірілдеген даусымен.

– Әрине солай, – деді Баймағанбет бір уыс құмды сығымдап отырып. Кескіні түнеріңкі еді. Көкшіл көздерін кен айдыңға қадапты. Қайранкөл көздің жасындай мөлдіреп жатыр. Ыстық жел үрлеген бетінде ұсақ толқындар қыбырлайды. Ну құрақтың сыбдырына құлақ қойып отыр. Ал Сейтак болса мұнымен сөйлесуге ерінгендей керіле тұрып мес карнын мәпелей бір сипады да жіңішке аяқтарымен құмды жәншіп:

– Әй, Қытай, жата беремісің? Әйдә, тағы бір шомылып алайық, – деді.

Төртбак, кайқы төс, жалпак жауырынды Қытай балуан орнынан жеп-жеңіл тұрып:

– Жүр, Баймағанбет! – деп көршісін колынан тартты. Үшеуі қайтадан айдыңға құлаш ұрды. Қайранкөл десе Қайранкөл ғой – жарықтық, тастаған бакыр көрінен құмқайрақ, бұлақ суындай мөлдір. Сейтақтың өзімсініп мақтануына тұрарлық Шалқардың ернеуі сағым бұған көк жиекпен астасып жатыр.

Жалпак даладағы бар құс осында жиналған ба дерсіз! Үйрегі де, каскалдағы да, шағаласы да осында. Ілгеріректе айдарлы аккумуляр ақ айдында калкиды.

Аппак болып шоғырлана кикүласады. Баймағанбет мөлдір суға әлденеше сүңгіп шығып, бетін, желкесін ысқылап жуына бастады. Сейтак кіндіктен артыққа бара алмады. Қытай балуан ғана көк айдыңға тынымсыз құлаш сермейді. Сүңгіп кетіп шықпай қояды да, сұқсыр үйрекше сып етіп көрінеді. Кейде су бетіне шалқасынан жатып малтиды. Баймағанбет балуанның икемділігіне қайран.

Әлти, Торсанның, Көшкенің намысы үшін талайдың жамбасын жерге тигізген күш иесі, таптық санасы оянбаған кедей жігіт. Қытайдың ұғымынша жердің де, елдің де анық иесі осы Әлтилер...

Сейтак болса Баймағанбетпен кеңестен кейін ешкімге тіс жарған жоқ, ызалы, томсыраңқы. Бозғылт аспандағы рахымсыз күннің ыстығы күйдіріп тұрған сары құмға, әуелі Баймағанбет сонан соң Сейтак келіп жатты. Көлеңкесі суға түскен жасыл

қамыстың іргесіне қайта-қайта сүнгіп Қытай бір құшақ ақсүйрік алды. Қанттай тәтті қоғаны сырт еткізіп тістеп алып Сейтак:

– Кенесінді айта бер, – деді Баймағанбетке.

Баймағанбет өзімен өзі болып отырған. Кескінінде шабыт бар. Сарғылт кірпіктерін жиі қағып, жұқа еріндерін жымқырып алыпты.

– Байлар қалайша кедейлердің арқасында күн көреді? – деп Сейтак манағы сұрағын қайта қойды.

– Кәдімгідей, – деді Баймағанбет – Кедейлер малын бағады, шөбін шабады, егінін орады. Байлар бұрау басын сындырмайды, даярға ие.

– Е–е, ақысын алып жатқан жоқ па?

– Қанша ақы болушы еді. Еңбегінің оннан біріндей ғана. Жұмысты кедейлер істейді, пайдасын байлар көреді. Осы өтірік пе? Мына жеп отырған ақ сүйрікті Қытай әкеп аузыңа салмаса өзің үзіп алуға дәрменің де, құлқың да жоқ – деді Баймағанбет. Сейтак аузына тістеген қоғаны лактырып тастады.

– Сонда бай біткенді арамтамақ дегің келе ме?

– Анығы солай.

– Сейтак калжындап отырған сияқты еді, осы жолы ісіңкі беттері дірілдеп:

– Сені большевик болды деп еді рас екен ғой – деді.

– Өтірік емес, большевиктерді ұнатпайтындарыңды білем.

– Үш жүз жыл билеген патша ағзамды тақтан тайдырған бұзықтар! – деп күйінді Сейтак.

– Иә, кімге бұзық, кімге түзік. Еңбекші халық өзінің қанаушыларына қарсы өмір бойы күресіп келеді. Бұл сол күрестің нәтижесі – деді Баймағанбет бармақтай тасты суға атып жіберіп.

Сейтак ашуын іркіп:

– Өткенді барласам, билеушілерге қарсы қанша көтеріліс жасалмады, женген бірі жоқ. Бәрі де бастарын балтаның астына салды. Пугачев та, Разин де, басқалары да сөйтті – деді.

Біз Пугачев пен Разиндердей емес алдымен Романовтың басын балтаның астына салдық, өтірік пе?

– Рас, бірақ тарихта құл билеген заман бар ма, бұл да шындық. Бұрын қалай болсақ қазір де солаймыз. Патшаның құлағанынан бізге келген кемшілік кәне. Бұрынғы Әлти – қазір де Әлти – деді Сейтак.

– Биыл он тоғызыншы жыл екенін білмейсің бе? – деді Баймағанбет күле сөйлеп. – Біз социализм үшін күресіп жатырмыз, күресе береміз, ешкімнен жеңілмейміз!

Сейтак ашық кеткенін енді ұғып айтыстың аяғын енді ойынға айналдырғысы келді.

– Әй, Баймағанбет, – деді күліп, – Күрес деп коймадың ғой! Күрес керек болса, белдесіп көремісің менімен.

Қытай балуан күрең торы кескінін төмен салып екеуінің «Әзілін» тұнжырап, тыңдап отыр. – Сөзінің жаны бар-ау, – деп Баймағанбетке жылыұшырай қарайды.

Баймағанбетте сөзін қалжыңға айналдырып:

– Большевикпен күрессе бай жығылатыны бар – деді.

– Тәуекел! – деді Сейтак. Екеуі шекпен киіп, балақтарын түрінді. Омыраулы келген Сейтак сәл аласа болса Баймағанбет бойшан, сұңғакты. Сейтактың денесі жұп-жұмыр, тығыршықтай, Баймағанбеттікі тарамысты.

– Қытай, сен төрешілік ет, құдай жар болсын! – деп Сейтак ұстаса кетті. Жұмсақ құмды аяқтарымен есіп, жұлқысып жүр. Алғашқыда бірін-бірі көтеріп тастай алмаған соң енді әдіске көшті. Бөкселерін кейін салып, шаптан тіресіп алыпты.

– Қимылдандар, бұлай жүре беруге болмайды, – деді Қытай балуан арқасы қозып. Осы сөз камшы болды ма Сейтак «Иа ханнан, иа мәннан» деп қарсыласын жерден көтеріп алмақ еді, Баймағанбет қайырып шалып, шалкасынан түсірді.

– Басыңнан аттамайын осыған риза бол!

– Жо-жоқ, мен қапы кеттім! – Сейтак еңтігіп тұр.

– Қайталаудың керегі жоқ, таза күрес, – деді Қытай балуан. Сейтактың кескіні түтігіп:

– Әй, сен мені жықтың ғой. Мықты болсаң менің балуаным мына Қытайды жығып көрші! – деді.

– Меншікті балуаның болса көрейік – деп Баймағанбет оқшау барып тұрды. Кел, Қытай!

Қытай балуанның денесі бұлшық еттерден жаралғандай бөлек-бөлек екен. Зор мұрнын тартқылап, қысықтау көздерімен Баймағанбетке қарады.

– Сенімен маған күресудің реті жоқ – деп сәл бөгелді де – Иә, реті жоқ – деді нықтап. Солай деді де құрақта жайылып жүрген аттарға қарай аяндап кете барды.

Күн күйдіріп, ыстық жел гулеп соғып тұр.

ТАҒДЫР

(деректі әңгіме)

Жақаң – Жағыпар Байқасов майданға бес ағайынды болып барып, жалғыз қайтты. Содан шығар, қабағы қатып, түнеріп жүрер еді. Басқалардай серпіле сөйлеп, көсіліп кеткенін көрмейтінбіз. Қысқа қырықтырған, аздап ақ араласқан қайратты шашын ірі саусақтарымен қайыра салалап, қысықтау кішкене көздерін бір нүктеге қадап, тұңғыық ойдың құшағында отыратын. Ондайда жүзі сұсты көрінетін. Араға біраз жылдар түссе де, соғыстың қатал заңын, зобалаңын ұмыта алмай қиналатын. Әр сөзі бұйрыққа ұқсас келте, әмірлі естілетін. Ол соғысқа жасөспірім кезінде аттанып, жиырма бестен асқанда «егде кісі» болып оралды. Артық сөйлеу, ақтарыла күлуді жаны сүймейтін.

Түн ортасы ауа оқыс оянып, ұйқысы шайдай ашылып кеткен Жағыпар өзінен-өзі: «Апырай, оның аман қалатын реті әбден бар еді-ау», – деп өзіне ғана белгілі бірденелерді күбірлейді. Зайыбы Күлбаршын маңдайынан сипап, тұншыға сыбырлап: «Тағы да ұрандап кеттің ғой», – дейді. Көрші бөлмедегі құс ұйқы кәрі анасы күнкілдеп, тілін кәлимаға келтіреді.

– Әлгі фашист иттің кесірі ғой! – деп күрсінеді Жағыпар. – Көпірдің ернеуіне тығылып жатып, пулеметін сақылдатады-ай бет қаратпай.

Дунайдың арғы бетіндегі қала өрт құшағында. Алға ұмтылмақ болған екі-үш жолдасын пулемет оғы қас-қакқанша баудай түсірді. Әсіресе, көптен бірге жүрген, кимас серігінің окқа ұшқанын айтсайшы! Жақанның тағаты қалай таусылмасын? Жұдырықтай жүрегін ыза кернеп, бүкіл денесі болатпен құрсанған қамалға айналғандай. Жауына жай оғындай атылуға әзір. Жо-жоқ, бұл жолы атыла алмады. Олай етсе, тағы да опынады. Өзі басқаратын взводын жасырып қойып, гранатаның ауыр бір бумасын алды да, дұшпанның елеусіз жағына қарай жер бауырлап жылжыды. Әйтсе де, алда пана болар не жартас, не жартымды төбе, тіпті ағаш бұтасы да жоқ еді. Өзеннің қызыл, тақыр жиегі. Пулемет оғы борап тұр, толастар емес. Таз төмпешіктің тасасындағы жан сауғалап жатқан біздің жауынгерлерді бас көтертпейді.

«Қазір, қазір. Саған қан құстырмай қоймаймын». Жақан жылжып келеді. Кенет жау пулеметі мұның өзін нысанаға алсын. Біліп қалды құзғындар. Сүйікті командирін қорғамақ болған бір солдат жаудың назарын аудару үшін төмпешікті айналып жүгіре бере морт құлады. Ол соңғы күшін жинап, тағы да ұмтылды. Пулеметке граната лақтырды. Дөп тиді. Сұрапыл жарылыс. Астан-кестен дүние... «Отан үшін! Алға! Ура... а... а...!» – деген дауыстар жер жаңғыртады...

Шырт ұйқыдан тағы да селт оянған Жағыпар сол жолы өз солдаттарының жау бекінісіне қалай басып кіріп, жарқ-жүркі найзаласқанын, жеңіске жеткендерін еріксіз еске алды. Болған оқиға, қанды шайқас сол қалпында көз алдында. Маңдайының суық терін сүртті. Терең күрсінді. «Күлбаршын, ғафу ет. Сол қан майданның оқиғасын өлгенше ұмыта алмаспын, сірә».

– Қайдан ұмытылсын, ұмытылатын іс емес қой, – деп ауыр күрсінді Күлбаршын. (Оның да жалғыз ағасын соғыс жалмаған- ды).

Иә, қан майданнан оралмаған көп. Осынау шағын ауылдың өзінен аттанған отыз жігіттің тек бес-алтауы ғана қайтып келді, төрт мүшесі сау біреуі жоқ, бәрі ақсақ-токсақ, жарымжан, шолақ. Қимас жандарынан айрылып сорлаған ел бейнебір ішін жел кеулеген кеспек секілді. Қан жұтып, құсаланған көптің мұң – зары қара тастың өзін еріткендей. Күні кешегі нәубет... ашаршылық... Арада аз жыл өтіп, жас өсіп, жарлы байып, енді-енді ес жидық па дегендегі бұл зұлматты кім күткен?

Соғыс сұмдығын кім ұмытсын!...

Біршама уақыт дайындық сапында болған Жағыпар 1942 жылдың ерте көктемінде, 1-сәуірде соғысқа кіріп, ұзамай Сталинград шайқасына қатысты. Одан Венаға дейін барып, майдандық сапарын сонда аяқтады. Соғыс біткен соң да әскери қызметін жалғастырып, едәуір іркілді. Туған жерге кешігіп оралды...

Көзін жұмса-ақ болды, майданда көргендері жан-дүниесін дүрліктіріп, кәдімгідей елестеп, жаңғырып, әрі-сәрі күйге түседі. Қашан құтылар екен бұл азаптан...

Тағы да сол әуен, сол суреттер, баяғы Сальски даласынан, Қалмақ қыстақтарынан басталған жорық Украина жеріне жетті де, әрі қарай, қанды қол жыртқыштардың шыққан ұясына қарай жалғаса түсті. Кезекті қатты шайқас кезінде ауыр жараланып, Чебоксарыда әскери госпитальде емделіп шығады. Туған

жердің әр сүйемі, әр қарысы үшін жауға жай тасындай атылатын жауынгерлердің алғы сапынан үнемі Жағыпарды көруге болады. Бір ай, бір жыл емес, мінекей, төрт жылға жақындады, ол да үнемі от пен октың ортасында. Одан бері де арада қанша жыл өтсе де, «Отан үшін!» деген сол ұран жүрегінде мәңгі сақтаулы. Ол әлі де сол ұранмен өмір сүруде. Бұл – шындық.

Гитлер сұмның «жеңілмейтін әскерлерін» қойдай қуып, еліміздің шекарасынан әрі асыратын күн де есте. Әрине, 1941 жылдың маусымында фашистердің құмырскадай қаптаған танктері аяусыз таптап жермен – жексен еткен шекара бағаналарын іздеп тауып, салтанатпен қайта тұрғызу сәттері де жадында. Сонда жауынгерлердің қаһарлы жүзін жас жуып, бағаналарды құшақтап, аймалап еді-ау. «Сүйікті Отан, біз сені азат еттік, бұдан былай да ардақтап, үнемі аялап өтеміз», – деп ант етіскен-ді. Бұл қызыл сөз емес, жүрек үні, айнымайтын серт.

1945 жылдың көктемінде Совет әскерлері Венгрияның астанасы Будапешт қаласын жойқын шабуылмен алып, Германияның оңтүстік аудандарына өтетін маңызды стратегиялық бекінісі – Вена қаласына кірді. Бораған оқ, жарылған снаряд, сұрапыл жаңғырық құлақ тұндырады. Жақандардың бөлімшесі 1945 жылғы 13-сәуір күні соғысты сол қалада аяқтады. Жағыпар әскери комендатурада, 72-күзет батальонында 1945 жылдың 15-сәуірінен 1946 жылдың 1-маусымына дейін қызмет істеді.

«Елге қайтасындар», – деген хабарды естігенде, қуанышта шек болмады. Көптен ұмытылған бейбіт өмірге қайта оралу – неткен зор бақыт. Соңғы кезде туған ел, өскен жер түсіне жиі енеді. Үйрек ұшып, қаз қонған көгілдір көлдер, ақ селеу өскен орманды дала көз алдына елестейді «Я, сәт, оң сапар болғай».

Жақаң 1946 жылдың жазында өңіріне үшінші дәрежелі «Даңқ» орденін», «Будапешті алғаны үшін» және «Германияны жеңгені үшін» медальдарін тағып ауылына келді.

Кішкентай ауылдың сәні кеткен, ер-азамат некен-саяқ, карттар да сиреп қалған, шаруа күйреген. Бұрынғы бір үй толы жаннан шүйкедей карт шешесі ғана қалыпты. Төрт бауыры майданнан оралмаған. Қамзадан ғана дерек бар, қалғандары хабар-ошарсыз. Майданда жүргенде бауырларымен үйде кездесетіндей көруші еді. Енді, міне, Қамзаның опат болғаны жайлы шеті жыртылып, көз жасына суарылған тілдей қағаз. «Калинин облысы, Ржев

ауданы, Дешевка деревнясында 1942 жылы 30 шілдеде ерліктен каза тапты», – деген қысқа ғана хабар.

«Апырай, мынау дәл сол күн ғой, иә сол» – деп өзегі өртенді Жағыпардың. Екеуі майдан даласында кездейсоқ жолыққан күні оны опат болады деп ойлап па? Есіне түсіре бастады.

Бірнеше күн бойы дамылсыз шайқасып, қатары едәуір сиреген Жағыпардың бөлімшесі сол деревняда аз-кем аялдаған еді. Бір солдаттың жүріс-тұрысы алыстан көзіне жылы ұшырап, жүрегі алып ұшсын. Ұзамай бір-біріне егіз қозыдай ұқсас, екі бөлімшенің екі жауынгері–қос қазақ жігіті құшақтаса кетті. Кескіндерін күн қақтаған сұңқарлар арқа-жарқа. «Бауырым, Қамза, аман жүр екенсің-ау». Көзінен жас ыршып кетті. Өзін әрең тежеген. Қамза бұрынғысынан қатайып, бойы ұзарып, нағыз сайыпқыран жауынгер болыпты. Дағдылы ақжарқын мінезімен куана күліп тұрып, амандық сұрасқан. Олар көптен көрші бөлімшелерде қатар соғыса жүріп бірін-бірі білмегендерін таңдана сөз етті. Бір бөлімшеге ауысып алуды айта бастағандарында жорық кернейі тартылды да, Қамза асығыс жүріп кетті. Жағыпар оның соңынан көз жазбай қарап тұрды. Әскер киімі тал бойына жарасқан бойшаң, сұлу жігітке Жақан сонда іштей сәттілік тілеп еді. Тентек інісінің жоталы азамат, қас батыр болғанына қуанды...

Ұзамай шабуыл басталды. Ұшы-қиырсыз майдан алаңы от құшағында. Айнала шаң-топырақ, көк түтін. Қираған үйлердің кейбірінің қабырғалары, сорайған мұржалары ғана қалқияды. Ржев өртеніп жатыр. Кескілескен ұрыстың неше күнге созылғаны жадында жоқ. Біраз күндерден соң шайқас сәл саябырлады. Жауынгерлер тыныс алды. Көрші бөлімшелерді аралап інісін іздеді. Жанталасып сұрастырып жүр. Қамзаны да, оның бөлімшесін де білетін ешкім жоқ. Асығыс жолыққанда адресін де алмапты. Сөйтіп, тағдыр ағалы-інілі қос жауынгерге бір-бірін соңғы рет көруді сол күнге жазған екен. Бірер сағаттан кейін Қамза окқа ұшқан. (Ол 2-гв. МАД, 4-гв. МАП құрамында байланыс командирі болып соғысқан.)

Үлкен ағасы Фазылдың «қызыл қырғынның» құрбаны болып, Омбыда еңбекпен түзеу лагерінде қайтыс болғанын кейіннен білді. (Фазыл ағасы 1958 жылы ақталды.)

Екінші ағасы Қалинұр шала сауатты, балуан денелі, күшқайраттың адамы еді. Соғыс басталған бойда шақырылып, із-

түзсіз кетті. Кенже інісі Құдайберген майданға он жеті жасында өз еркімен аттанып, ол да кері оралмады. Әлі белі қатып, бұғанасы бекімеген нәзік тұлғалы бозбаланың қырғын соғыстың жуан ортасына баруды аңсап жүріп үйіне жазған хаты кім-кімді де бейжай қалдырмады. «Мен жексұрын жауды біржола құрту үшін қолыма қару алдым. Жауынгерлік дайындықты жақсы аяқтап, майданға жіберуді асыға тосылымын. Фашистердің ең соңғысын Берлинде талқандап, ауылға жеңіспен ораламын. Солай болатынына мен сенемін, сендер де сеніңдер»– депті қайран жасөспірім.

Амал не, ауылда Құдайбергенге «Айналайын інім, ерке-тайым, сен нағыз азамат болыпсың, мақтанышымыз болыпсың. Аман-сау оралуыңа тілектеспін»,– деп жауап хат жазарлық ағаларының бірі де жоқ еді.

Бес ағайындыдан аман қалған Жағыпардың өзі. Ендеше, қашанда қабағы ашылмай, іштей мұң-шерге батып, күйзеліп жүргеніне түсінбейтін несі бар? Төрт бауыры бірдей шәйіт болғанын айтпағанда да, соғыста ұзақ уақыт жаумен шайқасудың уытты жарасы бір адамның өз басына да жетіп артылмас па, деп пайымдаймын мен кейде. Иә, қиын тағдыр, өте қиын, не айтары бар...

Колхозда Жағыпар істемеген жұмыс жоқ: бригада есепшісі, колхоз бухгалтері. МТС-та нұсқаушы бухгалтер, ревизор, колхоз басқармасы. Білімінің кемдігін сезіп, жасы отыздан асканда Петропавл қаласында ашылған колхоз басқармаларын дайындайтын облысаралық техникумда оқыды. Агроном-зоотехник-мал дәрігерлік мамандықтары бойынша арнаулы орта дәрежелі білім алды. Баян МТС-інде, «Баян» колхозында, кейіннен «Приишим» совхозында бірде агроном, бірде бухгалтер, бірде зоотехник, бірде мал дәрігері бола жүріп, жыл сайынғы заңды еңбек демалыстарын пайдаланбастан, уақытпен санаспай жұмыс істеді.

– Мен өзім үшін де, майданнан келмей қалған бауырларым үшін де еңбек етіп, өмір сүруім керек,– дейтін Жақан жарықтық.

Бірнеше жыл соғыс даласында мұз төсеніп, қар жастанып, әлденеше жараланған, сызды окоптарда жатып, етікпен су кешкен жауынгердің денсаулығы соңғы жылдарда біртіндеп төмендей берді. Ауырып жүріп жұмысын тоқтатпады, тіпті аурумын деп айтудың өзін ар көрді. Ақырғы күші

саркылғанша еңбек етті де, бір күні жатып қалды. Ұзақ емделді. Ауруханалардан оралған сайын туған жердің орманын, көлін, даласын қызықтап, едәуір ойланып тұратын да: «О, жарықтық, қазағымның кең жазирасы-ай, сол үшін жанымызды текке беріп, қанымызды босқа төкпейміз ғой», – деп тебірене толқитын.

Сонғы рет ауруханадан келгенде көңіл-күйі жап-жақсы еді. Кейінгі күндері нашарлай бастады.

Бір күні аяқ астынан: «Мен өмір сүруім керек. Маған өлуге болмайды!»– деп орнынан атып тұрды. Жылы киініп белін буды. Аттарды арбаға жегіп, агроном кезіндегідей: « Мен даланы аралап кайтамын»– деді.

Орман алқаптарын, егін даласын аралап, айдын көлдің суымен бетін жуып, үйіне түс ауа көңілді оралды да, әйеліне:

– Күлеке, бой жазып, сергіп қалдым ғой,– деді маңдайының терін сүрте беріп.

Тәуір болыпсың, айығып кетерсің енді,– деп Күлбаршын қуанды.

Дәл сол күні Жақан– бар саналы өмірін ел мүддесіне арнаған ауыл ардақтысы , қарапайым соғыс ардагері Жағыпар Байқасов– алтын күн ұясына қона бере өз үйінің төрінде, жалғыз қарындасы Камештің қолына сүйеніп отырып, у-шусыз, тып-тыныш қана үзіліп жүре берді. Ол небәрі қырық алты жаста болатын.

ТАУ ІШІНДЕ

(деректі әңгіме)

Омар нағашыма қолқа салып отырмыз.

Жиырма жыл қызмет қылғанда қандай қиындықтарға кездеспедік. Өлім аузында қалған кездеріміз болды. Қайсыбірін айтайын...– Қария аппак мұртын сипап, кішкене сарғылт көздерін бір нүктеге қадап қалыпты.– Колхоздасу жылдары прокурорға көмекші болып жүрген кезім. Бір күні астында, бауырынан жорған жирен төбел аты бар бір жолаушы терезе алдына келіп тоқтады да, түлкі тымағын қолына алып саптама етігін күрпілдете басып кеңсеге кіріп келді. Түн қатып, ат соғып, зықысы шыққан жалақ ерін қара жігіт тілімен сипап:

– Алыстан арып жеттім,– деді еңтіге сөйлеп.– « Аулымызды жау шапты. Кісі өлімі бар. Малдар қолды болды. Сонау Ұлытаудан жан ұшырып келгенім осы.

– Қандай жау ол? Отырыңызшы. Әу, Фариза шырағым, су әкелші!

Жігіт сапты аяқпен берген суды сылқылдатып жұта салды да, екі тиындық бакырдай дөнгелек нұрсыз көздерімен маған қарады. Кешегі түнде тау жақтан көп салт атты ауылғалап қойды. Қойнауудағы аз ғана ел азан-қазан болды. Тарсылдап атылған мылтық іргедегі тауды жаңғырықтырды. Шабдар аттылысы қылышын жарқылдатып жүр. Жау карасы жиырмадан ар- тық па деп қалдық.– Ізтайды тап, қанын ұрттаймын деп екіленеді. Ер-азаматтары үйде жоқ, иесіз ауылды емін– еркін талап болып асығыс атқа қонысты.

– Уа, мырза, көңіл ашарды ұмыттық па? – деп еді біреуі.– Алып шык!– деп әмір етті. Немере інімнің отауына екі-үшеуі көктей кіріп, жас келінді шырылдатып сүйреп шықты. Інім біреуін баканмен ұрып жығып, шабдар аттыға ұмтылғанда алтатармен басып салды. Жармасқан мені сойылмен салып өтті. Есім ауып кетсе керек, көзімді ашсам, ат қора өртеніп жатыр. Өршіп алған от қойнаууды жарқыратып жіберіпті.

Азан– қазан елдің зарынан жер теңселіп тұрғандай. Шырылдаған сәби даусы естіледі. Орнымнан атып тұрып. «Қайыркен қайда? Әмина қайда!» – деп айғайлай беріппін.– Сорлы– ау, інің өлді. Келінің жау қолында кетті, шырылдаған сәби қалды! – деді біреу. Адамды намыс өлтірмей ме, қос атпен шауып жеткенім осы,– деді жігіт өксіп.

– Ауылдың еркектері қайда болған?

– Бәрі де Арқалық бойында пішендікке кеткен. Ойраны шыққан ауылға таң атқан соң келді...

Біз үшеу болып аттандық. Ағыбай Алтыбаев – оперативтік өкіл. Сейтім Қиянбеков – милицияның учаскелік өкілі және мен – аудандық тергеу орнынанмын. Жүріп келеміз. Жаздың ұзақ та ыстық күні. Ортаға жегілген алқабел торы бұлан құйрыққа салып, жортақтаудан бір таймайды. Көп мүжілген көне жол коньыр тауларға қарай ұзатып әкетіп барады. Шілденің аптабы сүйдірген шок карағандар мен баялыштар, сары шилер калып жатыр.

– Терісакқан әлі алыс па?

Бізге жонын беріп ат айдаған Сейтім жауап катқан жоқ. Өлдеқандай бір әсерлі әнді ыңырысып отыр. Жінішке жол аласа төбенің етегін жағалап келеді. Тал түс. Адыр-төбелер үстімен ыстық сағым жөңкиді. Аузымыз, бүкіл ішкі сарайымыз құрғап

қалған сияқты. Аттардың сауырынан ақ көбік жалпылдап түсіп келеді. Шеткісі қайыс жетекті бірде тартып, бірде босатып жиі-жиі пыскырынады. Сонадай жерде сандық тастың үстінде кәрі қайыршыға ұксап акбас күшіген отыр. Қанатын түсіріп жіберіп солықтайды.

– Әне Терісаққан!– деді Сейтім камшысын көтеріп. Аттар ойға қарай тасырлатып жорта жөнелді. Терісаққан төменде жасыл желек бүркеніп жатыр екен. Жиекке тақау тал көлеңкесіне тоқтап аттарды ағыттық. Бұл жерде күйдірген күн де, өкпені қалқан сұрғылт шандақ та жоқ. Ені тар момын өзен төменнен жарқырап көрінеді.– Жарықтық-ай, қасиетіңе болайын! – деп Сейтім суды қос қолдап жұтып жатыр. Арғы жағада бозша талдар ырғалып тұр. Дөң үстінде кәрі үйеңкілер қарауытады. Аттар пыскырынады.

– Ендігі біздің бетіміз Қараторғай. Жыланшық өзендері! – деді Сейтім қисайып жатып. Сөйлеген сайын қара мұртынан төмен аппақ тістері жалт–жұлт етеді.– Бұл қос өзен қатарласып барып Саға көліне құяды. Бандылар сол маңайда болу керек,– деді. Сейтімнің кескінінде толқу да, үрейлену де жоқ, жай ғана әндете сөйлеп отыр.

– Бұл жауларды құртпай тыныштық болмас,– деді Ағыбай күн шалған семіз бетін көмпите түседі. Қоңыр көздерін дөңгелете ажырайтып: – Жауды құрта салу оп-оңай жұмыс емес,– деді.

Үшеуміз де үнсізбіз. Өлімді ойласам – көз алдыма үйде қалған келіншегім мен сәбиім елестейді. Он екіде бір гүлі ашылмаған жас жігіт Сейтімнің ойында ештеңе жоқ. Қоржынды сүйреп әкеп, дастарқан жайып та мақтана бастадық. Қостың кішісі болғандықтан бар шаруа соның мойнында.

– Жүрейік,– деді Ағыбай.

– Ие, аттар шалса қозғалайық,– деп мен де орнымнан тұрдым.

Терісаққанның арғы беті тағы да кең жазық болып кетті де, күн күйдірген дала қуқыл тартып, реңсіздене берді. Ақ жусан мен сұр баялыштар ыстық желмен қалтырап, шөліркеп тұрды. Алыстағы қоңыр тау сағымселіне тоғытылып қалқып жүзіп жүргендей. Жусан арасында сумандаған кесірткеден басқа түк жоқ, жабырқау даламен Ұлытауға қарай жақындай түстік. Жол бірде өрмелеп беткейге шығып, бірде төмен құлдырайды. Үлкен қызыл күн тау иығына асылып біраз тұрды. Алыста қызыл орамал бүркеніп ұлылы-кішілі доғал шыңдар көрінеді. Тастақ жерде салқын көлеңкелер сұлап жатыр.

Айнала қызылшақа тас, котыр төбелер төне түседі. Атт сүрініп кетіп пысқырынады. Жоғары қарай қинала тырмысад Тас қабырғадан әрі иттердің үргені естіледі.

– Ауыл, жақын,– деді Сейтім әнін тоқтатып.

Кешкі малмен бірге кірдік. Малдың шуы, адамдарды дауыстары араласып әбігер. Аласасокпа үйлердің мұржалары: түтін шығып жатыр. Қызыл балшықтан қаланған өте лас, ө кең аулаларда кешкі оттар жылтырайды.

– Нағашың осында ма еді? – Осында болу керек.

Қой-ешкі аралас көп қараны айдап қарасақал кісі кет барады.

– Отағасы, Мұстақым үйі қай тұста? – деп сұрады Сейті Шарланған домалақ адам өгіз көзімен әрқайсымызды шапшы шолып өтіп:

– Мұстақым кімің болады? – деп сұрады.

– Көптен көрмеген нағашым.

– Сол нағашыңды таныр ма едің? Жыға танымаспын, жаст: кеттік қой.

– Ендеше, Мұстақым менмін,– Сейтім арбадан секіріп түс жармасып жатыр.

– Не, не тұрыс, үй алыс емес, бері бұрылындар! – деп ш: кәукілдеп алға түсті. Сокпа үйдің іші жиһазды көрінді. Кере басында қара қылыш пен шиті мылтық күміс кісе ілулі тұр.

– Бұл үй кедей таптан емес, көрдің бе? – деді Ағыб: сыбырлап. Қатты шаршасам керек, денем алып-түсіп қалғыты отыр. Нағашысын ертіп Сейтім кірді. Шал көңілді. Жиенін іздеп келгеніне соншалық қуанышты раймен даңғырлап сөйле

– Уа, жиенжан, өрісің бөлек болғанмен, туысын бір тамш канымызсың ғой! Іздеп келетін орның бар. Шәйін апамыз б: биенің сабасындай орнықты кісі еді ғой. Атын атап келгені бір аунап түскен шығар, жарықтық,– деді Мұстақым. Аш: есіктен әрі біреу мал сойып жатыр.

– Жігіттер, сіздер қай туыс боласындар?

– Мен атығаймын, мына жігіт Нұраны сағалаған Тоқа бол: сынан шыққан өкіліміз. Жер-жерден кооператив ашпақ едік...

– Әп, бәрекелді, жараған жұмыс,– деді үй иесі қарған: канатындай қап-қара сақалын тұтаптап.

– Банды бар дегенді естіп қорқып келеміз, ондайдан тынь па бұл өңір? – деп Сейтім нағашысының етегін баса жантайд

– Әзірге тынышпыз, бандыларда тұрақ жоқ. Көрінгенге соқтыға да бермейді. Өшіккендері ауылнай, басқарма, басқа белсенділер,– деп Мұстақым киіз астына шырт-шырт түкірді. Батпаққарадағы қан төгіс жайлы жұмған аузын ашпады. Біз де бейхабар болып отырдық.

– Елге қасқырша шапқан адамдарды халық ұнатушы ма еді. Болыстың баласы Байбек дейді бастап жүрген. Қолыма түссе сазайын тартқызар едім,– деп Мұстақым зілдей басын шалқайта отырды. Бұл маңайда ол білмейтін ел де, жер де жоқ екен. Асқа дейін, ас үстінде де аузы сөзден босамады. Жатарда далаға шықтық. Таулар аспаннан түксие қарап тұр. Аңғардан сап-салқын жел үрлейді. Айналаны тығыз қоршаған биіктердің ішінде құпия сырлы өмір ағып жатқандай көрінеді Мұстақым жылқының кезегі бар еді деп атқа мініп кеткен.

– Мынауыңның бандылармен кіндігі бірге сияқты, – дедім Сейтімге.

– Бұрынғы молда, бертінде «діннен бездім» деп жүрген алааяқ деп естігем,– деді Сейтім.

– Жүрген жағдайымызды сездіріп алмайық!

– Ол сезіп те қойған сияқты. Мен ат ағытып жатқанда арбадағы жәшіктерді сипалап көріп, бұларын не, жиен,– деп сұрады. Кәпәратип мүлкі ғой дей салдым. Түк сезбейтін ақымақ емес ол,– деді Сейтім.

– Сак тұрайық, кезектесіп ұйықтамасак болмайды,– деді Ағыбай.

– Дұрыс айтасын.

Қараңғы тау ішінде жылқы кісінеді. Кешеуілдеп туған ай арғы беттен сары сәулесін шашыратып келе жатты. Түн тыныштықпен өтті. Жұрт тұрмай аттанып кеттік. Сәскелікте көрші ауылға ауылнай Ізтайдың үйінекеліп ат басын тіредік. Төртпак балуан пішінді сары жігіт екен:

– Қызметке барайын деп жатыр едім, сусындап шығындар,– деп бізді үйіне қарай бастады. Текемет үстінде көсіліп отырмыз. Қолымызда бір-бір шараяқ қымыз.– Жаудың ұзын қарасы жиырма шақты адам, басшысы белгілі Байбек бақайшағына дейін қаруланған. Тұрағы – Аркалықтың сағаға құлайтын тұсы. Сол жерде Шыңтас дейтін биік бар. Тау иығында ауыл сыйып кететін жазық алаңшалар, тас үңгірлер толып жатыр. Байбекті құр қолмен, аз ғана адаммен ала алмаймыз.

Ауылдағы коммунистер мен комсомолдардан топ құрып, інірде аттанайық,— деді Ізтай.

Жасаққа жазылғандар ауылдан әр мезгілде елеусіз шығып, кешқұрым тау ішіне сіңіп жатты. Жоспар жасадық. Небары он шақты ғана адамбыз. Күн ұясына батып кетсе де айнала көпке дейін жарық болып тұрды. Кешкі қызыл арай аспанда қара қарғалардың шырқап ұшып, төмен құлдырай ағып, күнгірт аспанды қара тордай шырмап әбігерленуіне қарап, түнде жауын болып кете ме деп қауіптендім.

Үнсіз жүріп келеміз. Тағалардың тасқа тигені ғана естіледі. Екі беттен анталай төнген қамау биіктер таусылар емес. Көп жүрген соң шатқалдың бір беті аласарып шегіне берді де, әріректен аспанға ұмтыла түсіп, о жар шың көрінді.

— Шынтас,— деп сыбырлады Ізтай.— Оңға бұрылып қойнауға тоқырайық. Осы тұстан алдыңғы бетті бақылауға болады. Тұңғыық аспаннан жұлдыздар сорғалап түседі. Сап-салқын жел соғып тұр. Төменде айналаны бір өзі басына көтеріп асау Арқалық буырқанып жатыр. Тастан-тасқа секірген тентек суды кешіп өтіп Шынтастың жазықтау беткейіне өрлей бастадық. Топ екіге бөлініп жартысы төмен қалды да, біз жоғары кеттік. Ауыр дем аламыз. Дала қазағы маған тауға өрлеу бейнет болып келеді. Иықтағы кең қойнауға тұсаулы аттар көрінеді.

— Бандалар ана үңгірлерде ғой. Ашық жерден барып алмаймыз. Тас қуысына бекінгендер жолатпайды. Сондықтан сен, шырағым, біз жоғары шыққан соң жайылып жүрген аттардың бірін мініп, жылқыларды төмен қарай қуала. Байқа окқа ұшып қалма! — деді Сейтім.

Жігіт тас арасымен еңбектей жөнелді. Біз жоғары өрлеу үңгірлерге тақау барып жасырындық. Жылқылар төменді қалды. Қарауытқан қуыстардан оттың қоламтасы жылтырайды. Жылқы дүбірі шыққанда әр тастың алтарысынан жарқылдап мылтық атылды. Бандылардың оншақтысы біздің жанымызда өтті. Жүгіріп барып тізерлеп атады.

— Оқ атпаңдар, кейінгілері шықсын!— деді Сейтім. Тағ бірнеше адам жүгіріп өтті. Біреулері балағаттап барады. Төменне тоспадағы жігіттер тасырлатып қоя берді. Қайта үңгірге қара серпілгендерін біз оқ жаудырып қарсы алдық. Адамдарды көзде атпай төбелерінен зулатып жатырмыз. Бір жігітіміз окқа ұшып қарсы жақ аянбастан қимылдауда. Оқтары біз жатқан тастар

шақылдап тиеді. Даңғазаны пайдаланып біреудің жылысып бара жатқанын көрдік. Бірнеше атып, дарыта алмаған Сейтім қуып жеткенде, анау бұрылып атып жіберді. Милиционердің құлақ түбінен оқ зулап өтті. Сейтім бетпе-бет келіп қалды.

– Сені құртпасам Байбек атым құрысын!– деп ұстаса кетті анау. Өзінен әлдеқайда шағын қарсыласын Байбек сілкіп соқпақ еді. Сейтім темірдей шеңгелімен тас болып жабысып алды. Байбек анадай жерге ұшып түскен өзінің алтатарына қарай сүйреді. Сейтім тырысып кейін тартады. Жата қалып басынан асырып тастайтыны болушы еді, сол ыңғайына келіп қалғанда Байбекті аударып түсірді. Екеуі итжығыс құлады. Тіресе тұрып қайта жұлқысты. Байбек қарсыласын тік көтеріп алып жардан лақтырып жібермек еді, Сейтім оны бірге ала кетті. Байбектің алқымына темір шеңгелін қадаған қалпы екеуі ұмар-жұмар төмен домалай жөнелді. Қолдары босап кеткен Байбек сапысын алып Сейтімнің кіндік тұсынан қойып қалды. Осының барлығы қасқағым уақытта бітті. Біз жанталасып жеткенде төменде тастардың сылдыры естілді. Екеуі құшақтасқан қалпы жатыр. Байбектің алқымына жабысқан Сейтімді жұлмаласам үн қатпайды. Байбек күзеннің тұмсығындай түк басқан иегін көтеріп аузын ашып қалыпты. Көзі шарасынан шығып кеткен. Екі өлікті бірінен-бірінен зорға айырып алдық. Сапы Сейтімнің ішіне қадалған.

– Қош, қарашығым, қош, арыстаным!– деп, мен сұп-суық мандайынан сүйдім.

Тау іші тым-тырыс болды. Сұрғылт биіктер де үнсіз. Аспанның қара жүзінен жұлдыз сорғалап түсті. Өксік ата күрсінген жігіттер Сейтімнің денесін алақандарына салып көтеріп алды. Таң ата керуен төменге түсіп келе жатты. Қолға түскен бандыларды жігіттер жаяу айдап келеді. Арбада Сейтім мен жас жігіттің денелері жатыр. Ат Арқасында теңселе түсіп шала ес қалпы қолды болған келіншек Әмина келеді. Сәби жүзді жас әйел өрт соққандай қатты қажыған қалыпта егіліп жылап отыр. Байбектің тобынан қара сақалды Мұстақым молданы тани кеттім.

– Е–е, сіз мұнда қайдан тап болдыңыз?

Мұстақым үндемеді. Өшпенділіктің ыстық тұманы кіреукелеген көздерімен алая қарады. Сейтімнің денесі салынған жайдақ арбада отырмын. Оның өлі жүзіне таң шапағы түсіп күлімсірегендей болады. Сонау төменде көгеріп Саға

көлі жатыр. Сейтім тірі болса мына биіктен Сағаны тамашалай қарар еді-ау дейміз.

Омар нағашым осы бір әңгімені айтты да ауыр күрсінді...

ТЫҢ КӨТЕРУ ОСЫЛАЙ БАСТАЛДЫ

(деректі әңгіме)

Боран түтеп тұр. Қыс бар қаһарын көрсетпек болғандай-ақ, үйіріп соғыс түк көрсетпейді.

Жақып ақсақал даланың осы бір сыр мінезін көзбен көріп, қолмен ұстағандай танып, біліп отыр. Сыртқа елеңдеп қарайды. Жатаған терезенің кішкене көздерін шел басып, көмескіленіп кеткен. Гүілдеген долы жел терезені қар қиыршықтарымен өршелене ұрғылайды, – «Бәлекет әйнектерді киратар ма екен! – деді күнкілдеп. – Мынадай сұрапылда біреулер жазым болмаса жарар. Апырай, әлгі бала неге кешікті!»

Қабырға сағаты түнгі онды соқты.

– Отағасы-ау, жатып дамылдасайшы, ертең жұмысың бар ма! – деді арқасын аласа пешке сүйеп отырған Жәнипа кемпір. Жакан үлкен денесімен бұрылып кемпіріне қарады. Ұршығын зырлата түсіп, шынашағына ораған жүнді созғылап қойды. Пеш пен бөлген ұзын үйдің есік жағы қара көленке. Пілте шамның әлсіз жарығы ол жаққа жетер емес. Қараңғы босағада козылықтың пырт – пырт шөп шайнағаны естіледі.

– Әлде қандай келімсектерге бола мынадай қатерлі түнде жалғыз баланы далаға жұмсадың. Жазым болса қайтесің. Келе жатқандар қай туысың, қай жекжатың еді! Мына Метровкенін орысындай орыс шығар. Сен шал кит етсе сөз бермейсің. Әбден құтырып алғансың, тіптен. Сен....

Тығылып отырған Жәнипа сөзді төпей жөнеліп еді. Жақан:

– Токтағ!... Бұл қатынның ымы жетер іс емес, о несі-ей, үдетіп бара жатқаны! – деді.

Көз алдында бадырайған меңі бар шұбар жүзді Жәнипа ашу қысқан қалыпта тиылып қалғысы келіп еді. Бала тоңып оралар ыстық ас дайындап қояйын деген ойда. Екеуара тіл қатысу болған жоқ. Жақан ер тұлғасымен шарт жүгінген қалыпта тапжылмай отыр. Қарасынан ағы көп істік сақалының ұшын қайырып әкеліг ерніне басыпты. Үлкен ала көздерін терезеге беріп, бір нүктеге қадалып қалған. – «Апырай, бала-шағалары болса қиын-ау!»

Жақанның сол қалыпта қанша отырғанын қабырғадағы сағат қана есептеп тұр. Бір кезде шым үйдің есігі шалқасынан ашылып қараңғыдан аппақ адам қорбандап кірді. Сұрапыл боран өзімен бірге ере келетіндей-ақ, есікті асығыс жауып тұра қалды. Ішінің жағасынан, жеңінен, қойнынан кесек-кесек қар саулап түсті. Қарлы киімдерін төл үйшігіне қарай сілкіп тастап, қасқайып қатып қалған кигіз етігімен тарсылдата басып төрге шықты.

– Апырай, Кәкенжан-ай, аманбысың? Үсініп қалмадың ба? Садаған кетейін-ай! – деп Жәнипа жұлмалап шешіндіріп жатыр. Жакып сол орында шарт жүгінген қалыпта үнсіз отырған бойы жалғыз-ақ сөз сұрады:

– Табылды ма?

– Жок.

Кәкен бетіне жабысқан соқта қарды сыпырып, қатып қалған пимасын мықшындап суырып тастады. Жакып сәл қозғалып қойды.

– Қайдан іздедіңдер?

– Мына Ақсуат, Сулы, Батпақкөл жақты шолып шықтық. Жылтыраған бір от көрінбейді. Мотор үні де естілмейді. Тіршілік біткенді жалмап жұтып қойған сияқты.

– Өттеген-ай, олай болғанда... Ие, олай болғанда Нашанның қыстауына қарай әлде Итікеннің қорымына қарай ауытқып кетпесе игі еді. Атың тың ба?

– Тың сияқты, бірақ суыққа енді қайрат қыла алмас!

– Суыққа қайрат қыла алмас деймісін..

– Жақаң шын күйзеліп кетті. Жол білмейтін жер жағдайын түсінбейтін адамдар келе бере сонау Аюкардың қия жарына құлап мерт болуы да ықтимал-ау! Жок, мұнымыз ұнамас. Елміз ғой.

Жакып карт ауыр денесін көтеріп орнынан тұрды.

– Қайда барасың? –деп баж ете түскен Жәнипаға жай ғана мойын бұрып:

– Керуенді іздеуге барам,– деді.

Құдайы құрғыр-ау! Баладан қорқып қос үрей болған сорлы басым-ау! Енді сен тентіремекпісің? Мына сұрапылда жалмауыздың өзіне де жан керек шығар. Бармайсың, жібермеймін! –деп кемпір байбалам салды. Жақаң сабырлы қалпын өзгертпей мұртын көтеріп күлімсіреді де:

– Жакып жетпіске келгенше қатын тілін алып көрген жоқ. Қартайып кетсе әлі де солай болар!– деп тымағын бастыра киіп

тысқа шықты. Өкпек дауыл өкіре соғып тұр. Басқарманікін барып терезе қағып:

– Уай, Ботай бармысың? Есігіңді аш! – деді дауылдан естіле естімес. Жылы үйге Жақып кіргенімен тізе бүгіп отырмын Ботай жұп-жуан денесін быртық саусақтарымен қысып сипалап біраз отырды да:

Сұрапыл соғып тұрғанда қайдан іздеуге болады? Текк өлеміз ғой. Бізге керуеннің алдынан шық деген жарлық бол ған жоқ– деді, қалың реңінің үстіндегі шолақ мұртын сипала сөйлеп.– Өзім бара алмаймын!

– Бара алмасаң ат пен екі адам бер. Мен қалайда табам осы түні. Басқарма аһылап-үһілеп киініп, ішінен пәлекет шалғ ренжумен болды.

Жақаң ауылдан шыға бере атбасын тартты. Дала даңғаз болып, әлем апаты бар бүлігін айдап отыр. Қарттың астындағы қаба жал күреңнің құйрық жалын қозғап үйіре түседі. Кейіні жігіттерді тосып алып үзенгі тақастыра тоқтады да, айғайлап:

Жел құбыладан соғып тұр. Таңға жақындамай бағыты өзгертпеді. Желге қамшылар жағымызды тосып, жаңылма жүріп отырайық. Беталысымыз Итікен, Нашан болсын. Қалы коймандар! Ал, кеттік!

Жолаушылар сүтке сүңгігендей-ақ коймалжыңға ұмтылы кіре берді. Алда қас батырдай қайыспас Жақаң жортып келед Кәкен мен Жақаң жылы қорадан шыққан аттарын желге қарсы бағыттай алмай кібірткітеп, шегіне жортақтайды. Ауыл қарасы үзілген соң қалақай сары жігіт Жақанның көңіліне қара айналаға жалтақтап қараумен болды. Үйіріп соққан ақ қарды арасында қылтиып көрінген шоқ тобылғы да күжірейген бөрі пішіндес бірдеңелерге ұқсап, жүрегі мұздап кетеді. Басқарм айтпақ түгіл өзі айтса да неге шықтым екен?– дейді, ер жабыса түсіп. Кәкен әкесін жалғыз жібере алмады.

Шал өлгеніне өкінбейді. Тіленіп барады. Ол «сен шықп үйден» деп қыңыр мінезге басқан Жәнипаға:

– Апа, жігіт емеспін бе, қарт адам қайрат жасағанда ме үйде отырам ба?– деді.

– Әлде қайдағы бір жолаушылар үшін өлетін болдыңдар-а? –деп дауыстай бастап еді.

– Қойыңыз, апа ештеңе етпейді. Көп ұзамай қайты ораламыз!– деп, шығып кеткен еді.

«Тез қайтамыз» дегенімен, жолаушылар қайта қоймады. Бет алған Итікен, Нашанның өзі он шақырым жер. Кеудеден тіреп, көзге ұрғылаған мына сұрапылда жүріс қайдан мандысын. Жылқы екеш жылқының өзі ызғырыққа тура жүре алмай ыққа тартып, ауытқи берді. Сакал-мұртына соқта қар қонақтап, кірпігіне мұз қатқан Жакып желдің бағытын аңдып тебіне түсті. Кейде тізеден, кейде шашадан келетін қарды ат тұяқтары опыра борт-борт желеді. Аспан мен жер астаса тұтаса жымдасып кеткен сияқты. Бір кезде Жакыптың астындағы күрең ат жылқыға біткен көрегендікпен сүйір құлақтарын қайшылап, оскырына қалды. Артта келе жатқан жылқылар да сөйтті. Жақаң мән бермей тебіне түсіп еді, ат мүлдем тоқтады. Сөйткенше болған жоқ жөңкіген қар арасынан әлде нелер қараңдап, шұбатыла көлденеңдей берді. Қарт көзін сүртіп анықтай қарап:

– Қасқырларды көрдіңдер ме?– деді.

Қасқыр дегенде Жақаң ақылынан адаса жаздады. Оның қорыққанын білгендей жыртқыштар қақ жарылып, екі қапталдыққа жакындап, шындап қоршауға айналды. Сол-ақ екен, Жақаң сойылын ыңғайлап, өзінің зор дауысымен ақыра ұмтылды. Бөрілер жан-жағына үрке қарағанынан осы маңайда бір жерде ілесіп келе жатқаны белгілі еді.

– Е,е, іздеп таба алмайтын киянатшыл мақұлықтар-ай! Мынадай тар жерде ұшырасуларыңды қарашы! Такымыңды созып талдырып соғатын қайран бөрілер, аң аулап жүргенде кездессең етті!– деді Жакып бағыттан сәл ауытқып бара жатқанын сезіп ат басын желге бұрып. Кейінгі екеу алғашқыдай емес күреңмен құйрық тірестіріп келеді. Итікенің қорымына жетіп қалар мезгіл болды. Әлде байқамай өтіп кетті ме екен. Жақаң ат басын тартып қарлы жолды құрықпен түртіп:

– Тракторлардың ізі Акжарға қарай беттепті. Қап! Жазым болмаса игі еді!– деп саңқ етіп айғайлап жіберді. – Соңымнан ілесіп отырыңдар енді қатты кетеміз!

Тракторлар ізі соны қарды терең жыртып нығыздап, жаншып отырыпты. Қанша қараңғы, қанша боран болса да сайрап жатыр. Кей тұстарын түтек боран қымтап жауып тастапты. Керуен бірде оңға, бірде солға бұрылып, қайта бағыт түзеп желге мандайын беріп, тылсым дала төріне қарай ендеп кіре беріпті. Жел трактор түтінінің қонырсы иісін жеткізді. Көп ұзамай дауылмен үндесіп мотордың гүрілі естілді. Жылтырап

жарық көрінді. Шана сүйреткен соңғы тракторды басып озды. Қуатты «ДТ»-лар төсімен қар сызып бұрқасынға оранып кейді көрінбейді. Жақан күреңді қаһарлана тебініп қалды. Ат қалы қарға құлаштай қарғып пәрменінше алға ұмтылды.

– Токта, токта деймін!

Тракторшыға ұйтқыған қар арасынан жарқ етіп шыға келге алмастай аппақ салт атты нақ бір қардан жаратылған даланы киелі иесі секілді болып көрінді. Жақып тракторға атыны тұмсығын сүйкестіре беріп қамшы сабымен есікті ұрғылап:

Аш! – деді әмірлі дауыспен. Шам жарығы салт аттыны кескініне түсті. Үстін қар басып, қабыршықтанып, сірес қалыпты. Сакал-мұрт, қас-қабак түгел ақ қар, қарлы мұз.

– Токта деген соң токта! – деді ол бұларға жеткеніне қуанып ентіге сөйлеп. – Өлемісіндер, түге! Міне, елу қадамдай жерд ажал күтіп тұр. Он бес метрден құласаң күл-паршаң шығады. Не деген ақымақсындар, түге!

Керуен қаңтарылып қалды. Кейінгі тракторлардан қарғ қоныштарынан батып, сайдың тасындай жігіттер келді. Мұртты қазақ кабинадан түсіп, жағасын көтерді де, қорқынышты деген жерге қарай жүрді. Бұл жерде терең жар бар деп даланың мың қараңғылығында өздері ойламас еді. Жігіттер үрейлене біріне бірі қарады. – Мына кісілер болмағанда жұмысымыз біткен екен! – деп мұртты қазақ түршіге дауыстады.

Жолаушылар өздерін сақтаушыларды ортаға алып вагон кірді. Вагон іші жылы, жарық екен. Темір пеш жанып тұр. Аккумулятордың қуаты пілте шамнан әлдеқайда жарығырақ көрінді. Салт аттылардың үстеріндегі қарды қағуға жігіттер көмектесі жатыр. Жақан сақалына қатқан кесек ептеп ажыратып алып есікк қарай тастап отыр. Аттан бұрын қара терге Жақан түсіпті. Шикі сары жүзі моншаға шабынғандай қызарып кеткен. Жігіттер ваго ішінде қаз қатар түрегеп тұр. Араларында аспазшы екі қыз бар екен.

– Ал жігіттер, – деді Жақып қарт дауысын көтере сөйлеп. Қадамдарың құтты болсын! Ауданнан азанда өтті дегенг асыға тосып едік. Уақыт түнге айналған соң, тынышымыз кет бастады. Сөйтіп, іздеп шыққан бетіміз. Ауыл бір қырын қалып сіздер ауытқып, желдеп кетіпсіздер.

Жол жоқ. Бұлдыр белгі де жоқ, компасты пайдаланба болғанбыз, алданып қалдық. Мұнда үнемі осылай дауыл ма Көктем белгісі әлі білінер емес қой.

– Кейде солай. Қардың басын қар алар дейді біздің дала жұрты.

– Бұл далаларыңызда шек бар ма өзі?

– Үш жүз шақырымға дейін иен өлкеде бір бұта кездеспейді, – деді Жәкып.

– Апырай,ә!

Мұртты қазақ темекі тұтатып алып, сөз бастады.

– Менің аты-жөнім Қапез Ембергенов обкомның ауыл шаруашылғы бөлімінің меңгерушісі едім. Тың көтеруге тілек білдірдім. Осында «Нарөлген» совхозына директор етіп белгіледі. Мынау Петр Бойченко Украинадан келген жігіт, партком секретары. Көршісі Иван Селезнев беларустық бас инженер – деп таныстырды. Кәкен мен Жақаң «Нарөлген» совхозы дегенге қайран қалды.

– Қай «Нарөлгенді» айтасыз.

Қапез мұрын астындағы кішкене мұрттын қозғап күлімсіреді де:

– Осы бес трактор мен он бес шақты адам «Нарөлген» совхозымыз. Ертең белгіленген жерге совхоз орталығынан қазығын қағып іске кірісе бастаймыз. Кеңсеміз – вагон; үйлеріміз – палатка – деді.

Жақаң өзінің шағын колхоздарына келе жатқан қосымша тың күш болар деп қуанып еді. Олай болмағанына көңілі ортайып қалды.

Мына боранды түнде сайтан екеш сайтан да басын сындырар, – деді партком секретары қойын кітапшасына әлденелерді жазып жатып. Ол құлақшынын бастыра киген қалыпта бешпетін арқасына жамылып Жақаңа тақау отыр. Мүйіз шеңберлі көзәйнегінің арғы жағынан парасатты сұр көздері күлімдеп қарайды. Жүзінде шаршау бар. Бас инженер сакалын түлкінін құйрығындай ұлпілдетіп қойыпты. Сөйлеген сайын жап-жас жүзіндегі басқаларға ерсілеу көрінген ұлпа түктерін мәпелей сипап даланың беймезгіл сырын, ауа райын, топырақ жайын сұрастыра бастады.

– Даламызды қалай мақтасам да ерсі емес. Қаққан қазық көктейтін қара топырақ текесақал бетеге, жайқалған күміс селеу Тобыл мен Обағанға дейін созылып жатыр, – деді қарт қолын сыртқа қарай көтеріп. Партком секретары Бойченко көзәйнегін түсіріңкіреп қойып:

– Колхоздарыңыз қанша егін егеді? – деп сұрады.

- Бір мың үш жүз гектар.
- Небары сол ма?
- Азғана үйміз, елу шакты.
- Өнім қалай?
- Оңбай жатырмыз, гектар басы 8– 10 центнерден.
- Неге олай?
- Танаптарымыз ексірді, жаңасын жыртуға күш жоқ. Өпесе бізде жер жалмауызға да жетеді.
- Тракторлар қайда?
- Трактор біткен бәрі ескі, жаңалары әлі жоқ.
- Солай деңіз.

Петр Алексеевич тағы бірнеше сөзді дәптеріне түр ойланып қалды. Жақаң тамағын кенеді.

Сіздер биыл егіншілікпен айналыса алмайтын шығарсызд Шапшаң мінезді Селезнев іліп ала жөнелді.

– Бәле, биыл ма, биыл совхозды құрып та, егінді өсіріп боламыз. Жақаң сеніңкіремеп еді.

– Бұл жөнінде мына Қапез Кәрімұлынан артық білетін ешкі жоқ– деді Бойченко.

Қапез боранның сұрапыл үніне құлақ қойып ойлан отырған. Ұшы иіле біткен мұрнының астына қалдырған қон мұртын сипап:

– Көктемде он мың гектар тын игеру, совхоз орталығы мен екі бөлімше орталығын салу белгіленіп отыр. Көктемгі ж жыртуда шынжыр табанды елу трактор жұмыс істейді. Он мың гектар егіннің өнімін қабылдайтын орындар салынады.

– Апырай, осылардың барлығына адам қолы керек қой!

– Партияның Орталық Комитеті мен үкіметіміздің жақын өткен Пленумының тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі қаулысын іске асыру үшін біз де аянбай еңбек етуіміз керек.

– Катын-ай, катын! Ой, сенің осы бір ұйқың– ай!

Жәнипа түні бойы қорқыныштан есі кетіп тік отырып, таң жақын қалғып кеткен-ді. Қақпа сыртында сұрапыл бораң қосылып, мотордың гүрілі естіледі.

– Қазан көтер. Айтқа шаламыз деген қоныр ісекті қояйын– деді шал білектерін түрініп. Жәнипа айтқа атаң малды әлдеқайдағы бір танымайтын адамдарға соям деген есінен тана жаздады.

– Ойбай-ау! Жұртым-ау! Мына шал құтырған шығар! Сойғызбаймын ісекті!– деп айғайға басып еді. Жақып та дауысын көтере сөйледі:

Жақып айтқанынан қашан қайтып еді, сонадай ызылдамай сөзді қысқарт, енді!

Жәнипа тағы да айғайлап бірдене айтпак болып еді, кіріп келген Қапезді көріп қысылып қалды.

Бармысың, шешей. Аралас ел емеспіз бе!– деді сырт киімін шешініп жатып. –Жайғасыңдар жігіттер! Қарттың үйі тар емес екен. Төртінші күннен бері адамдар мекеніне бас сұққанымыз ғой. Қарт қоңыр ісекті жайратып салып, қолын жуып от жағуға кіріскенде көмекке Катя келді.

– Әжейге өзім көмектесемін!– деп халатын киіп қазан-ошаққа араласып кетті.

Кәкен, сен де болыссайшы!– деді үй иесі жігітке өктем сөйлеп, олар атүсті танысып та қалған сияқты.

– Жақсыда жаттық жоқ деген ғой. Көгершіндей мүсінді қыз екен өзі!– деп ойлады Жәнипа.

Ауылдың жалғыз көшесі аспанмен астасқан шексіз далаға маңдайын беріп жатыр. Жұрт күрткі қар басқан қора-жайлардың қарын тазартып қорбандап жүр.

– Уа, Жақып Нарөлгенге тарттың ба?

– Ие.

– Әлгі бастықтарыңа біздің сәлемімізді айтасың ғой!

– Әлбетте.

Қарттың туған жері мына Шағалалы маңы. Далабайдың бес үйлі ауылының жұрты бұл күнде белгісіз болып бара жатқан. Бір мың тоғыз жүз отызыншы жылы алғаш колхозға біріккенде атамекенін тастап Шошқалы басына бірінші болып келген осы Далабайдың Жақыбы еді. Колхозды өсіріп-өркендету үшін жарғақ құлағы жастыққа тимеген Жақып істемеген жұмыс бар ма? Отан соғысының ауыр жылдарында аз бейнет көрді ме? Содан да өркендеп кеткен колхоз жоқ. Жер байлығын меңгере алмаған соң, оңушы ма еді.

Жазықта екі-үш үй тұрғызып қалыпты. Бірі еңселі үлкен, екі қабатты. Ығы-жығы адамдар, тракторлар, автомашиналар. Мойнын тырнадай созып көтергіш кран тұр. Кранның мойны тынымсыз қозғалып жоғары-төмен сырғиды. Шыр көбелек айналады. Ұя салған көкқұтанның қылығына ұқсайды. Жылдар

бойы адам игілігін көрер жайлы мекен, жылы ұя тұрғызы жатыр. Міне, жол айрығында қалқып тактай тұр. Жақып осы тактайдағы «Нарөлген астық совхозы» деген жазуды ежікте оқып шықты.

– Астапыралла! Адам мен машина дегенің осында ғой Қашан ғана келіп үлгерген мұнша ел! – деп қарт тандан қарады. Төбеде кіп-кішкентай болып адамдар қараңдайды Қарсы ұшыраған бір адамнан:

– Парткомды қайдан табам, шырағым?– деді, Жақып.

– Арғы беттегі шатырларда болар– деді, анау асығып кеті бара жатып. Шатыр тұрған тұстың қары еріп, құрғап кетіпті Шатыр дейсің-ау, шатырдың көкесі бұл. Ұзындығы отыз-қыры метр, ені жеті-сегіз метр және мұндай шатырлар әлденеше. Нак бір кенеп бүркенген қалашық.

– Жақаң келіп қалыпты ғой! Ассалаумағалейкум, ақсақал!

Жақын-жалт қарап, Қапезді көрді. Қария жерден жеті қоя тапкандай даурығып:

– Апырай-ә, Қапезбісің? Амансындар ма? Сендерді қайда табам деп саскалақтап жүр едім, шыға қалғаның әбден жө болды-ау! – деді. Қапез көңілді. Бармақтай мұртын уқала қойып күлді де:

– Отағасы-ау, біз әлі қала бола қойғамыз жоқ қой адақ қоярлық– деді шатырға қарай жүріп бара жатып.

– Парторг қайда?

– Алыста емес, Петр Алексеевич жиналысқа дайындалы жатыр. Обкомның пленумына барады. Жұмысыңыз бар ма еді

Бір шетіне ұзын дәліз қалдырып әлденеше бөлмеге бөлге шатыр іші нақ тәртіпті жатақханаға ұқсап қалыпты. Арғ түкпірдегі есікті ашып, Қапез шалды қақпалап кіргізді. Кү көзі түсіп тұрған кең бөлменің төріндегі екі столдың бірінді іспен шұғылданып отырған Бойченконың қасқа маңдайы көрді. Сақал- мұрты мұнтаздай қырылған. Бойченко күлімсіре карттың қолын алды.

– Аман-саумысың, қария?

– Аманбыз. Қар арасынан қылтиып бас көтердік. Тіршіл камына кірісетін уақыт болды,– деп Жақаң қойнына қс жүгіртті. – Мынау біздің «Шоға» ұйымының қаулысы, осын әкелдім,– деді өбектей ұсынып.– Не дейсіңдер, әлде сыртқ тебесіңдер ме?

Бойченко асықпай оқып шықты да:

– Қария бұл тілектеріңізге қуанамыз, құптаймыз. Бірақ Петр Алексеевич стол үстіндегі қағаздарды асығыс аударыстырып жатып:– Бірақ оның билігі бізде емес қой, ақсақал-ау, жоғары жақта. Шынында да «Шоғаны» бір бөлімше етіп жіберсе тамаша ғой,– деді.

– Тың көтеру колхоздарға да күш бере бастайтыны анық. Сіздерді де сөзсіз өркендетіп жіберуге тиісті, – деді Қапез темекісін түтіндетіп.

Біздің көпшілік колхоздан да совхоз болу тиімді деп есептейді – деді

Жақаң жұрттың айт дегенін жеткізе алмай отырмын ба деп сасқалақтап. – Біз қайтсек те совхоз боламыз. Өздеріңнің шамаларың келмесе, жоғарыға жеткізіндер көптің тілегін. Сөйтіндер шырақтарымы!

Жақаң шаршап-шалдыққан адамдай отыра кетті. Лепірген көңілі жүдеп қалды.

– Тілегіңіз әбден орынды айтайын, жеткізейін! – деді партком.

Колхозға ұлықсат етпеген күнде өзім келмін. Балам тракторшы, өзім тұғырдан түсіп отырымын ба? Қайда еңбек етсе де адамның өз еркі өзінде ғой. Сонау батыстан Украина, Белорустан, Үркіт, Хабаровтан адамдар келіп, атамекенімді жаңартып жатқанда текке отыра аламын ба?

Қарт қыза сөйледі. Қос қабатты үлкен үйдің бөлмелері сырланып, жылу жүйесі тартылыпты. Жұмыс екінші қабатта көрінеді. Тарсылдап балға ұрылып жатыр. Әр жерден жігіттер айғайлап сөйлеседі.

– Сәлем, бабай! Сәлем Якоб атай! –деген дауыстар естіледі. Володка да, Рахим де, Сергей де, Петр де Жақанды танып дауыстайды.

Бұл жатақхана ғой, елуден артық бөлмесінде екі жүздей адам тұрады. Көрші құрылыстың бір жағы клуб, бір жағы әзірге кеңсе. Арғы дар үй-асхана. Біз осы құрылыстарды жер жыртуға шыққанша бітіруге тиістіміз– деді, Қапез жүре көрсетіп. Қарияның көзі шарасынан шығып таңғала қарады.

– Қапез шырағым-ай, айналасы бір жарым айда қалай тұрғыза қойдыңдар осыларды!– деп бурыл сакалын сипай берді.

– Жұрт жұмыла кіріссе тауды да қопаруға болады, «көп түкірсе көл» деген. Ақсақал даяр үйлер бар ғой. Отыз трактор

күн сайын станциядан құрылыс материалдарын, жаодықтард адамдарды жеткізіп жатыр. Бұлардан басқа біраз тракт сапта тұр. Кеше өзіңіз қарсы алғанда үркердей ғана аз адамд едік. Қазір екі жүз болдык. Тағы да жүздей адам қосылма Солай, аксақал, жұмыс дегеніңіз ұшан-теңіз. Обкомға совх директорлығынан жоғарылатып едім. Енді, міне, жұмыст көкесі мұнда. Жоктан бар жасау. Шынымды айтсам, шарш жүрмін,— деп Қапез теріс карап шырпы жақты.

— Дұрыс— ау! Бейнетсіз рахат бар ма!— деді.

Олар бөренелер мен тактайлардың, үй бөлшектерін арасымен жүріп өтті.

— Сау болыңыз, кария!

— Жоқ, шырағым, коштаспаймын!

Қапез бен Жақаң айналаға көз токтата қызыға, тамашал карайды. Көктем күнімен байтақ дала адам айтқысыз ғажай күйге бөленген. Өлі дала сыздан арыла қоймаған шабдар жаз үстінде көкөжілім мұнар іркіліп тұр. Сонау алыстағы үнсіз жатк сары обалар да, жатаған тобылғы шоктары да сағым селіне қалк жүзіп жүр. Қардан ерте аршылып, күн көзі молырақ түск дөңестерде қызғалдактар гүлдеп, сүйір тілді шөптер қылти шығып келеді. Даланың байырғы тұрғыны ақ құладында канжардай өткір канаттарын сермеп емінсек көздерін төм салып қыр үстінде айналып, қалықтап ұшып жүрді.

* * *

Қапез Ембергенов сапқа тұрған тракторды жағалай кел тоқтап қалды. Құндыз бөркін бастыра киіп, шекпеншесін белін күміс белбеумен тартып Жақып қарт соқаның үстінде темір орындыққа отыра кетті.

— Апырай, Жақа-ай, шыдай алмайсыз ғой. Соқаншы бо оңай жұмыс емес. Кәкеннің жанында жылы кабинада отыры кайтсаңыз да жарайтын еді ғой— деді директор қынжылы Көкшіл мұртының астынан қарттың кетік тістері көрінді.

— Мен жас баладай қызықты тамашалауға келгенім жоқ, те көтеруге келдім, ештеңе етпес, бұл Жақып нені көрмеген?!.

Күн артынан күндер зуылдап өтіп, ғасырлар бойы тылс жатқан тың жерге болат соқа салатын кез де жетті. Бұл тіркелген тракторлар қаз-қатар тізіліп сап түзеп тұр.

Саптың алдына партком секретары Бойченко шықты. Ұзын бойын тік ұстап, қасқа маңдайын сипап қойып, сөз бастады:

– Жолдастар келер ұрпақ жыр етер ұлы науқанды бастағалы тұрмыз. Қадамдарыңыз құтты, еңбектеріңіз жемісті болсын! Жөнеліңіздер енді!

«Жөнеліңіздер» дегенде бірінші ізде тартатын тракторда отырған Кәкен педальді баса беріп еді.

– Кәкен, Кәке-е-ен! – деп айғайлаған нәзік дауысты естіп жалт қарады. Қолында шоқ гүлі бар Катя жүгіріп келеді екен. Қыз әсем киініп күрең шайына қолындағы тал түстес лента тағыпты.– Кәкен, мә, ұста мынаны, жолыңа гүл бітсін!– деп трактор терезесінен гүл шоғын Кәкенге ұсынды. Қария теріс айналды. Қария теріс айналды. «Шіркін, жастық–ай, өтіп кеткен!» – деді күрсініп.

Трактор жөңкіле жөнелді.

Кәкеннің көзі сонау даланың аспанмен астасқан жерінде қызарып көрінген жалауда. Жүк машинасының корабындағы адамдар зор қызыл матаны желмен толқытып, көлбеңдетіп тұр. Кәкен соған түзу тартып келеді. Шаттанып келеді. Катя берген гүлге мейірлене қарайды. Трактор нысанға дәл жетіп, кейін бұрылғанда Жакан:

– Тәңірім, бергеніңе шүкір. Астық енді болады! Ата-бабамызға сараңдық жасап келген қатігез даланы бүгін тың дейді. Бұл дала дегенің игерілмей жатқан тың байлық екен-ау,– деді қарт күмбірлеп.

– Ие, тың игеру осылай басталды,– деді совхоз директоры қатарласа беріп.

Тракторларға тіркелген соқалар шымды бытырлата үзіп, аударып салып барады. Кеше ғана сұрғылт тартқан бедеу жер бусанып, егіле тыныстап жатыр. Қап-қара егістік үстімен әбігерленіп, ақ құладындар қалықтайды.

ІЛИЯСТЫҢ БАҒЫ

(эссе)

Әлқисса...

Араға көп жылдар түсіп, ғұмыр өткен сайын жақсы ағалар, жақсы адамдар жайлы ойлап жүретін болдым. Олар бізден

қаншалықты алыстаса, соншалық жақындай түскендей. Әрке тірі, жайсаң калыпта бізге жасап келе жатқандай. Соларды бірі өзіміздің Ілекең – Ілияс Омаров – халқымыздың кемеңге ұлы, қоғам қайраткері. Мен Ілекеңді не екі рет, не үш рет ғана көріппін. Соның өзінде аз ғана сәтке. Сол аз ғана сәтті әкөңіл, адал жүрегін, баға жетпес адамгершілік қасиеттері алдыма жайып салған еді. Ілекең арамыздан жас, тіпті қыршы кетті десе де болғандай. Өмірінің соңғы сәттерінде Мүсірепов ағаға айтқан мына сөздер ұмытылмақ емес. «Туыскандықты туыстарымның ішінен іздеген жан емес едім. Ұлы жаң дүниемізге кім үндес болса, соны туысқан, соны дос көруш едім. Ондай туысканды өзім іздеп тауып алатын әдетім де болушы еді. Сондай туыскандарым аз да бола бермес. Бәрін де езіліп, шыжылдап күйіп, сағынып жатқан жүректен сәлем айт. Дүниелік қой, біреу разы, біреу наразы шығар. Бірақ Ілияс сондай зәбір етіп еді деп ешкім айта алмас. Бәріне де көп-көп сәлем!» Өзі қайтпас сапарға аттанып бара жатып та бізге ысты құшағын осылай жайып кетіпті Ілекең.

Иә, сол Ілекеңнің іздеп, тауып алған сол туысқаныңын біз мен едім. Қалам ұстап отырып Ілекең жайлы жазбау маған күн: Жазу – туыскандық борышым. Ілекеңнің халыққа, адамдарға істеген жақсылықтарының мыңнан бірін айтып берсем деймін.

Бір мың тоғыз жүз елу алтыншы жылдың бірінші қарашасы Жерде қырбық қар жатыр. Қызылжарға баратын үлкен жол тұрмын. Үлкен деген аты болмаса, құм төселмеген, жаңбырд машиналар тілгілеп кеткен ауыр жол. Ол кезде қатына қазіргідей емес. Автобустар жоқ. Мұнар басып жатқан далада көрінсе қуанасың, бірақ көбісі алмай кетеді. Тағы ұзақ тосу. Тү ауды, әлі жол үстіндемін. Бір жақсысы, үстімдегі ескі таны жылы, сыртында кенеп шекпен, аяқта пима, тонатын емеспін.

Тағы бірнеше көлік тоқтаған жоқ. Бетім қайтып, жасы қалғандаймын. Үш ұйықтасам түсіме кірмейтін осы жағдай қалай тап болдым? Жылы үйде, отбасында жан бағып отырға жан емес пе едім? Қыс ішінде жаяулап жолға шыққаным қан жетіскенім? Бәріне осы тілдей қағаз кінәлі. Түнде ұйқымызда оятып әкеп беріп еді: «Жас жазушылардың мәслихатын барасын», – депті. Тағы сол Ілекең.

Ілекең солай десе, бармайтын не бар? – Бар, жақсылық болар, өз жолыңды табарсың! – деп келіншегім ақыл қосқан.

– Апырау, мына кыста ма? – деп қынжылғам.

«Бар, бардың» астына алған соң жолға шықтым. Алматыны көру көптен бергі арманым еді...Тәуекел деп шыққан бетім... Енді, міне, үлкен жолдың бойында сарғайып тұрғаным мынау. Күн кешкірген соң тағатым таусылып барады. Бір кезде алқасалқа болған ескі жүк машинасы тоқтай қалды.

– Арақ бересің бе?

– Берем.

Ендеше, отыр.

Мойны сорайған ақкөз шофер әлгіден басқа тіл қатқан жоқ. Мылқау адамдай түнеріп отыр. Кедір-бұдыр жолда машина салдырлап келе жатыр. Ішке кірген соң денем жылынып, өткен-кеткенді еске ала бастадым.

Иә, өткен жылы тамыз айының бір бұлтты күні еді. Көп жыл төсек тартып, енді ғана аяғымды басқаным болмаса, саушылық кем. Тағы ауырып қалдым. Тағы да ескі ауру бас көтере бастаған. Жүдеп, жабығып отырғам. Екі адам кірді. Бірі өзіміздің басқарма Сексенбай аға, екіншісі бейтаныс. Қолдасып амандасып, бір бөлмелі үкіштей үйдің төріне жайғасты. Секең хал-жайды сұрастырып жатыр.

– Мына жігітті танысың ба?

– Жоқ.

– Обкомнан келіпті, шаруасын өзі айтар. Обкомнан дегенге танданып қалсам керек. Қоңыр өнді жас жігіт шашын қарсы қайырып:

– Аты-жөнім Ғайсин Өмірзақ, нұсқаушымын,– деді ұяң дауыспен. – Ілияс Омаров жіберің еді.

– Ілияс Омаров дейсің бе?

– Ие, Ілекен, сіздің хал-жағдайыңызбен танысып, қандай көмек керек екенін сұрап біл, әсіресе, денсаулығының жайын анықта. Дәрігерлік көмек керек болса, дереу доктор жіберемін,– деді.

– Не үшін?

Өмірзақ күн қаққан қоңыр өңін бері бұрып, сәл қызарақай сөйледі.

Ілекен сіздің газетке шыққан әңгімелеріңізді калт жібермей оқиды екен,бірақ мұндай жағдайыңызды білмейді екен. Мына мақаладан соң асығыс аттандырды.

Өкіл көрсеткен «Қазақ әдебиеті» бізге әлі келіп жетпеген. Онда сол кезде оқып жүрген қазіргі белгілі заң қызметкері,

жазушы Мөртай Қосшығұловтың қысқа мақаласы жарияланған. Мақалада дарынымды асыра мақтап, денсаулығым мен тұрмыс халымды асыра ауырлатып жіберіпті. Көмек керек, камқорлы керек деп жар салыпты ғой. Бетімнен отым шықты. Әй, құдай ай, соның бәрін неге жазды екен? Жұртты дүрліктіріп, ұя болды-ау деймін.

Сізге көмек керек, соны айтыңыз,— деді өкіл.

Ештеңе де емес, денсаулық керек, туберкулездің жаңа дәріс шықты деп естимін. Құлан-таза жазады дейді. Сол болса ғой, дедім.

— Айтайын, сұрастырайын,— деп кітапшасына түртіп алды.

— Тағы не керек?

— Ештеңе де емес.

Баскарма мен өкіл жүруге ыңғайланып еді, біздің кеңесіміздің үнсіз тындап тұрған келіншегім Кәмеш жатты да жабысты.

— Сіздерді құр ауыз жібере алмаймын. Ас қайнап жатыр Қара қостан да дәм татады ғой. Біздің құтты мекеніміз қос құрлы болмай ма?

Қонақтар тосылып қалды. Ас піскенше әңгіме әдебиет төңірегінде болды. Өмірзақ көпті білетін терең білімді жігіт болып шықты. Классиктер жайлы айта келіп, Ілекеңнің кабинетінде болған кеңеске ауысты:

Шақырды деген соң барсам, жалғыз екен. Алдында «Ленин туының» соңғы саны.

Сіз мына жазушыны білесіз бе?— деп сұрады, тақырыбы «Мансапкор» деп үлкен әріппен басылған кішкентай әңгімен нұсқап.

— Оқыдым.

— Одан басқа несін оқыдың?

— Көбін оқыған сияқтымын, өзі жаңадан шыққан талапкердің бірі болар.

— Мүмкін. Редакциядан сұрастырып біліңізші. Ал мынасы да, бұрын шыққандары да маған ұнайды,— деді.

— Ілекең біреуді жақсы көрсін, жек көрсін, ішкі сезімін жасыра алмайтын адам. «Мансапқоры» тірі кейіпкер, талай кездестірген адамым»,— деп күлді.

— Тірі екені рас,— деп Секен сөзді бөліп кетті.

Жақында осы газетті ұстап Есмұрат деген кісі келіп тұр Кескіні ашулы. «Жалақорға» жаза бар ма?— деп ақырады.

Мұнда мені жазыпты. Көшіп келгенім рас, ешкім қуған жоқ, өз еркіммен ел таптым. Ал ішіп-жеді дегені – жала. Менің жанымда тұрып па?».

Токтаныз, мұнда сіздің аты-жөнііз жоқ. Әлдекандай Шалырбай деген мансапқорды сөз қылыпты, – десем де болмайды.

Секеннің кеңесіне Өмірзақ шегі ката күлді.

– Өмірдің өзінен алынған ғой, – деп қызарақтаймын.

Көп жыл шетте болып, ауылға көшіп келген ескі басқарманың қылықтарына ұқсап кеткен. Жұрт көркем шығармадан таныс-бейтаныстарын іздейді. Біреуіне ұксас болса-ақ, «мынау түген» деп жориды да. Тыныш жатқан әлгі байғұсты түртпектеп, келекелеп бітеді. Есмұраттың ашынғаны да сол.

– Ұксауы ұқсап тұр, – деді Секен күліп.

– Ілекең бір сөзінде шығарма өмірдің өзінен алынса ғана құнды болады деген еді, – деді Өмірзақ.

– Дұрыс сөз, – деймін мен. – Әйтпесе қалай...

Сексенбай Тұралин көпті көрген адам. Ұлы Отан соғысының ардагері еді. Атқару комитетінің төрағасы болып та істеген. Ол өзге басшыларға ешқашан ұксаған емес. Ақжарқын, әңгімешіл. Ас пісіп, оны ішіп аттанғанша өткен – кеткен кеңестерді айтып күлкіге батырды. Айқай – шудан аулақ. Адамдармен қоян-қолтық келіп, жандарын жадырата білетін азамат еді Секен. Аттанарда:

– Сен біздерді – басқармаларды – жаза бер, қисығымызды тезге сал, өзің де ширық енді. Жолың ашық. Тарт, тоқтама! – деді.

– Бұл Секеннің енді ауырма дегені ғой, – деп Өмірзақ та қолымды қысты. – Біз де соны тілейміз.

«Біз» деп отырғаны Ілеке, халық. Осындай қамқорлықтан соң ауырып көр, енді...

Адам жылқы мінезді емес пе? Өзіме сенімім артып, өмір сүру, еңбек етуге деген құштарлық пайда болды. Мұндайда емсіз – ақ жазылып кетуге әбден мүмкін еді. Бірақ Ілекең дәрі жайлы ұмытпапты. Арада ай болмай аудандық ауруханаға шақырылып, жан – жақты тексерілдім.

Осыдан бірер жыл бұрын: «Шырақ, сенің дертіңді жазуға медицинаның күші жетпейді», – деп кесіп айтқан кәрі дәрігер әлі орнында отыр. Бұрынғысынан да қартая түсіпті. Басын шайқап, таңдайын қаға берді. Адам баласының мұншалық жансебілдігіне таңданатын сияқты.

– Мынау жаңа дәрі арнайы жіберіліпті. Бұл медицинаны жаңа табысы,– деп алдыма қойған құмшекерге ұқсас ұнтақт қалай ішу керектігін түсіндіріп болып, «сөзсіз тәуір боласын» деп шығарып салды.

– Алғысымды күн өткен кәрі дәрігерге емес, Ілекеңе айтып келеі сауыға бастадым, таяқты тастадым. Қол жұмыссының ауырын д жеңілін де істедім. Осы жазда Кәмеш екеуіміз қол шалғымен ше шаптық, отын тасыдық. Алматыда ұзақ жүріп қалсам да, отбасы жұтайтын емес. Тәуекел деп тартып кеткенім сол.

Ескі жүк мәшине қақалып– шашалып келеді. Жүріс өнбейті сияқты. Кедір– бұдыр жол аяусыз ұрғылайды. Есілден өткел көк тайғақ. Тік жардан құлай түсіп, шала қатқан мұз үстінде көпірден өтіп, тік жарға қайта көтерілуі қиынның қиыны болды.

Осы күні Покровкадағы үлкен темір көпірден өтіп бар жатып, бір қорқынышты көріністі еске түсірдім. Ақыры әлі жардан трактормен шығуымызға тура келгені. Сөйтіп жүріп ке байланды. Қала шетіне іліккенде айсыз түн болатын. Электрді отты селі жарқырап, толқып тұрды. Май шам жаққан ауылда келген маған мынау таңқаларлық жағдай еді. Бейуақта ұзы көшемен ұзақ жүріп, Серкей ағайдың үйін әзер таптым.

Серкей ағай мен Нүрилә апай жалғыз баласы шекарада оң болып, жетімсіреп отыр екен. Ескіше де, жаңаша да терең білім ағай ауылда совет өкім етін орнатуға белсене қатысқан көзі ашыл көңілі сергек азамат болатын. Бейуақта кіріп келген мені көрі бірнеше жыл төсек тартып жатқан туыстың табанымен жер басы келгеніне шүкірлік қылды. Әлденеше рет өлімге қиған адамымы ғой. Ағай жақын отырып, ауыл амандығын, хал– жайды сұра жатыр. – Пәленше аман ба, пәленше тың ба? – дейді.

Жүріс жағдайымды білгенде:

Кәзітке шыққан әңгімелерінді қалдырмай оқып отырамын. Оқыған сайын туған аулымды көргендей, сырласқандай болам. Өмірден өз жолыңды тауыпсың, құтты болсын!– деді көзде жасаурап.

Серкей ағамның ұзын бурыл сақалы мен құлаққа жеткіз ширатып тастаған келісті кара мұрты, үлкен дөң мұрынды сұлу кескіні бүгінгідей көз алдымда. Адамгершілік пе ғұламалықтың айғағындай болып жадымда қалыпты.

Ертеңінде Петренева көшесіндегі «Ленин туы» газетіне келейін. Көне үйдің жоғарғы қабатына тік баспалдақпен шығады екеі

Қысқа да тар дәліздегі көп есіктерде көп жазулар бар. «Мәдениет бөлімі» дегеніне тәуекел деп кіріп бардым. Шаршылау келген жарық бөлмеде үш-төрт адам қызмет қылып отыр. Сәлемімді ықылассыз алып, қала тәртібін орындық ұсынды да, әрқайсысы өз шаруасын жалғастыра берді. Тонын сүйреткен дала қазағын бірінші көрген сияқты. Төрдегі жұкатай сары жазып отырып, қаздың көзіндей көкпенбек көзімен ұрлана қарайды. Өзгелерде үн жоқ. Бір кезде жұкатай сары қаламын сүйеп қойып:

– Таныспадық қой,— деп керіліп алды.

– Ауылдан келдім.

– Көріп отырмын.

– Көрсен сол, аздап шимайлайтыным бар...

• Жігіттер орнынан тұрып, жапырылып сәлем беріп жатыр.

– Апырау, Зеке, манадан жөніңізді айтпайсыз ба? Сізбен сырттай ағайын болып кеткелі қашан. Өзіңізді бірінші көруіміз, саушылығыңыз қалай?— деп қоршап алды бәрі.

– Мен акын Әли Мұсақанов болам,— деді жұкатай сары.

– Мынау акын Абай Қазиев, анау акын Рахметолла Уәлиев, оған тақау отырған дөңмұрын акын Ғазез Балғожин— бір осалымыз жоқ, түгел акынбыз,— осылай, — деп Әли Мұсақанов белгілі қуақылығына басты.

– Білем, білем, бәріңді де оқыдым. Акын екендерің рас. Керек десең, «Ревизорыңды» жатқа айтып бере алам,— дедім мен Әлиге.

– Мақтағанды кім жек көрсін,— деп рахаттанып қояды ол.

– Жас жазушылардың облыстық мәслихаты кеше бітті. Үлгере алмадыңыз. Бірақ сізді Ілекең қайткен күнде келеді,— деп республикалық мәслихатқа делегат етіп тіркегіп қойды,— десті жігіттер.

Осы арада Рахметолла шыға жөнеліп, көріп ұзамай:

– Ілекең сізді тосып отыр, жүре қойыңыз,— деді аптығып. Сасқалақтап қойдым.

– Жүріңіз, жаяу жете алатын жер, осы арада тиіп тұр. Машина жібермек еді, бас тарттым,— деді Рахметолла.

Қазіргі облыстық аурухана болып тұрған обкомның үйі редакцияға расында жақын екен. Баспалдақтан жоғары көтерілдік. Арман етіп жүрген үлкен адаммен кездесу сәті мұншалық тез түскені таңғаларлық еді. Қос қабат есіктің сыртқысын ашқанда— ақ іштен нәзік әтір иісі аңқып қоя берді.

Кең кабинеттің арғы төрінен сымдай тартылған жайдары жүзі керекарыс маңдайлы, келісті адам бері беттеп келе жатты. Ол нақ орта тұста мені тосып алып, қос- қолдап амандасы креслоға отырғызды. Өзі екіншісіне жайғасты. Мүйіз шеңбер көзәйнектің ар жағынан мейірімді үлкен көздерімен қарады. С алғашқы сөзді денсаулығымның жайын сұраудан бастады:

Қашан, қалай келгенімді, қайда тоқтағанымды, мұқта болсам, қонақүйде бөлме бар екенін тез-тез айтып шықты.

Рахмет, осында туысқанымның үйндемін, – дедім.

Қазақстан Орталық партия комитетінің секретары болы тұрғанда Илияс Омаровтың газетке басылған фотосурет көріп, баяндамаларын оқитынбыз. Сонд Ілекеңмен осыла кездесем деп кім ойлаған. Және менің жас қиялымда кісі батырлардың батыры болып есептелетін. Ілекең әлі жа жас, ер тұлғалы, сырбаз адам екен. Қазір де кеменгерд алдында өзімді қалай ұстап, қалай сөйлеу керектігіне ақылы жетпей, қысылып қалсам керек. Соны сезген Ілекең ауылдағ ағайларша жымып қойып, ел жайын, ауыл тұрмысы сұрастыра бастады. Бұрынғы ауылды елестете отырып, қазір өзгерістерді білгісі келді.

Шым үйлі, жер еденді баспаналар соғыс біткеннен с азайды. Жұрт үй тұрмысын жөндеуге ұмтылуда. Әсіресе, аға үйлер салуға талпынуда. Бірақ...

– Айта беріңіз...

Бірақ құрылыс материалдары жоқ, сол көп бөгет.

– Өз үйіңіз қандай?

– Бір бөлмелі ағаш үй.

– Көлемі?

– Төрт те бес.

– Отбасында кімдер бар?

– Үш бала мен келіншегім.

– Ілекең балалардың жасын, аты– жөніне дейін сұрап білді д

– Үйіңіз өте тар екен, – деп кәдімгідей ренжіп қалды.

– Жоқ, аға, үйіміз кішірек болса да, ескі емес, үш-төрт жь бұрын ағайын көмектесе тұрғызып берген, – дедім.

Ілекең сол ауыл тірлігіне қарай бұрды.

– Ауылымыз шағын, небары отыз шақты үйміз. Мәден орындар жоқ, радио жоқ. Әзірге бұрынғыша бәрі.

Колхоздың орталығы Баянда ше?

– Оларда жарык бар, радио жок. Клубтары ескі, кино көрсетпейді.

– Онысы жарамаған екен. Ал көгалдандыру қалай?

– Бізде жок. Баянда бірер үйде тал өсіп тұр. Негізінен татарлардың үйінде.

– Үй гүлдері ше?

– Ол да соларда.

Мені ұялтпас үшін ғой деймін, «өз үйінде бар ма?»– деп сұрамады. Ол кісі аз– кем ойланып қалды. Сонан соң күлімсіреп:

– Үйге үй гүлін өсіре бастады дегенше мәдениет кірді деп біліңіз. Ал аулаңызда тал өссе, ауыл көркейді деп есептеңіз.

Алғаш осының бәрі ұсақ-түйек, тіпті, сөз етуге тұрмайтын бірдене болып көрініп еді. Ілекеңдей үлкен адамның майда-шүйдені сөз еткеніне ренжіп те қалдым. Кейін түсінсем, ол кісі араласқан небір кішкентай істің өзі зорайып, мазмұнданып кетеді екен. Назар аударған ұсақ-түйектері ауылды мәдениеттендіріп, халықтың тұрмысын жақсартуға апаратын сенімді баспалдақтар екен. Осы жолы Ілекеңнің уақыты көп пе, немесе ауыл тірлігін түбегейлі біліп алайын деді ме, әйтеуір асықпай көп отырды. Ауылдың күнгеі мен көлеңкелі жақтарын сұрады. Әдет-ғұрып, той-томалақтың қалай өтетінін де білгісі келді. Той– жиын, араксыз, сырсыз өтпейтіндігін, біраз адамдар ішуді өнер көріп, жастарды да тартып бара жатқандығын айтқанымда, Ілекең қатты тіксініп:

– Міне, бұл бақытсыздыққа бастайтын қасірет жолы!– деп орнынан тұрып кетті.

Ауа жетпегендей желдеткішті ашып, жүдеу тартқан күзгі көшеге қарады. Қабақтары түйіліп қана қоймай, күйзеліп тұр екен. Кейін ойласам, келер ұрпақ тағдыры екен ғой күйзелткен.

– Арак біздің ауылға елуінші жылдардың қарсаңында келді. Оған дейін не екенін де білмеген,– дедім.

– Сол қалпы білмегені абзал еді ғой,– деді Ілекең. Жә, әңгімеміз көңілсіз болып бара ма, қалай? Басқаға көшейік.

Ілекең енді қайтадан жайдары қалыпка түсті.

Шығармаларыңыздан мүмкіншілігі мол жас талапкердің өсіп келе жатқанын көріп бек қуанамын,– деді.– Негізінде сіз Чехов пен Бейімбеттен көп үйренгенге ұқсайсың. Әңгімелеріңіз қысқа да, тіліңіз құнарлы, ~~тіліңіз құнарлы~~, юморға толы. «Сөз өнерінің күші аз сөзбен көп жағдайды білдіруінде» деп

Плутарх айтқандай, екі- үш бет әңгіменіңден тірі адамды, оны ой-арманын, бар болмысын жазбай таныта алады екенсіз. Бұ сіздің ілгері дамыта, шындай түсетін жазу тәсіліңіз болу керек. Осы қолтаңбаларыңыздан жаңылмауыңызды қалар едім, – деді

Мен қызарып кетсем керек.

– Сізді шамадан тыс отырғам жоқ, расы осы, жалғыз-а айтарым, жазуда асығыстық болмасын. Оқушы деген қата сыншы, мүлт кеткен жеріңізді тап басып, тани алады. Жо-жоқ мен сіздің шығармаларыңыздан ондай ағаттықты байқамадым. Айтып жатқан ескертпем. Сізге Белинский мен Герценді мұқия оқу керек. Бұларда жас жазушыларға үйренер тағлым мол – де. Ілекең тұрып барып үстел тартпасынан газеттер алып шықты.

– Сіздің шығармаларыңызды жинастырып жүргем, – деп ол газеттерді парақтап. – «Кеселдінің кесірі», «Мансапқор», «Сойдақ тіс», «Мұсатайдың бір күні» қып- қысқа дүниелер. Осы төрт әңгімеде төрт түрлі жағдай, төрт түрлі адам мінез бар. Ауылдағы өзіміздің ағайындар ғой. Оқып отырып әлі адамдармен жүзбе-жүз кездескендей өзгеше қызық әсер алдым. Ал осылар тура болған оқиға ма деймін.

– Рас, болған. Адамдардың есімдері ғана өзгертілген.

– Міне, шығарма өмірдің өзіндей дейтініміз, осы, – деді Ілеке дауысын көтере сөйлеп. – Шығарманың көркемдігі – өмірді тап басып, шынайы көрсете білуде. Тап басып дегенде... – деп сәл ойланып қалды. – Тап басып дегенде, өмірде болған немесе оқиғаны сол болмысымен

Көшіре салудың да реті жоқ. Жазушы бал арасына ұқсас. Бал арасы гүлдің шырынын алып, өз балын құяды. Сол сияқты жазушы да гүлдің иісін алып, өз гүлін жасауға тиісті. Өмірдегі болған оқиғаны өз қиялымен, өз шабытымен орап, өзгешесерлеуге тиісті. Көркем шығарма жазу – өмірді білу, сүю ғана емес. Шарт сол, көрген – білгенді көркемдікке айналдыру. Бұл тұрғыда сіздің ілгері басқандығыңыз бар. Әңгімелеріңізді жағымсыз кейіпкерлердің бояуы қою, тал керісінше жағымды кейіпкердің кескіні солғын тартып, тасалау қалып қоя ма, қалай? Біз жаманнан жиіркеніп отырып, жақсының жақсылығын бас айтуымыз керек. Мен сыншы да, әдебиетші де емеспін. Көп оқырманның бірі ғанамын. Өз ойымша осылай сияқты. Сіз көңіліңізге ала көрмеңіз, – деп Ілекең күлімдей қарады.

– Атамаңыз, ол не дегеніңіз? – деп сасқалақтап қалдым.

Осы кезде телефон шырылдап, Алматы байланысқа шықты да, Ілекең секретарына:

Мыны кісіні үйіне апарып салсын,— деді. —Ал, сау болыңыз, тағы да кездесеміз ғой. Алло, Алматы ма? Иә, мен ғой...

Кейінде Ілекеңнің қоңыр дауысы естіліп жатты.

Ертеңіне Ілекеңнің ақ «Победасы» тағы келді. Кешегі сол қызыл шаш шофер.

— Сізді Ілияс Омаров шақырады,— деді.

Күн сенбі болатын. Ілекең бүгін сарғылт костюм киіпті. Нәзік иісудың иісі шығады. Кешегіден әлдеқайда көңілді әрі сергек. Көптен таныс, сырлас адамдай хал— жағдайымды сұрап жатыр.

Кеше сөзіміз бөлініп кетті. Айтылмаған, анықталмаған жағдайларыңыз, ниетіңізді сұрап білуге уақыт та болмай қалды. Енді соған көшейік. Айтыңызшы, сізге қандай көмек керек. Ұялмаңыз.

— Аға, тіпті, ештеңе де керегі жоқ. Қам жеменіз.

— Мүмкін емес,— деп дауысы қатқыл шықты. — Онда сізге керекті мен айтайын. Алдымен денсаулық керек. Бұл ең бастысы. Осында облыстық денсаулық сақтау бөлімінің бастығы Сағымбек Ақжанов деген жолдас бар. Мен телефон соғып сөйлестім. Аанада Өмірзақ Ғайсин айтқан жаңа дәріңіз түсіпті. Керегінше беруге келісті. Бұл бір.

Мен танданғанымды жасыра алмадым. Мұншалық үлкен жұмыс атқара отырып, бір жыл бұрын айтыла салған болмашыны жадына сақтап, жеріне жеткізіп отырғанына қайран қалдым.

— Ол болмашы дүние емес, денсаулық, ал дені сау адам — ең бақытты жан!— деді Ілекең. — Екінші, бала — шағаңыз көбейіп келеді екен. Ол үлкен қуаныш, бірақ баспанаңыз тар. Сізге кең, тұрмысқа лайық үй керек.

Ағай— ау, ондай үй салуға менде мүмкіндік жоқ қой,— деп зар қаттым.

— Ештеңе етпейді, көмектесеміз. Негізгі салмақты колхозға саламыз.

Үшінші шаруа кітабынды бастыру. Жинақ етіп шығарарлықтай шығармаларыңыз жеткілікті ме?

Әрине, көбін жұрт газеттен оқып жүр. Басылмағандары да бар. Қыркыншы жылдан өлеңдерім үзбей шығып жүрді. Осы күні қарасам, өте төмен.

– Оларды қоя тұрыңыз, әңгімелер жинағын дайынданы Сіздің жазғаныңыздың оқырман көңілінен шығатынына кәм сенемін.

Ілекең орнынан тұрып, үстелдің тартпасынан обкомның конвертіне салған үш хат алып шықты. Біріншісін Сәбитке екіншісін Ғабитке, үшіншісін Орталық Комитеттің бөлі бастығы Серікбай Бейсенбаев жолдасқа табыс етіңіз. Сіз көмек жасауын өтіндім. Өзіңіз қашан жүрмекші едіңіз?

– Дүйсенбі күні танертен.

– Ендеше, қазір төмен түсіп, Лосов деген жолдасқа кіріні Бүгін қысқа күн, кетіп қалар,– деп асықтырды Ілекең.

Күнгірт кабинетте отырған түнеріңкі адам бас-аяғы тандана қарап, көрші бөлмеден біреуді шақырып ертіп жіберді Ол сейфті ашып, қырық сом ақша берді. Дәлізге шықсаң үстінде костюміне ұқсас сарғылт пальтосы, басында көк елті бөркі бар Ілекең тосып тұр екен.

– Алдың ба?

– Алдым, рахмет!

– Бары сол болып қалды,– деп кәдімгідей киналып тұр.

– Оқасы жоқ, осының өзі артық,– деп жатырмын ғой.

«Победаның» артқы орындығына жайғасқан соң, Ілекең сөз кәдірі жайлы бір қызық пайымдауларын айтты.

– Біз сөз кәдірін анық біле бермейді екенбіз. Ауызға түске сөзді ойланбай айта саламыз. Сөйтсек, ең асылымызды, қымба байлығымызды арзандатып алады екенбіз. Сөзіміздің кәдір кетсе, өзіміздің де кәдіріміздің кететінін ескере бермеймі: Сөз кәдірін бағаламай, жақсы сөзді оңды-солды бората береті орынсыз жомарттық та сөз білмеудің бір түрі. Көп жесең балда да шығып кетесің. Ал қисық тілді шығарма сақау адам секілді кәрі құлақты кеседі, жас құлаққа жаман үлгі болады, бала авторды үстірттікке үйретеді. Сөзді бағалау, сөзге тоқтау, сөзде мағына іздеу адамды мәдени қоректендіре түседі. Әсіресе ана тілін білу, оның қасиетіне түсіну-басты борышымыз. Бұл әсіресе, жазушыларға қатысты, – деп Ілекең жымылып күлді Осы кемеңгерлік сөздері әлі күнге құлағымда.

Сөйткенше, машина Киров пен Карл Маркс көшесіне қиылысындағы үйдің алдына тоқтады.

– Ал, жолыңыз болсын, астанадағы жолдастарға сәле айтыңыз, – деді Ілекең.

Мен түсіп қалдым. Машина әрірек барып, көше бұрышынан көрінбей кетті. Сол кішкене ағаш үй биік ғимараттар арасында жапырайып тұр. Осы жерден өткенде әркез Ілекенді еске алам.

Алматыға үшеу болып аттандық. Ол кезде самолет жоқ. Кәдімгі шабан пойыз. Вагондарын кою кара түтінге орап, бүлкектеп отырады. Жолдастарым: акын Әли Мұсаханов пен Ғазез Балғожиндер, екеуі де жас, мен ересектеумін. Екеуі де сыйлап: «Зеке, Зекелеп» тұрғандары... Бакқандары ойын-сауық. Әли талдырмаш, Ғазез толықтау, кара торы, тау халықтарына ұқсайды. Содан ба, Әли: «Балғожа бидің баласы» дей ме, «шеркеш» дей ме, ал өзін арабка ұксатуға әуес. «Әли ибн Мұсахан әл-Абыралы» болам дейді.

Поезд токтаса екеуі станцияға жүгіріп, жүрсе вагон-ресторанға жүгіріп, көршілерді қыдырып, дамыл көрмейді. Мен болсам таң атқаннан шексіз далаға талмай қараумен келемін.

Шексіз боз дала талай тарихты бауырына басып жатқандай. Сонау таз төбелер, бел-белестерден асып, шапқыншылыққа ұшыраған жосыған дала. Қазақ қолдары жонғарларды қансырата қуған дала. Оған сонау шошақ молалар, мұнды обалар куә. Сондықтан да, бұл дала көзге ыстық, көңілге жақын. Ел сирек, арасы ашық разъездерде екі-үш үй ұшырайды. Бірлі-жарым малы жайылып жатады. Манайында міндетті түрде шағын зираттар бар. Күн қақтаған теміржолшылар сары жалаушасын көрсетіп, шығарып салып тұрады. Қанына сіңген әдет. Бұлардағы мал да, жан да пойыздың дүркілі мен ысқырығына әбден үйреніп алған.

Әрі қарай түйенің терісіндей сары дала тағы созылады, тағы да сурет. Оңтүстікке тақалған сайын жер бедері де өзгеріп, төбелер биіктеп, пойыз қызыл шақа тас жыралармен өтіп, терең сайларды жиектеп, кейде орақша иіліп айналып келеді.

– Түу, Зеке-ай, сен де бір жалықпайды екенсің,– деп күледі екі қу.

– Туған жеріміз жайлы аталарымыздан, ақсақалдардан естіген маған көзбен көру неге жалықтырсын?!– деймін.

Шудан асқан соң, көкжиекте қатпар-қатпар ақ бұлттар пайда болды. Бұл емес, бұлт сілемдер. О, жарықтық-ай! Алатау ма, анау? Алатау ғой! Біздің жақта бір шөкім құм не асықтай тас емге табылмайтындықтан, нағыз тауды маған көру қызық. Көз алмай қараумен келемін.

Ғазез бен Әли өлеңдерін, пародияларын оқиды. Әлдене қызу таласып қалып, қайтадан мәмлеге келеді. Құлық айты өздері де келеді, мені де күлдіреді. Ал анекдотқа келген, Әли алдына жан салмайды. Соңғы жылдары газетке шыққан өлеңдерінің көбі күлкілі.

Өмірде бар күлдіргі жәйттерді не қара сөзбен, не өлеңмен нәшіне келтіріп, айтып береді. Кейде өзімен-өзі болып б нүктеге қадалып отырғаны. Өлеңдерін оқып болып: «Ә шеркеш, шәй әкел! – дейтіні бар.

Астанаға түнде жеттік. Біз поезд тоқтаған соң шұбатылып түсе бастадық. Алматыға бірінші келіп тұрғаным. Мені Әли мен Ғазезге ере беру. Әли осында оқыпты. Қалан алақандағыдай біледі екен. Қонақүйлерде орын жоқ.

– Ғажап екен, әсем екен, көрікті екен Алматы, – деп Ғаззедте жөнөп еді:

– Сырттан келген адамдарға қонақ үй болмапты, – деп қағз жетті.

– Әй, жігіттер, ойынды қойсандаршы, – деймін кейіп.

Жарқырап жатқан асфальт көшемен бір бойшаң адам біз қарап салдыртып келеді екен.

– Мынау, өзіміздің Сафуан ғой.

Сафуан Шәймерденов бұрынғысынан да биіктеп, мүсіндеп түсіп, кәдімгі қала азаматы болыпты болыпты. Жүргі жөнімізді айтқанда Әттеген-ай, ертерек келіп қалғансында Мәслихат желтоқсанның

17-ісі күні ғой», – деді.

Арада он бес күн бар. Қуанып келген көңіл су сепкенде басылды.

Көк базардың іргесінде «жүргіншілер үйі» деген бір жұпын баспана бар екен, соған орналасып, енді енді не істейтінім жайлы ойластырды.

– Мен үйге қайтам, – дедім.

– Апырау, Зеке-ау, сізге не болған, аңсаған астанаға келіп тұра қашқанның қалай, он жылдай төсек тартып жатқаның шыдап едің ғой, шыда! – деп жатты да жабысты. Ақылға салып келіп, осылардікі жөн шығар деп ойладым. Астананы армансы көрейік, күні жеткен соң мәслихатына қатысайық. Әде жіберген Ілекеңді ренжітіп алармын, – дедім де, – тәуекел – де қалып қойдым.

ce,

Театрға, киноға бардык. Қаланың ең көрікті жерлерін араладық. Панфилов атындағы парк іргемізде болатын. Шіркеу-музейге кірдік. Одан Горький атындағы паркке, зоопаркке бардык. Небары бір жұмадай ғана уақыт өтті. Жалығып кеттім. Маған өзімнің кішкене ауылым, өз ошағым бәрінен де ыстық сияқты. Ауырынқырап отырғам. Екеуі кештетіп келді. Қызу екен. Лепіре сөйлейді. «Бір таныстар кездесіп, ресторанда болып...»— дейді Әли. Ертесінде екеуіне де ұрыстым. Бүйте бере каражат жетпей тарығатындарын, арақтың зияндығын баса айтып жатырмын. Кінәлі адамдар бастарын төмен салбыратып тұр. Бір кезде Әли басын көтеріп, аздап ойланып алды да:

Араның улы тісімен,

Жиналған балды жеп көр де.

Ой жиған адал кісіден,

Естісең сөгіс, жек көрме,— деп қалтасындағы бар ақшасын алдыма қойды.

— Біз қаржы ұстай алмайтын сияқтымыз. Ендігі бастығымыз да, кассиріміз де өзін бол,— деді.

Ғазез де сөйтті. Қиын міндетті мойныма алуға тура келді. Оның есесіне, жігіттердің араққа үйірсек, кештетіп жүретін жүрістері тыйылды. Керек болса, тиып-тебен сұрап, қиылып тұрғандары. Мұны екі қу «біздің үш адамдық коммунамыз» деп атап кетті.

Ауылда жатып апта сайын хат жазатын Жазушылар одағының үйі «Пролетарская, 11— ге» ертесіне барғанбыз. Көлік кіретін қақпасы, тар ауласы бар карама-қарсы салынған кішірек ескі ағаш үй екен. «Жұлдыз» бен «Қазақ әдебиетінің» редакциялары да, одақтың барлық бөлімдері де осында. Тар, қапырық. Үкіштей бөлмелерде адамдар қызмет істеп отыр. Көп жылдар шығармаларын оқып, суреттерін мектеп оқулықтарынан көрген акын— жазушыларды осында кездестірдік. Бірінші болып Сейітжан Омаров ағай жолықты. Аты-жөнімізді білген соң, кәдімгідей қуанып қалды. Столынан менің әңгімелерімнің қолжазбасын алып, қанағаттанарлық екенін айтты. Мәслихатқа деп прозалық дүниелерді жинастырып жүрген болу керек. Басында зерлеген қызыл тебетейі бар акын Жұмағали Саинды да, «Миллионер» мен «Шығанағын» құмартып оқыған Ғабиден Мұстафинді де кездестірдік.

— Жақсы шығармалар жазыңдар, жақсыға жол ашық,— деді ағалық ақылын айтып. Ал Ілекен жіберген үш хаттың иелері

мұннан табылмады. Сәбит ағай одаққа сирек келе ме, сол күні үйінде де болмады ғой деймін, хатты қалдырып кеттік. Ғабит ағаның қызмет қылатын жері басқа жақта болды. Іздеп таптық. Ескі үй, кішкене кабинет. Есік алдында хатшы қыз отыр. «Кірсін», – депті. Кірдім. Тар, тіпті жұмыс столдары жақын екен.

Үстінде кара костюм, ак көйлек, қызыл галстук. Иегімен орындықты нұсқады. Бас-аяғыма қарап қойып, алдында жатқан «Қазбектің» бірін алып, асықпай уқалады, тұтатты. Түтінді шамалап сорып, үрлеп тастады. Темекіні құнығып емес, ермекке тартып отырған сияқты. Сонан соң қисық қайырылатын кекілін серпіп:

– Сөйле, – деді.

Сөйлемес бұрын Ілекеннің хатын ұсындым. Хатты алып, аударып көріп, еппен ашты. Хаттың алғашқы жолдарына көз жүгірткенде, арасы алшақ қастарын керіп, күлімсірей бастады. Оқыған болып, иек астына қойып біраз отырды да:

– Әлгі Ілиястың тауып алған інілерінің бірі екенсің ғой, – деді. (жаратпай, кекетіп айтқан сияқты)

– Ие.

– Сен туралы телефоннан да айтып, хатқа да жазып жіберіпті. Кәне, не өнерің бар, көрсетші. Сені болашақ Чехов, болашақ Бейімбет депті. Оқышы бір әңгіменді, – деді.

Қатты қысылып қалдым. Қысылатыным – әңгіме жазған дәптерімді қонақүйде қалдырғам. Бірақ «пәлен-шүлен» дег ақталатын жер емес. Күш-қайратымды жинап, демімді ішке тартып, шалқайыңқырап отырып: «Ағасы», – деп әңгіменің тақырыбын хабарладым да, жатқа оқи жөнелдім. «Жүрегі поездың қарбаласы әлі біткен де жоқ. Ертерек жайғасып алған Қабыл ауладағы адамдардың төбесінен қарап, үнсіз отыра берді Әбігерге түскен бір халық. Соқтығысып кимелесіп жатқандары – Сәлем, інішек!

Купенің тілдей есігінен сары кісі бас сұқты...»

Қысқа әңгімені ортасынан аударып бара жатыр едім: «Тоқта жетті!» деп тиып тастады. – «Мынауың бір картожник пәл болды ғой»

Ғабит аға алғашқыдай кекете сөйлеген жоқ. Мактаған да жоқ. Ел тірлігін, ауылда білетін адамдарын, семья жағдайымды тұрмыс-халімді, денсаулығымды сұрастырды.

– Жасың нешеде?

– Отыз екідемін.

– Өзің де кәртәміш екенсің. Адамның ақыл-парасаты толысатын кез осы тұс, не қалайсың менен?

– Кітабымды бастырайын деп ем.

– Е–е, бастыр, кім кой деді.

– Көмектессеңіз...

Ғабит шалқайыңқырап отырды. «Қазбектің» біреуін тағы сүйреп кетті.

– Ілияс «емделу үшін қаражат бер»,– депті. Ондай мүмкіндік әзірше жоқ. Кітабың шыкса, қаламақысын жақсылап төлейтін етерміз. Иә, қалмақы мәселесі де қиын,– деді темекісін түтіндетіп. – Сен кітап басуға көмектес,– дейсін. Ол өзіне байланысты. Жақсы кітапты кім баспайды. Мұндайда Ілияс ағанның көмегіне ғана сүйенсең, сенен қандай жазушы шығады. Мен терлеп кеттім.

– Сені бетіннен қағып, тұқыртып алайын деп отырғам жоқ. Жақсы жазушы болу үшін көп оқу, көп іздену керек. Соны талап етемін!,– деді.

– Рахмет,аға! Бұл ақылыңыз әрқашан жадымда болады,– дедім маңдайымды сүртініп.

Жолдастарым көп тосып қалыпты.

– Ештеңе етпес, бізге бәрібір күн өткізу керек қой,– деп Ғазез керіліп алды. Жатақханаға келіп аунай кеттік. Ертеңінде Қазақстан Орталық партия комитетіне келдік. Ол кезде ескіүйде. Жаңа үкімет үйі салынып жатқан. Серікбай Бейсенбаевқа жету қиын екен. Пропуск алудың сәті түспей қынжылып тұр едім, партия билетімен өте беруге болады екен. Партиялық стажым он жылдай. Милиционер жігіт бастап жүрді. Терезелері жерге иек сүйеген аласа кабинеттің төрінде жас жігіт тұқырып алып, телефонмен сөйлесіп отыр. «Иә, сау болыңыз, тағы да кенесерміз. Иә, солай!» – деп телефон тұтқасын зорға қойып маған қарады. Орын көрсетті. Хатты бердім. Оқып көріп, күлімсіреді.

– Жаңағы сөйлескен Ілекен ғой, сізді барды ма деп іздестіріп жатыр,– деді.

– Келіп тұрмын!

– Сіздің жағдайыңызды хатпен де, ауызша да айтты. Курортқа жолдама алуға көмектесуімді өтініпті. Ілекеннің сөзін жерге тастамаймын, әзірге қиын болып тұр. Мүмкіндік болса, хабарласармын,– деді.

Жақында қазақ телевизиясынан берілген бір хабарда Серікб Бейсенбаевты көріп қуанып қалдым. Академик болыпты. Уақ дегенін істейді екен. Бетке әжім, шашка ақ түсіпті. Бірақ ол мен жадымда жас кезіндегідей сақталып қалыпты.

Көптен күткен мәслихат басталар күн де жетті: Республиканың түкпір-түкпірінен дарынды жастар ағылд Солармен бірге бізге де «Алматы» қонақүйінен орын бер. Шетел туристеріне арналған ең тәуір сол екен. Қазіргі «Алматы қонақүйінің іргесінде тұратын.

Бөлмелер жастарға толы. Көршіде біреудің саңқылдағ қатты дауысы естіліп жатыр. Қызу жарыссөз басталып кеткенде Есік қақтық. Басында үлкен құлақшыны бар тонды жігіт «Кіріңіздер, – деді де әрі қарай төпей жөнелді. – Жергілікті жер жас жазушылардың шығармашылық өсуіне мән берілмей, Жергілікті газеттер шығармаларын үнемі басып, көмектесі демеп отырмайды. Республикалық әдеби журнал «Әдебиет және искусство» мен «Қазақ әдебиеті» газеттері тек астаналықтарды шығармаларын басады. Жастарға қамқорлық кем...»

Дәптердің бірнеше бетін оқып тастап, маңдай тер сұртты. Сөздерінің жаны бар сияқты. Беті майлы тоқашт. жылтырайды. Көздері өткір, қайтпас қайрат пен жігер күш танытқандай. Шашын қайырып:

– Жамбылдықпын, жас акын Шона Смаханұлы бола мынау мәслихатта сөйлейін деген сөзім, – деді.

Біздің облыста, керісінше, жас талапкерлерді іздеп тауы барынша көмектесіп, қолдап жатыр, – деп едік, Шонаны қытығына тиді-ау.

– Илияс Омаров сияқты әдебиеттің досы, үлкен жүрегі қамқоршымыз болса, біз де сөйтер едік. Сол кісінің арқасы, – де.

– Әрине, – дедік біз де мақтанышпен.

Тұңғыш кездестірген әріптесім болғандықтан ба, әлде, бет айтатын турашылдығынан ба, Шонаны жақсы көріп кеттім.

Сонан бері қанша сатиралық өлең кітаптарын шығарды Әзіл сүйетін халық Шонаның шығармаларын сүйіп оқыды «Шона дегенше сона десейші» – дейтіндер болды. Сол Шона өткен жылы Қазақстан Жазушыларының ІХ съезі күнде кездестірдім, қартаймапты. Бұрынғысынан да жылтырай түскен Тіпті бұл мәңгі қартаймайтын шығар деген ой келді. Келесі күні Жазушылар үйінде екінші рет көргенімде кескіні кетіп:

– Аңыздағыдай жеті қу– жеті сатирик едік, біреуіміз шетінеп кетті. Оспанхан бауырымнан айрылып қалдым,– деді еңсесі түсіп.

Жақында ғана әзіл күнінде теледидардан сықак оқып, шек–сілемізді қатырған. Қайтыс болды дегенге сенгім келмейді. Шындықтың аты– шындық. Сұм ажалдың ісі.

– Ей, жарандар, халық әлі талай Оспанхандарды тудырар, солардың арасынан біздің Оспанхан да лайықты орнын табар,– деді Шона көңіліне демеу етіп.

Шонаның кәдімгідей жүдеп, ойсырап қалыпты. Адам көңіл деген осы...

– Иә, бірді айтып, бірге кетем. Қазақстан жас жазушыларының бірінші мәслихаты бір мың тоғыз жүз елу алтыншы жылы, он жетінші желтоқсанда басталмақ. Ескі Үкімет үйінің шағын залы толы. Мұнда жастар да, жасамыстар да түгел. Мәслихат Жазушылар одағының пленумымен қосылып өткізеді екен. Жиналыс ашыларда Президиум столына басшылар келіп жайғаса бастады.

Әли бүйіріме түртті:

– Әне, Мұхтар келді, анау Сәбит...

– Үндеме...

Мұнда біраз күн іссіз жүріп те екі алыпты көрудің сәті түспеген. Қазір енді көз алдымызға өздері келіп отырды. Екеуі де біз білетін суреттерінен аумапты. Бірақ бұлар нағыз тірі Мұхтар, тірі Сәбит. Сәкеннің шағын мұртына аздап ақ араласа бастапты. Мұхтардың кең маңдайын терезеден тура түскен күн сәулесі жарқыратып тұр. Сәбитке тақалып сыбырлады да, екеуі бұрылып, Ғабитке бірдеңе айтқандай болды. Анау келіскендей сыңай танытып, орнынан тұрды. Кекілін қайырып тастап, залдағы көп халықтың арасынан біреуді іздегендей асықпай қарап алып:

Жолдастар!– деп әсерлі дауысымен сөз бастады. Қазақстан Жазушылар одағының кезектен тыс пленумы мен республика жас жазушыларының мәслихатын ашық деп жариялаймын.. Кіріспе сөз Мұхтар Әуезовқа беріледі.

Орнымыздан тұрып қол создық. Дүрліккен залға күлімсірей қарап, Мұхтар «жетер енді» дегендей қолын көтерді. Бір үлкен шаруа тындырып тастағандай, жабыла орнымызға отырып жатырмыз.

Мұхтар мінбеде тік тұрып: «Жолдастар!» – деп ақырын бастап, таза қазақ тілінде сөйледі. Қағазға да қараған жоқ,

мінбенің жақтауынан ұстап қозғалақтаған да жоқ. Мүлтіксіз сұлу сөйлемдер жібектей есіліп жүре берді. Мұқанның аузынан шыққан қара сөздің өзі жыр дастандай әсем, әуенді, миына жарып құйғандай түсінікті екен. Дауыс ырғағын біртіндеп қатайта беріп бір қалыпты қоңыр үнге келтіріп алды да, сөйлеп кетті. Мұхтар аға тура 20 минут сөйлеп, сөзін аяқтағанда тағы да дүрліге қо соқтық. Осымен біткен шығар дегенбіз. Жок. Ол енді әлгі сөзін орыс тілінде қайта бастады. Орысшасы қазақшасының сөзбе сөз аудармасындай нақпа-нақ екен. Қазақ әдебиетінің бүгіні мен ертеңі жайлы. Әдебиетшілердің алдында тұрған келелі міндеттер жайлы айтты. Қазақстан жазушыларының дарынды өкілдерінің біразы майданнан оралмағанын, мұның өзі ұйым жұмысына зор зиян келтіргенін, әдебиетшілердің есігін қағып, жаңа жас күш біздің келіп тұрғанымызды, сәт сапар, шығармашылық табыс тілейтінін айтты. Сөзін түгел жадымда сақтай алмаппын. Бірақ әлгіндей ағалық ізгі тілегі жадымда қалыпты. Мен Мұхтар Әуезовті өмірімде бір-ақ рет осы жиында көрдім. Одан бері де көп жылдың жүзі болыпты.

Иә, сонымен сол күні қуанышта шек болмады. Ертеңінде жанұ бойынша секцияға бөліп, жас жазушылардың шығармаларын талқылады. Қазақстан Жазушылар одағының проза бөлімін Сафуан Шәймерденов басқарады екен. Проза секциясын сол жүргізді. Бізді тыңдап, пікір айтушылар осал адамдар болмай шықты. Үйдің дәл төрінде қою қара мұртын ширатып тастап жігіт ағасы Сапарғали Бегалин, оған тақау маңдайы жарқырап сыншы Темірғали Нұртазин, Сейітжан Омаров ағайлап жайғасыпты. Шеткірек бала кескінді жап-жас сыншы Айкын Нұркатов отырды. Сафуан бастық болса да, біздің арамызда Біздің дегенде, төрт- бес талапкерміз. Қараторы келген, ер тұлғалы жігіт Досмағамбет Тасекеев— Қызылордадан, толықша келген жігіт Әскен Нәбиев Ақмола облысынан, жүзінде жастың жігері бар жаңаарқалық жігіт— Асан Жұмаділдин, семейлі талапкер — Ғазез Сапаевтар ұстаз алдындағы шәкірттей сыпсыпайы отырмыз. Ағалар бізге жылы ұшырай қарайды. Досмағамбет пен Әскен Сталинградтан Берлинге дейін барып Отан соғысынан оралған жауынгерлер. Мінез— құлықтарында әлі де әскери тәртіптің ізі бар.

Бәріміздің үлкеніміз Досмағамбет алдымен өзінің майдан әңгімелерін оқыды. Тартымды туынды. Жауынгердің аз ғана

кылығынан, іс-әрекетінен үлкен ой туғыза алатын аса қабілетті жазушы екен. Ағалар сүйіспеншілікпен тыңдады. Одан кейін маған кезек келді. Жүрегімнің дірілін басып, күш-қайратымды жинап, тәуекел деп оқи жөнелдім. «Бастамадан» бастап алып, «Ағасы» мен «Мансапқорлатып», әрі қарай сырғыта бердім. Бір кезде тоқтатты. Күлімсіреп отыр бәрі.

– Ендігі кезек Нәбиевтікі.

Жаудан жасқанбаған Әскенім қысып, қып-қызыл болып кетті де, «Перзент» деген әңгімесін жүрексініп оқи бастады. Біраздан соң оны да отырғызып қойып, Асан Жұмаділдин, Ғазез Сапаевтарды тыңдады. Тыңдап алып, өзара сыбырласып, әлденеге келіскендей, сөзді сыншы Темірғали Нұртазин алды. Ол орнынан тұрған жоқ, отырған қалыпта жұмсақ, сүйкімді үнімен түсінікті етіп, оқылған шығармаларға талдау жасады. Досмағамбеттің әңгімелерін жоғары бағалады. Әскер екеуміздің де шығармаларымызды мақтады.

Бұл шығармалардың құнды болатын себебі, өмірдің ортасынан ойып алуында. Көркемдік өмірдің өзінде, – деді.

Асанды да, Ғазезді де жақсы атап жатыр. Жетіспей тұрған жерлерін жасырған жоқ. Жаңа ғана көріне бастаған жас көктей біздерді бетке қақпауды ойлағандай. Ал кемшілік деген бәрімізде толып жатыр. Қортындысы былай болды: Досмағамбет Тасекеев, Әскен Нәбиев үшеуміздің жинағанымызды кітап етіп шығаруға, қалғандарының жинақтарын түзету, жетілдіре түсу керектігін айтты. Бұл біздің алғашқы тұсаукесеріміз еді. Қазір Сапарғали аға, Темірғали аға, Сейітжан аға бәрі де өмірде жоқ. Қыршын жас, дарынды сыншы Айқын Нұрқатов та мезгілсіз көз жұмды. Біздің болмашы қабілетіміздің отын үрлеп жандырған сол абзал ағалар еді. Досмағамбет қайтыс болды деп естідім. Әскен, Асан мен Ғазез бүгінде көптеген жинақтың авторы, одақтың мүшелері.

Жалықпай жазатын болдым. «Бастамадан» соң тағы бір жинақ дайындадым. Одан кейін үшіншісін. Бір бөлмелі үкіштей үйде жұмыс істеймін. Біреу келіп, біреу кетіп жатады. Жеке бөлмесі бар кеңірек үй болса ғой. Оның сәті түспей-ақ тұр.

1959 жылдың көктемінде Қазақстан Жазушылар одағының төртінші съезіне қатыстым. Осы күндері тырнақалды туындым «Бастама» қолыма түсті. Қатты мұқабамен көркемдеп шығарыпты.

Осы жолы Досмағамбет Тасекеев, Әскен Нәбиевтер де өз кітаптарыналды. Досекең «Әңгімелер» деген кітабына «Құрметті досым, бауырым Зейнел-Ғабиға» деп, ал Әскен «Перзентіне» «Қаламдас досым Зейнел-Ғабиға» деп қолтанбаларын жазып берді. Осы шағын екі кітапша басқалардың ортасында көрнекті жерде сақтаулы тұр. Сол жылы бір тосын оқиға болды. Жазғы кез. Сырттан мотор гүрілі естілді. Қарасам, жасылы бар, ағы бар, екі-үш «Победа» тоқтап тұр. Машинадан түскендер иіріліп қалды. Алдында маңдайы жарқырап Ілекең тұр екен. Сондағы қысылғаным өмірі есімнен кетпес. Ілекең сонымды сезе қойды ғой деймін. Жайдары күліп:

– Баста үйіңе! – сонымнан ілесті. Ілекең ағамыз қазақтың дәстүрімен үйге сәлем беріп кіріп, төрге отырды. Соңынан ергендерді енді ғана тани бастадым. Аудандық Совет аткомының төрағасы Макаров, райкомның секретары, аудандық орман шаруашылығының бастығы Тригубченко, өзіміздің басқарма Сексенбай Тұралин, тағы да танымайтын біреулер бар. Ере келгендерден екеу-үшеуі ғана үйге кіре алды. Қалғандары ашық есіктен мойындарын созады. Ілекең хал-жайымды сұрап алып, дөңгелек үстелді алдына тартып қағаздарын жайып тастады да, есік жақта тұрғандарға қарап:

– Мынау жігіт деді мені нұсқап, – осы аядай үйде он жылдай төсек тартып жатқан, тұрмыстың азабын көрген, бірақ мойымаған, ажалды жеңіп шыққан, дәті берік адам. Жазушы. Мынау-алғашқы кітабы, – деп портфелінен менің «Бастамамды» алып көрсетті. Былайша айтқанда сіздердің өз Островскийлеріңіз. Дарынды жанға жол ашық, біз үнемі қолұшымызды беруіміз керек. Еңбек етуіне мүмкіндік жасауымыз керек. Сіздерді осы жерге ертіп келуімнің мақсаты да сол. Кәне, үй салуға көмектесеміз бе?

– Көмектесеміз, Ілияс Омарұлы, – деп алдымен үн қатқан Макаровтың өзі болды.

– Сізге қандай үй қажет? – деп сұрады менен Ілекең.

– Төрт бөлмелі.

Төрт бөлмелі үйге қанша бөрене, тактай, шеге, шифер кетеді? – деп сұрады Ілекең.

– Елу кубометр бөрене, он кубометр тактай, пәленбай шыны, түгенбай шифер, – деп Секең қойын кітапшасын парақтап жатыр.

– Бәрі де болады, райисполком атынан қаулы алып, жақын орманнан деляжа шығартамыз. Баска материалдарды да іздестіреміз.

– Міне, бұл жөн сөз,– деп Ілекең қуанып қалды. – Осы шаруаның басы-қасында өзіңіз болыңыз, Анатолий Арефиевич, өтінемін.

— Міндетті түрде,– деп жатыр.

Ал, жолдастар, жүрейік,– деп қағаздарын жинастыра бастады. –Дәм ішіңіздер,мал соямыз,– дедім.

– Рахмет, мың алғыс, асығыспыз,– деді тоқтаудың ретін таппағандықтан қызарақтап. – Жаңа үйге кірген соң келем ғой, өкпелеме, қайткенде де келем ғой, өкпелеме!

. Жаксы жер, осы алқапқа гүл ек, үлкен баққа айналдыр, басқа жазушылардың қоныс-мекенінен кем болмасын,– деді.

– Ал, жүрейік. «Победаның» артқы орындығына отырып жатып: «Өкпелеме, қайткенде де келем!– деп сөзін қайталады.

1961 жылы жаңа қонысқа кірдік. Қоныс мекеніміз үлкен баққа айналды. «О, шіркін, Ілекең көрсе ғой»– деймін. Арманым сол – Ілекең келіп көре алмады. Мемлекеттік жұмыстан қолы тимеді. Оның үстіне өзі ауыр сырқат едің. Бір күні акын Абай Қазиев: «Сен ештеңе естімеген сияқтысың» – деді...

– Жо-жок,

– Ауыр қазаға ұшырадық. Ілекең қайтыс болыпты...

Ішіме ыстық от тастап жібергендей болды.

– Апырай, не дейсің, Ілекең де өлуші ме еді?– деппін...

ДАЛА КӨКТЕМІ

*Ұлы Отан соғысында ерлікпен
қаза тапқан бауырым.
Назар ИМАНБАЙҰЛЫНА арнаймын
(автор)*

1

Осынау қыр бетте көп жылдардан бері тұрған екі түп қайың мен терек бар. Олар ен далада құшақтаса, өріле өскен. Түптері жуан, бұтақтары тармақты, тамырлары кең тараған. Қырдың тентек желінің өтінде қайыспай қаулай өскен зәулім де биік. Бұл екі ағаштың дөң үстінде қашан, қалай пайда болғанын білуші ешкім де жоқ. Оларды саялаушы малшы мен қойшы ғана, қадір тұтатын да солар.

Қазір де Жәпек қарт та немересімен осында көлеңкелеп отыр. Күн шуақ, қызулы. Шүйке-шүйке ақ бұлтты мөлдір аспан тұр. Тымық. Сағым ойнайды. Қос ағаштың тармақты бұтақтары бүршік жара бастапты. Қарт төртбак денелі, мол қара бурыл сакалды кісі еді. Аяғындағы құрыса бастаған көн етігін шешіп, көлеңкеге тастай салды да:

– Уһ, жаны түскір-ай, тамтығымыз қалмады-ау! – деп немересіне мүсіркей қарады. Дөңгелек жүзді сары баланың кескіні де шаң басып, әбден қап-қара болған екен. Салқын көлеңкеде бір уыс болып құнысып отыр. Осыдан алыс емес. мына қайқанда бұлардың құлкын сәріден тұрып алты өгізбен жыртқан таспадай жері жатыр. Жаңа ғана доғарылған арын өгіздер қу бетеге ауыздарын көміп- көміп жіберді. Көктем күнінің шағырмағына аркасын қыздырып, құйрықтарын сермег қойып, оттауға кірісті. Жасынан малжанды, аяншақ Жәпек өгіздердің әр қимылынан көз алмайды.

– Жануарлар-ай, шалдығып кете жаздаған екенсіңдер ғой обал-ай,– деп күбірледі.

Дауыс естілмесе де атасының бет-аузын жауып кеткен сакалы ақырын қозғалуынан әлде не жайлы сөйлеп отырғанын аңғарды. Соңғы кезде самай шаштары ағарып, сакалының д:

ағы көбейе бастаған. Атасы өгіздің жалпақ белдемшесіне мініп жүре бастаса изендеген өгіз аяны қай– қайдағы мұңын қозғап, ыңырысып мұңды әуенге бастайды. Дауысынан уайым мен мұң аңғарылғандай еді. Кейде: «Жаканым-ай, жалғызым-ай!»— деп сағынышты сөздер де шығып кететін. Ондайда қарт немересіне жалтақтап карап, ыңғайсызданып қалады. Себебі немересі әлі жас қой, оның ақ қағаздай кіршіксіз жүрегіне дақ салғысы келмейді. Майдандағы жалғыз ұлының орасан қауіп-қатер арасында жүргенін немересіне айтып шошытқысы келмейді, қарттың мейірбанды кеудесіне қайғы мен уайым, үміт пен қуаныш түгел сыя береді. Кішкентайынан атасының бауырында болып, қас-қабағын түгел таныған бала қарттың ішкі дүниесін ұғынуға машықтанып келе жатқан.

Жақан майданға аттанғанға дейін бала оны әкем деп таныған жоқ. Атасы қасақана атын ататып, оған қарсы сөйлегенін қызықтаушы еді. «Сен өзімнің кенжемсің, Жақан ағаң сенің»,— деп үйретіп қоятын. Содан барып кішкене Зияда Жақанды әкем деп білмеді. Ол аттанарда жұрттың бәрімен қоштасып тұрып Зияданың кішкене қолын ұстады. Үлкен көздері жаутаңдап:

— Сен де қош бол, атасының баласы, — деген еді сәл езу тартып.

— Жақанжан, оның бетінен сүйсейші, сағынасың ғой, — деген еді Қанипа әжей.

Жақан ұлын бауырына басып сүйгісі келсе де қарттан ұялған— ды.

Жәпекең әсіресе соларды ойлағанда қатты күйзеліп кетеді. «Несіне содан қызғандым екен, тым болмаса нәрестесін емірене бір сүйіп мауқын баса алмай да кетті-ау! Осы күні қандай сағынып жүр екен. Хаттарында Зияданы көбірек айтады, оқуының жөнін сұрайды. Ойхой, бала шіркін— ай, десейші!»— деп қарт ауыр күрсінді.

Бала да іштей сағынады. «Қашан жеңіс болады, қашан ағасы келеді,— деп күрең жолдың бойында шидей мойнын созып алысқа карап тұрады. Атай өзімен өзі болып ішкі уайымын, қорқынышын немересіне сездірмеуге тырысады. Зияда атасының көңіл-күйін тез ұғады. Қазір де күбірлеп сөйлегеніне карағанда атайдың әлдеқандай ауыр ойға ілесіп кеткенін сезді де, бөгет болғысы келмей көлеңкеде бүк түсіп жатты. Кішкене кара қолдарын маңдайына қойып, көзі ұйқыға кетті. Егіз ағаштың жапырақтары сыбдырлайды. Жәпекең ағашқа

арқасын беріп, қалың бурыл қабағын түйіп алысқа қарап оты Қарттың соңғы төрт жылдағы көрген азабы, тартқан уайып қайғысы аз болған жоқ.

Бұрынғы шым үйден шығып, сәулетті үйге кірген, жылы ел үйі жабдығын жинауда да жаңаша үлгі байқалатын.

– Жәпек шығанға шықты, ата-бабасы мен өз басы бұға дейін көрген жоқшылықты сілкіп тастады, бұл кетті керден деп шуласты жұрт.

– Апырай, Жәпекке үйінің шайы етке бергісіз, Қани кемпірдің жасынан келе жатқан салақтығын мына келін қуы тастады!– деп сүйсінді ауылдастары.

Келіні Әлпия әйбат адам еді. Соғысқа дейін қозыш бұзаушы болып мал соңында істеді де, соғыс басталы еркектер майданға аттанғанда, қысқа мерзімді курсқа түсі тракторшы мамандығын алды. Сөйтіп, көктемде доңғалақт ескі трактормен жер жыртып тұқым септі. Ұйқы-күлкіден безі үйге үш-төрт күнде кішкене Зияданы сағынғанда ғана ат үс келіп қайтатын. Егін басында көз шырымын алып жүре береті Ол шаршадым, қажыдым деп айтқан емес. Атай келінінің қам май болып жүдеген кескінін көргенде мүсіркей бастайтын.

«Қарағым-ай, бір мезгіл үйге келіп тынығып алсайшы десе «Мынау арпалыс күнде тынығуға да уақыт жоқ. Қатты шарш жүрмін», – дейді келіні. Соңғы уақытта бұрынғы ұялшақтық қалы Әлпия еркек мінезденіп кетті. Жақанға деген ыстық сағыныш жүрек түкпірінде сақтайды. Оңашада көп ойлайды. Сонау жылдар, Жақанмен алғаш қалай танысқаны, онан соң Жәпектің үйін табалдырығынан аттағаны, алғашқы ана болу бақыты, кейінгі б еңбек қуанышына бөленген жылдарын есіне алады.

Иә, ол өзінің сүйіктісі Жақанмен бірге жүргенде шекс бақытты еді. Соғыс басталды да, осынау әдемі тіршіліктің астам кестені шықты. Жақандарды майданға шақыртты. Аттанар сүйіскен жүректер бір-бірін қимады. Осыдан кейінгі жыл бірқалыпты арпалыс, еңбек. Өз төсегінде қашан ұйықтағаны да ұмытып қалды. Көбіне қазіргіше кез келген жерге қис кетеді. Көз шырымын алса болғаны.

Тракторды өзінің көмекші қызына баптап беріп жүргіз жіберді де, өткен жылдан қалған сабан көпенесін жастаны жантая кетті. Ол жұлдыз секпілдеген аспанға үнсіз қар жатты. Қараңғы шыңыраудан жұлдыздар сорғалай жөнелді

Қазір де мына шексіз аспанның астында әлде бір жерде Жақан да осылай қисайып жатқан болар-ау! Әлде жауды жапырып ұрыста жүр ме екен ?

– Шіркін, Жақан– ай, сені бір көрсем, арманым да болмас еді- ау! – деп, Әлпия ауыр күрсінді.

Ол Жақанды түсінде көрді. Жақан әскерден келіпті. Қол ұстасып қыдырып келе жатыр екен.

– Жаным, мен сені сағындым ғой, – деп Әлпия мойнына асыла бергенде, қайдан тап болғанын кім білсін, фашистің бүйі белгісі жапсырылған дәу танкісі гүрілдеп келе қалыпты. Екеуін бірден қағып құлатты. Жақан домалай жөнелді. Әлпияның бұлтаруына мұршасын келтірмеді, аран-аран табандарымен жаншып жіберді. «Жақан-ай!» – деп шынғырды Әлпия. Көзін ашып алғанда үстінен басып өтіп бара жатқан тракторды көрді. Оның ашық қалған көзі арайлап таң атып келе жатқан шығысқа қарап жатты. Әлпияны таң атқан соң тауып алысты. Өзінің кезекші қызы таң алдында қалғып келе жатып аңыз шетінде ұйықтап жатқан оны байқамай басып өткен еді. Трактордың кашаулы донғалақтары Әлпияның балғын денесін боршалап езіп жіберіпті. Бұл өлім бүкіл елдің қабырғасын қайыстырды.

Қанипа әжей келінінің өлімін естігенде бірден талып түсті. Жұрт суық су бүркіп, бар амалды істесе де кемпір есін жинай алмады. Ақыры дәрігер шақыртып дәрі егіп, есін жиғызды. Қанипа әжейдің көптен бері жүрек сырқаты бар-ды. Мына қайғы асқындыра берді. Бейшара ана Әлпияны Жақаннан кем көрген жоқ-ты. Жақанды сағынғанда Әлпияны бауырына басып бетінен сүйсе кеудесі орта түсіп, сергіп қалатын. Әлпия үйге екі– үш күн келмесе, азық салған түйіншегін алып бригада басына тартып кетеді. Шешей шүйкедей кішкене денесімен өте шапшаң жүретін еді. Бригада басындағылар: «Әне, Әлпияның әжесі құйындай дөңгеленіп келеді»,– деп күлісетін.

Әжей бригададағы кара май сіңген киімдер бар қыз-келіншектердің ішінен капелімде келіні таба алмай ұзақ қарап тұрды.

– Ой, тоба-ай, бәрінің кескіні кап-кара, тістері ғана аксияды. Осында біздің Әлпияжан бар ма?– деп дауыстады. Мотордың гуілі естіртпесе де қыз-келіншектер әжейдің осыны айтып тұрғанын бірден түсінді. Әлпия жас балаша енесін құшақтай алды.

– Құдай-ай, балапаным-ай, бетіннен сүйетін де жер к мапты-ау!– десе бетінің кез келген жерінен құшырланып с берді. Әлпия әжесінің кеудесін аймап, жас баладай еркелей Әкелген құрт-майына өз құрбыларын шақырып жеп отырған әжей әрқайсысының кескініне шола қарап, ойға кетеді.

– Жайшылық жұмыста болса таза жұмыста бойларын құ жүретін балалар ғой, тракторшылық деген қыз-келіншекте келісімсі-ак жұмыс. Қайтейін, талайларыңнан көр,– деп күбірл

– Әжей, не дедіңіз?– деп сұрайды біреуі.

– Талайларыңнан көр, деймін балапандарым. Соғысқа болдыңдар әйтпесе, сендерге лайық жұмыс па мынау?

Жастар күлкіге жұбатады.

– Әжетай, оныыз жөн ғой, онай жұмыс көрінбейді. Жігіт кан кешіп майданда жүргенде ауыртпалықты бізден басқа і көтереді?

– Жөн айтасыңдар, балапандарым, кабақ шытпай қыз кылыңдар, жаудың карасы батсын! – дейді жеңіл күрсініп.

Әжей кетерінде Әлпияны бетінен тағы бір сүйіп: «Т өзім Жақаным келгендей сергіп калдым-ау! Үйге жиі ке тұр, балапаным. Әлгі атасының баласы да сағынып жүр біл ала келуге шалмен бірге егінге кетіп қалыпты», – дейді. І акырғы сөзі болды. Осыдан соң жүгіре басып жөнеледі. Жүр бұрынғысынан да өніп кетеді.

Үйге келген соң дамылсыз шаруа істейді. Кір жуады. От уактайды. Шайын қойып, кешкілік қырға кеткендердің жол к карап тұрады. Шалы мен немересі шайға отырғанда жуы к келген Жақанның хатын оқытып өзімен ауызекі сөйлескен, рахаттанады.

«...Қыс бойы жорықта болдық. Жауды орасан шығы ұшыратып батысқа қарай қуып бара жатырмыз. Жеңіс ал емес. Аз күнде ораламыз. ...» деген жерін қайта-қайта оқыта; Әжей осы хатты үнемі оқып отыруға жалықпас еді. Бірақ : танымайды. Оңашада ирек жазуларға ұзақ карап; «Мынау ме құлынымның жазуы ғой»,– деп бір парак қағазды бетіне баса

Осы хаттар әжейдің ауыр ойын сергітіп өзінің сырқат да елетпеді, шаруаға құлшына кірісті. Жақан келетін тойд ас- суын даярлап, қуанышты күндерді асыға тосып жүрген төбеден жай түскендей Әлпияның өлімі есінен тандыр жіберді. Енді жүруден калды. Басы айналып, көзі карауытал

кеудесі қысып құлап қалады. Дәрігерге көрініп еді: – Жүрегі қозғалған, бұл кісіге тыныштық керек! – дегенді айтты.

Қарбалас күндерде тыныштық қайдан болсын, үй шаруасымен айналысатын кімі бар? Әжей қыс түсе сырқатын асқындырып алды. Шалы түні бойы қасында отырады. Сыртта долы боран сынсиды. Қыраулы терезелерден келген салқын ақ бу болып лақылдап тұрады. Бет жүзін басқан сакалының арасынан көрінген жұқа еріндерін қозғап, қарт әлде не деп күбірлейді. Қалың қабағының астындағы бозамық көздерімен кемпірінің бетіне ұзақ тесіле қарайды. Әжейдің ақ шөлмектей жүзінде әжім бұрынғысынан да көбейе түскен. Сырқаты асқынған осы күндерде тез қартайып құлап кетті. Бүгін таңнан бері қимылсыз жатыр. Атай кезерген еріндеріне қасықтан су тамызып, көбіне кескініне қарап үнсіз отырды. Бірде әжей көзін ашып, айнала қарап шықты. Бетіне төнген қаба сакалды шалына біраз көз тоқтатты. «Ей бейшара-ай, бүгін шай да іше алмадың-ау! – деген сөзді үзіп-үзіп айтты. Қарт: – Шайды айтасың, тәңірі! – деп езу тартты да қойды. Әжей шалының егеудей толық саусақтарын таралған қолдарымен сипалай берді. Бірде:

– Шал-ау, сүйінші Жаканым келе жатыр ғой, келіп қапты дейді. Бетім-ау енді қайда барайын... жүрегі түскір неге жарылмай тұр?– деген сөздерді өте анық етіп айтып жатты. Қарттың сирек ақшыл кірпіктері арасынан жастың үлкен тамшысы домалай түсті. Әжей таң алдында қайтыс болды. Қарт дірілдеген тарамысты саусақтарымен өліктің бетін жапты. Сыртта долы боран өршелене ұлиды. Атайдың көз жасы қалың бурыл сакалына қалт-қалт тамады. Көп жылғы сенімді серігі болған ашы-тұщылы өмірді қайыспай, қапаланбай басып өткен осынау шүйкедей кемпірінің қайғысы оған оңай соқпады. Қақалған үстіне жұдырық, Әлпияның қайғысына мынау қосылып, қарт мүлде отырып қалды.

Бұрынғы сәулетті бөлмелер кейде жағылып, кейде жағылмай азынап тұрды. Көрші үйдің әйелдері келіп шай қойып бермесе, өз бетімен тамақ іздемейді. Зияда болмаса ол бірнеше күндеп нәр татпауға бар. Қонаққа шақырған ауыл ағайынға тек баласын тамақтандыру үшін ғана кіріп шығады. Көбіне үнсіз жабырқау отырады. Басы аман, бауыры бүгін, бақытты шақтарын еске алғанда, уайым бұлты қалыңдай түседі.

Енді кішкене бала мен қаусаған шал ку үйді күзетіп қалына. Жә, оның барлығына кім кінәлі? – деп түпкі айыпты іздестіреді. Тәңірінің пәрмені осылай шығар, оған дауа ма? – деп өзін-өзі тоқтатпақ болады. Көңіл, шіркін, оған дауаламайды. Жо-жоқ, басқа бір айыпты бар сияқты...

Бір күні Жәкен немересін бауырына басып ертерек жақалып еді. Біреу мезгілсіз есік қақты. Пошташы кіріп ұсынды. Атай конверттің сыртынан Жаканның жазуын таны. Көптен хат жоқ еді, қуанып қалды. Хатты ежіктеп оқи баста. «Әке, бәрімізге ортақ ауыр қайғыға төзе алмай жүрген көрін. Сіздің де, біздің де көрген азап-мехнатымызға бір-ақ кісі бар – ол соғыс, ол фашистік жауыздар. Соны өлтірмей қалпына келмейді! Сіз бен біз оны қалай да өлтіруімізге. Сіз карт емендей мықты едіңіз ғой, қайғыға қарсы тұрып. Жеңіс күндері жақын. Біздің кегіміз қайтатын күндер жақын деген сөздерді оқып, ойға қалды.

– Иә, бәріне кінәлі соғыс, соғыс қана кінәлі. Әкені баланы айырған, баланы анадан айырған, боздақтарды қырғып ұшыратқан сұм соғыс. Дүниедегі құлақ естіп, көз көрмей жауыздықты өрбітіп жатқан соғыс.

Ол жауыздар елден мықты ма? Жо-жоқ атай көрмей халық жарықтықтың жеңбейтін жауы жоқ. Сол көптің бірі мен болсам, отырған түрімді қара. Пай-пай қайғыға бола! Дүниенің тірегі сенің кемпірің болар ма? Қазасы жетті, қайт болды. Ертең өзін де баратын жаққа кетті. Аузына су тамып алақанына салып күттің, ана майданда болған боздақта ардақты ма еді сенің кемпірің?– Атай өзін-өзі осылай сөйле. Мұның ұят шығар, Жәпек, өлген артынан өлу жоқ. Тірі тіршіліктің ғамалын істеу керек болар...

Атай ертең белін буып, колхоз басқармасына бар. Кеңседе жалбыр сары мұртты таңқы танау басқа. Нәубетжан отырады. Ол сия төгіліп айғыздалған жаңа столда ескі қағаздарға бірдеңелерді айдап жазып жатыр. Ұйықтамағаннан болса керек, көзінің алды күлтілдене кетіпті. Жәпекпен салқын амандасты:

– Көктем егісіне дайындалып жатыр едік, – деп жұмыс жаңа сөз етіп кетті. – Колхозда бар он пар өгіз арық, егінге шыққа күтімге қойдық. Көлік соқаларыңның түрендері топталтырмалардың тістері жөнделіп болуға жақын. Ал екі «ЧТЗ»

«Универсал» тракторлардың жөндеуі бітпей жатыр. МТС-те запас бөлшектер жетіспейтін көрінеді. Тұқым да толық емес, солардың жабдығымен шапқылап, ауданға барып кайттым.

Нәубетжан колхоз жұмысын жылана отырып, осылай баяндап шықты. Жәпекең жүдеу кескінімен председателге карап отырды да:

– Егінге дайындықтың биыл да мәні көрінбейді екен, шырағым. Өткен жылы да осының салдарынан көресінді көріп едік. Десятина басы 80 пұттан өнім алу да егін болып па?– деді кейіңкіреп.

– Енді не қыл дейсіз, ақсақал-ау! Үш жүз гектарға жақын егістік жер бар. Ол да сонау жылдардан бері келе жатқан ескі жерлер. Бидай сеуіп сүтжапырақ пен ермен алып тұрғамыз жоқ па, мен аянып жүрмін бе? – деді басқарма кең танауын тартып қойып.

Жәпекең қырауы еріп көлкіп тұрған терезе арқылы тысқа карады. Наурыз күні биігіне көтеріліп алып қарлы даланы бусана бастапты. Дала, кең дала созылып жатыр. Қара қарғалар да келіп қапты. Бұл көктем нышаны, тіршілік қамына кірісер кез туыпты- ау!– деп, атай темекіні тұмандатып тартып отырған бастықтың самарқау кескініне көз жіберді.

– Он десятина болсын тың айыру керек. Тыңның сорлысы мына жерден үш есе артық өнім береді!– деді атай.

Бастык түтін шалған жалбыр мұртын үрлеп ауыр күрсінді.

– Оған күш қайда, мына арық өгіздер жүк тарта ала ма, трактордың түрі мынау! – деді ол.

Атай шамданайын деді, тымағын алып тізесіне қойды. Жиіктері қырылған пұшпақ бөркін желкесіне қарай ысырып, қаптал күпісінін етегін сипалай берді. Қолдары болмашы дірілдейді.

– Шырағым, сары уайымның уақыты ма қазір. Астық керек екенін өзің білесің. Барды басқару оңай шығар, жоқтан бар жасап көрейікші. Маған бір соканың өгіздерін бер, қар кеткенше өзім күтем. Жер жібі, жалғыз тіл жер жыртып көрем! – деді ол.

Сырқырап, сыздаған бастықты зорға көндіріп, Жәпекең үш пар өгізді өз қорасына алып күте бастады. Жөндеуден шыққан атам заманғы жалғыз тілді соканы жантайтып жатқызып қойды. Мойын ағаштары мен жалғыз жетектер де дайындалды. Күн өткен сайын өгіздер де қонын жинап тойынып келеді.

Қар кетті. Атай сәтті күндердің бірінде Зияданы ертіп қырға шықты. Ертемен дала мұнартып тұрған. Жаңа ғана тебіндеп

көктей бастаған сарғылт жазық жатыр. Шеті көкжиект көгілдір орманға астасады. Бұл бұрынғы жайлау, өмір бойы селеуі жайқалған кара топырақты өңір.

Жәпекең – иә сәт! – деп соқаның сабын ұстап, жу даусымен өгіздерге: «Со– оп, ә!– деп айғайлап жіберді. Жалғ тіл таспадай жырып сытырлатып копарып барады.

– Өгіздерді біркелкі айда,– деп Зиядаға қайта-қайта айғайл қояды.

Түске дейін айналғаны ақшыл дала бетінде жіңішке қасқыр болып созылып жатты. Терлеп солықтаған өгіздерді дала алғызып отырып, атай кара топырақты алақанына үгіп иіске бетіне басты. – Жарықтық зәлекке дүние жете ме, ырың несібесең ғой, шіркін,– деді күбірлеп.

Ол әлемнің бар байлығына ие болғандай жыртқан жері күлімдеп қарай берді. Көктем күні жазық даланың биігі көтерілді. Қыр үсті бусанып балбырап тұр, сағым жөңкі. Көз жетер жердегі шашыранды қайың шоқтары сағым ішін болмышы қалтырағандай болады. Алыста қыр үстінде үркерд ауыл көрінеді. Беріректе Қамысты көл, көлдің шағын-шағын көгілдір жалтырлары мөлдірейді.

Ауыл жақтан екі кара шықты. Ұзақ қараса да көзді бұлдырап анық көре алмады. Осындай түс мезгілінде құмайын алып қырға келіп қалатын кемпірі Қанипа есіне түс. Жаман-жақсы болсын, қырық жылдай отасыпты. Ұзақ өмір бірде– бір бет жыртасып көрмепті. Ол бақилық болғалы өл сүреңсіз өтіп жатты.

– Ойхой дүние деген сол, өтті де кетті!– деп атай ау күрсініп алды.

Екі кара жақындап келді. Бірі қазмойын сұлу қарагер ат мінген Нәубетжан мен жатаған арық торы мінген дала бригадир кара мұртты Бопан екен.

– Ассалаумағалейкум, Жәпеке! – деп жамырай сәлем беріп, екеуі де аттан түспей қатарласып тоқтады. Қасайып отырып Жәпекең аттардың аяқтары мен тершіген омыраулары көбіі көрініп тұрды. Қарт қалың қабақты қанталаған көздерімен қарап

– Сау жүрсіңдер ме, шырақтарым? Майданнан не хабар бар?

– Хабар жақсы, біздің жігіттер жау астанасы Берли қорғапты,– деп, Нәубетжан ат үстінде тұрып, махоркасын оң тартты.

– Бәрекелді, – деп атай қуана үн қатты да, жұмыс жайын сөйлей бастады.

– Таңнан бері төрт айналып бесіншіге кетіп барамын. Мына бір қоңыр өгіз – көк асық кәрі өгіз еді бейшара, өте сылбыр тартады. Жанындағы ана қызыл дөнен енсеріп берекесін кетіріп жүргені.

– Нәубетжан мұрнын бір тартып қойды. Үндемеді. Шот мандай Бопан қамшысын білемдеп ұстап, ерге бір жамбастап мықынын басып отырды.

– Ақиқаты, бұл бейнетті қойып, жұмыстың өнімдірек жағын қарастыру керек,– деп аузындағы насыбайын сұқ қолымен алып, секіріп лақтырып жіберді.

– Бопан шырағым, зәләк жыртуды қой дегенің бе бұл?– деп атай сыздана сұрады. Бопан қайқы мұрнының ұшы тершіп екілене сөйледі.

– Қой деймін, мен ту басында қарсымын да, қыртыс қопаруға күш жетпейді,– деп қайталап айтқам. Енді, міне, ең мықты деген өгіздерді бердік. Аңыз үстінде құлап жатқаны анау! Менің онсыз да жоспарым көп. Жаман-жақсы болсын күш келетін жерді жыртып, жоспарымды орындасам болғаны. Қолдан келмесе ұмтылу керек! –деді бригадир қамшысын сермей сөйлеп. Қарт басын көтеріп алды:

– Ойбой-ой, шырағым-ай, солай ма еді? Ендеше, мен шал ақымақ болғаным ғой. Мен он бес іске әуреленіп жүргенім ғой,– деп орнынан тұрып аттылардың жанынан келді. Өзіне астық керек пе, жоқ, жоспар керек пе?

– Маған ақиқаты астық та керек, жоспар да керек. Майдан үшін табар жұмыс көрсетілген уақытта орындалуы шарт, әрі-беріден соң, мен аз күшімді бөлшектей алмаймын! – деді Бопан айғайлап сөйлеп.

– Жоспар астық болмайды, астық мында,– деді атай жерді шұқып,– осы соқамен өгіздер бәрібір жер жыртпай ма? Жыртқан соң жұмсағы не, қаттысы не? Мені күші тасығаннан, еріккеннен жүр деймісің, Бопан шырағым. Сен рұқсат етпесең ілгері орынға айтам, тіпті арыз берем. Осы көктемде қалай да тын жерге тұқым шашам!

– Көрермін енді, – деп Бопан атын борбайға бір салып шетке шыға берді.

Нәубетжан соңынан кетті. Жәпекең бастықтың сөзге араласпағанына қайран болды. Өзімен келісті, көлікті күтті,

баптады. Енді іске кіріскенде шығарып тұрғаны шығары тұрғаны қай жанжал бұл? Балық басынан сасиды деп, осына Нәубетжанның солқылдақтығынан-ақ көрдік көресінді!— деге ауыр оймен өгіздерін тұрғызып алып, дағдысынша — со— оп! деп айғайлап жіберді.

Бопан бастықты кешеден бері айналдыруда болатын.

— Тың жер жыртуға аз ғана күш жетіспейді, сондықта Жәпекті тоқтатып, көліктер мен соқасын жұмсақ жер жыртуға қосайық деген. Нәубетжан болса қартқа екі сөйлеудің бабы таппаған. Айналып келгенде оның да тың айыруға ынтас болмайтын. Қазіргі жолы үндемей кеткені де сол. Бопанның жанжалына Жәпекең табанда көне қойса мұртынан күлеті еді. Қарт өршіп кетті де, екі жағы да ештеңе айта алмады. Баскарманың онысына Бопан да өлердей наразы болы тырсылдап қалды. Арық торыны сипат қамшылап тебіне түседі. Оның шалақ мұрты, көнтек еріндері дірілдейді. Жаланы қойып, үндемей келеді. Үстіндегі көнетөз шекпен ыссылаты бір құлағын жымқырып алды. Сөзді Бопан бастады.

— Нәубетжан-ау, әрі-беріден соң қолдағы аз ғана күшті әркі ойлағанынша бөлшектеп берсе, басшылық жұмысқа көрінген шақ қол сұға берсе, бригаданы, қала берсе колхозды қалай басқа керек! — деп жауап күткендей торыны тежеңкіреп аяңға түсірді.

— Жәпек сенің басшылығыңа таласпайды. Ол тың жер жырттып, егін өсірем дейді. Оған біздің күшіміз келе ме? Тырбандап жүріп мәліметтен артта қалсақ, аудан алдында қалай бет боламыз? Амал жоқ, шалға қарсы келе алмайсың, оны аудан басшылары біледі, қадірлейді, арыз өтсе, онікін жөн дейді деп Нәубетжан үндемей қалды. Әлден уақытта Бопан:

— Енді не қыл дейсің? — деп сұрады. Бастық көпке дей үндемейді, ақыры:

— Қартты қозғама, жырта берсін,— деп күнкі ете түсті.

Бопан біраз ерді де, ауылға қарай бұрылды. Ұзай беріп:

— Сенген қойым сен болсаң... — деп жерге түкіріп тастады.

Нәубетжан бүршік жара бастаған қайың шоғын сыртындағы трактор бригадасына келді. Мұнда ешкім де жоқ болатын. «СХТЗ» трактордың біреуі аңыз ортасында тұрып қалыпты. Үсті, беті— қолы қарамайланған тракторшы келінш құлағын мықшындай қайта-қайта айналдырады. Мотор алмайды, қара тер болыпты.

– Иә, Қазиза шырағым, жай калай? – деп сұрады бастық.

– Трактор моторы сөнді де, от алмай қойды, – Қазиза төмен қарады, – Дайыр ана жақтан оралмай жатыр.

Сағымды даланың бойында екі трактор көрінеді. Салт атты біреу осылай қарай шоқытып келеді.

– Өне, Дайыр да келіп қалды, – деп Нәубетжан аттан түсті. Дайыр жиырмадан шыққан шағын денелі, кең маңдайлы жас жігіт болатын. Күнге тотыққан қоңыр жүзі сақалсыз, мұртсыз. Шошақтау ернінің үстінде бірлі-жарым майда қылтаңы бар. Қоңыр көздері үнемі күлімсіреп тұратын. Ол аяғы дімқас болғандықтан әскерге жарамаған. Былтырдан бері бригаданы басқарады. Дайыр аласа көк аттан секіріп түсіп, сылти басып трактордың жанына келді. Дөңестеу мұрнының ұшы тершіп:

– Не болды? – деп сұрады. Қазиза әлгі сөзді қайталады. Дайыр білегін сыбанып жіберіп, мотордың әр жерін шұқылап көрді. Ақау таба алмады. Магниттің контактасын ашып қарады. Ақау сол жерде екен. Кішкене кілтімен бұрады. Өзі ыңырсып жүр, сонан соң трактордың құлағын дөңгелетіп жіберді. Трактор ақ түтінге шашалып, дірілдей жөнелді. Қазиза түтін басылып болмай, трактордың орындығына отырып жүріп кетті. Дайыр мен Нәубетжан артынан қарап тұр. Трактор шаңырақтай дөңғалақтарының қашаулары жарқылдап, ірімшіктей жұмсақ жерді жеңіл сыдырып, ұзап барады.

– Осылардың арасында жүріп-нансаңыз болдырып-жығылам, – деді Дайыр езу тартып. – Осындағы тракторшылардың барлығы техника тілін шала білетін әйелдер мен қыздар. Жөндеп жүргізіп беріп, қолына рөлді ұстатсаң, соған ие.

– Сол талаптанғанына қуан сен, егер тракторға ие болатын да адам табылмаса басшылары сокқыны беріп жатса, құдай бетін аулақ қылсын. Бұл жарайды, әйтеуір, істеген болып жатыр ғой, – деп Нәубетжан мұрнын бір тартып қойды.

– Әйел дегендер намысқой халық. – Бұрынғыдай емес, үйреніп келеді. Бұрын поршеньге перетяжка тартуды да білмейтін еді. Әлгі Қазизалар бірсыдырғы жаттығып алды. Бұл дөңғалақты тракторға перетяжка жиі керек, адамды көкжұлын қылады. Әйелдер мен жоқта трактордың ақауын іздеп, өз бетімен жүргізіп әкетуге жанталасады. Олардың ішінен жақсы тракторшы шығатын әлі. Соғыс әркімді әр түрлі іске үйретті ғой, – деп Дайыр тағы езу тартты. Бұл сөздер Нәубетжанның

құлағына кірмеді, тек өзінің елгезек бригадирінің соңғы кезді шықшыт сүйегі шығыңқырап жүдеп кеткен кескініне бірі қарады да:

– Қимылдатыңдар, осы бескүндікте мәліметтің артында қалып қоймайық!– деп атына мінуге ыңғайланды.

– Ал, Нәке, мын жер колхоздасқаннан бері жыртылып келеді әбден ескірді, Өнімді нашар беріп жүргенін білесіз...

– Немене, мен құдайдың бермесін тартып алайын ба? – деп Нәубетжан дік ете қалды.

– Мәселе соны тартып алуда тұр. Анау Қазымбет жақтап жаңа жер айыртсақ кайтеді. Трактор түгіл Жәпек те тырбаңдап жатыр ғой,– дедеі Дайыр. Нәубетжанның жалбыр сары мұрты дірілдеп, таңқы мұрнының ұшы жыбырлап кетті. Оны ашу қысқанда осылай ететін.

– «Әй, Дайыр!– деп айғайлап жіберді. – Мен осы елге бастықпын ба, кіммін? Қисық шалдың қыңырая тартып өгіздерді қинап жатқаны анау. Дүниеде өнер іс емес жаңа жер жыртам дейсің, ескі жерге жарамай жатқаны мынау. Айналып келгенде сендердікі жұмыс істеу емес. Аз ғана күшті бөлшектеу жұмысты кері кетіру. Естімеймін сөзіңді. Маған аудан, МТС жер жыртықыз деп отырған жоқ!

Нәубетжан осыны айтты да, карагер атты тайпалтып кеті барды. Дайыр артынан қарап қалды.

– Апырай, мына кәрі сайтанның ашуы қалай еді,– деп сақылдап күліп жіберді. – Тентектен томырық жаман деген ау! Мынау сөз түсінер пенде емес қой, жаным! Шіркін, осынау селеулі даланы айырып жіберіп, егін ексе, өзінен өзге шыға еді-ау. Диханбыз, дәрменсізбіз. Аяқ астында жатқан алтынды ала алмаймыз. Бұрын орыс байлары өгізбен тың жыртып албар-албар астық дейді. Біз жаман-жақсы болсын трактормен тың жыртуға қорқып тұрмыз. Осыған кінәлі кім?

– Дайыр алақандай қоңыр көздерімен алысқа қарады. Қы бетте донғалақты екі «ЧТЗ», бір «Универсал» тракторы жұмыс істеп жүр. Техниканың бары осы. Соғыс басталғаннан бері колхоз шаруасы төмендеп барады. Жұмыс істейтін адамда жетіспейді. Отыз үйлі ауылда саусақпен санап аларлықтай ған еңбек адамы қалды. Мұндай ұсақ колхоздарды алға апару жөн қандай? Басқаға қарағанда осы біздің колхоздың төмендеп бар жатқанына себеп не?

– Дайырдың басында сұрақтан соң сұрақ туды. Солардың барлығына жауап іздеп жатқан ол жоқ. Ойы арманды біреу ғана. Ол мына сағымды даланың пұшпағынан тіліп егін салу.

– Дайыр кешкілік ауылға қайтып келе жатып, Жәпектің егісіне соқты. Қарт көліктерін дамылдатып отыр еді. Өгіздер солқ– солқ етеді, езулерінен сілекей шұбырып тұр.

– Уағалейкумассалам,– деген Дайырға.

– Әліксәләм, Дайырмысың, есен бе, шырағым,– деді атай. Жігіт аттан секіріп түсіп, екі қолын бірдей ұсынды.

– Атай, деніңіз сау ма, шаршап– шалдыққан жоқсыз ба? – деп амандық сұрады.

– Құдай деп қалқақтап жүрміз, шырағым, өгіздер жүрсе өз шаршағанымды ойлар емеспін. Алғашқы күндер ғой, жөнделіп кетерміз. Бүгін оншақты айналдық,– деді қарт қарайып жатқан жіңішке жыртындыға қарап.– Ал өздерінде не жай бар?

– Дайыр бұзау жалағандай жып– жылтыр қылтаңсыз бетін жалпақ алақанымен сипады да, күліп жіберді.

– Біз де құдай деп саз жерді тырналап жатырмыз. Сұйық ботка секілді бұлдыры жоқ жер өткен жылы гектар басы жиырма пұттан өнім берген жер, – деді Дайыр ызалы. – мен білсем жыртып жатқан ескі жерімізге Нәубетжанның өтін кұйса да егін шықпайды.

– Ескі жерден өнім алу үшін парға жырту керек. Көктемде егін екпеу керек. Оның орнына зәләк жырту керек. Осыны бастықтарың түсініп тұр ма деді атай.

– Үш гектардан артық үш сүйем жері жоқ, тың жер жыртам деп Нәубетжан мәліметтің артында қалсын ба деп күлді Дайыр.

Атай пұшпақ бөркін алып, тізесіне қойды. Жалтыр маңдайын сипап біраз отырды. Қалың қабақты бозамық көздері шүңірейіп жүдеп кетті. Аузын жапқан қара бурыл сакалына бидайдың бір қауыз жабысып тұр.

– Дайыр шырағым, бізді құртып жатқан бір пәле бар. Оның аты осы мәлімет. Бастықтарың сол үшін зар қағып тұрады. Мәлімет астық па?

– Бұларға керегі мәлімет, өтірік болса да мәліметі етектей болса жанын сақтайды. Аудан басшылары да колхоздың сыртқы қауызына ие болып жүр. Мәлімет аз болса Нәубетжан мен Бопанның брониын сыпырып алып, табанын жалтыратып қоя береді. Майданнан бір– ақ шыққанын көресің, әлі... деді Дайыр.

– Дұрыс айтасын, шырағым, – деп атай басын шұлғып костап отырды да, жігіттің ойын білу үшін бір сауал қойды.

– Дайыр шырағым, алдағы мақсатыңды ойластырдың ба?

– Ойластырып отырмын, бірақ дегеніме жеткізер Нәубетжі жоқ. Астық алу үшін тек тың жер жырту керек, оған көн тұр ма? МТС рұқсат етпейді дейді, онысының да дәмі ба Тракторлар солардікі ғой. Шіркін, колхоздар мықты болы өздерінің меншікті тракторлары болса Үркердей ауыл колхозы деп аталады. Түкке шамасы келмейді, – деп налыды Дайыр.

– Дұрыс айттың, шырағым, колхоз ірі болса үлгі жұмыстарға жетер еді, – деп костады атай.

– Тың игеру жайын сөз еткенде МТС директоры шок ба қандай ыршып кетті. Біздің жоспарымызда көрсетілмеген, дейді, – ал тың жыртпақ тегінде ішіміз кеуіп, аштан өлерміз! деп күлді Дайыр.

– Өлмейміз. Бірақ астық ала алмау да бір өлімнен кем болмас, шырағым! – деді атай.

Осы кезде ауыл жақтан шаң көрінді. Шаң құйында дөңгеленіп жақындап қалды. Бұлардың жанына сыры түс алқам– салқам болған райкомның кара Газигі келіп тоқтады. Ішінен жайымен басып жуан денелі, ақ мұртты кісі түсті. Бірақ райкомның көп жылдан бергі секретары Рақымғали еді. Река атаймен құрақ ұшып амандасты:

– Ал, Рақымғали шырағым, аман– сау жүрмісің әйтеуі бала– шаға, келін– кепшік аман ба, көрмегелі көп заманды болды, – деді атай.

– Рас, біраз күндер болды, жұмыс бастымыз, қолымыз бір босамайды. Сау бармысыз, Жәпеке ? Ие, бәйбішен қайтыпты, қазаның қайырын берсін, қолынан дәм татқан кісі еді, жарықтық! – деді Рақымғали.

Алладан болсын, шырағым, «үй толы жансың, бір– бірін меймансың» деген екен, қазір бір үйлі жаннан мына немерем екеуіміз ғана қалдық, бұл да бір уақыт шығар...

Иә, ақырын қайырлы етсін, Жәпеке, біздің әскерлі Берлинге төніп тұр. Жеңіс жақын, балаңыз келер қайтада оналып кетерсіздер!

– Рахмет, шырағым, айтайын дегенім, – деді атай сөз бөгіліп, – өткен жылы астық ала алмадық, биыл да солай болуы түрі бар...

– Неге ? Неге ?

– Жеріміз ескі, түкке тұрғысыз, жаңа жер жыртудың ыңғайы келмейді. МТС пен колхоз басшылары бұған қарыс. Әйтеуір ұрсысып, таласып дегендей осы жерді тырмалап жатырмын, шырағым.

Атай бар жағдайды түгел айтып берді. Секретарь үнсіз тыңдады.

– Дайыр сәулем, сен бригадир ма едің? – деп сұрады Рекең.

– Иә.

– Ендеше бүгіннен бастап трактордың бірін тың жер жыртуға қос та, жыртылған жер дискаланып, тұқым себуге дайындалсын. Ал қарсы келгендерді маған жібер!– деді де секретарь атайдың жыртқан жерін аралап көрді. Жалғыз тілді соқамен шамасы келгенше терең жыртқанына сүйсінді.

– Жәпеке, сіздің мұңыңызды жанқиярлық ерлік деп білемін!– деді Рақымғали қолын қысып.

Атай қаркылдап күліп тұр.

Ойхой, Рақымғали шырағым-ай, ерлік қайдан келсін, жай бір тигізіп септік-дағы, тыныштық заман болса үйде отырар- ақ күйім бар. Мына арпалыс күндерде қалай отырасың!– деді ол.

– Сізге рахмет, Жәпеке, шамаңыз келсе еңбектене бергеніңіз абзал, еңбегіңіз жансын! Ал енді қош боламыз ба?– деді қолын ұсынып.

– Өзіңе де көп рахмет, шырағым, біраздан бері көңілімде кірбін болушы еді, сыпырып тастадың, нансаң бір жасап калдым. Жаңа күш– қуат қосылғандай болды. Еңбектене берем, аянарлық жаным жоқ. Қош бол, келіп тұр, Рақымғали– деді карт секретарьдың қолын ұзақ жібермей. Атай қош айтысып соңынан күлімсіреп қарап тұрды.

– Елге басшы болсаң осындай бол, шіркін!– деп сүйсінді ол. Бұл сөзі Дайыға арнап айтқан еді. Артына бұрылып қараса, жігіті жоқ болып шықты. Ол аяқтары салақтап аттың үстінде шауып бара жатыр екен.

– Өзі жігіт– ақ! – деп карт иықтары селкілдеп күлді де қойды, шаршаған немересіне қарап:

– Қалай оқушы, демалыс күніңді көңілді өткіздің бе, еңбекте қиналсаң дүние кәдірі біліне түседі, балам! – деді атай езу тартып. Ол бүгін көңілді еді. Қыр үстіндегі егіз өскен қайың мен терек ұзақ күнгі шуақпен бусанып, жапырақтары ашылып

, сыбдырлап тұр. Төңірек те көгеріп келеді, аланың осынау еі сырбазы келер күндерге жол сілтеп тұрғандай биіктей түсіп құлпыра түсті.

– Шіркін, сұлу көктем, бар ғаламды бабына келтіретін аяул көктем, сені көрген де бар, көрмеген де бар!– деді атай ауы күрсініп.

П

Дайыр топырыш көкті орай шықпыртып шауып келеді. Кө ат кішкене болғанымен ширақ әрі екпінді. Бүктетіле сілте егіс басына жетті. Үлкен қызыл шеңберлі күн көзі көкжиекк асылды. Көктем кеші тымық бұлтсыз болатын. Дайырда алдымен трактор үстінде келе жатқан Қазиза көрді. Оны көптен бергі мұңға батқан жүрегі дір ете қалды. Бригадирді мына асығыс жүрісінен жақсылық хабар күтті. Осы тұста бі бұлдыр үміт те қылт етті. «Әлде күйеуінің қазаға ұшыраған бекер болды ма екен, қуанышты хабар болғай!– деп дөңбекшід жас жүрек. Қазизаның ұзын кірпіктері сулана қалды. Дайырды тура көзіне қарай күлімсіреп шауып келе жатқанын көріп келіншек бір қуанышты оқиғаның шынымен барын сезді. О аңыз шетіне жетпей, тракторын кілт тоқтатты. Дайры тракторд бастырмалата келіп аттан секіріп түсті.

– Не болды, Дайыр?– деді Қазиза жүрегін басып.

– Түк те болған жоқ, қазірден бастап тың жер жыртамыз, деді ол аптығып.

Қазиза қолмен тізгендей аппақ тістерін көрсетіп күлді. Кейі қарай түріліп кеткен орамалын түзеді.

– Құдай– ай, солма еді, оның несі қуаныш?– деді төмен қарап

– Қуаныштың басы осы! Жаз бойы жер жыртып өнім ал алмасаң жылар едің, енді егін болады, еңбегің жанады, – деп бригадир.

– Бұлай деп кім айтты?

– Кім айтсын, ауданның ақсақалы Рекең айтты. Директо мен басқарманың да тамтығын қоймас, сілкілер, сілесі қатырар. Ой мың болғыр Рекең– ай! – Дайыр Қазизаға жақы келіп ыстық алақанын оның жұмыр иығына салып тұрып:

– Сенің қуанышың сол, сен дүние жаратылғалы жатқа макпал топырақты Қазымбетов тұңғыш түрен салайын де

тұрсын. Осындай игілікті бастауды тек саған ғана қиям, Қазиза! – деп келіншектің тіп– тік әдемі иықтарын қатты қысып қойды.

Қазиза күлді. Оның маржан тістері тағы көрінді. Әдемі қыр мұрнының үсті тершіп, бетіне ал қызыл кан жүгірді. Құрбысының құлпырып тұрған толықша жүзіне бір сәт қарап еді, Дайырдың да кіршіксіз жүрегі дір ете қалды. Қазиза баға жетпес сүйкімді болып көрінді. Жігіт сөз таппай қалды да:

– Сен үнемі тың жыртуда, мен көбіне сенің жаныңда боламын, – деді тұтығыңқырай сөйлеп.

– Соның жөн, Дайыр, – деді Қазиза қуанып, – сен тракторды жақсы білесің ғой, көмектесерсің.

– Сөз бар ма оған! – деп Дайыр сәл бөгелді. – Ал енді не істейміз?

Қазиза айналаға қарады. Күн батып кетті. Сұрғылт аспанда алғашқы жұлдыздар жымыңдайды. Алыста басқа трактордың бәсен жорықтары көрінеді. Оңтүстік беттен қоңыр салқын жел есіп тұр. Жел Қазизаның орамалының ұшын былғалақтады. Бірнеше түк маңдай шашын қобыратып үрлейді.

– Қараңғы болып барады, жаңа жер жырту үшін алғашқы ізді түзу тарту керек емес пе? Мен түнде мына аңызды бітіріп қояйын, – деді ол.

– Жарайды, ендеше, амал жоқ, таң атқанша шыдай тұрайық.

Дайыр тракторды тексеріп шығып, моторына от алғызды да, Қазизаға отырып ала деп белгі жасады. Трактор жүріп кетті. Дайыр артынан ұзақ қарап тұрды. Ол Қазизаның әлгі бір кескінін көз алдына келтіріп көрді.

Қазиза шоқалақтап жүріп жатқан трактордың сарғылт жарығына қарап ойланып отыр. Бұрылып артына тағы бір қарады. Дайыр алыста қалып қойыпты, әлі тапжылмай тұр. Жымыып күліп тұрған сияқты. Жігіттің осынау сүйкімді күлкісі, ерке мінезі, қиыншылық біткенге мойымайтын ерлігі Қазизаға қатты ұнайды. Оны көре бергісі келеді. Дайыр мен күйеуі Жаңбырбай бір жыл туған төл еді. Бірге жүрген тату балалар еді. Жаңбырбаймен алғаш танысқанда да, Қазизаны ала барғанда да осы бір аккөңіл бала жігіт ере келген. Келіншектің бетін кім ашса сол ыстық деген ғой. Дайыр жұрттан бөлек ыстық көрінетін.

Жаздың әдемі кешінде ауыл абыр-сабыр болды. Шеттегі үлкен үйдің тактай қақпағы алдына жегулі арбалар қызыл, жасылды киінген тойшыл жұрт ағылып келе бастады.

– Өне, келіп қалды,– деп жұрт сыртқа ентеледі.

Омыраулары көбіктенген, ентіккен аттар қақпаға кел маңдай тірелді. Арбалардан көңілді күйеу-қосшылар, құдал түсіп жатыр. Дайыр да солардың ішінде. Қыз-келіншект Қазизаның басына шәлі салып, табалдырық аттатты. Кемі тасырлатып шашу шашып жатыр. Думан басталды да кет Той иесі Бопан білегін сыбанып, жалаңбастанып алып Даяшыларға қысқа- қысқа бұйрықтар береді. Қонақ күтуге бас-көз болып жүр.

Жаңбырбай Бопанның немере інісі болатын. Жасын балалар үйінде тәрбиеленген жетім баланы есейген с Бопан колына алған. Енді келіншек әперіп, үй қылмақ. Әкі Бірімжанның шаңырағын көтермек ойы болған. Жаңбырбай атадан жалғыз еді. Өмір оны жастай азапқа салды. Сәби кезін әке-шешесі бірдей өлді де, анасының ыстық кеудесін аймал алмады. Бірақ ата-анасындай мейірімді құшаққа, балалар үйі берілді. Оқыды, ержетті. Кішкене кезінде керек қылмаған Бопан мал-түлігі болған соң сұранып жүріп Жаңбырбайды қолы алды. Ол жақсы жігіт болып өсті, тым көрікті еді. Қазизам көрші ауылда танысты. Жанында осы Дайыр бартын.

Қазиза ұялы теректей көп тұқымның қызы. Еркел тыңдаусыздау болып, бұла болып өсті. Туыстары ат байлау байлары жоқ жетім балаға қыз бермейміз,– деп қарсыласса да Қазиза Жаңбырға бармай қоймайтынын айтты. Ақыры олар амалсыздан көнді. Төркіні жұпыны ғана той жасап аттандырды.

Тойдан кейінгі күндердің бірінде Жаңбырбай мен Қазиза кешкілік үй сыртында, көгал үстінде отырды. Көңілдері хал болатын. Жас жұбайлар келер күндердің, алдағы өмірдің жайын кенес қылды. Онжылдықты бітірген Жаңбырбай астана институтқа аттанады. Қазиза да бірге барады. Ол да оқиды. Оқу бітіріп өз ауылдарына келіп, қызмет істейді. Бұл арман сапарға күзге қарай аттанады. Жүректері де лүпілдейді. Алда қуанышты, бақытты күндер қол бұлғап тұрғандай болады.

Бірақ тағдыр өз дегенін істеді. Бақытсыздықтың босағад сығалап тұрғанын кім білсін?! Ие, атар таң аса суық хабар жеткізді. Шілде күні қанға малынғандай қызарып, талаураты шықты. Соғыс, қан төгіс сұрапыл!– деп жар салды әлем. Ызғар сөз-жұртты тастүйін қылды. Қабақтар қатулы, адамдар ашул Жастар майданға аттанды. Бірінші кезек Жаңбырбайларға кел.

Аттанарда көздері жасаураған Қазизаны бауырына қысып, бетінен, көзінен, еріндерінен құшырлана сүйді. Кейбіреулар теріс айналып кетті. Бұл ауылда ерсілеу қылық еді. Жаңбырбай қысылған да, ұялған да жоқ. Білектерін айқастырып алыпты. Өксігі басылмаған екі жас зорға айрылды.

Тыпыршып тұрған аттар Жаңбырбайларды топ ішінен суырып ала жөнелді. Қалғандар жылау-сықтауды көбейтті. Жігіттер қар үзгенше Қазиза берген кестелі орамалды тынымсыз бұлғап бара жатты. Қазизаның іші алауласса да көп жылаған жоқ. Жаңбырбай оған ертең-ақ келіп қалатындай көрінді. Бірақ ол оралмады. Майданға барған алғашқы күндердің бірінде минаның жарықшасы басын жұлып түсті. Оны жолдастары орман шетіндегі кәрі еменнің түбіне жерледі. Болған оқиғаны айтып жазған хат бірден Қазизаның қолына тап болды. Ашып оқып жібергенде не болғанын білмей, қаны қашып, қалшиып тұрып қалды. Буыны кетіп, толқып барып, үйдің жарына сүйенді. Жылауға дауысы шықпайды, сөйлесуге тілі жоқ. Қолынан хат сусып жерге түсті.

Майданның алғашқы құрбандығы кішкене ауылды мұңға батырды, әркімнің жүрегі жылайды, бүгін болмаса ертең өз жандарынан осындай қайғылы хабар келіп қала ма деп қауіптенеді. Кемпірлер қарғайды, тас жүрек жауларды қарғайды, зарланады.

Қазизаның сүйген жары қыршын жас осылай апат болды. Өлді деуге ешкімнің де дәті бармайды. Кеше ғана араларында жүрген сыпайы жігіт еді. Енді әлдеқайдағы орманның шетінде бусанған жас қабырға айналыпты. Иә, соғыстың аты ажал деген сол!..

Қазиза Жаңбырбаймен небары алты-ақ ай отасты. Көрген түстей өте шықты сол бір күндер. Жаңбырбайды енді ешқашан да көрмек емес. Тек елесі ғана қалды. Ол ауыр күрсінді. Шіркін соғыс батылсыздық анасы, соғыс сенен жексұрын не бар әлемде? Сені бастаған адамды не десем екен; неге теңесем екен! – деді Қазиза көзі жасқа толып.

Тынымсыз жүріп келеді. Айнала тастай қараңғы. Аспанда қаптаған жұлдыз. Трактордың қалтылдақ жарықтары жыртындының шетімен ілгері бастайды. Қанша айналғанын жаңылыпты. Сарғылт аңыз тарылып, бітуге жақындаған. Ауыр ойлар Қазизаның мұңды жүрегін жаншып тастаған сияқты. Ол

күрсінді. Кеудесінде толып тұрған құсаны ақтарып тастағанда болды. Манағы Дайыр тұрған жерден өтті. Мойын созы қаранғыға тесіле карады, ешкім көрінбейді. Іздегені сол еді, жс болып шықты. Оны тағы бір көргісі келеді. Бірақ оны өзі сүй ала ма, жок па? Жүрегінен мәңгіге орын алған аяулы жанд қалап жұлып тастамақ. Ие, өлген адамның қайтып келмейтіі анык. Оны Қазиза біледі, біле тұра өлді деуге кимайды, жс құшағын сағынады. Өмірдегі бакытын іздейді. Бала шағыны боска өтіп бара жатқанына кынжылады. Ол Жанбырбайд төрт жыл күтті, ұйыктаса түсінен, оянса ойынан кетпейді. Е пайда, калған жасына күтсе де келер ол жок. Ол енді мәңгіі жок. Жассын ғой, көк қанат балапандайсың әлі, саған өмір сүр керек, сен жұрт қатарлы бакытты болуға міндеттісің. Бакь кайда деп алақтама. Ол еңбек пен отбасында. Аз ғана жасынд бакыт жолына жұмса, сонда сен адамшылык қарызынды өтеге боласын! Деді ол өзіне.

Шығыстан арайлап таң атып келе жатты. Қазиза күлімсіре шапакка карады. Жылжып келе жатқан келер күндерге үмітпе карады.

* * *

Көктем егісінің әбігеріне түскен Дайыр соңғы күндерде бс шешіп ұйықтай алмаған. Көз шырымын алу үшін бригаданы кырдағы шошаласына келді. Кең шошаланың төбесі әр жерде тесік. Тоқыма қабырғалардың сырлауы түсіп, алқам-салқам бо ған. Көктемнің салқын желі тұс-тастан гулеп тұр екен. Босаі жакка киімшен қисая кетті. Ортада өлеусіреп сөнуге айналға оттың қозы жылтырайды. Жуан ку шалалар әлі бықсып жаты Көпшілік төрді айнала жалғасыпты. Ұзақ күнгі тынымсы еңбектен қажыған соқалылар мен тырмашылар қатты ұйқы кеткен. Біреулер қылғынып жатқандай қорылдайды. Ен біреулер өгіздер мен жегін сиырларды қарғайды. Соғыст қарғайды. Ұйқыдағы жұрт үзіп-үзіп тіл катады. Кейбір сөзде анык естіледі.

— Мына жерге егін шыкпайды, тың жер керек... Тың.. Тың деп аржағы күңгірттеніп тынады. Біраз үнсіздік орнайды. Сырт жаппаның астында қамалған бұзаулар мөнірейді. Соның ішін біреуі тынымсыз зар қағады. Басқаларын шулатып тұрған .

сол. Бұл жұрттың бұзаулары, енелері күн ұзақ соқамен тырмаға жегіледі. Қазір қырда бағуда жүр. Қыста арықтап ыңыршақ болған кәрі сиырлардың кейбіреулері алғашқы күндерде тандыры кесіліп, ақ болып кетті. Бұзау солардікі болар. Кең шошаланың екінші жағынан бір бала жылап оянды. Баланың қап-қара шаштары үрпиіп, жұмулы көздерін сығырайтып жылтырап жанып жатқан отқа қарады. Оның даусына шешесі оянды. Шешесі жұмулы көздерімен айналасын сипалап жүріп баласын тауып алды.

– Сәуле, Зәуре, Мұратжан, бұл қайсын?– деді ол еріне сөйлеп. –Мұратжанбысың, айналайын, жата ғой,– деді шешесі баурына тартып.

– Бакырма, жұрт ұйықтап жатыр!

– Нан,– деп дауысты үдете түсті бала. Шешесі бір үзім ғана нан ұстатты. Кішкене бала арық шықшыттарын қозғап нанды шайнап отырды. Аздап көңілденейін деді.

– Апа, әкем қашан келеді?– деп еркелей сұрады.

– Келеді. Құлыншағым, келеді.

– Ол бізге көйлек әкеле ме, апа? – деп жыртылған иығына қарап.

– Әкеледі, құлыншағым.

– Біз көйлекті киеміз бе, апа?

– Киесің, балапаным.

– Қалай киеміз?

Шешесі сәбиін бауырына тартты. «Сөзді қой, жұрттың тынышын алма» деп сыбырлай үн қатты. Ертемен жұмысқа шығамыз.

Сыртта бұзау тағы мәңіреді. Қадиша өзінің қызыл сиырының бұзауы екенін білді. Кешкілікті сауып екі қасық қана сүт алды. Онысы шай бозартуға да жетпей, екі баласы сүтсіз жатқан. Мұраттың жылап оянганы да сол.

Қадиша бұзаудың қарлығыңқы дауысын ұзақ тыңдап жатты.

– Қайтейін, сен түгіл мыналарым да ақ татқан жоқ,– деп ауыр күрсінді. Аздан соң балаларын қыса түсіп ұйқыға кетті.

Дайырдың көзі ілінер емес. Бүгін шексіз көңілді еді. Кеудесі қуанышқа толы болатын. Манағы бір Рөкеңмен әңгіме бала құстай түлетті. Атар тандарға, асар белестерге қарай сәнімен бастайды. Мақсатқа жету– тетігі өз қолында, оны күш-жігерін біледі. Борышыңды ұғып тұрсың. Ол– егін өсіру. Ана Қадишаның балаларының тапшылыққа душар болғанына сен ғана кінәлісің. Неге десен сен дикансың, қолыңда трактор бар,

күш бар, егін өсіре алмайсың. Тұқымды босқа шашып жүрсің. Астық орнына сүт жапырақ пен ермен жинайсың. Майданға астықты аз бердің, ашықтырып отырсың. Осынау ауыр ойлар оның қуанышты көңілін басып тастады. Қиын жағдайдан қалай құтылу амалын іздеді. Көз алдына Жәпекең жыртқан қара топырақты жер елестей берді, дымқыл топырақтың иісі мұрнына келді.

Дайырдың көзі ілініп кетті. Түсінде жасыл қамыстай мүлгіген бидайлы даланың шетінде тұрды, жанында Қазиза. Дайыр оған жақындағысы келеді. Өзінің ынтықтығын айтқысы келеді, Қазиза алыстай берді, созса қолы жетпеді.

Жігіт маңдайы тершіп, киналып оянды. Кең шошаланын іші бозарыңқы тартыпты. Жабыктан күнгірт аспан көрінеді. Ол ерін аркалап сыртқа шықты. Дала әлі қаракөлеңке, жұлдыздар бар. Қыр бетте Қазизаның тракторы қарауытып көрінеді. Батыстан ызғарлы жел есіп тұр. Аспанның алыс шалғайында нөсердің ауыр бұлты төгіп жатыр. Шығыс жақ сарғылт тартып алаулайды. Бұл еңбек күнінің басталу белгісі. Бұл таң ғой, енді тыңға тиісе берсе де болар.

Дайыр трактор жанына келді. Қазиза доңғалақты жастанып киімшен ұйықтапты. Ол атын тұсай салып тракторды баптау қамына кірісті. Мысықша еппен басады. Қазизаны оятып алмауға тырысады. Картердің люктерін, подшипниктерді қозғап көрді. Әлі мықты екен, осыған қуанды. Барлық тетіктерді майлады, баптады. Үлкенді-кішілі екі бакты жанар майға толтырды. Осының барлығына біраз уақыт өтті. Трактор жүруге дайын болды. Таң әбден атып, күн шығуға тақалды.

Дайыр Қазизаны оятуға батпай біраз жанында тұрды. Қазиза ауада рахаттанып ұйықтап жатыр еді. Кескініне қан жүгірі күлімсірейді. Әлдебір қызықты түс көріп жатқан сияқты.

Дайырдың жүрегі тулайды, ынтыға қарайды, қарай бергі келеді. Қазиза тағы күлімсіреді. Осы кезде жігіт оның жібекте жұмсақ еріндерінен сүйіп алғанын өзі де байқамай қалды. Қазиза оянып кетті. Бірақ ол мына бір оқысты сезбегенде болды. Дайыр қызарқтап күліп:

Көп ұйықтадың, кешегі уәде қайда?

– Уәде... ол не? – деп есіне түсіре алмай, былшықты көз укалай берді.

– Тың жыртуды айтам! – деді Дайыр.

Келіншек атып тұрып тракторды баптау камына кірісті. Жігіт қатты күліп жіберді.

– Босқа әуре боласың, Қазиза, ол баптаулы тұр ғой,– деді Дайыр.

– Солай ма еді, – деп Қазиза да күлді. Шығып келе жатқан алтын кірпікті көктем күні де күлді.

Қазизаға Дайыр бұрынғысынан да ыстық болып көрініп кетті.

Трактордың үстіне қатар отырып, қырға қарай бет алған екеудің сыртынан өшпенді қос көз қарап тұрды. Бопан қосқа қарай келе жатып, келінің жанында отырған Дайырды және оның бетіне тақалғанын көрді.

– Ым– м, білдім жайларыңды!– деп ішіне мықтап түйді. Қазиза трактордың рөлін ерсілі-қарсылы айналдырып алға қарайды. Найза кірпікті қара көздері сәл күлімсірегендей болады. Дайыр шоқалақтаған трактордың канатында отыр, бір қолымен ұстанып алыпты. Шығып келе жатқан күн сарғылт бетегелі даланы қызартып тұр. Алтын сәулесі сонау батыс шеттегі қоңыр бұлттарды шарпып өтті. Таң желі қар астынан шыққан қу бетегені тынымсыз тербетеді. Қазизаның ойы да тербетіледі, қуанады. Өлгені тіріліп, өшкені жанғандай болады.

– Ие, ол Дайырды сүйетініне ден қойды. Тіпті көрмей отыра алатын емес. Жігіттің жүрек сырын жеткізуге батылы жетпейтінін сезеді. Өйткені, ол әлі махаббат тілін білмейтін жас қой деп ойлады. Дайырдың кескініне ұрланып қарап, езу тартты.

– Трактор қыр үстіндегі өгіз ағашқа, Жәпекеннің егістігіне әкелді. Қарт өгіздерін жегіп күйбеңдеп жүр еді. Мандайына қолын көлегейлеп қарады.

– Әліксәлем, Дайырмысың шырағым,– деді атай оны анық күліп тұрса да.– Аман-саумысың, іске кіріскенің бе бұл?

– Ие.

– Қайырлы болсын, енді бетіміз түзелгенге ұқсайды тракторды бейсауат токтата көрме, шырағым. Көрдің бе, мына қуанышпен мен де талап етіп жатырмын ғой,– деді қарт жалғыз тілді соқаның қайқы тұтқаларын ұстап тұрып.

– Мына жонды сонау Қазымбетке дейін айдау керек. Сайкылға түспе, ащылы болады. Көктемде су жатады, осыны ойла, шырағым.

Атай қамшысын ыңғайлап алды. Дайыр жүгіре басып тракторға мінген Қазизаға алдағы жонды көрсетті.

Міне, трактор қыр үстінде тұр. Бұл жерден дала түг көрінеді. Жәпекеннің соқасын мақар өгіздер өгіздер мықши тартып барады. Қарт та соқаны өзі күштеп итергендей бүгіл түсіпті. Алда ересек бала ұзын камшысын өгіздердің үстіме ыскырта сермейді. Қамшыкесті болған жатаған өгіздер тұқыр түседі. – Әнекей, – деп нұсқады Дайыр Қазизаға, – тың дегенн мәнісін түсінетін адамдар қалай кимылдайды. Сонау ш ағашты көремісін?

Қазиза көкжиекке қарады. Байтақ жазықтың алыс шетінд көгілдір орман мұнартады. Беріректе үріккен қойдай жась бурылданып қайың шоғы тұр.

– Шоқтың шетіне трактордың маңдайын бұр. Шама келгенн алғашқы жолды түзу тартайық!– деді Дайыр.

Қазиза жымиды, бас изеді. Трактор қозғалып кетті. Соқань жарқырауық тілдері ұйысқак бетегелі шыңды қопара жөнелд Дайыр тереңірек түсіріп жіберді. Трактор ыңыранып ба қозғалады. Алғашқы шымдар бауырын көрсетіп, аударылы жатыр. Көшкен елдің көлігімен айдаған малының тұяғынан бас ештеңе тимеген шымдар аударылып жатыр. Дүние жаралғал байлықты кең қойнына тыққан бетегелі дала бауырынан жарылд

Дайырдың шат болатын орны бар. Міне, ертеңгі арманын апаратын даңғыл жолдай болып жалғыз із сарғыш даланы қ айырып сызып келеді. Үш қатар сым соқаның астынан шорш шығып, қолмен қойғандай қатарласып жатыр. Енді жарл сажын, он айналғаны, жиырма айналғаны... деп есептеп Дайи балаша қуанады. Жыртындыға тағандар да ұшып келе бастад Талтандай басып сүйір қанаттарын асыға сермеп ұзап ба жатқан тракторды қуып жетеді, өзінше олар да көңілді.

Қазиза кейінге сирек қарайды, көбіне алдағы межеден к алмайды. Қайнаған су радиаторының қақпағын қозғап, ақ шапшиды. Трактордың жүрісі ауырлап, тұрбасынан қыз ұшқын лақылдайды. Соқаны терең жіберуден мотор ауырл келеді. Шоқ ағаш жақындап қалды. Қожырмақты жу қайыңдар көктем күнінің жылы сәулесіне шомылып жапыр жара бастапты. Бұтақтар сыбдыр қағады. Қайың бүршігін қышқыл иісі анқиды. Осынау әдемі дүниеде қуаныш пен бақ нышаны бар. Орман да жараса бастапты. Биік көк аспан айдың ортасындағы аралдай ақ бұлттар қалқиды. Құладынд қалықтайды. Қазиза кеуде кере дем алды.

– Тыңға бірінші түрен салу бақытын тек саған ғана қиям,— деген Дайырдың сөзінде қандай мейірім бар еді?!.. Иә, ол маған ғана қияды. Сондықтан мен бақыттымын деді ол жүрегі лүпілдеп.

Күн көзі түстік шалқайғанда Қазиза бірнеше айналып еді, Дайыр бригадаға кеткен.

Күннің ыстық сәулесінен жердің жүйесі босап егіліп тұрған. Ен далаға мөлдір сағымның тасқыны жайылған. Ұйысқақ бетегенің арасынан өмірге құштар болған көк өсіп келеді. Көктем ауасы дымқыл жер иісі мен көк шөп иісіне толы. Трактордан сокқан аптап леппен күн қызуы Қазизаны тершітіп жіберді. Көйлегінің тамақ түймесін ағытып, тотықпаған жұмыр мойнын ашып қойды. Мыс түстес толықша жүзінде тер моншақтары бар. Көз алдындап кәрі дүниенің қайта жасарып, қайта жаңарып келе жатқанына қатты қуанды.

«Шіркін, көктем, жан-жануарды рахатқа бөлейтін, жоқты бар ететін, дүниенің бабын келтіретін, дүр сілкіндіретін сен ғана. Сен біздің жастық шағымыздай көріктісін, сен бар жерде әсемдік бар. Сен бар жерде махаббат бар, бақыт бар!»— деді Қазиза іштей.

Аңыз шетіне жакындағанда радиатордан су атқылады. Түтін шығаратын тұрбасы балқыған темірдей қызарып ұшқын шашты, мотордан алғаш бүлкіл естілді. Қазиза бірден сөндіре салды. Айнала тым-тырыс. Су сақылдап қайнап, моторға шашырап шыж ете қалады. Қазиза люкті ашып жіберіп қақпаққа жұққан қалайы тамшыларын көрді. Жүрегі кобалжып, жүзі сұрланып кетті. Подшипник ағыпты деген ащы даусы шықты. Қалшиып тұрып қалды. Подшипникті тартқанына тәулік болған жоқ. Тегінде жұмыс істеуден гөрі подшипник тартуға көп уақыт кететін тәрізді, мүлдем қажытып болды —деп Қазиза ауыр күрсінді.— Қалайысын құю үшін МТС-ке бару керек, ол бір күнді өлтіреді. Тегінде бұл машиналар онша ұнамайды, мықты да, күтімі де жеңіл, сазға бөгелмейтін шынжыр табан тракторлар болса, шіркін,— деп армандады ол.

Қазиза трактордың астына кіріп, картерді алуға кірісті. Мотордың төсін жапқан шайын астауша өте ауыр болатын, зорға дегенде ашып жерге қойды. Подшипниктің біреуі ғана аққан екен, басқалары да босапты. Ат дүбірі естілді, трактордың астынан тершіген омырауы көрінеді.

– Не болды, Қазиза,— деп сұраған Дайырдың көңілді дауысы естілді. Ол да келіп қисая кетті. — Ойбой-ой, кладбышының

бірі ағып кеткен бе, міне, бұл жақсы іс емес, – деп ысқыры жіберді жігіт.

Бригадир кейістік айтар деп қауіптеніп еді, олай болмад Дайыр Қазизаның жүзінен реніш пен уайымды аңғарды да:

– Шаршадың ба, Қазиза? – деп сұрады ол. Жауап болмады

– Өмірде реніш пен қуаныш қатар жүрмесе қызығы болмай, деген екен бір білгіш, сен уайымдама, бір жөнін қарастырармың деді Дайыр жұмсақ үнмен. Бір жерде бір сөз айтып күлдірмек е сыпайылылықпен аттап өте алмады. Атып тұрған қанжығада қоржыннан жарқыраған қос қладышты алып Қазизаға берді.

– Керегің мынау ма?

Қазиза күлді. Шырайлы жүзіне қан жүгіріп, бұрын қалпына түсті. Дайырға ең ыстық сөздерді айтпаққа оқтал да тиылып қалды. Орнына «рахмет» деген сыңғырлаған қоң дауыс естілді.

– Дербес бөлшектер жетіспей жатыр дейтінің қай Дайыр? – деп сұрады келіншек күліп.

– Зәрулігі бар бөлшекке сактығымыз да болады, – деп Дайи шырт түкіріп тастады. Ол Қазизаға ақыл тоқтатқан егде к болып көрінуге тырысатын.

– Кәне, тез орнына сала қояйық, – деді тағы да.

Олар тракторды жөндеуге кіріскенде ауыл жақтан е салт атты осылай қарай құйындата шауып келе жатты. Беті май тамшылаған Дайырға Қазиза Нәубетжан мен Бопаннн келе жатқанын айтты. Дайыр жұмысын істей берді. Аттыл тасырлата шауып жетті. Аттар ауыздықтан ыстық көбік ағыз бастырмалата келіп тоқтады. Нәубетжанның жалбыр сағ мұрты едірейіп, көзі балықтың көзіндей шарасынан шығи кетті. Құрбақаның аузындай аузын ашып-жауып Бопан тұр, да тығылып келген сияқты. Нәубетжан амандық-саулық жоқ:

– Не болды! – деп сұрады.

– Подшипнигі акты, – деп төмен қарады Қазиза.

– Құдай құрғыр, не дейді, қираттың десейші онан да. Ші бермен, Дайыр! – деп айғайлады бастық.

– Айта беріңіз! – деді Дайыр жұмысын тоқтатпай.

– Шық бермен деймін, тыңдаймысың!

– Айтам ғой, осы Дәулеттің баласында бір тірілік б көремісін, – деп өзеуреді Бопан. Дайыр бетіне тамған қара май, жеңімен сүртіп, трактор астынан шықты, иіліп сәлем берді.

– Тарт, сәлемінді, – деп ақырды Нәубетжан, сенің есің дұрыс па, ауысып кетуден сау ма өзі?

– Бұрын дұрыс болатын,– деді Дайыр. Қазизаның күлкісі келіп теріс айналып кетті.

– Міне, бұл бізді мазактап тұр, Нәубетжан!– деді Бопан тышқан көздері сықсындап.

Бастық ашуға булықты, қол қамшысын шошандатып:

– Сен мына жерді кімнің билігімен жыртып жатырсың?– деп сұрады.

– Өз билігіммен,– деді Дайыр,– мені жер жырт деп қоймап па едіңіздер, міне жыртып жатырмыз.

– Құдай құрғыр-ау, саған тың жырт деген қай құдай, айтшы!

– Бәрі бір емес пе?

– Мына лекерлеп жүрген тракторды құртып тынбақсың ғой, сен жаусың, немістің көмекшісің! – деді Нәубетжан ызаға булығып,– мен әкенді көзіңе көрсетем, білдің бе?

– Сол жағын қарастыра көріңіз, бәсеке, мен әкем өлгенде еңбектеген бала болыппын, сіздің арқанызда көріп қалайын да,– деп Дайыр ыржия күлді.

– Мынау жынданудан тақа құр алақан емес!– деп, бақауыз Бопан езуін құлағына қарай созды. –Мен сенің жұмысыңа қол қоймаймын. Дала бригадирі қол қоймаса, МТС есебінді алмайтынын білесің бе?

– Сіздің орныңызға басқа біреу табылар,– дей салды Дайыр.

Нәубетжан тыпыршыған карагер атты тебініп жакындай түсті.

– Трактор қазірден бастап бұл жерден жұмысына қосылсын, білдің бе?

– Бұл бұйрығыңызға қосыла алмадық!– деді Дайыр.

– Бағына алмасаң, мен сені осы қылығың үшін сотқа беремін!– деді Нәубетжан. Жалбыр мұрты дірілдеп.

– Бере алмаймыз, берсеңіз аудандық партия комитетінің секретары Ракымғали аксақалды да қоса беріңіз, күшіңіз бар көрінеді ғой.

– Ей, сен не шатып тұрсың, Ракымғалида нең бар?– дей берді Бопан.

– Қоспағанда қайтем, осы іске кінәлі ол. Бұйрық беретін кісі бар, басқармаға бағынам ба, райкомға бағынам ба, қайсысының жолы үлкен?– деді Дайыр көздері күлімдеп.

– Әй, рас па, Рекең келіп кеткен екен ғой. Дені, қарны сау мекен өзінің?– деп сұрады Нәубетжан.

Қарны үлкен көрінеді, – деді Дайыр күлмеуге тырысып.

– Ой, жанкешім-ай, ойының қалмады-ау, бір мезгіл,– деді бастық еріксіз езу тартты.– Сөйтіп, Рекең тың жер жыртыңды деді ме, мені іздеді ме?

– Сізді аузына да алмады.– Нәубетжан аз ойлаңқырады.

– Мен кеше қатынның төркіне барам деп, көрдің бе...– деді әлденеге опық жегендей қынжылып.

Екі салтты сипалап қамшылай жүріп кетті. Дайыр жұмысын қайта кірісті. Көп ұзамай мотор гүрілдей бастады. Далада тағда еңбек үні жаңғырықты, Нәубетжан мен Бопан ұзай бер біріне- бірі қарады.

– Апыра-ай, көрдің бе, арандап қала жаздағанымды. Әліт Рақымғалиға шағыстырып, шатақ шығырмаса жарар, өзіне кешірім сұрау керек еді,– деді Нәубетжан артқа қарап. Бүгінде Дайыр мен Қазиза трактор үстіне қатар отырып, сондықтан сағымды көкжиекке қарай ұзап бара жатқан.

– Сенің осы келініңмен арасы қалай, білдің бе? – деп сұрады Нәубетжан.

Білдім, қырындайтын түрі бар. Бірақ Дәулеттің ақсабаласына біздің келін пыскырып та қарамайды. Іні өлсе амұрасы, өзім сөз айтқым келеді, мұның қалай?

– Дұрыс айтасың, қазір қатындар босқа қалды ғой. Рекең келіп жатқан жоқ па, жемінді қайрылып қал,– деп жымыңдады Нәубетжан.

Бопан сөзді басқа бұрды.

– Тың жер айыру көп күшке түсейін деп тұр. Қол бөгейт өнімсіз жұмыспен бодаланып жүріп, жұрттың артында қалмас қарайды ғой,– деп уайым айтты ол.

– Бәрін істеп отырған Жәпек шал. Әлгі ұшталакты айда салған да, Рақымғалидың құлағына құйған да сол кәрі шөгел.

Өзі де аз сорға киліккен жоқ, жетпістен асқан адамға жас соқа айдау ауызға оңай шығар. Өзіміз ат үстінде жүріп болдырықаламыз. Жәпек қыңыр, теріс азу адам! – деді Нәубетжан, ербір жамбастап отырып.

– Дұрыс айтасың, – деп қостады Бопан.

Ол бүгін таңертең Дайырлардың жырта бастағанын көріп шоқытып Нәубетжандікіне келді. Бастық үйінде жоқ екен. Пар атпен әйелі екеуі қонаққа кеткеніне екінші күн, әлі оралмапты. Мұндай қауырт жұмыс уақытында қонақтап жүруге қалай батылы барады екен! – деп күйінді ол. Нәубетжан келіп тоқтаған бетте байбалам салды да, үйіне кіргізбестен осылай қарай ала жөнелген еді. Ақыры, абұйырсыз тынғанға ұқсайды. Бәрінен Дайырдың келеке еткені батады. Келінін иемденіп алғаны анау, бұл қай басынғандық, қай қорлық! Қой, Қазизаны ақсақ балаға беріп қойып, тірі отырамыз ба?

Мен сияқты басқа жарымаған адамдар амалын тауып, тоқал алып жатыр. Ешкім де жаза көрген жоқ қой. Мен түгел алпыстан асқан шалдың да жас келіншекке үйленгенін көріп жүрміз. Анау Әбілқайырларға қарағанда мен құлыншақ емеспін бе?! Бірақ осының бәрі айтуға оңай шығар, іс жүзінде машақат. Алдымен аюдай ақырған қатынды, сонан соң желігіп алған келінді көндіру...

Бопанның қайқы мұрнының ұшы жыбырлап, тайқы маңдайынан шып-шып тер шықты. Қалың еріндерінің үстіндегі қоңыздай қара мұрты сәл дірілдеді. Аласа торы пыскырып қойып, Нәубетжанның қарагерінен қалмай келеді. Жел терістікке бұрылып, көктем күні тез бұзыла бастады.

Бопанның қайқы мұрнының ұшы жыбырлап, тайқы маңдайынан шып-шып тер шықты. Қалың ернінің үстіндегі қоңыздай қара мұрты сәл дірілдеді. Аласа торы пыскырып қойып, Нәубетжанның қарагерінен қалмай келеді. Жел терістікке бұрылып, көктем күні тез бұзыла бастады. Кең аспанда алаботаның түтініндей ауырақ бұлттар жайылып келе жатты. Құралайдың ызғырық желі аттардың құйрықтарын бұрып толқытады. Аспан қабағына қарап Нәубетжан кең танауын тартып қойды. Бопан үзеңгі қағысып жақын келді. Насыбайды ерніне қыстырып, шырт түкіріп тастады да:

– О, Жәке, замандас адамбыз, саған айтпак имандай сырым бар... деп аз бөгелді. Насыбайдың таты тұрған сапы-сары тістерін көрсетіп күлді.

– Айта бер.

– Айтсам өзің білесің, басқа жарымай жүргеннің бірімін. Інім соғысқа кетті, қаза болды. Алланың жұмысы. Мына

келінді шындап алғым келеді, өз жаным ғой, адал малым шыққан...

– Оны қайт дейсің, алма дедім бе мен.

– Алма демейтініңді білем, замандассың ғой, ана үйдег қатынға айтып, құлағына салып қойсаң қайтеді. Беделің бар ел ағасысың, сенің сөзіңді тастамас еді.

Нәубетжан күлді.

– Бұл колхоз жұмысына жұмсау емес кой, Бопан– ау!

– Ие, жұмсау емес базына. Екі ауыл шетіне іліккенше үн деспеді. Екі салтты ауыл шетіне іліккенше үндеспеді.

* * *

Жауын соңғы күндері толассыз жауып тұр. Егіс жұмысы мүлдем тоқтап қалды. Жәпектің соқасы мен Қазизаның тракторы ғана жауын астында тың жырта берді. Қазизаның кезекшісі болмайтын. Ол тәуліктеп трактордан түспеді. Қаны қашып қажыды, көзін ұйқы тығылды. Жауын өтіп, тісі– тісіне тимеді. Қас қарая тракторға дайыр отырып Қазизаны тынығып қайтуға босатты.

Жауынды түн тастай қараңғы болатын. Қазиза ауылдың көшесімен теңселе басып аяндап келеді. Құлағынан мотордың шуы кетпейді, басы мең– зең. Аяқ асты шылқылдақ су, батпақ. Үйлердің терезелерінен көңілсіз сарғылт оттар көрінеді. Жауынның күміс тамшылары көлбей тұр. Міне, таныс қақпаны алдына келді. Биік те ақ қақпа ол үшін қандай ыстық. Алға аттаған бақыт қақпасы сияқты еді. Осы жерде Жаңбырбай екеуі қуаныш құшағында тұрғандары есінде. Мына тактай орындықта қатар отырғандары бүгінгідей елестейді. Қазиза тактайға бар салмағымен отыра кетті. Қарбалас жұмыстан ұмыт болған көптеңгі қайғысы қайта торлады.

«О, мейірімсіз жауыздар, қалай қиып өлтірдіңдер оны! – деді Қазиза сорғалаған жасын жеңімен сүртіп, – Сендер әкелген бақытсыздықтан аққан мынау нақақ жасқа тұншығындар залымдар!

Қазиза өксігін басу үшін азған отырды, уһіледі. Іші қалтырап барады. Мұрнын сіңбіріп тастады да қараңғы қорадан сипалап тауып алды. Ауыз үй де қараңғы екен. Орта есіктің ашығына сәуле түсіп тұр. Төргі үй тым-тырыс, кіре бере ыстық леп бетке соқты. Жаңа піскен иісі аңқып қоя берді.

Абысыны Бәтиха шөге түсіп жатыпты, үнсіз. Басқа ешкім жоқ, ортада ондық шам қылмиып жанып тұр. Үй іші жиналмапты, салқын көңілсіздік бар. Еден кірлеп кеткен, Қазизаның бұрынғы ұясы, жайлы мекен— жайына ұқсамайтын сияқты. Шешінбестен қалшыып тұрып қалды.

— Апа, неғып жатырсың?

Бәтиха үндемеді, басын да көтермеді.

— Апажан, сізге не болған?— деп сұрады Қазиза жыламсырап.— біреу ренжітті ме?

Қазиза жанына келіп қапсыра құшақтады. Бәтихаға өзінің сәбилерінің біріндей болып көрінді. Басын көтермеді, көздері ісіп кетіпті. Алқымына тығылған өксік бар.

— Нан пісіріп едім, басым ауырғаны, — деп күбірледі.

Бұл нанның жұмысы емес екенін Қазиза сезді, себебін білмеді. Әлде біреу жәбірледі ме екен? Өйткені үй ішінде қырғикабақтық жиі болып тұратын. Бәтиха да Қазизаның жылаудан ісінген көзін көріп, — бұл сорлы да қай жетісіп жүр дейсің, — деп ойлады. Бұрынғысынша шай жабдығына қам қылды.

Обалы нешік, Бәтиха байғұс Қазизаны ешқашан да бөтен санамады. Қызындай, не туған сіңдісіндей көріп қадірлелеп ұстады. Қайғысы мен қуанышына қашаннан ортақ болатын. Әпербақан Бопаннан қорлық көрсе шерін тарқатары, мұның шағары да Қазиза еді.

Бәтиха қырықтан асқан кексе әйел, өмірде көрген қайғы— уайымы оның да аз болмайтын. Алғашқы қосылған күйеуі бір жылдай отасып қайтыс болды. Одан қалған ұл баланы да жерге берді. Кейінгісі осы бақа ауыз Бопан. Мұнымен жұпты болғаны да жиырма шақты жыл өтіпті. Құрсак көрмеген жоқ, жыл сайын бала туды, бәрі шетіней берді. Көзі қарақты адамдарға да қаратып байқады. Бәрібір бір перзентке зар болды. Естен кетпес, өкініш сол сәбилері күліп, қызықты болып қалғанда өле берді. Қысқасы, бал бөбекті сүйіп рахаттана алмаған бір бейбақ.

Бұрынғы толықша секпіл жүзі бірсыдырғы көріксіз де болмайтын. Мына отырысында алпыстан асқан қуарған кемпір сияқты. Қайғы— қасірет жілік майын тауысқан Бәтиханың кескіні жүдеу, мүләйім еді. Қоңыр көзінің жиегі қызарған, байлама орамалының шекесінен ағара бастаған бұрымы көрінеді. Кәрі әйелге лайық қара қамзол мен қоңыр көйлек, кебіс, мәсі киген. Көңілі жарым адамның жайраңдап күле алмайтыны бар. Бәтиха

өз ойынша дүниеде ұзақ жасаған сияқты. Бірақ көрген рахаты аз екен. Енді үмітсіздік басып қартайған үстіне шөгіп барады. Бопан болса кеміте жер жебіріне жете келеді. Қисын тауып жанжал шығармаған күні аз. Бала даусы, баланың әсем күлкіс естілмеген осынау түнерген үйде отырып, қайғы–уайыммен бар жаксы уақыты өте шықты.

Көп жылдар отасқан Бопанды бүгін бір сағатта біліп-танығандай өкініште отыр. Қабағы қатулы.

– Қатын, саған ақылдасар жай бар,– деп біраз бөгелді. – Жанбырбай болса өліп кетті. Мына келіннің басы бос, ертең кім болса соның қолында кетеді. Дайыр қазірдің өзінде айналдырып жүр. Баланы құдай берді, қоймады. Енді үміт те жоқ. Ата жолымен Қазизаны өзім алғым келеді, сен қалай қарайсың? – дед дауысы қалтырай сөйлеп.

Бәтиха қызыл жиек жаутаңдап қарай берді, не айтарын да білмеді. Алқымы тығындалып қалғандай сөз таба алмады.

– Осылай деп не бетіңмен айтып отырсың, балаңдай емеі пе еді, Қазиза! – деп даусын шығара жылады. Өлген балалары жұрт үйден шығарып бара жатқанда осылай жылаған. Бұл за Бопанға да ортақ еді. Сықсиған кішкене көздерінен жастың мөлді тамшылары қайқы мұрнымен жарыса жөнелетін. Бұл жолы да Бопанның жүйесі босап кетті де, ізінше бар қайратын жиып алды.

Әй, дыбысыңды шығарма. Жанбырбай соғыста өліп, қатынға маған қосылсын деп тілегенім жоқ. Құдай ісіне не қыл дейсің! – деп Бәтихаға дүрсе қоя берді. – Мен енді өмірден қубас атанып өте алмаймын!

Бәтиха бейшарада ес қалмады. Бар өшін көзінен алды. Адамның көзі мұншама қисапсыз болады екен, омырауын жуып кетті.

Құлындарым, қайдасыңдар, мені жандарыңа алыңдар, маған бұл өмірде қызық қалған жоқ! – деді ол өлген сәбилерінің аттарын атап шақырды.

Бопан шыдай алмады, үйден асығыс шыға жөнелді. Бәтиха ұзақ жылап жатты. Оған күйеуі жай ғана қуыс қурай болып көрінді. Үйге қараңғы түскен соң сүйретіліп жүріп күндегі тіршілік қамына қайта кірісті. Осынау күйзеліс үстінде ажал жетсе қуанатын еді. Шақырып келтіре алмады. Қазір бәрі ағаттып екенін түсінді, өмір сүргісі келді. Адамға өмір қымбат екеніне дең қойды. Сөйтіп от жағып үй ішінің күйбеңін тындырды да, күн

бойы жылаудан мең- зең болған шекесін ұстап шөке түсіп жатты. Ойы Қазизада болды. Қалайша ол әкесі тұстас адамға келісім бермек, осы сөзді Бопан не бетімен айтты, кімге сеніп айтты. Ой деген түпсіз тұңғыық емес пе, шегіне жете алмады. Көзі ілігіп еді келіп тұрған Қазизаны көрді. Келіншектің көздері де жылаудан қызарып, беті ісініп кетіпті. Бәтиханың мұнды жүрегі елжіреп сала берді. Қазиза шешініп киім ауыстырды, біраз көңілденейін деді. Бәтиханың мүләйім кескініне аянышпен қарады.

«Апатай, сізге не болған, көп жылапсыз. Соқтығыс қаларсыз,— деді Қазиза жауын суына бортиған жұмыр қолдарын укалай отырып. Бәтиха үндемеді. Қазиза сұрап қоймаған соң:

— Қазизажан-ай, несін сұрай бердің, мен күнім өткен бейбақпын, жылау менің маңдайыма жазылған емес пе,— дей салды. — Өзің неңе жыладың, жұмыс ауыр болды ма, кейідің бе?

— Жок, апатай, жұмыс жақсы, тіпті шаршағаныңды да сезбейсің. Үйді сағынып қалыппын. Жаңбырбай есіме түсті,— деді Қазиза дауысын қалтыраңқырай сөйлеп.

— Айналайын, енді қайтсін, беу соғыс-ай десейші, кенжем қандай жігіт болып өсіп еді! — деп Бәтиха кеудесін қак айырып үһіледі.

Шәй ішіліп болды. Қазиза қалған ыстық сумен басын жууға кірісті. Бәтиха бүгінгі жайды айтуға бірнеше рет оқтанса да батылы жетпеді, не деп айтады. Оның таза жүрегін, қапалы жүрегін қалай тілгілейді. Бітеу жараның аузын ашу да керек сияқты. Бүгін болмаса ертең бәрібір ашылар сыр емес пе, онаң да өзім айтсам болмай ма? Ақыры айтуды дұрыс деп тапты.

Оқиғаны естігенде Қазизаның әдемі жүзінің қаны қаша берді. Жүрегі мұздап кетті, тулап соғуды қойып, тым-тырыс тоқтап қалғандай болды.

— Апырай, апажан— ай, шынымен осыны айтты ма?— деп кадала сұрады.

— Жаным-ай, мен қашан өтірік айтушы едім,— деді Бәтиха.

— Апырай, ағатайым мені баламмен жасты деп отырмайтың ба еді, мен баласындай емес пе едім?— дей берді.

Мына сұмдық сөз оның көзінен бір тамшы жас шығар алмады. Қайта бекіте түсті. Қалтыраған саусақтарымен ұзын қара бұрымын өре берді.

— Зорлығы жок күнде туғанымға қуанамын, апатай,— деді Қазиза. Біраздан соң,— айтар ақылым, қапа болмаңыз, зіл басқа

мына үйде отырып жасыңызды құртқанша жұрт арасы жұмыс басына барыңыз.

– Оның рас, өзім де ертеңнен бастап қатындармен бірге ж жұртуға барам,– деді Бәтиха.

Қазиза күйеуі жастанған үлкен ақ жастықты құшақтап, ұйқыға кетті. Бәтиха төсекке кисая салып, теріс қарап жатты. Бірақ көпке дейін ұйықтай алмады. Таң алдында Бопан кірді. Ол кенседе басқармасының отырысынан шыққан. Тамақ ішкі келіп еді, Бәтиханы оятуға батпады. Шешініп біраз отырды. Шымылдық түсірулі тұрған төсекке мойнын созып қарай берді. Үй ішінде сабынның әдемі иісі аңқып тұр. Бопанның тойымсыз нәпсісін қоздыра түсті. – Несі бар, – деді ол, – інісі өлсе ғана мұрасы, алдында жұртқа аян ата жолы жатыр. Бұған сен титтік кінәлі болмайсың. Мынау соғыс заманында жас әйелге менді бай табылса жарайды ғой. Тоқал алу осы күнде айып емес. Оның үстіне майданда қаза болған өз інінің келіншегі ем пе? Төрт жылдай күтті, қашанғы отыра бермек. Ана Дәулетті қалжыңбасымен әуейленіп жүргенін өзі көрді. Қазизаны әлде қайдағы біреуге беріп, тірі отырғаным ба?

Ол насыбайын алып түкіріп тастады. – Жоқ, мен Қазизам беттесіп алам.

Бопан орнынан тұрды, насыбайын саусағымен іліп алатып ұрды. Үй ішіне қысқа таңның бозғылт сәулесі түскеледі. Терезелерге жаңбыр тамшылары сырт-сырт тамалды. Есік жақ босағада үлкен шымылдық ағарып тұр. Ол ілгері бет аттады. Шымылдық ішінде келінімен бірге ақ көңіл інісі жатқандай болып көрінді. Бөгеліңкіреді, ойланды. Насыбайды қайта ерніне қыстырды.

– Осым ұят болмас па екен, келінім беттен алып шапса калса не болмақ? Бұл күнде зорлық жүрмейді. Егер Жаңбыр біті болып шықса қайтем? Сен келгенше келіншегіңді мен алы қойдым деймін бе?

«Оның шұбарлау болбырақ беті дуылдады. Қараңғы қызарғанын ешкім көрген жоқ. Ақырын келіп өз төсегі кисайды. Күні бойы жылап шаршаған Бәтиха ұйықт кетіп еді. Оны жәбірлегеніне опық жеп отыр. Ұзақ жылд отасқан жібек мінез Бәтихасы жас кезіндегісінше болы көрінеді. Қайтқан сәбилері көз алдына келді. Бопанның көңілі бұзылды, мұрны шуылдап, көзіне жас іркілді. (

Бәтихаға қарай аунап түсіп, күректей алақандарымен өзіне қарай еңсере тартты.

Қазиза оянғанда аласа үйдің іші жарық болыпты. Кішкене терезелерден түнерген аспан көрінеді. Тез киініп тысқа шықты. Дымқыл ауадан әлі де жауынның болмашы сіркіреп тұрғаны байқалады. Көктем лебінде жанға шипа қасиет бар. Қазиза сылпылдата басып бригадаға қарай аяңдады. Мал тұяғы тақырлаған ауыл маңына біркелкі жас көк шығып қалыпты. Сарғалдақтар топталып өсіп тұр. Жасыл жамылған ағаш жақтан көкектің үні естіледі. Қыр гүлінің бір шоғын алып, Қазиза бетіне басты.

– Қандай әсем еді! Егіз ағаш жақтан өзінің жыртқан тыңы қарауытып көрінеді. Подшипниктері босаған екен, түн бойы су өткеніне қарамастан трактор астына кіріп дағдылы машахат жұмысқа кіріскен. Қазиза келгенде ол бітіріп еді. Кескіні аса қуан, жүдеу болып көрінді. Дайыр азап шеккенін сездірмеуге тырысса да, Қазиза білді.

– Тракторды даярлап қойдым, – деді ол қалтыраған дауыспен.

– Рахмет, Дайыр, ауылға барып тынығып қайт, – деді Қазиза. – мен қозғала берейін.

Қазиза шылқылдақ бозбен ілбіп жүріп кетті. Су сіңген ауыр шымды баяу копарып, мотор ыңыранып барады. Дайыр бригадаға келді. Мұнда тракторлар да, көлік соқалары да жауынның лаңынан бос тұрған. Есік үсті көлкіген су, қорыс батпак болатын. Бригадир қалған екі тракторды да тың жыртуға қосты.

Шошаладағы адамдар жауын өтіп бүрсектеп жығылыпты, көбі ауылға кетіп қалған. Дайыр көлік соқашыларына да жер кепкенше тың жер жыртуға кеңес берді. Мұнда түгелге жақыны әйелдер болатын. Олар төсектерінде бұйыға жатып, мына сөзге көңілсіз құлақ қойды. Тамшы өткен жыртқық шошаланың іші көлкіген су. От әлі жағылмаған. Бітік көз сары әйел басын көтеріп алды, жаулығын түзеді.

– Дайыр шырағым, тракторда отырып жұмыс істеу мен жыртынды үстінде өгізбен алысып, қарасан болып салпақтау бірдей емес шығар. Біз әйелміз, байымыз соғыста, балаларымыз бар. Кір-қоңын жууымыз керек. Бізге құдайдың жауын күндері де бұйырмай ма осы? – деді кейістік білдіріп. Осым дұрыс па дегендей басқаларға қарады.

– Салиха дұрыс айтады, біз осы еркінен айрылған адам емеспіз ғой, – деп үн қатты екіншісі.

– Байы жоқ қатындар ғана жұмыс істеп, белсенділердің қатындары үйде отырсын дей ме, заңда? Ана Нәубетжан мен Бопанның қатындары неге жұмысқа шыкпайды?– деп үшіншісі бір былапыт сөзді қыстырып жіберді. Әйелдер гулесе бастады. Дайыр қатты састы. Не айтарын білмей қызарақтап қалды. Олардың сөзінде шындық бартын. Қадияша балаларын киіндіріп отырып, басу айтты:

– Әй, қатындар, сендер қарғаша шуламаңдар, оған бұл бала кінәлі ме? Мықты болсаңдар Нәубетжан мен Бопанға айтыңдар! Дайыр дұрыс айтады, жұмыс жүрсін деді. Күн өткізбей қармана берген артық. Осы жыртқық шошалада қамалып, ішіміз пысып өлетін болдық. Жер бүгін түгіл ертең де кеппейді, сонда осылай жата береміз бе?– деді ол.

– Міне, тағы да белсенді шықты,– деп біреуі кекете күлді.

– Күлме сен,– деді Қадияша,– бала-шағамызбен зарығып неге жатырмыз мұнда. Жұмысқа келсек отырмауымыз керек қой. Солай емес пе? Мен өзім мыналарымды тамақтандырам да, көлік жегем.

Қадияшаның сөзін жұрт енді күлкіге айналдыра алмады.

– Ойын не керек, Қадияша,– деді біреу.

Дайыр тысқа шыққанда шығыс жақ ашылыпты. Орасан үлкен жалынды қызыл күн дымқыл далаға сәуле шашып келеді екен. Тракторлардың Қазиза жыртып жатқан қырға беттегенін көрді. Тың көтеруші күштердің көбейгеніне қуанады. Енді аз да болса жұмыс өніп қалады. Тоңғаны, ас ішпегені ұмыт болды соларға қарай тартты. Жәпекең ауыл жақтан өгіздерін айдап келе жатыр екен. Арғы қырдан бері қарай аудан әкімінің газиг сазға малтығып жүріп келеді. Тракторлар бірінің артынан бір көкжиектегі мұнартқан орманға беталды. Қара бұйра жыртынды канатын кең жайып, молайып барады. Бригада қасынан көлік соқалар шықты.

Жанға жайлы самал жел есіп тұр. Жауынға бөккен топыра та жас көк желкілдеп өсіп келеді. Күн қызуымен жалпақ далағ мөлдір бу көтерілді. Қыр бетке серуенге шыққан тату құрбыда егіз ағаштар жасыл желек жамылыпты. Сансыз бозторғайла шырылдайды. Сарғалдақтар қауашығын ашыпты. Дайы май күніне тамашалай қарап қалып еді. Аудан әкімінің газиг

Жәпекендерге қарай бұрылғанын көрді. Бұл кезде қарт көліктерін жегіп болып, келе жатқан әкімді тосып тұрған.

Рақымғали машина тоқтамастан есігін ашып жіберді. Жүзінде қисапсыз қуаныштың белгісі бар. Ол машинадан секіріп түскен бетте сәлемдесуді ұмытып:

– Жәпеке, сүйінші! – деді балаша қуанып.

Рекең қартты мол құшағына алды. – Жеңіс болды, соғыс аяқталды,– деді ол.

– Апырай, құдай ондады десейші, қайырлы құтты болсын! Сөйтіп, Реке, соғыс бітті деші! –деп қарт та әкімді қапсырып құшақтады.

Дайырдың да қуанышында шек жоқ. Екі картқа қарап мағынасыз күле береді. Рекемен амандасуды да ұмытып кетіпті.

Өткен күні біздің әскерлер Берлинді алғанын фашист армиясының тізе бүккенін асыға баяндап шықты. Суланған қызыл көздерінде қуаныш жасы бар, жалбыр ақ мұрты дірілдейді. Осы хабарды жеткізуге суыт жүріп жауынның лаңынан жолдағы елдерге бөгеліп қалғанын, әйтпесе бүкіл ауданның қуыс-қуысын бір күнде аралап шығатынын Рекең асығыс баяндап шықты. Аудандық «Екпінді» газетінің асығыс шыққан арнаулы қағазын Дайырға ұстатты. Онда біздің әскерлердің жеңісі жайлы хабарлар жазылған болатын. Осы хабарды жеткізуге суыт жүріп жауынның лаңынан жолдағы елдерде бөгеліп қалғанын, әйтпесе бүкіл ауданның қуыс- қуысын бір күнде аралап шыға алатынын Рекең асыға баяндап шықты.

– О, дүние деген сол, бұл күнді көрген де бар, көрмеген де бар,– дегенде Жәпекеннің даусы қалтыраңқырап шықты. Оның бозамық көздерінен жас тамшылары домалап түсті.

– Ие, жеңіс оңайлыққа түспегені анық– деп Рақымғали да сәл төмен қарады. – Ал, Дайыр сәулем, жұмыс жайы қалай?

Дайыр түгел айтып шықты.

– Жарайсың, Дайырым, бүгінгідей күндері бар күшті тың көтеруге қосқаның ақыл болған. Кеше, бюрода аудан колхозында тың көтеру жөнінде арнаулы қаулы алынды. Әр шаруашылыққа тапсырмалар белгіленді, – деп Рекең қалтасынан дәптерін суырып алды.– Сіздер осы көктемде жүз гектар тыңға тұқым себесіздер.

– Құп болады! – деп Дайыр қуанып. – Сонда келер көктемде бұрынғы егістік жеріміз түгелге жакын жаңарады екен.

– Солай, бұл табалдырықтан аттаған молшылық қой! деді Жәпек қарт. – Шамамыз келгенше тырысып көрерміз, ұ келтірмеспіз.

– Жә, мен жүрейін,– деді Рекең,– бастықтарыңызды а жолы көре алмадым, қонаққа кетіпті. Бүгін ұйқысы ашылм жатыр.– Ол басын шайқап аз ойланып тұрды. – Ал қош бол тұрамыз ба?– деді былпылдақ алақанын ұстап.

Рақымғалидың қара газигі қақалып-шашалып орнын қозғалды. Су сіңген жұмсақ бозбен тайғанақтай жылжи барады. Жүреқжарды қуанышты жеткізуге асыққан хабарш ның машинасы ойлы-қырлы даламен шоқалақтап ұзап кетті.

Дайыр атына мініп шаба жөнелді.

– Уа, жұрт, сүйінші жеңіс-жеңіс!..

Жеңіс деген қуанышты сөз шарлады жер-көкке. Жеңіс дег күдіретті сөз бар адамды шат қылды. Жәпек қарт қуанысқа құшақтасқан жұртқа қарап тұр. Нұрсыз көздерімен алдында ұсақ әжімдерге жас іркіліпті. Онысы көктем күнінің қызуым біртіндеп құрғап барады.

* * *

Шілде күні тас төбеден қыздырып тұр, көлеңке мүлд қысқарып болды. Көкпеңбек аспан биіктей түсті. Аңызак ж бар, қапырық. Бозторғайлар да ыстықтан қорғанып, бет арасына тығылыпты. Күн нұрына бөккен ойлы-қырлы жас дала жатыр. Маңайда көз жетер жердің бәрі орман, олар жасыл. Дөңінде жайқалған үкідей акселеу сайы кілкің жоңышқа. Әртүрлі дала гүлдері көз тартады, көбелектер ұшы қонады. Ертемен жегіліп күннің аптап ыстығында жер жырт өгіздер дірілдек жоңышқаны егеулі тілдерімен орай тарт құныға оттап жатыр еді. Ластанған шашақты құйрықтар көтеріп алды. Бастарын ерсілі-қарсылы шайқап, көлеңке қарай шаба жөнелді.

Паналары дөң үстіндегі қос ағаш, айналасы жапырың тақыр, малдың тезегі. Жәпекеңдердің тал түсте аялдайт жері осы. Көлеңкеде қарттың ескі шапаны мен шекпені төсе жатыр. Масы ағашта мыс шәйнек ілулі тұр. Оның астың ку тезектің саябыр қызғылт жалыны көрінеді. Көкшіл тү жоғарыдағы жасыл жапырақтарға қарай шалқи ұшып, қапыр ауаға сіңіп жоғалады. От басында ерні кезерген, кескіні сын

біз мұрын бала Зияда отыр. Көкшіл көздері бықсып жанған отқа қарайды, ойланады. Кешегі қанды майданды көз алдыңа келтіріп көреді...

– Соғыс деген не өзі, қандай адамдар ойлап тапқан оны? Зияда ағасын көз алдына елестетті. Ол бірде найзасынан қан тамған суық жүзді, бірде күндей күлген мейірімді болып көрінеді. – Үйге қайтам, сыйлықтар ала барам дегені есіне түсті, қуанды.

Міне, шәйнек қақпағын желпіп шүмегімен су бүрікті. Бала құлағы қалқиып далаға қарады. Сонау жерде егін ортасында атасының қара тебетейлі басы мен көйлегі ағараңдап көрінеді.

Жәпек қарт күнде бір мезгіл өзінің машақатпен жыртып сепкен азғана егістігін көрмесе, көңілі көншімейді. Қазір соны аралап келеді. Мандай тері босқа кетпегеніне қуанады. Көктемде жалғыз тілді соқамен жиырма гектар тың жыртыпты. Ал Дайырдың бригадасының жыртқаны бес есе көп. Тракторға дүние жетуші ме еді. Көлікпен итпектеген ата бейнетінен құтылар күн де алыс емес.

Қарт жалпақ алақанымен мандайын көлеңкелеп, күн қыздырып тұрған кең далаға қарады.

– Шіркін, мына жазықты түгел жыртып, егін салса астық деген тау болып үйірілер еді. Ой-хой, күш қайда, күш. Аз ғана ауылдың шамасы келе ме?

Бұрнағы күні балдау комиссиясы келіп егін шығымын мөлшерленгенде тың жерден өнім 25 центнерден кем түспейді деп, кесіп айтты. Бұл гектар басы 150 пұт таза бидай деген сөз. Жәпекеннің қуанышында шек жоқ, көрген кейістігі ұмыт болды. Тіпті осынау өмірде мәңгі-бақи жасай бергісі келеді. Әрі тығыз, әрі бойшаң балаусаға тағы бір қарады да, қолын артына ұстап қосқа қарай беттеді. Жолда кесе көлденең жатқан, жаңа жыртқан жыртындысын адымдап өтті. Көңілі көншімеді:

– Шіркін, әлі де бір жұма жыртса, өніп кетер еді, оған уақыт қайда. Шөп шабуға көлік жетпей жатқаны мынау. Шапқы бабына келіпті, енді бояуы кете бастады. Жә, енді осымен тың жыртуды қоя тұрамыз. Дайырдың бригадасы тың көтеруді асыра орындапты. Айналайын Қазиза-ай, еркек бағалы бір баласың-ау, тракторды жүргізуіне болайын. Дайыр мен Қазизаның жуырда тойы болады десіп жүр, өте жарасымды жұбайлар. Тәңірім бақытты етсін оларды! Қазиза біздің Жақанға лайық еді, келген соң балама құлаққағыс етіп,

тілегімді айтсам деп едім, бұйырмады. Оқасы жоқ, оған жазған тұрған шығар.

Жақанды ойлағанда Жәпекеңнің кәрі жүрегі кобалжит болды. Соңғы уақытта көбірек уайымдайды, Өйткені, сәуірді бері хат келмеуі кәдік тұр. Ата жүрегі жамандыққа жорымайды. Күн санап, сағат санап келуін күтеді. Бала мінезді Жақан есіктен жымыя күліп кіріп келетіндей, атасы сақал басқ бетінен айналай бастайтындай көрінеді. Тіпті баласын сүйкімді иісі мұрнына келгендей болады.

– Құлыным, жалғызым, келдің бе, көріндің бе көзіме!– д жылап жібергісі келді. Қарт бір тамшы ыстық жасты көйлегіне кең жеңімен сүртіп тастады, күрсінді. Өткен төрт жылдан соңғы төрт ай ауыр соғып тұр. Жәпекеңнің сақалында ақ көбе түсті. Белі ауырып, қайраты кеміп бара ма қалай?

Кешкілік кәрі денесі сырқырап түн бойы мазасы кете ұйықтай алмайды, әртүрлі жаман ойлар келеді, түс көреді, ті көбіне қорқынышты болады.

Қарт ауыр ойлармен қосқа енді. Зияда шәйнекті мо ағаштан алып от жиегіне түсірді. Нан турап, қалайы бокалда майлы орамал үстіне қойды. Кішкене қара тостағанға құйғ сүтсіз шайды атасы үнсіз ұрттап отырды. Сәйгелден қорғань түтіннің ығында жатқан өгіздер тас жұмып алған көздерін сорасы ағып, рахат күйіске кіріскен. Аңызактан танда кеуіп, сусаған атай шайды ұзақ ішті. Аталы-балалы екеуі үндеспей отырды. Зияда манағы бір ойларына орала берді.

– Ата, соғысты кім бастайды, неге бастайды осы? – д сұрады.

Қарт күрсінді. Оған соғыс жайында ойлау өте ауыр болаты

– Соғысты қарабет жау бастайды, балам, бізді құл ет арман етті. Бізге көп күйзелушілік келтірді. Біз қарсы тұрды жойып жібердік, олар сазайды тартты!– деді атай.

– Сонда Жақан ағам да жауларды қарынға түйреп өлтірді ғ

– Иә, өлтіреді.

– Адамды қалай аямайды олар?

– Жауды аяуға болмайды, балам!

– Зияда тағы ұзақ үндемеді.

– Ата, мен өскенде кісі өлтірмеймін, мен ешкімді өлтірмеймін!

Қарт тағы күрсінді.

– Уа, тәңірім, соғыстың аты өшсе екен, мына сәбиімнің өміріне соғыс ызғары соқпаса екен!– деді атай.

Жәпекен ақырғы тостаған шайды ішті де мұртын сүртіп буырылы көп сакалын сипады. Жер танып, мамырлап тұрды.

– Ал кеттік пе, балам?

Күн бесіндікке қарай ауысты. Ыстық пен маса сонадан зықысы шыққан өгіздерді жегіп дағдысынша соза айғайлап жіберді. Атай сытырлай айрылған шымнан көз алмай үнсіз келеді. Көңілінің кошы жоқ. Күн бата өгіздерге мініп, екеуі ауылға қайтты. Олар қаңырап тұрған өз үйлеріне келді. Қап-кара болып түнерген терезелері соншалық көңілсіз болатын. Кешкілік ауылға бет алғанда Зиядаға шешесі мен әжесі шай қойып тосып отырғандай көрінетін. Оларды катты сағынатын. Құлазып тұрған иесіз үйді көргенде өксіп-өксіп жылағысы келетін, жетімдігін мойындайтын. Бүгін де сөйтті, атасының етегінен ұстап қараңғы үйге кірді. Шам жағып, ыстық ішу жабдығына кірісіп жатыр еді, әкесіне тартқан Нәубетжанның таңқы танау баласы келіп, атайды немересімен шайға шақырды. Мұндай сый-құрмет жиі болып тұратын. Жәпекен ұялса да баруға келісті. Әйел қолынан бапталған шайды ішудің өзі бір ғанибет сияқты.

Аталы-бабалы екеу Нәубетжанның үйіне келді. Біраз адамдар отыр екен. Әскерден келген Жаулыбай да осында көрінеді. Мол дастархан жайылды. Қазанда қыстан қалған сүр ет қайнап жатыр. Әңгіме-дүкен құрылды. Жұрттың бәрі Жәпекен мен Жаулыбайға құрақ ұшып құрмет көрсетуде.

Жаулыбай соғыс бітер кезде Жақанмен әр уақыт кездесіп жүреді. Берлин көшелерінде болған ұрыста жеңістен бірнеше сағат қана бұрын Жақан ерлікпен қаза тапты. Оның жас денесін туыскандар бейітіне жерлегенде Жаулыбай басы-қасында болады. Кейбір тұтынған заттарын әкесі мен баласына табыс етуге алып қайтады. Жақанның ерлік өлімі жөнінде әскер бөлімінен жазған хабарлауды ауыл адамдарды мүлдем айтпауға бар екен. Ондағысы қажып жүрген қартты аяғандық еді. Ақылдаса келіп, естіруді мақұл дескен.

Ас ішіліп болған кезде жұрт біртіндеп көбейе берді. Бірақ, айтуға, ешкім де батпай отыр. Ақыры біреу осы жайды орағыта келіп естірткенде, қарттың кескіні ақ шөлмектей болып қуарып кетті. Көзі қарауытып, түбірінен шіріген бәйтеректей солға қарай қисая берді.

– Уа, қарғыс тиген соғыс, менің қарашығымды осылай батырып па едің! – деген ащы дауысы шықты.

Зияда шырылдап, атасына жармасты.

III

Зияда орта мектепті өткен жаз бітірсе де ұзап оқуға атасын кимады. Тракторшылар курсына түсіп мамандық алды. Бұл күнде Жәпек қарттың қуанышы да, жұбанышы да сол. Шүкіршілік, немересі, мінекей, өндірдей жігіт болды. Жақаннан бір аусайшы. Атай сулы көздерімен құныға қарай береді. Көбіне жаңылып «Жақанжан» деп шақыратын бар. Жалғыз ұлының ащы қайғысы біртіндеп тарқап барады. Қарт ұрпақсыз еместігіне енді өз өмірінің жалғасы басталатынына қуанды. Кәрі денесінің өн бойына қуат кіре бастады. Жақан бұл дүниедегі бар қызықты өзімен бірге әкеткендей, әкесі үшін ештеңе қалдырмайтындай еді. Жок, ол өлмепті, ол әлі тірі екен.

Сөйтіп, өмір қартқа күле қарады, қызықтыра, қуанта түсті. Еңсесі көтеріңкі, тіпті белі де ауырмайтын сияқты. Аяқ-қолы жеңіл, үлкен терезелерден наурыз күні мейірімді сәулесін төгіп тұр. Үй іші таза, төсек-орындар, сырмақтар өз орнында, әйел қолымен жайғастырғандай ұқыпты. Бұл Зияданың жұмысы, бала жасынан жетімдік көріп бағып өскендіктен әр іске жап-жатық. Бар шаруаны тындыратын сол. Ертемен атасына шай қойып беріп, жұмысына кеткен еді, әлі оралмай жатыр.

Қарт қабырғадағы ескі сағатқа қарады. Түс әлеті әлі болмапты. Қаптал күпісін киіп, белін буды. Көнетоз түлкі тымағының бауын байлады. Қолына мойыл таяғын ұстап тысқа шықты.

Күншуақ, желкемдеу. Күн бетте арық сиырлар маужырап тұр. Қарт қайқы тірсек қоңыр мөшкесін суатқа қарай айдап салды. Артқы аяқтарынан сүрініп шойнаңдап бара жатқанына біраз қарап тұрып:

– Жануар қартайыпсын-ау, сандарың қалақтай, союға, сатуға өзінді кимаймын да, кешегі кемпір жарықтық емшегіңді ұстаған жануар едің, кешегі басым аман, бауырым бүтін күнімдегі төл едің, О, дүние сол! – деп атай ауыр күрсінді.

Жәпекең маңдайын көлеңкелеп ауылдың сонау төменгі жағына қарады. Көше мүсіндене түсіпті. Жақсы-жаксы жаң

үйлер тұрғызыпты, әне бір көк төбелі үй Дайырдікі, қызыл шатырлы Жаулыбайдікі, ана бір шиферлі үй Рысжандікі, еңселі үйлердің жанында соқыр қайыршыдай үнірейіп күні өткен балшық үйлер қарауытады.

Соғыс жылдарында ұсак балалар өте аз болушы еді, қазір көбейіпті. Көшеден естілген сәбилердің қуанышты күлкісі кәрі жүрегін жылытып жіберді. Суықтан беттері қызарған бүлдіршіндердің барлығын да құшағына алып сүйгісі келді. Көзіне жас толды.

Ой-хой, дүние-ай, менің Жаканым аман келсе Зиядама серік осындай сәбилер біздікінде де болар еді-ау, – деп ойлады. Атайға мына балбөбектер тың жерге сепкен егіннің жас көгіндей болып көрінді. – Ие, бұл көктем ғой, жазы енді басталады, шіркін, сол күнді көрсе, – деп арман етті.

«Ата» деген дауысқа «әу қарағым» деп жалт қараса, кішкентай бала жанында тұр еді. Ұқыпты киінген, еркек бала атайдың таяғынан ұстады.

– Біздікіне жүріңіз, біздікінде қант-кәмпит көп, – деді ол.

Атай иығы селкілдеп күлді.

– Қарағым, кім балсысың?

– Дайырдың...

– Атың кім, балам?

– Жеңіс.

– Жеңіс пе еді, көп жаса балам, әкең үйде ме?

– Үйде емес, – деді бала, – ана жақта.

Сәби ауылдың арғы бетін көрсетті. Ол жақта жаңа тракторлар, саймандар келді деп естіп, қарт соларды көруге шыққан.

Атай баланың бетінен мейірлене сүйді. «Жігіт бол, балам!» деп ілгері кетті.

Қары күн көзіне жұқарған, кей жері қарайыңқырап қалған дөңесте сап түзеп көп тракторлар тұрды. Атай бұрын көрмеген әртүрлі көкпенбек саймандарға тандана қарады.

Трактордың төңірегінде біраз адамдар бар екен. Жұрт жамыраса сәлемдесті. Дайыр атайды қуана қарсы алды.

– Саумысың, шырақтарым, іске сәт! – деді қарт таяғына сүйене тұрып.

– Айтқаныңыз келсін, Жәпеке, үлкен іске кірісуге қамданып жатырмыз, – деді Дайыр майлы қолын сүртіп тұрып.

Дайырдың денесі толып, кірбік мұрт өсіпті. Кескіні қызыл шырайлы, көркем. Үстіндегі қысқа кара тоны мен кайырып байлап алған кара құлақшыны жарасымды.

– Естіп жатырмын,– деді, – қарт қуанышы қойнына сыймай.– Осында келіп бәрін де өз көзіммен көргім келді, шырақтарым!

Дайыр анықтап түсіндіре бастады.

– Қырда жаппай тың көтеру басталғалы отыр. Бүкіл елдің әр жерінен көмекке жастар ағылып келіп жатыр. Бізге де келіп қалар. Колхозымыз биыл көктемде он мың гектар тың көтеруге тиісті, соның ішінде осы ауылдың бригадасы біз үш мыңын жыртамыз,– деді ол. Қарттың нұрсыз жанарының алдын қаптаған сызықтар түсіпті. Күмістей аппақ мұрт жапқан аузынан тістері көрінді.

– Апырай, күш келе ме оған?

Жұрт ду күлді.

– Қазизаның бұрынғы тракторы мен сіздің соқаңыз болса, әрине, қараңыз мыналарды! – деп Дайыр тракторлар тізбегіне ертіп келді.– Бұларды «ДТ» – дейді, барлығы жиырма тұяқ, көріп тұрсыз, су жаңа. Әрқайсысы бұрынғы тракторлардың бес күнде істейтінін бір күнде тындырады. Керосиннен үш есе арзан маймен жүреді.

Атай таңдайын қаға берді. Бір трактордың жанынан мұрнына май жағып алған Зияда шықты.

– Біздің тракторшылар Зияда деген жігіт мынау,– деп күлді Дайыр. Қарт:

– Айналайын тракторшымын,– деп мәз-мейрам болды. Мына трактор сенікі ме, балам?

Атай жарқырап тұрған көк тракторды таяғымен бүйірге түртіп көрсетті.

– Менікі,– деді Зияда мақтанып.

Қарт трактордың кабинасын ашқызып көрді. Жұмсақ орындық, жарқырауық аспаптарға қызыға қарап, ішіне кіріп отырды. Қандай тамаша!

Жәпекең осынау күнге жеткеніне шүкіршілік етті. Ие, ол жаман-жақсы сексеннің бесеуінде тұр. Қайғы мен қуаныш аралас кесек өмір өте шықты. Өмір бойы егіннің қамын ойлаумен болды. Жасында орыс байына жалданды, бертін келе өз бетімен егін салды. Колхозға бірінші болып кірді. Маңдайындағы әжім алаканындағы күс содан түскен. Тың жердің қасиетін жұрттап бұрын таныды. Бір десятина жерді жалғыз тілді соқамен жыртып

шығу үшін бірнеше күн жаяу жүріп қарасан болды. Болдырып жығылған көліктерінің басында отырып, мына қатігез жерді қопарып тастайтын алып күш болса деп қиялдайтын...

Жәпекең тың көтерудің келешегін ойлағанда қиялы Қазизаның тракторының төңірегінен ұзай алмады. Ал мыналардай бір күнде он десятина тың жырту деген ақылына сыйып көрген жоқ-тын.

Қарт тарамысты қолдарымен шыны сыртындағы аспаптарды сипалап көрді. Жігіттер атайдың бала солған шағына қызыға қарайды, күледі.

* * *

Қазиза терезе алдына барып, қар басып жатқан жазыққа көз жіберді. Кей жер қарая бастапты. Сонау қырға қарай жірсік қарды жалпақ бауырымен тіліп «ДТ» тракторы ұзап барады. Ақ айдындай даламен қалқыған әдемі трактордан көз алмай қарай берді.

Бұл күнде Қазизаның денесі толып байсалдана, сұлулана түсіпті. Үлкені Жеңіс, кішісі Бейбіт әлі бесікте, құйрығынан отырады, талпынады. Күн сайын қызықты болып барады. Дайыр үсті дөңестеу қырлы мұрнын сәбидің мақтадай денесіне үйкеп отырып, тоймайды. Ал Қазиза көзге балалар ұнатпайтын сияқты болып көрінеді.

Сонғы үш жыл бойы трактордан мүлдем қол үзіп кетті. Қырда трактор гуілі естілсе, жұмыр мойын созып, қарақат көздерімен телміре қарайды. Мотор үнін сүйсіне тыңдайды. Алыстан-ақ трактордың қандай шапшаңдықта, қанша жүкпен кетіп бара жатқанын айырады.

Етектен тартқан жас бала от басының тұтқыны етіп зеріктіріп барады. Мынау үлкен науқанға да атсалыса алмайтын түрі бар. Мамандардың жетіспеуінен біраз трактор иесіз тұр. Қазизалар үйде отырады, осы да жөн бе?

Бесіктен Бейбіт жылап оянды. Шешесіне тартқан қаракөз, кішкене бөбектің тершіген беті алмадай қызарыпты. Көздерін қыпылықтатып, кейіңкірей жылайды.

– Сені қайтсем екен осы? – деп Қазиза баланы ыстық баурына басты. Емшек еміп көңілденген сәби аппақ екі күрек тісін көрсетіп күлді, анасы да күлді.

– Сені қайтсем екен осы, – деді ол тағы да. Осы сұрақ көп көңілінде жүретін еді. Бүгін таңнан бері шындап ойласты бастады. Ауылда балалар бақшасын ашу жөнінде қол басшыларына талай айтса да, әртүрлі себептермен мән берм жүр. Бірде арнаулы үй жоқ, бірде реті жоқ, – деді. Бұл жө істерміз, – деді тағы да. Бірақ ештеңе өнбей қалды.

Енесі өлгеннен кейін бергі үш жылда байлаулы бұзау, болып отырып қайтерсің. Дайырдың анасы қара кемпір қадірі өтіп барады. Қазиза өзінің кең пейілді қамқор ене туған анасындай сыйлап, қадірлеп ұстап еді. Қазір де о сағына есіне алды.

– Әжем жарықтық тірі болса мұндай тарықпас едім-ау–, күрсінді ол. Жеңіс әжесінің бауырында өсіп, онша көп орал болмаған. Ойластыра келгенде тапқан амалы– балалар Бәтиха абысынына апарып беру болды. Өйткені, ол кісі жұмы бармайды. Аанада бір рет балаларды біздікіне жібермейсің–, өкпе айтқаны бар.

Дайыр жұмыстан қайтты. Ұйқысы қанған Бейбіт көңілді Әкесіне жұмыр қолдарын ербеңдетіп талпына бастады.

Бейбітжан қайда?– деген таныс дауысты естіген анасының қолынан шығып кете жаздады. Дайырдың суық бе аймалай бастады. Өткір тырнақтарымен бүріп тырнап алды Қарай гөр мынаның тентектігін, – деп әкесі қарқылдап тұр күлді. Қазиза да мәз болып тұр.

– Бейбітжан, әкесінің бетін тырна!– дейді ол да.

Қайнап тұрған самауыр столға қойылды. Ауыз үйд дөңгелек биік столды қоршаған сырлы орындықтардың бір Дайыр Бейбітті алдына ала отырды. Кең бөлмелердің ас үсті карағай мен терезелер ақшыл сырмен боялған. Бұрыш түгел алып ыдыс- аяққа шынылы шкаф қойылған. Шілте ақ жабылған төсектің сыртында орман бұғысының сұ салынған түкті кілем ілініпті. Кең терезелерде үй гүлд жайқалады. Бөлмеде тазалық, ұқыптылық бар. Жазғытұ күннің жылы сәулесі құйылып тұр. Дайыр қоңыр шайды ұрт отырып, сырт көйлегінің түймесін ағытты. Көзіне түскен к кекілін жалпақ алақанымен қарсы қайырып тастайды. Бей әкесінің кесесіне жармаса береді.

Машина-сайман сақадай сай тұр. Бірақ тракторшы жетіспейді, – деп Дайыр уайым айтты.

– Дайыр, маған бір трактор бер, жұмысқа шығам, – деді Қазиза имене сөйлеп.

– Жігіттің үлкен жанары шарасынан шығып, таңдана қарады.

– Мына балаларды қайтпексің?– деп сұрады ол, кесесін үстелге қойып.

– Бәтиха апама апарып берем, ол жүдетпейді, күтеді.

– Бәтиха деймісің, тапқан екенсің. Емшектегі баланы тамақ ішкізіп өлтіру ғой, мынауың!

– Өлмейді, ол да бала бакқан кісі.

– Сонда сен Бейбітті алты айлығында емшектен айырып, тірі жетім етпексің бе?

– Айырамын.

– Ендеше, күн ұзақ ашыған емшек сүтін емізсен ауырмағанда қайтеді?

– Мен ауыртпаймын оны, ашыған сүтті сауып тастап отырмын.

– Жоқ, мынауың балаға жаны ашымағандық! – деп Дайыр шытына қалды. – Мен жол бермеймін, осы үйге бір менің табысым да жетеді, жаныңды күт!

Қазиза кіршіксіз тістерін көрсетіп күлді.

– Балаға менің жаным ашымай ма, сонда?

– Жаның ашыса осыны айтамысың?

– Аштан өлем, көштен қалам деп айтып отырмын ба? Мен үй тұтқыны болғым келмейді, жұрт қатырлы қырға шыққым келеді.– деді Қазиза дауысы қалтырап. –Мен тыңды жаман трактормен де көтеруге қатыскам. Енді үйде отыра алмаймын.

– Мен саған трактор бермеймін!

– Бермесен, Рекеңе айтып, сол кісінің алдында алам! –деді Қазизаға ызаға булығып.

Кішкене Бейбіт бұларға жаутандай қарады. Аузына жұмыр саусақтарын салып отыр.

– Сен осы баланың бөтен үйде зарығып жылайтынын, өмірі өкситінін неге ойламайсың?

– Ойлаймын, Бәтиха апамның жүдетпеуіне сенем.

– Бәтиха дегенің кім, туған шешен бе әлде жанашыр ма, туысың ба? Бопан мынаны ала қарғанын балапанындай жек көреді. Мен сәбиімді ешкімге көз түрткі қылғым келмейді!– деп Дайыр қатты сөйлеп кетті. –Сенің міндетің үй шаруасын бағып, балаларыңды күту, жұмыс істеп мені байытпай-ақ қой.

Қазизаның көзіне жас толды.

– Дайыр, мен сені бұлай деп ойлағам жоқ, сен өте ұсақталып кеттің, маған қиянат істеп отырсың,– деп ызаға булығы жылап жіберді. Шайдың ақыры құнтталып ішілмеді. Дайы киініп шығып кетті. Қазиза Бейбітті құшақтап отырып ой батты. Дайыр теңім осы деп қосылып еді. «Енді сен әйелсі сенің орның от басы деп, кеміткені қалай? Бұл да кейбір еркектер сияқты жөн білместің өзі болар ма? Теңдесі жоқ қосылған Дайырдың да жүрек түкпірінде бұған деген жәбір сөздері жасырынып жатқаны ғой. Өткен он жылда мұндай

жағымсыз мінездерін қалай көрмеді екен! Балаға жань ашымайды, тас жүрексің» дейді-ау. Анадан артық балаға кімнің мейірімі түсуші еді, соны неге түсінбейді екен!

Қазиза Бейбіттің сарғылт кекілінен иіскеді, иісі тәтті екен иіскедей берді. Даладан беті-қолы қызарған Жеңіс кірді. Үсті басы қар, лас.

– Әкем қайда?– деп сұрады ол. Қазиза үндемеді, оған шешіндірді, беті-қолын жууға қосты. Жеңіс Бәтиха әжесінікіне барып келе жатып, Зияданың атасын көргенін, оны қонаққа шақырғанын бірінен соң бірін жалғастырып сөйлеп берді. Бас шай ішіп отырып та:

– Зияданың атасы көп жаса деді, бетімнен сүйді,– деп қойды.

Қазиза кішкене ұлына риза болды. Ұлы жігіт болып өскен калғандай көрінді.

– Сен Жәпекенді үйге неге ертіп келмедің?

– Апа, ол келмеді, мен айттым.

– Мен, сен жігіт болыпсың! – деді Қазиза қуанып манағыдай емес кеудесі орта түсіп көңілі орнығайын деді. Ашуы тарқай бастады.

Күндер тез өте шықты, солтүстіктің лебі суытқан қаңдауылы алты ай қыс сіресіп жатқан қалың қарды шыңды ерте бастады. Жазғытұры аспан қабағын түйіп жерге төрт түсті. Жатаған қазбауыр бұлттар ауыл үстімен үнсіз көш жатты. Үйлердің төбелері, қоралардың салам жабулары қарды аршылды. Қар суы жол таба алмай сайларға жиналып көлкі кетті. Шалшықтарға алғашқы жұбай үйректер ұшып келді. Дала қара қарғалардың үніне толы. Егінжайды шұбарлық қардың қалдықтары әлі көрінеді. Қазиза Бейбітке сонау қырды нұсқап:– Бейбітжан, анау даланы көрдің бе? Біз сонда жұмыс

істейміз. Сен үйде қалғанда жыламайсың ба?– деп сұрады ол. Кішкене сәби түсінгендей күлді.

Қазиза Бейбітті көтеріп Бопандікіне келді. Қакпа алдында өзіне таныс баяғы орындық қирап қалған. Бірақ Жанбырбай екеуінің қуанышты күндері ұмытылар емес. Міне, ағашқа бәкімен ойып жазған «ЖҚ» деген әріптер тұр. Мұны ойнап тұрып Жанбырбай жазып еді, бүгінгідей елестейді. Ал Дайырға анада өкпелегеннен бері Жанбырбайды көбірек еске алатын болып алды. Түсіне кіреді, түсінде сол бір шақтар өз қалпында көрінеді. Қазиза қуанып оянды. Мынау ойып жазылған әріп ыстық сезімдерін оята түсті. Жанары жасқа толды. Онысын көрсетпеу үшін Бейбітті ораған көрпенің шетімен түртіп тастады. Үйде Бәтиха жалғыз еді. Терезе алдындағы биік орындықта шұлық тоқып отырған. Бетін әжім шимайлаған ақ кемпір болыпты. Қыр мұрнының мүйіз шеңберлі көзәйнектің қалың шынысынан сүзіле қарады.

– Біздің Қазизажан келіп қалды ғой, – деп орнынан тұрып ораулы баланы қолына алды. – Айналайын Бейбітжанбысың, әжеңнің үйіне келгенің бе, бұл?

Бәтиха шолпылдатып сүйе бастағанда бала көз әйнегін жұлып алды.

– Мынаның сотқарын қарай гөр, – деп мұрнын көміп жіберіп құшырлана иіскеді. Бауырына басып қысып-қысып қойды да, баланы Қазизаға ұстата салып, самауырға ұмтылды.

Әбігер басталды. Жұмыс арасында Қазизадан хал-жағдайларын сұрап қояды. Үлкен кең бөлмелер жинақы, тыныш әрі таза. Көлденең жатқан бір қоқым көрінбейді. Қазизаның төсегі өз қалпында тұр. Бұл үйден кетерде төсекті бұзбастан сол қалпында қалдырып кетіп еді. Бәтиха шаң жұқтырмастан бағып отыр.

– Үйде сен бардай, бұрынғыша қырда жұмыста жүргендей болып көрінесің,– деді Бәтиха көзіне жас алып.

– Қайран құлыншақтарым-ай, уһ! – деп кеуде кере күрсінді. Самауыр тез қайнады. Бәтиха Бейбітті алдына алып отырып, шайды ұзақ ішті.

– Жалғыздық деген жаман ғой, Қазизажан, ең аяғы шайды да сүйсініп іше алмайсың! – деді ол терін сүртіп.

Қазиза ана жолы араларындағы көңілсіз кеңестерді айтып шықты.

– Ой-хой, дүние-ай десейші! – деп Бәтиха көзіне жас алды. Оншақты баланың анасы болды деп кім айтар мені? Көз алды бірін қоймаған соң бәрі бекер сияқты. Баланы күте алмай деп сенбей отырған ғой, бұл да бір күн шығар, қайтейін! Дала жұмысқа барам дегенің ақыл болған. Тың көтеруге алыс жер адамдар келгенде, сенің үйде отырғанын ұнамайды. Мен кетер едім сол қырға, әлсізбін, кәрілік жетіп келе ме, қалай?– деді Бәтиха аздап кабак шытып отырды. –Мына науқан еңкейген қаппен еңбектеген балаға да ортақ. Өзім де бір жағына шығысқа келеді. Мен осы ауылдағы бар жас баланы жиып алып, төргі үйге кең жерге күтсем, бірнеше әйелдің қырға баруға қолы босар еді. Ана Шәйін де, Зейнеп те, Мәдина да бұрынғы тракторшы емес пе? Әттең, аяқтарына бала тұсау болып отыр. Олар да бір трактордың иесі ғой, осым қалай, Қазизажан?

– Апатай-ай, мынауыңыз табылған ақыл екен!– деді Қазизажан кесесін жерге қойып.

– Ақылы ақыл-ау, әлгі шал не айтар, колхоз басшыла қалай қарар екен?– деді Бәтиха.

Сіздің мынауыңыз үлкен ерлік болар еді– деді Қазизажан басшылар сөзсіз көнеді, ал ағатайымызды білмеймін.

– Ол да көнер,– дей салды Бәтиха.

Бопанға бүгінгі жұмыс өте ауырлау тиді. Соңғы кезде жүрек қатты соғып, алқынып қалатын болып алды. Онысын мына жақындап қалған кәріліктен көріп елемейді. Тұқым дәріс жұмысына өзі тіленіп барған. Өйткені қыста тұқымды тазартқан еді, енді алғашқы легін өз қолынан дәрілегісі келді. Машина қозғала бастағаннан-ақ тұқым дәрісінің ұсақ ұнтақ бүкіл сарай ішіне жайылды да, адамдардың тынысын тарылтып жіберді. Енді кеудесі қысылып, үйіне зорға келе жатыр. Сіңген ауыр етігін сүйрете басады.

Дала түгел қарайған ағаштарға күртіктер де аласарып қалыпты. Жазғытұры өкпек жел сұрғылт даланың үстім тынымсыз гулеп тұр. Күні өткен шок-шок бозғылт жусан түйе бастарын шайқап, діріл қағады. Күн көзі буылдыр аспанда шыңырауында өршелене биіктеп бара жатыр. Қыстан арықта шыққан малдар кең далада шашырай жайылып жүр. Соңынан мұнартап кырға қарай жүгі бар тракторлар кетіп барады.

– Бұл науқанның басталғаны ғой, ертең ертемен бізде егіс шығады екенбіз!– деді Бопан әндете сөйлеп. Қақпадан кіре бері

алдынан аталап Жеңіс шықты. Жармаса кетті, құшақтады. Бопан баланы кірпінің шөгіріндей қысқа мұртын батыра сүйді. Төргі үйде балалардың көңілді күлкісі естіледі. Құлазып тұратын бөлмелерге жылылық жарастық келіпті. Аз ғана ауылдың бүлдіршіндері асыр салып ойнап жүр. Орталарында Бәтиха бар, таза киінген, ақ шөлмектей жүзіне қан жүгіріпті. Бопан бұдан жиырма жыл бұрынғы жас Бәтихасын көріп тұрғандай болады. Мына балалар қайғы-уайымымен қажытқан кешегі өз сәбилеріндей көрінді.

Ағы көп, бұрынғысынан молыға түскен сыпайы мұртын сипап, шоқша сакалын қалың саусақтарымен тарай берді. Тайқы маңдайындағы бурыл қасын қозғап кішкене көздері жасаурап тұрды.

Бәтихажан, – деді ол, – бөбектеріннің бауы берік болсын!

Бұл сөз Бәтиханың бір тамшы көз жасын сығып шығарды.

– Шіркін, бала бар жерде кейістік те жоқ, кәрілік те жоқ екен – ау, мыналарды көріп, жасарып жүрмін, – деді ол.

– Өз үйінде естілген бала күлкісіне көңілі жібісе де Бопан қуана қоймады. Көптенгі уайымы қайта торлады.

Бәтихажан-ай, бөбектердің арасында тұрғаның қандай жарасымды еді. Бірақ кісі баласы бізге бала бола ма? – деп күрсініп отыра кетті. Насыбай қыстырған қалың еріндері дірілдейді, көздері жасаураған.

– Әкесі-ай, мен үшін өз жүрегімді жарып шыққаннан кем көрінбейді, – деді Бәтиха жыламсырап. Ол көзін сығырайтып қалғанда секпіл бетінен мөлдір жас сорғалай жөнелді. Екеуінің аузына кезек қарап тұрған Жеңіс Бәтиханы құшақтай алды.

– Әжетай, жыламашы! – деді ол аяп.

Жыламаймын, Жеңісжан, – деді бетінен сүйіп. Жеңіс қуанды, түнеріп отырған Бопанның да мойнына асылды, еркеледі. Бопан Қазизаны Дайырдан күні осы уақытқа дейін қызғанады. Тіпті үйлеріне бас сұққысы да келмейді. Ақкөңіл інісінің келіншегін Дайыр қу барымталап алғандай көрінеді. Балалары да мейлінше жат еді. Бірақ Жеңіс бұлармен тез үйренісіп кетті. Кешкілік балалар үйіне тарап кеткенде:

Мен атам баласымын, осында қонамын, – деп бармай қалды. Сонан соң Қазизаның бұзылмай тұрған әдемі төсегіне шығып жатады, аунайды.

– Бұл апамның төсегі, мен осы үйде тудым, осы үйдің баласымын, – дейді еркелеп.

– Солай, құлыншағым, – дейді Бәтиха жанын үзе жақсы көріп. Мына сөз Бопанның мұздаған жүрегін жібітпей тұра алмады. Қазизаның бұл үйдегі төсегін бұзбай қойғанына қисапсыз разы болды. Келінін Жаңбырбайдан бір де кем көрмейді, ендеше оның баласы да жат емес.

«Мен баласыз емеспін, жалпак елдің баласы менің балам, – деген ой келеді.

– Бәтихажан-ай, мына шіркіндердің жаттығы болмай барады-ау, бәрі де өз балам сияқты! – дейді ол қуанып. – Жақсы болды ғой өздері...

Бопан ертенгі шайды ішіп тысқа шыққанда күн арқан бойы көтерілген екен. Түнде түскен қырсық бозғырау еріп кетіпті. Қамысты көлдің бетінде суық ақ бу іркіліп тұр еді. Жыл құстарының беймаза дауыстары естіледі. Көктем егіске шығатын күн болғандықтан ауыл әбігер. Тракторлар тұрған тұсқа қарай адамдар ағылып барады. Міне, бұрынғы тракторшылар толық денелі сары келіншек Зейнеп пен оның құрбысы жылтықай қара Мәдина және секпіл бет Шәйін үшеуі асыға басады. Үстеріне біркелкі жұмыс комбинезонын киген.

– Жолда Қазизаны ала кетейік, – деді Мәдина аптығып сөйлеп. Зейнеп кейін қала малмандай басып келеді.

– Сырлыбайым жылап қалмаса жарар еді, – деп уайым айтады.

– Бәтиха апамның қолында бала жүдемейді, – деді Мәдина тағы да.

Оның рас, – деп костады қашаннан салмақты Шәйін. – Бәтекен болмағанда биыл да үйде отырып, шерменде болатын едік.

Олар ұрымтал жерден даңғырлай сөйлеп кетті. Бопан күлді. Өзінің кеңпейіл Бәтихасы да мыналармен бірге үлкен іске аттанып бара жатқандай көрінді. Жұпыны ауыл түгел көтерілген. Аяндап Нәубетжандікіне келді. Ол сонау басқарма жылдарында салғызған кең қорасының ішінде сауын биесін жегіп, арбаға кең артып жатыр екен, денесі шарланып кетіпті. Бұрынғысынан толықсып жасара түскен. Жалбыр сары мұртын басыңқырап, шамалы сақал қойыпты. Қысықтау көзінің үстінде қою қасы қолдан жапсырылғандай ербиіп тұр.

– Ал, кәне, жұрт қырға кетіп жатыр, мен де шықтым, сен бармаушы едің? – деді Бопан амандық-саулықтан соң.

Нәубетжан маңдай терін қолымен сүртіп тастады.

– Менсіз де бір жөнін істер, алпысқа жакындағанда енді жұмыс істей алмаспыз. Өз шаруама жарасам да болар, шүкір, балаларым жетті, жұрттай емес, асырайтындарым бар,— деп ол махоркасына орай бастады.

Бопан сөз қатпады, аз ғана тұрып шығып кетті. Ол үстіне ауыр салмақ аркалап шықты. «Жұрттай емес, асырайтындарым бар» деген Нәубетжан сөзі ұмыт болып бара жатқан қайғысын есіне салды. Ие, ол канат-құйрығын мақтан етеді. Мені табалағаны ғой, бірақ мен Нәубетжаннан кем тұрамын ба, мен күнкөріс үшін ғана еңбектеніп жүрмін бе? Адамшылық қарызымды түгел өтеп болдым ба? Жоқ, мен еңбек етем, бақытты болам әлі.

Бопан адымдай басты. Мына үйден тезірек ұзап кетуге асықты. Бұрылып артына да қарамады. Ол тракторлар тұрған жерге жеткенде бар халық осында еді. Бірнеше мотордың жамырай шыққан үнінен табан асты тынымсыз қалтырап тұрды. Бопан тамашалай қарады. Ол мынадай көп трактордың бірден үн қатқанын көрген жоқ-ты. Аузын ашып қалды. Біреу иығынан қақты. Бұрылып артына қараса, Жәпек қарт мойыл таяғына салмағын салып, мәз болып күліп тұр екен. Атай жұмысқол көнетоз сұр шекпенін киіп, шүберек белбеумен белін буыпты. Ескі тымағының бауын байлап алған. Көп жылдан бері мұндай киініп, тастүйін болғанын көрген жоқты.

– Іске сәт, Бопан шырағым, – деді қарт.

– Айтқаның келсін, Жәпеке, мына аттанысты көре келдіңіз бе?

– Жоқ, көмектесе келдім, шырағым.

Бопан қарқылдап тұрып күлді.

– Ойдайт, көңіл шіркін-ай,— деді ол, – сіз түгіл осылардың төңірегінен маған да іс табылмай қала ма деп тұрмын.

Бар жұмыс машинаға айналған соң солай болады, шырағым. Ұйықтасам түсімнен, оянсам ойымда жүретін арманым еді, барлығын да өз көзіммен көргім келеді. Қолыма тигізгім келеді мына іске! – деді атай.

Жұрттың бәрі атайға сәлемдесіп, құрметтеп жатыр. Жәпекен бәріне де сәттілік тілейді. Кәрі жүрегі қуанышқа толып, жүгіріп Дайыр жетті. Толықша жүзі қызарған, терлеген, екі езуі құлағында. Ол атаймен асығыс амандасты да:

– Ал, Жәпеке, сіз мына көшті бастайсыз, Зияданың тракторына отырып алыңыз, енді қозғаламыз,— деді асықтырып.

Зияда атасын қолтығынан демеп тракторына отырғызды да, есіктерді жауып алды. Атайға алғаш трактор үнсіз, қимылсыз тұрғандай еді. Тұтқаны жайлап тартқанда орнынан қозғалып, қырға қарай бет түзеді. Кейінге тракторлар керуені созыла шұбатылып келеді. Атай жұмсақ орындықта ақырын тербетіліп отыр. Оған трактор қайықтай қалқып келе жатқандай еді.

Бұрнағы күні Рақымғали жарқырауық машинасына мінгізіп алып, жыртуға тиісті тың даланың жағдайын сұрастырып білген, құмардан шыға кеңесіп, саяхаттап қайтысқан болатын.

Ертең осы дала түгел жыртылады. Сіздің көптеңгі арманыңыз орындалды. Жәпеке, – деген еді Рақымғали. Енді, міне, сол қосынға өзі басшы болып келеді, атайдың қуанышында шек жоқ.

Ана бір жылдары Жаканның опат болғанын естірткенде өзінің шын бақытсыз екенін, енді өмір сүрудің де мәні қалмағанын мойындаған еді. Нәубетті күн сайын асыға күтсе де мезгілсіз дәмі таусыла қоймады. Жүре келе райынан қайтып, өмірден түңілудің бекершілігін түсінді. Өйткені, оның көз алдында көк өрімдей болып немересі өсіп келе жатты. Енді мынадай таңғажайып күш иесін басқарып келеді. Көп жыл карасан қылып қажытқан қатыгез жерден есесін алмақ.

«Бұл бақыт деген жарықтыққа дауа жоқ екен-ау, – деді атай жұмсақ орындықта шалқайыңқырап отырып. – Дәм таусылмай бұл шамаға келдік. Өмірдегі ащыны, тұшыны да таттық. Ақыры арман еткен мұратқа қол жетті. Өз жапырағымның көктегенін көрдім. Ие, мен шын бақытты екенмін.»

Атай бытыраңқы ойлармен отырғанда трактор тоқтай қалды. Зияда мотор үнін бәсеңсітіп:

– Ата, осы жерден түсеміз бе?– деп қарттың құлағына айғайлап еді, Жәпекең саусақтарын маңдайына көлегейлеп жазыққа қарады.

Сонау көгілдір ағашқа қарай тура тарт, балам,– деді ол.

Тереңге түсірілген көп тілді ұзын соқа бір сажыннан артық жердің қара қыртысын қопара жөнелді. Трактор кең сахараның төсіне өрледі. Соңынан ұзын керуен ілесіп келеді. Ат бауырына тірелетін сарғылт селек көктем желімен тербетіліп, қалтырап тұр. Сәуірдің тәкаппар күні адыр белессіз жалпақ сары даланы қыздыра бастады. Берері көп мырза жердің жүйесі босап, егілебусанып, рахаттана тыныстап жатты.

Трактор қиырдағы маужыраған қайың орманның іргесіне тақалды да, ізінше кейін бұрылды. Әлгінде өздері сызып өткен жалғыз із сағымды көкжиекке жасырынған қанаты кең жыртындыға айналыпты. Шеру тартқан көп тракторлар жанаса өтті. Қырдың жаңа қауашақ жарған қызғалдағындай әсем жастар трактордың рулінде отыр. Жүздерінен бақыт күлкісі көрінеді. Қарт тракторды ұршықтай үйірген Зиядасын мақтаныш етеді. Немересінің балбыраған уыз кескінінен өз болашағын көріп отыр. Жасынан айналысқан қарапайым кәсібінің тыңғылықты қолға көшкеніне қуанып отырды. Мына көсіліп жатқан байтақ даладан ауыр масақтарын көтере алмай, ырғалып тұрған шексіз-шетсіз егін дариясын көргендей болды.

Иә, қырымызға жемісі мол құтты көктем келді, – деді атай көздері жасаурап, әмісе қайырлы етсін!

СОЛМАЙТЫН ГҮЛ

*Айнымас серігім, балаларымның анасы
Кәмеш Байқасқызына арнаймын.
(автордан)*

Тәшібай бар, Әпенді бар төрт-бес бала құр аулап келе жатты. Құр аулаудың өзіндік қызығын айтып тауысар емес. Арықша, істік мұрын, шикіл сары Әпенді:

– Мен болмасам осы қызықты, оллаһи, көрмес едіңдер. Үйден шығатын ниеттерің жоқ. Құрдың ақ қоразы кеп бас салғанда тұзаққа мойнынан ілікті де қалды. Тәшібайға ұста десем қашып барады. Ха– ха– ха...

Әпенді осылай жетісіп күліп алып:

– Менің әкем де, атам да аңшы болыпты. Мына Тәшібайдың атасы шөккен түйеге міне алмайтын ынжық екен. Құрдан қорқып тұрғаны да сол,– деп тағы күлкіге басты. Балалар да күлді.

Өңі қара, түксиіңкі келген Тәшібай көз астымен Әпендіге алая қарап, жұдырықтарын түйіп алды. Оның томырық екенін білетін балалар «қой– қойлап» жатыр.

– Ызама тие берсең, мойныңды жұлып алам,– деді Тәшібай.

Тұтанайын деп тұрған жанжал осы бір ауыз сөзбен бітті. Құрдың қоразын аркалап, адымдай басып Әпенді келеді. Басын шалқайтып алыпты. Бұлдыр сағымның ар жағынан ағарып ауыл көрінеді. Ертемен шығып, аңшылық қызығымен ұзақ жүріп, қарны ашқан балалардың тезірек үйге жетуден басқа ойы жоқ-ты.

– Ананы қараңдар!

Балалар ит көрген ешкідей таңырқасып қалды. Дөн үстінде біреу бетін әрі беріп жатыр. Кітаптан бас алмайды. Көйлегін жел көбіктей үрлеп кеулеп кетіпті. Ой, мынау Қабиден ғой, әй, ку-ай!

– Ақырын сөйле, естіп қалмасын. Ол жанына барсаң да естімейді. Оқуға кіріскенде бәрін де ұмытады,– деді бір бала.

Әпендінің көздері сықсыңдап: «Балалар, үндемей бас алайық, бір қызық болсын»,– деп өңкендей жөнелді. Өзге балалар соңынан ерді. Тәшібай ғана тісі ауырғандай томсырайып, кейіндей берді. Әпенді жақындап барып бас салғанда, Қабиден ышқынып, атып тұрды. Көздері шарасынан шығып, танауы қусырылып кеткен екен. Балалардың ішек-сілесі катып, домалап жатыр. Қабиден бозарып бұларға қарайды. Тып-тыныш далаға мына берекесіз тобырдың қайдан келіп қалғанына тан.

– Уһ, сокқан-ай, Әпен-ай, сен екенсің ғой!– дей берді.

– Батыр, қалай қорықтың ба?– деді Әпенді.

– Батырмын деп қашан айттым?– деді Қабиден.

– Айтқаның, Чкаловтай ұшқыш болам дегенің қайда, серейген бойынмен айырпланға сыймайсың да.

Осылай деп Әпенді тағы күлкіге шақырып еді, балалардың бірлі-жарымы ғана ыржақтап, тынды.

– Айтсам айтқан шығармын, армансыз адам – канатсыз құстай,– деп Қабиден кәдімгідей есейгендік танытты. Сәлден соң сөзді басқаға бұрып:

– Мынау құрды қалай ұстадыңдар? Ақ шаңқандай екен, басы мен мойны қан қызыл, қандай әдемі, бекер-ақ өлтіргенсіңдер, обал-ай!– деді.

– Тапқаның обалды,– деп Әпенді дүрсе қоя берді. Өзінің қолынан келмеген соң көре алмайсың, аңшылық – ерлік. Сен сияқты әр төбенің басында қотыр тайдай аунап жатпаймыз. Таңсәріден далада боламыз. Тұзақтан құр аулау қандай қызық өтірік деңізші, балалар?

– Рас-рас...

– Пәлі, аңшы болғанына, нағыз аңшы ұя басуға қамданып жүрген құрды емес – малдың жауы қасқырды аулайды. Мынаның не жазығы бар?– деді Қабиден.

– Қораз құр жұмыртқа баса ма?– деп Әпенді ішек-сілесі қата күлді.– Ой, данышпан-ай!

Бірақ балалар күле қоймаған соң, әзілдің нәрі болмай бара жатқанын сезіп, Әпенді Қабиденнің қолындағы кітапқа үңілді.

– Не оқып жатырсың?

– Горький ғой. «Балалық шак», оқып па едің?

Әпенді не айтарын білмей сәл бөгелді де, істік мұрнының ұшын укалап:

– Горький ме, әлдеқашан оқығам,– деп секірте түкіріп тақтады. Абырой болғанда Қабиден «не ұқтың» деп сұрамады.

– Сен кітап оқымайсың, онынды білем, Горький өз бетімен хат танып, кітапты айдың. жарығымен оқыған...

– Ой– ой, ар жағын айтпа, сен енді Горький, не Пушкин болуға айналдың ба? Ей, ой, мақтаншак!

Қабиден қызарқтады..

– Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңін оқып па едің?

– Оқығам, оқи берем, іздене берем. Онжылдықты бітірген соң, университетке түсем, – деді Қабиден.

– Ой-бо-о-ой, сен, бәлкім, академік боларсың? Сонда біз бола алмаймыз ба, анау Тәшібай, Жүкен, Әмзе кім болады сеніңше, қой баға ма? Жалғыз сен ғана әкәдемік боласың, ә? Пішту, кеше мұғалім не деді. Жастардың алдына даңғыл жол ашылды, кім болам десе де еркі деді ғой. Ал мен ерегіскенде професір болам, не істейсің?

– Сеніңше әкәдемік үлкен бе, професір үлкен бе?– деп сұрады бір бала.

Әпенді қайсысы үлкен екенін өзі де білмейтін, айтыстан тайқып шыға келді.

– Балалар, кетейік, Қабиден еріккен бала, кітәбін оқи берсін! Бөгет болмайык!

Қабиден Цыганоктың өлген жерінен бастап әрі оқыды. Бейкүнә жас адамның ажалына кәдімгідей қайғырып, көзіне жас алды. Күрсініп, ауыл жаққа қарады. Балалар әлденеге таласып қалған сияқты. Әпенді қолдарын сілтеп тастап, дау айтып

барады. Әдеті сол, не болса соған дауласа кетеді. Қабиденнің олардан жырақ жүретіні де осы қылықтарынан ғой.

– Шіркін, Алматыны айтсаңшы, білім ордасы, үлкен шаһар.. Жок, мен қалайда сонда оқитын болам. Он жылдықты бітіруге не бары төрт-ак жыл қалды ғой. Төрт жыл... Көп емес, ертең-ак..

Қабиден онжылдықты бітіретін қырық бірінші жылды қатты қысында суық өтіп, ауырып қалды. Қызуы сұмдып көтеріліп, жалғанның жарығы қып-қызыл болып тұрды. Таңның қашан атып, түннің қашан батқанын ол білген жок. Түсі екені өңі екені белгісіз, сан-сапалақ елес. Құмырскадай құжынап сендей соғылысып, сапырылысып жатқан таныс-бейтаныс халық, оқыған кітаптардың жүздеген кейіпкерлері, өлісі бар тірісі бар көз-көрген адамдар...

Дала түкпіріндегі кішкене ауылға дәрігер аяқ баса бермейтін кез. Әкесі, арық кара шал, сұлық жатқан ұлының жанына отырып

– О, аллам, бар екенің рас болса азаматымның жақындығын көрсетпе, оны алғанша асарын асап, жасарын жасаған мына мені ал, – деп құдайға жалбарынумен болды. Шешесі кішкентай сары кемпір өзінше байлам айтты:

– Балаға анық тіл тиді, кәзитке өлендері шыға бастағаннан ак жұрт «кара шалдың мына баласы Жамбылдай ақын болайын деп тұр» деп шуласып еді, тіліңе шок түскірлер. «Адам тілі та жарады, тас жармаса бас жарады» деген осы емес не, балгерд әкеп дем салғызбаса болмайды, босқа налымай сонда тарт Аруағыңнан айналайын, тәуіп де, балаға бір жақсылығыңды істе, еңбегінді жемеймін де, білдің бе?

Шал баласының маңдайынан иіскеп:

– От па дерсің, жанып барады ғой?– деп күбірледі. Балге күн батарда келді. Ак шапанына лайық сақалы да аппак екен Есіктен кіргеннен өзімен-өзі болып, иықтарын қозғап:

– О, сайыпқыран, қырық шілтен пірлерім, о, аруағыңна айналайын рәсулім, қолдай гөр,– деп сарнай жөнелді. Кемпірді де жүйесі босап:

– Садағаң кетейін тәуібім-ай, жақсылығыңды істей кө балама,– деп көз жасын төгіп жіберді.

Балгер ессіз жатқан аурудың тамырын ұстап, «жындарымен тілдесіп отырды да:

– Анық көз тиген екен, күнмен таластырып ұшықтаймын дереу темір қыздыр!– деп әмір етті. Алақандай терезеден қысқ

күннің қан қызыл сәулесі түсіп тұрған. Тәуіп балқыған көсеуд алып, науқастың денесін жалаңаштатты да; – О, аллатағаланың би хақы, би құрметі үшін, Мұхаммед рәсуліміздің би хақы, би құрметі үшін... деп алып, ыстық темірді Қабиденге тақап қойып мұздай суды шыж еткізіп бүркіп жіберді. Ауру селк етіп, көзі ашып алды. Қатты шошынғаннан құлын даусы шығып кетті. «Апа– а!» деді. Бұл бірнеше күннен бері тіл қатқаны еді.

– Мен мұндамын, құлыным! – деп кемпір бебеу қақты. Аллау, сақтай көр, сәтін сала гөр!

Балгер тағы бір топ «рәсулдердің» атын тізбектеп үшкіріп;

– Балаң тәуір болады, шипасы алладан!– деп алақандарын қайықтай жайып, бата қылды. – Әумин!

– Сары ешкіні берейік,– деп кемпір күңкілдеп еді. Сақалы су-су болып, түнеріп отырған балгер азсынып:

– Ешкі алмаймын!– деп жекіп тастады. Осы арада Қарекен күйіп-пісіп;

– Әй, осы сен қатынды ма, қылшықтайсың да отырасың бұзауды беру керек, бұзауды, балаңнан қымбат па? Аруағыңна айналайын, тәуіп, жалғыз сиырдың бұзауына қолыңды жай ерте туған марка бұзау,– деді көздері жасаурап.– Сиыр суалған соң күзге қарай өзім апарып берем.

Балгердің кескіні жылынып:

– Басқа малың болмаса мақұл, тек қақтап сауыл, жүдетіп тастама,– деп иегін қағып қалды.

Балгердің «емінін» шипасы болмады. Қабиден төсек тартып, ұзақ жатып қалды. Жаз шыққан соң ғана төсектен басын көтерді. Далада бозторғайлар шырылдайды, көкеш шақырады. Ашық есіктен жусан иісі келеді. Жартылай қараңғы жер үйден тіршіліктің қайнаған жеріне баруға асығады. Көз алды бұлдырап, кеудесі сырылдайды. Тізелерін құшақтап біраз отырды, балтырларын сипады, аяғы басуға келетін сияқты. Тұрайын десе құлақтары шыңылдап, басы айналады.

– Тік көтеріп әкетейін бе?– деді әкесі.

– Жо-жок, аяқтарымды басып көрейін.

Қарекен ұлын қолтықтап тысқа шығарды. Күн күлімдеп тұр екен. Сағым көшіп жатыр. Көң-қоқыстан арылған үйлердің іргелеріне дейін бетеге өсіп, дала гүлі қаптап кетіпті. Киімі оты мен ақ жусанның ащы иісі бұрқырайды. Өзгеше дүниеге аяқ басқандай, ұзақ ауру зағфран көлеңкесін тастаған жүдеу.

кескінін де еріксіз күлкі үйірлді. Туған аулының мұндай сүйкімді, сән-салтанатты екенін бұрын қалай аңғармаған. Ең нәрсе өзгермеген, бәрі орнында. Сәби күнінен бергі тірлік осы Құзғындай кара кораз бұрынғыша қи ақтарып жүр. Аспанға қарағ еді, күннің тал түстегі балқыған дөңгелегі қап-қара болып, басы айналып кетті. Айлар бойы күн көрмеген науқас тез шаршаса да үйге кіргісі келмеді. Өне бір топ бала ойнап жүр. Жерошаң басында құрт қайнатқан әйелдер көрінеді. Құлақ түбінен жабайы ара гүжілдеп өтті. Құбылмалы сағым арасынан бозторғай шырылдайды. Кеуде кере дем алып еді, жөтеліп, булығып қалды.

– Атаңанәлет! – деді олаузын сүртіп. Арада бірнеше күн өткенде қызылы қашқан дене күн нұрынан қуат алып, тыңая бастады. Таң ата қақпа алдындағы тақтай орындыққа отырып, ертеңгі бала ауаны жұтады. Шарапатты күннің аспан биігіне көтеріліп, одақ қып-қызыл болып көкжиекке біртіндеп батып кеткеніне дейін жалықпай көреді. «Уақыт, шіркін, босқа өтіп жатыр-ау», – дейді. Кітапка қараса көзі бұлдырап, шекесі суырады. Әйтсе де аздағ болса да оқу керек. Бірақ оқитын кітап та қалмапты – ау. Нешеуін ғана оқымады, батыс, шығыс ғұламаларын да, Шолоховтың «Көтерілген тыңын» да қайта қолына алды. Енді бір рет оқып шыкса көптік қылмайтын сияқты. Гремячи Логқа жасауыл Половцевтің келгенінен бастап оқи жөнелді. Мұндайда көптеген кейіпкерлермен ортақ тіл тауып, өзгенің бәрін ұмытады. Біреу сыртынан келіп құшақтады:

- Әмзе!
- Амансың ба, саушылық қалай?
- Жұттан шыққан арықтаймын.
- Апырай, жүдеген екенсің?
- Есесіне өлімді жеңіп шықтым.
- Шын сөз.

Әмзенің бойы өсіп, кәдімгідей жігіт болыпты. Атжақты дөңгелек жүзіне қан ойнап, құлпырып тұр.

– Аттестат алдық, біздің кластағы бар бала алды. Сен ған болмадың, өкінішті-ақ! – деді.

– Қалған сабақтарымды үйде оқып, күзде емтихан тапсырамын. Институтқа биыл түсе алмайтын шығармын, үлгермеспін, сен оқи бер.

Қабиденнің үні жасыңқырап шықты. Әмзе күлімсіреді:

- Уәде бірге бару еді ғой.

– Солайы солай-ау, бірақ мен үшін бір жыл кешігуін жарамас.
– Мұндайда артына қарайламаған дос бола ма? Бірге кетейік, бірге оқиық, – деді Әмзе.

– Рас-ау, – деді Қабиден.

– Аға, әкем шақырып жатыр.

Жасөспірім қыз баланың жандарына келгенін екеуі де аңғармаған еді. Жеңіл ақ көйлек, қызыл кеудеше киген бойшаң қыздың кескіні Әмзеден аумайды. Күлімсірегенде екі бетінің шұқыры көрініп, кескіні шығып келе жатқан күндей дөңгелене қалады екен.

– Қазір айналайын, қазір келеді де, – деді Әмзе. Қыз бұрымдарын бұлғаңдатып жүгіріп барады. – Иә, мен кетейін, тағы келем ғой, – деп орнынан тұрды.

* * *

Қабиден бүгін де кітаптарын қолтықтап, дөң үстіне шығып отырды. Бұл жерден екі жақтағы екі көл алақандағыдай көрінетін еді. Көкпенбек айдында үйрек ұшып, қаз қонып дегендей құстардың кikuуы естіледі. Батпақта бақалар өршелене шулап жатады. Сонау Қызылағаш, Қоңыр жақтан жаяулап «аққан» жылы жел бетеге басын үрлеп, жайлап тербетеді.

Қабиден «Соғыс және бейбітшілікті» қолына алды. Кітап қызығымен күннің тас төбеге көтеріліп қалғанын да байқамапты. Орнынан тұра беріп көздері бұлдырап, басы айналып кетті. Ауыл жақ абыр-сабыр. Біреулер дауыстап жылайтын сияқты. Әмзе жүгіріп келеді.

– Не болды, тыныштық па?

Кескіні қуқыл тартып, қатты абыржулы. Ентіге дем алып:

– Соғыс! – деді.

Халық кеңсе алдына жиналған екен. Ауданнан келген өкіл ызалана сөйлеп тұр. «...Біздің ісіміз әділ, жау жеңіледі», – деген соңғы сөзін естіп қалды Қабиден.

– Мен соғысқа аттанамын, – деді Әмзе тістеніп.

* * *

Ертеңіне Әмзе бар, Әпенді бар, Тәшібай бар – оншақты бала аудандық байқаудан өтті. Қабиденді көріп дәрігерлер:

– Сен әзірге қала тұрасың, – деді,

– Неге?

- Аурусын, оналуын керек.
- Мен тәуірмін, жіберіңіз!
- Жок, болмайды!

Қабиден жол жүргенде ауырып қалыпты, денесі қозғалтар емес. Көздерін укалап, біраз жатты да ептеп орнынан тұрды. Әйнектен қабағы катулы аспан көрінді. Жаңбыр сіркірейді. Таякка сүйенбесе болмайтын сияқты, белі баскызбайды. Ауылдың орта тұсына көп адам жиналыпты. Пар ат жеккен арбаларды жұрт қоршап, босатпай тұр.

– Сен кеткен соң біз не боламыз, айым-ау!– деп Әпендінің шешесі анырайды. Әпендінің істік мұрнының ұшынан жас тамшылайды. Әмзе жылап жібермес үшін тістеніп алған.

– Ағайындар, біз өлімге емес, жауды жеңуге кетіп барамыз!– деп дауыстап еді, оны тыңдаған ешкім болған жоқ.

Жол Қабиденнің үйінің жанынан өтетін. Таякка сүйеніп тұрған досын көріп, Әмзе арбадан секіріп түсті. Әпенді мен Тәшібай да жетті жүгіріп.

– Қош әзірге, жауды жеңіп, ертең-ак ораламыз,– деді Әмзе Қабиденді құшағына тартып,

– Аман болыңдар, қайтейін, сендермен сібірге кете алмадым!– деді Қабиден мұнайып. (Кешелер Қабиденнің ағасы Назар да майданға аттанған болатын).

– Үйіне кіргізіп жатқызайық.

– Жок, мен осы арадан қарап тұрам. Балалар ұзай берген арбалардың соңынан жүгіре жөнелді. Әмзе бұрын жетіп секіріп мінді. Қалғандары да сөйтті. Мұнарға оранған ауыл қалып барады. Халық әлі шоғырланып тұр. Бертінде, шеткі үйдің қақпасының алдында Қабиден көрінеді. Қоскөл жақтан қаздар қанқылдайды.

– Қош бол, туған ауыл, өскен жер.! – деді Әмзе. Әпенді еңіреп қоя берді.

– Ой, қызыл әскер болғаныңа!– деп күлісіп еді, бір бала жактырмай:

– Нақ тойға баратындай,– деп күйзеле теріс қарады.

Ақ жауын себелеп жауып тұр.

* * *

Қабиденнің кеудесі толған шу-сырыл. Сонда да үйде тыныш таба алмады. «Апырау, жау жағадан алғанда қорлық

кой мынау!» Таякка сүйеніп, кеңсеге келді. Баскарма Ниетжан жирен мұртын сипап, жалпақ беті тершіп:

– Не істемек ойың бар?– деп сұрады.

– Жұмыс істесем деп едім...

– Иә, иә...– деп саусағымен столды тықылдатты баскарма.– Жұмыс істесем дейсің, ә... мына түріңмен қолыңнан не келер екен?

Содан соң Қабиденнің басынан аяғына дейін бір шолып қарады:.

– Кеудем сырылдап, алқынта бергені болмаса, денім сау...

– Сау кісі сөйте ме?– деп күңкілдеді Ниетжан.– Трактор бригадасына есепші бола аласың ба?

– Болайын.

Баскарма шала сауатымен шимайлап, қағаз жазды да:–

– Бригадирге бар, істі қабылдап аласың,– деді. Тәшібайдың аталасы Мақұлды аңыз шетінде тұрған қашау доңғалақты трактордың астында күйбеңдеп, әлденені шұқылап, жөндеп жатқан жерінен тапты. Қабиденді тыңдап алды да, ол май жұдырығының сыртымен көзіп уқалап:

– Мұнда қабылдап алатын ештеңе жоқ, есепшінің мүлкі мынау: сынық саржан мен май сіңген портфель – бар болғаны осы. Жерді дұрыстап өлшеп, халықтың еңбегін дұрыстап жазғайсың, шу шығып жүрмесін,– деді.

Мұнда дұрыстап өлшеп, жазатын жұмыстың төркіні де шамалы еді. Қашау доңғалақты төрт трактордың екеуі тоқтап тұр. Тракторшы жоқ. Қыз-келіншектер ештеңе білмейді. Мақұл соларды үйретіп әлек. Үйреткені бар болсын, тракторды от алғызып берсе, былай шыға қайтадан тоқтап қалады, Мақұл тағы жүгіреді. Әбден ыза болғанда ашу шақырып: «Бұл қылмыс, мына қалыпта пронтқа астық бере алмаймыз. Айналып келгенде істеуге құлықтарың жоқ. Әйтпесе от алғызып берген тракторды тоқтатпай жүргізуге болады ғой. Айналып келген...» деп ішін бір босатып тастайды. Онсыз да көңілі қаяу, әрі ауыр жұмыстан қажып жүрген келіншектердің кейбірі: «Бұл қу темірді не қылайын, енді!» – деп жылап жібереді.

– Мен тракторшы болсам қайтеді?– деді бірде Қабиден.

Мақұл танауын таңқ еткізіп сінбірді.

– Сен мына қалпыңмен ушөтшікті алып жүрсең жарар.

– Мен есепті де, тракторды да жүргізем. Сіз өйтіп адамның намысына тимеңіз. Мен ауырсам да, еркекпін...Мен...

Қабиден кеудесі шулап алқынып қалды.

– Көрерміз, әуелі есеп-қисапты жөнде!

– Жөңдеймін!

«Жөңдеймін» дегенмен ол оп– оңай шаруа емес екен. Көптен есеп-қисап жасалмаған. Қанша жер жыртылып қанша май жұмсалғаны белгісіз. Соғысқа кеткен есепшінің толтырған есеп қағаздарын аударыстырып қарады. Әсіресе жыртылған аңызды саржандап шығу азап. Алқынып, кеудес қысып тоқтайды да қайта жүреді, қайта тоқтайды. Майданды қанды қырғынның ішінде жүрген достарын ойлағанда, мына сырқат күйіне қатты ызаланып, іле-шала өзін іштей қайрап бойына тың күш дарығандай алға ентелей ұмтылатын. Елең алаңнан тұрып, денесін шынықтыруды да қинала істеп, әдетке айналдырған. Соңғы күндері бойының жеңіл тарта бастағанын сезініп, көңілі де кәдімгідей сергіп қалған. Сондай күндерді бірінде Мақұлды! «Аға, өткенде бір өтініш айтып едім,– деп қайта жағалаған. Ол Қабиденді жаңа көргендей сүзіле қарап:

– Ол былай ғой, иә, айналып келгенде, сен істеймін десен істе, біраз ушөтшікті бірге атқарасың, айналып келгенде... – деді сөзінің соңын шұбартып.

– Аткарам...

Көптен тұрған «бестікке» әкеп:

– Осыны жүргізесің!– деді.

– Мақұл аға-ау, бұл өзі жүретін трактор ма, қашауларын то басып қалыпты ғой!

Жүргенде қандай, иесі әскерге кетерде жүргізіп әкеп, осы жерге қойған.

Мақұл моторды от алдыра алмай біраз әуреленді. Қозғалтап емес, доңғалақтың қашаулары жерге кіріп, тас табандар тұр Қабиден айналдырып, еңтігіп қалды.

– Мына круговой айналдырғаннан пол оборот айналдырс жеңіл, зажигалкасы дұрыс болса от алып кетеді, білдің бе?

– Білдім.

Бір кезде трактор гүрілдеп қоя берді. Мақұл жол-жөнекей дауыстап сөйлеп келеді. Арасында «түсіндің бе» дейді.

– Түсіндім,– дейді анау.

Білмеген жердің ой-шұқыры көп. Оқымаған адамға бәр қиын. Ақыл токтатып көрсе бұл да жан иесіндей өкпе ме бауырдан тұратын сияқты. Ауырлайды, қиналады. Жұмы

атындай бұған да бап керек. Қабиденнің арманы көп еді, бірақ тракторшы болуды арман етпепті. Әмзе әр мамандықтың жаманы жоқ» дейтін еді. Шын сөз... «Бұл күнде қайда жүрген екен ол»,— деп ойлады трактор астында жатып. Мотордың «қарнын» актарып, қақпағын жаба алмай көп әуреленеді. Ауыр шойын астауды колмен, тізесімен зорға іліктіреді де, көзіне тамған майды сүртіп, біреудің келіп тұрғанын көрді. Әдемілеп тазартылған қос етік доңғалаққа тақау тұр екен. — Әу, бұл кім?— деп дауыстады.

— Мен ғой, Әмзенің қарындасымын...

— Ә, ә, қазір...

Бойжеткен қысыла күлімсіреді. Қабиден трактор астынан шығып, керіліп алды.

— Амансындар ма, Әмзеден хат хабар ма?

— Аман, хат бар, сәлем айтады.

— О, ерім-ай, әкелші бері!

Әмзе хатын «Бауырым Бикен»— деп бастапты да ауылдың тайлы-таяғына дейін сұрап, бәріне сәлем айтыпты. Өзі туралы көп жазбаған. «Жауға қирата соккы беріп жатырмыз»— депті.

— Сәлемет болсын, батырым!— деді Қабиден хатты қайтарып. Толық етіп жауап жазам. Өзімнің қалай тракторшы болғанымды айтам. Күзге қарай майданға сұранам. Мүмкін кездесіп қалармыз...

— Мені осы тракторға тіркеуші бол деп жіберді,— деді қыз.

— Ә— ә, дұрыс...

Тұла бойы темірден құйылып кашау доңғалақты трактор икемі аз, тұрпайылау көлік болатын. Қанылтырмен жабылған қос доңғалақтың ортасындағы темір орындық жүргізушінің орны. Ал тіркеуші үш тісті соқаның үстінде. Шаң-тозаң мотордың түтіні сонда. Қыз тап-таза, мүсінді қалпымен күлімсірей қарап:

— Мен не істеуім керек?— деп сұрады.

— Қабиден қызға қайтсе жайлы болудың жөнін қарастырулы. Доңғалақ үстіне шапанын бүктеп салып:

— Осында, маған жақын отыр, мықтап ұстанып ал. Аңыздың аяғына барғанда мына жіптен тартып қалсаң, көтеріледі, қайта тартсаң түседі. Өзгесін өзім реттеймін..

Трактор азап шеккен кәрі өгіздей соқаны шірене сүйейді. Мұржасынан қып-қызыл ұшқын лақтырып, «қақалып— шаша-

лып» та қалады. «Зажиганиясын қарату керек шығар» де ойлады Қабиден. Қыздың тұңғыық көзінде мұң бар. Кім біледі мына жұмыс ұнамай ма, әлде соғыста жүрген ағаларын ойлама? «Қиын ғой, ағалары болса соғыста, бүкіл ел соғыста, оңа деймісің. Иә, кімге оңай болып жатыр...»— дейді Қабиден егді адамдарша күрсініп.

Жаңбырда трактор балшыққа батып жылжи алмай қалады. Онда да соканы ағытып тастап, алдымен тракторды шығар керек, сонан соң соканы. Мұндайда қыз да, жігіт те жанталасады. Бір күні мотор сөніп қалды да, от алмады. Құлақты айналдырса қайта теуіп, майып қыла жаздайды. Қабиден ұзын бойы иіп, бүйір тұсына үңіледі. Неге бұлай қасарыса қалғанын ақылы жетпейді. Қыз да үңіледі, білгісі келеді. Қабиден өзінің дәріменсіздігіне ұялады. Қыздың жүзі сынық, үсті де кірлеген. Қап-қара көзі жарқ етіп қарайды, ызалы сияқты. Мақұл келді.

— Бұл күнге қыздырыну ма? Әйелдер жүргізе алмаса біз сәрі, еркек басына ұят емес пе? Айналып келгенде...

— Трактордың тілін білмеген соң әйел-еркегі есеп пе? — де мінгірледі Қабиден.— От алмайды, тартпайды.

Мақұл білекті сыбанып жіберіп, іске кірісіп кетті де, көкінамай-ақ:

— Магниті істемепті,— деді қолын санына сүртіп. Айналдырып көрші.

Мотор гүр етіп айналаны жаңғырықтырып жіберді. Бүйітұста тұрған Мақұл аппақ түтінге оранып, көрінбей-ақ кетті.

— Трактордың тілін білмесең, алысқа бармайсың деген осы. Іштен туа білімпаз болған ешкім жоқ, айналып келгенде ықылас керек, ықылас...

— Тырысып жүрмін ғой,— деді Қабиден күнкілдеп.

— Тырысып жүрсің, ал есеп жұмысын ақсатып алдық. Тәбі күнделікті жасалмайды, жер өлшенбейді. МТС-қа мәлімеуақытында бармайды, осы қалай?

— Үлгермей жатырмын ғой, Мақұл аға-ау.

— Мен айттым ғой, үлгермейсің дедім ғой, айналы келгенде;.

— Үлгерем, тырысып көрейін...

— Қайткен күнде де үлгермейсің, өшетчикті басқа біреуі беру керек.

Қабиден үндемей тұрған қызға жалтақтай қарады.

– Мына Бикамалға берейік, бұл үздік оқыған, есепке жүйрік,– деді.

– Прицепщик қайда?

– Өзім істеймін.

– Бастықпен ақылдасайын.

Бригадир кеткен соң барып қыз тіл қатты.

– Есепшілік қолымнан келмесе қайтем?

– Келеді, таза жұмыс. Жүдеп кеттің, кескініне карашы, үсті-басың кір. Ертең, Әмзе жалғыз қарындасымды неге жүдеттің десе не деймін, есепші бол, өзім үйретем, қорықпа!– деді.

* * *

Қыстың басында күн қатты суытты. Дала аппақ қар жамылып жатыр. Бөтеге мен ақ жусанды суық жел үрлеп қалтыратып тұр. Егістіктегі бидай маяларының арасында бір топ адам парпар өгіздермен «Коммунарды» сүйретіп келеді. Белдерін буып алған егде әйелдер мен сақалды қарттар бірге итерісіп, келесі маяға жеткізуге асығады. Комбайнның шамадан тыс үлкен темір доңғалақтары қарға кіріп, зорға қозғалады.

– Ә-әуп, ал, кәне!

– Со-о-оп, жануарлар!

Жаз бойы мойны босамаған арық өгіздер сілекейін шұбыртып мықшындай тартады да, тоқтайды. Тағы да әуірімдеген халық, тағы да мойынтұрықтың сықыры...

– Трактормен сүйреу керек еді, қыс түсе МТС жинап алады, осылары әбден жөн емес,– деп өзі комбайнер, өзі бригадир, өзі айыршы Мақұл күңкілдейді,– Айналып келгенде..

Өгіздер де, адамдар да мықшындайды... Комбайн көші аппақ қарда баяу жылжиды. Қар басып қалған бидай маясына «Коммунардың» бүйірін тақап қойып, Мақұл от алдырды. Аяз қарыған суық темірге жан кіріп, дарылдап кетті. Әйел мен шал маяға жалданған тақтай көпірмен барабан қуысына қарай ұзын сабақты бидай бауларын жылжытып жібере бастады. Комбайн бірде қақалып лоқ ете қалады да, қайта азынайды. Қапсағай денелі, сары шал қанжардай ағаш істікпен екі қолдап егінді ішке қарай асығыс жылжытып тұр. Әйел екінші бетте. Сырт карағанда иықтарының епсіз қиқандағанына күлкің келеді. Осылай бүкіл бір маяны қолдан өткізу оңай шаруа емес.

Жоғарыда Мақұл бар, Қабиден бар, басқалары бар жабыла лақтырған егінді барабанға беріп үлгеруге көп күш керек. Жастар жағы:

– Атай, біз-ақ тұрайық, сізге ауыр ғой!– десіп еді:

– Сендер не білесіндер, егінді біркелкі бере алмайсындар, не көп кетіріп, не азайтып аласындар. Көп кетсе барабан сынады. Жұмыс тоқтайды. Аз кетсе босқа айналады. Бір минут қымбат казір, – дейді.

Мақұл маядан құнан серкедей қарғып түседі де, қызып тұрған мотордың әр жеріне асығыс қол жүгіртіп, қайыра оп– оңай секіріп шығады. Қабиден шаң жұтып, еңтігеді. Комбайнның арт жағында Бикамал бас болып қыз-қырқын сабан үйіп жүр.

Комбайн осылай жүріп кеткенде жұрт қуана қимылдайды. Асан ақсақал:

– Әкел, әкел, кәне, тездетіндер!– деп әндете дауыстайды. Бірақ комбайнның жүруінен тұруы көп. Тұрып қалса Мақұлға үлкен сор. Үсік шалған саусақтарын үрлеп, әлсіреп жанып жатқан отқа жылытады. Адамдарға тер қатып, бүрсең қағады. Қатқан нанды кеміріп, өткен-кеткенді кеңеседі. Әйелдер соғысты, Гитлерді қарғайды. Мақұлдың азапты тірлігіне қарап, шарасыз отырып қалады. Мотор жүріп кеткен бір қарбалас кезде шалдың:

Әкел, тездетіндер!– деген дағдылы әбігер даусы, бәсеңсіп, қимылы кеміп бара жатты. Сырттай қарағанда Асекең сарғыш бидай бауларын жай ғана мәпелей сипап тұрғандай еді. Қамыт аяқтана шөге берді. Жоғарыдан тастаған егін тактайда жиналып, барабан бос айналып азынап кетті. Қарсыдағы әйелдердін:

– Отағасы, сізге не болды, не-не?...– деген ащы даусы шықты. Мақұл секіріп түсіп, барабанды тоқтатты. Қария сабан үстінде шалқасынан жатыр. Ақбурыл сақал-мұрты да тозаңмен бірегей бозғылт тартыпты. Мұртындағы кір сүңгі ақырын қозғалғандай, кескіні қардың өзіндей аппақ.

– Жарықтық-ай, талып кетті-ау!

Ештеңе түсіне алмай тұрған қыз:

– Әке, әкетайым менің!– деп қарияның кеудесіне құлады. Ша көптен соң есін жиды. Жүрек талмасы біраз тарқағанмен көз алды кіреукеденіп, басы айнала берді. Ол суық ауаны қармай жұтып:

– Шаршағандікі шығар, ештеңе етпес, кәне, әкеліндер бірден қимылдап жіберейік,– деп теңселе басып, комбайнға қарай жүрді. Осы арада Бикамал алдын орап:

– Орнына мен тұрайын, үйге бар, саған жұмыс істеуге болмайды,– деді.

– Қызым-ау, еңбектен калсам тірліктің не сәні бар? – деді шал күйзеліп.

– Тәуір болған соң істейсің ғой, ата...

Аксақал жәбірленгендей құнысып, бас изеді. Қыз істіктерді қыса ұстап егінді барабан көмейіне қарай қуалай бастады. Нақ бір өмір бойы осы іспен айналысқандай қимылы жап-жатық. «О, тәубе, құдай, кенжемнің де кісі болғаны ғой»– деді іштей. «Үйге бар» дегенмен Асекен бара қоймады. Комбайнды төңіректеп жүріп алды. Барабаннан шыққан сабанды ақтарып қарады, дән кетпепті, әйтеуір.

– Бір талын шашпай үйіндер, малға азық болады!– дейді.

• Ауылдан ат сабылтып Ниетжан баскарма келді. Жалбыр мұрты ақ қырау. Алдымен картка жолығып:

– Сен неге бос жүрсін?– деп сұрады.

– Ауырып қалғаным,..

– Қазір ауыруға уақыт жоқ, орнындағы кім?

– Қызым істеп жатыр, азамат болды ғой, шүкір аллаға. Ниетжан қызды көріп жұтынып қоя берді.

– О, бәрекелді, жараған екен, рас, бойжетіп қалыпты. Ау, Асеке, құда болмаймыз ба? Қонқайға айттырайын!– деді кокиланып. Қонқай дегенде карттың жүрегі дір ете қалды.

– Комбайн осылай жүріп тұрғанда түннің біразына дейін қимылдау керек еді, көрдің бе?– деді Асан әңгіме бетін өзгертіп.

Ауыл алыс. Жұмыс істеп, тер қатқан, әбден титықтаған жұрт желге қарсы қадам басты. Боран қойын-қоншына қар толтырып кеудеден итереді. Өгіздер тұқырынып тұрып алады.

– Бір-біріңнен ұстандар, әйтпесе адасасыңдар!– деген Асекеннің даусы естіледі. Қарт еңкейе түсіп келеді. Жүріп келе жатқанын, не тоқтап тұрғанын өзі де аңғармайтын сияқты.

– Бидай артқан шаналар қалып қоймасын, ертең элеваторға жөнелту керек!– дейді.

Ауылға келген егіншілер бастырылған бидайды сарайға кіргізіп, өгіздерді жайғап болғанда түн ортасы ауып еді. Асекен үйге сүйретіле кіріп, еденге отыра кетті. Халі әбден бітіпті. Бетін әжім торлаған тапал қара кемпір шалын шешіндіріп жатып:

Қан майданда жүргендерден де жаман болды ғой күндерің! Бүйте берсе елдің соғыстағысы соғыста, үйдегісі үйде қырылар, шұнақ құдайға не жаздық!– деп сілтеп салды.

– Жағың қарысқыр, кемпір, әй сенің тілің-ай!– деді ка демігіп отырып. Кемпір үдеп кетті:

– Бәрі өзіңнен. Саған комбайнға жем бере ғой деген ешқ жок. Сен болмасаң осы колхоз қараң қалмайды, білдің бе? С өлсең Ниетжан бірге өле ме? Қакшандайсың да жүресің?

Асекең аркасын сүйеп отыр. Кескіні әлде күлімсіреген, әл жыламсыраған сияқты. Сақал-мұртының сүңгісі еріп, өзіне-үксай бастапты.

Әй, кемпір-ай,– деді бір кезде.– Мына сұрапылда шинельм окопта жатқан құлындарымнан жаным ардақты ма...

Бикамал үйге отынды көтере кірді.

– Әкем тоңды ғой, отты мол жағайыншы...

– Балалардан хат бар ма?

– Бір хат бар, қайсысынан екенін білмеймін,– деді кемпір.

– Әмзе ағатайымнан ғой,– деді қыз қуаныш. Әмзе дағд сынша: «Бауырым Бикен» деп бастап, үй-ішінің, ел-жұртты амандығын түгендеп, соғыста жүрген аға-інілерінен хат-хаб бар ма? Болса, әдрістерін жазуды тапсырыпты. Мұндай шалдың кейістігі тарқап қалады.

Бикамал шай ішпестен хат жазуға отырды. Кескі албырап, аласы аз, қап-қара көздері жасаурап, көптен көрмег бауырларымен жүзбе-жүз тілдескендей қысыла күлімсірей. «Жанар ағамнан хат бар, Нұрғали мен Бергеннен көпт хабарсызбыз, әкем жүдеп жүр, көп ойлайды», – деп қос аяғына.

Қызының мұнды кескінінен осы сөздерді жазғанын қар бірден түсінді де, әдеттегі ауыр күдік қайта басып, жанш жіберді.

– Шәйінді ішсейші, неге сілейе бересің, жұрт жетісіл ж ме, бәрінің де баласы пронтта,– деді кемпір көзі ақшандап

«Өзіңнен туса өйтпейсің ғой»,– деді қария іштей. Балалард анасы – өзінің жар қосағы есіне түсіп, іштей егіліп кетті. Қе кемпір балаларға өгейлік көрсеткенде дәйім осылай мұңаяды

Алғашқы қара қағаз келіп, зарлаған әкелер мен шешелеі не деп тоқтау айтарын Асекең білмеді. Сол күнді көрм тезірек өлгісі келді. «Иә, сенің құнсыз өлімің кімге дәрі. Қиы қыстауда балаларына қолдан келген көмегіңді жасамай өлу жол болсын»,– дейді бірде өзіне-өзі. Асекең ағы көбейіп бі жатқан мұртын сипап, шүкіршілік етеді.

Соғыс жылының қысы да сұрапыл болып тұр. Толассыз боран. Желдің өтіндегі ауылдың аласа үйлерін тегістеп кеткелі қашан. Күрттік астынан бозша түгін будактап жатады. Қалың қар қамтыған шамадан тыс кеңістікте ел мекені сирек кездеседі. Үйір-үйір аш қасқырлар жортып, шетке шыққан қараны күндіз-ақ жарып кете береді. Түндерде боранмен бірге қосыла ұлып, елді ториды. Әр жерде «адамдарды да жеп кетті» деген қауесет бар.

Кенседе шам әлі сөнген жоқ. Сыртта боран өршелене соғады. Тылсым даладағы тірлік біткеннің тірегіндей жалғыз жарық жылтырап тұрып алады.

Терезелерді қар сабалайды. Шатырдың ірге тактайын, терезе қақпасын жұлмамайды. Қорқынышты біреулер үй жағалап, кіруге қам қылып жүргендей. Бикамал шошынып, терезелерге қарайды. Терезелерді қалың қырау басқан. Қабиден шотты сарт-сұрт қағады.

Бикамал сандарды дауыстап айтып тұр. Қабиден шоттың тастарын біріне-бірін асығыс сокқылап, шыққан санды жазып отыр. Ойына Ниетжанның сөзі түсті: «Есеп-қисапты жөнге келтір, әбден берекесі кетті»,— деген ол шкафтың кілтін беріп жатып. Шынында да, есеп қағаздары былығыпты. Ақыл сұрайтын адам жоқ. Бригада есепшісі болғандықтан қызды көмекке шақырған.

— Аға, мен үйге барайын, шығарып салшы!

— Иә, шығарып салайын, менің шығарып салайын, менің жұмысым бітпейді, — деп орнынан тұрды Қабиден.

Сұрапыл боран қорқынышты сарынмен ұлып тұр. Екеуі теріс қарап ықтайды да қайта жүреді. Әлдеқайдан қасқырлардың ұлығаны боранның шуына ұласады. Қатты қыстың түні бет қаратар емес.

— Ығыммен жүр, белдігімнен ұстап ал! — дейді жігіт деміге дауыстап.

Асекен әлдеқашан жатып қалыпты. Кемпір ұршық иіріп отыр екен. Көпке дейін қасақана тіл қатпады. Бір кезде кішкене мұрнын келістіріп шүйіріп алды да, сыбырлай сөйледі:

— Бетпак-ау, түннің бір-уағы өткенше қайда жүрсің? Қызға бұлай жүруге болмайтынын сен білемісің?

— Жылдық отшотқа көмектесуім керек болды,— деді қыз пешке колдарын жылытып.

– Сенсіз ол жетпегірі істей алмай ма, сен үшін шотауат боль жүр ме ол...

– Ол үшін емес– міндетім.

Сөзге ілегіп жатсаң, міндетің болады... Шашыңды бір талда жұламын, білдің бе?

Кемпір кемиек аузын қатулана жұмғанда бетіндегі мыторап әжімдері қалындап кетті.

– Бұдан былай күн батқан соң үйден шықпайсың әне, сол..

– Қазір бой күтіп отыратын уақыт па, әже?

Бой күтпесен, жайыңмен жүр, жігітпен жыртақтамай, қамынаның өзін!– деп кемпір булығып қалды.

– Болмайды, білдің бе...

Бикамал сөз таластырмады, бойы жылынған соң қалғанда бастады. Түсінде ағаларын көрді. Соғыс та жоқ. Қасірет те жоқ күндер екен, үшеуі сырықтай болып қатар түзеп келіп тұр. Қызын қолымен жайып ұмтылады, еркелегісі келеді, қолдары жетпейді ұмтылған сайын алыстай түседі. «Бауырларым-ау, келсеңдерші сағындым ғой!»– дейтін сияқты. Енді бірде шот қағып отырғанда Қабиден момын жымиыспен күлімсірейді... Қыз көрген түсінге шаршап оянып, тұратын уақыт болыпты. Үсті-басы ақ қар, қышқыл мұз бригадир кірді.

– Асеке, малға беретін шөп бітіп қалыпты,– деді тымағын сілкіп.

– Боран қалай?

– Сол қалпы.

– Иә, жұт жеті ағайынды деген сол, барайық, малды қаратқанды қоя алмаспыз.– Қария киіне бастады.

Осылай жұмсап, жетпіске келіп, жер таянған Асанни түбіне жетіндер,– деді кемпір кейістік білдіріп.

– Қатын, қойсайшы, мен бармағанда кім барады, бор болса мынау,– деді шал.

– Әке, мен де барам,– деді Бикамал.

– Әй, қыз, шошаңдама, кір жуылған, үй жиылған жоқ. Мәңгі сорлы, мен қу маңдай салпақтаймын да жүремін,– деді кемпір сарнап.

– Әже, кеш келсем де үй жұмысына үлгеремін ғой, әкемдегі көмектесейін, ауа-райы мынау,– деді қыз.

– Тағы кеңседегі жұмысың да бар емес пе?– деп кемпір.

Солтүстіктің бораны апта борап көрсететін еді. Қазіргі жұрттың мықтысы Асан және тағы бес-алты шал, әйелдер мен қыздар. Көбінде жылы киім жоқ, тон мен қолғапты майдандағы жігіттерге жіберген. «Ел ішіндеміз ғой, өлмеспіз» дегенімен суық шыдатар емес. Боран соғып тұрғанда, қар басып жатқан шөпті арту бір қиын болса, жолсыздан сүйреп шығару екінші қиыншылық. Арық өгіздер тарта алмай, жатып алады. Тартып шығарған күнде ызғырыққа қарсы қадам баспайды. Осынша бейнетпен әкелген шөп бірер күнде таусылып күн демей, түн демей тағы пішендікке аттанады. Қыс бойғы әдет осы.

Асекең өгіздермен қатарласып, оппалап келеді. Өгіздер тартпаса мойынтұрықтан алып өзі сүйреседі.

– Шөпті қыстауға күз тасып алу керек еді,– дейді бригадирге.

– Мұрша болды ма,– дейді анау күйініп.

– Қазір қалай, оңай ма осы?– дейді Асекең. Бригадир теріс айналады. Сөздерін қатты жел естіртпейді. Ақ қарға оранған көліктер қар басқан шананы сүйреп жылжытады. Ауыл мен екі ара таусылмайтын жол болып кетеді.

– Әке, шананы сүйресуіңді қой, саған қиналуға болмайды,– дейді Бикамал. Қарт тымақ бауларын қатты тартып байлап алған, ештеңені естімейтін сияқты, тәтті қиялда еді.

«...Соғыс бітіп, балалар аман-есен оралса, келін түсіреді, немере сүйеді. О, шіркін, сол күндерге жетсе...»– деп армандайды.

Асекең ошак басына келген соң ғана шаршағанын сезінді. Денесі салдырап, буындарынан әл кетіп қалған екен. Қара кемпір боран мен бригадирді қарғап, шаңдатып жүр.

Бикамал жуынды, таранды.

– Әже, хат жоқ па?

– Бар, эне, сөреде...

Бикамал хатты ашқаны сол еді, құлағы шыңылдап, буындары қалтырап кетті. Көзінен жасы ыршып кетті.

– Не болды, не? –деп Асекең басын шапшаң көтеріп алғанда үй төңкеріліп бара жатқан...

Қыз еңіреп жылап жіберді...

Бұл Әмзеден келген қара қағаз еді. Қара қағаз қара түн болып жарықты көрсетпей су қараңғы етті.

Жап-жас қыздың ағасын келістіріп жоқтағанын да, елдің қайысып, көңіл айтқанын да естіген жоқ, бірақ тірі қалды.

Қара қағаз талайды шулатты. Бикамал арманда кеткен бауырын дамылсыз жоктап, өзі де жылап, жұртты да егілтумен болды. Ауыр күндер оны тез есейтті. Үлкендердей мұнды парасатты күйге түсті.

– «Жылау жылауды шақырады» деуші еді. Енді тиыл шырағым, майданда басқа да бауырларың жүр ғой, солардың тілеуін тілеп, сабыр сақта, – десті жұрт. Хаттар көп. Мынань Әмзенің достары жазыпты:

«Әмзе көзсіз ер, қорқуды білмейді. Қолма-қол шайқаста үш фашисті түйреп өлтірді. Бізге ажал сеуіп тұрған жауды ұясын гранатпен талқандап, шабуылға жол ашты. Енді бірде...»

Қарулас жолдастарының хаттарында Әмзенің ерлігі жайлы осылай жалғаса береді. Әмзе тегін өлмеген, ол қас батырш соғысып, қас батырша қаза тапқан. Соғыс кімді сорлаптай жатып Тәшібайдан қара қағаз келгенде кәрі шешесі талып қалған «Алдында да, артында да жоқ, жалғызым-ау, қайда кеттің?» – де күн-түн зарлаумен өткен.

Қыз күрсінді. Тағы да ағаларын ойлады. Төрт ер бала бі үйде өсті. Оқуға зерек, шаруақор еді бәрі. Тетелес кенже ұл Берген өлең жазып, ақын болам деп талаптанып жүрген. О алтыдан он жетіге қарағанда өзі тіленіп майданға кетті. Ұзы бойлы жінішке бала қонымсыз шинелін сүйретіп кетіп бар жатты. Әлі тіпті нәзік-ақ еді ол. Тете өскендіктен таласқандарь қағысқандары есіне түседі. Көбіне Бергенді бұл жәбірлеге сияқты. Неге өйттім екен? Енді, міне, Нұрғалидан да, Бергеннен де хабар жоқ. Неге хат жазбайды?..

Қыз бетін жастыққа басып, үнсіз егілумен болды.

* * *

Қабиден сағатқа қарады. Түн ортасы әлдеқашан ауға! Қалың қырау басқан терезе сыртында боран ұлиды. Кеңсе суы кеткен. Аласа пешке от жақты. Шаршаған.. Кескіні сүзекте тұрғандай. Басы ауырып, кеудесі шаншып кетеді. Көктемд әкесін жерледі. Кәрілікке жеңдіре қоймаған қайратты ед. Өмір бойы еңбек еткен Қарекен алты-ақ күн ауырып, дүни салды. Қиналып, терлеп келіп, сыз жерге жатып ұйықтап кет де, ауырып тұрыпты. Суық тиді деп бұлауға салды, бақсын үшкіртті. Бірер күннен соң тілі байланып, у-шусыз о дүниені

аттанып кете барды. Елу жыл отасқан қосағынан айрылу оңай ма, анасы қатты қайғырды. Жас жесірдей аһ ұрып:

– Қареке-ау, мен сорлыны артыңа неге қалдырдың, мына алапат жылда бір-бірімізге сүйеніш болсақ етті ғой. Әскердегі ұлыңды тоспайтын не орның бар еді. Назарын келгенде әкем қайда десе не деймін, асылым-ау!– деп жоқтады.

Назар Ақмолада құрылған атты әскер полкының құрамында майданға аттанған-ды. Харьков түбінде соғысып жатырмыз деген. Содан бері хабарсыз. Балалық шақта қағысып жүретін тетелес бауырының ыстық еріндерінің табы бетінде тұрғандай. Жап-жас еді, батыр тұлғалы еді. Із-түзсіз жоғалып кетуінің реті жоқ. Ауылдан аттанған отыз шақты баланың хат келіп тұрғандары саусақпен санарлық. Солардың бәрі тірі емес деуге аузың қалай барады? Кеше ғана тай-құлындай тебісіп ойнап жүрген балалар емес пе еді? Бірге неге кетпедім. Неге отырмын, мына суық кенседе? Күн- түн шот қағасың, одан не табасың?– деп қыз-келіншек келеке қылады. Бүйтіп отырғанша, жаумен айқасқаным тәуір еді...

Одан әрі Қабиденнің ойы тұмандана берді. Көктем екен дейді. Әмзе бар, Тәшібай бар, Әпенді бар, көп бала доп қуып жүр. Мұндайда Әпендінің жанжал шығаратыны бар. Әпенді дегені жирен фашист болып алыса кетті. Бірде ол көтеріп соғады, бірде бұл. Өлдім-талдым деп әлі құрыса таң атыпты, тап жанында Ниетжан тұр. Мұртының сүңгісін ептеп алып былай тастады. Сап-сары тістерінің арасынан шырт түкіріп:

Жылдық отшот бітпей жатқанда не ұйқы бұл? Колхоздардың алды тапсырып үлгеріпті. Сенде он екіде бір нұсқа жоқ. Істей алмайтыныңды айтсаң, ортадан бір қой беріп, көршінің шотоуатын жалдаушы едік– деп, насыбайын есікке қарай атып ұрды.

Бір қойды оған бергенше майдандағы жігіттерге жіберсе болмай ма,– деді Қабиден тақтай ауыртқан шекесін укалап.

– Олай болса есеп бір жұмада бітетін болсын, білдің бе? Әйтпесе соғыс уақытының заңымен жазалы боласың!– деді Ниетжан.

– Тырысып көрейін.

– Тағы да сол ұйқысыз түндер. Кілтші шал қызарған көзін сұрткілеп, қара тонның қалтасын ақтарды. Дала құдығындай терең қалтаның түбіне қолды бойлатып жіберіп, тазалап шықты да, екіншісіне кірісті. Қағаз дегеніңіз үйіліп жатыр. Оның кеңсесі де, сейфі де осы қалталары.

Есеп алатын шотауат болмады, жинай бердім, есебін өзі тауып алмасаң...– деп күңкілдеді.

Шам бықсып жанады. Қабиден тұқырып алған. Тықыл естілгендей еді. Қаракөлеңке бөлменің есік жағында Бикамал тұр екен.

– Бикамал, бері кел, қайдан жүрсің? Мен де бара алмай жатырмын, жұмыс мынау, кел бері, кел!

Қыз мұнды жанарын төмен түсіріп, жылап жіберді. Бикамалды қысып, өріп тастаған бұрымынан сипап Қабиден «Жылама, көпшілікке келген қайғы. Әмзе батырларды батыры», – деді аузына басқа сөз түспей.

Қыз тыйылды, күлімсереді. Күлкісі қандай еді. Тістер күмістей – аппақ, колмен тізгендей әсем екен. Көз шарасын: толған мөлдір жас сау етіп, төгіліп кетті.

– Сені Әмзедей көрем, ағамды сағынсам осында келгім келеді,– деді.

Қабиденнің де көңілі босады.

– Әкел, мен оқып отырайын, сен шотқа қақ,– деп қағаздарды өзіне қарай тартып алды. Жақындағаны сонша, ыстық леб білінді. Есепшінің маңдайынан шып-шып тер шықты.

– Күнде келіп көмектесіп тұрайын, саған қиын ғой.

– Әжең ұрсар.

– Ұрса берсін.

Қабиден қызды шығарып салып, қайта кіргенде шамның қонырсыған иісін жеңіп қыз иісі, көктем иісі білініп тұрды. Жалғызсырап, көңілі құлазып кетті.

Аязды түннің аспанын қалың жұлдыз басқан. Жұлдыздай шырқау биікте қуана жымындасып тұрғандай. Көктің секпілд бетін сызып біреуі аға жөнелді. Аққан жұлдыз сорғалап барып қарлы даланың бір шетіне сіңіп жоғалды. Тұра берсе тағы біреу сөйтеді. «Кімнің жұлдызы екен?» Қабиден үйіне қарай аяңдады.

– Құлыным-ау, күні бойы дамыл таппайсың, жұрт қатарлы ұйықтасаң етті. Жүзің бозарып кетті ғой. Ағаңнан да хабар жоқ сен ауырсаң қайтем,– деп шешесі күрк-күрк жөтелді.

Кемпір мұны тосып, ұршық иіріп отырған. Жөтелден бет күлгін тартып, сарғыш көздерінің төңірегі ісіп кетіпті.. Қабиден шешесіне аянышпен қарады.

– Апа, бекер тосасың, ұйықтай берсең етті. Жұмыс көг жылдық есеп бітпей жатыр ғой.

Иә, тірі адамның жұмысы бітпес.

– Асқар таудай әкең өлді. Ағаң майданда, менің жағдайым мынау, жатып қалам ба деп қорқам. Өлем деп емес– саған қиын болады ғой. Ағаң аман келсе өз бағы өзімен.

Бұл қозғалмаған тақырып еді. Май шам әлсіреп, сөніп бара жатқан. Қабиден үндей алмады. Кемпір түзеліп барып:

– Мен бір адамның асылын көріп жүрмін. Алла бізге нәсіп етсе...деп сөзінің аяғын бітіре алмай жөтелі буып кетті. Қабиденнің қаны басына шауып, денесіне тосын діріл пайда пайда болды. Шешесі еңтігіп, баласы жаққа қарады.

– Асқардың Бикамалын айтам, бұл ауылда одан артық қыз бар ма? Оның мінезіндей мінез бар ма? Қолы бос уақытта жүгіріп келіп, хал біліп тұрады. Мүгедектігімді көріп, қолынан келген көмегін аямайды. Әжелеп іші-бауырыңа кіріп тұрған бір бала. «Қалқатайым, маған бала болсаң қайтеді?» – дегенімде қызарып кетті. Не десін. Солай шырағым, шүйкебас жайын ойлайтын уақытың жетті.

Кемпір тағы сөйлей бастап еді, Қабиден ұйықтаған болып жатып алды. Ұйқы қайдан келсін, көз алдында сұлулықтың сикыр сәуле шырағы тұрды. Мұның ұғымынша мына жарық дүниеде одан асқан пенде жоқ. Сөйлесе аузынан лағыл– маржан төгілетіндей еді. «Осы әжем қызық,– деп көрпені қымтана түсті. – Әмзе дос болған соң қарындасы маған да қарындас емес пе?». Түсіне Бикамал кірді. Кең далада қол ұстасып кетіп бара жатыр екен. Бозторғайлар шырылдайды, сағым жөнқиді. Кәдімгі жазғы шуақ. Соғыс та жоқ, қайғы-қасірет те жоқ. Бикамал аппақ тістерін көрсетіп күледі. Жақын келіп еркелейтін сияқты.

Шешесінің жөтелгені оятып жіберді. Таң атыпты, үй суып кеткен. Өзі тұрып от жағайын деп еді, тұтата алмады. Өмірі шаруаға қол тигізбегеніне өкінді. Бикамал есіне түсті. Ол болса ғой, мына отты маздатып жіберер еді.

Отты жаға алмай көп әуреленді.

Бір кезде есік ақырын ашылып, қыз кіріп келе жатты. Кірпіктері ақ қырау. Аяз сүйген жүзі албырап тұр екен. Кескінінде күлкі ізі бар. Көздері нұрланып, ақырын езу тартып еді, Қабиденнің маңдайынан тер бұрқ ете түсті. Терін сүртем деп бетіне күйе жағып алды. – От тұтанбай...– деді.

– Кәне, маған берші.

Қыз отты әп-сәтте жандырды, сықылықтап күліп жіберді.

– Бетіңе қарашы.

Қаңтардың қақап тұрған кезі, боран. Боран ашылса үскірі аяз. Қар қалың, жол жоқта басқарма мен есепшіні аудан жа шақырады. Қабиден өзі үшін де, басқарма үшін де барады «Ауырып қалды», «Науқаннан босамады» деген жалға себептермен басқарма үйде қалады.

– Ат жүрмей келді, зорға жеттім, дұрысырақ ат бермесеңі болатын емес, – деді Қабиден соңғы жолы. Ниетжан жалбы мұртын сипап мекіренді, онысы ұнатпағаны:

– Басқарманың аттары өзімнен артылмайды, мінген атыңна басқа жылқы жоқ, – деді.

– Ауданға жетіп келе алатын емес, арық, – деді Қабиден.

– Арық болса жаяу бар, сендей жігіттер майданда оқ পে оттың ортасында жүрген жоқ па, – деп Ниетжан шырт түкірді.

Қарсыласуға болмайды, соғыс уақытының заңы солай Қабиден тағы жолға шықты. Ұзақ жол, артық-кемі жоқ алпы бес шақырым. Қарлы дала, көз жетпейтін суық кеңістік. Күнні ашық кезі аз, ыңғай жел, айдама. Күн кешкірген, ауыл алыс Кәрі көк теңселе басып, азар келеді. Қайыс қамшымен жалаңас сиракка шықпыртса, аздап ұмтылушы еді, енді одан да қалды Ұра беруге дәті бармайды. Соғыстан бұрынғы жұтынға жүйріктердің бірі. Қазіргі күйі мынау.

«Шөпке тоймайды, сұлы жоқ, мініс өтіп кетті», – деп ед басқарма сұрланып:

«Атты мінген сен, күтпей жүдеткен сен, өлсе жауапк тартыласың, халықтың жауы ғана қоғамдық малға осыла қарайды», – деді.

«Алпыс бес шақырымға күнара айдай берсе өлмегенд қайтеді», – деді Қабиден.

«Сен ауданның шақырғанына бас тартқың келе ме понимаешь!» – деп басқарма быртық саусағымен столды нұқы қалады. Қабиден тұрып жүре береді.

Содан ауданға барып, қайтып келе жатқан беті. Барард бүлкетеп отырған көктің халі әбден бітті. Ыққа қаратты да соңғы бір қысым шөпті алып аузына тосты. Қыраулы кірпіктерінің астынан аттың қап-қара көздері жалынышпе қарайды. Шөпті шайнаған сайын көз қалтасы лықсып шығы тұр.

– Же, жануар, нәр болар ма екен?

Қыстың қысқа күні тез кешкіріп, күн бата боран көтерілді. Ат басын төмен жіберіп, аяндап келеді. Жүрісі өнетін емес. Бұған да шүкірлік. Қабиден енді жаяулады. Әрі атқа жеңіл, әрі денесі жылынады. Боран үдей соқты. Ат жиі пыскырынады. Қабиден сырт киімін тастап, қатарласа жүріп, демеп келеді. Осылай жүре берсе адамдар тұрағына жетіп жығылар еді. Ат та аппақ, дала да аппақ, көп мінілген кәрі ат теңселіп, соныға түседі де малтығып қайта шығады. Қазір енді желдің қай тұстан соғып тұрғанын да, жолдың қайда апара жатқанын да аңғарып болмайды. Ат тоқтамаса, өзі адаспаса екен, бар тілегі осы.

Көк ат тоқтады, құлақтарын алға тікті. Жылқы қараңғыда бүтін бидайды, қасқыр жарты бидайды көреді дейтін еді, не көрді бұл? Қабиден қайратын жұмсап, айғайлап еді, даусын боран жұлып әкетті. Оннан да, солдан да қасқырлар ұмтылып келе жатқан сияқты. Қайсысы бұрын ауыз салса сілтеп жіберуге айырды ынғайлап алды. Түннің қаншасы өткенін кім білсін?! Жануар соңғы күшін сарқып теңселе басады. Бір кезде қабысқан бүйірлерін соғып, тұрып алды. Көмейі қырылдап, пыскырынады. Қабиден атты ықтап тұр. Тер құйылған көзін жеңімен сүртті. Шанада шалдырар ештеңе жоқ, қайта козғалды. Осы әуремен көп уақыт өткен сияқты. Бір кезде алдан қара көрінді. Жайылған мал ма, ығы-жығы бірдеңелер. Шілік қой. Түні бойы сегіз-ақ шақырым жол жүріпті. Ат ыққа келіп тоқтады. Буындары дірілдеп, құлап түсуге жақын. Жылқы жан тапсырарда ғана жығылады. Жығылмас үшін күшін жинап төрт тағандап алған. Мұз болып қатқан шіліктің ұлпасын сындырып аузына тосты. Ат ерні жыбырлап, шайнаған болды. «Жә, жануар, өлме!»— деді көздерін уқалап.

Жегіннен ағытып, жүгенін сыпырғанда адамның азабынан актық рет азат болып, қар үстінде қалтиып тұр еді. Бір кезде тұмсығын соза беріп жерге тіреді де, арса-арса болған денесін солқ еткізіп тастап жіберді. Қабиденнің әлі құрып отыра кетті. Ұйқы жеңіп бара жатыр еді, жап-жақыннан қасқырлар ұлып қоя бергені. Ұзын саны тіптен көп сияқты. «Қасқырдың ұлығыны жеймін дегені, бірақ батылының жетпегені» деп үлкендер айтатын. «Қасқыр ұлыса малға шаппайды, тыныш ұйықтай беруге болады» дейтін. Бірақ мұндайда ұйқы қайдан келсін. Боран талдардың басын сілкіп зу-зу еткізеді. Желдің ызыңы таусылмайтын азалы күй сияқты. Қабиденнің үстін қар басып

барады. Қар астында адам тоңбайды деуші еді, күртiкке кiрiп кетсе кайтер едi?

Көк ат жануар құлын күнiндегiсiндей көсiлiп жатыр. Азап бiткеннен бiржола құтылған. Ашылып қалған аузынан сап-сары тiс қанқасы көрiнедi. Шыныдай жылтыраған өлi көзiне қар қонақтапты. «Қасқырлар өлiмтiктi жеп кетсе Ниетжан тiрi атты жегiздiң деуi де мүмкiн-ау?!.. Акт жасау керек шығар»,– деп шананы үстiн төңкерiп, жауып тастады. Денесiн суық алып бара жатқан соң күртiктi үнгiп кiрдi. Қар астында жылынып, қалғи бастады. Әлгiнде лай аспанның сәулесi түсiп тұрған кiшкене тесiк те бiтелдi. Сыртқы шу азайып, ракат тыныштық орнағандай. Түсiне өзi оқыған мектебi, мұғалiмнiң саңкылдап сөйлегенi ап-анық естiлетiн сияқты. Ендi бiрде көкмайса көшемен тұлымы желкiлдеп Бикамал жүгiрiп өттi. «Бикаш, Бикаш,.. тоқташы, бiр ауыз сөзiм бар, тоқташы!»– деп қол соза ұмтылады. Ұмтыла берiп, құлап түседi. Тырбанады, тұра алмайды. Әкесi келiп тұр. Дағдысынша боз күпiсiн киiп, белiн қынай буыпты. Шокша сақалын сипап: «Балам, көрешегiң әлi алда ғой, азабың аз болмас»,– дейдi. Ендi бiрде түн екен. Қасқыр бiткен ортаға алыпты. Ауыл иттерiнше абалап, жармасып жатыр. Бiрi колынан, бiрi аяғынан тартқылайды. Саусағын жұлып әкеткен бе, қан саулап тұр. Айғайлап өз даусынан шошып оянды. Қолы ұйып қалған екен. Күртiктi көтерiп, орнынан тұрды. Даланы қалың қар жапқан. Шiлiктердiң ұлпа бастары ғана кылтияды.. Шокталып қарауытып тұр. Аяз сұмдық қатайыпты, күн шығып келедi екен. Қызғылт сәулесi қар бетiне көлбей жатыпты. Шiлiк iргесiнде секiрiп ойнаған шаңытты алтынның ұнтағындай жалт– жұлт еткiзедi. Көк аттың өлiмтiгiн қар басыпты. Шананың темiр табандары күнге шағылады. Қабиден колына таяқ алып, сумаңдап сырғыған жаяу борасынға iлесiп жүрiп кеттi.

* * *

Ауылда елеулi жаналық болды. Қан майданның қызған кезiнде соғыстан жараланып Әпендi келдi. «Әпендi келдi» дегенде аспаннан тiрi перiште түскендей ауылдың кәрi жасы лап қойды. Тырысқак сары кемпiрдiң колы ашылып құрт-майын төгiп-ақ тастағаны. Әпендi қызыл әскер шлемi шалқайта киiп, келгендердiң беделдiсiне сәлемдi тұрын берiп

кедейлеу, «нашарлау» жағы болса жай ғана иек қағып, қыз-келіншектерді қыса құшақтап, бетінен сүйіп, жас қораздай паңданып отыр. Әпендіні көргенде Бикен қара көзінен-ыстық жасты төгіп жібергені.

– Бауырларын сағынған ғой, – деп әйелдер көздерін сұрткілейді.

– Менің ағаларымды көрдің бе?– деп сұрады қыз.

– Әмземен соғысқа бірге бардым, кейін айырып жіберді. Мен минометшімін, ол жаяу әскер, қолында винтовкесі, «айт два, айт два» деп жүргендері,– деді Әпенді сықылықтай күліп. Бикамал намыстанды. «Өзін зор санап, басқаны қор санаған ыбылыс малғұнмен бірдей деуші еді, қара мұны...»

• . Әпенді өзінің соғыста көрсеткен ерлігі жайлы еселеп соғып отыр. Шылымды қайта-қайта бұрқыратып, үй ішінде қалқып жүрген көк түтінді қолымен жайқап қойып:

– Соғыста аңғал, әрі қорқақ адам ғана өледі. Бір де миналарды жауға топырлатып атып жаттым. Енді қарасам немістің бір танкісі жақындап қалыпты. Стволы маған төніп келеді екен. Мұндайда қорқақ адам тұра қашады да оққа ұшады. Мен үйте қоятын жігітпін бе, минометтің көмейіне минаны тастап жіберіп, тар қойдым. Әлгі аждаһа лаулап жүре бергені. «Мәледес Қасқабаев» деп командирім арқадан қақты, – деді.

Бикамал қаһарлы кескінмен қарады.

– Сонда сен ер болып елге келіп, өзге жұрт ез болып онда қалды ма? Сен Әпен, менің ағаларым Әмзеден, Нұрғалидан, Бергеннен артықпысың. Қашан сен олардан артық болып едің? Мақтаншақ, әрі қорқақ мына сенсің!– деп шығып кетті. Әпенді ілесе шығып:

– Әй, қыз, тұра тұршы, титтей кідірші, апырай ашуын-ай, Хазретғалимен белдескен Дариғаның ашуындай бар екен!– деп сықылықтай күліп білегінен ұстай алды.

– Жібер!

– Артық кетсем кешу ет, екеуміздің араздасатын орнымыз жоқ, мен сені жақсы көрем. Соғыста жүріп хат жаздым ғой, алған шығарсың?

– Жібер!

– Жібермесем қайтесің?

Әпенді қызды өзіне қарай тартып еді, анау сілкіп тастады.

Жігіт жалаң бас, күртешен қалпы қар үстінде тұр. Көкжиектен қызғылт ернеуінен асып, күн ұясына батты. Күйік шалғында кара ала бұлттар қаптап, тұтасып келеді екен. Қардың ұшқындар секіре ойнап, жаяу борасын жылжып жүре берді.

Бикамал үйге еңсесі түсіп келді. Жылаудан көздері ісіп кеткен еді. Шаруасын жайғап тастап, ертерек жатып қалды. Түсінді бауырларын көрді. Әмзе дию-перідей жаумен жағаласып жүген екен. Бірде анау жығып, бірде бұл жығып арпалысып жатқанды Әпенді сықылықтап күліп тұр.

– Әпенді-ау, бауырым-ау, жәрдемдессейші, ағамды өлтіргей!– деп дауыстады. Даусы шықпайды. Әпенді сол қалп мәз-мейрам. Бикамал бар қайратын жұмсап, жауды жағада алып, жерге ұрған екен,– дейді. Әмзе қарындасына құшағы жайып, ұмтыла бергенде оянып кеткені. Таң атыпты, оянғанын кынжылып көп жатты... «Жау жеңіліп, жігіттер аман келеген»,– деп жорыды.

– Әй, қыз, осы сенің ұйқың-ай, ел көшіп жатса білмейсің! Қабиден далаға қонып, үсініп келіпті. Көк ат қарашілік арам қатыпты, – деді шешесі самбырлап. Бикамал шапшаң киініп далаға шықты. Үскірік соғып тұр екен, бет қаратпайды. Қаңтардың ызғырығына қарсы сүрініп-қабынып, жете алма келеді.

Қабиден жылы пештің қасында шалқасынан жатыр. Ісінген көздері тарс жұмулы, екі беті көкнәрдің гүліндей қып-қызыл екен. Бикамалдың атын атағандай болып еді. Қыз жақында маңдайына қолын апарды, күйіп тұр.

– Қабиден, не болды, естимісің?

Кеудесі көріктей желпінді. Кешкілік дәрігер шақыртты. Тыңдап көріп, қызуын өлшеп бас шайқады да, ол дәрілер берді. Қайсысын қалай ішетінін айтты.

– Бикамал, құлыным, сен түсініп алшы!– деп жалын жатыр Қабиденнің шешесі.

– Жігіттің наукасы ауыр, екі өкпесі бірдей қабынған. Ұз емделу керек. Сауығу жағдайы күш-қайратына байланысты деді дәрігер.

Есін жиғанда Қабиден қызды көрді де, қалың ұйқыдан ояңғандай есеңгіреп, оның қолын бетіне басты. Аппақ саусақтарының арасынан қарағайдың шайырындай мөлдір жас шығып шығып, домалап кетті. Қыз–дың көзі де жасаурады.

– Қабиден, сен налыма, жанында мен бармын,— деді. Ауру күлімсіреді. Аппак тістерін кір шалған. Суалған жағына майда түк өсіпті.

Қабиден көктемге қарай ғана басын көтерді. Кеудеде ауыр жөтел. Қызылы кеткен дене сырықтай ұзаған, шыбықтай шайқалады. Жұмыстан соң қыз келді.

– Бикамал, бауырым, айналайын!...— деді Қабиден. Мұндайда кейістігі тарқап, көңіл шіркін бір демделіп қалатын. Қыздың ерке назды күлкісі науқасына дәріден де шипалы.

– Сені көрсем сауығып кеткендей болам,— деді ол,

Қыз күлді де:

– Сауығатын болсаң келе берейін,— деді.

– Сүйтші, келе берші, -- деді Қабиден жөтелге булығып.

Бірде қыз Қабидендікінен кеш шықты да, ақырын басып келе жатты. Түн қараңғы болатын, бұрылыста біреу ұстай алды. Қыз дауыстап жібере жаздап, Әпендіні көріп тоқтады.

– Әпен, сенбісің, не болды?

– Ештеңе... Сенде сөзім бар.

Әпенді белінен құшақтап, өзіне қарай тартып барады. Лебінен арак иісі мүнкіп тұр.

– Мен сені жақсы көрем, қосылайық, келіссең құда жіберейін.

– Ағаларым келмей, күйеуге шықпаймын.

– Шықпайсың. Шықпайтын болсаң, Қарабайдың тесік өкпе баласына неге барасың? Ол кім, мен кім, қарашы өзің. Мен пронтта жауды жапырған батырмын, күш-қуатым мынау, кімнен кеммін?

– Ешкімнен де кем емессің, бірақ мен сені сүймеймін.

– Сүйгенің сонау құрт ауру Қабиден бе?

– Сен оның тырнағына да татымайсың.

– Рас па?

– Рас.

– Ендеше, өкпелеме, сен қызбен болсын ісім.

– Мейлің, ісің білсін.

Түн ішінде ұйқыға бөленіп ауыл жатыр. Қараңғы аспанда қап-қара бұлттар түксиіп тұр. Бұлт саңылауларынан жылтылдап жұлдыздар көрінеді. Бикамал ауыр күрсініп алды.

Көктем келді. 1944 жылдың көктемі. Қабиден кеңс терезесінен далаға қарады. Қакқан қазық өсетін құтты мекен, бә баяғысынша бейқам. «Шіркін, сонау жондарды жыртып бида ексе жайкалып шығар еді-ау. Тың жыртытын күш қайда? Көлі күйсіз, адамдар аз»,— деді жөтеліп қойып. Қыс бойы ешкімні қолы тимеген есеп-кисапты дұрыстау оңайға соқпады. Әйтеуір Бикамал жәрдемдесіп, жөнге келтірген болды. Кейін қызд шешесі шығармай қойды. Енді ол Бикамалды ойлап мұнайы отыр еді. Үйге Әпенді сөйлей кірді.

— Ой, Қабиден, сен жалғызсың ғой, жаныңдағын қайд немене жібермей қойды ма? — деп сайқымазақ күлкіге басты Мейлі, өзгені ойламас үшін Әпендінің келгені де жөн болды.

— Жоғары шық, Әпен, сөйлесейік, балалық шағымызд есімізге түсірейік,— деді.

— Қайбір оңған балалық шағымыз болды, бәрі бейнет. Сона соң соғыс көз аштырмады, мінекей, тағы повеска,— деді Әпен мұнайып.

— Жұрт қатарлы майданға барып, жаумен жағаласқан үлке арман ғой. Сенің орныңда мен болсам қуана аттанар едім, — дед Қабиден. Әпендінің жалқаяқ сары кескіні сұрланып, күлгі дақтар білінді.

— Соғыс саған ойыншық, мен бастан кешкен адаммын, енд барсам тірі келмейтін шығармын,— деді.

— Қой, олай деме, соғысқа өлу үшін емес — жену үшін барад ғой,— деді Қабиден.

— Белгілі қызыл сөз, — деп Әпенді теріс айналды. Сыртта бастықтың әбігер даусы естілді де, домаландап өзі де кіріп келд

— Әпенді, бері жүр!

Екеуі кабинетке өтті. Шала жабылған есіктен дауыстар естіліп тұр.

— Нәке, құлдығың болайын, осы жолы да алып қалш запpermелерге бронь береді ғой.

— Қазір броньдардың бәрі сыпырылып жатыр, сен болса жараланып демалысқа жіберілген пронтовиксің, реті келер м екен?

— Апырай, бірдене етіп... Керек десе құлынды бие м сиырды да...— деген Әпендінің даусы сыбырға ауысты.

Әпенді бәрібір соғысқа баратын болды. Жүретін күні Асекеңдікіне келді. Кемпір жалғыз екен. Соқпа пештің алдында ұршық иіріп отырған.

– Соғысқа жүрейін деп жатырмын, әже, үлкен үйден бір үзім нан жеп кетейін, дәмімді үйден жазар ма екен дей келдім,– деді. Жайшылықта қакандаған кемпір көзіне жас алып:

– Алда, шырағым-ай, қайтсын енді,– деп құрт-майын жайып салды,– Әлгі қызы құрғыр да үйде тұрмайды, шәй қоятын.

– Әже-ай, оның жақсы аты шықпай жүр ғой, Қабиденмен шатасып кете ме деп қорқам. Дәрігер құрт ауру деп тауыпты. Барғыштай берсе бір пәлені жұқтырып алады ғой. Түбіміз бірге болғандықтан жаным ашығаннан айтам, көз болатын мен де көтіп барам,– деді, кемпір мекіреніп, жаулықты басын изеді.

Әпенді аттанарда бетін жас жуып, өксіп жүріп үлкенмен де, кішімен де ұзақ-ұзақ қоштасты. «Болса да лактырып кетемін» деп, үйдегі ескі-құсқы киімдерін киіп, бейшара калыпқа түсіпті.

– Бауырлар, көріскенше күн жақсы, – дегенде Бикамал еңіреп жылап жіберді. Опат болған Әмзе де, хабар-ошарсыз кеткен Нұрғали мен Берген де осылай үлкен үмітпен аттанған-ды. Әпендінің де туған елмен соңғы рет қоштасып тұрмағанына кім кепіл.

– Әпен, хат жазып тұр. – Жазам.

Солдат сағымға оранып, көрінбей кеткенше қарап тұр еді, Қабиден қолтығынан алды. Оның да кескіні мұңды.

– Енді, міне, Әпен де жоқ,– деді күрсініп.– Құлынтайдай тебісіп бірге өсіп едік.

– Қабиден, жүрші, сіздікіне барып отырып қайтайын, кеудем мұңға толып кетті ғой,– деді қыз.

– Бикамал, серпіліп, Әсеттің бір әнін шырқап жіберші!– деді Қабиден. Өзі де еңсесін көтере, қызға жақындай отырды. Саусақтар перне бойымен жасқана жылжып кәдімгі Әсеттің әні:

Қозы Көрпеш – Баяндай бір молада өлсем– ау,–

мұңды арманмен сызыла шықты. Қыздың кескіні кып-қызыл болып, көздері жасаурап отырып, домбыра сазына қосылды. Ән адам айтқысыз нәзік те, әсерлі әуенмен өрлей берді. Бикамал жиі айтатын осынау әйгілі әнді кейбіреулер Әсеттің әні деуден гөрі Бикамалдың әні дегенді ұнататын. Қабиден күлімдей отырып күрсініп тыңдайтын еді. Әннің екінші шумағы басталғанда қоңыр үнмен қосыла кетті де «Әсеттің әні» шым үйге симай кең далаға ақтарылды. Шешесі келіп бұларға қызыға қарап тұрып қалды.

Жаз өтіп, күзгі жылы жаңбырдан соң дала кайтадан көкте жаскылт тартты. Аз ғана ауылдың егіні өнімді болып, жә Отан шетіне қарай құтылып бара жатқан кез. Халықтың көңі көтеріңкі: жарқын үнмен сөйлесіп, шат күлкілері қайты оралулы еді. Ауыл мейрамға дайындалып жатқан. Мейрам төрт күн қалғанда Қабиден мен Бикамалдың тойы болды. Ақтық сыр алысқанда Қабиден:

– Мен... сені... Бикамал... сені... жақсы көремін. Бірақ, бірақ Мынандай ауру күйіммен сені қор қылғым келмейді, бауыры айналайын, кешу ет!– деп сұрланып отырып қалды.

– Жо-жоқ, сен олай деме, сен сауығасың, сөзсіз сауығасы мен сенімен бірге боламын!– деді қыз егіле.

Мұны естігенде Асан отағасы өзінің қашанғы сабыр қалпын бұзбай, ұзақ ойлап алып:

– Олай болса лажым жоқ. Ұлықсатымды берем, бақыт болсын!– деді. Керісінше керткі мұрын сұр кемпір жаулығы қисайтып шыға келді.

– Қарабайдың ауру баласына қыз бермеймін, тақыр келе жол-жора қылатын халдері жоқ,– деді.

– Қызың келісіп қойған соң...– деді Асекең– Әзәзіл с шайтанды да бұзады. Азғырған соң ақылы жоқ қыз көніп қалы отыр. Мен ұлықсатымды бермесем, қалай барар екен, кә көрейін,– деді беті шаңытып.– Мың сом берсін.

– Ондай қаражат қайдан келсін, соғыс уақыты емес пе?

– Соғыс уақыты болса шошандамай үйде отырсын. Ағала келген соң барсын байына!– деді кемпір титтей жұдырығым еденді түйгіштеп. Асекең сирек ашуланатын, ашуланса мо кететін.

– Ей, шайтанның қуыршағы, шырылдай беруінді тоқтат деп гүж ете түсті.– Істің байыбына бару керек. Бала тұрм құрғысы келген екен, барсын. Алдынан жарылқасын!

Кішкене кемпір дауыс салып:

– Мен қақбастың баласыздығымды бетіме басы отырсың. Өгей көрмесең бір қыздың билігін беретін еді ғой. Құдай жалғыз, мен жалғыз!– деп үсті-басын жұды тастады. Оңашада абысын- ажин келіп, кемпірге ақылдар айтты:

– Қызың үйде, қылығы түзде, Қарабайдікіне не мәнмен барам деп асығып отырғанын қайдан білесің? Сөзді қой, тойынды жаса!– деп тілге ұста ер абысыны кесіп айтты.

* * *

Жеңістен кейінгі жыл болатын.

Қызыл шолак өгіз күш түскеннен көздерін алайтып, еңтігіп тұр. Аз дамылдайды да қайтадан шіренеді. Шіренгенде арық аяқтарының сіңірлері тартылып, тілерсек буыны тайып кете жаздайды. Шананың темір табандары кара жерді қауып, жыртып келеді. Алғашқы карда сөйтеді. Оның үстіне күн де жылынып, танертеңгі қапалақтаған қар енді сіркіреп жауынға айналды.

– Мен шананы демей берейін, сен өгізді айда,– деп дауыстады Қабиден.

– Ал, кәне!

Белін шарт буып алған Бикамал әрі өгізді айдап, әрі жетектеп сүйресіп келеді. Жануардың халі әбден біткен болу керек, бір кезде қоналқаға келгендей тізесін бүгіп жата кеткені. Соқта қардың үстіне жантая түсіп, танауын көтеріп ыңырсыды, енді тұрмаймын дегені. Қара малдың халі біткенде аяқтарын қаз бастырудың өзі қиын.

– Тыныкса тұрар,– деп Бикамал шанадағы шөпті ықтады.– Кел отыра тұрайық.

Шекпен бүркеніп екеуі біраз отырды. Осылай отыра бермек еді, қарлы жаңбыр төпеп, су мойындарынан саулады. Өгіз кок соқтада бауырынан батып жатыр.

– Бұл қалпы өледі ғой, тұрғызайық.

Өгіз қайдан қозғалсын, дәрменсіздікпен ыңырсыды да тынды. Қабиден мойынтұрықты алып тастағанда азаттықты сезіп екі-үш ұмтылды.

– Сен жібінен тарт, мен құйрығынан демейін, әу-әу-әу.

Өгіздің тұратын ниеті жоқ. Алдына шөп тосты. От тамады.

– Қап, мынасы қиын болды-ау!– деді Бикамал кейіп.

– Қайтер дейсің, тұрар,– деп күңкілдеді анау. Аслан сұп-сұп, сұп-суық. Жел бағытын біртіндеп өзгертіп, терістікке қарай бұрылды да, қақап кетті. Әлгінде ғана сырт-сырт тамып тұрған жауын қайтадан қиыршық қарға айналды, Өгіз ыңыранды.

«Зорықтырып өлтірдіңдер», – деп басқарма тағы мойны қойса қайтпек? Ана жолы да өлген атты төлеткен осы Ниетжан Апырай-ә, ажалды көлік Қабиденге кездесе беретін болғанын Тәшібайдың шешесі Күлзейнеп кемпір үшін ғой бәрі. Бай жалғыз баласы майданда опат болып, зар жылап отырған көмектесеміз, жүдетпейміз,– деп алдымен айтқан осы Қабиден еді. Алғашқы жылдары Ниетжан да осы пікірде болған. Жыл өте соғыс бітіп, ыстық-суығы азая келе жетім кемпірдің мұмқтажына, бастық болып, мән беруді қойған. Кемпір шұңсиырды жегіп алып, шырпы тасыды, шөп жинады. Кішкешім үйдің мұржасынан түтін шығып жатқанын қуаныш көр. Соңғы кезде көзі қарауытады, жүрек шаншиды, демікпе бар.

– Қарағым Ниетжан, шөбімді тасытып берсең екен. Мәңгілікке қарап шулап тұр,– деп босаға жаққа ыңк етіп отыра кеткен Ниетжан тышқан көздерімен сығырая қарап:

– Сен кемпір, басты қатырма, колхоздың шөбін тартай ба, сенің шөбіңді тартайын ба, подумаешь, жұрт жанталас жатса...– деп шыртып түкірді.

– Қарағым– ау, малым шулап...

– Мал саған неге керек, пенсия жетпей жатыр, қараң басың отырып.

– Әй, бұл балаң өлді дегенің бе, өзің өл, өз балаң өлсе маған дегенің өзіңе болсын, өл де маған!– деп кеңсені басып көтере дауыс салсын келіп. Ниетжан шыға жөнелді. Бөлме шот қағып отырған Қабиден аппақ қудай болып орнынан тұр да кемпірді құшақтап:

– Әжеке, сабыр етші, Ниетжанға несіне жалынасың, мәңгі біз бар емеспіз бе? Жарасы қайта асқынып, жарамсыз болды. Әпенді де қайтып келді. Келе бригаданы қабылдап алды. Ол көмектесер. Кеше Тәшібаймен бірге ойнаған балалар емес едік, сізді жүдетпеспіз, әне Бикамал да келеді,– деді.

– Не болды, әже?

Кемпір кішкене кеңсені басына көтеріп, Тәшібайын жоқтарға зар қакты. Бикамал:

– Әже, сабыр етіңіз, ешкім бармаса Қабен екеуіміз-ақ қалыпана шөпті жеткіземіз. Сай-сүйегімізді сырқыраттыңыз ғой,– деп қосыла жылады.

– Құлыным-ау, сен қалай барасың, аяғың ауыр ғой,– деп кемпір оның маңдайынан сүйді.

Әпенді үйінде шәй ішіп, тершіп отырған. Шикіл сары кескіні қып-қызыл болып ботка беттеніп кетіпті. Жастықты шынтақтап, сұлай жатып, Ниетжанға еліктей мұрын бір тартып, соның мақамына салып:

– Бұл не жүріс?– деп күңк ете түсті. Бала кескінді шотмандай кара келіншегі «шайға отыр» деген болып жатыр. Қабиден келген жайын айтты.

– Көлік жок, өгіздерді мініп кетті. Кемпірдің шұбар сиыры бар емес пе, сонымен барындар,– деді.

– Әпен, сен бұл сөзді қой, Тәшібайдың шешесі болған соң бәрімізге шеше емес пе? Кеше Тәшібаймен тай-құлындай тебісіп өсіп едік қой. Көлік те тап, өзің де бірге жүр, шөбін тасып берейік,– деді Қабиден жеткізе айттым деп.

Әпенді жылқының тісіндей сап-сары тістерін көрсетіп оқырана күліп:

– Кемпір үшін салпақтайтын адамды тапқан екенсің,– деді.

Қабиденді ашу қысып, дастарқанын басына жапқысы келді де, одан түсер пайданың жоғын көріп әдіске көшті.

– Әй, Әпен, сен өзің де кеше соғыста болдың ғой, бақытын бар екен, жараланып аман келдің. Егер Тәшібайға ұксап мерт кетсең, аңырап анаң қалса, оған жұрт сенің айтқаныңды айтса жақсы болар ма еді?– деп еді:

– Құдай сақтады ғой, тірі келдік, әйтеуір,– деп Әпенді көңілі босап көзіне жас алды.

– Ал сенің әскер отбасына көмектеспегенің лайық па?

– Рас, лайық емес қой, қорада арық өгіздер қалып еді, ұнатқаныңды алшы.

– Өзің ше?

– Бара алмаймын, маған қол жұмысын істе деп отырған жоқ, өзім жаралымын.

– Осына да рахмет!– деп Қабиден шығып кетіп еді. Міне, сол қызылшолақ, колхоздың жүгін соғыс уақытынан бері сүйреп келе жатқан майталман жануардың жеткен жері осы болды.

– Тұр енді, тұр!– деп жалынды Бикамал. Мүйіз жібінен қанша тартса да сіресіп жатыр.

– Енді қайттік?

Қабиден өгіздің шолақ құйрығынан алып екінші қолымен қамшыны үйіріп айқайлап еді, соны тосып жатқандай ұмтылып тұрып кеткені.

- Қайта жегеміз бе?
- Жо-жоқ, пәлесінен аулақ, қорасына жеткізейік.
- Шөпті қайтеміз?
- Өзіміздің ала сиыр мен кемпірдің шұбар сиырын пар жегіп артып әкетейік,— деп Қабиден жөні түзу ақылға келді.

* * *

Жолаушылар ауылға жеті түнде жетіп еді. Алғаш қалы күртіктен басқа ештеңені көре алмады. Сымы салбыра бағаналар тұрды қарауытып. Көше жобасын осы бағанала арқылы ғана аңғаруға болатындай.

Қараңғыда жылы үйге келіп жайғасты да, ертеңінд колхоздың әрі шағын, әрі лас кеңсесіне кіріп, Ниетжанға сәле берісті. Бірі орыс, бірі қазақ. Бірі псковтық, екіншісі өзімізді Мақұл, сып- сыпайы болып басқарманың алдында отырды Ниетжан әукесін столға тақап алып:

– Мынау Мақұл біледі,— деп сөзді растата сөйледі.— Н бары қырық шақты үйміз, мың жарым гектардай егістігіміз төрт трактор, бірнеше пар өгізіміз бар. Жұмыс қолы өте аз, деп ежелден қанына сіңген әдеті бойынша бар жетіспеушілікті жайып салып, жыланып отыр.— Тың көтер дейді, неме көтереміз, тракторлар ескі, өгіздер арық, жер жаралғалы түре тимеген шиырға әліміз келе ме?

Ниетжан насыбайын атып, көнтек ернін жалап алды.

– Сендер біздің колхозға түпкілікті келдіңдер ме, әлд уақытша ма?

Мақұл теңселе түсіп:

– Айналып келгенде, түпкілікті жіберді, Тракторлар, құра саймандар жеткізіледі,— деді.

– Бәрекелді, мықты колхоз боламыз онда,— деп қуанд басқарма.

– Колхоз емес— совхоз боламыз. «Баянның» екінші бөлімшесі Басқарманың кескіні көгеріңкіреп:

– Колхозшылар көпшілігінің еркінде шығар , к болатындары,— деді. Мақұл:

– Колхозшылар да кет әрі емес,— деп күлген болды. Тізерле отырған жалпақ жирен Сергей қып-қызыл сақалын сипап:

– «Баянға» бөлімше болып, карта бетіне түсіп те қалыпсындар, – деді болашақ совхоздың жобасын жайып салып. – Міне, мынау сіздердің орталықтарыңыз.

Мақұл калтасынан бұйрықты алып ұсына берді. Басқарма әйелдің саусақтарындай жұп-жұмсақ саусақтарымен қағазды қыса ұстап, кетік мұртына тақап.

«Сактағанов Мақұл – бөлімше механигі, Власов Сергей агрономы болып тағайындалды» дегенді дауыстап оқыды.

– Міне, қызық, – деді ол ернін тістелеп. – Көпшілік жиналысы жок, келісім жок, тағайындай салған, ә?

– Үлкен бастықтар келген соң, бәрі болады. Ал біз көктем егісіне дайындала береміз, – деді Сергей.

Тракторлар МТС-та, тұқым дейтін қанша тұқым бар, ВИМ-нен өткізіп үйіп қойғанбыз, өгіздердің мойнын босатып, күтімге алдым, – деді басқарма қойын кітапшасын парақтап. Осы бір жаттанды мәліметті кім келсе де жайып салып отырғаны.

– Біз тракторларды, саймандарды әкеп қатарға қою үшін МТС-қа кетеміз, айналып келгенде сол дұрыс болады, – деді Мақұл. Сергей басына құлақшынын тастай салып:

– Электр станциясы неге істемейді? – деп сұрады. – Күзден бері адыра қалды, генераторы жарамсыз,

– Моторы сынық – деді басқарма күрсініп. Мақұл түсіндіріп жатыр.

Қазір тың игеріліп жатыр. Біздің даламызда ондаған жаңа совхоздар құрылады. Мыңдаған жастар келеді. Сол жастардың бірі мына Сергей. Жер-жерден жұрт тың игеруге тілек білдіруде, соның бірі өзім. МТС-тағы жиналыста тракторшы болуды қалап едім, айналып келгенде механик етіп жіберді. Біздің осы жаңа совхозымыз «Баянның» өзінен ғана қырық мың гектар тың жырту жоспарланып отыр.

– Апырай, мынау ақылға сыймайтын іс екен, – деп Ниетжан мұрнын тыржита бір тартты.

Жігіттер колхоздың қуыс-қуысын аралап, не бар, не жоғын көріп еңбекшілермен сөйлесе келе істі шеберханадан бастады. Электр станциясын жөндеуге бірнеше күн кетті. Жетпейтін бөлшектерді тауып әкелуге МТС-қа шапты. Түнде боранда қалып, адасып та жүрді.

Күндер сұмдық суық болып тұрған. Оған қарауға уақыт бар ма? Қар белдеулеп тастаған бағаналардың ұшар басында

аюдай жабысып Сергей мен Мақұл қолдарын үрлейді Төменнен:

– Уай, бұларын не?– деген басқарманың қарлығыңқы даусы естілді. Ниетжан өзінің үкіштей шанасында кіп-кішкентай болып тонға оранып отыр. Жел бағананы түбінен морт үзіп кететіндей долдана соғады.

– Ештеңе емес, жарық жолын жөндеу ғой,—дейді Мақұл.

– Жөндеу ғой,— деп кекетті бастық.— Жөндеудің де жөндеу бар. Мұны МТС-тың мықты мамандары да жөңдей алмаған аудандағылар қалпына келтіруге мың жарым сұраған Колхоздың тиын-тебенін далаға тастай алмай жүрмін бе? Сендерге істей қой деп қашан айттым, тағы ақша сұрай алақандарыңды жаясыңдар, ә? Жо-жоқ, менен текке ақша алмайсыңдар, әуре болмандар, қолдарыңнан келмейді, оллаһи келмейді, білдіңдер ме?

Жел шайқап тұрған бағана басынан Сергей:

– Мың жарым сомнан бір тиын да кем алмаймыз, көрдің б қандай қиындықпен істеп жатырмыз,— деп айқайлады.

Басқарма ашуланып, тар шанада бұлқынып алды да, сұлт жиренді сираққа шыкпыртып жіберді. Ат секіріп түсіп шаб жөнелді, жігіттер күлісіп жатыр.

– Кәне, тездетіндер, бастықтың бермес ақшасын тартқандай кылып алайық. Сымды сүйретіндер ілгері!

Жігіттер суық желдің астында жанталасып жүр.

– Бағаналардың бұрынғысы қайда болған? – деп сұрады Сергей

– Колхоздың керек-жарағына деп қиып әкеткен. Мотордың бөлшектерін алып тракторға салған,— деді Мақұл сымды мықшия тартып келе жатып.

– Иесіздік деп осыны айтатын шығар,— деді әлгі дауыс.

– Ақша шығармас үшін бәсекең бас болып құртып тынғай ғой,— деп күлді Сергей.

– Кеше қора жағалап келе жатсам, бір үйде шамынып қалпағынан тауыққа ұя жасап қойыпты. Мынау керек десем әлгі үйдің кемпірі айғай шығарғаны,— деп Мақұл мандай теріп сылып тастады.

Бірде суық, бірде жылы болып өзгеріп тұрған көктем күн бүгін маужырап қоя берді.

– Ал, жігіттер, кешке жарық беретін болайық,— деп Мақұл сырт киімін шешіп, лақтырып жіберді.

Ұзақ күн бойы кимылдаған жігіттер кешке Қожанасырдың моласындай қисайған ескі электр станциясына жиналды.

— Кәне, жібереміз бе?— деді Сергей.

— Көрейік,— деді Мақұл.

Мотор от алды. Сыртта шу, қуанышты дауыстар. Ауыл үстінде таңғажайып ерке шұғыла жарқырайды. Станцияға қарай домалаңдап Ниетжан жүгіріп келеді. Келген бетте Сергейді, Мақұлды құшақтап:

— Бәрекелді, көзің ашылды деген осы, рахмет жігіттер!— деп есі кетіп тұр.

— Басеке, мың жарымды бере қойыңыз,— деді Сергей алақандарын ысқылап. Басқарманың күлкісі тыйыла қалды.

— Отағасы, Сергейдікі ойын ғой, өзімізден-өзіміз ақы аламыз ба?— деді Мақұл.

— Бұл үлкен істің бастамасы ғана,— десіп жатыр бәрі.

* * *

Әпенді көктем бойы «Денсаулық барда не, тәйірі, шыбын жанды ортаға салып, жүлдеге ие болып алайын,— деді.— Тракторшылар соғысқа дейін Мәскеу барып, көрмеге қатысып, алтын медаль алды ғой. Мынау ұлы науқанда көзге түсіп, ауызға бір ілігіп кетсең, сыйлық алып, орден таксаң. Сөйте-сөйте герой атағын алуын да ғажап емес, пәлі соны айтсайшы». Бірақ қанша тырысса да әлгі атак-даңқтың пұшпағы да қолға ілікпей тұр. Мақтау орнына екі рет агрономнан сөгіс алды. Анау Сергей деген қызыл сақалың ашудың адамы екен. «Жерді тайыз жыртың» деп байланысты ғой.

«Жаркыным-ау, не қыл дейсің, жердің қаттылығына мен кінәлі ме? Соканың түремдері қызып, от шыға жаздайды» десем: «Анау Қабиденнің жері мен түрені сенікінен басқа ма? Ол сапалы жыртып, жоспарды асыра орындап жүр ғой»,— дейді. Тағы сол Қабиден, аллау, алдымнан көлденеңдеп кетпей қойды— ау. Ол болмаса осы тракторға келетін де емес едім. Көпшілік жиналысында: «Тыңға барамыз. Одақтың әр түкпірінен жастар ағылып жатқанда біздің қалыс қалуымыз ұят. Ата мекенімізді құт даласына айналдыруға ат салыспасак азамат болып қайтеміз. Мені қақ басына жаз және тағы кім бар?»— деп залға қарағанда нәлеттің көзі алдымен маған түсті. «Әпен сен ше?»— дегенде бас шайқауым ретсіз болып: «Жаз

мені»,– дей салыппын. Әй, әттеген-ай, бекер айттым-ау! Тіс мен көзі ғана жылтырап көрінетін көп тракторшының бір болдым да шықтым. Арманым осы ма еді? Үлкен қызметкер болу, ең төмені басқармалық, әйтпесе одан әлдеқайда мықтырап біреуі болып жұртқа әмірімді жүргізіп тұрсам, Қабидендерін «Әпеке, таксыр» деп қипақтап тұрса, сонда менсінбей кеткен қызға «Мен кіммін, Қабиден кім болды, өкін, ішің күйсе тұр жала» демекші едім. Енді кара, тракторшының да жөндісі болмаппын. Анау қызыл сақал келімсектерің жұрт алдында намысыңа тиіп ұрсады тіпті.

«Бетегені бетінен сыдыратын стахановшымыз» деп жігіттер кісінеп күледі. «Тап атанның аузын ғана ұрайындар, күлгенді көрсетемін сендерге, тамашалап тұрып – екі жоспарды орындап берейін, көр де тұр»,– деп алшандай басып тракторына мінді де, дарылдата жөнелді. Трактордан түспегелі бір тәулікке жақындап келеді. Ыстық тамақ та ішпей, есесіне шылымды жиі тартып, қолдары қарысып отыра берді. Шыдамның да шегі бар. Шылымды көп тартқандықтан ба, тамақ ішпегеннен бе көз бұлдырайды. Аздап– мызғып алса ешкім қой демес еді. Екі норма қайда, ашумен айтқан уәде қайда? Жо-жоқ, «Әпенді өте қайсар жігіт» деген бір тәуір атақ болып қалсын, шыдап көрейін...

Осылай деп алдында тұрған «Беломордың» соңғысын аузына салып, қалтасын қарманып еді, темекіні теріс тістеп отыр екен ызаланып түкіріп тастады. Мұндайда қайдағы бір ойлардың қаптай кететіні қандай. Соғысқа барарда тірі қайтам деген жоқ еді. Даланың сағым кешіп жатқан қиырына қарап тұрып:

– Қош, асылым, көрем бе, көрмеймін бе, соғыс деген құрдым ғой,– деп Әпенді топырағын орамалына түйіп алып біржола қоштасып шыққан. Ажалы жоқ адам өлмейді екен Жараланғанымен тірі ғой, міне, тірлікке не жетсін!.. Соғыстан қаншама жолдастарынан айрылды. Бір төсекте жатып, бір ыдыстан ботқа жеген қимас достар қас-қағымда жер томпайты қала берді. Жас адамның өлімі аянышты-ақ, бірақ соғыс жау деп, жасамыс деп талғап жатпайды. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген рас.

– Жолдастар, араларыңда етікші бар ма? Шаруашылық взводуна етікші жетпей жатыр,– деді старшина. Жауынгерлері біріне бірі қарады, үндеспеді. Қайдан шықса одан шықсын:

– Мен бармын,– деді Әпенді.

– Шық былай.

Шығуын шыққанымен, шаруашылық взводына келгенімен, етік тікпек түгіл біз ұстап көрген пенде емес-ті. Жер кепеде екі-үш солдат іс қылып отыр екен. Былғары иісімен косылып басқа бір жағымсыз иістер мұнкіп тұр.

– Міне, етікші әкелдім,— деді де старшина шығып кетті. Темекіні езуіне іліп алып, арық кара отыр. Көзілдірігі омырық мұздай көгілдірлене жылтырайды.

– Міне, тарамыс, міне, біз, қонышты қусыра баста!— деп әмір етті.

– Көптен қолыма ұстамап едім, ұмытып қалыппын, қалай қусыруды көрсетіп беріңіз!— деді Әпенді құжырандап. Етікші алая қарап:

– Е-е-е, балақай, жағдайың белгілі болды, бірер күнде меңгеріп әкетсең сөзім жоқ, әйтпесе келген жағыңа қайта қуыласың, біз онсыз да үлгермей жатырмыз,— деді. Қуылмас үшін Әпенді барын салды. Етікшінің көңілін табар ма, жоқ па, кім біледі. Абырой болғанда шаруашылық взводына тақау түскен қаңғыма снарядтан жараланып елге қайтты. Екінші рет шақырылғанда, «көрер жарығы бар екен», сол жарасының «көмегі тиді. Бірер күннен соң кері қайтарды. Бірақ мұны кім біліп жатыр, Әпенді қанды қырғынның қак ортасындағы таңғажайып ерліктерін айтып, жұртты ұйытып жүрді.

– Бірде генералдың өзі қолымды қысып: «Қаскабасов, сені герой атағын алуға ұсынамыз»,— деді. Ұсынуын ұсынған да шығар, мен жараланып кеттім де, көз жазып қалдым ғой,— деп шімірікпей соғып отырады. Оған ауыл жұрты бастарын шұлғып, көздерін сулап әбден тәнті болады. Қыз-келіншектер алдында тіпті көкіп кетеді. Қазір бұрынғы «ерліктерінің» маңызы азайған соң жаңаларының ретін қарастыра бастады. Жиналыста сөз алып, тыңның тарихи маңызын түсіндіріп, оған жаппай ат салысуга, норманы асыра орындауға, жанар және жағармайды, үнемдеуге шақырады. «Пәлі, мынау әйдік жігіт» десін деп бөрікті жерге ұрып, ұрандатып шығады. Сөзі ұтымды, өткір. Агрономнан алған соңғы екі ескерту беделін кемітіп тастағандай еді. Оған қиналып жатқан Әпенді жоқ. Әзіл-қалжыңмен жуып-шайып, сырғытып кете барады. Әйткенмен де көңіл-күйі пәлендей емес, әсіресе соңғы тәулік қажытып-ақ тастапты.

Көктем түні де осындай ұзақ болар ма? Кештен бері қанша жер жыртылды. Қаншама ой ойланды. Жасынан бергі ғұмыр көз алдынан өтіп, сараланып болды. Таң атар емес, мейлі. Әпенд мұндай кокайды талай көрген. түк емес. Темекінің таусылып қалғаны, әйтпесе әлі бір тәулікке шыдауға бар. Жаксы қиялда да каумалап алған. Енбек Ері атағын алғандар әзірге аз, біраи болашақта көбейеді ғой. Көбейсе Әпендіге біреуі сөзсіз тиеді. Онда ана күлегеш нәлеттер баскаша сөйлесер еді, ә?

...Мәскеу ойлағаныңнан әлдекайда әдемі екен. Кремльді айтсайшы, мұнаралары көк тіреп тұр-ау, не деген сәулет, не деген бояу, алтынмен аптап тастаған ғой. Апырай, ә, әлгі беретін медалі қайда? Алтын ба, күміс пе? Әйтеуір, біреуін ұстатшы бері... Әлдекім аяғын шалып қалғандай жалп ете түсті. Көзі ашса трактордың қос жарығы қалың мұнарға батып, күреңітіп барады екен. Мотордың ызыңы естілетін сияқты. Жүріп келі жатқанын, тоқтап тұрғанын айыра алмады. Қолдары тұтқады қарысып қалыпты.

– Апырау, бұл не, мен қайдамын?– деді. Қатты шаршаған адам ұйықтап кетсе, оңайлықпен есі кірмейді деуші еді. Әпендінің көзі алақтап, ештеңені түсіне алмады. Сөйткенше аяғына мұздай су білінді де ышқына дауыстап жіберді. «ДТ» белуардан суда тұр екен. Қол созымда қалың қамыс көрінеді. Ар жағы да, бер жағы да көк айдын, артқа қарап еді, жиек артты қалыпты..Таң атқан. Қорғасын түстес айдынан ақшыл бү көтеріліп жатыр. Қып-қызыл болып талаурап тұрған шығысқа қарады.– Құдайым-ау, енді қайттым?– деді шекесін сығымдап.

Су ішке көбірек кіре бастады. Трактордың қыр арқасы ған көрініп тұр. Соқа батып кеткен. Уақыт өткен сайын одан әрі бата түсетіндей. Күннің өткір жиегі кара жерді тіліп шықты да қып қызыл болып тұрып алды. Далада ерке жел есіп, бозторғайлар шырылдап, құстар кидулап рахатқа батқан. Ал Әпенді болса аяқтарын бауырына алып бүрісіп отыр. Қопаның лай суы темір сәкінің үстіне көлкіп шықты. Үлкенді-кішілі құрбақалар секіріп ішке кірді де, Әпендіні жан екен деген жоқ, кабинаның ішін қаннен-қаперсіз аралап кетті. «Аллай, мұндай да қорлық болады екен, ә? Ақымақ құрбақалардың да басынуын! Шамадан тыс жұмыс істейтін нем бар еді, қызбалық-ай, түбіме жеттін-ау!».

Ақыры ойлай келіп: «Ұяттан кісі өлмейді, бәрін тастап ел табайын, үкімет мүлкі ғой, тракторды суға батырып қоймас»,–

десе де қарауытқан су жұтып жіберетіндей екен. Қорыққаннан қайта кірді. «Мынау адамды тартып кететін пәле шығар, батсам кім көреді. Осында-ақ күтейін, біреу шығарып алар»,– деді. Қалғып кеткен екен, мотордың гүрілінен ояны. Жиекте Қабиденнің тракторы тұмсығын суға тақап тұр.

– Әпен, уай Әпен, не болды, тірімісің?– дегенін естіп әдейі қозғалмады.

– Апырау, соры қайнап өліп қалмағай!– деді Қабиден.– Әпен, Әпен!– деп тағы дауыстады. Үн қатпаған соң суға секіріп түсіп еді, сұмдық суық екен, жаны шығып кете жаздады. Оған қарауға уақыты бар ма, жан дәрмен су ішіндегі тракторға жетсе, онда Әпенді қимылсыз отыр. Жұлқылағанда барып көзін ашты.

– Тұу, зәремді ұшырғаның-ай, тірі екенсің ғой, әйтеуір,– деді Қабиден.

– Тірімін,– деп былдырақтады анау ықылық атып.– Суық өтіп кетті, өлетін шығармын.

Әпенді қасақана мүсәпір бола қалды. Қабиден кеудеден суда жүріп тракторды айналып көрді. Мотор от алмайды. Су астында жатқан соканың тіркеуін іздеп тауып ағытып кейін сүйретіп тастады. Екінші рет қайта келіп тракторды тіркеді, қозғалар емес. Өз тракторының шынжыр табандары жерді тырнап тұрып алды.

– Әпен, а, Әпен, тракторыңды скоростан шығар!– деп дауыстады.

Көп бейнетпен ақыры құтқарды-ау! Әпенді соқасын тіркеп болып, күлімсіреп:

– Қабиден, сен сыр сактай білесің бе?– деді.

– Білем.

– Білсең осыны ешкімге айтпауға уәде қылшы.

– Айтпайын.

– Болды, ендеше,– деп тракторын дарылдатып кете барды. Қабиден киімдерін сығып қайта киді. Денесі ауырлап, көздері бұлдырай берді. Безгек қысқандай қалтырайды.

– Саған не болды, қызуың бетімді күйдіріп барады ғой!– деді Бикамал кешкісін.

– Түн салқын болды, суық тиген шығар...

Осылай деп Қабиден ұйықтап кетті. Ұйықтап жатып «апырай, бауырым-ай, тірімісің, тірі екенсің ғой» деп сандырақтады.

– Соғыста хабарсыз кеткен ағалары түсіне кірген ғой,– деп көзіне жас алды Бикамал.

Оянғанда бірде қызарды, бірде қуарды. Көзінің ақ е канталап, жанары тұмандана берді. Бикамал қызуын өлшеп:

– Апырау, енді қайттік? Қабен, сен қатты наукаcсын, дәріг шақыртайын, не болды өзі, айтшы.

– Ештеңе болған жоқ, суық тиді ғой деймін.

– Трактор іші суық па сонша? Қабиден үндемеді.

– Монша жақ, термен тарап кетер,— деді көптен соң.

Монша қайта тынысын тарылта түсті. Мең-зең бір хал. Қ жері ауыратынын өзі де білмейді. Әйтеуір, сұмдық ауырлықт сезеді. Алып-жұлып бара жатқан бір пәле. Көзін жұмса к дария судан басқа ештеңені көрмеді. Су іші толып жүрг жылан, шаян, мұны шақпақ болып қамаласады. Келіншег оятып алмас үшін қозғалмай жата берді. Кішкентайлар жыласа Бикамал аркадан қағып, бауырына тартады. Көкте таңы кешікпей атты да:

– Қабиден, сен түні бойы көз ілдірген жоқсың, ань наукаcсын, дәрігер шақыртайын!— деді.

– Бастықтан көлік сұрап кел, аудандық дәрігерге барғань жөн болар,— деді Қабиден.

Бөлімше басқарушысы Мақұл біреулермен жұмыс жайл сөйлесіп отыр екен, Бикамалды көріп әбігерленіп қалды.

– Жай жүрмісің, Қабиден тәуір ме?

– Ауырып жатыр, дәрігерге баруға көлік сұра деп еді,— де

– Апырай, оншадан мұнша жүріп көлге түсіп кет-кеі калай байқамаған,— деп таңдайын тық еткізді.

– Қашан, неғып?

– Айтпады ма өзі?

– Жоқ, ештеңе деген жоқ.

– Қалғып кетіп, трактормен көлге түскен екен Әпенді сүйр шығарыпты.

– Олай деген кім?

– Әпендінін өзі.

Бикамал келсе Қабиден жол жүруге дайын отыр еді.

– Анық осылай деп пе?— деп сұрап алып, бригада жөнелді. Таңғы кезек ауыстыру сәті болатын. Қайнаған халь кантарылған көп трактор. Майлап, баптап болғандары жұмыс әзір. Әпенді жұрттың бәрін ұйытып, Қабиденді судан қал сүйреп шығарғанын шімірікпей айтып тұр еді, мұны көрі бөгеліп қалды.

– Жігіттер,– деп дауыстады Қабиден, – судан кімді кім шығарғанын анықтайық. Алдымен менің тракторымды, сонан соң Әпендікін қараңдар. Қайсысы құрғақта, қайсысы суда болды екен.

– Әпендінің тракторының іші-сырты көлдің балдыры, кабинасында бақа өліп жатыр,– деді қарап шыққандар. Қабиден болған оқиғаны бұлжытпай айтып берді.

– Әпендіні құтқарам деп суық тиіп ауырып тұрмын,– деді ол даусы қарлығып.

– Бұл жақсылыққа – жамандық, бұл достыққа – қастық, суайттық!– деді жігіттер ызалана айқайлап.– Қатарымызда жүрмесін, аласталсын ондай арамза!

Қанша айлар мен апталар өтті. Қанша азап шекті. Мынадай кезде текке өле қалудың реті бар ма, арман тілегі осылай ма еді. Қабиден аунап түсе алмай көп әуреленді. Сіресіп қалған денесі қозғалар емес. Мұндайда Бикамал демеп жіберетін. Ол ұйықтап жатыр. Ұйықтасын. Қызыл нұр алаулап тұрған кескіні қуаң тартып, жағы суалып барады. Қаракат көздерінде мұң бар. Өзінің мүгедектігіне емес, Бикамалды ойлап алаң. Апырау, осындай да тағдыр бола ма екен? Қандай пиғылым үшін, кімге қиянатым үшін?..

Қабиден тістеліп, бар қайратын жұмсап Бикамалға қарай зорға аунап түсті. «Сәулетайым-ай, сен қапаланып жүрсін, онынды білем. Көңіліңде күдік пен уайым бары көрініп тұрады, бәріне мен кінәлі. Сен бақытқа деп жаратылғансың, маған қосылып қор болдың-ау. Енді қайттым? Бүйткенше өлгенім жөн еді ғой»...

Қабиден қос ауыз мылтыққа қарады, қолға ұстамағандықтан шаң басып кетіпті, ұңғысы қарауытып тұр. Үйде ешкім жоқта осы тұсқа тақап қойып басып қалса, азаптан құтыласың да қаласың деп жүрегіне қолын апарды. «Өмір, өмір» деп алас ұрып соғып тұр екен, шошып кетті. «Апырай, қайдағы бір қырсық ойлар қайдан келіп едің. Жо-жок...»

Түн ұзақ, ойлар көп. Қанша ойласаң еркін, бір түнде дүниенің төрт бұрышын төрт айналып шығуға уақыт бар. Қысқа ғана ғұмырында көргенін, естігенін, түйгенін, ой елегінен өткізе берді, өткізе берді. Бұл да сорға деп жаралмаған екен. Құдай оған дарын беріпті. Бір жылда екі кластың оқуын тауысып отырған алғыр шәкірттің ғылым дариясына ескек салуға әбден

хақысы бар-ды. Он жылдықты тамамдап, дереу институтқа түсу, институтты тамамдап, аспирантураға түсу арманы еді. Әпенді, Тәшібайлардың сабақ білмей қызарактап тұрғанын көргенде: «Әй, әттеген-ай, оп-оңай дүниеге қиналуы-ай», – деп жігері құм болатын. Әдебиетке, музыкаға құмар-ды. Әншілік, домбырашылық тұқымына қонған. Қасымға, Әбділдаға өте еліктейтін, «Колхозшы жыры» дейтін тұңғыш толғауы облыстық газетке шыққанда қуанышында шек болмады. Сонан соң өленді боратсын келіп. Көбі газетке басылды. Қарабайдын акын баласы атана бастағанда тұмау, сүзек, өкпенің қабынуы... Сонан соң соғыс. Алып ұрған ауыр наукастарды жеңіп шыға беріп еді, мынау меңдетіп кетті-ау.

Әпендінің лаңынан болды бәрі, суға батып тұрған тракторды көргенде жазым болған екен деп жаны шыға жаздады ғой. Сол жолғы мұздай су ескі ауруын қоздырып, алып ұрды төсекке. Аудандық аурухананың шатыры ауыңқырап тұрған ескі үйін кіргенде аппақ қасы көзіне түскен егде дәрігер айналдырып көріп шықты да, селеу сақалын сипап:

– Шырақ, сенің ауруыңды емдейтін ғылым әзірге жоқ, – деді мардымсып. Қабиденнің бойы мұздап, басы айналып кетті.

«Апырай, не дейді, осымен бәрінің біткені ме?»

Көктем болатын. Көкпеңбек аспанда қырандар қалықта жүрген. Қыстап шыққан көбен бетегенің арасынан алғашқы сарғалдақтар қауашақ жарып тұрған. Қаражал сары бие өзіндегі сары құлынын ертіп аяндап келеді. Божы ұстаған Бикамалды желкесін көріп отыр. Бұрымы таркатылып кеткен. Тар мықыны қынай буыпты. Нәзік бойжеткен сияқты. Үнсіз.

– Бикамаш, сен не ойлап келесің?

– Бәрін де ойлап келем.

– Сонда нені?

– Нені болушы еді, сені ғой.

Ол бері қарап отырды. Көздері қызарған екен.

– Мен бір кітап оқыдым, – деді ол. – Адам тағдырға бағынбап тағдырды адамның өзі бағындыру керек, – депті. Осы ақыл қонымды сөз ғой деймін. Әлгі алжыған шалдың «дертіңе дау жоқ» дегеніне күйзелуің жөн бе? Дауасыз дерт жоқ, бұл ақиқа. Бәрі өзіне байланысты: жігер керек, өмірге құштарлық кере. Сен «Құрыш қалай шынықтыны» оқыдың ғой?

– Ертеректе оқығам.

– Соны бүгіннен бастап қайта оқышы. Сенің көздерің шырақтай, колдарың балғадай, жүре де аласың. Корчагиннің жанында сен деген сау адамсың. Көтерші басыңды, жігіт деген сөйте ме екен?

Қабиденнің бетін жас жуып кеткен еді.

– Неге жылайсың?

– Жыламағанда ше, қазірдің өзінде сауығып кеттім. Мен өмір сүрем!– деп самал соғып тұрған далаға қарады. Көк жүзінде қыран қалықтап жүр...

...Қабиден тағы бір аунап жатты. Түн деген мұнша ұзақ болар ма? Әлемнің жарығы-ай шіркін, сенсіз өмір бар ма? Ұйықтамаған адамға таң атыру үлкен арман, мынау тылсым түн еңсенді басып, тынысыңды тарылтады. Ойлаудан басқа ермек жоқ.

Иә, сонан соң ол көп жеңілденіп кетіп еді. Екінші бухгалтер болып кенседе отыруға кеңес берісті. Кеңсе алыс емес, бірақ жүру қиын. Белі басқызбайды. Өз кеудесін көтеру азап. Қабиден әкесінің қара таяғына сүйеніп келеді. Қиналып тер буып кеткен. Ниетжанның бұрынғы орнында Мақұл ағасы отыр екен.

– Мына қыз бала оқу бітіріп келген жас маман, жаттыға алмай жатыр. Сен болсаң істің мәнін білесің, ақылыңды айт, көмекшісі бол, осыдан ыңғайлы жұмыс жоқ, саған,– депті. Қабиден ұйқы-күлкі көрмей істейтін әдетімен есеп-қисапты жөнге қойып берді. Бірақ сау адамның жұмысын атқаруға шамасы қайдан келсін, қайтадан жатып қалды. Сол жатқаннан нашарлай берді. Міне, енді қозғалатын халі жоқ. Бірақ ақыл-ойы, көз жанары сау. Жасынан жазушы болуды арман еткен. Қалың дәптер өлендері бар. Көбі облыстық газетке шыққан. Жазса кайтеді? Жазу үшін ғұлама ғалым болу керек, ондай білімің, кәне? Жо-жоқ, білімнен басқа ынта мен талмас талап та керек қой. Соңғысы әбден табылып жатыр емес пе? Көп оқыды, классиканы түгел оқыды, көбін қайталап оқыды, бұл білім емес пе?

Таң атып келе жатты. Таңмен бірге қайта түлегендей көңілін серпіп:

– Бикамал, мен жазам!– деді.

Жазу онай шаруа емес-ті. Көп ойланды. Ауылда қайнаған өмір бар. Жаксылық көп, жаманы да табылады. Роман мен повесть жазсаң да, әңгіме мен поэма жазсаң да еркін. Сонда қалай жазбақ, неден бастау жөн? Осынау мол дүниенің ортасынан ойып алып, көркем шығарма туғызу онай ма?

Қабиден түндер бойы ойланды. Оқыған кітаптарындағы кейіпкерлердің іс-әрекетін, мінез-құлқын есіне түсірді. Неге олай көрсетті? Неге олай сөйлетті? Көркем шығармада толық қанды адам жасау үшін не керек? Қайтадан оқуға кірісті. Оқығанда қызық үшін, күн өткізу үшін емес – білу үшін. Бұрынғы оқыған классиктерді қайта парактады. Өзін де, ауруын да ұмытты. Зерігуге уақыт жоқ. Шаршап ұйықтап кететін болды. Чеховтың, Бейімбеттің қысқа әңгімелері қатты қызықтырады. Кейіпкерлері кітаптан шығып, Қабиденді қолтықтап жүр-жүрлейтін сияқты. Ұйықтап кетсе түсіне кіреді. Түсінде қанат бітіп, аспанда ұшып жүреді. Заңғар көктің биігінен жер-жаһанға қарап, өзінің кейіпкерлерін іздейді. Оянғанда денесінде ыстық қан ойнап жүрегі алас ұрады. Ақыры бір күні қалың дәптерді ыңғайлап қаламын сияға батырды да: «БАСТАМА» деп жазып қойды. Сол-ақ екен, бірін жыртты, бірін түзеді. Қысқа әңгімелерді боратып жазып, редакцияларға жөнелтіп жатты. Біреуі ақы айтыпты. «Жетпей жатыр, түзеу керек» депті. Біреуі «басуға жарамайды әңгімеңіз, шықпай қалды» деді. Оған қарап жатқа Қабиден жоқ, жаза берді. Жібере берді. Бір күні бір редактор «Шырағым, жазушылық қолыңнан келмейді, басқа бір кәсі іздесейші», – депті. Қабиден ойланды. Неге олай деді? Не бүлдіріп алдым, жазғандарым неге жарамсыз бола береді? Не жетпей тұр? Бас қатыра ойлай келгенде осының бәрі албыр асығыстықтан екен. «Жо-жоқ, жазушы болу қолымнан келеді. Қиыншылықты қайткен күнде де жеңемін», – деді ол. Енді сөз, әр сөйлемді салмақтап, айтар ойын он екшеп, жазғандары жиырма рет түзеп, ақтара қарап, күндер мен түндер үнілуді отырды. Жыртқан қағаздары қисапсыз. Бірер әңгіме жазу үш жүз парактық дәптер түгел бітіп, мұқабасы қалды. Ақыры бұл қысқа әңгіменің жал-құйрығын түйіп, бәйгеге қосты. Жау жоқ. Айлар өтті. Бір күні «Жұлдыздың» бір санында «Қанат өмір» атты әлгі әңгіме жарық көрді. Беделді үлкен журналда өз аты-жөнін оқыған Қабиденнің қуаныштан есі кетті.

– Бикамаш, сүйінші! – деп айқайлап жіберді. Бикамал шек бақытты қалыпта:

– Айттым ғой, қиындықты жеңіп шықтық! – деп күні күлімсіреп тұрды.

– Иә, нағыз қанатты өмір жаңа басталды – деді Қабиден.

Адам жылқы мінезді деген ғой. «Жаксы болмақ көңілді

дейтін еді. Көңілі сергісе науқас та кейін шегіне ме, қалай? Ол енді кеңсеге киналмай баратын болды. Ұзақ күн шот қағып, түнде жазуға отырады. Жазады, жыртады. Жазып болады да қайталап оқиды. Оқып болып, көңілі толмай кейиді. Редакцияға жіберуге ыңғайлап қойған қолжазбасының бетіне қайтадан сызықтар түсіп, қайтадан мінгескен сөздер пайда болады. Сөйте келе қолжазба жіберуге жарамай қалады да, қайта көшіреді.

Облыстық газетке әңгімелері шыға бастады. Кейіпкерлері ауыл адамдары. Аты-жөнін өзгерткенімен іс-әрекеті, кескін-келбеті, мінез-құлқы қаз қалпында.

«Мынау пәленше екен, анау түгенше екен» деп шуласып жатқандары. Жаңа әңгімесі жұртты күлкіге қарқ қылады да, келесісін асыға тосады. Қабиден негізінен әзіл әңгімелерге нықтап ден қойғандай. Жаксы кейіпкерлерге қарама-қарсы жағымсыздарды түйреп, кейбіреулерге өкпеші болып қалады. Бірде: «Сойдақ тіс» деген әңгімесі басылғанда қолхоздың бір мүшесі:

– Мені газетке беріп, беделімді түсірді, шара қолданыңыздар екен!– деп шағыныпты. Ауылдастары:

– Отағасы-ау, мұнда сіздің аты-жөніңіз жоқ, мүлде басқа біреу және бұл мақала емес, әдеби жанр,– деседі.

– Шайтанның жанры болса да менің қылығыма келіп тұр,– деп қасарыпты анау. Бұл оқиға жұртқа күлкі болып жүрді.

Бір күні жұмыс үстінде үй төңкеріліп жүре берді. Шекесін қатты қысып көп жатты. Бір кезде мандайынан тер бұршақтап барып есін жиды. Бұл шамадан тыс ауыр салмақ түскен жүрек шіркіннің алғашқы сыр беруі еді. Қабиден есін жиып қайтадан қаламына жармасты. Арада тағы бірнеше күн өткенде жара бүкіл сыртына қаулап болғанды.

Үй алдына «Победа тоқтады да, екі адам асығыс кіріп келді. Шашын қысқа қырықтырған қоңыр өңді жас жігіт:

– Фамилиям Қайсин, атым – Өмірзақ, обкомның қызметкерімін,– деп таныстырды.– Обком секретары Ілияс Омаров жіберді. Сіздің халіңізді біліп, көмек жаса,– деді.

Қабиден кедгендерге тандана қарап:

– Апырау, іздеп келетіндей мен кім едім, Ілекең жіберді дейсің. Ол кісі мені қайдан біледі?– деді мандайынан тер бұрқ ете қалып.– Көмек сұрағам жоқ қой.

– Сіз сұрамасаңыз, ауылдастарыңыз сұрапты. Мына хатта бәрі жазылған. Ілекең шығармаларыңызды оқығанымен,

мұндай жағдайыңызды білмейді екен, дәрігерді қосы жіберді,— деді.

Қабиден көздері жасаурап:

— Рахмет, бауырларым, менің ауыратын да, өлетін де хақы жоқ екен ғой!— деді.

* * *

Қабиден ауылға асығып келеді. Бөлісетін қызығ да, қуанышы да көп еді. Армандай ағаларды көрді. Жазушылардың тұңғыш мәслихатына республиканың түкпір түкпірінен келген ала-құла топтың алдында Мұхтар ме Сәбит сөйлеп тұрды. Олар әдебиеттің бүгіні мен ертеі жайлы толғады. Жас жазушыларға жақсы тілектер айтты. Өзі пір тұтатын авторлармен кездесті. Астананы тамашалады. Тамашалап жүріп: «Апырау, осының бәрі түсім емес пе екен деп сезіктенумен болды. Астананың ауасы тынысын кеңейті: ойына қанат бітірді. Алатауға қарады. «Жарықтық-ай, қарл шындары бұлтпен астасып тұр.. Апырай, мұндай да биікт болады екен-ау!»— дей берді.

Жүк машинасы қарлы даламен шоқалақтап келеді.

Ойға ой жалғасты. Алғашқы әңгімелер жинағы — «Бастам: баспаға тапсырды. Бір данышпан: «Өлімді жеңген адам алты аяқтан сусын ішер» деген екен. Сөз-ақ қой, шіркін!

Орманның арғы бетінен ауыл көрінді. Үйлердің мұржасын: көкше түтін сыздықтап шығып жатты. Жүрегі ерекше тулад. Күндей күлімдеп қарсы алған Бикамалға бір құшақ гүлді ұсы берді.

— Апырау, мынау жас гүл емес пе, суықта қалай бүлінбеге. Иісі де, түсі де қаз-қалпында ғой!— деді балаша қуанып.

— Бикамашым-ау, бұл солмайтын гүл, өзіңе деген махаббат ғой,— деді Қабиден үні дірілдеп.

ДАЛА ХИКАЯСЫ

Суық жел соғып тұр. Күздің мұншалық ерте келгені мұңая қарап жолаушы атын тебіне түсті. Алыстан зеңбір үні естілді. Сонау іргедегі сұрғылт бұлттардың астынан қатүтін будақтайды. Пресновкадан әрі бір село өртеніп жаты Ақтардың ойраны...

Салт атты қыстауға кіре атты аянға түсірді. Ағаш арасы тыныш, жапырақтар түсіп тұр. Қалың шалғын сарғыш тартып, жапырылып жатыр. Орман ұнсіз. Бұл жерде Колчак та жоқ, даланың қанды ауыз байлары да жоқ, бейқам тыныштық бар.

Қоянға ит қосып шапқылайтын мұңсыз бала шағы есіне түсті. Қызық еді-ау сол күндер..

Қойнаудан қазақы арбаның шаңырақтай доңғалақтары кісінеп кетті. Ат пысқырынып, кісінеп жіберді. Сол-ақ екен, сары кабак төбет үріп шықты. Қараша үйдің кімдікі екенін жыға танымаса да жолаушы ат басын сонда тіреді.

Шырпының жалынына алақандарына қақтап қария отыр. Бетін әжім торлаған куқыл жүзді әйел қолын маңдайына қойып, қасіретті кескінін бері бұрды.

– Бұл қайсың тағы? – Мен ғой, Құрманғалиев. Кәдімгі Бошкөкпеннің Құрманғалиымысың? Иә, дәл өзі, көптен сапарда болып...

– Қария отты көсеумен нұқып қалды.

– Шырағым, сені бөлшайбектің көзі– дейді. Біз сияқты жетім- жесірдің қорғаны дейді, түріміз мынау – еңкейген кәрі, еңбектеген сәби. Тағдырдың бізге салған салмағы аздай Бекен жалғыз биемді алып, торсығымызды керегеге іліп кетті.

– Не үшін?

– Айтайын, отыршы, түн қатып қажып келеді екенсің, алдымен төңкерме пісіре қояйын,– деп әжей қармана бастады. Қара қоста жөні бүтін бір зат жоқ, кемпірдің өзі сияқты тозған дүниелер,

– Әуре болмаңыз, әже, қазір аттанып кетем,– деді жігіт тізесін бүге. Бала көрпе астынан тұмсығын шығарды

– Сәкен, тұр қарағым, Құрманғали ағаң ғой, қорықпа. Ертен сен де осындай азамат боласың!

Кемпір сөйлей берді.

– Шырағым, жас та болсаң бас болдың. Елдің атқа мінерлері қашан да жетім мен жесірге тізе батырады. Жалғызым келіншегі екеуі дүние салып, мына сәбимен қалған сормандай шағымда тіске жұмсақ болып отырған жайым бар. Бұрнағы күні осы ауылдың жылқысы Бекеннің егініне түскен екен, ауыл пысығы Байман жұрттың төлеуіне біздің үйдің шұбар биесін ұстап беріп, өз малын айдап қайтыпты. Зар илеп, зәр ішкендей болып барсам, Байманым сөйлеспейді. Туыс сенікі ғой, шырағым,– деді әжей тіссіз аузымен кемсендеп.

– Туыс менікі екені рас. Бірақ Байманның мұнысын жө көрмеймін! – деп Құрманғали қылышын түзеді де, арб астындағы қу шөпті қажактап тұрған атына міне шаба жөнелді. Шауып отырып іңір үйіріле Бекенге келді. Бекен жылқысы егініне қаптатып жіберіп:

– Жылқы жарықтық көмейлеп алсыншы!– деп қыбы қаны тұр еді.– Орыс байы менен көрмейді, өзіміздің тамыр осыла істеді дегенге өмірде нанбайды. Жакын ауыл Жаксықұлға тағі бір ауыз салсын. Жалаңаяктардың жанын шығарсын, өл д маған!– деп каракердің үстінен шалқая берді.

Мазасыз ымырт болатын. Жұлдыз да, ай да жоқ. Қатты же жалаңаштана бастаған орманды шайқап тұр. Бекен ат үстінд айналаға маңғаз қарайды. Қараңғыдан екі атты шауып шықты. Алдыңғысы тақап келіп, Бекеннің шылбырына жармасты да:

– Жылқыңды егінге неге жаясың?– деп ақыра сұрады.

– Әкең Иванченкомен бірге туып па еді. Бұл орыстың егіні.

– Солай ма, жылқыңды сен жайып, жаласын кедей ауылға жаппасың, ә! Оның болмайды, Бекен! Түс аттан, кәне!

– Ойбай, Бошатай әкеңнің тобан аяғын ұрайын, кімме сөйлесіп тұрсың, ей!

Бекен сойылын көтеріп алды.

– Сен доңыздың жайын таба қояйын, кәне! Құрманғал құрыққа жармасты.

– Көтер қолыңды!

Жайшылықта әлденеше жігітті жайқап салатын Бекеннің сойылы сусып түсті. Құрманғалидың бойын ыза буып, қалш қалш етеді. Бекеннен дүре жеп, басы-көзі көнектей болған әке келді көз алдына.

«Сендерге келер зауал бар ма екен!»– деп зарлаған үн құлағында. Сол Бекен осы. Жігіттің қаны басына шауып мылтықтың суық оқпанын байдың кеудесіне туралады.

– Өзің білесің, шырағым, ұсынған мойынды қылып шаппайды!

Осы төңіректі бір тарының қауызына сиғызатын сотқа байдың бейшара кескінін көріп, жігіттің күлкісі келді.

– Солай ма, жан тәтті ме екен, мырза? Озбырлықтарыңны қайырымы алда, қаныңды төкпейін, тағы да кездесермі. Алыпқаш кемпірінің шұбар биесін көрсет! Сонан соң әскері жарамды он ат аламыз жылқышыңнан!

Партизандар жасағына түн ортасы ауа жетті.

– Токта, келе жатқан кім?

– Жауынгер.

– Атап айтқанда ше?

– Партизан Бошатаев. – Пароль?

– «Қыран».

– Өте бер!

Доғарулы арбалар, ерттеулі аттар көрінді.

– Бұйрығыңыз орындалды жолдас командир, жорыққа жарамды он ат әкелдік!– деп баян етті Құрманғали.

Май шам жарығымен командир картаға үніліп отыр. Шаршапты, жирен сакалы қаулап өсіп, жағы мен иегіне тұтасып кеткен. Карта бетіне көздерін жүгіртіп, күбірлей сөйлейді. Құрманғали командирінің қайсар кескініне жылы ұшырай қарайды. Қалғып отырмысың?

– Жок, Михаил Васильевич, болашақ жайлы ойлап отырмын.

– Романтик!– деп Третьяков темірдей шеңгелімен жігіттің иығынан қысты. Сырттарында тұрпайы көлеңкелері зорайып шайқалақтайды.

– Қолчак Қорған қаласын тастап шықты. Макушино станциясын қалдырып, Пресновкаға беттеп келеді. Атты эскадрондары Мамлюткаға жетуге асығулы. Онда Сібір өкіметінің қару-жарак тиелген поезы тоқтап тұр. Жолды біздің ағайындар бұзып тастаған. Поездан қару-жарак түсіріп алмақ. Мынау нүкте Пресновка, ал мынасы Ново-Рыбинка, одан әрі қара сызық Мамлютка станциясына жалғасады. Осы күрең жолмен актардың жүк тиелген керуені келе жатыр. Пресновкадағы штабтарына асығыс қару- жарак жеткізбек. Мақсат керуенді тартып алу. Оңай емес, әрине.

Михаил Третьяков қыпылықтап жанған шамға қарады. Қанталаған көздерімен Құрманғалиды шолып:

– Қазірден бастап жүріп кетеміз. Отряд атқа консын!– деп қылышын түзеп қойды.

«Құп болады!»

Ала-құла тарпаң жылқыға мінген шаруа адамдар орман арасындағы сүрлеу сораптарды қуалап жортып келеді. Алда асау шалдардың жал-құйрығы ағараңдайды. Құрманғали аспанға қарады. Қою қараңғылықта құрым бұлттар жылжып барады. Бұлт арасынан ауық-ауық жамбас тұсқа ауған үркер көрініп

қалады. Аттардың түйдек дүбірі мен жиі пысқырыңғандары естіледі. Жылқының ащы тері бұрқырайды. Жігіттер үнсіз әрқайсысы өз ойларымен әуре. Соғыс дегенді түсінде де көрмеген, «шідер аттамаған» жастар. Түйе жүн шекпенді Көшербай Құрманғалимен үзеңгі қағыстырып тепең-тепең етеді. Жігіттердің кейбіреулері тымақтарын қанжығаға байлап алыпты. Мылтықтарын шошайтып жортып келеді.

Аттар біріне-бірі тақала тоқтады. Орман селдіреп, даланың шеті көрінді.

– Осыдан артық қолайлы жер жоқ, аттарды кейін байландар Атшылар көлікке сақ болып, керек уағында иелеріне табыс етсін!– деп бұйырды Третьяков.

Даланың кеудесін тіліп батпақ жол жатыр. Қаһарлы үнсіздік созыла түсті. Бір кезде қарсы беттен жылқылардың пысқырыңғаны, арбалардың сықыры естілді.

– Ие, ым– м...

Үш-төрт атты шоқытып шықты да, орман шетіне дейін жетіп, кейін қайтып кетті.

– Шолғыншылар ғой?

– Ие, ым– м...

Третьяков тілі байланған адамдай тағы мекіреніп тынды Кескіні қызылға түсетін ашулы қыранға ұқсас еді. Аттардың сазды шылпылдата басқаны естілді.

– Мен атпай оқ шығармандар, жақындай түссін!– деді Третьяков сыбырай бұйрық берді.

Қарулы күзет тым тақап қалды. Үзеңгілердің сылдыры естілді. Ұйқысыз түндер қажытқан салтты қазақтар үнсіз Күнге оңып кеткен көнетөз шинельдері ағараңдап, сеңсен бөрікті бастар ат жүрісімен изең-изең етеді. Офицердің қылышы қапталдықты ұрғылайды. Жаңбыр тырс-тырс тамып тұр. Третьяков винтовкасын кезенген қалпы тістеніп отыр.

– Жақындай түссін, әлі де кішкене, әлі де!.. Шөптің бірі шетінен біреу шыдамай атып салды. Тоспадағылар үздік-создық бір бірден атып үлгерді. Керуен де, күзетшілер де ұмар-жұмақ болды. Сол- ақ екен винтовкалар үдемелете тарсылдап, ылғалды ауаны ақшыл түтін жауып кетті. Керуен мен күзетшілер мидай араласып, айғай, шу шықты.

– Атқа!– деген Третьяковтың қарлығыңқы даусы естілісімен Құрманғали ақжал шабдарға қарғып мінді. Қайқы қылыштарын

жалаңдатып, тымақты, бөрікті той тырағайлай ұмтылды. Құрманғали ақ офицеріне қылыш сілтеп, құлата алмады. Офицер сау қолымен атып үлгерді. Шабдар екпінімен иесінің аяғын баса құлады. Құрманғали жан дәрмен ат астынан суырылып шығып, босап қалған басқа бір аттың жалына жармасты.

Хорунжий жалғыз, қолымен тапаншасын сермеп, беріспеуге бұйырып жүр. Атты күзетшілер қараңғылыққа сүнгіп, қашып барады. Ұрыс тез тынды.

Жігіттер керуенді қаумалап алыпты. Барлығы да аман сияқты. Көшербайдың бетінде қан көрінеді, әлдене сызып өтті.

– Өздерін тәубесіне бір келтірдік-ау!– деп күледі.– Тымағымның қайда қалғанын да білмеймін, өзімізге де оңай соқпаса керек.

Третьяков үнсіз. Құрманғали атын тебініп, Көшербай үзеңгі тақастырды да:

– Сенің тағатсыздығыңнан сәтсіздікке ұшырай жаздадық-ау!– дейді.

– Here?

– Командасыз оқ аттың. Ұрыс жағдайында бұйрықсыз әрекет ету– жауға көмектесу болады.

– Ойбай-ау, оқ жетер жерге келген соң не тосатыны бар? Қолчак ентелей төніп, енді болмаса жайпап өтетіндей көрінді. Тіпті оғымның қалай шығып кеткенін де байқамаппын, оллаһи! Одан әлдеқайда алыстағы көкжал қасқырды да сұлатып салғам. Қол созымға келгенше шыдап, ақтарды үстімізге шығарып жібермекпіз бе?– деді қызарақтап.

* * *

Қысқы күннің күрең шұғыласы үйдегі екеудің бетіне түсіп тұр. Кескіндері тұнжырап төмен қарайды. Бар сөз айтылып болғанға ұқсайды. Үй иесі ауыр денесін бері бұрды:

– Достым, заман доңғалақтай зыр айналып тұр. Бірде біз жеңсек, бірде олар. Кедеймін деп керіп барады. Бірақ қанша әкімін жүргізер дейсің, күндері санаулы ғой,– деп трубкасының күлін қағып, түкіріп тастады.

Қонақ ұзын мұртын үрледі.

– Қайдан білейін Павел, мен қорқайын дедім осылардан. Кеше елу пұт астық табасың деп кетті. Астық бар ғой, соны ұстата беру обал.

Қонак қызарақтап қойды.

– Ей, Бекен, менде де асып жатқан қандай ақыл бар? Заман жөнделгенше аз ғана дәулетімді қайтсем сақтап қалам дегенді айтпасаң...

Иванченко жирен түк басқан аузына трубкасын қыстырып түтіндетіп отыр.

– Ие, оларға не дедің?

– Астығымның жоқтығын, егінімнің өнімсіз болғанын айттым.

– Дұрыс. Бір дән татырма, аштан қырылсын. Оларға бергенің отқа күйдір, суға ағыз! – Иванченко ауыр аяғымен еденді теу қалды. – Біздің адамдар ертең-ақ келеді. Көрсетеміз сонда...

Бекеннің қара мұрты дірілдеп:

– Әумин, айтқаның келсін! – дей берді. Орыс байының көздері ұшқын шашып, серпіле сөйледі.

– Аллах өзі жарылқайды деп қарап отырмай іштен шала біл керек.

– Қалай?

– Өз адамы болып арасына кіріп алындар!

– Бошатай баласы да, Третьяков та сенбейді. Бекен байпакты етігінің қонышынан күмістеген шақшасын алып үй иесінен қаймығып қайта тықты. Қара көленке бөлмеге шама жағу ойларында жоқ, түнерген қара бейнелер қозғалысы Темекінің шоқтары жылтырайды. Мохорканың ащы иісі байналдырғандай.

– Аздап ішіп жібереміз бе?

– Пейлің білсін.

Үй иесі балауыз тұтатты. Шамның түтінсіз оты шайқалақтап тұр. Екеуі самогон ішіп, пияз иіскеді. Жүйкелері босап, көзде жасаурады. Бекен басын бұрып, езу тартты да:

– Сонымен маған коммунист бол дейсің, ә? – деп күлген болды.

– Сен байсың, мен де бай. Бізге жақсылық жоқ бұларда. Жалғыз қолдан не келеді, бірлесе қимылдасак әлегін аспаннан келтіреміз. Шетелдік қолдаушыларымыз қол ұшын бер жатыр. Большевиктердің жаны қыл үстінде.

– Көпшілік олар жақта ғой.

– Көпшілік қараңғы, сені мен менің ойлағанымызды ойламайды. Кеше ғана есігімізде жүргендер, тфу, соларды да ады

деп... Қоралы қой қисапты. Әуелі сен кедей ағайындарыңды қаратып ал. Қамқорсып, қайыр қыл. Сенің сөзіңді сөйлеуге дайын тұрсын. Совет өкіметіне қарсы коюға тырыс. Өкіметті жойғың келсе бір түйір дән татырма.

Павел Фомич столды салып қалды.

– Айттым ғой, ештеңе татырма. Бір қадақ бидайда бір большевиктің жаны бар, түсінемісің?

Біреулер қақпаны тарсылдатты. Бекеннің үлкен көзі бақшаң етіп, тұмағы мен қолғабын жанына қойды.

– Киініп тұр, жаңа келген бол! Құңгірт бөлмеге екі адам кірді. Биік сұр шошайма бөріктісі:

– Қайырлы кеш! – деді дауыстап – Сөздеріңізді бөліп жібердік пе?

Үй иесі қалбалақтап орындық ұсынып жатыр.

– Отырыңыздар, құрметті қонақтар, кош келіпсіңдер, барымыз әзір...

– Ракмет, құда түсетін ниетіміз жоқ!

Қызыл әскер дулығасын киген ақ сарысы үйді көзімен шолып, қонақтан:

– Сіз не ғып жүрсіз?– деп сұрады.

– Қарағым Құрманғали, кеше астық өткіз деген екен. Содан үйде қос уыс дән болмаған соң мыналардан бірдене табам ба деп келіп едім, – деп Бекен тымағын қолтығына қысып қозғалақтап қалды.

– Иә, бұл астық берді ме?

– Жо-жоқ, қайдан берсін, өздерінде де түйір дән...

– Сіз астық салығы туралы хабарламаны алдыңыз ғой, Павел Фомич?

– Алдым, о, ондай бидай қайдан келсін. Екі жүз пұт бидай бұл күнде Спасовканың бар шаруасында жоқ шығар,– деп Иванченко қалың шүйдесін қасыды.

– Рас, шаруаларда астық жоқ, ал сізде бар,– деді Третьяков,– кәне, албарларыңды көрсет!

– Әбден болады, әбден...

Қараңғы аулада аттар тықыршиды. Аяз күшейіп барады, Аспанның сонау киырында жұлдыздар жымыңдайды. Үстері қарауытқан адамдар қарды шықырлата басып албарға беттеді. Албар қаңырап бос тұр. Үлкен қарағай жәшіктердің түбінде қалдық бидай шашылып жатыр.

– Бар астығым осы, артық астық қайдан келсін, құдай үш сеніңіздер,– деп жалбарынды Иванченко.

– Бұдан басқа астығыңыз қайда?

– Құдай ақына барым осы. Ашығып жатқан орм адамдарына қолұшын бермеу күнә. Кемпір екеуімізге талғаж қалдырыңыздар да, алыңыздар!

Третьяков қол фонарын жағып албардың арғы жағына кет Көп айналды. Көбелектей кішкене жарық қараңғыда әр жерді бір қылаң етеді.

– Бошатаев жолдас, бері кел, астық мұнда!– деген дауы естілді.

Қабырғадағы тактайдың біреуін жұлып алғанда қызы бидай сау ете түсті.

Бізді ақымақ санағаныңыз ба, Павел Фомич, қартайған, құдай атымен өтірік айтуға ұялмаймысың,– деді фонарь Иванченкоға түсіріп.– Көліктер осында келтірілсін, үш жүз п бидай. Үш жүз пұт...

Иванченко үйіне кіріп быртық саусақтарымен шекес сығымдап отырып қалды. Егіле жылағысы келді, көзінен ж шығар емес. Үлкен бір саптыаяқ самогонды сіміріп салды.

– Өлтіремін, қырамын!– деді қырылдаған даусымен тапашасын қарманып. Сыртта шаналардын сықыры, адамдарды дауыстары естіледі. Жауырыны қақпақтай болып Третьяков бұйырып тұр.

– Бір түйіріне дейін қалдырмай артыңдар! Иванченко терезеден мылтығын оқтанып көрді де, қайта қойнына тықты.

Павел Фомич, астығыңызды алғаным революциялық өкімет атынан қолхат қалдырамын!– деп Третьяков стол үстін тілдей қағаз тастады.

– Ала бер, қағаз нан болмайды,– дейді сілекейі шұбыр жыламсырап. Мәңгіріп көп отырды.– Неге атпадым, қанын не ұрттамадым. Әй, кәрі теке, бүйткенше қарныңмен жер сызы табанын жаласаң етті, сөйтсең етті!– деп мандайын ұрғылады. Тамақтарыңа тас тығылғырлар! Жо-жоқ, көнбеймін, тірі отырып талана алмаймын.

Қар басқан село қалғып кеткен. Ефим байдың үйін іргесінде Көшербай Федяны шақырып алды.

– Бөгелуге уақыт жоқ, көзге түсуге болмайды. Жүр, таса барайық.

Екеуі сарайдың төбесіне шығып, жасырынып отырды. Бұл жерден кең аула ап-анық көрінеді екен.

– Сен білесің бе, Федька, кулактар ашығып жатқан жұмысшыларға астық беруден бас тартты. Бидайын ұраға тығып жатыр. Сонда біз қарап отырмакпыз ба? Ревкомның тапсырмасы бар. Байлардың астығының қайда екенін білуіміз керек, көмектесесің бе?

Федя басын изеді. Ефим Придворныйдың заемкесінде бірге мал баққан достар болатын. Биік тактаймен қоршалған аулада шынжырын сүйретіп қара төбет жүр. Төбет бұлардың тықырын естіп шабаланды. Құс қорадан әтештер шақырды. Қақпадан тапал, жуан адам кірді.

– Иванченко,– деп сыбырлады Федька. Иванченко Ефимді ертіп екеулеп бидай таси бастады. Сарайдан алып, пішен маясының іргесіне құлата берді.

Үстіне шаң тигізбейтін мырзалар жанын аяр емес.

Иванченко домаланып жүгіре бастады. Ефим терін сұрткіштейді.

– Апырай, нендей мықты мынау!– деп сыбырлады Көшербай.

– Қамыстың қара қабаны ма дерсің,– деп қостады Федя.– Маяның іргесінен қазған терең койма болды бұл, кімге қаздырды, қалай сездірмеді?

Шатырдан суық жел үрлеп тұр. Әтештер шақырды. Арғы жақтан иттер үрді. Біраздан соң қайта тынышталды.

– Кетейік, тыққан жерін көрдік қой,– деп сыбырлады Федя.

– Сабыр, күте тұрайық,– деді Көшербай.– Мүмкін басқа жерге...

* * *

Бошекең бүгін тіпті көңілді. Терезеден төгілген күн сәулесі қарттың күрең сакалын аймалайды. Бойы балбырап, алдындағы етігін әдіптеген күйі ыңылдай әндетіп қояды. Аула ішіндегі көктемнің ғажайып әсеріне бөленген ақ қайыңдар бүршік жара бастаған. Күннің қиялай төгілген өткір сәулесі үйдің күнгірт қалтарыстарына дейін жарқыратып жіберіпті. Бошекең көз әйнегін кеңсірігіне түсіріп:

– Ұлболсын-ай, қатын-ай, ана ешкілерді айдай салшы, төлге деген аз ғана шөпті басып тастады-ау, – деп тарғыл даусымен үн қатты. Естіген ешкім бола қоймаған соң, орнынан тұрды

да былғары ұйық киген дімкәс аяғын ақсандай басып әйн алдына барды.

– О, быкпырт тигірлер, бәріңді қырып салайын ба?– д күйгелектенді. Ешкілер тыңдар емес, лағын, тушасын, серкес ертіп, қыстан қалған көпене үстінде жүр. Қарттың әлгінді тәп- тәуір көңіл-күйін еріксіз бұзып жіберді. – Қатын-ай, о, б болғыр, түпке жетті-ау!– деген дауысқа кішкене Ақмәди кір. Кірлеп, кескіні кеткен күпісінің жеңімен мұрнын бір сипады.

– Аман қайда?

– Шошалада қуырдақ қуырып жатыр.

– Бар, ана қасқыр жегірлерді айдап салшы!– деп балған сабымен ешкілерді нұсқай көрсетті. Қайрағын қайда қойған білмей айналасын көп қарманды. Шегір сұр көздерімен үй іш түгел шолып шықты, Еден таза, сырмақ шаңсыз. Бошекең ға қайыс-былғарыларымен төрді былықтырып отыр. Қабырға кедей үйдің жұпыны жүгі жиналған. Есікке тақау төл үйш тұр. Тазалап, күл сеуіп қойыпты. Күлімсі иісі әлі бар. Ортаң бөлген соқпа пештің арғы бетінде, қуыста ыдыс-аяқт көрінеді.

Бошатай қайрағын киіз астынан тауып, кездігін жанып оти еді. Есік сықырлай ашылып, әуелі созылған бу көрінді. Үлк самаурынды көтеріп Ұлбосын кірді.

– Шайың қайнап қалды ма, бәрекелді,– деп насыбайы саусағымен іліп, шертіп жіберді.

– Әкесі-ау, Құрмаш насыбайдың зияндығы жайлы айтып е ғой, олай лақтырмасаңшы!

– Ә, қойшы қатын, балаң екеуің мені тақымдай берме Үйренер жастан кетіп қалыппын. Бошекеңді енді ешк түзей алмайды, өтеді осылай, Бошекең,– деп кеңк-кеңк күлі шолақ сәкінің алқымындағы легенге еңкейіп қолын жуд Ұлболсынның әлі реңі таймаған жүзіне қызыл қан ойнап тұрд Үлкендеу қой көздерінде анаға лайық мейірім бар.

– Соғымның санын бұзып, қақтап қойдым. Құрмаш кі ертіп келсе ұялмасын деп.

– Әбден дұрыс істегенсің, қатын!– деп шал қуырдақт қасықпен көсіп алды. – Бұл күнде қызыр бабаң қолдап, балань бағы жанып тұр. Құрмашжанның алдында отыз жыл болыс бо ған Малдықұлдың Сүлеймені де бас иеді. Айналайын, Советі ай, кедейдің мерейін үстем еткенің емес пе?– деп күрең сақаль

салалады. Кемпіріне қарай қисайып, өсіңкі көңілмен шайды тартып отыр еді.

Маңдайшасы салыңқы көне есік тағы да дар ете қалып, әуелі тымақты бас, одан кейін белін шарт бұған бешпентті кара сұр Бекен кірді. Әйгілі құсбегі сылқым Байманды ертіпті.

– Ассалаумағалейкум!– деп екеуі жамырай тіл қатты да, есік алдында қозғалақтап тұрып қалды. Бошатай: «бұлар қайдан келіп еді» дегендей солғын амандасты.

– Төрлетіндер, қош келіпсіндер!– деп Ұлболсын ашық, әсем үнмен пейіл көрсетіп жатыр.

Бекен басынан түлкі тымағын шешіп, камшымен қосып былай қойды да, төрге жалпия отырып суырылып сөйлей жөнелді.

– Осы ауылға арнайы соғып, Бошекеңе сәлемдесіп шығайын деп...

– Әбден орынды-ақ,– деді Ұлболсын. Байман жінішке сары мұртын ширатып, үлкендердің аузын бағып қалыпты. Бошатайдың жамағайыны, бай-билерге сүйкене жүретін ауыл пысығы. Бошекең сызданған қалпы:

– Дұрыс, кой, әбден орынды сөз,– деп басын шұлғып қойды.– Бұрыннан кіндік қанымыз араласқан іргелес ел екеніміз рас. Алайда бұрын-соңды игі жақсылар осынау жүдеу ауылды шеніне алып жүрген жоқ еді, әйтеуір, айналайын Сәбетім келіп, теңдікке қолым жетіп жатқаны болмаса.

– О, Бошеке, әлденеше жыл сары аурудай созылған ағайын өкпесін қозғап қайтесіз. Сіңірдей созып, бұл күнге жеткізудің не жөні бар? Мансұх етер уақыт болмады ма? Мен кінәласайын, ескінің шоғын үрлеп, бықсытайын деп келгем жоқ. Сыбағамды жеп, ағаның үйінде аунап-қунап қайтайын деп келдім, солай емес пе, жеңеше?– деп Ұлболсынға мойын бұрды.

– Рас, әбден орынды. Үйге келгенде үйдей өкпе айтып керегі не?

Қонақтар жайлана отырып, қайта қайнаған мес қарын самауырынды ортаға алып, майға бөктірген сары жентті асап, қант шекіп, асықпай шай ішісіп отырды. Қырыс маңдайлары тершіп, қыстың қысаң өткенін, көктем жақсы шығып, жан-жануарларды жадыратып жібергенін, биыл егін-шөптің мол болатынын айтысып отырды. Сөзді Бекен бастап, ұтымды сөйлеп, керек жерінде әзіл айтып, Ұлболсынды да еріксіз езу тартқызды. Сараң сөйлеп, салқын отырған

Бошатай ғана. Ойында шеше алмаған бір түйін бар. «Бек неге келді, осынша жылмандап, жортақтау себебі не? Б ғой осыдан аз жылдар бұрын шабындығына жылқы түсір деп дүре соккызған, түндік салығын мол салғызып, төл алмағандарының күнкөргіш карасын тартып әкететін озбі ауылнай емес пе еді? Сыбағам бар деп төріме шықпақ түі сәлем алмайтын кесір Бекен ғой бұл. Енді қасқыр бүлкекп желе жортып отырғаны мынау. Құрманғали сәбеттің болып болады дегелі астынан су шығып, байыз таптырмаған еке Айналайын өкіметім, иығымды бір теңестірдім, бұларме Ризамын, өлсем де ризамын.

Ұзақ үндемей қалған үй иесін сөзге тарту үшін Байтм құсбегілік жайлы тартымды кеңес айта бастады.

Бошекен болса түгі қыркылған пұшпақ бөркін оқшырай киіп, түйіле сөйледі.

– Қыран дегенің алысқа көз салар, жұмсай білсең қиын баратын ер құс қой. Мына сен, Байман шырағым, өзің қ бабын анық білсең де құстан ғибрат алмайсың. Өмірге мән біріп, келешек жайлы ойлап, әуре болмайсың. Өз құрбыларың істеп жүр? Олар істегенді мен неге істемеймін демейсің. Қолы қаршығанды қондырып алып, көл кезіп, орман аралап арам т бо– ласың да жүресің. Ғұмырың босқа өтіп барады, інім. М айтпағанда, мына Бошатай ағаң айтпағанда кім айтады саған деп бір тоқтады Бошекен. Мұртының сапарлары дірілдеп, еш көздері ұшқын шаша, әлеуетті шықшыт сүйектері бүлкілді тынды. Бекеннің қоңыр жүзі әнтек күреңітіп, алшак қастар жақындай түсті. Үлкен басын төмен салып, мәсінің жұмс: тұмсығын мағынасыз мытый берді. Бірақ үн қатқан жоқ. Байм: шапшаң сөйлеп, тарпаң мінез көрсетті.

– Қара табан болып мал баға алмаймын. Шөп шауып оты кесуге де жайым жоқ. Атадан қалған аз ғана дәулет бар, кімім жетпей барады. Құс салып кең аспанның астында өзіммен өзім болайын десем, тағы жақпаймын. Жақсыларға жанасса жарамсақ атанам. Енді маған не қыл дейсің, Бошатай аға-ау деп түйді де:

– Құрбыларың дейсің, өнеге алар қандай құрбы бар менд Ақиық жалшыларға тіпті де ұқсағым келмейді.

Құрманғалиға ұқса дерсіз. Жағама қызыл жапсырып, қылы сүйретер, орыстармен дәмдес-тұздас болар жайым жоқ,– д

ешкінің тісіндей ұсақ тістерін көрсетіп ыржиды. Ұлболсын қазандық басынан бері бұрылып:

– Құрмашты орыспен дәмдес болды деп сөкпекпісің, оның несі айып, сонан басқа қояр мінің бар ма?– деді.

– Ойбай-ау, жеңеше-ау, енді не дейін. Құрманғалида қандай қазақтық қалды. Орыстың інжілін оқыды. Кәбірден дос тапты. Солай жіберген Бошатай ағамның өзі емес пе? Ресейден қаңғып келген жалаң аяқ Третьяковты киіндіріп, ішіндіріп, соғымына кара ешкілерінді сойып берген өздерің емес пе едіңдер,– деп Байман жінішке кара мұртын ширатты.

Бекеннің қыбы қанып: «Шалуарым, тусаң ту, ағанды келістіріп соқтың», – деп қалың еріндерін жымқырып Байманның сөзі Бошатайдың қытығына тиді.

– Ей, шырағым, інжіл оқытқан Бошекең бе? Жок, Бошекең орыстың інжілін емес, тілін оқытты. «Орыстың тілі – дүниенің кілті» деп тобықты Абай айтқан. Сен сияқты бес қазақтан бір орысым артық. Болшайбектің ұстаған жолы шарифатыңнан кем бе? Ұрлық қылма, өтірік айтпа, қиянатшыл болма, жұрттың барлығына бірдейшілік деп отыр ма, отыр ғой. Енді не керек? Асылы, тантымай сөйле шырағым, сенен шығар сөздерге ұқсамайды, аузына салып тұрған біреу бар,– деді адырая карап. Байман сол ойнақы қалпы:

– Мен сөзден қашан жұтап едім. Ағам өзің емес пе судай ағатын,– деп Байман шикылдап күлді.

– Сәуірік айғырдай кісінеуін қарашы!– деп Бошекең қалтасын қармана берді. Бекен аяғын созып жіберіп, шалқайыңқырап отырды.

– Жә, Байман, «әзілің жарасса атаңмен ойна» деген екен. Ағаңмен әзілдесіп алдың, бойыңа құт. Сенікі арзан қалжың ғой. Соғып өткен қызыл жел қисапты,– деп аз бөгелді де күмістелген шақшасынан насыбай атып, ақ шығыршықтарын сылдыр еткізіп, Бошатайдың алдына тастады.– Жас кезімізде, келсін, келмесін, үлкендермен сөз таластыруға бейім тұратын едік. Сөздің байыбына бармай құр тыраштанатынбыз. Сен де сол сияқтысың! Бошекең дұрыс айтты. Болшайбектен көрген қоқайымыз қайсы. Шығынсыз – соғыс жок. Салықты сол үшін салады. Патша да салған. Кейбіреулер қысым жасап жатыр дейтін көрінеді. Түп тамырымен қате. Бошекең, айтқандай жаңа өкіметтің заңы – заң. Орыстың тілін білу – дүние есігін ашумен

бірдей,— деді ме. Дұрыс-ау. Өзіміз болсақ, «Ыздрастый тақсы деп тымағымызды қолымызға алып шұлғуды ғана білеміз. Құрманғали жолы өзіне бөлек. Бағы жанған бала, тек ғұмыр етсін. Ойнап айтсаң да ойлап айт, шырағым,— деп Бекен ірге шырт-шырт түкірді.

— Рас-ау, түсіне білсе мына күлегеш қайныма сабақ қой бұл деп Ұлбосын да буы бұрқыраған етті табакқа түсіре бастал Аласа шым үйге жылқының етінің иісі жайылды. Бошек насыбайын саусағымен секіртеп жіберіп жадыраңқы кескінм іштей Бекенді ұнатып қалған қалыпта:

Қол жуыңдар, ас даяр!— деді.

* * *

Иванченконның төрт құлақты диірмені діңкесі құрып, іл айналады. Еңісте көкше түтінге оранып Спасовка жаты Бусанған жер иісі, балғын көк иісі бар, Сұмдық сикыр жүріс салып, мың бұратылып сағым жөнкіді. Сары күн арайлап толыса көтеріліп, шілдедегідей қызарып тұр. Құлағи қайшылап, мойнын ілгері соза беріп, жеңіл жортакқа түск күренді аяндатып Құрманғали селоға кірді. Ревкомның кішкене лас кеңсесінде столға конжия отырған жуан хатшы шылым шарпыған қызыл мұртын сипап қойып:

— Третьяков астық дайындауда жүр, Жергілікті өкім басшылары ат үстінде,— деді қаламымен шықшытын қасып.

— Азык-түлік отрядының бастығы ше?

— Кузнецов жолдас та сонда.

Құрманғали сүргіштеген пакетті көрсетті де, қайтад қойнына тықты.

— Соларға қолғабыс етілуге тиісті.

— Көшеге шыксаң бәрін де кездестіресің.

Көзіне дейін тікенек қызыл сақал жапқан хатшы зеңі түтінге толған бөлмені ыстай түсу үшін икемсіз саусақтарым тағы да темекі орап отырып, тұздай көзімен жақтырм шығарып салды.

Көше былғаныш, шалақ сайлардан көлге қарай лай су ағы жатыр. Қардан жаңа босаған егістікте картоптың қу сабақтағы бықсиды. Қалың түтін жер бауырлап жатып алыпты.

Арбамен қатарласып шаруа сылти басады. Тозығы жеткен солдат картузын көзіне түсіре киіпті. Құрманғали оның әжім

сары желкесін ғана көріп келеді. Шашасы жер сызған кәрі көк ат басын салбыратып жіберген. Бұрылыстан қап артқан көліктілер қосылды. Арық сары ала өгіз қинала тартады. Иесі шықпыртқан сайын лас құйрығын сипалактатып, аяқтарын біріер аттайды да қайтадан ілбиді.

– Қайырлы күн! Саламат бол!

шаруаның даусы ашық, көңілді естілді. – Астықты қайда апарасындар, туысқан?

– Өкіметке береміз, өкіметке,– деп самбырлай жөнелді. Соғыстан зардап шеккен бауырларымызға! Темекің бар ма, жолдас?

– Тартпаушы едім.

Солдат– шаруа ала өгізді тоқтатып асықпай махорка орады.

– Ей, Илюшка, ышқыр бауың түсіп кетті ме, қозғал!

– Саспа, өлуге де асығарсың сен...– Илья шырпы жақты.

– Астықты жұрт жаппай беріп жатыр ма?

– Кулактардан баскасы,– деп шаруа түк басқан аузынан түтінді будақтата шығарды.– Кулактар жасырып еді. Көптің көзі көреген, тауып алдық.

Құрманғали былжырақ көшемен сылпылдата басып келеді. Бөшкедей сары әйел сазға аунаған жас шошқаны қуып жүр. Шошқа қораға кірмей қайқы құйрығын үйіріп сазға түсті де, кішкентай сығыр көздерімен ашулы иесіне үнсіз қарап тұра қалды.

– Ой, ыбылыстың малы, разверскеге алынғыр шайтанның сыбағасы. Құрырсын сен де, ештеңе де қалдырмас,– деп әйел сарнай жөнелді.

– Пелегея– ау, тілемесең де кезек келер,– деп көрші ауладан қарасақалды дауыстап еді. Салт аттыны көріп үнін өшірді. Құрманғали ызалана басын шайқады.

Иванченконың қырманына атты, арбалы көп халық жиналыпты. Таразышы жұрттың астығын өлшеп үлгере алмай жатыр. Винтовкалы жауынгерлер көрінеді.

– Спиридон, тездет, шаруамыз бар. Қазір көктем ғой, егістікке кету керек,– деп дігірлейді біреулер. Таразының қағаздарын жел жұлмалап әуре етуде. Қабақ шытқан бір адам жоқ. Көк папақты Чапаев кескіндес Третьяков атын омыраулата тоқтады.

– О, Құрманғали, аман ба, егінге шығу не болып жатыр?

– Пакет. Ертемен Николаевкадан жеткізіп еді. Жағдай білейін деп өзім келдім.

– Кеңсеге барайық.

Столға артылып алып, манағы жуан іс жүргізуші оть Бөлме ақ түгін, дем алғызбайды.

– Прохор-ау, аздап тартсайшы. Әй, сасық теке-ай!– д сакалды шаруа мыңкылдайды. Третьяков катынас қағаз көзіне тақай ұстап, оқып шықты да әлгі сұрағын қайталады.

– Кедейлер жағы егін салуға талпынулы, байлар әжуа етет сияқты,

– Қалай?

– Қалай болушы еді. Бейнеттеніп егін салсаң, ерт большевиктер тартып алады. Онан да жандарынды күтінд дейтін көрінеді.

– Оны айтатын қайсысы?

– Бекендер ғой.

– Ерушілер бар ма?

– Кедейлер тыңдайтын емес, алақандарына түкіріп оть Сайман мен тұқым керек. Ревкомнан көмек сұрайды.

– Дұрыс, әбден орынды! Үкімет те қарап жатпапты. Мы өзін әкелген катынас шаруаларға жан-жақты көмек жас жайлы екен. «Тұқым мен соқа-сайман беріндер»,– деп Мұқтаж шаруалардың тізімін жеткіз, кезек күттірмейтін мәселе деп Третьяков орнынан тұрды.– Мен бүгін нәр татпаппын. Үй барайық, Полина жеңгеннің шайын ішейік!

– Рахмет, қазір жүріп кетем!

Құрманғали самал соғып тұрған кеңістікке шығып аль лекітіп шаба жөнелді.

* * *

Жақсықұл сыртындағы сары жазықты әр жерден таспад тіліп қарайтып тастапты. Кейі түзу, кейі қисық соқа іздеу қуалап атты, өгізді, сиырлы жер жыртушылар ілбіп барад Жылы жел дала бетімен көлбей үрлеп тұр. Жер жыртушыл сағым арасында қалқып, жүзіп бара жатқандай. Кейін көліктері бас білмейді, іркес– тіркес тоқтайды. Егіншілер қо жақтан ашынған дауыс естілді. Жанжал бар сияқты. Құрманға сонадайдан екі адамның жұлқысып жатқанын көрді. Жырт: көйлектісі ұзын сирақтыны алкымдап:

– Әкеңнің... байдың құйыршығы! – дейді екіленіп. Ешкімді тыңдар емес, өлтіріп тастауға бар.

– Әу, не болды? Итемір аға, қоя бер жазым етерсің,– деп Құрманғали Байманды ажыратып алды.

– Мына Итемір өзіне жеке соқа алумен қоймай жесір жеңгесі Айшаға да алыпты. Біреуін бер десем жағама жармаса түскені. Бұларда екі соқа, менде біреу де жоқ. Бірдейшілік болады дегендерің осы ма?

– Кеше сайман бөлгенде қайда болдың? Көмек кетпек кісі күн бұрын жазылды. Сен еш жерде есепте жоксың. Енді келіп...

Қала жакта бір жұмыспен айналысып қалғаным...

– Не жұмыс?

– Жай бір шаруа...

– Сол шаруанды бітіре бер. Мұндағылар сендей ерігіп жүрген жоқ, бөгет болма!

– Ой, айналайын, азаматым, өркенің өссін!– деп Айша жаулығының етегімен көзін сүртті.– Өзіміз қарманбасақ ауымызға асты кім салады?

Кемпір жаулығын серпіп тастап, аңыз басында қалған көліктеріне қарай жүрді. Немересі кер өгіздің ашамайлығына жабысты. Өгіз керілді де, күйсей берді. Баланы шыбын құрлы көрер емес. Құрманғали да, Итемір де келді.

– Алақандай болса да егін ексек деп едік, балам, сенетін кіміміз бар? Итемір болса бала-шағалы, өз күні өзімен,– деп Айша жайын айтты.

– Жерді өзіңіз бе жыртқан?

– Иә.

– Жаксы, тіпті Итекеңнің жыртқанынан да тәуір,– деп топырақты алақанына аунатып қарады.

– Соқаның тәуірін, көліктің жөндемін берген соң сөйтеді,– деп, кемпір өгіздерді тұрғыза бастады.

– Сіз демалыңыз, мен білер айналып берейін.– Құрманғали көйлекшеңденіп білегін түрінді.

Ықылым заманнан тусыраған бедеу жер сытырлай айырылып, бозбауыр шым аунап түсіп жатыр. Құрманғали қос тұтқаны басқан сайын өгіздер шірене, созыла тартады. Көктемгі жер иісі, қызғалдақтардың балғын иісі мұрынға келеді. Қолдарын қос тұтқаға қарыстырып алып, көтере дауыстайды. Бөшкеге мінгендей талтиып кемпірдің немересі кетіп барады.

Қып-қысқа аяқтарымен тыпырлап тебінгеніне сырттай қараға адамның күлкісі келеді.

Жер мен судың иесі титімдей егінші, келер күндерге асы заман сенікі,— дейді Құрманғали. Аңыз шетінде Байман күліп тұ

— Анау соқаның сонында сорандап бара жатқан кі дейсіндер, қарандаршы, өзіміздің тобанаық Бошатайды Құрманғалиы емес пе? Қошқарға мінуге ерінетін қу жалқа еді. Көменестігін білдіру үшін жесір қатынның көлігін айда барады. Жарлы-жақыбайшыл бола қалыпты. Бошатай ағамны аузынан түсе қалған көлгір, о құдуандай тап өзі! Әй, тастанда болшайбектер өздері жыртып береді. Өне, жыртып жүр!— де қарқылдаған Байманды Айша кемпір желкеден нұқып қалды..

— Тәйт, сандалмай, көменес баламның садағасы кет, Беке мен Сәлменнің табанын сүрте бер, жөнел бұл жерден!— деді.

— Мынау құтырғаннан сау емес, қолының қаттысын қараш мыстанның!— деп Байман атына қарай кетті.

Құрманғали Марқабайға тартты. Күн түстікке көтеріліп, жайдап тастаған ақық бұлттарды жарқыратып тұр. Сүйір тілдері көрсетіп алғашқы тіл қияр мен бетеге көктеп келеді. Түнең қарауытқан орманға дейінгі кең аралық көгере бастапты. Сілкі салған көне төсеніш сияқты.

Қатты желген аттың екпінімен жер апшысы қуырылы қайың шоктары мен талды өзектер жылжып жақындай түст Орман арасында әлі де кірлі күртіктер жатыр. Қайың сұлу аппа балтырларын суға малып, сандактанып тұр екен. Құрманғал өзінің жас ғұмырын табиғаттың осынау дарқан мезгілі көктеммен салыстырды. Жастық — айна қатесі жоқ көктемнің өзі. Көктем туса әлі жерге де жан бітіп, жазираға айналады Жастықтың қолынан келмейтін не бар? Әріректе шаңырақта доңғалағын шықылдатып арбалы біреулер кетіп барады. Бі бойжеткен қыз, екіншісі кішірек бала. Жігіттің жүрегі шым е калды. «Сол ма екен, солар болғаны ма?»

Солар екен. Құрманғали шоқытып жетіп келгенде Нұрғи кәмшат бөркінің үкісін толқытып, бері бұрылды.

— Құрмаш!— деді қуана дауыстап.

— Мен ғой, амансындар ма? Сәлематсың ба, Қалеке, бикеле ең мықты адам,— деп балаға да еңкейіп қолын берді.

— Қыс бойы ат ізін салмадың да, енді амандық сұрайсың деді бала бұртиып.

– Үлкендер ұрсып жатыр ма?

– Жок, мына Нұрыш болмаса.

– Жә, тықылдамай жайыңа отыршы,– деп қыз інісін нұқып қалды. Нұрғизаның сырға таққан кішкене құлағына дейін от болып жанып кетті.

Уақытым болмады. Шынымды айтсам, қайдағы бір буржуйлармен жұлқыспай алаңсыз өмір сүрсем деп арман етем. Ондай тыныш күндер де алыс емес. Сол үшін ерді жастық, тоқымды төсеніш қып жортып жүрміз,– деп Құрманғали күреңнің тізгінін бос жіберіп, қатарласа кетті.

Нұрғиза қатты сағынып жүргенін, көлеңкесіне зар болғанын, сағыныш билеген сәттерінде айдау жолдың бойына телміре, ұзақ қарайтынын – бәр-бәрін ақтара айтқысы келді. Кіреукеленген дымқыл көзімен қысыла қарап:

– Қайда жүрсең де аманшылығыңды тілеймін, сақ болғайсың, біреу жазым етпесін,– деді.

– Қасқырдан қорыққан орманға бармайды,– деп күлген болды жігіт; Баланың көзін ала беріп ер үстінен еңкейіп:– сәрсенбіде қыстау сыртында...– дей беріп еді, Қалым:

– Әй, сөйлеспендер, әкеме айтам,– деп қыздың кәмшат бөркін жұлып алды. Білектей қос бұрымы арқасына құлады. Жылтыратып тараған шашы қобырап қалды.

Құрманғали алабұртқан көңілмен атты кілт тоқтатып, өмілдірігі мен құйысқанын түзеді. Төс айылын да, шап айылын да сірестіре тартып, күреңге қайта ырғып мінді де, қатты тебініп қалды. Ат жыланның басындай тап-тақыр басын ілгері соза түсіп, ызалы жігітті құла дүзге қарай ала жөнелді.

Нұрғиза қос бұрымы бұлғақтап, арба артында отыр. Ұзай түскен жалғыз атты бірде көрініп, бірде батып, сағым арасында малтып бара жатқандай. Қыз бетін басып, өксіп қоя берді.

– Өй, ұятсыз,– деп бала өгізді жамбасқа бір салды.

Құрманғали егіс жұмыстарымен жүріп, күн бата оралды. Қара көлеңкеленген қыстау баурайы шық түсіп, салқын тартыпты. Қайыңдардың ұшар басында көбелектей құлпырып алғашқы жұлдыздар туды. Қойнауға сұғына қонған көшесіз ауылдың төңірегі көң-қокырға толы. Үйлердің, қора-қопсылардың төңірегі қоқыстан тазармаған. Ошаған ұрығы көктеп, ала бота қылтып қалыпты. Құрт қайнатқан әйелдер көрінді. Кешкі боз түтін созыла тарап жатыр. Осының барлығы жігіттің байқам

балалық кезін есіне түсірді. Ауылға соқпағалы да көп болыпты ау. Күрең ат кісінеп қоя берді.

Бошекең үйі окшау орналасқан еді. Шошалада күбірлеп сөйлескен дауыстар естіледі.

– Дұрыстап қақта, арасына түз сіңетіндей, түтін шалатындай ет. – Бұл шешесінің даусы.

Бошекең малды жаңа сойып, сүрді бүгін шығарып отыр ма о несі-ей? – әкесінің даусы.

– Дегенмен күйлі екен жануар, тек игілік, қуанышқа жегізсін

Құрманғали күреңнің ерін сыпырып, арқасын шапақтап өріске жіберді. Шошала шаңырағынан қызыл ұшқын шығып қараңғылыққа сіңіп кетіп жатыр. Маңдайшасынан сығалап еді ортада лаулаған оттың басында торсық аяғын созып жіберіп айтқандай-ақ әкесі ет қақтап отыр.

– Апырау, Құрмашпысың, келдің бе, әйтеуір? Сені апталай көрмейтін болдык қой! – деді әкесі. Құрманғали анасының бетінен сүйді..

– Қоңыр қозым, – деп еміренді Ұлболсын.

– Қатын-ай, жетеді ғой, – деп Бошекең тоқпақ жіліктің қалың етін оскылай түсті. – Онан да шайынды қамда, ашыққан шығар бала.

– Әке, бұларын не, бие пышакқа ілікті ме?

– Тек, – деп шал жақтырмай жалпақ жауырынын көрсетіп бұрыла берді.

– Жазда соғым сойып, ақ мұрт болып жатқандары несі, – дей жігіт ыс басқан шошалаға әкесін жалғыз тастап, үйге қарап жүрді. Балшық үйдің ортасында ақ қалпақты жетілік шап жанып тұр. Ұлболсын шай жабдығымен әбігер. Күні бойы соғым союдың әлегімен шаршағанын да ұмытыпты.

– Апа, мына соғымдарың не?

– Бекен беріп жіберіпті. Балаң атқа мініп жүр, біреу келіп біреу кетеді. Қонақасыдан жүдемендер, – депті.

Ұлболсын сөзін тауыспай қолдары қан болып Бошекең кірді

– Құманның суы жылы ма, құйып жіберші қолыма. Су құю: Құрманғали ұмтылды. Қарт қолдарын жуып болып:

– Сегізкөзі түскірім қақсап қалыпты ғой, – деп керіліп алды

– Құдай бергенге құлай береді деген осы. Бәрі өзіңнің арқау қарағым, сені сәбеттің болысы болады дегеннен бері біздің үйің жақсы-жайсаңдар келгіш. Бошекең білсін, Бошекең сөйлесін

деп тұрғандары... Өмірі есігімді ашпаған Бекен де келді. «Үлкенге сәлем берейін деп едім» дейді. Бұрын біз түгіл, бүкіл Жаксықұлды айналып өтетін Бекен емес пе еді?! Бұл күнде қолға қонып тұр. Айналайын сәбетімнің аркасы. Бұрнағы күні інісі Кәженнен осы бір семіз байталды жетектетіп жіберіпті. «Бошекенге сәлем де, соғымына сойып алсын. Қонақ түсетін үй етсіз отырғаны келіспес» деп. Үш елі қазы шықты. Ішін майдан аша алмадық, – деп Бошекен тер сіңген жейдесінің етегін кіндік тұсынан шымшып алып, желпіп қойды. – Ертең Сман құдамды шақырып, уәдесін алам. Келінімді қашан беретіні жайлы сөз байласамын. Қонақ басы соя беретін қой қайда? Семіз байталдың шыны қазысын шайнайтын бір...

– Бала шайын ішсін де, беу бір есіп кететінін-ай, – деді Ұлболсын.

Құрманғали түнеріп төмен қарады.

– Құдай бұйыртса, екі ай, әйтпесе ай жарымнан соң отаулап, келін түсірем. Еркек кіндікті зарыға күтіп едік, сегіз қыздан кейін туған Құрманғалиымнан аярым жоқ, – деп Бошекен көзіне жас алды.

Құрманғали шайды ұрттай түсіп:

– Мені болыс болады деп жүргендер кім? – деп сұрады.

– Жұрттың бәрі айтады, кейбіреулері арнайы келіп жаксы тілек білдіріп кетті. Ел деген алтын бесік емес пе?

– Бекер, құр жорамал, – деді жігіт.

– Жаным – ау, болыс, тым құрыса, ауылнай болмасаң неменеге сабылып жүрсін? Әлде поштабай Нұралы сияқты болыстың шабарманымысың?

– Большевиктерміз қатардағы солдаттармыз бәріміз де.

– Е – е – е, солдат қана болсаң жетіскен екенбіз, – деп Бошекен жүзі күреңітіп, жастыққа жانتая берді.

– Баланы мазаламай отырсаңшы! Не болса да еркі емес пе, құдайдан тірлігін сұра, кем болмас, – деп Ұлболсын жактырмай қалды. Құрманғали шешіле сөйлеп кетті:

– Әке, сіз ғой байлармен айтысып, тартысып өткен жансыз. Бекен баяғыда шабындық жер үшін өзіңізге дүре соққанда «Өмір бойы қолдарым жағанда болар» деп ант еткен дейтінсіз. Ал сол Бекен бұл күнде сыңар иықтап кіріп, жанашыр ағайын болып алыпты. Әлбетте өзіңіз айтқандай, заман күші мәжбүр еткен. Байлар қашан да дос бола алмайды бізбен, Бекеннің өз есебі бар.

Сіз арқылы мені өзіне тарту. Бұл күнде бай-кулактарға қарсы бітіспес күрестеміз. Бізден ешқандай жақсылық, кешірімділі жоқ оларға. Сөйте тұра семіз байталға екеумізді қоса саты алып, өзінің қара ниетіне пайдаланбақ. Айлакердің қақпанын сіз алдымен түсіпсіз... – Апырай, солай деші!..

– Солай әке, ертең-ақ ол коммунист Құрманғали Бошатае күш көрсетіп, соғымына бір биемді тартып алып сойды,– де УКОМ– ға арыз түсіруден де тайынбайды. Партия бізге жек басынның қамы үшін ешкімге де қиянат жасама, қоғам үшін аянба деп отырғанда, күйіп кетсін дейсіз бе мені?

– Апырай, солай деші?..

Бошекең үлкен сұр көздерімен баласының бас-аяғына шол қарады да:

– Жоқ, Құрмаш, қорықпа, байталды Бекеннен тарты алмағанымды жұрт біледі,– деді.

Құрманғали күлді.

– Қорқып отырған мен жоқ.

Алайда кедей мен байдың достығы қасқыр мен қойды достығындай.

Балаңыз жаңа дүние орнату үшін арпалысып жүргенді сіз олармен дәмдес-тұздас болып, ауыл үй қонып алсаңыз: менің таза большевиктік ар-намысымда қандай қасиет қалады ойлаңызшы!

– Әлбетте, әлбетте дұрыс айтасың, балам,– деді Бошеке қаны қашып.

* * *

Обалы басы жанданып кеткен. Жалтыр көлдің ойы ме қырына ентелей төніп, айнала ауылдар отыр. Қаптаған адам.

Ала өгізді ерттеп мініп Бошатай да жетіпті. Ол өгізін шетке байлап, былғары қаптаған дімкәс аяғын сықырлап басы жұртты жағалап келеді. Сонадай жерде жыртқы бөрікті таны біреу көрінді.

– Ей, Итемірмісің, мал-жан аман ба?– деп дауыстап еді, кө арасынан алақтап қараған қара жігіт арсалаңдап бері жүрді.

– Апырай, Бошекең екен ғой, аманбыз, дін аманбыз, қалай? деп жаны қалмай барады. Дәл он жыл жолығыспаған адам сияқты.

Апырай, Бошеке-ай, мұндай көп жиынды кім көрген, тіп басым айналып қалды ғой,– деп еді. Бошекең болса осындайды

әлденешеуін қолынан өткізген адамдай сұр көзімен көпті шолып шығып:

– Тәйірі, осы да жиын болып па? Мұның әкесіндей жиындарды көрдік қой,— деді.— Ал егін қалай?

– Егін бе, егін дегеніңіз, Бошеке, белуардан! Тіфә, тіфә, тілім тасқа, астық биыл болайын деп тұр ғой,— деп күле сөйлеп, шұбырта жөнелді Итемір. Күн қақтаған қап-қара кеудесінен тер тамшылап тұр.

– Сусадың ба?

– Аздап.

– Жүр, ендеше, мен сусындатып жіберейін. Бошекең сылти басып алға түсті. Жиынға тігілген қоңырша үйден дуылдаған дауыстар естіледі. Бекен, Әбді, Құтыш пен Сәлмен сияқты байлар бірыңғай алқа-котан жиналған екен.

– Уа, Бошекең келіп қалды ғой. Жоғары шық, бері таман,— деп Бекен құрақ ұшып, төрден сырылып орын берді. Алдарында бір-бір шараяқ қымыз, қызып алыпты. Бошатайға ілескен Итемірді көзіне де ілмеді. Шараяқты қос-қолдап жеткізген Байманға:

– Ана Итемірді сусындат, соған бер,— деп қалды Бошатай.

– Берем, қымыз жетеді,— деді Байман жақтырмай.

– Бұрынғы сияздарға тайпалтып жорға мінген, барқыт, мәуіті киген сарықасқа мырзалар келетін еді. Сәбет сиязына шокпыт киімді кедейлер жиналатын болған,— деп Сәлмен қабақ астынан Итемірге жақтырмай қарады. Бұлардың келуі әлдеқандай жайсыздық туғызғаны көрініп тұрды. Айтылмай қалған сөздер бар сияқты. Бірақ оған қысыла қойған Бошатай жоқ, дәл бір кашаннан елдің көп шонжарларының біріндей-ақ төрде шалқайып отыр. Әбді болса артық сөзге бармады. Басқалар да сөйтті. Біртіндеп ыдырай бастады.

Бұлар тысқа шыққанда жиын қалыңдай түсіпті. Тобылғы торы атқа мінген Қазының Мырзатайы сәлем берді:

– Уа, Бошеке, аман-саумысың? Сені күшті болды дейді ғой, күреске қалайсың?— деп Бошатайды иықтан мытып қалды. Байларды жағалаған сүкі тіл, әрі әнші жігіт. Бошекеңді жұртқа күлкі ету үшін әдейі соқтығып тұр еді.

– Қойсаңшы, шал-шақытпен күресіп даңқын шықпас,— деп Бошатай да мырс-мырс күлді.

Мырзатай тіптен күресем деп қоймаған соң, Бошатай шапанын тастап, қамзолының сыртынан шүберек белбеуін буды.

Жұрт дуылдасып күліп жатыр. Бар жиын осылай қараі екшелді. «Торсық аяғын көктен келтіріп масқаралап берсе екен» деп қыбы қанып Әбділер тұр. Кәне, келе бер!

Жігіт ұстаса кетіп, шалды жұлқып лақтырып жібермек еді Бошатай қара тастай салмақты екен. Екінші іштен шалып тәйкесінен түсірмек болып та көріп, іштеңе шығара алмады. Кішігірім күбідей қисық аяқ тапжылмады. Осы кезде Бошекен бар қайратын жинап, жігітті аш белінен қапсыра ұстап тапталып қалған шаңдақ жерге ыңқ еткізді. Жұрт шуылдап айналаны басына көтеріп жатыр.

– Ой, ақсақ аяғыңды... Бошатай атты адамға енді жоласам... деп Мырзатай анталаған көптің арасына кіріп жоқ болды. Әбді Сәлмендер сырт айналды. Итемір Бошекеннің шапанын әкеі беріп:

– Көп жаса, отағасы! – деп кеңкілдеп күле берді. Көзінді жас бар.

Топтың қай жағында да Бошатай мен Мырзатайдың күресін айтып күліскен жұрт.

– Көзсіз көбелекке сол керек!

– Мырзатайды жыққан мына шалың тажал екен.

– Намыс қой, ерді намыс өлтірмей ме? – десіп гу-гу етіседі.

– Жолдастар, бері жақындандарі

Арба үстіне шығып алып екеуі тұр. Құрманғали мен Третьяковтың сарайған ұзын тұлғасы көрінеді. Екеуі де шинелі киген, алыстан бірінен-бірін айырып алар емес.

– Жолдастар, – деп аз ойланды да Құрманғали сөйлеп кетті. – Өкіметіміз халықтың әл-ауқатын көтеруге көмектесуде. Кедей жалшыға, шаруаларға тұқым, күш-көлік беруде. Талаптаны тер төгіп едіңіздер, міне, биыл астық та бітік болайын деп тұр. Келешекте жер жыртатын мықты тракторлар, автомобильдер шығарылмақшы. Шаруаға керекті кездеме, былғары, тағь басқалары көптеп өндірілмек. Міне, осыларды жасайтын қалалы жердегі жұмысшылардың мұқтажын өтеу керек, ол үшін артық малдарыңыз болса ерікті түрде өкіметке сатуларыңызды өтінеміз. Мал кәдімгі базар нарқымен алынады, – дей Құрманғали ақ бұжыр беті күренденіп, өткір көзімен көпт шолып қарады. Жыртық бөрік, кір тақиялы бастар толқып шайқалып кетті.

– Е, әділдік емес пе, басы артық малың болса базарға да сатасын. Үкімет бейнеттендірмей өзі сатып алады екен, несі ерсі, әбден дұрыс.

– Атанның басы, қай сөзбен айтып тұрғанын түсінсейші әуелі. Мынау артық малым деп көрсетші, бір тиынсыз жұлып әкетсін.

– Қой, мынауың жала.

– Жала емес, анығы сол. Сөз көбейе берді.

– Жолдастар, бұл жайлы кімнің қандай ойы бар?– деген Құрманғалидың даусы тағы тыныштандырды. Жұрт көпке дейін үн катпады.

– Кәне, сөйлесеңіздерші!

Бұл сөз әлденеше рет қайталанса да, тілек білдіретін ешкім болған жоқ.

– Маған сөйлеуге бола ма?

– Бері таман жакындаңыз. Иә, Бекен ауылының кедейі. Көкен Ахмет баласына сөз беріледі.

Жұпыны киінген қарасакал шаруа бөркін қолтығына қысып тақау келді. Тақырлап қырған сопақ төбесін сипап біраз тұрды да:

– Уа, халайық, менің айтар бір ауыз сөзім бар. Совет өкіметі жарлының өкіметі екенін көріп жүрміз. Сол өз өкіметімізге біз жәрдем етпесек, кім етер? Сиырымның соңына ерген жалғыз еркек танам бар, соны сатам, көп тамшыдан көл, жазып қой мені, қак басына!– деп кейін қарай жүрді.

– Ой, мың жаса, міне, большевиктің өзі!– десіп топ гулеп кетті.

Итемір мойнын созып, Боцатайды іздестіріп еді, таяудан оның көне бөркін көре алмады. Бірдеңе айту керек сияқты. Сөйлеймін деп бүлдіріп ала ма?..

– Маған бір ауыз,– деді қолын зорға қылтитып.

– Сөйлеңіз. Төлепберген баласы сөйлейді.

Итемір айтуын айтса да тайсақтап қалды. Жүрегі аттай тулап қоя берді. Шеке тамырлары ду-ду етеді.

– Кәне, сөйлеңіз!

– Иә, ағайындар, өкімет бізге теңдік берді. Егін салғызып отыр. Сөйткен сәбеттен айналсам болмай ма?– деп Итекен тұтығып тұрып қалды.– Менде артық мал жоқ. Сиырымның бұзауы бар, алсын, берем, тіпті бір тиын ақшасын алмаймын.

Итемір осыны айтып, сай-сай болып терлеген бетін бөркінің тысымен дөңгелете сүртті. Біреулер қарқылдап күліп жатыр. Енді біреулер өршелене дау соғады.

– Тағы кімде сөз бар?

– Менде бар.

Бекеннің інісі Кәжен бұлқынып шықты. Сары бұжыр бүткіліп кетіпті. Көк көзімен көпшілікті ызалана шолып шығып.

– Біз қазақ халқы егін салмаймыз. Күн көрісіміз мал ғана деді. – Сондықтан малдың қазақ үшін артықтығы жоқ. Біз малдан етеміз, малды киім етеміз, мал біздің тіршілігіміздің арқауы. Сондықтан мал сата алмаймыз. Сатар едік, сәбет өкіметін қағаз ақшадан басқа аларың жоқ. Ақшаға айырбастар селдерде зат, кәне, жоқ қой. Ендеше, халықты қыстамаңдар, м сатпаймыз. Айтпады демендер, сатпаймыз,– деп Кәжен кей шегініп, көптің арасына сүңгіді.

– Кәжен дұрыс айтады. Малды сатса да, сатпаса да ерік дейсіндер де, қыстайсыңдар. Ерікті болатын болса қағаз ақша мал сатпаймыз. Қағаз тамақ, киім болмайды,– деді Сәлмен тішінен айқайлап.

– Дұрыс айтады, мал сатпаймыз,– деп былайғы байлар өзеуреді.

– Жолдастар!– деді Құрманғали. – «Сендерде зат жо деген Кәжен сөзінен оның кім екенін байқаған шығарсыздар. Бай болғасын, әрине, солай сөйлейді. Рас, әзірге бізде тов аз. Бірақ сол товарларды өндіру үшін жұмысшы табына азы түлік керек. Сіздер өздеріңіздің басы артық малдарыңызды са арқылы сол игіліктерді молықтыруға үлес қосасыздар,– д түсіндіре бастап еді, құндыз бөрікті, түлкі тымақтылар жау гүжілдесіп кетті. Сөзге қонақ берер бірі жоқ.

– Бошатай баласы, анау әкеңе айт сол ақылыңды.

– Иә, елді бұзып болдыңдар!

– Бас кессендер де тышқақ лақ бермейміз! Айқай-шуды арасынан Кәженнің, Сәлменнің, Әбдінің кіжіністері естілді.

Мөлдір аспанның қақ төрінде қызыл күреңденіп шілден аптап күні тұр. Шанышқақтаған сиырлар адамдар нөпірі соктығады. Жолай Бошекеннің ала өгізін дүрліктіріп ала кеті. Өгіз ерін бауырына алып тулап барады. Шу, даңғаза көбе түсті. Кімнің не жайлы айтып жатқанын аңғару қиын. Третьяк пен Құрманғали жоғарыдан қарағанда қоңырқай топ шымырл кайнап жатқандай еді.

– Уа, халайық,– деп бір кесек дауыс гүж ете қалды. Жү алдында Тұмсық баласы Бәймені тұрды.

Төртпәк, зор денелі, қара сақал шаруа, топ арасынан біреулерді іздегендей тесіле қарап алды да:– Уа, халайық,– деді ол тағы да.– Байды құдай деп табынуымыз жеткен жоқ па? Кедей бас қос, ел бол, теңдік сенікі деп отырған өкіметке жақпыз. Мына шоң желке, жуан қарындылар бізді енді табанға сала алмайды. Өкіметке мал керек болса береміз, мейлі жалғыз сиырымды да алсын! Байлар мал бермесе, кедей көпшілік болып береміз.

Көпшілік арасынан дауыстар шықты:

– Дұрыс айтады, сөйтеміз. Әркім еркімен сатады. Қанша мал керек болса да табамыз. Өкіметтен аянарымыз жоқ!

– Жолдастар, осылай деп қаулы аламыз ба?

– Аламыз, аламыз!

* * *

Айсыз інірде Менгесер қара майдай тұнып қалыпты. Батқан күннің бозғылт шапағы сөніп, жайын балықтай жон арқасын көрсетіп жатқан құбақан арал да көрінбей барады.

Құбыладан жаяулап жел тұрып еді, тұзды шалқардың беті қара күлгінденіп қыбырлай бастады. Інір желі екпіндей соғып, тұзды саздың иісі аңқып қоя берді. Аспанды қара құрым бұлт қаптап, дада үстіне еңкейіп, төңіп келеді.

Құрманғали отты көсеп қойып, қараңғылыққа қарады. Қосқа таяу жердегі қоналқаға иірілген табынның бір шеті ағарандайды. Күні бойы қуғын көрген мал енді ғана тыншып, жусай бастаған. Бәйменді мен Итемірдің дауыстары естіледі. Көшербай да сол жақта жүр.

Шытырлап жанған қу шырпының отын жел шалқыта үрлеп, жалын сары кәдеге қарай шайпау тілдің сүйрендетеді. Мосыға ілінген бақырдың бұлты қабырғасын жалын аймалайды. Сырт жақта ысылдап келіп, кемерге ұрған тұзды толқындардың үні естіледі.

Жел жаңа ғана тігілген кенеп костың жабуын желпіп, тіреуішін шайқайды. Көкті тіліп, нажағай жарқ ете қалды. От қамшысы бұлттардың тігісін қақыратып, сөгіп өтті. Күн бөгеліп барып, күркіреді. Бұлт тауларын үгіте қиратып, жерге солқ еткізіп тастап жібергендей болды. Жаңбыр шандақ жерді ысылдай сабалап, құйып кетті.

Қос ішінде, қызуы қайта бастаған шоктан көзін алмай бұйығып отырған Құрманғали қайта-қайта қалғып кете береді.

Өткен күндер оқиғасы еске түссе, селк етіп басын көтеріп алад
Ылғи да арбасу мен арпалысу жігітті қажытып тастағанда
Жаз шыққалы бір дамыл көрген жоқ.

...Кеше белгілі бай Құрымбайдың Әбдісінің аулына келі
Таяу күздің салқыны білініп тұрған. Күзеуде отыр еке
Ағаш қойнауы желсіз, тынық. Үйлер қалыңға кіре тігіліп
Сыздықтай ұшқан кек түтін де жоқ, ұрының қосындай үнс.

Ауыл шетіне лоқылдата шауып енген екі- үш салт ат
тыныштықты бұзып жіберді. Ықтап жатқан са-балақ
төбеттер, сұр қаншықтар өре түрегеліп, аттың танауы
шапшып, құйрығынан алып, азан-қазан болды.

Жолаушылар аттарынан секіре түсіп, қылыш, мылтықтар
салдырлатып, кең үйге кіріп кетті. Әбді шидем күпіс
жамылып, қисайған екен, еріне бас көтерді.

– Қарын ұйқың ба, бұл? Түн баласына тығынып-соғын
ұйқы көрмей, күндіз жатқанбысың,– деп Көшербай тиіс
тұр.

Әбді жіңішке мойнын созып, жақтырмай қарады. Өз
неғұрлым салмақты ұстауға тырысады.

– Алдымен жоғары шығындар, қонақ болындар,– деп т
алдынан күпісін сүйреп алды.

– Біз қызға құда түспейміз, өкіметке мал жинап жүрміз.

– Үлгерерсің.

– Тұр-тұр, созылатын заманың жоқ. Құрманғали м
Көшербай Әбдіні ертіп шықты.

– Малыңды айдатып әкел!

– Әкелейін...

– Шұнақ құдай-ай, басыңа әңгіртаяқ ойнаған заман бол
ғой!– деп бәйбіше байбалам салды.

– Зарлама, аш, ана жүк арбаны!

– Айналайын, қысқы ішермендік азығымыз бұл! Арба
құрым киіз жауып, мықтап таңған теңдерді Көшербай ақтары
тастады.

– Әкел көлікті!

Доңғалақтарын ойбайлатып өгіз арба жетті. – Жиыр
қарын майдан он бесін арт, он бәлек женттің екеу
қалдыр...

– Ойбай-ау, жұртым-ау, жол торушылардан да жаман бол
ғой мыналар.

– Бәйбіше, ойбайлама, жол торушылар бізше есептеп өздеріңе қалдырмайды. Азық-түлік бізге емес, Қызыл Армияға керек,– деді Көшербай жүкті артып жатып.

Әбді қызғыштың кезіндегі кішкене көздерімен әркімнің кескініне бір қарап, сирек кара мұртын тікірейтіп тұр.

– Мал келді, мал!

Ала-құла табын талды жарып өтіп, қотанға кірді. Қайқы бел, кәрі сиырлар, сіргелі баспақтар, ыңыршақ болған арық өгіздер. Екі жүзге тарта қой-ешкі бар. Ірі кара жиырма-отыз шақты.

– Бар малдарың осы ма?

– Менікі деген не бары он жеті кара. Жетеуі сауын сиыр, қалғаны бұзау-баспақ.

– Сойысқа жарамдыларың қайда?

– Барым осы, өкіметке жараса, ала беріңдер,– деп Әбді ұзын саусақтарымен шымшып, насыбай атты.

– Бізге басқа мал керек емес, бойдағыңды әкел.

– Ондай мал жоқ.

Құрманғали атына мініп шаба жөнелді. Бар өзек қалтарыстарды сыдыра шауып өтті. Кара тер болды. Ызаға булығып, күрең атты қамшының астына алды. Басы-көзіне тер құйылған ат барын салып шауып келеді. Қылтадан шолақ караға мінген біреу алдын кес-кестей берді. Қамза екен, жүзі тершіп кетіпті. Бұлар ойын-тойда талай кездесіп жүрген құрбы жігіттер болатын.

– Жай ма? – деді Қамза еңтігіп.

– Жай емес, мына Әбді контраның тыққан малын іздеп жүрмін,– деді Құрманғали түтеп.

– Өзім де солай болар деп едім...– деді Қамза жан-жағына қарап. – Мен көрдім, мына Қарғалының ортасында жүзге жақын сауда өгіздерін бағып отыр. Ешкім білмейді. Бірде мал іздеп жүріп үстінен шыққам. Соны саған жеткізейін деп іздегелі қашан? Өзектен өзек қуалап жеткізбей қойдың.

– Ой, рақмет, міне, азамат! – деп досының жалпақ жауырынынан құшақтай қысты. – Большевиксің, Қамза, нағыз большевиксің...

Құрманғали көзін ашса, тізесін құшақтаған қалпы ұйықтап кеткен екен. Жігіттер түгел жиналыпты. От маздап жанып тұр.

– Кімді большевик дедің? – деп күлді Көшербай. Құрманғали ештеңені есіне түсіре алмай мең-зең. «Ә, иә, әлгі Қамзаны айтқан шығармын...»

Жел қатты соғып, нажағай ойнады. Сарғылт жағада жу жатқан малдар да, жүк артқан арбалар да, жайылып жүр ерттеулі аттар да жай отымен жалт ете қалды.

Итемір құдайға жалбарынып еді, жігіттер күлген с қоя қойды. Жаңбыр әлі жауып тұр. Кенезесі кеп-кең қаң топырақты қандырып, жерді тойдырып тастады.

– Күз ұзақ болады екен. Тамыздың аяғында шілдедегі, күн күркірегені жаксылық, – деп Итемір күнкілдейді.

Менгесер суы гүрілдеп келіп, құм жағаны аймалап қайта. Ақ айдар толқындар кезек-кезек іргені ұрғылайды.

Жігіттер үнсіз. Әркім өз ойларымен әуре. Бәйменді күрсін

– Соғыс қашан бітеді, айтпай ма?

– Әзірге тоқталар емес. Бай– кулақтар іштен шалып бағуда. Армияға азық-түлік керек. Азық-түлік әлділер қолында. Олар астықты ұраға тығып, малдарын жасырып, ет жеңін жинап отыр, – деді Құрманғали.

– Иә, сөйтіп отыр.

– Қамза болмаса Әбдінің өгіздерін ешкім табар емес. Әбді ақтар келсе өзі апарып берер еді.

– Көшербай дұрыс айтады, ол солай, – деді Бәйменді. – Бемен Смайылдың тыққан малын көрсетіп берген Кәкенге малғыстың өзі аз.

– Оларды сол ерлікке итерген кедейлердің таптық мүдде емес пе, дау бар ма соған. Соғысып жатқан Қызыл Армия жұмысшыларға азық-түлік керек. Азықсыз революция жоқ. оны алпауыттардан тартып алуымыз керек, – деді Құрманғали.

Сөзге Итемір араласты.

– Бұрнағы күні кішкене Бикеден келе жатсам Бекен айран көз інісі Кәжен кездесе кетті. – Әй, қара табан, – деді камшысын бұлғап: – Сендер де күменест болып, мал-мүлі қатын-баласын ортақтастырып жатыр деп еді ғой. Кейкі таи қара қатынынды сен де ортаға салдың ба? – дегені.

– Ойбай, отағасы, ондай ештеңе де болған жоқ, – дедім.

Кәжен селкілдеп, дыбыссыз күлді де:

– Болмасандар, ақиқат боларсыңдар, сөйтерсіңдер түбі, – жүріп кетті. Аң-таңмын, келсем, әйтеуір, қатын үйде екен.

– Құдай сақтаған, – деп Бәйменде мен Көшербай ішек қатты.

Құрманғали күлген жоқ.

– Бұл байлардың үгіті, Мына Итекең нанып та қалған сияқты. Біздер – большевиктер мұндай үгіттің қателігін көпшілікке кеңінен түсіндіруіміз, соны іспен дәлелдеуіміз керек. Иә, сөйту керек, жолдастар!– деді.

– Дұрыс айтасың!

– Әлбетте солай!

Жаңбыр толастап, нажағай қуалаған айбарлы бұлттар ұзап кетті. Әлдеқайда, тылсым көкжиекте қызғылт сары шұғыла қыпылықтап сөнеді. Бұлттардан аршылған, жаңбыр шайған жұлдыздар жарқырап көрінеді.

Қостың ту сыртында, жырада бұғып екі адамның отырғанын ешкім де білген жоқ. Аттарын белге байлап ұзақ тың тыңдасты олар.

– Әлі ояу, ұйықтамапты,– деді Кәжен сыбырлап.

– Қанша отырар дейсің, бұлар да титықтап жүр ғой,– деді Сәлмен.

– Сақ кой, Құрманғали осал жау емес.

– Бірдеңе етерміз, алушыны аңдушы жеңеді деген қайда?

– Шығынға шыққан мал деп келмей-ақ қойса да болатын еді.

Бекен ағаң ғой...– деді Кәжен.

– Мал үшін емес, намыс үшін жортып жүргеміз жоқ па? Ит жегенше иесі жесін. Қорықпандар, ажал от басынан да іздеп табады, берік болындар.– Сәлмен бөрікті басын көтеріп алға қарады. Нажағай жарқылы сиреп, әлсірей бастаған. Бұлт алысқа, Қызылдар жаққа ауысып барады. Меңгесер басына тыныштық орнап келеді. Іңірден бері аласұрған шалқар да бірден сабасына түсе алмай, шайқалып жатыр. Қостағылар да тынышталды.

– Ал кеттік, малдың арғы бетінен сыналап кіріп, бөліп ажырата беріндер...

Осыны айтып Сәлмен орағытып жақындай бастады. Қуғын көрген мал тым-тырыс жусап калыпты. Атпен жүріп жігін ашу қиын. Сәлмен табын арасына жаяу кірді. Жүрегі аттай тулап барады. Нажағай жалт етсе, бұға қояды. Қараңғыда малдың күйін айыру да оңай емес. Табынның бір шетін опыра бөліп әкете берді. Осы кезде Сәлменнің құлақ түбінен винтовка шаңк ете калды да, үдеметте атылды. Қанқұмар октар басынан аса ызылдап өтті. Шылбырды жұла тартып құла ат безіп барады.

– Жат, әйтпесе атам!

Төніп қалған ажал Сәлменді аяқтан шалып, жыға салды.

– Қосқа апарайық па?

– Жоқ, жатсын. Бәйменде мен Көшербай кезекпен күзетінде бас көтерсе атыңдар, құны сұраусыз!

Шығыс арайлап келеді. Аспан ашылып, жел басылды. Биік маздап жанып, шолпан жұлдызы тұрды. Аяқ асты шылқылда. Тұзды су жағадан алыстап кеткен. Бозғылт шапақ астын, айнадай жарқырап Менгесер жатыр. Құрманғалидың бой жеңілденейін деді.

* * *

Бошатай күрең биенің иегін мама ағашқа сүйей беріп, ер домалана түсті. Енесінің бауырына жармасқан қара құлын шалынып құлап қала жаздады. Қыржыңдаған кәрі биен тізгінін ағашқа шала салып, ақсандап үйге қарай бетте, Маркабай аулы қыстауға ерте түскен. Төбесіне алабота есі үрпиіп тұрған шағын балшық үй мен керте қора маңы тап-та: Сырт жақта пішендікте Сман құдасының даусы естіледі.

– Қайратың қайда, былай-былай айырламайсың ба?– д біреуге зекіп, ұрсып жатыр. Бошекең құдасымен көріспек солай қарай аяңдады. Сыртқа шығатын қақпадан көне бөр қылтиғанда, еркекше киінген Нұрғиза маядан домалай түс жоқ болды. Пішендікте Сман құдасы жалғыз қалды. Қолын, бақандай жуан сапты ағаш айыр. Ашулы арыстандай бұрылы бері карады. Бір самайын қара мең тұтас жапқан төртпақ кісін кескіні өзгеше ызғарлы еді. Ол дағдысынша құдасына қар қуана қадам баспады. Бошекең аман-саулықты бастырмала сұрап болып, шаншулы айырды ала тырмысып маяға шықты.

– Кәне, лактыр бері!

Сман үн қатпады. Тарбақ, салалы ағаш айырмен б көпенені бірақ тастап қимылдап кетті. Мұрын жарған жа жасыл пішенді Бісекең қауырт қимылдап тез лактыра баста. Елтірісі қырылған қоңыр бөркін оқшырайта киіп Бошатай жоғарыда тұр. Құдасының «ыңқ» деп лактырған шөбін ерк қағып алып, ақсандай басып жан-жаққа жайпалайды, маян бір басы ұшталып шыға келді. Уәделесіп қойғандай екеуі де т қатысқан жоқ.

– Ойбай-ау, құданы шөпке салып қойған ба?– деп күле келг Дәмет құдағиға Бошатай сонау биікте тұрып-ақ самбырл жөнелді.

– Мал-жан аман ба, құдағи?

-- Шүкір...

– Бәрекелді, аман болсандар болды. Марқабайдың шөбі үйілмей қалады деп емес, келін балам үшін істеп жатырмын,– деді Бошекең бөркінің тысымен терін сүртіп.

Сол үйдің барлық шаруасын ұршықша үйірсе де, Дәмет құдағи кимешегіне кір жұққызбайтын таза кісі. Онысы Бошекең көптен мәлім. Бошекең құдағиын осы жинақы, ызалығы үшін де, ашық мінезі үшін шынайы дос көңілмен сыйлайтын. Сман құдасының кату қабағы жабыркатып тастаған қонақ Дәмет бәйбішесінің өзгермейтін сыпайы мінезіне бек разы болып, жадырап калды.

– Үйге кіріңіздер, қонаққа шай ішкізбей, жұмысқа салу әбден ұят қой,– деді әйел шашылған шөпті тырнауышпен жинай жүріп. Ысекеңнің бетіндегі қара қалы қыбыр-қыбыр етті. Онысы – жақтырмағаны. Дәмет үндемейді.

Бошатай аяқтарын көсіліп отыр. Жер сәкіге дейін сыпырыла қойған аласа балшық үйдің қабырғалары ұқыпты әктелген. Бір босағада жұрттыкіндей соқпа пеш бар. Төрдің сонау бір алыс бұрышында әсемдеп жиналған сырлы төсек тұр. Нұрғизаның төсегі болар. Бошекең отырған жерде жұп-жұмсақ құрғақ көрпе төселіпті. Көрпені бармақ басындай ұсақ маталар қиқымынан мәнерлеп құраған екен, кілем түріндей құлпырып тұр. «Келін бала шығар-ау, қолыңнан айналдым! Бұйрық болып босағамызды аттаса кемпір екеумізге келістіріп киім тігіп, үкідей үрлеп күтерсің-ау».

Дәмет құдағи табанынан тозып жүгірумен жүр. Әуелі үйге бір шара ыстық бауырсақты әкеп бір кетті. Ақырында дастарқан төселіп, ысылдап самаурын жетті. Сман құдасы осы кезде ғана үйге бас сұғып, қатулы қабақпен шолақ сәкіге құйрығын қойып, етігін мықшындап шеше бастады. Дастарқан басында да жауар күндей түнеріп отырды. Құрым қара кескіні күйзелулі еді. Сирек сақалы мен қайқы мұртының сапарын қырау шала бастаған. Төртпақ балуан пішінімен қара тастай қозғалмайды. Бошатай да сөзді қай жағынан жамыратарын білмей ойланып отыр. Құдасының мінезі ауыр болғанымен, мұндайын көрмеген. «Ыбылыстың желі қай жағынан үрлеп кетті екен, жақсылық нышаны емес, әйтеуір»

Бошекең сақалының ұшын қайырып әкеп аузына са-лып, сәл бөгелді де сөйлеп кетті. Биылғы көктемнен бері кедей

көптің көрген жақсылығын айтып тауыса алмай отыр. Қы қатаң болғанымен, жаздың жайсандығын. «Комбедтің» күш көлік беріп, тұқым беріп, егін салғызғанын, егін жарықтықты масағы жырта қарыс болып толысып келе жатқанын, ол азда байлардың жаяу басқызбайтын шұрайлы шабындығын кедей бөліп бергенін, келешекте кедей жұрттың көзі ашылып, те көбең тартып кететінін, бәр-бәрің қалдырмай айтты.

– Әмісі, кем-кетікті осылай қолдай берсін!– деп тоқтады.

Сман құдасының көңіл пернесін дәл басты білем, шайд ұрттаған сайын маңдайы жіпсіген үй иесінің де қабағы жадырай сөзге ықыласы келгенін білдірді. Қарғаның қауырсынында қара сакалының етегінен тамуға айналған терді алақаныме сипап өтіп:

– Жөн айтасың, Бошеке, әбден дұрыс сөйледі. Өкіметті кедейді қолдап тұрғаны рас. Өркені өссін. Жалғыз шұба өгізбен бір десятинадан артық егін сала алмайтын Сман биы өкіметтің арқасында үш десятина жер салды. Егін дегені белуардан келеді, білдіңіз бе, өкімет жарықтыққа рақмет,– дед

– Егін десен, біздің отағасы ішкен асын жерге қояды, – де күлді Дәмет құдағи.

Енді қалай, егінсіз күн көріс бар ма? Айдай әлемнің ризығы егінде, білдіңіз бе, онысы несі-ей!– деп Ысекен түксие қалды.

– Жай айтам, осы бір атойлап тұрған мінезің-ай, – деп Дәме қызарып кетті.

– Менің мінезімді бүгін көре қалдың ба? – деп Сман ширығ түсті.

– Сабыр құда, жәй айта салған сөз ғой. Несі ерс Шамданатын түк те жоқ,– деп Бошекең де шынысын төңкеріп шегініп отырды.

– Жоқ-ау, өкімет жарықтықтың қолғабысын айтам.

Әкенің де жаны ашымас солай. Соны айтсам кекете келіп...

Дастарқан жиылып, самаурын пеш сыртындағы қуысқ жайғасқалы да көп болды. Қонақ пен үй иесі тоң-торыс отыр Бошекең болса келген бұйымтайын айтпаққа дайын, біре тысқа кеткен Дәмет құдағи кірмей жатыр.

– Құдағи, кішкене тізе бүкші, іспен келіп едім. Соны айттып, аттанып кетейін, шаруа уақыты ғой,– деді де сөз әлпеті күтпестен бастап кетті.

– Еркек кіндікті ұзақ көксеп зарыға күткен, бақытымызды содан тапсақ деген ниетте едік. Байысам, би болсам деген жерім жоқ шығар. Құдай қалап тілегім қабыл етілді. Мына бір жалғыз баланы көріп, бар-жоқты есеп қылмай, шалқып жүрген Бошекең бар. Құдай деп құда түсіп едік. Келінімді қашан беретінін біліп, нақты уәденді ала кетсем... Шамаларың келсе, көп бөгелмегендеріңді қалар едім. Қызық көрейік деп әлгі қатын да мазалап барады,– деп Бошекең сәл кідірді.

– Өмір ұзақ қой, несіне асығасың?– деп Сман теріс қарады. Самайындағы көбік қалы тағы қыбыр-қыбыр етті.

– Токталып келдік, қызық көрер мезгіліміз жеткен сияқты. Рақым етіңіз, келісейік енді, Ысеке.

– Жөн ғой, қайтсын-ай,– деп Дәмет көзіне жас алды,– сөзіңді берсеңші.

– Жә, қатын билеген ата-бабам жоқ, білдің бе? Жайыңа отыр,– деп зекіп тастады.

Осылай деп Ысекең насыбайын ернінен алып, Дәметтің басынан асыра лақтырып жіберді. Қара кескіні бұрынғысынан да бұзылып кетті. Үлкен имек мұрны қусырылып:

– Осы сөзді айтатыныңды біліп едім, ие, құлаққа түрпідей тиетін сөз,– деді.

– Неге олай, себебін айт, құдам?

– Себеп көп. Сізге қояр зәредей кінәм жоқ, терезең тең. Бірақ баланның шектен шыққан әдетін аңғармаған екенсің, білдің бе? Балаң кәпір болып кетіпті, доңыздың етін жейді. Ата-бабам қаламаған, дін-шариғат қаламаған лас іспен айналысқан екен, білдіңіз бе? Бір жанашыр ілік адам естіртіп отыр. Осы маңайдың аузы уәлі жақсысы айтқан соң, қате деп ойламаймын, білдіңіз бе?– деп Сман жауар күндей түнере түсті. Бошекең шарт жүгініп алды. Қызыл елтірі бөркін окшырайтып тас төбесіне қойды.

– Қате айтады, түп-тамырымен бекер сөз! Менің балам орысша оқыды, орыстың тілін, ілімін меңгерді. Бірақ доңыз етін жеті жыл аш жүрсе де жемейді, сеніңіз. Ал мәтүшкелермен көңілдес дегені түп-тұқиянымен өтірік. Келіншек ал дегеннен ұялатын баланың оларға сөз айтуға қалай батылы барады. Жо-жок, атама, құдажан, мынау түп-тамырымен жала, нана алмаймын. Баламның адалдығына құран ұстап, жан беремін!

– Бошекендікі жөн ғой, не себепті олай болады екен?– деген Дәметке Ысекең:

– Тарт тілінді!– деп акырып қалды.

– Тартпаймын, балама жаным ашиды. Бер уәденді, бағы байлама!

– Бермеймін, байсыз өтсе де тірі отырып жібермеймін– де Сман жерді салып қалды.

Дәмет солқылдап жылай бастады. Бошатай орнынан тұрып ақсандай басып есікке қарай беттеді.

– Құдам – құда, батам – бата,– деді.– «Қолыңнан бермесен жолыңнан алам, түбінде кінә артпа, маған!»

Бошатай есікті жауып, сыртқа шыққанда, Сманның шыл үйінде айғай болып жатты.

* * *

Ел көптен пішен қамында. Жалпақ шіліктің қойнау иірімдерін үнгіп, шалғы сілтеп, пішеншілер мәйектерін шауып болуға айналған. Кең өзектің өн бойында көп шөмелелер мен шошақтар тұрғызылыпты.

Өз телімін бітіре алмай жатқан Итемір ғана. Айша әжейді телімі тағы бар. Жер бөліс кедейлерді шапқыға кенелтіп тастаған. Жалпақ шіліктің шұрайлы жерін Құрманғали өкөлымен бөліп беріп еді. Бұрын екі шошақты зорға шаба алатын Итемір жарты мәйегінен бес шөмеле тұрғызды, олар бұйра талдардың арасынан салтанатпен төбелерін көрсетіп тұр. Итемір көңілі көншіген қалыпта қисайып жатыр. Шекек зырк-зырк етеді. Төбесін сипап еді, бұрышын түйген орамал жоқ болып шықты. Қайда қалғанын да есіне түсіре алмады. Күл өтіп кеткен екен деп ойлады ол.

Қоста тамақтан өтер ештеңе қалмаған. Айран күбі домалап бос жатыр. Өнез қатқан ернеуіне жаздың тойымсыз, семі шыбындары қонып тіміскілеп жүр. Көбі бастаған пішен иіс аңқиды. Бармақтай түкті ара гүжілдеп ұшып өтті. Шіліктің арғы бетінен біреудің әні естілді. Итемір мойнын созып, ештеңе көр алмады Ауырсынып бетін тыжырынды. Көн шәркей аяқтарын қысып өлтіріп барады. Күн қызғанда қатып, темірдей қысып кететін әдеті.

Бір түп талдың көлеңкесіндегі ашық қоста өзінен басқа ешкім жоқ, ештеңе де қалмаған. Уақытты босқа өткізбеу үшін аяғын созып жіберіп, шалғы шыңдауға кірісті.

Төс пен балғадан басқаны көрер емес.

– Ассалаумағалейкум!

Мұртын сылай Байман тұр. Тап-таза киінген, періштенің өзіндей сүп-сүйкімді күлімсірейді. Маңайынан гүлжиһан сабынның иісі білінеді.

– Уа, Итеке, іске сәт, мәйек жолықсын!– деді. Талдардың арасынан істік тұмсықтарын қылтитып екі-ұя сары ала тазы шыға келді. Олар бейтаныс адамға таңырқай қарап, аттың көлеңкесіне созылып жата кетісті.

– Осында, өзек бойында бір ұя қасқыр күшіктеді деп естіп ем, соларды іздеп шыққаным. Әйтеуір, жолын болып төртеуін ұстадым. Әжептәуір қалқайып қалыпты.

– Кәне, көрсетші.

– Жоқ, алғам жоқ. Қазір алғанда не болады? Қысқа дейін жүрсін, жүні жетілсін. Итемір түсінбей бақшия қарады.

– Жүргені несі, ертең ұстата қоятынын қайдан білдің?

Байман өзекті жаңғырықтырып күліп жіберді.

– Ой, Итеке-ай, аңқаусың, біз оларды таңбалап жібереміз. Артқы тілерсек сіңірлерін қиған соң ешқайда кетпейді. Қарға түскен ізімен қуып ұстап аламыз. Оны айтасыз, құлағына өзіміздің үйдің ойық енін салып жібердім. Ешкім де иемдене алмайды.

– О, тоба-ай,– деп Итемір аузын ашып қалыпты.– Шығар-ау, сендерден. Даланың аңын да иемденіп алғансыңдар... Аямайсыңдар, ә?..

Байман оның сөздерін елемегендей көлеңкеге тізе бүкті.

– Қалай, шөп көбейді ме?

– Көбеймегенде! Жарты мәйектен бес шошак тұрғыздым.

Әлі сондай шығар. Не қылсаң да шаш-етектен болайық деп тұрмыз. «Комбетке» көп рақмет, біз сияқтыларды жарылқады деген осы. Айналайын Құрманғалиға мың рақмет!– деп Итемір біраз жерге барып қайтты.

– Апыр-ау, Итеке, мұнша шөпті қайтесің, малың шамалы ғой?

– Шөп көптік қылмайды, артылса сатамыз. Шытырлап тұрған қызыл ақша емес пе? Егін де биыл белуардан келеді. Десятина басы жүз елу пұттан алып қалармыз. Несін айтасың, тұрмыс дұрысталып кетейін деп тұр, бауырым. Ой, көрдік қой көресіні.

Осыны айтып Итемір көзін сұртті.

– Артық шөбі болса құнын төлеп алар едім, – дейді мырза.

– Қай мырза?

– Апырай, Бекен аға айтқан соң орындау ләзім. Бірақ, иә бірақ, әлгі Құрманғали көнер ме екен? Байдарға бір уыс шөп сатылмасын деген.

Неге көнбесін, сізге ақысын берсе болмай ма?

– Болады, бірақ... байларға сатпа деп еді. Бұл қалай болады. Сол жағы ғой, шырағым...

Байман сұлу мұртын сылап, үндемей қалды.

– Шабындығын кедейлерге тартып әперді, шөп сатқызбады. Байлар онда өміре қапсын дей ме, қай сөзі оның!

– Қайдан білейін шырағым, кедейге тізгін беріп, байларды тежеп тұрған заман емес пе? Құрманғали не айтса, сол болады-дағы,– деді Итемір, мүйізгек басқан қап-қара бармағын шалғының жүзіне тигізіп. – Иә, мен ештеңе айта алмасам керек.

Байман түнерген қалпында аттанып жүре берді. Соңынан тазылары лап қойды. Аздан соң өзектің сүйір тұмсығын айналып бара жатты.

Итемір тілініп кеткен құрғақ ерніне балғаны тақап түкірді де, шықылдатып шалғы шыңдай бастады. Бір нәрсеге ақылы жетпей тұрған сияқты: «Апырай, мырзаға шөп сатпаймын дегенім әбестік бола ма? Ісі түсіп келе қалған екен, Құрманғалиға қарайтын не бар еді? Шынтуайтқа келсе еңбек менікі ғой. Қап, мырза ренжитін болды-ау, Құл-құтан қадірімді білмеді дейді-ау, иә, сөйтеді-ау, ұят-ай», – деп көңілі күпті болып, қараптан-қарап ренжіді. Ауыл жақтан қазақ арбаның «ойбайы» естіледі. Өгіз шанышқақтап келіп талға қойып кетті. Жайдақ арба үстінде баласын бір қолымен қысып, екінші қолымен торсықты ұстап үрейленген Айша әжей отыр еді. Шанышқақтап мөңкіп келе жатқан мұрындықсыз өгізге қарай Итемір тұра ұмтылды. Өгіздің қызыл танауына жармаса түсіп бұрап жіберді. Қызыл егіз амалсыз тоқтады. Тілі шығып кетіпті, көздері шатынап, өзеуреп тұр.

– Ой, карасаннан қалмағыр,– деп әйел қарғыс біткенді жаудыра жөнелді. – Өлтіре жаздағанын көрдің бе?

– Апырай, иә, мұндай мінезі жок еді ғой, бұл шіркіннің,– деді Итемір таңданып.

– Тамыздың шағыр сонасы буып жіберген жок па?

Айша әжей жеткізген шалап-қымыранды жұтып, майға жаншып, ірімшік жеп Итемір жан шақырды. Сосын ұзын сапты қара шалғысын алды. Шөп кей жерде қою, кей жерде сұйып болса да, құшак жетер жерді бір-ак кармап, жапырып барады

Айша да шұбаландап соңынан ерді, белін кендір жіппен буып алыпты. Тарамысты қолдарымен шалғыны қыса ұстап, бар күшімен сілтейді. Түсірген шөптері қак жанында үрпиіп қалып жатыр. Алыстап, ұзап кеткен Итемірдің соңынан қалқақтай берді, алқынды. Күнге күйген қапыш қара жүзінен сай-сай болып тер саулап, тәутиген істік иегінен сорғалады. Жүрегі соғып, буындары дірілдеп кетті. Бірақ тоқтамады. Итемір екі-үш жол апарғанда бұл бір жол жеткізді. «Женеше, дем алып отыра тұрыңыз, өзім-ақ түсіріп тастайын» дегеніне көнер емес.

– Әже, маған берші, мен-ақ шауып берейін,– деген немересіне:

– Садағаң кетейін, сен өспей маған жақсылық қайда? Азамат болғаныңды көрсем,– деп төгіліп кеткен жасын саусақтарымен іліп тастады. Бала әжесінің шалғысын зорға көтеріп сілтемек болады. Сәби қолдары билеп кете алмайды. Дегенмен әлденеше қармап ілгері басты. Шөп жартылай қиылып, тірі қалып жатыр. Кемпір жаулығының алқымдылығын қайырып, төбесінен асырып тастады. Бетіндегі мың тарам әжімді қуалап ащы тер жылжиды. Бала жолдың орта шеніне барды да, тұрып қалды.

– Құлыншағым-ау, өзіме берші, қабырғанды қайыстырып кайтесің? Шама келгенше қимылдай берейін де. Біржола тынығатын күн де алыс емес шығар. Көзім тірісінде қиналғаныңды көрмейін,– деп шалғыны қолынан алды.

– Женеше-ай, менен қалар жұмыс жоқ қой, күн болса кешкіріп барады, ауылға қайтсайшы,– деп Итемір сонадай жерден дауыстап еді, құлағына кірер емес. Шалғыны сілтеген сайын жөн-жөнекей ыңылдап өлеңдеткен болады. Онысы өлең емес, жоқтау, мұң сарыны.

Итемір қапсағай денесімен алапат қимылдайды. Шаршау да, шалдығу да жоқ. Үш-төрт жолды апарып, шалғыны бір жаниды да, күректтей күсті алақанына түкіріп қойып, сілтей береді.

Айша бір кезде жол үстіне оғаш қисая берді. Жүгіріп жеткен Итемір оның қан-сөлсіз жүзінен шошып кетті. Әжімді иегі қалтырап, аузы көбіктеніп, талып барады.

– Өлді-ау, бейшара, су-су!– деп қорбандап қосқа жүгірді. Алғаш түсінбеген бала «өлді-ау» дегенде шырылдап, шешесіне жармасты. Ұшып жеткен Итемір жылымшы суды бетіне бүркіп жіберді. Тағы бүрікті. Бір кезде барып әйел тірлік белгісін білдірді, қозғалды.

– Алда бейшара-ай, қой деп едім, тіл алмадың, шалғы сілте күйің бар ма еді? Сорлы, талып кеттің-ау!– деп Итемірдің даусы бұзылып, жыламсырап шықты.

Күн өзек сыртына еңкейе салқын түсті. Жел күндізін қапырықты айдап, тыныс кеңі бастап еді. Шалғыға кіріп, бұғы жатқан бөденелер бытпылдықтап ұн қатты. Қайың мен талдарды ұшар басын алтын сәулемен ірлеп күн батып бара жатты. Ыстықтан үйездеп қалған шаңқай ақ бұлттар бұрынғысынан да жарқырай түсіп күнге қарай ентелей төніп тұр.

Қазақ арбаның алыстап бара жатқан үйреншікті «ойбайына» құлақ қойып, ауыр күрсініп алды. Сол қалпымен қызыл іңірге дейін тоқтамады. Бір мойынды жалғыз өзі сипап шықты.

Шалғыны шың төстің жанына тастап, төсеулі шекпенге отырды. Айнала тым-тырыс, байтақ өзек қарауытып мүлгіп барады. Шалғылардың ысылы тынған кез. Итемірге керектің тыныштық. Ол айран жұтып, қисая кетті. Ыстық өтіп, оттап жанған денесін ашып, шалқасынан жатыр. Көктегі жұлдыздар кедей үйдің бауырсағындай әр жерде шашырап көрінеді. Бауырсақ дегенде қарны шұрылдап қоя берді. Айша кеткел аузына ештеңе алғаны есіне түсіп, жан- жағын қарманып еді. Колына катқан ірімшіктен басқа ештеңе ілікпеді. Ірімшікті тықырлата шайнап жатып, ұйықтап кетті. Қанша ұйықтағанын кім білсін түс көріп, қиналып оянып. Тоңып қалыпты. Тісіне тісі тимей қалшылдап барады. Талдың іргесінен сұп-суық жел үрлеп тұр. Төңірекке құлақ түріп жатыр. Бір кезде қыстақ жақтан жылқылардың кісіне генін құлағы шалды. Итемір елең ете қалды. Дөнесі мұздаған үстіне мұздап кетті.

– «Дәл сол тұста, сонда»,– деді ол. Даусы қалай шығып кеткенін де аңғармады. Қараңғы далаға қарай ұмтылды. Екі өкпесін қолына алып жүгіріп келеді. Тал арасымен жүру де қиын екен. Томаршалардан секіріп өтіп, пішендіктерді басып, тең жакындап қалды. Жылқы ағаштың арғы бетінде шұрқырайды. Бұлардың орақ күтіп тұрған егіні жақтан естіледі.

Кезеңнен өте, кеудеден келетін сары бидайдың арасында нақ Итемірдің аңызында, қалың жылқы қараяды. Айдың суда жүзіп ішкендей бойлай жылжып, жон-арқасы бұлтындап жосып жүр. Жылқыны әулие мал деп қадірлейтін Итекенді қазір жылқыдан залалды, жылқыдан қаскөй мақұлық жо болып көрінді.

– Уа, жау айдасын, иттің ғана малы!– деп ақыра ұмтылды. Қолында каруы жоқ болатын. Өсіп тұрған бала кайыңды тамырымен морт еткізіп жұлып алды да, шоқпар етіп жылқыға араласып кетті. Еріккен семіз саяқтар, тубайталдар егін айдынын астан-кестен етіп, айнала шапты. Бір шетін шығарса екінші шеті қайта кіріп, масақтарды бырт-бырт үзіп пыскырынып жүр. Итемір егілді де, өзін де ұмытты. Көз алдында қыбырлаған күйе құрттар бар. Залалды жәндіктерді табанымен жаншып, ұппап тастағысы келеді. Ызадан ештеңені көрер емес. Қарсы шыққан салттының сулығына жармасканын біледі. Ауыр шоқпармен бір салып жыққанын біледі. Ауыздығымен алысып тұрған торпаң атқа тақымы тиген соң-ақ егін бетін шарлап кеткен жебір үйірлерді ұршықша зырлатып, қыстауға қарай дүркірете, қуа жөнелгенін біледі...

...Ағаш сыртынан кешігіп ай туды. Жарығы күндізгідей ме дерсің. Алтын табактай дөңгеленіп жоғары өрледі. Түнгі салқынға қыз қалтырап кетті. Қамзол сыртынан киген биқасап шапаны да пана болар емес. Құрманғалин түймесін ағытып, шинелінің өңірімен қапсыра құшақтады. Нұрғиза өксуін қойған жоқ.

– Сабыр етші, бір сәт түсінші, жаулықпен айтылған екенін ұқшы,– деді Құрманғали күйзеліп.– Мен бәрін айтып берем.

Қыз көзін сығып еді, жас тамшылары сорғалай жөнелді.

– Қалайша жалған, Бекен айтқан соң өтірік бола ма?

– Нағыз өтірік болатын Бекеннің сөзі, жауласып келеді ол. Біреудің қолымен от көсейтін еді. Осы жолы өзі қимылдаған екен ғой. Қолынан келсе жер бастырмақ емес. Енді келіп екеуміздің арамызға шок тастап отырғаны мынау. Сман атай құдайдай сенеді оған, сен де сенемісің, сенемісің?..

Түнгі даладан бір ауық жылы жел есіп, теректің қарауытқан жапырақтарын сыбдыр қактырды. Үп-үлкен жапырақ сағағынан үзіліп, Нұрғизаның жас жуған бетіне жабысты. Байлаулы тұрған ат ауыздығын сылдырлатады. Түнгі дыбысты бағып жатқан ауылдың сақ төбеттері бірер маңк етіп дыбыс білдірді.

– Соншалық лас өсекке кимап едім,– деді Нұрғиза қосыла сөйлеп.– Әкемді мүлде бездіріп қойыпты.

– Кетейік, осы түннен қалмайық, бізге бөгет болар күш жоқ, түсінемісің, Нұраш, кетейік!– деді Құрманғали.

– Жо-жок, Құрмаш, кете алмаймын. Әкенің теріс батасын алу – үлкен жаза. «Ата қарғысы оқ» дейді.

– Түк те етпейді, қарғыстан өлген адам жоқ. Адам тура келген ажалдан ғана мерт болады. Әке өз баласын қарғап алысқа бармас.

Нұрғиза айға қарады.

– Айтар сөзім: аз күнге сабырлық ет. Ел арасының өзеуреп кеткені мынау, жұртты өшіктіре түсуден пайда жоқ. Қашан да мен сендік. Оған әлемнің жарық шамы – мына ай куә.

– Әкең біреуге байлап-матап беріп жіберсе қайтем?

– Ондай күн болса, хабар берем, арашалап алмаймын ба?

Құрманғали тұнжырап төмен қарады.

– Өлсек бір шұңқырда, тірі болсақ бір төбедеміз. Тәңірімнің құлағына шалынсын, – деді қыз.

Бұл жолы ол жылаған жоқ, денесін жинап, ширығып айтты. Көздері жарқ-жұрқ етеді.

Ауыл жақтан шешесінің дауыстағаны естілді.

– Іздеп жатыр, кетейік. Қош-сау бол, жақсылықпен көрісейік, – Нұрғиза жігітті қолтығынан демеп аттандырды.

– Уәде сол ма?

– Сол.

Құрманғали жортып келеді. Салқын аспанды қақ бөліп құс жолы жатыр. Әр жерден қарауытып қайың шоқтары көрінеді. Түннің өлі тыныштығы зеріктірген жігіт көсіліп шаба жөнелді. Жақсықұлға тақала беріп, ауыл үстін шаңдатып жүрген қалың жылқыға кездесті.

– Құрық үстіне құрық сал, аяма жаудың малын!

– Қораға қарай тықсыр, қораға қарай!

– Құрық сілте, бұғалық сал, байла-мата!

– Апырай, түбімізге жеткен екен ғой, – деген күйінішт дауыстар саңқылдай естілді. Жылқылар шұрқырайды, адамда күйінеді. Құрманғали ойран-асыр болып жатқан түнгі ауылды үстінен түсті. Бір шеттен әкесі үлкен ақ сойылды көтеріп жүгіріп келеді. Аузынан ақ көбік шашқан, жұмыр қаракерд ойнақтатып Итемір шауып жүр. Берекесі кеткен қарақұры жылқыны долданып сойылдың астына алады.

– Апырай, Итеме-ай, мынауыңыз не? – дегенде, Итемі Құрманғалиды танып:

– Құрыдық қой, құртты ғой! Егіннен түк те қалған жоқ, қа өрттей жайпап кетті!

– Кім жайпады!

– Жылқы, қартаң шірігір Бекеннің жылқысы. Жұрт бері қарай екшелді. Бәрі де Итемірден естігенін жамырай айтысып жатыр.

– Жылқышысы қайда?

– Бір салып жығып кеттім.

– Кім екен өзі?

– Білмеймін.

– Кім де болса қазір осында әкелу керек. Ал ауыл болып тәуір деген он жылқысын ұстап алыңдар.

– Бекен тартып әкетпей ме?

– Әкете алмайды.

– Бәрекелді, ақыл ғой мынау. Онда сөйтеік, табан ақы маңдай теріміз емес пе?

– Уа, бұғалық қайда, бұғалық!

Итемір теңбіл қаракөк жорғаға – Бекеннің өзі мінітін аяулысына бұғалық сілтеп қалды. Жаз жайлап, асаусап алған ат аспанға тік шапшып бұғалықты жуан мойынға түсіріп алды да, қарғи жөнелді. Табан тіреп тұра қалған Итемірдің аяқтары жердің қара қыртысын сыдырып барады. Бір кезде ескі аркан шарт үзілді. Қа-тра көк шырқырап қалың жылқыға қойып кетті.

– Құтылмайсың, құтқармаймын!– деді Итемір тістеніп. Жұрт жапа-тармағай жылқы ұстап болған кезде жылқышыны алып келді. Жігіттің қанданған жүзін айға қаратып көріп:

– Ой, мынау Кәжен ғой. Сен Бекеннің інісі Кәженсің ғой,– деді Бәйменде жақындап.– Жарлы-жақыбайлардың бейнетпен салған аз ғана егінін осынша таптап жоқ қылатындай Жаксықұл аулы, екең Төлебайды өлтіріп пе еді, ит!

Кәжен болса оқ тиген дәрменсіз аңдай жаутаңдай әркімге бір қарайды. Денесі құрысып, қан қатқан бұжыр бетін төмен салыпты.

– Ұйықтап қалып,– деп міңгірледі ол.

– Қызыл іңірден ұйықтап, албасты басты ма сені?– деді Итемір тістеніп.– Осы тұрған жерінде жүндей түтейін бе?

– Сабыр-сабыр, Итеке, Бекеннің ондай қаскүнемдігі жоқ болатұғын,– деді Құрманғали.

Кәженде тіл жоқ. Көздерін сүзіп, әркімге бір жаутаңдайды.

– Түсінікті. Атын өзіне беріңіз, жылқысын егіннен әрі апарып тастаңдар, кейін сөйлесеміз.

Жұрт осыған тоқтап, үйді-үйіне тарады. Ауыл үстіне байырғы тыныштық орнай бастады...

– Уа, Итемір, шық бері!

– Шық, былай тез!

Қатарласа естілген ызалы дауыстардан Итемір басы көтеріп алды. Үй іші жарық болыпты. Күн әлі шықпаған.

– Құдай-ай, келіп қалды-ау!– деп әйелі жүгіріп кірд. Жайылғандар осы арада қаптап тұр.

– Е, келсін, соқтыққан біз емес – өздері.

– Уа, шық бері!

Итемір қара бақанды қақпа алдына ыңғайлап қойып, тыс шыққанда басын таңып алған Кәжен дүрсе қоя берді.

– Атана нәлет қу кедей, мырзаның жорғасына қызыққ екенсің. Жайылған тірі отырып жорға мінгізе ме саған,– д сойылмен салып өтті.

– Тарт сойылынды, кінәлі өздерің, біз емес!– деп ақыр. Итемір. Сөйткенше Сәлмен мен Кәжен ығыстыра баста. Итемір бақанды қаша үйіріп, жақын келгендерін тізед ұрып аттап аударып тастады да, босап қалған біреуінің аты мініп, бақанды оңды-солды сілтеп, айғайды салып жү. Салттылардың көбі кейін серпілді.

– Итемір, таста, қой!– деп шылбырына жармасқан Бошатай да иықтан ұрып түсірді.

– Ой, Итемір, Бошатайды – ағанды өлтірдің!– деген дауыс барып есін жинады. Басынан қан саулап, көзіне құйылы кірпіктеріне ұйып қалыпты. Бошатай бір иығын салбыраты мықшытып:

– Қой, таста, жұртты қырамысың?– деді.

– Жауым болып келген соң ез емеспін, текке өлетін,– д. Итемір кірлі жеңімен қан құйылған көзін сүртіп тұр.

Жағалап Бекен келді. Қара сақалды семіз жүзінде күлкі б. Ештеңе болмағандай, осы ауылға құда түсе келгендей. Ұз қоныш былғары етігін сүртіп, жылтыратып, қымбат мауытым тысталған күпісінің белін әшекейлі күміс белбеумен бұға. Түлкі тымағын қамшысымен қоса ұстап, құндыз бөрікті басы ізеп қойып:

– Уа, халайық!– деді жөткірініп. – Қолдың кіріндей дүние бола араз болмайық. Еншісі алынбаған ағайын емес пе ед. Ағаттық болған екен, Кәжен қара басып, ұйықтап қалып. Жылқы мал емес пе, егіндеріңе түскен. «Ондай-онд хан қызында да болады» дегендей, ел бұзылып, Ертіс к

ағатын ештеңе көрінбейді. Жолда егінге бұрылып қарадық. Соншалықты зиян салған жоқ. Егіннің шетін басты екен деп, он жылқыны матап алу ағайыншылық емес. Осының барлығына мына Бошекең түсініп, келісімін беріп отыр. Бұл кісі аядай Жаксықұл түгіл осы төңірек қанағат қылатын білікті адам. Босқа өзеуремейік, келісімін Бошекең өзі айтсын, Сөйтсін, – деп ат тұяғы асыр салған шаңдақ жерге шырт-шырт түкірді.

Бошатай Бекеннің жанында тұр еді.

– Уа, жігіттер, – деп ілгері басты. – Ағайын арасыңның өкпе-назы, қашаннан болатұғын. Ондайда бұзылып жарылған ел көргеміз жоқ. Ағайынның азары болса да, безері болмайды, ымыраға келісетінбіз де. Бұл да соның бірі. Егінді көп зияндаған жоқ деп отыр ғой. Расында он жылқыны байлап алу ұят. Ертең көретін ағайын. Жігіттер қызбалық қылған екен, ақыл тоқтатқан адамға оғаш көрініп-ақ тұр. Көк жорғаны бас қылып сегіз жылқыны қайтарайық, екі жылқыны қалдырсын. Жұрттың табан ақы, мандай тері ғой, қанағат етейік соны. Айып төлетті деп Бекен де өкпелемесін. Бар ағайынның жоқ ағайынға бөліп берер қол қайыры деп ұқсын, осым қалай!

Жұрттан бұрын Бекен күліп жіберді:

– Әй, Бошеке-ай, жүйріксің-ау, жүйріксің! Сізге билікті әуелі бір берген соң екі сөйлеуім ұнамас. Болсын солай, мұндағы ел де ренжімесін, – деді.

– Ойбай– ау, Бошеке– ау, аз ғой. Егінді қиратып тастапты!– деп Итемір күнкілдеп еді.

– Қойыңдар, түге, айттым – болды!– деп Бошекең әмірлі даусымен ақырып қалды.

Аспанды бұлт жапқан, жауын сіркіреп тұр. Салқын жел соғып бір күнде қоңыр күз орнап қалғандай еді. Бошатай мен Бекен онаша шығып насыбай атысып тұрған. Қыстау тұмсығынан бір топ салт аттылар шошытып шыға келді.

Третьяков пен Құрманғали аттарын ойқастатып:

– Бұл не, не істеп жатырсыңдар?– деп айғайлап сұрады.

Жайылғандар жылқыны тастап, бас сауғалай бастады. Бет аузына қан қатқан Итемірді көріп Третьяков:

– Ой, Темур, кім тиген, мынауың не, айт жылдам! – деді.

Третьяков жұрттың бәріне естірте айғайлап:

– Жылқылар қораға қайта қамалсын. Жайылғаннан келген салт аттылар тарасын, Бекен ғана қалсын. Егінді көріп, акт жасаймыз, айыпты адам сотқа беріледі! – деді.

– Ой, Мекайыл, оған ұлықсат берген менікі, менікі солармен сөйлескен, біткен, қазақта сондай закон бар,– деп Бошекең ара түспек болып еді.

– Қойыңыз, сотпен ғана бітетін іске килікпеңіз! – деп ақыл айтты Третьяков.

Жаңбыр жауып тұр. Жазықта алтын сары бидай егістігі жатыр. Кеше ғана жайқалып орақ күтіп тұрған аңыз тері сүйреткендей. Қып– қызыл дән жылқы аяғымен жаншылып, төгіліп қалған. Бидаймен араласып жылқының тезегі карауытады. Жұрттан бұрын жеткен Итемір сақалын жұлып жылап жіберді.

* * *

Жапырақ желі азынап сокқалы қашан. Қыстау ағаштары жалаңаштанып қалды. Ауылдар ызғырық желден паналап, ықтасындарда тығылып отыр. Малы аздары қыстауға көшіп алыпты. Күзеудегі әлді үйлердің өзі салқынға төзер емес.

Айшалар балшық үйге жұрттан бұрын кіріп еді. Ішін майлау, пешін жөндеу, қора-қопсыны түзету сияқты толып жатқан жұмыстар әлі бітпей жатыр. Кемпір сырқаулы, ісі өнбей қойды. Белін жіппен шарт буып, Итемір келді. Үй іші көк түтін. Әжейдің шұбаландаған тұлғасы зорға көрінеді. Балшықты уыстап алып, шым қабырғаға соғып жатыр. Немересі Сексенбай балшық басып жүр. Кемпірдің:

– Пештің көмейі бітіп қалса керек, түтін шықпай тұр,– деген даусы естілді. Итемір жүгіріп шығып, мұржаға сыпырғыш жүгіртіп еді, от лаулап жанып, түтінді суыра жөнелді. Аласа балшық үйдің іші тазарып, тыныс кеңі бастады.

– Құдай көзіңді ашсын, мың жаса!– деді қария риза болып.

Босағада үш-төрт қап бидай тұр. Бекеннің жылқысынан қалған жапырындыдан жинап алған аз ғана байлығы. Жинап берген де көнбіс Итемір.

– Жеңеше, қыс болса келіп қалды. Жұрт шөп тасып жатыр. Өгізің мен арбаңды маған қос, құдай қуат берсе қимылдап көрейін,– деді Итекен, насыбайын шалқая атып.

– Қарағым-ау, өгізге де ие керек қой, бүгіннен соң өзім барайын,– деді кемпір.

– Әже, мен барайын, өгіздің басына мінем, құламаймын,– деді бала.

– Қой, шырағым, сені жіберіп отыра алмаспын.

– Барайын, әже!

Итемір Жалпақталдан соңғы рет шөп артып шыққанда қызыл іңір еді. Қатты жел жұлып әкетіп, шөпті артқызбай қойған. Осы әуремен жүріп түнге қалды да, екі көлікті қатарласа айдап асығып келе жатты. Жел іңірде де басылмады. Арбаларды бүйірден үрлеп, бастырық астындағы пішенді қопырсыта көтеріп, жұмалап келеді. Жүк ауыр. Өгіздер мықшия тартады. Бір кезде алдыңғы арба жантая кетті. Өгіз ұмтылып барып тілерсектері дірілдеп тоқтап қалды. Ауыр шөп шаңырақтай доңғалақты бауырына баса ауыпты.

– Қап!– деді Итемір санын соғып.– Жұмыс көбейіп кетті-ау. Мұнша шөпті қайта арту киямет қой. Белағаштың нашар екенін байқасамшы.

Шаршап, өзегі талған Итемір құлаған шөппен әуреленіп жатқанда анадайдан жанап өткен салт аттыны байқаған жоқ. Ол Бекендерден шыққан Байман еді. Жел суырып алған етектерін қайырып әкеп, қайта басып, қымтана түседі. Бейуақтағы жалғыз аттының кескіні кісі өлтіргендей қатулы, қан-сөлсіз болатын. Жақсықұлға соқпай жалпақ шіліктің деңгейінен ілікті, жел жапыра үйіріп, теңселтіп тұрған талды өзектің арасына кіріп ат басын тежеді. Талдардың зуылы мен желдің сарынынан басқаны Байман естір емес.

Жазда Итемірмен тілдескен тұсқа келіп, тоқтап, айналаға қарады. Қаптаған шошақтар ақшыл тартып қуыс-қуыстан қылтиып көрінеді. «Шөп сата алмаймын, Құрманғали ұлықсат етпейді» деген Итемірдің даусы құлағына келді.

«Жеті атамнан бері келе жатқан жерімнің шөбін пұлыма ала алмаймын. Не деген қорлық мынау!»

Байманның ашаң кескіні құп-қу болып азуларын шықыратты. Жіңішке қара мұртының сапары дірілдеп, жіпсік көздерімен жерге үңіле қарайды. «Бекен айтқан сығандардың жұрты осы!..»

Қатты жел кер бестінің жал-құйрығын тарап, толкытып тұр. Сұр бұлттар дала үстімен асығыс жөңкіп барады. Байман аттан түсті. Қара түнекте қалтасынан оттық алып, алаканына секірітіп біраз отырды.

Шырпының күкіртін ұстап көріп, оттыққа шығуға ыңғайланды да, қолдары қалтырап кетті. «Кедей ағайынның не жазығы бар? Бекен жылқысын егіндеріне қаптатып бір

сорлатты. Жалпактал отқа орансын деп дігірді қағып оты Жаксықұлға жаксылык болмасын дейді. Не жазыпты ос бейбактар? Бүліншілікті өзге емес, өз ағайыны менің колымме жасамак. Сонда мен айтакка ұмтылған бөрібасар болғаным би Жок, өртемеймін. Бұлдаса карындастарын қайтып алсын».

Жел кызыл талдарды жапырып соғып тұр. Айнала даңға шу. Байман жынын алған баксыдай отырып қалды.

«Өртемей келме, Жаксықұл ағайының емес, жауың. Жерің талап алды? Малыңнан құрык, басыңнан сырык кетпеді. Ерте құртпай тынбайды, алқымына жармасып өл. Қолыңнан келге қастығынды аяма»,— деген Бекеннің даусы құлағына келді.

«Рас-ау, ер екі сөйлемейді, өртеймін деген соң өртеге дұрыс. Мына көп шошактар ғой менің жерімнен тұрғызылды Итемір екеш Итемір де мыкынын басып мақтана калыпты Байларға шөп сатпағанды көрсетейін».

Шырпыны қайта колына алды. Оттықты сүйкеуге айналы еді, төбе шашы тік тұрды. «Жо-жок, өртеймін».

Жан-жағына алақтады. Құрым қара аспан еңсесін басы жаншып барады. Көзін тас қылып жұмып, сіріңкені сызы қалды. Сол-ақ екен, курап кеуіп тұрған өлі шөп сатырла жөнелді. Байман тоқымдай отты құшак-тай жығылып, жалаңа колдарымен қарманып өшірмек болды. Тілегі болған же дүрілдетіп мысыктың тіліндей болмашы оттан арыстан жалд кызыл жалындар желкілдеп лап етті. Көзді ашып-жұмғанш таяу тұрған талды қоршап алып, сатыр-сұтыр еткізіп басын бір-ақ шықты. От дариясының ортасында қалған Байман е ауысқандай ойбайын салып, сандарын соққылай берді. Ки бесті шылбырын сүйретіп, безіп барады.

Итемір сынған арбаның шөбін сау арбаға артып бастырм: басуға кіріскен еді. Арканды іліп, анырып қалды. Жалпак шіл жактан жылтырап көрінген от түлкінің құйрығындай бұланд: аз тұрды да, аспанға бір-ақ шықты.

— Құдайы құрғыр-ай, кетті ғой!— деп ұмтыла берді. Бастыр: басусыз, көлік иесіз қалды. Арба үстіндегі Сексенбай ба «ағатайлап» шырылдап еді, құлағына кірмеді. Өрт бүкіл дала: жарқыратып жіберді. Алыста өрт жарығының астында кі кішкентай болып аттылар шауып барады, жаяулар қараңдай

Итемірдің екі өкпесі удай ашып, тынысы бітуге айналд Бірақ жүгіруден тайынар емес. Кейінге қарап еді, ерепейс

үлкен көлеңкесінен басқа ешкімді көре алмады. Өзек бойындағы алғашқы шөп жана бастады. Шошақ әуелі жұп-жұмыр кызыл шарға айналып, бірден тұтанды. Жалын дегеніңіз ғажайып сәукеледей аспанға тік созыла түсіп, бұрала толқып, біраз тұрды да, от селіне құлай кетті.

Итемір өз шошақтарына жеткенде от алыста сияқты еді. Сыпырғышпен соққылай берді. Алқынған кеудесіне ащы терін жұтып, қақалып-шашалып, шиқылдап қалды. Талдар шытырлап жанып, жан жолатар емес. Жалын шошақтардың бірінен біріне аттап түсіп, сайтандай секіріп, ырғып барады.

– Кетті-ау, қайран еңбек!– деп үстіндегі соңғы лыпасын шешіп алып ұрғылай берді, бір кезде шапанның өзі лап етті. Жанған шошақтардан ұшқан кесек қатпарлар көз көрімге аттап түсіп, шапшаң қарқынмен құлаш жайды.

Отты құзғынның бірі қалбалақтап келіп Итемірдің шөбіне қонып еді. Жалын алғаш жіңішкелей жорғалап, шошақтың о жер, бұл жеріне тілін сұққылап көрді де, бөліп жаратын ештеңесі жоқ екен деп сиқырлы шапшандықпен орап алды.

Өзек іші толған адам. Қолдарында бұтақ сыпырғыштан басқа ештеңе жоқ. Көбі от қызығын тамашалауға келгендей даурығып босқа жүр.

Дауыл күшейе түсті. Өрт шалмаған бір шошақтың төбесіне шығып алып қолапайсыз ұзын молда Өндірбай азан шақырып тұр. Кеңірдегінен күмбірлеп шыққан зор даусы дауылға қосылып қорқынышты естіледі.

«Аллаһуәкпер, ашһаду алла»,– дейді өршеленіп.

– Азанды қаттырақ айт, Өндірбай,– деп біреу зарлана жалбарынады. Аянып жатқан Өндірбай жоқ, бірақ бес шақырымға жететін даусын жанындағы адам да естір емес.

– Ой, жарықтық-ай, азанның қасиеті-ай, өрт саябырлай бастады, көрдің бе?– деп біреулер қуанысып .

– Қаттырақ шақыр, Өндірбай!– деді манағы дауыс безектеп.

Осы кезде шауып жеткен Құрманғали қырылдай айғайлап:

– Не қылып тұрсыңдар? Молданың аятына өрт тоқтай ма? Кәне, сыпырғыш алып түгел ұмтылыңдар! Сау тұрған шөпке жолатпаңдар!– деді де аттан қарғып түсіп, шошақ төбесіндегі Өндірбайды етегінен сүйреп алып, итеріп жіберді. Антарылып тұрған жұрт отқа қарсы лап қойды.

– Жабылыңдар, әлі біраз шөпті аман алып қалуға болады тез-тез!– деп Құрманғалидың өзі де сыпырғышпен соққыла бастады.

Өрт Жалпақ шіліктің арғы етегіне қарай ойысып, кең далаға қарай бет алды. Қаскөй жел тағат таптырмай қуалап, айда барады. Қалың талдардың қызыл қаңқасы көрініп заматт құрып жатыр. Содырлы от бала қайыңдардың ұшына дейі өрмелеп шығып сақ- сақ күледі.

– Бірсыпырашөпаманқалды. Айналайын-ай, Құрманғалиды келгені абзал болды-ау, әйтпесе есіміз мүлдем шығып кетке екен. Не істерді білмеппіз ғой,– дейді жұрт дабырлап.

– Құрмаш шу баста келгенде, шөп шығыны аз болатын еді, деп Бошекең де қоштап жатыр.

Отқа шарпылып сиреп қалған өзектен қоңырқай тартып істік шошақтар көрінеді. Бықсып, түтіндеп жатқан талдарды арасынан сұр қоян сасқалақтап шықты.

– Құдай-ай, мұндай да сұмдық болады екен,– деп Байма зарлап отыра кетті. Шапанының етегі жырым-жырым, мұрты үйтіліп қалыпты, қолдарын да күйік шалған.

– Апырау, Байманбысың, не болғансың?– деп жұрт жапырылыса қарап еді:

– Ойбай-ау, үйде жатқан кісі емеспін бе, шықсам осы бе жарқырап тұр. Шала киініп тұра ұмтылмаймын ба? Келсем жанып жатыр. Қолыма қару алуды да ұмытып кетіппін. Шапаныммен соғып жүріп, шарпылып қалғанымды өзім де білмеппін.

– Қайын ағаң Бекеннің қастығы шығар тағы,– деп Бәйменді гүл ете түсті.

– Отты кім салса да мендей болсын!– деп Байман зар қақты.

– Адам қолынан келген қастық, сөз жоқ солай!– деп Құрманғали.

Итемір теңселіп келеді. Сыпырғыштың сабын таяқ қылы алыпты. Қорқынышты түс көргендей еді ол. Кейінде ұза түскен дала оты лаулап жанып жатыр. Қанталаған кара тұман ондаған шақырымға жеткен. Қатерлі түтін иісінен Итемірді басы айналып, жүрегі өрекіп қоя берді.

Қыс қатты болып тұр. Ақпанға кіргелі боран дегеніңіз көз аштырмайды. Қыстауы қалың әлді ауылдарды күрткі қымтап тастады. Тебіндегі жылқы мұздаққа сала алмай, сілейіп қалды. Жазда күн қакты болған арықтар өліп жатыр. Малды ағайындар қатты күйзелулі. Кедейлер де қысаң. Күн көргіштері төрт аяқтарын бауырына алып бүрісіп тұр.

Бекен соңғы аптада дамыл көрген жоқ. Жылқыға Кәженді, Мұқыжынды шаптырып, арықтағанын айдатып алып, жылы қораға күттіре бастады. Тебіннен қайтқан жылқы саны күн сайын көбейе берді. Тыңайып қатарға қосылғаны жоқ. Қораға бір алынған жылқының қайтып тебін тебе алмайтыны бар.

Жағдай не десең де ауыр. Бекен осыларға себеп іздейді. Айыпкері Бошатайдың Құрманғалиы. Жерін тартып алды. Шабындығын кедейлерге бөліп берді. Шөптерін байларға сатуға рұқсат етпеді. Ақыры, ерегіспен шөп анадай болды. Пішенді құртып жіберудің қателігін енді түсінді. Елде молшылық болса зиянын көрмес еді ғой.

Бекен ауыр күрсінді. Қою қара мұртына ақ молынан араласа бастаған. Салқын қолдарымен істік сүңгілерді мұртынан ақырын ажыратып тұр. Қаптал күпілі иығы салбырап түсіп кетіпті. Қораның босағасына сүйеніп, батып бара жатқан күнге қарады. Күн қою бұлттардың ар жағынан көрінбейді. Боран кең аулада ақ жыландай ирелеңдеп, кезіп жүр.

– Мырза, көк ала бие құлын тастады.

– Қай көк ала бие?

– Көк жорғаның енесі.

– Бар, жоғал осы жерден!– деп Бекен барқ ете түсті. Қора жаққа құнысып кетіп бара жатқан жылқышыны тасырайған көздерімен ұзатып салды.

– О, тоба-ай, жүген ұстап қалмасак игі еді– деді ол күбірлеп.– Иә, малға да, жанға да келген бір зауал ғой бұл!

Айнала қараңғы болып барады. Қорадан байырғы сары атан боздап қоя берді. Сиырлар менірейді. Біреулер күнді, құдайды қарғайды. Бекеннің жаны құлазып кетті. Ызадан ба, тоңғаннан ба, денесі қалтырайды. Қайтып қора жаққа көз салмады. Жаналғыш сол қорада сияқты болып көрінді. Теңселе басып, үйге қарай жүрді. Сырғыма қарға шырт-шырт түкіріп келеді.

Пеш қабырғасындағы ағаш төсекке киімшең кисайды. Көзін тарс жұмып жатыр. Өткен күндердің жақсысы да, жаманы да

көз алдына елестейді. Жақсылығы басым екен. Бейнеті аз, рақаты көп біраз ғұмыр артта қалыпты. Бұрын бұл ел қоралы қойдай моп-момақан болатын. Айдағаныңа жүріп, айтқаныңа көнетін тіл алғыш еді. Бауыздап жатсаң тұяқ серіппейтін көнбіс еді. Бұл күнде үлкен деп, бак-дәулет дарыған ата деп сыйлау жоқ. Қайта аруақты ерді қорлау бар.

Көбеш бойынан сатып алған сабанды тасып әкелуге Обалы басына барса, қаптаған жұрттың үстінен түсті. Ал өгіз, сиыр жеккен топ маяны талқандап тиеп алыпты. Жақсықұл аулының кедейлері, беттері даладай үсік, аяғына жырттық етік киген Бәйменді бас болып көліктерін жолға түсіріп жүр екен.

– Уа, ағайын, бұларың қалай? Мынау болса орыстан сатып алған сабаным еді, қиянат емес пе?– деп еді.

– Әкең Төлебайдан қалған сабан жоқ. Далада жатқан дүниеге бәріміз ортақ. Осы жерден тайып тұр, отағасы, әйтпесе мына ашынған жұрт тапап кетер,– дегені ғой... Орта жолда бұлардың көліктерін Құрманғали басып озды.

– Әй, шырағым, Бошекең баласы қайырыла кет,– деп айқайлап еді. Жал-құйрығы ұйысқан жалау күреңнің тізгінін тартты. Үстіне көнетоз тон, аяғына үлкен қара пима, істік төбе қызыл әскер дулығасының құлақтарын салбыратып алыпты. «Не айтасың»– дегендей сонадайдан антарыла қарады.

– Шырағым, Бошекең баласы атқа мінген, ел ұстаймын деген жігіт жұрт камын тегіс ойлар еді. Жұтап қалдық. Анау шірік сабанды орыстан пұлыма сатып алып едім. Кедейлерге үлестіріп беріпсің. Біз қайттік?– деді.

– Солай ма?– деді Құрманғали дауыстай сөйлеп.– Сіздің жылқыңыз қырылса үштен бірі қалады. Кедейлердің сиқын көріңіз, бірлі-жарым күн көргіштері қаусап тұр. Шаруаның малы мен жанына қатер төндірген жұтқа айт арызыңды!– деді.

– Жұтты тілеп келтірген мен бе екен?

– Сіз тілеп келтірдіңіз, Беке, сіз!..

Құрманғали осылай деп жөнеле берді. Винтовкасы салақтап, жортып барады.

«Сіз тілеп келтірдіңіз»,– дейді антұрған. Әмірім құдайға қашан жүріп еді. Қыста жауған қара нөсер жаңбырдан болған мұздақты, мына толас таппайтын үскірік боранды құдайдан қолқа етіппін бе? Жылқым қырылсын, күйзелушілікке ұшырайын деппін бе? Жетесіз антұрғанның қай сөзі?

Әлде баяғы өрт жайынан әлденені сезе ме екен?

...Жалпак шілік жақтан түнгі аспанға шарк ұрған қызыл алау көрінді. Сол керек өздеріне! Әй, Байманым ерледің-ау, жігіт екенсің! Өртті айдаған долы дауыл үйлерді төңкеріп, керегесін қакыратып, уықтарын күйретіп канбақтай домалатып әкетіп барады. Қалың жылқыны да жапырақтай үрлеп ықтыра жөнелді. Жылқылар сұрапыл астында толассыз шұркырап, панасыз халде елестейді. Боран арасынан Құрманғали көрініп: «Осыны сіз тілеп келтірдіңіз, Беке, сіз!»— дейді.

Қалғып кеткен екен, біреулер қақпаны ұрғылап тұр. Бекен қараңғыда шекесін ашаға соғып, мәңгіріп қалды.

— Аш, жылдам!

— Қазір, қазір...

Қар басқан көп аттылар ентелей төніп тұр еді. Алдымен кірген қасқыр пішінді, қасқыр мінезді Иванченконы бірден тани кетті.

— Павелмысың, бауырым келдін бе, туды ма сәтті күн, туды ма?!— деп Бекен еңіреп жылап жіберді.

— Туды сол күн, сайтандардым, сазайын тарттыармыз, мін атыңа!

— Мінейін, мінейін, уа, құдай, аксарыбас, құрмалдық. Кәжен, әкел, көк жорғаны. Сәлменге, Мақыжанға, Боздаққа хабарла, барлығы да атқа мінсін!— деп Бекен белін буа бастады.

Бүлікшілер аттарының шап айылдарын шірей тартып жатыр. Боран ескі қақпаны сықырлатады. Барлығы да ұрылардай үнсіз. Жан-жақтарына елеңдеп, иіріліп тұр. Қазір, қазір...

— Әй, киргиздар-ай, нашар халықсыңдар-ау!— деп Иванченко ыза болады.

Бүлікшілер боранға сүңгіп көрінбей кетті де, қыстау баурайы қайнаған сүттей шымырлап тына қалды.

Жаксықұлға жетіп, ауылды үнсіз қоршап алды. Қалың күртіктен үйлердің төбесі ғана көрінеді. Күңгірт қараңғылықта терезелер жылтырайды. Ауыл боранды кеште ертерек жатыпты. Бошекендікінде ғана ақ қалпақ ондық шам дағдысынша көнілдене жанып, терезе алдындағы кемер күртікті жарқыратып тұр. Қарт дамбалшаң қалыпта пешке аркасын беріп отыр. Күрең сақалын салалап қойып, Құрманғалидан көз алмайды. Жігіттің ақ сары ашаң жүзі байсалдыланып, күреспен өткен мазасыз күндердің айқын таңбасы түсе бастаған.

Мұрын астындағы түбіт мұрты қоюланып сақал жұрнағ көрініп қалыпты. «Айналдым, жалғыз азаматымнан. Құдай сө көпсінбесең, мен азсынбаспын», – деп ойлады Бошекен.

Құрманғали болса күртесін шешпестен етігін ғана таста Горькийдің «Сұңқар туралы жырын» дауыстап оқып оты. Жырдың нақышымен қолдарын сермеп қойып түйіле окиді Бошекен орыс тіліне жетік болмаса да тәп-тәуір түсіні тебірене құлақ қойған.

– Ой, жарықтық-ай, сұңқар деген қасиетті құс қой. Мең қылған қандай жауыз екен?– деп Ұлболсын да аузын сыл еткізді. Бошекен баласының өзгеше әсерленген жүзіне қарап:

– Тамаша жыр!– деп басын изеді. Біреулер қақпаны асығ қакты. Үйдегілер елең ете қалды. Сығыр терезелерден әрі қа қара түн көрінді.

Құрманғали жеңіл киімімен сыртқа жүгіре шықты. Қараңғ қора азынаған суық, саңылаулардан қар үрлейді.

– Бұл кім-ей?

– Мен ғой.

– Байман ағамысың, жай ма?

– Бір шаруа болып тұрғаны шырақ, киініп шыға қойшы!

Құрманғали асығыс киінді.

– Байман ағам шақырып тұр. Бір жұмыс бар сияқты, білі келейін.

Жігіт қақпаны ашып сыртқа аттағанда, боран бетіне сабала кетті. Аппақ үрлесін арасынан екі-үш адам қараңдайды.

– Байеке, бері жүріңіз, ықтасынға таман бері,– де Құрманғали дауыстап. Боран астында тұрғандарға қарай атта еді. Тасадан бірнешеуі лап қойды. Бекен артынан қапсыр құшақтап ауыр салмағымен жаншып жіберді. Сасқалақтап қал ған жігіт бұлқынып босана алмаған соң, жармасқанды арқала тұрып аударып соқты. Қатты жерге ұрылған қарсыласы басы көтере алмай қалды. Қарға оранған бірнеше адам бас салды Құрманғали бір екеуін бетке соғып құлатты да, көптің арасына сытылып шығуға әрекет етіп, жұлқынып жүрді.

– Байла, қолға тірідей түсір!– деген Бекеннің айғайын жүгіре шыққан Бошатай көп адаммен жалғыз алысып жүрге баласын көріп, сүйеулі тұрған жетекті көтере ұмтылды Ұмтылған бетте алғашқысын бастан салып жіберді, екіншісін үшіншісін жықты.

– Атта– ан, атта– ан, жау шапты!– деді ол бар даусымен.

Салт аттылардың бірі атын омыраулатып Бошатайды қылыштың қырымен салып өтті. Дамбалшаң карт күрткі жиегіне шалқалай құлады. Ұлболсын жүгіріп шыққанда жаулар баласын қыл арқанмен шанаға байлап жатқан.

– Күндерің әлдеқашан өткен, сазайларыңды тартасыңдар әлі! – деген ашынған дауыс естілді. Түсі суық қарулы топ Құрманғали байланған шананы ортаға алып, шаба жөнелді.

– Апа– а, қорықпа, қайтып келем!– деген баласының даусы боран ызыңымен құлағына келді. Ұлболсын ана талықсып кетті.

Бүлікшілер Жайылғанға қайтып оралғанда түн ортасына жуықтап еді. Боран толастай бастады. Бекеннің кең корасының іші-сырты ерттеулі аттарға толып кетті. Құрманғали жайдақ шанада әлі керулі жатыр. Шана алдында қаптал күпісімен қонжиып Сәлмен күзетіп отыр. Үйден екі-үшеу шығып, жанына келді де, шырпы шағып, тұтқынның бетіне қарады. Жүзін қан жуып кеткен екен. Қол-аяқтары сіресіп ұйып, әрі тоңып қалыпты. Арқанды шешіп, қаз қойғанда тәлтіректеп кетті. Буындарын бекітіп, нық басып, үйге қарай жүрді. Ақ гвардияшы казактар қылыштарын жалаңаштап қоршап келеді.

– Тұтқынға жол беріңдер!– Қарқылдасып күлісіп жатқан ала-құла топ жымдай болды. Бетіне қан қатқан, қаһарлы жас жігітке сескене қарайды. Құрманғали ашық тұрған оң көзімен отырғандарды шолып шықты. Үнсіз топтың арасынан біреу есі ауысқан адамдай сақылдап күліп жіберді.

– Ойбай-ау, мынау Бошатайдың қанды балақ баласы Құрманғали ма? Жұртты тонап, қан қақсатқан қарақшымысың? Мұндай зауалдың барын білмеп пе едің?..

Құрымбайдың Әбдісі құстың басындай кішкентай басын шайқап, сирек қара мұртының арасынан мұжық тістерін көрсетіп қарқылдайды.

– Ойбай-ау, мынау қара тастай қатып қалыпты ғой, қап!– деп ұмтыла түсіп, кейін шегінді, ұруға бата алмады. Бекен Әбдіні ығыстырып, талақ бауырдай болып кеткен кескінімен алара қарап тұрып қалды.

Ақ казактар тұтқынды тінтіп, бәкісі мен белбеуін алды. Денесін сипалаған суық саусақтар қолтық тұсында сақтаулы құжаттарына жеткенде Құрманғали тінтушіні беттен салып жіберді.

– Арам қолыңды әрі тарт! – деді тістеніп. Ақ казак: жабыла түсіп, жұдырықтай бастап еді, атаман тыйып тастады. Тұтқынның бір топ документтерін Иванченкоға ұстатты. Былғары дорбаның ішіндегі әр түрлі куәліктерді ақтарып қызыл кітапшаны аударып көріп, бас шайқады да:

– Мә, керегің,– деп Бекенге ұсына берді. Бекен нақ б жалынға тосқандай қолдары қалтырап кітапшаны алды.

– Осы ма, нақ сол ма?

– Сол– сол, бұлардың құдайы да, иманы да осы,– де Иванченко. Бекен тістеніп:

– Солай де, Бошекең баласы, отпен ойнап жеткен жерім осы де. Халықтың қарғысы оңдырушы ма еді. Елге қанша қиян жасағаныңды сеземісің?

– Мен елге емес, сендерге жасадым. Кедей халықты қарғысы емес, алғысын алдым.

Бекен тұтқынның қанданған кескініне қарап, үнсіз күліп:

– Жалаң аяқтардың «алғысы» сені мына күйге әкелді, солай ма?

– Әкеле берсін, өкінерім – алдап түсірдіңдер. Әттен, қапы кеттім,– деп Бекеннің қолындағы партбилетіне күйзеле қарады

– Қой, шырағым, райыңнан қайт. Сен болсаң Бошекең жалғыз баласысың, Әкең ешкімге зияны жоқ адам. Қызылдар еріп желікпе. Бүкіл Ресей көтеріліп, оларды жоқ қылды. Пір болған Третьяков та қамауға алынды. Енді большевиктердің іде қалмайды. Онан да айтқанымды істе. Қасарма, қасарғанға пайда таппайсың!

Бекен қызыл билеттің шетінен шымшып ұстап көз алды тосты.

– Шынтуайттап келгенде менің жауым сен емес – мына осы қызыл кітапша. Жалғыз тілегім: топ алдында табаны таптап жоқ қылшы, өз қолыңмен құртшы, сонан соң кегі бітеді. Құрт, тапта, әйтпесе жарық дүниені көруің жоқ,– де Бекен партбилетті Құрманғалидың көз алдына тосты.

Тұтқын өзінің партбилетін жаудың қолынан жұлып алы кеудесіне басып тұра қалды. Осы арада казактар соққыла бастап еді. Бекен арашаға килікті.

– Сабыр, ойлануға мұрсат берейік. Ақылға келер, есті жігіт қой!

Боран толастай бастады. Жел тазалап кеткен аспанд жарқырап жұлдыздар көрінді. Аяз қатайыпты. Құрманғалиды

күрең аты шанада жегулі мүлгіп тұр. Кейде селк етіп жан-жағына қарайды да, құп-ку керме ағашты күрт-күрт кеміреді.

Құрманғали қимылсыз. Қыл арқанмен мойнынан малша байланған күйі сіресіп тік тұр. Қайырып жетекке байлаған жалаңаш қолдарын қимылдатады. Асығыс киіс салған қоңылтаяқ етікте пана жоқ. Бір жағынан шөл де алып барады. Шірік, бір жұтым судың мұнша қымбат екенін бұрын қалай білмеген.

Үйден біреу шығып келеді. Молда ала шапанын сусылдатып жақындай түсті. Келе жатқан адам емес, шұбар жылан сияқты. Мерт болған сұңқарға жылан өрмелей жылжып жақындап қалды. Айыр тілін сүйреңдетіп:

– Шырағым, қайсарлықты қой. Бекен ағанның айтқанын істе,– деді.– Одан келіп-кетер не бар. Кінәң кешіріледі, азаттық беріледі. Ойлан!

Құрманғали тас мүсіндей қимылсыз. Қарт әке-шеше, сүйген қалыңдық, жайсаң құрбылар көз алдынан тізбектеліп өтіп жатыр. Өмірдің не бір қимас қызықтары көлбеңдеп тұрды. Бәрі ғайып болды да, анасы қалды.

«Балам, мен сені әлдеқандай жолбикелердің табанына тапталсын, опасыздықпен қор болсын, жұртқа күлкі, қуыс кеуде болсын деп туғам жоқ»,– дейді.

Анасының тұлғасы зорайып, аспанмен таласып кеткендей. Қаралы жүзінен бір тамшы жас сорғалай жөнелді. Түнгі жұлдыз сауылдап ағып барады. Құрманғали селк ете түсті.

– Ал, шырағым, не дейсің?

– Жоқ, ешқашанда олай ете алмаймын!

– Ендеше, осылай қатып өле бер!– деп шұбар шапанды молда жорға жүріспен үйге қарай кетті.

Құрманғали тістенді. Байлаулы қолдарымен суық жетекті сығымдай берді.

Жарты ғасырлық ғұмыр артта қалды. Бұл күнде Бошеке де, Ұлболсын шешей де, Итемір де, басқа үлкендер де жоқ. Бекендер де келмекке кеткен. Жылдар ескіні тоздырып, жаңан тугызды.

Соғыс өрті күйдіріп өткен қара жерге күн нұры түссе, раушәк гүлі өсетіні сияқты аға буын орнына жаңа ұрпақ келді. Сондағ бала Сексенбайлар әйгілі диқан болды. Колхозды басқарды аудандық атқару комитетінің басшылығына дейін көтерілді. Олар да дүниеден өтті.

Бошекең үйі үлкен ауылдың ортасында, әке шаңырағына і Ахмәди бар, оның үлкен шаңырағы бар. Жас өрім Бошатаевті: – Талғаттар, Болаттар тағы басқалары өсіп келеді. Ақанның маңдайындағы қатпарлар қызығы мен қиындығы аралас өм жолы іспетті.

Ахаң Бошекеңнің өзіндей ширақ, Құрманғалидай ер көңілді Ұзақ жыл үлкен қызметте болып демалысқа шыққан азамат. Сталинградтан Берлинге жаяу барған Ұлы Отан соғысының ардагері.

– Апам,– деді ол көздері жасаурап.– Құрманғалидың оп болғанын естімей кетті. Бекендер «Балаң тірі, Иркутски жакта екен, міне, хаты»,– деп бертінге дейін алдап келді. Құрманғалидың өлімі жайлы білгендер анасына айтпады. Айтқан күнде де нанбас еді. «Менің Құрмашым өлуге тиіс емес. Жок, ол өлмейді. Көресің, ертең-ақ келеді»,– деп отыраты. Дәмді тамақ, тәуір нәрсе болса тығып, сақтап қоятын. «Балам деді өлерінде.– Құрмашты көре алмай барам-ау! Ерте ме, кеш пе келіп қалар. Сандықтың түбінде сақтап жүрген кітапшас бар. Жаулар ұстап әкеткен жолы ашулы қалған. Өзіне табы етерсің.– «Сұңқар туралы жыр...»

Қария ұзақ үндемей жатты да:

– Жок, ол өлуге тиісті емес!– деп үзіліп жүре берді.

ҚОС ҚАЙЫҢ

Қырдың үстінде замандар бойы құшақтаса, өріле өскен егіз қайың тұр. Түптері жуан, бұтақтары тармақты, тамырлары теренге кеткен. Дала желінен қаймықпай аспанға ұмтылған биік. Көз көрімдегі орманнан бұл тұсқа қалай келіп орныққанын білуші ешкім жоқ. Аспан айналып жерге түсердей сұмдық ыстықтарда қоймен аралас жатып, қойшылар саялайтын жапандағы жалғыз көлеңке бұл.

Өр бұтағы сырғауылдай сорайған алыптардың түбінде Қайыр мен Мәлике май болған үлкен темірді ортаға алып отыр. Жігіттің түбіттен бастаған мұртына шаң қонақтап қарая түсіпті. Мәликенің топ-толық бетіне керосин түтіні сіңіп жылтырап алған. Соқа тіркелген трактор үнсіз. Үлкен шойын доңғалақтары қара жерге тас табандап тоқтапты. Қозының елтірісіндей бұйра жыртындыда қарғалар ұшып-қонып жүр.

Жігіт апан ұяларын тазартып, қайрап отыр. Қушықтау иықтары селкілдеп зорлана қимылдағанда бетінен тер моншақтайды. Мәликенің күлкісі келіп кетті, «Жап-жас, бала десе де болғандай өзін» деп ойлады ол.

– Қайыр, маған берші өзін біраз изелеп көрейін, – деді білезікті қолдарын созып. Жігіт мұрнын бір тартып саңырау адамдай ісін жалғастыра берді. Клапан ұяларына керосин құйып ағатын ақпайтынын қарап алды да, қайтадан кірісті. Мәлике майланған қалтасынан күйеуінің хатын шығарып, ұзақ қарап отырды. Сағынғанда ауызба-ауыз сырласқандай болатын хаттың таныс жазуларына үнсіз көз жүгіртті. Хат қағазына май сіңіп жырымдалып біткен. Соңғы хаты оның. Хабарсыз кеткеніне біраз жылдан асыпты. Келіншек күрсінді. Небары екі-ақ ай отасыпты-ау! Жұбайлықтың өткінші қызығы да әлдеқашан ұмытылыпты. Көрген түстей жай бір елес қана. Қошайға тұрмысқа шыға қою да ойында болмайтын. Оқып жүрген, тіс қаққан жігіт оп-оңай ертіп әкетті де, үйіне кіргізе салды. Мәлике небәрі он жетіде ғана еді. Кейін қызды жақтаушылар сотқа беріп, Қошай «аллалап» құтылған. Әйтеуір Бошай ағасының беделі ғой.

Келіншек жасаураған көздерімен айналаға қарады. Дала рахаттана тыныстап жатыр. Күлімдеген көктем күні. Жер жыртып,

жан-жаққа айдап жіберген ақ бұлттар қалқиды. Көюкиек көгілдір сағым дірілдейді. Даланың сол тұсынан қуыршақтай саатты біреу бұлдырап көрінді де, сағым селіне тоғытылып кет Мәлике күрсінді. Жұдырықтай жүрегі кеудесін теуіп алас ұрл Жаксы хабар әкеле жатқан біреу болар ма дейді алдамшы көңіл

Қайыр баяғыша иықтары селкілдеп тұтқаны ерсі. қарсылы айналдырады. Темірлер арасында үгетілген қайр ұнтақтарының шықыры естіледі. Қайырдың қырдай желкесін тер тамшылайды. Мұрнын тартып қойып тағы да керосі құйып көреді. Мәлике шалқайып күнге қарады. Күн сыбди қакқан балауса жапырақтардың арасынан наздана сығалайды

– Әттеген-ай, кешігіп қалдық, моторды жинағанша қ заман, әкелші бері!– деп қол айналманы жігіттен жұлып ал да, салмағын салып изендей берді. Қайыр жеңімен бетін сұрт отыр. Мәлике жұлынып шапшаң қимылдаулы. Бір кезде тоқт терін сұртті де, теріс қарап отырған жігіттің мықынын шымшып алды. Қайыр шоршып түсті. Келіншек күлкіден ө жаздады. Күлгенде аппақ тістерін маржандай жарқыраты күледі екен. Екеуі қосыла күлді. Осы арада дөңге шоқыты шыға келген Бошай басқарманы көріп тыйыла қойыст Мәлике лекіте келген дәу жиреннің жалпақ омырауына саза қарады. Бошай басқарманың келте мұрты қисайыңқыра кескіні кетінкіреп ат үстінен дауыстады.

– Уа, бұл не жатыс, тың жырту ма, босқа көлеңкелеу ме?

Мәлике тұлымын орамал астына жасырды.

– Трактор сынып қалды. Клапандарды егеп жатырма Таңнан бері он айналып едім, ақыры мінекейіңіз.

– Тартпайтын орны бар, ескі трактордың тың көтеру шамасы келе ме? Уақыттың өтіп бара жатқаны мынау. Көктем егісті кешеуілдеткенің үшін алдымен бригадир сен жау бересің, білдің бе?– деп қамшылы қолын сермеп қалды.

Қайыр белін жазып, маңдайын сұртті.

– Отағасы-ау, бұл техника емес пе? Ескі дүние жамас жасқап дегендей...

– Сендер ғой, тың жыртамыз, тың жыртсаң астық аламы тың-тың деп өңештедіңдер келіп, тындырғандарың қа тракторлар қаусап бітті. Барлық тракторлар тұр. Сен болс осы жақты айналсоқтайсың да жүресің. Қазірден бастап та Мәлике өзі де істейді.

– Қайнаға-ау, головканы жалғыз орната алмаймын ғой.

– Орнатасың, бригадирге басқа тракторлар да бар, әйда, тарт қазір!

Бошай осылай деді де, жиренді орай шықпыртып шаба жөнелді. Күнге қурап ескірген сұр шіләпісінің ернеуі желпілдеп барады. Қайыр саскалақтап кара терге түсті. Шоқайып отырып алып изендей берді. Мәлике ту сыртынан күлімдеп қарап тұрды да, сакиналы жұдырығымен шүйдеден бір түйді. Сонан соң еңісте далақтап бара жатқан Бошайды нұсқап:

– Анау не деп кетті, ұқтың ба сен, ұқтың ба деймін?– деп қос қолдап қайыра жұлқылады. Жігіт жап-жас, бейкүнә кескінмен алабұртқан келіншекке қарап иығын көтерді.

– Әй, осы сенің темірден басқа ұғар тілің бар ма? – деп Мәлике күлкіден буыны құрып, құлай түсті. Жапырынды бетегенде етпеттеп алып күле берді. Бетін жас жуып тұр еді.

– Жетті, болды, бұл қараң қалғырлардың қай тоқтамағаны бар, орнатыс та жөнел осы жерден, тап қазір!– Долданған Мәлике ауыр темірді жерден көтеріп алды.

– Тұра тұр, тоқта!– Қайыр жармаса көтерісіп күн қыздырып қайнап тұрған трактор үстіне қойды.

– Түсті ме орнына?

– Түсті.

– Енді жөнел! Жөнел деп тұрмын ғой саған!

Қайыр иықтары қушыып, таяқ жеген баладай жалтақтап қарап барады. Мәлике оны аяп кетті. «Не жазығы бар, мүлдем бала ғой әлі. Қайнаға жігіт деп жүр-ау мұны» – Әй, Қай– и– ыр, соңыра айналып соғарсың!

Жігіт дөң асып кетті. Мәлике ауыр кілтті сығымдаған қалыпта тұр. Көңілі құлазып, жалғызсырап кетті. Дала желі шалқи соғып, егіз қайыңның сансыз жапырақтарын шулатып азынап қоя берді, дала бетін мамық канатымен желпіп, жасыл бетеге, ақ селеуді толқыта шайқап тербей бастады. Дөңнен әрі қызып, күйіп жатқан бұрынғы жұмсақ жыртындының бетінде құйын дөңгеленеді. Құйын боп-боз ұлпа құйрығымен егістік үстін ұйпап, айналақтап кезіп жүр.

Мәлике шашылып қалған тракторын жинап қалпына келтіре берді. Тез бітті дегеннің өзінде күн еңкейе жинап болды. Енді от алғызу – қияметтің өзі. Бар күшін салғанда тұтқаны жарты айналым ғана жылжыта алды. Мотор үн қатар емес. Қолдары

қалтырап білектерінен әл кетті. Батуға беттеген күннің са сәулесі тер жуған кескініне киялай төгіледі. Келіншек 6 қайратын жинап бұрап қалғанда тұтқа кейін серпіп ұшыр жіберді. «Қараң ғана қалғыр, қу темір-ай! – деп қайы жармасқанда Қайыр ұстай алды.

– Жеткенім осы болды, Мәлике, қазір жүргізіп берей Ойбай-ау, аузыңнан қан саулап кетті ғой! – деді ол қалтасы карманып. Мәлике ұйыған қанмен бірге тісінің сынығын түкірі тастады. Қайыр аппақ қол орамалын келіншектің аузына басы шапшаң сүрткілей бастады.– Қап, мертігіп қала жаздағаның қарашы, ештеңе етпейді, тыйылады, қазір-қазір... – деп ұялы қырап күбірлеп өбектеді.– Зажиганиясы дұрыс болмаған екі Қазір бәрін де жөндеймін.

Қайыр екпінмен зырлатып жібергенде мотор от алды.

– Айналайын-ай, еркексің ғой өзің, жігіт екенсің ғой!

Қайырдың кескіні ду ете қалды. Мәлике қайталап к түкіріп тұр.

– Аузыңда өлі қан бар, Үйге барып дем ал, мен жүрейін с үшін!

-- Жок, өзім жүремін!

Қақалып-шашалған қашау доңғалақты ескі трактор к тоқтады. Күндегісі осы бұл шіркіннің. Трактор кейітті ек деп жаси қалған Мәлике жок. Білезікті қолдарымен рөлді тас табандап ұстап, кейінге жалтақтап қарайды. Селеулі қат қыртыс аударылып жап-жасыл далада қара таспа жыртын; қалып барады.

Қайыр Мәликені шығарып салып, еңкейіп қалған күн астына қарай жылжып кетіп бара жатқан жалғыз трактор қарап көп тұрды. Аузынан қара қан ақса да мойымайтын өж кескіні елестейді. Кір шалмайтын аппақ тістерінің текке сыны кетіліп қалғаны өкінішті. Мәликеден басқа біреу құдайды баскарманы, соғысты қарғап даланы шулатар еді. Аузы қан жиналған сайын өршелене түкіріп тастап, дағдысын шапшаң, шымыр қимылдап, құлшына кіріскенін қайтерсің. (жұрттай емес, мүлде басқа...

Сұмдық үлкен қызыл күн орман төбесіне иегін сүйеп тұрды да, төмен түсіп бара жатты. Күн сәулесі жұлықтағ ақша бұлттар жарқырап нұрланып тұр. Сайқылға бозғы шық үйірілді. Алыста, сонау Шиелі жақта трактор гүрілі ес

леді. Шалқардың арғы бетінде Бағила мен Сәлималар да жер жырттып жүр.

Бригадир мандай терін сұртті. Біреу көздерін баса қойды. Жұп-жұмсақ алақандарымен көз шарасын қысып, басын бұлтартар емес. Сабын мен әтір иісі мұрнына келді. Саусақтарын ұстап көріп:

– Зібирасың ғой, жібер енді жібер!– деп жалына бастады.

– Сүйген қызыңды айт, әйтпесе босатпаймын! – деді сықылықтап. Қайыр әбден сасқалақтады.– Кім деймін, кім?– деп Зібира көздерін қыса түсті.

– Ешкім де емес жібер!

Зібира асылған бойы күліп отыра кетті.

–Келсейші, дем алайық, жұмыстың шеті-шегі болмай кетті. Шалқардың бергі даласын саржандап шықтым. Аяғым талып, әбден болдырып қалғаным.

– Сеніңше қалай, өзге жұрт шаршамай жүр дейсің бе? Қарашы, көлік соқалары әлі тоқтаған жоқ. Таң біліне кірісіп еді. Жылдай күнде аяқ суытуға уақыт таппаған адамдардың халі нешік?– деді алакеуімде іркес-тіркес дөң асып бара жатқан көліктерді нұсқап.

– Жұрттай сірі жанды емеспін. Көп жүрсем тізелерім талады,– деп Зібира торғын көйлегінің етегін желпіп тастады. Әтір мен тер сіңген қамшат бөркін шешіп, күрең бұрымын желкесіне орағыштады.

Қара көлеңкеде кескіні әлгінде ғана батып кеткен күндей дөңгеленіп нұрланып тұрды. Ошақтай қызыл еріндерінен жоғары кішкене мұрны шошайып көрінеді. Қоңыр көздері қаһарлы құштарлықпен тұманданып кетіпті. Қайыр тіктеп қарауға бата алмады. Екеуі де үнсіз.

Маң даланы күнгірт іңір басты. Тракторлар гуіліне саздағы құрбақалардың шуылы қосылып ың-жың. Жарықтар ақырын жылжып дөңнен әрі асып түсті. Жап-жақыннан бөдене дыбыстады.

Зібира тым жеңілденіп кеттім бе деп беті дуылдап қоя берді. Киіктің асығындай сүп-сүйкімді жас жігіттің селт етпейтін маубастығына таңданып үнсіз отыр. Зібира күрсінді. Етті-жеңді денесін жігітке қарай бұрып денсаулық пен балғын жастықтың белгісіндей жұп-жұмыр, аппақ саусақтарын қарамайлы қолдардың үстіне қойды. Аты жоқ саусағында лағыл тас

орнатқан алтын жүзігі көз тартады. Жұп-жұмсақ, ып-ысты алақандары жүрегін қытықтағандай еді.

– Қайыр, деймін, сен өмірде біреуді сүйіп көрдің бе?– д жакынданқырай түсті.

– Жоқ, ешкімді де...

– Ешкімді де деймісің?

Зібира Қайырды өзіне қарай тартып білегін мойнына ор қысып алды. Мұны көріп Бошай басқарма жалт бұрылды Қаны басына шауып, жүрегі алас ұрады. Былай шығып алғ соң атты аяңға түсіріп салбырап ойға кетті. Ұлы да, қызы да осы жалғыз Зібира болған соң бар игілікті соған тілеп, қолын келген жақсылықты соған жасады. Үлкен ғалым етпек е, Окуды тастап кетті. Ел басына күн туғанда соқа айдай алмад Тракторға жіберуге обалсынды. Таза жұмыс қой деп бригада есепші етіп қойды. Есепшілікті де дұрыс атқармай жүр. Ж өлшенбей, еңбеккүн жазылмай, жұрт шу шығарады. Әйтеу бастықтың жалғыз қызы болған соң халайықтың аузы құм құйылды. Бошайдың арманы жақсы күйеу бала тауы қолына кіргізу еді. Бұйырғаны осы таза жетім Қайыр болған ма? Атаксыз тұқым, тәрбиесіз ұл. Бірақ келешегі бар мам Тракторды да, комбайнды да ұршықша үйіреді. МТС брон бекерге қалдырып отырған жоқ. Қолынан іс келетінін бі алып қалды. Иә, сөйтті. Басқа еркек болмаса қыз-келіншект соған қырындамағанда қайтеді. Бірақ...

Аты сүрініп кетіп омаката құлай жаздады. «Ой, қартаң шірігі деп сарыбас жыланның басындай сүйір басына камшымен соғ қалды. Жирен аспанға тік шапшып құтырған малдай астан-кест болды. Бошайдың сұр қалпағы ұшып түсті. Сескене қырынд ойкастаған аттың үстінен қалпақты еппен іліп, ашуы тарқама Бошекең жиренді тағы шықпыртып, текіректетіп алды. Соң соң кара жердің қыртысын қопарып бара жатқан Мәлике тракторына көпке дейін еріп отырды. Келіншек бұрылып карамады. Әлсіз саусақтарымен рөлді сірестіре ұстап, тұла бо темір құрсанған шабан «мәстегін» айдай берді.

Түнгі далаға салқын шық түсіп тұр. Бошай сұмдық ойлар бір сәт аластап, ой біткеннің бәрінен безіп түңілгісі келсе қайтадан жалғасып қинай түседі.

Көңілсіздік пен мұң басып, жүрегі сыздайды. Қан ұмытқысы келсе де ұлсыз, ұрпақсыз қалуы Бошекеңнің жан

жай таптырмайды.. Тағы да көп-көп ойларға малтықты. Хабарсыз кеткен інісі Қошайды, мына жесір қалған келіні Мәликені ойлады. Шынымен-ақ біреудің бөктеріндісінде кеткені ме? Түтін түтетіп отырған бір шаңырағы еді. Енді соның құлағаны ма? Қошайдың шаңырағына, мал-мүлкіне біреуді ие қылғызып қойып, қалай шыдап жүреді?

Бошекеңді Үрия да сарыла тосып отырған. Атасынан қалған мес қарын жез самауыр кейде сөніп барып, қайта тұтатылып ызындай берді. Үрияның шабдар кірпіктері дымқыл тартып ерте әжімдене бастаған болбырақ бетіне нақақ жастың сортаңы қатыпты. Оңашада өткен ғұмырын мол шарлап қалжыраған түрі бар: байдың қызы болатын. Конфиске кезінде қосылды Бошайға. Үрияның әкесінің үйін күзетуге жіберген комсомол Бошаймен бір түні тайып тұрды. Содан Қарағанды кенінде жұмыс істеп, көп жылдар шетте жүрді де, соғыс алдында елге оралған. Өмір көрген ысылған азаматым деп ауыл Бошайды басқарма сайлады. Басқарма сайлағанымен колхоз жайын жыға түсінбейтін Бошекең көпшіліктің көмегімен, әйтеуір, істеп кетті ғой. Ұққаны тек айғайды көбейтіп, жұртты іске дамылсыз жұмылдыра берсе, жетіп жататын сияктанған. Үрия болса, жасынан тоғышар қалпымен үйде отырып қалды. Баланы көп тауып, қатын азабын тартқан кісі емес. Небәрі үш құрсак көтерді. Екеуі ұл, біреуі қыз. Ұлының үлкені жасында өлді де, кішісі он бестерге тақап, шахта ауласында апаттан қаза тапты. Қара көктеніп күйіп кеткен ұлын үйге көтеріп кіргізгенде шеше бейшарада не жан қалды дейсіз?! «Құлыным-ау, жап-жаңа, аман- есен үйден шығып едің ғой!»– деп талып түсті. Тәуліктеп ессіз жатқанда осы бір сөзді жаңылмай қайталап айтумен болды. Содан бері мына жарық дүние, кең әлемнің ауасы Үрия үшін тарылып, талықси беретінді шығарды. Баласының оқыған мектебі, жүрген жерлері көп қорымның арасында томпайып қалған қызыл сары шағын қабырын көрген сайын қайғысы жаңарып, халі төмендей берді. Ақыры бір күні:

– Кетейік мына қасіретті жерден, мен десен елге барайық,— деп күйеуіне жатты да жабысты. Бошай жап-жақсы шахтер еді. Жұрт алдында абыройсыз болмайтын. Жалынып жүріп жұмыстан босанды да, тәуекел деп елге тартып отырды.

Басқармалық Бошайды жұмысшының сыпайы мінезінен біртіндеп айыра берді. Енді бұл ашуланшақ, жөнді-жөңсіз

айғайға әуес, ұрда жық мінез шығарды. Әсіресе, Үрия салқын тартып бұрынғысынша емірене аяламайтын, ая ардақтамайтын болды. Аң араласқан келте мұртын қисайты үйге бұлдана келетін, жаны киналып жүргеннен деп ұқта Үрия. Шамасынша айтқанын екі етпей, аяғынан тік тұрды. Бошай үйде аз болды. Таң қылаң бергеннен кетеді де, түннің бір уағы өткенде оралады, Үрия кешкі асты әлденеше ысытысамауырға шоқты әлденеше салып, мұнды ызыңына ұзақ құлақ қойып қалғып отырады. Мұндайда қай- қайдағы ой келіп, өткі өмірі көзіне елестейді. Омырауын жас жуып, шерлене түседі.

Анығында Үрия қайғыға деп жаратылған жан ба дерсің? Ел оралғаннан кейін бойы өсіп, ербиіп қалған кейінгі ұлы Серік: онжылдық бітірген соң, әскер қатарына шақырылды да, екі-үш айдан соң, әскерге жөнелтілді. «Иә, жөнеліп барамыз» деген хатынан соң көп ұзамай әскерге «хабарсыз кетті»— деген қағаз қолдарына тиді.

— Құдай-ау, жұртым-ау, менің жалғызымның жоғалатын орны барма еді?— деп зар какты Үрия..

Иә, оның жоғалатын орны жоқ еді. Майдан шегіне тақ келе жатқан эшолондарды жау бомбалаған жолы апаты ұшырады. Бірақ Үрия үшін ұлы бір жерде тірі жүргендей, бір сап етіп келіп қалатындай көрінеді де тұрады. Сөзінің мақал «Серікбайым келгенде» дейді, Серікбайдың сөзсіз келетінін жыға сенбесе де сөйтеді. Осынау қат қабат қайғылар онсыз жұқа жүйкесін онан сайын жұқарта түсіп, күйрек, ашуланш: етіп жіберген.

Бүгінде соншалық бір күйзеліс үстінде еді. Сырттан дүбірі естілді де, кешікпей қос байпақ етігін күрпілдете басы Бошай кіріп келді...

Бошайдың кескіні сәл күлімсіреп ұяла, қысыла қарағанды еді. Ашу мен әпербақан мінездің жұрнағы да қалмаған.

Үй қожасын ұзақ күтіп түтіндеп кеткен ондық шамның күнгірт жарығы астында Бошай мен Үрия шәй ұрттап отырды. Көптен ерлі-байлы болып күңкілдесе кеңескендері е, Бошайдың иі жұмсарып, егін жайын, соғыстың барысын кең қылды. Туыстарын айтып көзіне жас алды. Сырттай қаһарлы көрінгенмен, бір босаса бордай егілетін жасықтау адам болаты.

Ерлі-байлы адамдардай төсекте жатып Бошай сөз бастады. Бастамас бұрын қатынды өзіне қарай тартып айналап, арқада қағып:

– Үрия, ұрыспасаң саған айтарым бар, – деді.

– Айта бер, неге ұрсайын, – деді әйелі.

– Айтсам...– ден тамсанып біраз бөгеліп: – Шахтадан елге алып келген өзің едің ғой, рас па?

– Иә, ымм– мм.

– Осы бейнетке сен үшін түскем. Шахтада болсам арнаулы сағатымды істеп, шалқайып жатпаймын ба? Күні-түні дамыл жоқ, абырой да жоқ, бая-шая біреу болдым да шықтым. Мұнан да соғысқа кеткенім жақсы. Қошай мен Серікбайдан жаным ардақты ма? – Осыдан кейін Бошай ұзақ үнсіз қалды. Тар кеудесінен қалтырай шыққан демін тыңдап Үрия да күрсінді.

– Қайран қайным, Қошайды айтам, ақ жаркын еді ғой! – деді.

– Нелер ақ жарқындар кетпей жатыр. Өспеген тұқымбыз.

Қошайды пәшіс өлтірді. Шанырақ ұстар еркек кіндік екеуімізде де жоқ. Мұның арты құрыды деген сөз.

Ерлі-байлының ауыр күрсіністері естілді. Алыстағы ай терезеден сығалап төр алдына төрт бұрышты жарығын түсіріп тұр. Қиялай төгілген көгілдір сарғыш жарықта уақ көбелектер мен шіркейлер ұшып қонады. Ай сәулесі дірілдей толқып көп тұрды. Ерлі-байлы екеу шала жарық бөлмеде үнсіз. Бошай бір кезде басын көтеріп насыбай атты да, іргеге шырт түкірді. Сөйтті де аласа терезеден шалқайып айға қарады. Ай дүниеде ештеңе болмағандай бейбіт қалыпта тарғыл бұлттардың тұтқынынан шығуға бұлқынып, маңып барады. Сыртта бапылдап иттер үрді, әтеш шақырды. Бошай күрсінді.

– Қатын-ай, ұйықтаған жоқпысың?– деді бір кезде.

– Жок, ұйқы қайдан келсін, – деді анау кеспектей дөңкиіп жатып.

– Қатын-ай, саған айтар бір сөз болып тұр-ау. Айтуға да қиын, айтпауға да болмайды,– деп басына қарай шоңқайып отырды. Бошайдың осы отырысы – үмітсіз науқастың иманын үйіруге ыңғайланған дүмше молдаға ұқсап кетті. Ол ұзын қолдарымен жер тіреп қатынының бетіне үңіліп, оны өмірде бірінші көрген адамдай тесіле, шошына қарады.

– Қатын-ей, Үрия-ей,– деді.– Сен білесің ғой. Ағайынды екеуімізде де ат ұстайтын ұл жоқ. Соғыс болса мынау. Ертең кезек маған келсе қайтем?– деп бір тынды. Үрия күйеуін қатты аяйтын еді. Осы жолы да дөңбектей болып бері аунап түсіп, шоқиып отырған шағын денелі Бошайды өзіне тартып, көрпесіне кіргізіп алды. Арқасын сипап жатып:

– Зібираның әкесі-ау, мен не істейін? Ұлдарды табу таптым. Құдай қоймады. Ат ұстайтының болмаса, атың атайтының бар ғой, қанағат етсейші! Мүмкін Серікбайжан т болып бір жерден шыға келер,– деді тұншыға сөйлеп.

– Әй, білмеймін-ау. Үміт үзіліп тұр ғой. Қыз бала деген ер біреудің адамы... (Бошайдың көзіне қос ағаштың түбінд көрініс елестеп кетті).– Солай, біреудің адамы,– деп мінгірле

– Біреудің адамы болса да, ол сенің балаң.– (Үрия е сактана – сөйледі).– Не айтпак едің, жұмбақтамай турас айтшы, тоқал алмақпысың өзің?

Бошай бар қайратын жұмсап:

– Иә,– дей салды.

– Кімді?

– Кімді болушы еді, Мәликені. Жатқа кеткенше... Етегің жарылқаса ұлды болармын.

Бошай осылардың барлығын шапшаңдата қинала айт сұрапыл соккан шірік ағаштай қалтырап кетті. Үрия бұғақты ие көгере төбеге қарап жатқан қалпы үндеген де, қозғалған да ж Көздері жұмыла берді. Жеті түнде жанжал салуды ерсі көріп, үн жатты. Ертеңінде кеудесі қысып, талмаусырап қалды. Үйде еш жок болатын. Терезеден түскен жарық қызғылт күлгін тартып, л алды ұшқын шашып қоя берді. Жастыққа қисайғанын біледі.

Мәлике пеш жанында талықсып жатқан Үрияның үстің шықты. Үлкен кеудесі көріктей қозғалып, қырылдай дем ал жатыр еді. Шошып кетті.

– Апатайай, не болды? Құдай-ай, не жазып едім! – л зар қақты. Ащы дауыстан көзін ашып алған Үрия шабд кірпіктерін найзадай қадап Мәликеге қарады да, қайтад талып қалды. Мәлике май сінген киімдерін ауыстыруға шамасы келмей құдыққа жүгірді. Құдық едәуір жерде болат Өкпесі өшіп жеткен бетте мұздай суды Үрияның жалпақ бет бүркіп жіберді, тағы бүрікті. Науқас көзін ашып, мәңгі бол көп жатты да, есін жия бастады. Әуелі басын көтеріп теңсе отырды. Бетінен тер құйылып үкілей берді.

– Айналайын-ай, Мәкенім-ай, рахмет өзіңе, сен болмаған өліп те кетер ме едім,– деді Үрия.– Шәй қойып жіберші, сус кеттім ғой. Екеуіміз отырып шәй ішейікші бір.

– Апатай-ай, шәй қойып берейін. Бірақ ішіп отыруға уак жок қой. Трактор егістікте тоқтап тұр. Шеберханаға келіп ед

жүгіріп. Үйдің амандығын біле кетейін деп сокқаным еді. Ағатайым тағы ұрсады ғой,— деп әйгілі торсық самауырды сыртқа ала жүгірді. От жағып, ыдыс жуып, су әкеліп дегендей, аз ғана уақытта көп іс тындырды да;— Ал енді мен кетейін, кешке келем ғой,— деп жас қыздарша секіріп басып, шығып кетті.

— Айналайын-ай, әлі тіпті жап-жас қой, бойжеткен десе де боларлық.— Үрияның іші елжіреді, Мәликемен анықтап кеңесуге құмартса да, келіншек қолына түсе қоймады. Көктем егісінің қауырт кезі.

Арада бір апта өткенде барып үйге бас сұқты. Аласа терезеден батып бара жатқан күннің қызғылт шеңбері көрінді. Батыста қоңыр бұлттар төніп тұрған. Осынау бір көңілсіз бейуақта үйде отыруға дәті шыдамаған Үрия кебісін киіп далаға шығуға камданған еді. Мәлике кіріп келді. Үсті-басы май. Бетінің қаралығы сонша көздерінің ағы мен кір шалмайтын ақ тістері ғана көрінеді.

— Апыр-ау, Мәкен-ау, не болып кеткенсің өзін, алда-ау, кескінің қалай қап— кара!— деп таңдана күліп, келіншекті құшақтап жатыр.— Тез жуынып, киімдерінді ауыстыршы, не болып кеткенсің өзін?

Үрия шайқалақтай басып, шәй демдеуге кірісті.

— Жалғыздық құдайға ғана жарасқан депті ғой. Әбден зерігіп кеткен соң далаға беттеп едім. Қазір тіпті көңілденіп қалдым,— деді апайтөс көкірегін кере дем алып.

Самауырды ортаға алып екі әйел отыр. Мәлике жуылған шашын қыздарша жылтыратып өріп алыпты. Кескіні жайдары, жастық, жарастық тапқан. Онысын неге жорырын білмей Үрия дал. Шалына қырындағаннан бүйтіп отыр ма деуге аузы бармайды. Қайткен күнде де бітеу жаранын аузын ашып алу керек сияқты. Сонда не дейді оған. Бошай айтқан сұмдыққа Үрияның аузы бара ма?

— Мәкен, мен бір сыбыс естимін. Қате болса обалы айтқан адамға. Сен осы анау бригадир кайнымды ұнатады деп жүр ғой,— деді Үрия кесені үш саусағының ұшына қондырып алып.

Мәлике қызарған да, қысылған да жоқ, жәй ғана сықылықтай күліп:

— Көңіл шіркіннің ұнатқаны әркез бола бере ме? Құр ұнатқаннан не пайда, селт етпейтін түйсіксізге кезіксе,— деді.

— Сонда қалай, тұрмысқа шыққың келе ме? Мәликенің қабағына қайғы бұтты орала кетті. Үлкен мойыл көздерінің

шарасы суланып, ауыр күрсінді. Сыртына теуіп тұрған қанары көтеріліп басылды. Кесесін жерге қойып, қарашығы бір нүктеге қадап отырып қалды. Батып бара жатқан күннің шапағы тершіген бетіне түсіп тұр.

– Апатай-ай, сенен несін жасырайын, жалғыздық баты барады. Өлінің беті әрі, тірінің беті бері. Келмеске кеткені жылаған көз – зая. Жаспын ғой, өмір сүргім келеді. Бақыт ізде аласұрған жүрегімнің әмірін екі ете алар емеспін. Сөксең де мейлін... – деп бір тынды.

– Сонда қайтпексің?

Мәликенің беті дуылдап кетті.

– Қайыр елдегі жалғыз жігіт болған соң ба, әлде өзі соншалық сүйкімді ме, жанымдай жақсы көрем. Бірақ есік көрген, қайтсін ол. Менікі босқа азаптану шығар... Осылай деді де кесені қоя салды. Жып-жылтыр бетін сызып жас моншақтар домалап түсті.

– Айналайын-ай, – деп еміренді Үрия. – Ол қайным қолым түссе мойным бұрап берейін!

– Жоқ-жоқ, айтпаңыз, ештеңе деменіз...

– Айтқанда түндігін тіліп айтам, білдің бе?!

* * *

Үрия Қайырды көшеден шақырып алды. Амандық-саулықта тамамдаған соң:

– Қайным, өзің соқталдай жігіт болыпсың ғой! – деді.

– Әбігер заманда адам ер жеткенін де аңғармай қалса керек деп күлімсіреді Қайыр.

– Айналайындар-ай, мандайларына берген бір уақыт қол Оқу оқып, білімге ұмтылатын кездерінде шаруа салмақ мойындарына түсіп бейнет көрдіңдер. Әлі бәрі де бір күнгіде болмас, – деп жігіттің жүдеу кескініне қарады.

Қайыр жүзін төмен салып, қалың қастарын қозғай берді. Үрияның түтіні оңынан шығып, қызымен арасындағы қатынасты жандандыра бастайтындай көрінді. Шешесін айтып қоймағанына кім кепіл. Енді Үрия төтесінен тарты «қызымды алып тын, әйтпесе сауданды бітірем» дер ме екен. Онда не айта алады бұл. Тана ма, өлде «бәрекелді, алайын» де ме? Қуғын жеткен қорқау қасқырдай сасқалақтап Қайырды берекесі кетті.

Үрия сары табактай жап-жалпақ бетін бері бұрды. Кескінінде бейкүнә күлкінің нышаны бар, көзін сығырайтыңқырап:

– Білем, бәрін де білем,– деп қалың еріндерін ашып ешкі тістерін көрсетті.– Үрия жеңгең де сендердей жас болған. Біздің Мәлике келінмен әуейленіп жүргенінді екінін бірі айтады. Байы фронттағы қатынды шырағым... бас кететін жұмыс. Балалы болып қалса қайтесің? Қошай қайныма келген кара қағаз жалған болып, күні ертең жарқ етіп өзі келіп қалса қайтерсің? Сені шыбындай жаншиды білдің бе? – Үрия пұштіған мұрнын тартқылап алып сөйлеп берді.– Сенімен атағың шықты екен, қайным Мәликені келсе де алмайды. Келіншектің соңына жаман атақ жапсырып отырсың. Сен оны енді қалай да аласың. «Кіммен кара болсаң, сонымен – ақ бол» деген, шырағым!

Қайыр, қап– кара кекілі көзіне түсіп төмен қарап отыр.

– Жеңеше, бәрі бекер,– деп міңгірлей берді.– Кейін сөйлесейік, кейін... Қазір уақытым жоқ!

Құйынның ішінен шықкандай есеңгіреп жігіт кетіп барады, Кескін– сиық қалмаған.

«Мәликені аласың», – дейді қырылдап. Онымен дозақ отына түсуге бармын ғой. Қапылыста Зібираға кездесіп қалып Мәликенің қоңырша назды кескіні мен Зібираның тұрпайылау, өжет қылықтары елестейді. Мәлике ақылды көзімен аялап елжірей карағанда ішкі дүниене күндей жарқыраған сәуле түсіп, жан жадырап сала береді. Көздерін бір ғана жарқ еткізгенін бар ғаламның алтынына айырбастамас еді. Көз – адамның ішкі сыры көрінетін айна екен ғой. Ауызбен айтуға батпаған махаббат жырларын көз сайрап айтып қояды екен. Солай.

Қайыр жүріп келеді. Ой әр тарапқа кетіп басын қатырды. Анығында, ол жарытымды ештеңе ойлап та келе жатқан жоқ, жай ғана есеңгіреп келеді. Бір ағаттық өтті. Қалай болғанын өзі де біле бермейді. Бір ауыз сөзге келмей баурап әкеткенін қайтерсің? От болын жанған ыстық білектерін мойнына орап алғанда бұлтаруға халі болмай қалды. Тұла бойынан жастық жалыны лаулаған, әтір иісі, қыз иісі аңқыған Зібираның батыл кимылы Қайырды жылан арбаған торғайдай тартып әкетті де, әлдеқандай мағынасыз сөзсымактарды күнкілдеп айта берді. «Мен де сені сүйем» деген сөздер қат-қабатта аузынан шығып қалды. Бірақ сол сөзінде шындықтың ізі де жоқ екенін енді сезіне бастағандай. Шешесіне аумай тартқан апайтөс сары қыздың

орынсыз күлегештігі ме, көзсіз батылдығы ма, еңбекке еңж тоғышарлығы ма, әйтеуір, бір мінезі ұнамайтын сияқты. Кейсі қылықтарына елжіреп жақын тұтқанымен, жүрегінде оған дег ыстық сезім тым аз. Бірақ «сүйем сені» деген сөзді өзгерті «сүймеймін сені» деп қалай айтпак. Сүймейді екен несіне әу етті? Алдаудың арты қорлау емей не? Азаматтық ожданын қай сенің, Қайыр! Өзіндей жігіттер Отан үшін жаумен жағаласі жүргенде ауылда қыз-келіншектерді аңдуға қалып па едің? Жі жоқ, абзалы, ешқайсысына да үйленбеу. Үйленбейді.

Ой деген бір түпсіз дария, тереңіне батырып әкете бере. Қаршадай күнінен балалар үйінде тәрбиеленіпті. Сонда оқи жетіжылдық бітірген соң механизация техникумына түсі механик мамандығын алды. Механиктік дипломды қолына ұст шыққанда соғыстың басталғанын естіді. Естіді де, көппен бір майданға сұранды. Алғашқы бетте оған жол тимеді де, МІ қарамағына механик болып істеді. Жұмыс сағаты да жоқ, норі мен мөлшер де жоқ, майдан үшін күн-түн еңбек етті. Тәулікті ұйықтамаған күндері болды. Жөнделіп жатқан комбайнннн моторы түсіп кетіп, сан жілігі сынып екі-үш ай ауруханада жатт Ауруханадан асығыс шыққаннан ба, көп уақыттар ақсап жүр. Майданға аттануға дәрігерлер рұқсат бермеді. Енді тәуірм дегенде бронға қалдырды. Жаумен жағаласатын жап-жас жіі осылайша ауылда жүр. Военкоматқа соңғы барғанда ашул комиссар кабинетінен қуып шықты да, қайтып беттей алмады.

– Бригадир Қайыр Құлахметовтың бригадасы тракт жұмыстарының жылдық жоспарын асыра орындады, 2і гектар тың жер жыртты. Сол үшін мақтау грамотасы беріледі деп МТС партком секретары Мұхитов қолын қысқаны жақын, еді. Көпшілік дүркірете қол соғып жатты.

– Жауды ақырына дейін жеңу үшін аянбай еңбек етем! – д мінгірледі ол ескі құлақшынын сығымдап тұрып. Өзі солдатты жаумен жағаласып жүрмін деп ойламаған еді. Мұхитовтың сөзі қарағанда, әжептәуір іс тындырған екен ғой. Солай... «Жі мен жұмысты бұдан әлдеқайда жақсы істеуге тиістімін. Піш наұқанын жүргізе отырып, жер жыртуды тоқтатпаймын. Жа жердің бір гектары, ескі жердің бес гектарының өнімін береді еке Пар жырту тағы бар. Егіннің бет алысы мынау жайқалып тұр.

Қайыр бидай танаптарын бойлап асыға басып келеді. Ә айналған ыстықта көгілдір сағым дірілдейді. Сағым селін кеш

жақындай түскен жалғыз тракторды жыртынды басында тосып алды. Трактор кілт тоқтады да, моторды сөндіре салды. Күн күйдірген орындықтан түсуге Мәликеге болысу үшін Қайыр қолын соза беріп еді, келіншек өз бетінше секіріп түсіп, доңғалақтың көлеңкесіне отыра кетті. Аспанмен астасқан ақ селеулі даланы қак айырған жыртындыда кара қарғалар шұқынып жүр. Жыртынды аз жырту қиын, мотор қызып тартпайды. Оған қарап жатқан Мәлике жоқ. Күлкі арылмайтын жап-жас жүзінде кейістік бар. Науқас адамдай еңкіш тартып жүдеп қалыпты. Жүрекке шок тастайтын жарқ еткен кара көздерін төмен салып, ып-ыстық темір доңғалаққа сүйеніп үнсіз отыр. Радиотордың суы саңырлап қайнап тұр. Трактордан ыстық леп еседі. Мәлике тап-таза қол орамалын алып терін сүртті де, көздерін басып жылап жіберді.

– Не болды, Мәкен? Айтшы, кім жәбірледі өзінді, кім? – деп Қайыр құшақтай алды. Айтшы, қане, айта ғой енді!

Мәлике зәбір көрген ерке баладай солқылдай берді.

– Не болды, кім тиді? – деп Қайыр отыр қарқылдап. Келіншек енді даусын шығара түсті. Қайыр уата алмай әбден қысылды. Құшақтап қатты қысып, тер тамшылаған бетінен сүйіп алды. Мәлике Қайырдың қолын сермеп тастап шегіне отырды да, ағыл-тегіл көз жасы құрғап үлгерместен аппақ тістерін көрсетіп саңқылдап тұрып күлді.

– О, құдайым-ау, не дерсің! – деп алып, шегі қатпасы бар ма. Қайыр қорқып кетті. Далада жалғыз жүріп жын қакты ма деп те қалды.

– Не болды, не? – деп сұрай берді.

– Ештеңе де болған жоқ,– деді Мәлике күлкісін тыймай.– Кеше қайын ағам күйеушілеп келіп...

– Қайдағы?

– Қайдағы болушы еді, Бошай ағатайымды айтам. Таң алдында трактор жанына қисая кетсем, бет аузымды бірдеңе жыбырлатып барады. Кесіртке екен деп шошып ояңсам, қараңғыда бір үп–үлкен адам үстіме төніп алыпты. Астапыралла, шоши көрме, Мәкен, мен Бошай ғой,– деп сыбырлайды.

– Не керек сізге?

– Айтар сөзім бар еді,– деді Бошай тізерлеп отырып. Таң алды болатын. Шығыстан бозғылт шапақ көтеріліп келе жатқан кез. Сайкылда аппақ тұман арасында жылқылар жайылып жүр. Жайылып жүрген жоқ, аппақ су ішінде қалқып жүзіп

жүргендей. – Саған айтар сөзім бар еді,– деді ол жалынышт дауыспен.– Қошайды соғыс құртса, мені құдай құртты Баласызбын, «баласыздың күні шарасыз» депті. Екі торыны өзгешелігі жоқ. Әйел «ерден кетсе де, елден кетпейді» депті, дейді күмістей- ақ кірген шықшытын қасып отырып. Ме үндемедім, не дерімді білмей тығылып, жан жүрегім қалтыра кетті. Атып келе жатқан таңға, анталай шоғырланған сансы жұлдыздарға карап қатып қалыппын. Сазда құрбақалар шула қоя берді. Жап-жақыннан бөдене бытпылдады. Тонғандай тісі тісіме тиер емес. Бошай қайнағам қара көлеңкеде жалбырайы әлі отыр тізерлеп. Қара қағаз келген жолы Қошайды жоқта мұншылығын айтып еңірегені көз алдымда. Үп-үлкен еркекті дауыстап жылағанын бірінші көруім еді. Сонда бір қатты аяғаным бар өзін. Осы жолғы отырысы да аянышты.

– Мәкен, айналайын, тұғырдан түсіп отырған мен жо Қатын мен қызды бөлек қалдырып, қолыңа кірем. Қызға күйе даяр. Қайырман ауаланып жүр ғой. Соған ұзатып тынармыз, и сөйтерміз,– деді жақындай түсіп. Не болғанымды білмеймін аспан айналып жерге түскендей теңселіп кетіпмін.

– Кетіңіз осы арадан, дереу жоғалыңыз!– деп даланы бетке аль жүгіре жөнелдім. Белуардан шық кешіп шаршағанша жүгірдім д қалың селеу арасына құлай кеттім. Қатты ұйықтағаным соншалы үстімнен күн қыздырғанда бір-ақ ояндым. Бозторғайлар үні құла тұндырады. Сәскелік шуақта дала маужырай сұлап жатыр. Кі көрім жерде бригада қосы қарауытады. Беріректе жыртынд шетінде менің «бестігім» тұр. Нақ бір шарапты өлердей ішкі маскүнемге ұқсап тәлтіректеймін. Шашым будырап, мандайым түскен. Жұмысқа тартатын жеңіл шәлімді сүйрете ұстап ілб келем. Тракторды от алдырып жүріп кеттім.

Мәлике түк болмағандай кетік тістерін жалаңаштап күлді д

– Солай, менің ардақты Қайырым. Шал-шақытқа нәс болуға айналдық сөйтіп. Енді біраздан кейін шалдар да карама Онан да қолға тиіп тұрған еркектен айырылмағанымыз дұры шығар!– деді қабағынан қар жауып. Қайыр ештеңе түсіне алма есеңгіреп:

– Мәкен, мен сені ешкімге де бермеймін. Ешкімге де,– д Мәлике кеудеден итерді.

– Зібирана бар, жоғал осы жерден!– деді. Қызып тұрған мот бірден от алды. Замандар бойы қозғалмай жатқан қыртыс

копарып трактор ұзай берді. Қайыр трактордың көк түгін атқылап қиналып тартқанына, жыртынды бетінде ақ тұмсық қара қарғалардың ұшып-қонған берекесіз тобырына қарап ұзақ тұрды. Мәликенің тракторы сағымға оранып көрінбей кеткенде барып Зібирамен жүзбе-жүз кездесіп қалды.

– Қимай тұрмысың, көп ұзамай жұртыңа қайтып оралады,– деп күлген болды Зібира. Қайыр маңдай терін сүрткіледі.

– Бәрін білем, естігенге нанбас едім, көзбен көрдім. Тал түсте бауырларың жабыса қалған екен. Көрсетемін мен жабысқанды!– деп Зібира Қайырды шапалакпен салып қалды.– Қорлайтын қызды тауыпсың. Ана жолы не дедің, енді не істеп жүрсің? Қатын алатының бар соқтықпауың керек еді.

– Мен ешкімді де алмаймын, үйленбеймін!– деді Қайыр мінгірлеп.

– Ерегескенде, мен ертең-ақ сені үйіме кіргізіп алам!– деп Зібира алпамсадай болып төне түсті.

– Мен саған малмын ба, кіргізе салатын,– деді Қайыр қарсыласып. Сонадай жерде шоқытып Бошай келе жатқан. Бұларды көріп танымағанып, қырындап өтіп кетті.

– Сендікпін деп уәде бергенсің, сүйемін дегенсің. Сөзіңе сеніп ұятты болып қалдым, жүктімін,– деді Зібира ағыл-тегіл жылап.

Қайыр анық қысылайын деді. Көмірдей қара кекіл жапқан маңдайынан тер бұрк ете түсті.

– Қой бекер шығар. Сен менің еркімді алдың. Мен не болғанымды да аңғара алмай қалғам. Бірақ...

– Иә, бірақ.

– Бірақ, мен сені сүймейді екем. Жалған екен ол сөзім. Кешу ет, Зібира, кешу ет!

Қайыр көздері жасаурап осылай деді. Зібира бетегенің үстіне отыра қалып ағыл-тегіл жылай бастады. Қайыр оны шын аяп кетті де:

– Зібаш, сабыр етші, тынышталшы. Маған үйленуге болмайды. Мен майданға сұранып жүрмін. Түсінші сен!– деді.

Үрия іші пысып әбден қалжырап отыр еді. Кішкене терезеден қайта-қайта тысқа қарап қойып күрсіне берді.

– Әлгі қызы құрғыры қайда ғана жоғалды екен? – деп іштей күбірлейді. Сыртта өрістен қайтқан малдың шуы, адамдардың мал қайырғандары естіледі. Үрия шайқалақтай басып орнынан тұрып, жұп-жуан іркілдеген білегіне шелек іліп сыртқа шықты.

– О, қарасан ғана келгір, еміп те қойғанбысың? – д
бұзауды басқа бір теңті.– Шаңырағың ортаңа түсіп, шандыры
қадалғырдың үйінің мәшкесі де жұрт қатарлы сауғызбайды.

Үрия осылай деп шулатып жатқанда қызы келді.

– Қарағым-ау, осы сен бейуакта қайда жүресің? Мен сорл
мен ку маңдай таңнан бері не тындырмадым. Тізе бүгу
титтей уақытым болды ма? Әбден титықтап біткенім мыңа
Осы қаранқалғыр үйдің ошағын сөндірмеймін деп арқа еті
арша, борбай етім борша болып өлетін болдым ғой, мұқым
деп Үрия біраз желпініп алды да, қызының ұнамаған кескінін
қарап:– Ой, өзің неге жүнжіп кеткенсің? Біреу ренжітті м
Жуынып сергіші, мен шәй демдейін,– деді.

Зібира шапшаң басып қонақ үйге өтіп қарауытып, құлаз
тұрған бөлмеден жеңіл көйлегін тауып киді. Қыз көңілсіздіг
сездірмеуге тырысып, шешесімен тізелесіп шәй ұрттап отырді
Мұндайда Зібира күн бойы естіген-білгенін шешесіне айты
шешесі көрші қатындардан естігенін ортаға салып, ауылд
ішкі-тысқы хал-ахуалын көпірте, екі еселеп сөз етісетін ед
Осы жолы қызы пәлендей жаңалық әкеле қоймаған соң, көпт
ойында жүрген «осының бетін ашып алайыншы» деген сөз
айтпаққа ниет етті.

– Қызым,– деп Үрия май басқан жүзікті саусақтарын Зібирань
тізесіне қойды.– Сен баласың ғой, не білейін деп едің. Әкең сен
жолдан тайып бұзылды. Мәликені алып, жас иісті боламын д
құлқыны құрып жүр. Қартайып отырмын ба, байымды қолымн
беріп. Мәликенің Қайырға тигісі келеді. Бірақ Қайыр оған сөз ай
қоймаған соң, шақырып алып желкелеп отырып сөз айтатын етті
Көп ұзамай тойлары болатын шығар. Шалдың да жүні жығыл
кетіпті. Шок түссін, Қайыр мен Мәликенің тойына ертіп апар
өзін, әлі!– Үрия көйлегін шертіп тұрған үлкен кеудесін селкілдеті
жетісе күліп үйді басына көтерді. Зібира дәл бір шешесінің оқи
кескінінен шошығандай талықсып барып жастыққа құлай кетті.

– Ой, Зібәш, саған не болды? Немене, әкеңе тоқ
алғызбағаныма күйіндің бе? Ибәй, әдрем қал, о, несі-ей, И
алсын, мен– ақ кетейін осы үйден! Көгере беріндер, сол шұн
тоқалмен. О, несі– ай!

Зібираның кескінінде қан-сөл жоқ.

– Зібәш, жә, қой еркелікті. Сен сөйтті екен деп үстіме тоқ
алғызбаймын, білдің бе!– деп қызды тақымынан нұқып қалді

Зібира әуелі үнсіз солқылдап, бара-бара үдетіп, еңіреп жылады. Бетін басып алып домаласын келіп. Қой-қойлап шешесі отыр басында. Бірақ қызы уанар емес. Уанбаған соң Үрияның да «ақ сайтаны» ұстап кетті.

– Әй, бетбақ, енді қоямысың, әлде шашынды талдап жұлып, жүндей түтейін бе өзінді. О, несі-ай, әкесі өлгендей еңіреп. Құртындар, өлтіріңдер мені!– деп бетін жыртып, зарлап қоя берді. Шешесі кезек алған соң қыз енді тыйылып, ықылық атып:

– Сен құрттың мені, тамырыма балта шапқан сенсің!– деп шешесіне тарпа бас салды.

– Мына бейбак не дейді-ай, не істеппін сонша? – деді Үрия көздері атыздай болып.

– Сен, сен!– деп Зібира тіктей қарады.– Қайыр менің жігітім, оны Мәликеге тықпалайсың. Керек десең айтайын ба?

– Айтшы!

– Айтсам, мен жүктімін Қайырдан!– деді қыз бетінен оты шығып, Үрия ана жолғыдай аппак болып, көздері бозарып кетті:

– О, тәңірім, көрсетпегенің осы ма еді?..

Ерте күз болатын. Пісіп жетілген бидай масақтарын шайқап жылы жел еседі. Ақ ала бұлт көшкен аласа аспанның астында кемеліне келіп дала жатыр. Селеу ақ үкісін тастап, кең алқап сарғыш жаскылт реңге ауысқан. Қос ағаш жакта дөңге артыла түсіп күрен сары егістік созылады. Бидай танаптары көкжиекті көмкеріп жатқан көгілдір ормандарға қарай созылып ұзап кетіпті. Бидай жазирасының үстінде тойымсыз құладындар қалықтап, ерке сағым жөңкиді. Жазықта салт атқа мінген Қайыр келеді. Қабажал қоңыр дөнен кібіртіктей басып, жанап кетсе бидайдың мұртты масақтарын кармап, ауыздығымен қоса күтірлете шайнайды да, еріншек жүрісінен айнымайды. Қузап келе жатқан Қайыр жоқ. Егістікті аралап көріп, ораққа кірісу жайын ойламақ-ты. Ұзақ жолдан шаршап жетсе де, ерте тұрып дала кезіп кеткені. Семинардан егіншіліктің біраз сырына қаныпты. Профессордың қарттық жеңген жүдеу кескіні көз алдына келген сайын егінді егу, оны күту мен ору жайлы бұрын бұл білмеген қағидалар есіне түседі. Қаланың киносына да, театрына да барды. Думанды тірлігін түгел көрді. Бірақ ауылды сағынып, даланы тезірек көруге асығып жүрді. Міне, сол дала. Бозторғайлар шарлаған, қоңыр жел есіп, құйын дөңгеленген, шағыр жусан мен киік отының бас айналдырар қышқыл иісі

аңқыған маңғаз дала бұл. Қайыр тіпті бір ай емес, бір ж көрмегендей сағыныпты. Ой-қырды түгел шолып, пар өң жүрген тракторға қарай тартты. Трактордан түскен Мәлике құшақтап бетінен, көзінен сүйіп алды.

«Сағындым ғой сені» дегенді күбірлеп айтып, келіншекті тығыршықтай денесін қатты қысып жіберді. Осының барлығын Қайыр еркінен тыс істеп, беті дуылдап қоя берді. Ұялыс тап көздерін ашқанда Мәлике ештеңе болмағандай жәй ғ күлімсіреп тұр еді.

– Сәулем, періштем,– деді Қайыр естірте. Мәлике күлкі тыйып:

– Мен саған сәуле де, періште де емеспін. Мен ешыққан әйелмін. Сен өзіңе лайық періште тауып алыпсың ғ Қосағыңмен қоса ағар! Қайнаға той жасау қамында жүр. Е сен қайын сіңлімнің күйеуі ғанасың. Ұқтың ба?

Қайыр соншалық бір жалынышты кескінмен:

– Ешқандай тойды да, қызды да білмеймін. Егер теңім, санасаң сөзіңді бер!– деді ол.

Мәлике күлді де:

– Сен, Қайыржан, именбей ашық сөйлесуді қайдан үйре жүрсің? Әлде Зібира ма үйреткен?

– Зібира дегенді білмеймін, білгім де келмейді,– деді Қай жакындай түсіп. Мәлике ығысып шегіне берді.

– Кішкентайларың да көрінуге айналды емес пе? Сонда білмеймісің?

– Білмеймін, ешқашан да...

– Сен білмесең, мен бәрін де білем. Көрсен қызарл Қайыржан, саған лайық емес. Бүгіннен бастап мені жайы калдыр. Бақыттан басқа тілерім жоқ өзіңе!

Мәлике осылай деп моторы сөндірілмеген тракторды да, қап-қара болып есіліп жатқан пардың үстімен с сүйретіп кете барды. Осы бір бала мінез, бала пішінді у жасты жанындай жақсы көріп көзінен таса еткісі келмей халге ұшырапты. Құмарту қызғалдақтай тез семіп, кү кетеді де, махаббат төзіп бағады деген бар. Түңіліп, жүрегін жұлып тастағысы келсе де, Қайырды көрмей, сөздерін естіп тұра алмайды екен. Онсыз мына тіршіліктің түк те қызы көрінбейді. Жоқ, ол бұл тағдырға қалай да риза емес. Қайткен күнде де өзі дегеніне жетуі керек. Қайырдың көңілі бө

болмаған соң несіне киналады, қосылып алу керек. Зібира отырсын, солай маскара болып. Қыз калпымен жеңілтектікке салынатын несі бар?

Мәлике әрі ойлап, бері ойлап, Зібираны тағы да аяп кетті. Бейшара қыз елдегі жалғыз жігітке ұмтылмағанда қайтсін?!.. Өзі жасынан жеңілтек өскен. Жастық ғұмырын текке өткізгісі келмеген шығар. Ақыл тоқтатпаған бейбак емес пе? Әйелдің қысылшак кездеріне шыдай алмаған ғой. Өзіңнің бақытың үшін біреуді сорлы ету ақылға сыя ма? Қолында баласы бар Зібира елестеді. Тығыршықтай әп-әдемі. Қайырға тартқан пісте мұрын бөбек талпынып отыр. Әкесіз, жетім сәби. Бірақ Қайырдікі. Қайырдікі болған соң Мәликеге одан қымбат не бар. Қызғаныш пен аяныш сезімдері келіншектің кішкене кеудесінде алас ұрды. «Жо-жок, атамаңыз, екі бірдей адамның бақытына бөгет бола алмаймын. Бездім, түңілдім, Соғысы құрғыр біткесін өмірді әліпінен қайта бастармын. Жалғыз мен бе жесір калған. Жесірлер жеткілікті ғой. Шыдам қайда, ұят қайда».

Мәлике көз жасын тыйып, шалқайып күнге карады. Күн де бүкіл әлем де қаз калпында тұр екен.

* * *

Күздің суык желі соғып, азынаған ауыл түні болатын. Көңілсіз елдің той-томалағы да тез тарқап, жұрт жылы төсектеріне жатқанда Мәлике ғана ызғырыққа кеудесін тосып көп тұрды. Күйіп-жанған ыстық, денесі салқындап, тынысы кеңігендей еді. Қараңғылық құшағына кірген аласа үйлер тілсіз жартастарға ұксап түнеріп тұр. Түн күзеткен сары төсек науқастай сүлеленіп жалғыз жарық көрінеді. Мәлике ынтасыз басып, жақындап келді. Ойына не келіп, не кетіп жатқанын анық аңғара алмады. Бұдан төрт жыл бұрын тап осы үйдің осынау сығыр терезесінде торсық, пішіндес қаңылтыр шам түтіндеп жанып тұрған-ды. Үрия женешесі тойда қонақ күтумен емес, басшылық етемін деп жүріп діңкесі құрыған. Онда елдің түгел кезі. Қыз-келіншек, жігіт-желең көп жиналған. Жұрт таң алдында тараған соң шамның сөндірілуін асыға тосқан Қошайдың жүрегiнің дүрсілін естіп, көп жатып еді. Ешқашан да басынан кешпеген, бірақ әр кез көңілі қалаған өзгеше сәттерді жүрексіне, қорқа тосқан-ды.

Мәликенің бақытсыздығының айғағындай болып тап сол қаңылтыр шам Бошайдын үйінің терезесінде сығырайып қазір

де тұр. Үй ішінде біреулер жүрген сияқты еді. Әр берден соң б
де тынышталды. Ауыл иттерінің ала-кұла үргендері азайып,
сак, деген дәу төбеттер ғана маңк етіп ықтасынға жата кетіст

Жел ышқына соғып Бошайдың үйінің жанындағы к
теректің ауыр бұтақтарын шайкап, соңғы жапырақтар
сілкіп түсіп тұрды. Зәулім терек өзінің тілімен сыбырл
сөйлеп, шерлене сыңситын сияқты. Өткен күндердің қызы
мен шыжығын айтып аһ ұрғандай болады. Мұнайған Мәли
көңілінің пернесін тап басқан бір күйді толғайды. Аспа
кап-кара бұлттар жүзіп, жел күшейіп барады. Теректің ұш
басы иіліп толқып, қатты теңселіп тұр. Көршінің қор
жапсыра үйген шөбінің жапсарын желпіп көтеріп аудар
тастады. Терезедегі жалғыз жарық та жалп етіп сөніп қалд
Мәликенің көзі қарауытып кетті. Ол бетін басып егіліп к
берді. Жаңбырдың құйып тұрғанын, калтырап тоңғанын біл
Жеңіл киіммен шыққандықтан тісі-тісіне тимей Бошайд
ауыз үйіндегі төсегіне кисая салды. Суык нөсердің терезеле
сабалағанын тыңдап, ұйықтамай жатты.

«Бәріне Үрия кінәлі», – дейді ол. Зар илеп Мұкитов
барған. «Сендердің тәрбиелеп жүрген жас азаматтары
қызымды аламын деп, алдап маскаралапты. Қызым шерм
отыр. Тәртіпке шақырындар, әйтпесе сенен үлкен бастык
бар»,– депті. Мұкитов сұрағанда Қайыр тана алмаған.

– Шырағым, адам тағдыры ойыншык емес,– депті партс
әкесіндей жазғыра сөйлеп.– Сүймейтінің бар, бекер жолайсь
Жолайды екенсің, кінәлі екенсің, қызға үйлен. Өйтіп қорлау
болмайды. Үйленбесең, жазаға тартыласың депті.

Қайыр бірнеше күн сең сокқан балықтай мәңгіріп жүріп е
Қыз тоқ етерін айтты:

– Егер сен алмадың бар ғой, өлмей қоймаймын. Өзімнің
сәбиімнің де өлімін мойныңа артамын,– деді.

Такыр жалғыз болып өскен Қайыр дүниеге келгелі тұр
баланы аяды. Мұның қырсығынан текке өлешек жап-жас ана
аяды да, «құдай салды мен көндім» деп бекінді. Қайыр
қалтыратып, Мәликені азапқа салған неке тойы күз
аласапыран кешінде тез басталып, тез аяқталды. Жас жұбайл
жатқан төсек жаққа қинала құлақ салып, Мәликенің ұйқы
шайдай ашыла берді. Көз жасының барлық қорын тауыс
болғандай еді. «Жоқ, – деді ол өзіне-өзі қайрат беріп.– Нес

бордай үгітілген. Әйел қырық шырақты, бақытым алдымда емес пе?»

Мәлике таң елен-алаңда түйіншегін ұстап жолға шықты. Кеудеден итерген суық желге қарсы шапшаң жүріп келеді. Өткеннің бәрін із-тұзсыз ұмытып, өзін жаңа адам етпек. Күрең жол қыр үстіндегі қос ағашты жанай ететін еді. Қимай бұрылып қасына барды. Құлаш жетпес егіз қайың ауыр теңселіп тұр. Жапырақтары түсіп, жазғы әдемілігінен жұрдай болыпты. Көктемде Қайыр екеуі қалдырған сынық, бөлшектердің бірін ұстап көріп, ақырын ғана орнына қойды. Жел айдаған сұр бұлттар іркес-тіркес болып дала үстімен асығыс жөңкіп барады. Алыстағы ауылдың ұсақ, ойыншық үйлерін көшкен бұлттар мамық бауырымен сүйкеп кетіп жатыр. Мәлике де ұзақ жолға бет алды. Ауылдың қарасы үзілерде тағы бір қарап күрсінді де, пысық адымдай түсті...

* * *

Көктемнің ұзақ сары күні батареға беттеп барып сарылып кеп тұрды. Күн барда ауыл бетін көріп қалуға асығып Қайыр тебіне түседі. Үзеңгіден төмен үдере дүрсілдеген тұяқ дүбіріне құлақ қойып үнсіз келеді. Иен даланың әр шетінде белуардан қарға батып қайың шоктары дәрменсіз мақұлықтарға ұқсап қимылсыз тұр. Күнге тотыққан сірі қара кескінінен шып-шып тер шыққан. Қайыр жалақ ернін тілімен жалап қойып жорта берді. Қиналып жүдесе де іс тындырып, көңілі көп демделіп қалған, МТС-та жұмыс істеген Қайырлар колхозға тиесілі тракторларды жөндеп болыпты. Мұкитовтың айтуына қарағанда, көрші колхоздың бітпей тұрған тракторларын қатарға қосуға тиісті екен. Үйге барып қайтуға зорға ұлықсат алды.

Ол өз әкесін көрген жоқ-ты. Әке мейірімі дегенді білмей өсті. Бірақ әкенің жүрегі қандай болатынын анық сезіп жүр. Соңғы аптада баласын екі рет түсінде көрді. Біріншіде, жөргектегі сәби аузын ашып күлімсіреп, талпынып отыр екен. Қолына алып аймалай алмады, оянып кетті. Екіншісінде, тіпті жас өспірім қалпында елестеді. Өзінен аумаған сирақты бала арсалаңдап алдынан шығыпты. Қуаныш туғаннан бері Қайырдың көңілі кең жайлаудай гүлдеп, құлпырып кетіп еді. Жүргіне бақыт ұялатып, өз бойынан бір ұлылықты сезінетін. Сәбидің әке-шешені танып, талпынып күлген кезі, тілі шығып сөйлей бастағаны, бала

болып асыр салып ойнағаны, азаматтыққа жеткені, бәрі-б таусылмас қуаныш екенін жас жігіт қайдан білсін?! Жорт келе жатып қойнына қолын апарып ойыншық атты сипал көрді. Қара бестінің тиышсыз жүрісі зықысын шығарса жортып келеді. Үстіне тезегі шығып қалған жазғытұрғы ж көз ұялтқан қарлы даламен ұзақ ирек салып алыстап бара, Акшамға тақау дөң үстінен егіз қайың мұнартып көрінді. Ек құрметті қонағын күткен сәнді жұбайлардай иық тақастыр сыбырласып тұр екен.

– «Айналайындар-ай, оттай ыстықсындар ғой өздерің деп Қайыр алабұрта үн қатты. Иесінің даусына қара бесті камыс құлақтарын қайшылап, елендеп жорта жөнелді Күн үлкен қызыл шеңберін қарлы даланың шетіне біртіндеп баты берді. Қызғылт сәулесі үнсіз төгіліп дірілдеп біраз тұрды айнала салқын тартып бара жатты.

Қайыр, асығыс ішке кірді. Ауыз үйде қызып жанған пеш алдында Қуанышты ұстап Зібира отыр.

– Қуаныш, Қуантай,– деп баласына ұмтылды.

– Әр жүр, саған қатын– бала не керек? Апталап тентіреген бір ойладың ба бізді? Мәликені тауыпсың тағы,– деді баланы сүйрей қашып төргі үйдегі төсегіне жатып алды. Қай Зібираның орнындағы тулаққа жайғасып алып пештің іші дөңгелене зулаған қызыл жалынға қарап үнсіз отыр. Қойны алып ойыншық атты жанына қойды. Жан қинап жұмыс іст ерігіп жүрген кім бар. Үсті-басы, кескін-кейпі мынау. Көк камы әбден қажытып тастады. Ұғатын Зібира жоқ. Бай Мәликенің соңынан қалмайды. Шеберхананың кең ауласы Мәликемен кездесіп қалғаны есіне түсті. Мәлике қолын ұста да бас-аяғына қарап:

– Қайыржан-ай, қалай жүдеп кеткенсің, моншаға жуып алсаң етті. Қарамай ішіндегі ауыр жұмыс дінкелеткен ғ – деп еді. Тракторға сүйеніп тұрып кішкентай Қуаныш сұрастырды. – Кісі болып қалды ғой. Күлетін шығар. Иісі сүйер ме еді өзін!– деді көздері жасаурап. Қайырға кездесу аулақтағанмен, көзінен таса еткісі келмейді оны. Қайыр жүрсе мойнын созып, күн бағыстай бағумен бол әркез. Қайырды көрсе жүрегі жылып, көңілі марқайғанд жалғыздығын ұмытып, кескіні құпия күлімдеп, рахатты тыныстайтын сияқты.

Ку отын тез жанып бітті де, үйіліп шоктың арасынан жаскылт жалындар лып-лып етіп, біртіндеп сөне берді. Отқа қыздырылған денесі арса-арса болып Қайыр қалғи бастады. Зібира төргі үйден бері шықпады да, сөйлеспеді де. Қайырдың да өзімшілдігі ұстап бас ие қоймады. Сөйтіп отырғанда лабырласып Бошай мен Үрия кірді. Қонақтан көңілді қайтыпты. Бошекең болса дәу денелі Үрияның қасында кіп-кішкене болмысымен балаға ұксап тұр.

– Ә, келдің бе, Сайраның таусылған сон жеткен екенсің. Саған катын не керек. Ризығыңды айырып жүргенінді үйде отырып білеміз,– деді Үрия қиюы қашқан еденді сықырлата басып.

– Мен ерігіп емес, жұмыс істеп жүрмін,– деді Қайыр пеш аузынан шегіне отырып.

Шешесінен аумаған Зібира жұлқынып шығып:

– Бұл Мәликені тауыпты, естіп отырмын. Сатқын, опасыз! – деді сұқ, саусағын Қайырдың көзіне тақап.

– Ешкімді де тапқам жоқ, жұмыс істеп келдім, жұмыс... – деді Қайыр кейіп.

Бошай етігін суырып тастады да, төр алдына жантайып:

– Ремонт қалай? – деп мыңк етті.

– Бітті, тракторлар сапқа қойылды.

– Жараған екен.

– Сапасы қалай?

– Жаксы, өте жаксы десе де болғандай.

– Бәрекелде– е!

Бошай насыбай атып іргеге шырт түкірді де, көңілі демделген қалыпта мекіреніп қойды. Ашуы асқынған Зібира баланы бір қолынан сүйреп алып төр алдына итере салды да:

– Әкет мына жетпегіріңді, тай осы үйден көзіме көрінбе, білдің ба? Мәликемен кездесіп жүргендеріңді кергендер бар, өтірік десең айта ғой қәне! – деп Зібира Қайырға тағы тепектеп жетіп келді.

– Тарт былай бейбастақтығыңды, көргенсіз! Әйтпесе жағыңды бұзып жіберемін,– деді ол қалшылдап.

– Бұзып көр қане, есіктен атып ұрайын өзінді. Қызымның айтуы дұрыс, мұндай опасыз баймен тұра алмайды. Сен не білесің, лақ текедей бақылдайсың келіп. Титімдей денеді ақыл тұрар жер жоқ,– деді оған Үрия шаптығып. Оған Зібира қосылып үйдің ішін азан-қазан қылды. Бошай жұдырықтарын түйген қалпы көздері шатынап:

– Мен кашан да Қайыр жағындамын. Осындай күйеу баласы бар кісі канға сәлем де бермес. Жұрттан бұрын тың көтерд ме, көтерді. Басқа колхоздар он центнерден өнім ала алмай отырғанда екі жүз гектар тың жерден жиырма центнерден өнім алды ма, алды.

Аудан көлемінде бірінші бригадир атанып тұр ма, тұр Тракторларды көктемгі егісіне жұрттан бұрын дайын етте ме, етті. Енді аталарынның қатқан басы керек пе? Жақсының қадірін білмейтін кешелер, түге!– деп бұрқырады.

– «Атақ, жұмыстан басқа ойлайтындарың бар ма екен, әдрем қал, өл де маған!»– дегеннен артыққа бара алмады Үрия.

* * *

Тағы да көктем келді. Қалың орманды кірлі күрткітер белдеулеп жатса да, байтақ, кеңестікке алғашқы сағым жөнкіп, бозторғайлар шырылдай бастады. Күн шуақта тұңғыш қызғалдақтар қауашақ жарды. Жыл құстарының ғажайып қиқулары естіледі. Дос ағаштан асып тракторлар тырма сүйретіп барады. Беріректе де тракторлар көрінеді.

– Жарықтық, көктем-ай, келіп қалыпсың-ау,– деп Қайыр аттан түсіп, жусан иісін аңқыған бозға аунай кетті. Көкше бетегеге кенедей қадалып кара бесті айналақтап жүр. Аттың аласа бауырынан әрі ауыл үйлері көрінеді. Жігіт шексіз аспанға ұзақ, телміре карады. Бір шүйке бұлт болсайшы. Мөп-мөлдір-ау, жарықтық Осынау тыным дүниенің бір шетінде қантөгіс бар дегенге сенгің келмейді. Берлин кешесіндегі ұрыстар жайлы оқып көрді. «Құртындар бауырларым, фашист сұмырайларды, ердің қаны үшін, бала мен ананың көз жасы үшін! – деді Қайыр.

Ауыл жақтан арбалылар шапқылап келеді. Бошай ая айдаушының орнына отырып алыпты. Арбада Үрия мен Зібира

– Сүйінші, Берлин алыныпты, Берли– и– н! Бошекен жас жігіттей жерге дік ете түсті де, Қайырды құшақтап еңіреп қоз берді. Қайыр кішкене Қуанышты жұлып алып далаға қарай жүгіріп барады. Сүйіп барады, иіскеп барады. Сол бетте дөң үстіне шығып айдай әлемге жар салып:

– Жеңіс! Бұл біздің жеңісіміз!– деді бар даусымен айқайлап Сонан соң, баласын аймалап:– Қуаныш, Қуанышым менің туған даланды қарашы, ғажап емес пе? Соғыссыз заманның азаматы болшы, әмісе сүйтші!

Қайыр ұлының қолына қызғалдақ ұстатып мәз болып тұр. Бетін ыстық жас жуып кеткен еді. Сәби кеңістікке құлашын жайып талпына берді.

ҚҰСТАР ҚАЙТЫП ОРАЛҒАНДА

Қатарласа берген салт атты Қадишаның өгіздерін шықпыртып кеп жіберді.

– Айда былай, жаны бар кісіше!– Байқараның мұрты тікірейіп әйелге ызбарлана қарап өтті де, кереге жалды карагерді ойнақтатып алға шықты.

– Айдандар, шапшаң!

Ықсан шал мұрнының ұшы жыбырлап бірдене айтпак еді, бата алмады. Салт атты озып барып күртік басқан маялардың төңірегінде атын оппалатып жүрді. Ықсан айналып көріп:

– Су өтіп кеткен екен, әттеген-ай,– деп қынжылды.

– Ал катындар, іске кірісейік! – Киіктің асығындай ыңғайлы Жықия шапшаң қимылдап, күртікті опырып лақтыра бастады. Күн көзіндей дөп-дөңгелек жүзін тер жуды. Әйелдер қалың қарды аршыды, белі бұралаңдап Ықсан шал да дамыл көрген жоқ. Жаны тыныш Байқара ғана. Сонадай жерде қаз мойын карагердің үстінде мықынын таянып махоркасын түтіндетіп тұр. Байқараның жуан бітімінен белі талған ат салмағын аяқтарына кезек салып пыскырынады. Шөпшілер күртікті аршып болып, көліктерді тақап қойды да, маяға айыр қадады. Күзде төбесі түсіп су еткен шөп тоң қатпарға айналған. Басы Ықсан шал болып қанша шұқыса да бір айыр шөп ала алмаған соң, темір күрекпен сүймен жұмсай бастады.

– Бетім-ау, мынау азық емес, кара тезек қой,– деп Жықия тандана дауыстады.

– Есіл еңбек-ай, зая кетті деген осы,– деп күңкілдейді Ықсан.

– Неге тездетпейсіңдер? – деп Байқара асықтырады.

– Алынбай жатыр, көрмей тұрмысың...

– Неге алынбасын, ұмытылмай тұрсыңдар.

– Кел, қимылдап көр өзің!– деді Жықия маңдай терін сүртіп.– Ат үстінде жаурап қалған шығарсың, бойыңды жылт!.

Әйелдер арасынан күлкі шықты.

– Әй, катын, тарт тілінді! Колхоз бастығы қолмен жұмыс істесін деген закон жоқ,

«Қайтесің соны, пәле болар» дегендерге тартынған Жықия ма?!

– Осындағы бес қатынға Ықсан шалды косса, алты қатын. Қамшы үйіргенше, еркек басыңмен өзің келіп көмектеспеймісің,– деді.

– Көрсетем мен көмектескенді. Мына сөзің үшін көзіңді ағызамын, ірікті салып тұрсын!– деді басқарма түтігіп.

– Бәріне өзің кінәлісің, осы маяларды үйіп жатқанда айғайға сонда да салғансың. Төбесіне айыршы шығартпай, іргеден қаусырмалатқаның есінде ме? Іздей бастасак кінәлінің кім екенін біз де табамыз...

– Уа, Ықсан, желіккен әйелдердің сезіне құлағыңды салбыратып тұрсың ғой... Қораға шеп жетпесе, соғыс уақытының тәртібімен жауап бересің!– Байқара келістіріп бір сыбағалды да, атын борбайлап шаба жөнелді

– Әй Жықия-ай, шырағым-ай, нең бар еді, бір пәлеге қалмасак жарар,– деп Шапық апай кейіп тұр.

– Көріп алармыз Байқараны! Ал, кімнің ақ, кімнің қара екенін өкімет тексерер. Қорқатын дәнеңе жоқ, құдай өзі берген жанын өзі алар,– деп Жықия қатпарды жұлмалай берді

– Дұрыс айтасың, қорқатын дәнеңе жоқ,– деді Қадиша.

Шөпшілер қозғалғанда күн ұясына төніп бара жатты. Ұлан-қайыр қарлы далаға батар күннің қызыл сәулесі шашырады. Күн көзі қалың бұлтқа кірген соң батыс жақ өртеніп жатқандай талмаурап тұрды да, сіреу қардың бетімен жаяу борасын сырғы бастады. Өгіздер ілбіп келеді. Қадишаның шанасына артқан қатпар толқып кетіп бір жағына қарай қисайтып жіберді. Тарғыл өгіз бейшара әбден титықтаған, бүйірін соғып тұр. Қадиша қатарласып шу-шулейді. Күн әлдеқашан батқан. Бұл арасынан жұлдыздар жылтырайды. Жықияның дауысы болу керек алдыңғы жақтан:

«Қарағым, айналайын, шырағым-ай!» деп сазды әуенге басты.

Қой қораға, ел орынға отыра Қадиша шөпті түсірді де, үйге жетуге асықты. Үйінің терезелерінен от көрінбеді.

– Балалар не болды екен? Мұратжан, Розтай!– деді ол дауыстап. Үлкен қуана үн қатты. – Бармысыңдар, балапандарым!

Қараңғыда қарманып, күлге көміп кеткен шоқты үрлей бастады, Шоқ сөніп, қоламтасы қалыпты. Көршіден от әкелмеді, балалары босатпады. Қарауға уақыт қайда, от әкеліп, пілт

шамды тұтатты. Қыпылықтап, жанған әлсіз жарыққа қарап қалтырай бастады. Мұрат пен Роза пеш алдына келді. Кішкене қыздың беті албырап, көздері бозарып тұр. Кеудесінде сырыл бар. Қадиша қатықсыз қара шәйді аузына тосып еді, ішпеді. Сандық түбінде жатқан қанттың соңғы түйірін қолына ұстатты. Жеген жоқ.

Қадиша жылына бастаған пештің қабырғасына төсек салып, екі баласын бауырына қысып жатып қалды. Күн бойы суық сорған әйелді ұйқы қысып барады. Розаның денесі от болып жанып тұр. Науқас бала сусын сұрайды. Қараусыз қалған балалар далада көп жүріпті. Тоңып келіпті де, безгек қысқандай қалтырапты. Қадиша қыстың ұзақ түнінде кірпік қақпады. Бала қиналып шоши берді де, таң алдында ғана тыныштық тапты.

– Уа, Қадиша, тұр шырағым, уақыт болды.

– Қайнаға, балам сырқаттанып қалыпты, бүгін бара алмасам керек.

Қайкы төс қара шал Ықсан кетіп қалды.

* * *

Екі күннен соң бала қайтыс болды. Жас ана кіп-кішкене мәйітке қаны қашып, телміре қарап отыр.

– Шырағым, келінжан, сабыр қыл! Пронтта жүрген Сайдаштың амандығын тіле, қолың құр емес қой. Мына Мұрат бар, қазынасы кең құдай тағы берер, бастарың жас!– десті үлкендер.

Қадиша ауыр күрсінді. Тағдыр не деген қатал?! Жесірлік пен тапшылық, мазасыз жұмыс онсыз да қажытып бара жатқандай еді, енді, міне...

Соғыстан бұрын осы елу үйлі ауыл әп-әдемі колхоз болатын. Сайдалының туған жері. Мұнда туыстары, ата-аналары тұратын. Аға-інілері әскерге алынды. Шалдар мен әйелдер қалды орындарын басып. Егін шықпады, шығатын жайы да жоқ, тракторлар тозған, бөлшектер мен жанар май жетіспейді.

Көктемде жеке меншік сиырларын жегіп жер жыртады. Жер қасарып жатып алды. Күші бар, білегі барларға ғана жомарт. Уысқа түскен азғана өнімді майданға жібереді. «Жігіттерге берейік, жаумен жағаласып жүр ғой, өзегі талмасын, біз елде емеспіз бе?– деп Жұман атай бір дәнді тырнағымен шымшып алып, жұмақтың құрмасындай ардақтайды. Елдеміз дегенмен, аспаннан түсер азық бар ма? Соңғы кезде ауыл мына бір қаракетке

түскен. Үй іргесіндегі жерді күрекпен ойып картоп салады. Сүйреткен де орыс арасында көп жүрген Жұман қарт.

Қадиша көңілі қапалы, үрейге толы. Сайдалыдан ха болмай кеткелі үшінші айға айналды. Аман болса хабарла еді. Пошташы шалды әкесіндей көріп сонадайдан бөркі төбесі кылтиса, тайраландап жүгіретін еді. Осы кезде сол бәкене, момын шалдан аза бойы түршігеді. Ерте ме, кеш әйтеуір қиямет жайды төбесінен тастап жіберетіндей көрін Пошташының көзіне түспеуге тырысады.

Өткен жаз Жұман атайдың жалғыз ұлынан «қара қағаз» ете түсті. Алдында ғана баласынан хат алған. Көп ұзамай т. жазам деген. Хатты пошташы шал қолына ұстатыпты. Аң жіберсе, «қарақағаз». Кемпір талып түсті. Қарт күректтей сакалын салалап сілейіп қалыпты. Нұрсыз көздері шарасы шығып, кеудесінен әзіз жанын суырып әкеткендей өлік қимылсыз, тастай сұп-сұр.. Бір кезде қария дауыл соққан н теректей, шайқалып қозғалақтап:

– Уа– һа– а!– деп кәрі жүректің у запыранын ақтара: – Со дегенің осындай ма еді?!– деді.

Иә, соғыс дегенің осындай екен! Сағынғаннан Сайдалыны түсінде ыңғай көреді. Ыңғай бір азаптанып, аз тозып жүргені. Терең жардың арғы бетінде ол, бергі беті бұл тұрады. Зарыққан көңілмен қол созады, жете алмай Жүректегі шер-мұңын айтқысы келеді, дауысы шықпай Қиналып, терлеп оянады. Сонан соң өксиді-ай келіп. Онда екі баласын иіскеп сабасына түседі де, ұйықтап кет Ұйықтап кетіп, тағы Сайдалыны көреді. Шат-шадыман қуан құшағында жүреді. Соғыс та жоқ, қасірет те жоқ...

– Кемді күнге жұбаныш болған екі көзімнің бірі ағып тү О, сұм тағдыр, осы екеуін мен бейбаққа көпсіндің бе?– Қади күңіреніп кетті.

– Келінжан, сабырлы бол, тағдыр деген қатал, оған қа тұруға адамда қауқар жоқ. Бастарың жас қой, атамыз айту еді: «Арбаның екі арысы түгел болса, көш жүре түзелер»– д Сайдаштың амандығын тіле, иә, сөйт, шырағым, ақылың еді ғой.

Қадиша басын көтеріп алды. Өлеусіреген пілте шам жарығына Жұман атайдың аппақ сақалы көрінеді. Қарт : шұқиды. Мол денесі бір тарының қауызына сыйғандай болып от

– Біздің кемпір де баласынан «қара қағаз» алғаннан бері асудан қалды. Не деп жұбатарымды да білмеймін. Абзалында шырағым, берік болған артық, е– е, солай!– деп сөзінің аяғын соза түрегелді.

– Сөйт, шырағым, берік болған артық,– деп қарт шойнаңдап тұрып бара жатты. Азалы үй еңсені басып үнсіз тұр. Мұрат шешесінің тізесінде ұйықтап кетіпті. Ұйықтап жатып өксиді. Пілте шамның оты жіңішкеріп түтіндей берді.

– Қадишажан!– деп тізесін бүгін Жықия отыр. Келіншектің кан тамып тұратын әдемі жүзі құп-ку. Кезінде жас Қадиша бас салып көрісе кетті. Үйде басқа ешкім болмағандықтан екеуі де шер- мұңдарын армансыз төгіп-төгіп жіберісті. Жықия Жұман қарттың келіні, майданда опат болған Әмзенің келіншегі. Ойсыз, санасыз жандай болып көрінетін Жықияның ішкі сарайы зар-налаға толы екен.

– Мына заман не деген заман болды– ау, көкірегі түскірге қайғы толды– ау, құрбым-ау!– деп ыстық лебі мен өртеп, күйдіріп жібере жаздады. Қадиша тоқтау жасады. Жықияға қарағанда өз жағдайы артық екенін ұқты. Жықия байғұсты айтсаңшы, аңыраса аңырағандай емес пе? Бетінің қызылы, белінің күші барда жесір қалды. Екі әйел өксігін басып, онсыз да қызарып кеткен көздерін қайта– қайта сүрткіштеп отырды. Қадиша сәбиінің тілін, қылығын айта берді. Жықия от жақты, самауыр қойып құрбысына қолқабыс етті.

– Қадишажан, шәй ішсең денең жадырайды, басыңның ауырғаны басылады. Тірі адам тірлігін қылады ғой, әменде сүйтеді. Әмзенің қара қағазы келген күні құдайдан өлім тіледік, тіпті шын тіледік өлімді. Кейін тоқтау қылдық, енді қайтерсің!..

Әлжан қыстауы ауылдан алыс емес, ортада жол ағаш қана бар. Қыста өгіз шананың жіңішке жолын қар бітеп тастайды. Мұнда мыңға тарта қой қыстайды. Шағын елдің негізгі байлығы осы. Ауылдағылар оны «қой фермасы» дейді. Қой фермасының бастығы жарау, қайқы төс қара сұр шал Ықсан қанша тыраштанғанымен шаруасын пәлендей жөнге бастыра алмай қойды. Бетін қорасан жеп қойған қара тарғыл Шапық апай сырқаулы болса да, қатардан қалмай, бала– шағаға бас болып жүр. Қойдың төлдейтін кезі. Өткен күні он саулық өлді. Бірі қозылай алмай, бірі іш тастап дегендей титығына жеткеннен өлді. Ықсан арық қойларды ашаға іліп, бипаздап

сойып жатқан. Мол қаптал күпілі, күректей сақалы қарауытқ Жұман атай кірді. Кескіні түнерген.

– Мұны қайтесіңдер?

Ықсан қаракөк сақалын ілгері созып:

– Ет комбинатына жөнелтеміз, – деді

– Осыларды жөнелтесіңдер, ә? Майдандағы жігіттер жіберетін азықтарыңның пормы ғой. Ықсан – ау, ұялмай құал айтып тұрсын? Осы колхозды құрып берген, осы малды өсір берген, бүгінде қан кешіп жүрген азаматтарға тартқан сый ба, ә? – Әр сөзін нығарлап айтқан сайын қақ таяғы шошаңд салып жіберердей болып тұр.

– Бәтір – еке – ау, мен бе? Әйтеуір, өлетін болған соң кіріс кіріп өлсін. Бүйткен күнде, бұл саулықтар өлген емес, сойылы етке тапсырылған болып саналады.

– Жағың неге қарысып қалмайды, Ықсан сенің? Қалай ға айтып тұрсың осы сөзді. Тарт былай! – деп ақырып қалып, іс татыр қызыл жоқ боршаны ашадан жұлып алып лақтыры жіберді. – Әкет жасығыңды, әкет татымсыз өлімтікті.

Жұмекең қой қораны аралап кетті. Келмегелі көп күнд өткен. Баласының қазасынан бері елден айырылып, аяқтан ба алмайтын болып бара жатты. Ақыры бас көтерді де:

– Қате-ен, – деді, – мен пермеге барайыншы, қолым түк келмесе де бала – шағаға бас болайын, кімге сенем, е азаматтар болса жоқ, – деп мықынын таянып орнынан тұрды

– Беу, кәрі шөңгел, өлеріңнің шағында тек отырмайсың ба деп еді Жұлдыз кемпір.

– Әйел шіркін, көздеріңе әлдерің келмей отырып өн айтасындар-ау. Өлсем де жаумен жағаласып өлейін, коммуни емеспін бе?! – деді

Жұмекең аласа қорада басын төбеге соғып алмас үн еңкейіп, тұқыра қарап жүр. Қой малының мұншал арықтағанын осынша жасқа келіп көрмепті. Қалың жаба астынан жамбас сүйегі шошайып, мойындары келеңсіз ұзар кеткендей қойлар шулап, картты қоршап алды. Күпісінің ете тістеп тартқылайды. Қызыл қойдың жидіген жабағы жүнін қ саулық кәдімгідей жалмап жеп тұр. Жұмакеңнің төбе құйқа шымырлады.

– Апырай, Ықсан – ай, мынау не сұмдық? О, заманда, (заман қойдың өз жүнін өзі жегенін көруім. Малдың обаль

карасандаршы! Мына қалыпта түгел ашаға ілінеді ғой, не көргенсіңдер?

– Апыр– ау, Жұмеке– ау, керек болса мен айтайын шөпті беріп жатырмыз. Қызылағаштың жоңышқысы түгел шіріп кетіпті Айырмен емес, күрекпен, сүйменмен кертіп әкелеміз, не қыл дейсің? Осы шірікті де уактылы жеткізіп бере алмаймыз. Бес шанамен таңнан кетіп еді, әлі жоқ. Іңірсіз жете алмайды– ау.

– Шіріп кетті дедің бе?– Жұман атай қанталаған көзімен Ықсанның бурыл сақалды жүзіне шошына қарады.– Басқа жерде шөп бар ма екен?

– Жок.

– Апыр– ау, не дейсің?..

Ықсан Жұмакеңе жан– жағына қарап алды да, істік сақалын қарттың құлақ түбіне тақап:

– Керек болса мен айтайын, бәрі Байқараның кесірі. Жұртта не жазық бар. Бала– шаға жан аяған жоқ, шөпті шапты, үйді. Жоспар толтырам, мактау алам деп маяларды дұрыстап ұштатпады. Керек болса мен айтайын, құр қалқайтып кете барды. Маяны дұрыстап үйейік деген әйелдерге жала жауып дүрсе қоя берді. Өзіңіз де естіген шығарсыз.

– Жок, естігем жок.

– Естімесеңіз, керек болса мен айтайын, күздің алғашқы жанбырында маялардың төбесі ескі моладай ойылып түсті. Сөйтіп, пәле Байқаралатып келді. Содан, керек болса мен айтайын...

– Мына қойлар тағы мүрдем кеткен бе? Терісі сыпырылып ашаға неге ілінбеген?– деген басқарманың дауысын естіп Ықсан тілін тістей қойды.

– Уа, Ықсан!

– Мен мұндамын, Бәке!

– Уа, запперме болғаның құрысын! Үп-үлкен басыңмен айтқанды орындамауың қалай?

– Не қыл дейсің?

– Мына қойлардың терісін сыпырып, етін неге ілмегенсің?

– Еті жарамсыз көрінеді.

– Кім айтты, қай ақымақ айтты, ә?

– Ал, мен ақымақ айтқан!– Жұман қарт сылти басып қақпаға қарай беттеді. Байқараның жалбыр мұрты жыбырлап кетті.

– Айтқан мен, майданда қан кешіп жүрген жігіттерге өлімтік жегізуге болмайды.

– Осы өлімтік пе? Адал бауыздалған қой, аздап арықта-
ештене етпейді, қазір бап талғайтын уақыт па?!

– Бап талғамасаң өзің неге жемейсің? Байқара бөгеліп қал-
да, белгілі ашуға басты.

– Сен шалды осында кім шақырды, көңілің қапалы ек
үйінде жат, зиянкестік жасап, іріткі салма жұртқа.

Жұмекен кетік тістерін көрсетіп, қарқылдап тұрып күл.
Осылай күлмек түгіл соғыс басталғалы езу тартқанын ешк
көрген жоқ-ты. Қой күтушілер «атай есінен адасты ма» д-
сескеніп қалды. Қарт күліп болып, қызылы қашқан қойды
елімітігін таяғымен түртіп:

– Мынандайдың жеуге жарамайтынын айтқаны үшін
адам зиянкес атанады екен ғой?– деп қайтадан түнере түсті
Шырағым, Байқара, мен әкенді де, ұлы бабанды да көрг
адаммын. Олардың да мына сен сияқты ақылсыз мінездері к
болатын. Зиянкестікті өз төңірегіңнен іздесең қайтеді? Оғы
бұғып жүріп, әскерден қалдың. Бұрын да сенің ел тағдыры
жаның ашығаны белгілі еді ғой. Талай лаңынды білеміз. Бүг
енді ауыл азаматтары жоқта бас көтере қалыпсың. Не бітір
жүрсің осы? Малдың мұнша арыға- нын көрмеймісің? Қойл
бірінің жүнін бірі жеп жатыр. Күніне ондап өледі. Қатар
косылар да бір қозы болмас. Мал аш, жұтап, қаусап тұр. Соғ
қара– май колхоздың тәуір атын мініп, аң қууға шығасың. Көрі
колхоздарды неге көрмейсің?! Ел қаусап, қажып тұрғанда серіл
кұрасың. Айтпайын деп едім болмадың, қойдың осындай күй
ұшырауына өзің кінәлісің, шөпті шіріттің...

Қарт Байқараға айыптау қорытындысын оқығандай жері
жеткізе айтып болды да:

– Тәйт әрі, адырандамай, о, қайткенің-ей?!– деп бүкенді
төл қораға қарай кетті.

Шапық апай сасқанынан жүгіріп үйге кіріп еді. Баласын
қалған кішкене немересі пеш аркасынан бас көтеріп– Әж
нан?– деді әжесі естімегендей, ыдыс– аяқтың арасынан шәйл
сүтті алып, қайта жүгіріп шықты. Қорада аяқтарын бауыры
алып, қозылар тұр. Бәрі де жақ жаппай маңырайды. Шап
аштықтан бұратылып үні шықпай қалған қозының аузына с
тамызды.

– О, бақыр– ай, «жаманға мал бітеді, какырық– түшкірікп
кетеді» деген осы, науат болғаны– ай,– деп

Сөйлеп жүріп, есіктен кірген Жұмекеңді байқамады. Қарт үздіге маңыраған козыларға қарады.

– Мыналарын жарымай тұр– ау, ә?

– Сұраманыз, Жұмеке, жағдайымыз ете ауыр. Таяқ ұстап қалайық деп тұрмыз. Түні бойы кірпік ілгеміз жоқ. Мына Әзиза карағыма да қиын болды. Жас қой, ұйқыға шыдай алмай жүр. Түн бойы козыларды екі жамыратсақ та, саулықтардың тандыры әбден тартылған, ақ тамбайды. Жалғыз сиырдың сүтін тамшылап құйсам да жетер емес. Сиыр пермесінен күніне бес литрден сүт бергізіп тұр деп едім, Байқара көкке шапшыды. Не істе деймін, Жұмеке– ау, кімнен көрерімді білмеймін,– деді Шапық көзіне жас алып.

Жұмекең «е– е– ее» деп ауыр күрсініп қалды да:

– Шаруаны былай күйзелтіп болмайды. Колхоз шаруасын осылай құлдыратсаң, майданға азық– түлік бермек түгел, азып– тозып кетерміз,– деді

– Енді не істе дейсіз?

– Бір жөнін қарастыру керек,– деді қария. Шапық апай танертеңнен бері әлі күйбеңдеп жүр.

Қашан жығылып қалғанша жүрді. Қатты шаршағанын жүрегі шаншып, басы зеңзіп кеткеннен білді. Мал болса шулап күңгірт тартты. Әлдеқайда қарлы даланың бір шетінде күн батып бара жатқан сияқты. Тұтасқан қалың бұлттан ештеңе көрінбейді. Қыстаудың қырауын қағып суық жел тұрды. Есік ашылса да козылар маңырап қоя береді. Шам қайта түтіндеді. Төл иісіне қоңырсыған керосин иісі қосылды. Құты қашқан шым қораның жабығынан жел соқты.

– О, тоба-ай, тағы басталды ма?

Апай тысқа шықса, қыстау шайқалып тұр. Боран басталыпты. Уақыт іңірге тақау. Күндізгі жарық көгілдірленіп, тылсым жүдеу, тым қапалы. Аза күйін шерткендей орман сыңсиды. Күпті болып жүрген әйел жүрегі онан сайын шаншып, көзіне жас келді.

Қазіргі алаңы – шөпшілер, таңертеңнен кеткеннен әлі оралған жоқ. Алты шақырым жерге өгізбен барып келуге бір күн керек. Шөпті күрекпен кесіп, сүйменмен ойып арту да оңай емес.

Шапық сары кідір қалпымен еркекше қимылдайтын еді. Қойдың жағдайы қиын деп басқарма осында жіберді. Қайда қиын жер болса мұны жұмсайды.

Шөпшілердің алды келгенде боран үдей түсті. Алда кер өгізше шөп артқан Жыкия жетті. Бет-ауызы алма дай, қып-қызыл, жаяулап, теріп келіпті.

– Шөпшілер қайда?

– Кейінде.

Осыны айтып Жыкия қаптарды құшақтап қойға шаша бастады. Ыксан көмектесіп жатыр. Біртіндеп кейінгілер жетті. Бәрі келгенше Қадиша болмай шықты.

– Апырау, Қадиша жоқ қой, – деп Шапық апай байбалам салды.

Келе жатыр еді ғой, өгіздері болдырып қалмаса...

– Қап, бір сұмдыққа кездеспегей!

Жұрт іздеуге шықты. Жыкия бәрінен алда зырлап келеді. Әлгінде жұрт өткен шана ізін қар көмді. Боран көз аштырмайды. Жаяулар желге қарсы еңкейе ұмтылып, алқына қадам басады. Бірінен бірі ажырап кетпес үшін қол ұстасып алды. Жел айғайды естіртпейді. Оппалаған төрт-бес адам қараңдап келеді Етектерін дауыл жұлмалап, киімі жұқаларының сүйегінен өтіп барады.

– Қадиша-а-а!

– Жыкия көзің өткір еді ғой, жолдан айырылма, мен ештеңе көрер емеспін. – Ыксан өзі де ести алмады.

– Қадиша-а-а!

Қиыршық қар бетті оскылайды. Іздеушілер теріс айналып, сәл дамылдайды да, еңкейіп ілгері ұмтылады.

– Жүруге халім жоқ, – деді Ыксан бір кезде алқынып.

– Қайтыңыз онда, Қадишаны таппай үйге бармаймын, – деді Жыкия дауылға өршелене қадам басып. Өзгелер де қалқақтап келеді. Көздерін ақ шел қаптағандай, ештеңе көрер емес. Шапық жолды іздестіреді. Шаналардың көмескі ізі мен шөптің коқымы енді көрінбей кетті.. Дала өз басымен әлек болып бұрканып жатыр. Тіршіліктің белгісі де жоқ. Іздеушілер берді.

– Қолдасып алыңдар, ажырап қалмайық.

Қай мезгіл екенін кім білсін, бір кезде доғарылған шананың үстінен шықты.

* * *

Өзизаның үйден тынышы кетті. Боранның ың-жыңы үдеп барады. Қорада қозылар маңырайды.

Көңілсіз күй сары аурудай созыла береді. Біреулер жоқтау айтып сарнап жатқан сияқты.

Күйеуінен хат келмегелі екінші ай. Хат ұзаған сайын келіншекте үрей жок. Соғыстан бір жыл бұрын ғана тұрмысқа шығып, бірден ұл туды. Сол Қайыртай, міне, үш жастан асты. Аумаған Әміренің өзі. Жатқан түрін қарашы пұштиып. Майданға аттанатын күн Әміре көз ілмеген. Келіншегі мен баласын аймалап еміренумен болған сәттер есіне түскенде жүрегі жалын атып, денесі от болып күйіп кетті. Сағыныштан азап шегіп, көзінен жас парлап қоя берді. Ой, дүние-ай, мына боранды түнде дүниенің қай шетінде жүр, суықта жаурап қалмады ма екен?

Жалғызсыраған әйел зарығумен көз ілмеді. Ойға не келіп, не кетпейді мұндайда. Әйтеуір алданышы Қайыртайы бар, оған да шүкіршілік. Майдандағы жігіттерге тамақ керек, қару-жарақ керек. Малдың сиқы мынау – жасығын алып жатыр. Боран осы ай соғып тұр. Адамдар да, көлік те титықтаған. Жігіттер барда думан болып жататын қой фермасы қаңырап бос қалды. Ашыққан малдың шуынан басқа ештеңе ести алмайсың. Жұрттың бәрі жок іздеп кеткен. Бейшаралар суыққа ұшып өлмесе жарар. Қазандықта ыстық су қайнағалы қашан, үсініп келсе ауыздарын жылытар. Қадіша табылса екен. Сорлы әйел сәбиін жерлеген күні ертеңінде-ақ жұмысқа шығып еді. Дем ал, азалай тұр дегенге болмаған. Апырай, аман болса игі еді...

Әзиза баласын бауырына қысып қалғып кетті. Түсінде Әмірені көрді. Есіктен күлімсіреп кіріп келе жаттыр екен. Келіншек қос қолын соза беріп оянып кетті. Күнгірт үйдің ортасында дымқыл мұртын ширатып Байқара тұр.

– Ұйқыңды бұзып жібердім бе, жалғыз екенсің ғой, өзге жұрт қайда? – деді сырт киімін шешіп жатып. Әзиза жағдайды айтты.

– Табылар, жоғалып кетер мал емес қой, жүрген шығар.

– Сізге адам тағдыры ойыншық болды ма? – деді Әзиза кейіп, – Астыңызда мықты атыңыз бар, неге іздеспейсіз?

Байқара махоркесін түтіндетіп:

– Қатын іздеуге уақытым жок, Айтуар өзегінен ұрғызып алған қасқырды Есіл аңғарына құлатып келдім, атым болдырды, – деді.

– Мал қырылып, жұрт азап көріп жатқанда саят құрып жүруге ұялмайсыз ба?

– Саят қана емес, серілік десе де болады. Осындай серуеннен кейін өзің сияқты келіншектерді бауырға басқан тамаша емес пе!

Байкара бас салып, төсекке жыға берді. Алпамсадай болып босатар емес, ерекше көндіріп ыңғайлап әкетіп барады. Келіншек Байқараның түкті білегінен тістелеп бұлқынып жатыр. Қайыртай шырылдап оянды. Осы кезде есік ашылып, аппақ қарға оранған адамдар кіріп келді.

– Байқара болмай құдай болсаң да басыңды шауып алайын, – деп Шапық апай балтаны ала ұмтылды. Арашаға Ықсан килікті.

– Шапық, сабыр ет, керек болса мен айтайын, мынауың кісі өлтіру. – Өлсін аузының ішін... Құтырайын деген екен, жетім-жесірге тырнағын батырып!..

Байкара ыржалақтап тұр. Білегінен саулаған қанды да аңғарар емес...

* * *

Қадишаның шанасының қарамасы сынып жантайып жатып алып еді, артылған қатпар шел ауып, сүйретіліп келеді. Күшінен асқан жүкті өгіздер ілгері апара алмады, кейіндей берді. Ақыры шеткі өгіз жатып алды, қоналқыға келгендей-ай пысылдап тұрар емес. Әбден әлі кеткенде сөйтеді өгіздер. Қадиша шананың астына кіріп, шірене көтеріп түземек еді, зорланғанда өзегі үзіліп кеткендей болды. Көздері қарауытып отырып қалды. Есін жиып тәлтіректеп орнынан тұрғанда, соңғы көлік сайдан түсіп барады екен, даусы жетпеді. Түн болып, боран көтерілді. Көліктерді ағытып алып, сенделіп жүре берді. Елге қарай тура тартқандай еді, орманға кезікті. Панаға келген соң бетінің қарын сүртіп ойланып отырды. – Қай ағаш бұл?

Екі өгіз аяқтарын бауырына алып бүрісіп тұр. Қадиша бойын жаза алар емес, ішін басып ағыл-тегіл жылады. Оған орман сыңсып үн қосты. Денесі суып, аяқ-қолдары ұйып барады. Өлген деген осы болар, көзіне Сайдалы мен Мұрат елестеді, қатарласа келіп қол созады. Қадиша бар қуатын жинап: – Жоқ, мен өлуге тиісті емеспін, өлмеймін, – деді. Орнынан сүйретіле тұрып, шіліктің басын сындырып өгіздерге тосты. Титықтаған жануарлар өлеусіреп мойын созды. Шырпыны қажатқанына қуанып, қыбырлай берді, денесі жылынған сияқты. Соңғы күшін сарқып алмас үшін бірде дамылдап, бірде қимылдап түнді өткізуге тырысты. Қас жауы – ұйқы мен суықта осылай қайрат қылып таңды асыға күтті. Таң қайда, біреу қайда, орман аза күйін сыңсиды. Аласапыран арасынан адам дауысын

естігендей болады. Елендейді. Елдің іздеп жүргенін сезді. Желге қарсы жүруге халі жоқ. Іздеушілердің даусын тағы да апанық естіді. Ұйқы әлсірете берді.

Байқара үйіне көңілсіз қайтты. Қырсық шалған бір күн болды. Қасқырды қуып өлкеге құлатты. Бәлкім ұрып алар ма еді, бораны түскірдің түтеп кеткені. Аты тез титықтап, жүрісі мандымады. Жемді көп жеп қойды ма екен? Шапық қатынның келініне сөзін өткізе алмай беті қайтты. Колхоз шаруасы оңға баспай ол тұр. Райкомға барса жанын қысады. Ана жолы орнынан түсіріп тастаймыз деп ескерткені бар. Орнынан түсті дегенше, майданға кетті дей бер. Байқараның денесі мұздап сала берді.

Ойға ой қосылды. Шәй іш деп әйелі үшінші рет айтса да құлағына кірмеді. Желі қай жағынан соғарын бағып өскен Бағила самауыр қасында шошайып отыр.

Сопактау мұңды кескіні қуаң тартып жүдей түскен қалыпты қайтып үн қатпады. Байқарамен жұптасқан жылдарын ойша шолып етті. Көрген жақсылығы аз, бейнеті көп екен. Төрт бала туыпты. Екеуі ғана тірі. Бар сүйеніші солар ғана, әйтпесе Байқара бай болып жарытқан жоқ. Қара күндей ертеден қара кешке салпақтап өмірі өтіп келеді. Бір рет жұбайым деп еміренді ме екен? Қонаққа апарып, қатарласып отырды ма екен? Салпы етек, шарасыз әйелдердің тірлігіне әбден дағдыланып алған. Ауылдағылар бұл көшеге шықса: «басқарманың күн тимесі» деп күледі. Арпалыс заманда кеудесінде жаны бар адам қимылдап жатса, Бағила от басынан шыға алмай-ақ қойды. Еңбекке араласуды айтып еді:

– Шәйінді жөндеп қайнат!– деп жекіп тастады.

Қыз күнінде осы төңіректің бозбаласын өзіне қаратқан ақ сары ажарлы қыз еді, бұлғақтап ерке өсті. Ойын-тойда ән салды, әзіл айтты. Жиынның гүлі болды. Сөйтіп жүргенде осы Байқара соқтығып сөз айтты.

– Сендей сүмелекті көргім де келмейді,– деді Бағила.

– Көрмек түгіл, қара күнім боларсың,– деді анау. Қапылыста аңдып соғып атқа өңгеріп кетті. Арпалысқанмен істер айласы болмады. Алыстағы апасінікіне апарып тығылып жатып алды. Болары болып, бояуы сіңген соң еліне алып қайтты. Қорлыққа шыдамаған Бағила арыз айтпақ болып еді, туыстары тоқтау салды. Сөйтіп, Байқараның есігінде отымен кіріп, күлмен шығып жүре берді. Содан бері ерлі-байлы адамдардың рәсімін жасағаны болмаса, Бағиланы теңдікке алған Байқара жоқ.

Асылы, шыдамдылық, ұстамдылыққа келгенде әйелден артық кім бар? Ар-намыс камалап аттап өте алмайды. Намысы үшін жанын береді. Әйелдік, аналық атына кір келтіруді өлім санайды. Иә, сөйтеді. Аласы ішінде Байқарадан әбден түңіліп болыпты. Қалған ғұмырын еркексіз өткізгісі келсе де, балаларын ойлап райынан қайтады. Ажал деген айдаһар адамды лебімен тартып өзіне қарай жакындата береді. Мысқалдап ұрланған ғұмыр бір күндей болмай өте шығады да, жылан арбаған сұр торғайдай ажал аузына кіріп жоғалады. Бағила бала туды, одан баска не істей алады, ештеңе де тындырмапты... Самауырдың ызыны басылғалы қашан. Оттығы да қарауытып сөніп қалған. Дастарқан жаюлы қалпымен тұр. Байқара қақтақтай жаурынын көрсетіп іргеке қарап жатыр. Ондық шамның пілтесі шоктанып түтіндейді. Даладан боран ызыны естіледі. Әйел тізесін құшақтап әлі отыр. Жасқылт сары көздерін бір нүктеге қадап қалған. Біреу терезе қакты.

– Бұл кім екен, баршы-ей! Қарға оранған екі адам кірді.

– О, бәрекелді, Әбеке, сәламатсыз ба, дені-қарныңыз сау ма? – деп Байқара, қонақтың мұздаған қолдарын уқалап түймесін ағытты.

Бағила ас қамдауға кірісті.

Шықшыт сүйектері шыққан жадау жігіт ауапарткомның нұсқаушысы. Мынадай сұрапылда не түлен түртті екен? Әбу пешке жылынып отырды, қалтыраса да сыр бермейді.

Шәй үстінде Ықсан кірді.

– Әлгі Қадишаны таба алмай қайттық. Жаяу шыға алап емеспіз, атыңның бірін бер, жілік майы бар ғой. Панар ұстап тағы бір сүзіп өтейік, – деді.

Жайшылықта бәсекең барқ етіп айдап шығар еді, ауапартком нұсқаушысы алдында өйте алмады,

– Қара атпен аңнан келдім. Жирен дөненді ертең жегем Бригаданың Сары азбаны мен көк шоқайды мініңдер!

– Олар аяқ артуға жарамсыз. Осымен сөз шектелді. Ықса шығып кетті.

– Сіз әйелді іздеуге ат бердіңіз бе? – деп сұрады Әбу.

– Бердім, бізде аттар бар.

Байқара басы жастыққа тиіп, қорылға басты. Шала бауыз далған жылқыдай қырылдап, үйді басына көтерді. Мұндай Әбуде ұйқы болмайды. Теріс қарап жатты да қойды. Күні бой

ат соқты болған басқарма шаршап жығылған. Өткен-кеткенді ойлап Әбудің ұйқысы келмеді. Соғыс алапаты іргесін шайқап тұрған кішкене ауылдың басқалардай емес, құлдырап бара жатқанына себеп іздейді. Жұман қарттың айтып жіберген сәлемін шолып шықты. Қарт жаны ашығандық істеген. Мал қырылу, адамдардың жүдеушілік көруі басым. Неге, олай! Аунақшып ұйқысы келмеді. Көптен бергі жолдасы – құрғақ жөтел қысып мазасын алумен болды.

– Ей, қатын, етігімді бері таста! – деген дауыстан оянды ол. Таң атыпты, өзімен қатар жатқан Байкара түкті балтырларын сипалап отыр. Әбу оның жалпақ жаурыны мен қып-қызыл шұйдесін көрді. Босаға жақта самаурын ызыңдайды. Әбу киініп тысқа шықты.

Түндегі ақ түтек басылып, терістіктен суық жел тұрыпты. Ызғарлы қатты жел. Үйлердің жатаған мұржасынан жылы түгін ұйытқиды. Күрткіт басқан көшелермен әйелдер асығып барады.

– Әттеген-ай, Байкара атын берсе бүйтпес еді, сорлы тірі ме екен өзі?

Әбудің мойнына жылан оралғандай қалтырап кетті. Сонау тұста жегулі ат, жаяу адамдар топтасқан. Шанадан көтермелеп біреуді түсіріп жатыр. Денесінде тіршілік белгісі білінбейді.

– Үйге қарай, үйге!– десті жан ұшырып. Әбу сірескен адамды көтерісіп ала жөнелді.

– Өгіздер аман ба екен? Өгіздер деймін, қу дүлей? – деген Байкараның тарғыл даусы естілді

Көкжиектен сүлеленіп күн шықты. Ой-қырын боран тегістеп кеткен дала кіршіксіз аппақ. Шана үлпілдек қарға шимай салып ұзап барады.

Отырғандар үнсіз, екеуі де күн сәулесімен шарпысқан аң далаға қарайды. «Мына сөлтөк өкілдің тап болғанын қарашы, әйтпесе атаң өлсе қармайтын қан сонардың өзі. Бұл болмағанда ғой ендігі Теріжайған асып, Есіл өлкесіне құлар ма едім. Кешегі көк сұр арлан тағы да Балпанайға сіңіп жоғалды ғой, әттеген-ай!..» деп тосын кездескен «қырсыққа» қынжылып басқарма отыр.

Әбудің құлағынан сұрапыл боранның ызыңы кетер емес. Ың- жың арасында жөн таба алмай жүрген әйел елестейді. Неге ғана сендім екен сөзіне? Жұртты неге көтермедім? Мына семіз аттармен жарық ұстап шығуға болатын еді ғой.

Әбу ауық-ауық жөтеліп қойып, басқармаға бұрылып тұрамады. Қабағы салыңқы. Колхоздың халі мынау. Сиырлар ақ болып кеткен, көтеремдері бар. Жазда көлік етеміз деген өгізшелер тістерін шықырлатып мөңірейді. Сиыршы әйелдің ерні жалақ, қара көздері мұңмен қарайды. Жөн сұрағанда үсіні едім, дей салды.

Бір шанада иық тақастыра отырған екеудің ойы екі басқа.

Өкілден айылын жиған Байқара жоқ. Бәрі де өз орнында, бәр де соғыс уақытының тәртібімен істеліп жатқан сияқты. Өкілдің салқын кескініне қарап: «Тырсия келіп, жұмсара қайтатындары болатын», – деді.

* * *

Қыстау ағашы мүлгіп тұр. Аңшыл аспанның аясында ұшақ бастары кертештеніп тұнжырай қарауытпады. Қой қорада таңғы қарбалас кезі. Мал жайлап, төл жамыратып дегендей, малшы жұрттер төгіп жатқан. Байқара Әбуді алдына салып кірді. Аласа қораға төбесін соқпас үшін бастарын тұқыртып алыпты. Азан-қазан малдың шуы құлақ тұндырады. Жүні түсіп, кен арқасы ағарған қара саулыққа қозы жамыратып Шапық апай отыр. Екі иығына дем алады. Сұр көздері қатты қиналумен кіреукеленіп кеткен.

– Сізге не болған?

Шапық үн қатпады. Тарамысты қолдарымен арық қозыларды желкесінен қысып қойдың бауырына тұқыртады. Бірдеңе де өзінен өзі күбірлейді.

– Осы байғұс түннен сырқат, жат десем тіл алмайды, – дей қансыз түсіндіріп жатыр. Әбу Шапық апайды қаз бастырып сүйемелдеп үйге кіргізіп, төсегіне жатқызды. Ауру сандырақтап «Қадишажан, Қадиша – жан, – деп дауыстайды. – Әй үйі күйгір Байқара – ай? О, бетсіз!»

Байқара сыртқа шыға берді. Әбудің ашаң жүзі боп-бос болып, танауы қусырылып кеткен.

– Түнде боранда Қадишаны іздесуге барған. Киімі жеңіл суық өтіп кетті ғой сорлыға. Сүзек болмаса жарар, – де мүсіркейді біреуі.

Өкілді дағдылы жөтел қысып барады. Қабырғадан ұстап сөз бөгелді де, аузын орамалмен басып қой қораны кезіп кетті.

– Жеткізе алмай жатқанымыз болмаса, шөбіміз бар. Күті нашар, тек басқармаға ауыз ашып, астық сұрауды біледі, түге.

Байкара күнә біткенді малшыларға артып, өзі әбден зықысы шыққан сорлы бастық болып көрінгісі келеді.

Әбу оның сөзіне құлақ қоймады. Қой фермасын аралап жүріп көріп:

– Кеттік маяға,– деді деміге сөйлеп. Басқарма саптама етігінің тұмсығына қарады.

– Онда не бар, келеді ғой өздері де,– деп жапырақ мұрнын таңқ еткізді.

– Бару керек, қолың тимесе атыңды бер! – «Атыңды бер!» дегені тура бастықтығыңды бер дегенмен бірдей еді. Амалсыздан көнді. Қаз мойынды қара ат құлақтарын тас төбесіне шәншіп алып жортып келеді. Әбу аттың астаудай жаясына қарайды. Дала үстінде көзге ілінбес мөлдір мұнар бар, көктем нышаны. Сәуір айы тақау. «Жете алмай апатқа ұшырамаса» деп қынжылады өкіл. Бастық болса кіп-кішкентай ісік көздерімен қар бетіндегі түлкінің дөңгелек мөр іздеріне күрсіне қарайды.

– Таң алдында түлкі жүріп өтіпті. Бет алысы – Қарашоқы, Мәшен жақ, сонда түнейді. Сонардан кейін артық із түсірмеуге тырысады. Әккі арлан екен. Қарашы, аяқтарын көсей салыпты.

Байқараның түлкі жайлы кеңесі Әбудің қытығына тиіп, жүйкесі құрыстап келе жатты. Шөпшілердің саржағал жолы дөңеске көтерілді. Әбу жол ернеуіне түскен шөп үйіндісінен көз алмайды. Шөп емес, қоқым шіріндіге ұқсайды.

– Шөптерің осындай болса оңбапсындар, – деді Әбу.

– Иә, солай, ым– м... – деді.

– Мал азығы мұнша неге ысырап болған?

– Сөйткен ғой, солай ғой, ым– м...

Байкара одан әріге бармады. Әбу сөйлесуге ықыласы жоқтығын байқатты.

– Пішендік алыс па?

– Иә, ым– м...

Аттылар дөңге көтеріле бергенде Байкара:

– Ойбой кетті, құдайы құрысын, бүйткен тірлігі құрысын, аттан, атта-ан! – деп айқайды салып кеп жіберді. Қара ат аспанға шапшыды. Байкара жүгіріп барып алас-күлес атты ағытты да. салды. .

– Не болды, кел, не? – деп Әбудің көздері адырайып, бастық сілтеген жакқа қарады. Иен далаға бет түзеп, жалғыз қасқыр шоқытып барады.

– Сіз қумаксыз ба, тоқтаңыз, тоқтаңыз!– деп Әбу ұмтыла бері еді, Байқара шананың жетегін жұлып алып, атқа қарғып мінді.

– Токтаңыз, Байеке, тоқтаңыз, тоқ...

Қарагер ат орғып жөнелді. Ширақ сілтеп, тез ұзап кетті. Өкіл де үстінде қалып қойды. Көз ашып-жұмғандай уақыттағы көрініс байыптауға ақылы жетпеді. Саймандары шашылған, қисайы кашовка-шана тұр. Шалқасынан түсіп Байқараның қасқыр іші жатыр. Өкіл қарқылдап күліп жіберді де, ат-әбзелдерін шанаға салып, үстіне бастықтың ішігін тастады. Сынар жетекте қалға қайыс көтермені беліне буып, қолына ұзын таяқ алды.

Кеудесі шуылдап жүріп келеді. Маңдайынан салқын тер білінді. Ақ далада жалғыз қара көрінгенде шөпшілер таңырқап, кімі жорырын білмей дал болып тұрды. Жүрісі де, тұрпаты да бөлек.

– Апырмау, мынау өкіл ғой!

– Өкіл, өкіл!– десіп шу ете түсті.

Әбу аз ғана отырып ес жинады. Маңдай терін сүртті. Жұдабырласып, жөн сұрасып жатыр. Жолдағы оқиғаны айтуға ұялып отыр. Айтпауға болмайды.

Сыңғырлаған әйел күлкілері толастар емес. Жықи қасындағы келіншектің санын үзіп алып күлсін-ай келіп.

– О, құдай тілеуінді бергір, Байқара-ай, әбден қарқ қылдып ау,– деп көздерін сүртіп әйелдер тыйыла бастады. Осыла жарыла күлмегелі қашан. Өкілден ұялды еркектігіне басты м ықсан мырс-мырс күліп тына қалған.

Шөпшілер маяны қардан аршып, енді ғана артуға кіріске екен. Бір шетінен сүйменмен, күрекпен кертіп алып жатқа Сиырдың жапасындай қатпарды Әбу қолымен үгітіп көрді.

– Маялардың бәрі осындай ма?

– Осындай.

– Қыс бойы осымен азықтандырдыңыздар ма?

– Иә.

Өкіл буыны құрып отыра кетті. Жүрегі өрекіп, тыныс тарылып барады. Қайратын жинап орнынан тұрды да қартаң әйелдің сүйменін алды. Сүйменді салмақтап көр қатпарға ұрғылай берді. Алқынды, аз дамылдап қайта кіріс Науқастығын да тыңдар емес.

– Әбу, шырағым, осы соны қайтесің, өзіміз де бірдеңе етіп.. деп ықсан күңкілдейді.

Әбу тыңдамады.

– Көліктер ыңырана қозғалып, оппалап жүріп келеді. Іркес-тіркес тоқтап, тарта алмағандарына шанасын итеріседі. Такыр жолға шыққан соң шаршаған жұрт көлікке аяңдады. Әбу өгіз аяңына зорға ілесіп келеді.

– Замандас, отырыңыз,– деп Жықия орын ұсынып еді, үндемеді. Әрі беріден соң көлікті тоқтатып:

– Мұныңыз ерсі болады ғой, әйтпесе мен де! – деп шанадан домалай түсті. Әбу амалсыздан келісті. Келіншек такалып ішікті екеу ара арқаларына жапты.

– Тер қатып қалады, осылай отырыңыз. Шананың сықыры мен жүректердің дүрсілі ғана естіледі. Жықияға еркектің тер исі ең бағалы деген әтірден мың мәртебе артық болып білінді. Жүдеулеу болса да жігітке лайық кесек мұрны мен мықты шықшыттарына қарап, ұмыта алмай жүрген асау сезімдері бұрканып, тұла бойы дірілдеп кетті.

– Қалқам, атың кім?

– Жықия ғой.

– Күйеу соғыста шығар?

– «Қара қағазын» да алғанбыз.

– Көп отастындар ма?

– Жок– а...

Әбу күрсінді. Жықия өкси бастады.

– Қалқам, сабыр ет, ел басына келген қиындық... Келіншек уанбады. Құшақтаған қалпы жігіттің кеудесіне бетін басып жабыса отырды.

Байқара түгін бетіне шығарып, бекініп алғанымен, іші әлем-жәлем болып отыр. Қайдан байланысты екен.

Жұрынбай болса, қу бастан қуырдақ алатынның өзі. Қақысын ешкімге жіберіп көрген жок.

Бұл істі Ықсан да, басқалар да құптамады:

– Аралас ауылмыз, бүйіткеніміз ұнамас, түбі реніш болар,– деген.

Жұман карт тіпті сөйлетпеді.

– Мал азығы бізде ғана шіріді. Басқалардың жын-тоғы бар. Онан да мал бер, ақша бер, сатып ал, – деді.

Жауықтырған Жұрынбайдың өзі еді. Пішен кезінде екеуі қағысып қалған.

– Менің ширегіме де келмейсің,– деді Жұрынбай ат үстінен насыбайын шалқая атып.– Мына Кәлі қорығынан

пәленбай жүз шөп үйдік. Қара бұрыш сияқты, танауынды жарады.

Байкара өзінің байлығын көтере:

– Малым сенен көп, шабындыққа шаш етекпенмін. Бір қызыл ағаштың өзі сенің бес кәліңе тұрады. Көре қал, қайсымыз бай екенбіз. Қазір де отыз мая тұрғызылды. Әрқайсысының ұзындығы ат шаптырым, – деді екпіндей.

Жұрынбай каркылдап күліп:

– Ат шаптырым маяң болса наурыз туғанда ана жолғыдай тағы бір соғарсың, сөйлесерміз сонда, – деген.

– Енді шөп сұрап бармасын оған. – Келерсің!

– Бармасын!

Осыдан кейін Жұрынбайдан шөп сұрау арыстанның аузына басын сұғумен бірдей болып көрінді. Аудан «Қызыл диқаннан» шөп сұра десе, беттер емес. Онан да бір тартар етіп Жұрынбайдың жұрымын құртайын деп колхоздың бар көлігін Кәліге жапсын. Он бес шана соныдан жол салып барды. Арык өгіздер құлап-сүрініп зорға жетіп еді. «Шөпті аямай салындар» деді де, жирен бестімен орғытып дөң басына шығып карауыл карап тұрды. «Қызыл диқан» жактан кара көрінбеді. Соңғы бораннан кейін ешкім із салмапты. Байкара махоркені мол етіп орап түтіндетіп тұр. Шылымның тұқылы бармағын күйдіріп сілкіп тастады. Қайтадан шөпшілерге келді. Әйелдер көк шөпті қызыға артып, шаналарды сықап алыпты.

– Е, шөп деген осындай болушы еді, – деп қауқылдасады.

– Ал тартындар, Жұрынбайдың жәйін бір таптық.

Байқаң тірі тұрып қор болмайды, – деп ірі сары тістерін көрсетіп кеңк-кеңк күлді.

Келесі күні қатын-қалаштан күңкіл шыға бастады. Інірде Байқаранікіне Ыксан кірді. Кескіні ит қуғандай екен.

– Естіп-біліп отырсақ, – деп бастады ол. – Біздің Бәтия Айтжаннан, Айтжан Балжаннан естіпті. «Қызыл диқан» дүрлігіп жатыр дейді. Таңнан қалмай осында сау ете түсер. Зан орнынан, аудан басшыларынан кісілер болса керек, не қылса да біздің қотанға ланды салмақ көрінеді.

Байқараның жүрегі зырк ете түсті. Әсіресе заң орнынан кісі бар дегені састырайын деді. Сөйте тұра сыртын бермей сазарып алды.

– Шөпті қораға тығып, малға мол салыңдар. Қуғыншылар жосыған ізбен келеді, бұлтартып көр, енді. Жә, Жұрынбайдың енесін... бір жөні болар...– деп теріс қарап жатып қалды.

Жұрынбай Байқараның ойламаған жағынан соқты. Үшінші күні төсегінен басты.

– Уа, Бәке,– деп сайрай кірді.– Ұры бастық дегенді кім естіген. Бастығы ұры болса, колхозын не дейміз? Үргеніш, Қокан асып келгендей алшыңнан түсіп жатырсың,– жүр былай.

Көрпесі сыпырылған Байқара жұлынған тауықтай жалаңаштанып қалды.

Жұрынбай үлпілдетіп қойған сары мұртынан сүңгіні ажыратып алып, есікке қарай сілкіп тастады.

– Жүр, сенімен сөйлесетін кісілер бар. Жұрынбай Байқараны дедектетіп кеңсеге алып келді.

– Е– е, әлгі ұры бастығың осы ма? – деп милиционер сызданып қарады. Байқараның орнын басып алып, шіреніп отыр. «Қазір айдап жіберсендер де, орнымды өзіме қайтар» дегісі келді де, бата алмады.

– Көрші отырған елге жауша шауып, малының азығын барымталағаныңыз үшін ісіңіз сотқа беріледі! «Қызыл диканның» шөбін, екі есе құнын төлейсіз! – деп милиционер столды қойып қалды. Кішкене кеңсе төңкеріліп бара жатқандай Байқара столдың ернеуін сығымдай түсті.

– Мал қырылатын болған соң... – деп, сап-сары тіс қалқасын көрсетіп, күлген болады.

– Қырылса сатып ал!– деп қартаң милиционер бағжаң етті. Жұрынбай артық сөзге бармады.

– Кәне, шөбімізді артып алып қайтайық та ауылымызды қуантайық! – деп орнынан тұрды. Кеңседегілер төгіле сыртқа беттеді. Байқара есенгіреп тұр. Төңіректің бәрі шыр көбелек айналып кеткендей болды. Көптен соң есін жинады. Милиционер бас болып акт жасап, шөпті артуға ыңғайланғанда Жұрынбай жетті.

– Токтандар, артпаңдар!

– Не болды?

– Артпаңдар, мыналар титықтап қалған екен. Малдары қаусап тұр. Шөпті әкетсем малдары ертең қырылады. Көптің малы, обал ғой,– Әй, Байқара-ай!– деп шекесін қос қолдап сығымдай берді.

– Келін-ау, келін! – деген дауыстан Қадишаның жүре зырк ете қалды. Көшеде Жұлдыз кемпір жүгіріп келеді екен Қолында хат, Сайдаштан.

Қадишаның өне бойы шымырлап, аяқ астындағы же козғалып кеткендей болды. «Рас па, соның хаты ма? Құдай-а түсім болмағай!»

– Келін-ау, хат Сайдаштан. – Жұлдыз кемпір болп еткізі сүйіп алды.

– Кескінің неге кетіп тұр, қорыққан да, қуанған да бір деге ғой, иә, сөйткен шығар. Оқышы, енді!

Қадишаның қолы қалтырап, хатты карап шықты да, бетін басып еңіреп жылап жіберді.

«Жараланып, жау жерінде қалдым. Бағыма қарай е адамдарымыз тауып алып емдеді. Қазір партизандар қатарынд соғысып жүрмін. Хат кешіксе, алаң болма, бізден хат жі жүрмейді. Мұрат пен Розкені мен үшін сүй. Ел-жұртқа сәлем».

– Айналайын, ел жұртың сау-сәлемат, сендер үшін жан салы көмектесіп жатыр! – деп Жұлдыз кемпіртіссізауын қисайтыңқыра жасын төгіп жіберді. – О, құдай, менің жалғызымнан осындай х неге келмейді, сол сәтте мен неге өлмеймін, Айналып кетейін-аі кішкентайларын да ұмытпапты-ау.

Розкені сүй деген тұста Қадиша сұрланып қалды да, азда соң жүзіне қан ойнап шыға келді. Сол сәтте арбаға қарғып міні сұлу кара аттың тізгінін қағып қалды. Күн қызуына маужыра тұрған есті жануар құлақтарын жылмита түсіп, сағым тасы жатқан далаға қарай лекітіп ала жөнелді. Қадиша кара атты арбасында емес, құс қанатында келе жатқандай. Жарық дүниеі тамашалағандай күлімсіреп келеді.

Айлар бойы төсек тартқан, әбден титықтаған жас ден көктем күнінен мол қуат алып шырыға түсулі. Дала ада айтқысыз әсерлерге бөленген. Бозторғайлар қуана шырылда көк аспанда қалықтап тұрып алды.

Өлі бетеге арасынан алғашқы қызғалдақтар сығалайды Жер бауырлай соққан жылы жел үсік шалған кара ерменні сабақтарын еркелете шайқап тұр.

Ат жортақтап келеді. Артқы доңғалакқа ілесіп Байқараны ала тазысы қалар емес. Иесі болмаса да үйреншікті ат-арбаға ер жөнелген. Жадау әйелге аңылды көздерімен жаскана қарайды

Ескі егістік беті су, күртіктің қалдықтары әлі бар. Тоны еркін жібімеген жерге көлік соқасы батар емес. Қашау доңғалақты тракторлар МТС–тен әлі келген жоқ! «Машина күшіне ауыспай оңбаймыз ғой»,– деп күйзеле ойлаумен болды Қадиша.

Неден бастау керек, қалай жүргізіп әкетпек? «Бастық Қадиша болсын, сол лайық»,– деп шуласқан көптің не білгені бар? Райком секретары Романовтың өзі осылай депті. Жұман карт та жүрек беріп, сенім артады.

Байқараны айтам-ау, боркемік екен ғой. Басқармалықтан босатқанда дардай басымен жылағанын қайтерсің. Байқараның тотыққан семіз жүзінен тер моншақтап, қасапқа жығар малдай қалтырап тұрды. Жұман атай таяғымен еденді ызалана нұқып:

Адам күнәсін көз жасымен жумас болар, «ел ерге қарайды» деп соңынан ердік, дұрыс бастамадың. Ақылды тыңдау орнына қарсы шаптың, көпшілікпен есептеспедің,– деді.

Қадиша жөтеліп қалды. Өкпенің қабынуы әлі айықпаған. Әлсіздіктен көздері бұлдырап, құлақтары шыңылдайды. Буындары әлсіз, науқас әбден діңкелетіп кеткен екен.

Көктем ауасымен, күн қызуымен тарқар, әлденермін деп ойлады.

Қадиша арбадан түсті. Егістік сарғыш тартып жатыр. Топырақ жылына бастапты. Ылғалды даладан мөлдір бу көтеріліп мұнартып тұр. Аңызға бидай егілгенін әр жерден көрінген сарғыш сабақтардан ғана аңғаруға болатын. Кәрікыз бен сүт жапырақ есіп, қалақай қаптап кеткен егістікке кинала қарады. Бір центнерден тұқым себіліп, тоқсан килодан өнім берген жер. Жыртылмаған аңызға екі қайтара тырма жүргізіп, өткенде жасырынбай қалған дәнді қара қарғалар теріп жеп жатқан.

Қадиша ауыр күрсінді. Қамшымен арам шөптердің сабағын жайқап келеді. Өзі оқыған кітаптарында тұқымды жыртып сеуіп, дән жинайды дегенді кездестірмепті. Жықиялар осы тікенді далаға тырма салғанда балтырларының қаны судай ағып еді. Қыстан қаржалап шыққан жауыр өгіздер, шаруаның арық сиырлары аңыз үстінде мүдіре жығылып жатқан...

Қадиша адымдай басты. Бетеге арасында күнге ұмтыла бой созған сарғалдақты еппен үзіп алып, мұрнына тосты. Кірпігінен үзілген жас гүлге тамды. Зарықтырған сағыныш бар. Көзін шапшаң сүртіп арбаға мінді.

Бригада басында аяқ асты жанжал шықты.

– Көктем егісінің тағдырын бұлар шеше алмас, қайың қойыңыз,– деді Қадияша ала бұзауы бар ақшап сиырды бүйірі түртіп.– Қара өзек шақта балалардың аузынан ақ айыру обға ғой, түсінізші!

– Түсінем, бәрін де түсінем. Бірақ жеке меншік сиырларды жекпей, егінді бітіре алмаймыз, амал қанша! Оны сен де түсі қарағым,– деді Ықсан шал.

– Шапық апай науқас, келіні жұмыста, баласына ақ кере Көршісіне де қарайласып отыр. Жағдайды көрмейсің бе?

– Олай болса, жеке меншік сиырларды түгел босат.

– Босатса несі бар, желіні салақтаған арық сиырда не қауқа! Қазір үйді үйіне қайтарып беріңдер!

Ықсан атқа қарғып мініп, жаппа астына қамалған бұзауларды жамыратып, енелерімен ауылға айдап жіберді.

– Уә, бұлардың не, сиырларды неге қайтардыңдар, егін немен саламыз?– десіп айқайлағандарға Ықсан ат үстінен шаңқ-шаңқ етіп күлді.

– Керек болса мен айтайын, жаңа бастықтың қамап қойғың мүйіз өгіздері бар көрінеді, сиыр жекпесін депті.

Осы кезде келіп жеткен аупартком өкілі Әбу атынан қарғы түсіп сәлем берді. Қол ұстасып амандасып жатыр. Қадияша сәттілік тілейтінін айтты. Суыт келгеннен бе, ентіге тершіп жү

– Ал, халдеріңіз нешік?

– Халы құрысын, керек болса мен айтайын, мына Қадия бастық жеке меншік сиырларды таратып жіберді. Жегетін көл жетіспейді. Қол қусырып қарап қалайық деп тұрмыз...

– Меніңше, дұрысы осылай!– деді Қадияша қойын дәптер парактап.– Колхозда жиырма бір өгіз, бес пар құнан бар екен

– Түнгі кезекті қайтесің?– Ықсан тебініп жақындай түсті.

– Түнгі кезекке шығатын адамдарымыз бар ма?

– Күндізгілер істесін!

– Жок олай болмайды. Адам темірден соғылмаған жә көпшілігі әйелдер мен балалар. Әбден титықтаған балалар аң үстінде ұйықтап қалған былтыр. Дұрыс па, сол?

– Енді қайтейік?

– Қажыған балаларды Байқараның камшылағаны өтірік пе е

– Рас.

– Рас болса, бұл – адамға қиянат, қорлау...– Қадияшаны көздері жасқа толды.– Адамға күні бойы көлікпен алысып жа

жер жыртудан соң аз болса да дамылдау керек шығар. Сіз өзіңіз осылай соқа айдап көрдіңіз бе?

Ықсан кер байталды шоқыта жөнелді. Әбу күмілжіді.

– Жоспарды қайтеміз?

– Орындаймыз ғой...

– Немене? Қайтып?

– Тракторларымыз бар емес пе?

– Оларға сенім аз ғой. Бөлшектер жетіспейді.

Жүруінен тұруы көп. Жүргізушілер тәжірибесіз. Жоспар орындалмай, ұятқа қалмасаң...– деп Әбу шынын айтты.

– Тракторлардың бұзылған бөлшектерін жөндеп қатарға қосуға бола ма?

– Болады, бірақ жиырма бес шақырым МТС– ке қатынауға тың көлік керек.

Әбу бұзаубас етігінің тұмсығына қарай берді.

– Ол қорқыныш емес,– деді Қадияша өршеленіп. – Тракторшы әйелдер мен жас өспірімдер техникаға шала, меңгеріп әкетуге дәрменсіз, міне, осы жағы қынжылтады.

– Менін айтып тұрғаным да сол.

Қадияша атына қарай жүрді. Әбу мініп келген кер қаскасын тұсап жіберіп, бастықтың жеңіл арбасына отырды. Екеуі нық қағыстырып келеді. Көктем күні күн көтеріле қыза бастады. Шексіз аспан әлемінде күн жарқыратқан суық бұлттар қалқиды. Жыртынды үстінде екі-үш трактор жылжып барады. Изендеген ерке сағым жүректі шым-шым еткізіп, әлдебір қиялдарға бұрғыза берді. Келіншек өз-өзіне тоқтау салғандай, жөткірініп, басындағы бір тартар орамалын шешіп, тас қылып қайта байлады.

Қара бала оталдырғышты мықшындап айналдырғанмен, мотор үнсіз. Әбу де бар күшін салып көріп, іс шығара алмады. Трактор тастай мелшиіп қалыпты.

– Бригадир қайда?

– Анау жакта.

Қашау доңғалақты трактордың астында шалкасынан жатқан бригадирдің үсті шылқыған май, мотордың ауыр қартерін зорға көтеріп ілді. Ұстататын болттары тіпті көп екен, барлығын орнына келтірмей, трактор астынан шықпады. Мотордың бүйір тұсына қол салып жатқан жас әйелдің де үсті қара май, кескін қалмаған, әбден шаршаған.

– Қалың қалай?

– Онбай тұрмыз, трактор жүрмейді. Күндегі көресіміз осы бейнет, аңыз басынан жарты шақырым ұзамай-ақ тұрып қалғанымыз. Жұмысты қалай өндіреміз енді?

Келіншек күйзеліп айтты. Кәкім бригадир трактор астында көзіне тамған кара майды жеңімен сүрткілейді.

– Жігітім, жыртылып, себілетін жердің үштен екісі сенін үлесіне тиеді, техниканың түрі мынау қайтпексін?

Әбудің сұрағына Кәкім бригадир мұрнын тартқылай берді.

– Қысқасын айтшы, жұмыс істеу үшін мына тракторына не керек еді өзі?– деді Қадіша.

– Тракторлар ескі, күрделі жөндеуден тыңғылықты өтпеген. Бөлшектер жетіспейді. Подшипниктердің істен шыға беруінің өзіндік себебі бар. Картерге автол құйылу керек болса ол жоқ. Орнына қазанға қайнатып, бетіне шыққан көбігің қалқып тастап, нигрол құямыз. Нигрол подшипниктердің арасынан жүрмейді де, қалайы тез қызып ериді. Моторлы бензинмен от алғызып бірнеше минут істету керек. Сонан соң барып керосинге ауыстырса, свечалар майланбайды. Мотор біркалыпта жұмыс істейді. Біз бензин болмаған соң керосин құямыз. Свечалар майланып, мотор тартпайды. Дамылсы сорғыза беруден керосин жанып үлгермей картерге кетеді де картердегі әлгі нигролымызды сұйылтып жоқ қылады. Майсы қалған подшипниктер өзінен-өзі істен шығады. Сіздерг түсінікті болу үшін толық айтып тұрмын. Көріп отырсызда тракторлардың тоқтаусыз жұмыс істеуі үшін, ең бастысы, авто мен бензин керек. Токсан шақырым станциядан жеткізу үшін мықты аттар керек,– деді де еңкейіп, қалайысы ағып кетке подшипникті алды.– Мынаны құйғызу үшін бір жамбас сар байталмен МТС-ке барып келуге бір күн кетеді. Қалайысы жонып тегістеуге де екі сағаттай уақыт тағы керек. Қадіша «байламын айтты.

– Ат қорадағы бәйге торыны ер-тұрманымен бригадал, МТС– ке шапшаң барып келетін болындар, ал басқарм қарамағындағы мына қаракер мен жүрдек жиренді пар жегі қазір станцияға аттандырамын. Күн-түн жүріп ертең тауғанша екі бөшке бензин мен автол жеткізілсін. Тракторларды босқа тұруы болмасын, бізге егін керек,– деді Қадіша.

– Сонда өзің жаяу жүремісің?

– Жаяу жүрем де, не қылар дейсің.

Колхоз кеңсесінде бастықтың байырғы орнында Қадиша отыр. Байқара бір ыңғайсыз түс көргендей. Көпке әмірін жүргізген қоңыр креслоны әйел иемденіп алыпты. Бастыққа лайық сикы болсайшы. Ұйпалақтанған күрең мұртын ширатып күрсіне берді. Қадиша дәптерін шалқасынан тастап, Байқараға қарады.

– Сізді шақырғаным, көктемгі егіс жүріп жатыр ғой, жағдайдың ауырлығы өзіңізге мәлім. Адам, көлік күші жетіспейді, Әсіресе, техника тілін білетін адамдарға зәруміз. Сіз бұрын тракторшы деген мамандық алған екенсіз, жүргізушісі жоқ трактордың бірін иемденсеңіз қайтеді?

– Маған тракторист бол деуге ұялмайсың ба, келін? Балашағаңың арасына барып қара майға батып жүру лайық па маған?– Байқараның мұрты дірілдеп кетті. Еденге шырт-шырт түкіре берді.

– Соғыс уақыты емес пе, өзіңіздей азаматтар жаумен жағаласып жүр, сіз енді еңбектен бас тартасыз, әйтпесе майданға аттаныңыз, ұят бұлай жүру!

– Көрейін...

– Ертең ертемен бригада басынан табылыңыз, ұзақ ойлануға уақыт жоқ,– Қадиша сөз бітті дегендей орнынан тұрды.

Байқараға бәрінен қорқыныштысы – соғысқа бару еді. Үйіне келіп түнеріп ұзақ отырды. Жөн сұрауға Бағиланың дәті бармады. Өмірінің біраз жылдарын шолып шығып, өзінен-өзі сақылдап күлді. Шошынған әйеліне қарап:

– Ал енді, қатын, көр де тұр, кешегі дәурені шалқып жүрген, ат бегі, құс бегі атанған Байқараның қара күйелеш тракторшы Байқара болғанын,– деді.

Орман бүршік жарды. Бөтеге бурыл тартып, жусан мен тобылғы көктеді. Дала бозторғайлар әуеніне тербеліп тұрғандай, Бақанды сыртында өгіз соқалар жүр. Қадиша солай қарай бұрылды. Алда келе жатқан Ділдәбек қызыл торы сакалын сілкіп:

– Шырағым, көлікте мін жоқ. Сонау шабан кер қарабілек мықты егіз еді, жілік майы үзіліп титықтап бітті. Теңселіп зорға жүр,– деді.

– Қадишажан– ау, бір көлік соқасына гектардан артық жер жырту керек дейді. Шамамыз келгенше өзіміз қимылдай береміз ғой, өгіздер шыдаса,– деді үсті-басы жүдеу, балтырларын қурай

жыртып, қаны шыққан, кажыған Ділдәбектің әйелі.— Екі балам коста қалып еді, отқа күйіп қалмаса жарар.

— Аспазшы әйелге тапсырғам, ие болады, Қорықпаңыз,— деді Қадиша. Кейінгі жактан Ыксанның шаңқылдаған даусы естілді.

— Неге айдамайсыңдар, қозғал! — деп жығылған өгізді камшының астына алды.

— Бастық келеді деймін, тұрыңыз!

— Болдырған өгіз бастықты не қылсын! — деп, соқашы бала күлді.

— Норма орындауға тырысып көріңіздер. Күн ұзақ, болдырған көлікті бозға жіберіп үздіріп алыңыздар. Қара өзек шаң ғой, өздеріңіз де аяқ суытыңыздар, осым қалай?

— Дұрыс айтасың, одан уақыт кетпейді.

— Неге кетпесін, басқа лаж болмаса қайтеміз. Мұны айтқан Қазиздің Ысқағы көктем шыға жұмыс сұрады.

Кескіні сынық, оның наукас екені көрініп тұрды. Жұрттың айтуына карағанда, түн бойы ауыз жаппай жөтеліп шығады екен.— Ағатай-ай, мені де соқа айдауға жазшы, мендей жігіттер соғысып та жүр ғой, — деді

— Ауырып қалмасаң...

— Еш жерім де ауырмайды, — деді Ысқақ.

Ұзай түскен өгізшелердің соңынан соқа тұтқасына салмағын салып бұраландап сол Ысқақ кетіп барады. Қадишаның көзіне жас келді. Арық байталды камшылап тракторлар жакқа кетті. Дөң үстінде тракторлар көрінеді. Жұрттың бәрі май арбаның төңірегіне жиналыпты. Әбден терге малшыған каракер мен жирен бесті бүйірлерін соғып тұр. Арбадағы екі кеспектің бірін түсіріп тастапты. Шайқалып келген көкшіл автолды тракторшылар құйып әкетіп жатыр.

— Алдымен картерлеріңді тазалап алыңдар, әр тамшысы кымбат, майды ағызбай құйыңдар, — деп Кәкім бригадир шырылдайды. Ашыққан адамдарға тамақ үлестіргендей кара тер болған.

Қадиша байталдың басын тартып күлімсіреп карайды. Жұрттың мұнымен ісі болған жоқ. Даңғырлай сөйлесіп куанысып жатыр. Сазарып кимылсыз тұрған Байкара ғана. Үстіне ескі киімдерін киіпті. Шуласқан жұртқа есі кете танданатын сияқты. Жанына майшы шал келді. Байкара қатты күйзеліп, қорлық көрген адамдай сырт айналды да, шапшаң бұрылып:

– Аттарды сонша неге кинадың, жаудың малы ма еді?– деді.

– Әй, Байқара-ай, бұл аттардан саған аспандағы бұлт жуық қой енді, түсінсейші! – деді шал шик-шиқ күліп.

Байқара шапшаң алыстап кетті. Құлағында мотордың ызыңы, қолында– дөңгелек рөл, көз алды– кара жырттынды. Қалғуға келтірмейтін қысылшаң уақыт. Бір есептен осысы дұрыс шығар, ауыр жауапкершіліктен құтылып, өзін еркін сезіне бастағандай. «Жұмысты жақсы істесең жоғарылатып жіберуіміз мүмкін» деген аудан жақтың сөзіне іші жылиды. Әйтсе де, кешегі бастық Байқараның тракторшы Байқара болып шыға келгені батады- ақ. Трактор үстіне қауқайып конып алған үлкен денесін қайда жасыруды білмей жұрттан қысылады. Жанынан өткен жанның бәрі табалап бара жатқандай. Елден аулақ, алыс аңыздарға кетіп, бөлек жұмыс істегісі келеді.

Бригада басына қаракер мен жиренді пар жегіп майшы келген сайын Байқараның мүлдем құты қашады. Қасқыр құтқармас жүйрік қаракер мен шапқын желісті қызыл жиреннің май арбаға жегіліп, жалы жығылып тұрғанын көру бір азап. Жирен терге берік еді, күйі онша төмендей қоймапты. Қаракер ойсырап- ақ қалған екен. Жануар санының жосығы көрініп, жұмыс аттарының қалпына түскен. Обал-ақ. Байқара күрсінді. «Адам болсын, мал болсын, басынан бағы тайғанда өстеді екен ғой. Әй, алдамшы тірлік-ай!– деді ол теріс айналып.– Барлығына кінәлі райком өкілі – Әбу. Көпшілікке жамандап, ауданға шағыстырып асқындырып жіберді, жұрттың аузына сөз салып қарсы қойған да сол. Ондағы ойы– бетінің қызылы бар жас әйелді көтермелеу. Араларында бір хикая болмағанына кім кепіл? Еркек пен әйел бір жүріп бірауыз сөз қатыспады дегенге кім сенеді? О заманда бұ заман елді әйел басқарған қай қорлық. Басқарып не жарытты, кара пардың үстінде малтандап жаяу жүргені ме? Ондай бастықты кім қадірлейді? Тапқан жаңалығы сол ма? Орынсыз каталдық етіп науқас жігітті соқа айдауға салғаны ма? МТС– тің алтындай көріп отырған азғана майын барымталағаны ма?»

Ойға ой жалғаса берді.

Байқара егін басында өзіне таныс кара «пекапты» көрді. Дағдысынша қолын сермей сөйлеп, МТС директоры Певцов тұр. Қадіша екеуі әлденеге келіспей қалғандай.

– Иван Ефимович, сіздің директорлығыңызға таласымыз жоқ. Біздің ішкі ісімізге араласуыңызды көтере бермеймін, бұл

болмайтын жұмыс,— деген Қадिशаның ызалы даусы естілді. Певцов Байқараның қолын қысып:

— Сіз мына көрші «Қызыл диканға» трактор бригадасын баскаруға барасыз,— деді.

Байқара қолын қоламтаға көсіп алғандай ыршып түсті.

— Жо— жок, атаманыз, Иван Ефимович...

— Ендеше, «Еңбекші қазаққа» барыңыз.

— Ешқайда бармайды, өзімізде де адам жетіспей жатыр,— деп Қадиша килікті.

— Механизаторға МТС қожә екенін ұмытпаңыз, құрметтім!

— Бұл кісі әлі сіздің штатқа кірген жоқ. Певцов қарқылдап күлді.

— Тракторда істеп жүрсе де ме?

— Қайткен күнде де Байқараны босата алмаймыз. Күштесен райкомға, Романовтың өзіне барамын!— деп Қадиша жүріп кетті. Директордың орынсыз соқтығыса беретініне қайран боп келеді. Рас, жанармайды артық алдырдым. Өзім үшін бе? Әйтесе де, Певцов Байқарамен бұрыннан аралас-құралас болғандықтан намысын да жыртатын сияқты. Сонда қалай, апыр— ау, бастықты тілеп алып па! Жұрт істе деді, істеді. қой десе қоя салады»...,

Қадиша осылай ойлап келе жатып, өз үйінің жанына жеткенін аңдамай қалыпты. Есігінде кілт, терезелері бекітілген. Бас сұқпағанына да едәуір болыпты-ау. Дала қосына түнеп, үсті-басы кірлеген, жүдеген. Әйелге тән тазалық пен жинақылық жоқ, беті-қолы жарылған. Жұмекен үйінің алдында ойнап жүрген балалардың арасынан Мұрат келіп жармаса кетті.

— Айналайын,— деді баласын бауырына қысып,— Әжең тың ба?

— Саған тамақ әзірлеп қойды.

— Жүр ендеше!— Жұлдыз әжей алдынан шықты.

— Қарағым-ау, колхозға бастық болғандар кеңседен шықпайтын еді, сен ауылдан безіп кеттің. Әбден жүдепсің ғой, сөйтеме екен?

— Сөйтпесе болмай жатыр ғой, әжетай!

— Егіндерің бітетін, бе?

— Бітті ғой, бітті, әйтеуір.

— Бәрекелді! Монша жағып қойдым, киімдерінді жуып берейін.

— Жоқ, әжетай, өзім де...

Әжей кимешегін сүйретіп, көрші бөлмеге шықты.

Жетім өскен Қадишаға ананың ақ ниеті мол қуат бергендей? Көрші бөлмеден балалардың қуанышты күлкісі естілді. Есікті ашып көріп еді: он шақты бала талқан жеп отыр. Арасында Ділдәбектің сарылары да бар. Барлығы да таза, Әжей:

– Шуламай отырындар, Қадиша апаларың шаршап келіпті,– деді.

Қадиша моншадан шығып, таранып тұрғанда Жыкия кірді. Екеуі құшақтасып күлісіп жатыр. Жыкия құрбысын айналдыра қарап:

– Бастыққа лайық жуан бітімің қайда, қуыршақтай. болып қушыып кетіпсің ғой, қалқатайым-ау? Байқара ағаңа тартсаң бүйтпес едің ғой,– деді.

Шай ішіп, кеңесіп отырысты. Жыкия өзі істеп жүрген сауын фермасының жайын айтты. Қыстан жүдеп шыққан сиырлар көкке аузы тисе де, оңдырып сүт бермейтін көрінеді.

– Осы кеш шаруаны қоя тұрып тынығайықшы, Жыкия, шаршап жүрмін...– Қадиша құрбысының қолтығынан алып ауыл сыртына қарай аяңдады. Көл беті қимылсыз, нар қамыстар үнсіз. Інір тыныштығын көлбақалар ғана бұзып тұр. Қамыс торғайлар қыжықтайды. Сайдалы екеуінің осы жағалауда қыдырғаны есіне түсті. Күйеуінің ыстық денесіне жабысып жүріп келе жатқан. Келер жылы екеуі де жоғары партия мектебіне кетпекке келіскен. «Соғыс болмаса ғой, ендігі бітіріп те алар ма еді. Бастық болам деп кім ойлаған? Әйел көтере алмайтын ауыр салмақты арта салғанын қайтерсің. Күйеуінен хабар жоқ. Тек аман болса екен.

Жыкия от боп жанған ыстық денесін салқындату үшін камзолын шешіп қолына алды.

– Түні бойы дамыл таптырмай денем қызып шығады. Кейде тіптен шыдай алмаймын,– деді Жыкия құрбысына жабыса түсіп.– Босқа өтіп жатқан жастық ғұмыр-ай!

– Иә, кім тілепті мұндайды...

– Әмзе түсіме жиі кіреді. Соғыс болмаған, кейістік те жоқ, шатшадыман қалыпта жүрміз. Мүмкін, ол өлмеген шығар, ө? «Қара қағазды» қателесіп те жібере береді дейді ғой, солай емес пе?

– Шын айтасың, түсінде анық көрсен, солай болады.

– Ондай түсті көргеннен де көрмеген артық, денең бейкүнә еріп кетеді де, оянғанда өксігіңді баса алмайсың...– Жыкия осылай деді де, көйлегін сыпырып тастап айнадай жарқырап

жатқан суға қойып кетті. Шөл қысып қалжырап келген қоныр үйректей су сабалап құлаштай жүзді. Мөлдір суға сүнгіп шарк ұрды. Қадиша тамашалап қарап тұр.

– Жетер енді, тондың ғой.

Жыкия біраздан соң шықты. Ақ күмістей жарқыраған денесін сүлгімен сүртіп, қызықтай қарайды.

– Ту-у, су-ай, әйбат екен, бір жеңілденіп қалдым-ау!

* * *

Жауын ұзақ жаумай, жасыл дүниенің өңі қашып, құрғақ жаз басталды. Көкжиектен құбылмалы сағым қалтырап, күн аптабы қыздыра түсті.

– Қадиша апай, сізді шақырып жатыр.

– Кім?

– Ауданнан келгендер, танымаймын. Байқараның үйіне түсті.

– Ауданнан келсе алдымен жұмыс басында болып, іспен таныспай ма?

Бала иығын көтерді. Қадиша бригадирге:

– Мен ауылға барам, сен маяшыларда бол, пішенді тез жиғыз, күн күйдіріп жібереді, – деді.

Күн тастөбеде жалындай шарпып тұр. Ыстық өтсе керек, басы дыңылдап, көзі карауыта берді. Жолда Кәкімнің бригадасына соғып, тракторшы балаға жолықты. Кескіні қакпыштай қап-кара болып кетіпті.

– Қадиша апай, таңнан бері тракторым тоқтаған жоқ, шапқан жерім көп болса да шөбі сұйық екен, өнбеді, – дейді танауын тартып.

– Шөп шабуды доғар да, дереу жинауға кіріс, әйтпесе пішен үгітіліп кетеді, – деді де, ерін сықырлатып жүріп кетті.

Қадиша қатты шаршаған, шөліркеген, бірден кеңсеге бармай, Жүмекендікінен шәй ішіп, дем алды. Кеңседе Ықсан мен есепші отыр екен.

– Керек болса мен айтайын, райзоның адамы мен милиция бастығы келіп, дереу партия жиналысын шақыруға бұйырды. Тығыз шаруамыз бар дейді.

– Шақырсын, естіік, – Қадиша салқын столға асыла отырып, мәліметтерді карауға кірісті.

– Жүмекене, Кәкімге, Ділдәбекке, барлық адамдарға хабарланды.

– Жаксы болыпты.

Партия жиналысы кеш ашылды. Жұрт жиналып болғанша көп уақыт өтіп еді. Аудандық жер бөлімінің бастығы Әбілқайыров пен милиция бастығы Баймырзин іске кірісті. Парторг Жұман карт жиналысты ашық деп жариялап, дағдысынша Ықсанды төрағасы, ал есепші жігітті хатшы сайлаған соң, Әбілқайыров сөз алды.

– Бүгін жабық жиналыста қаралатын мәселе коммунистің жеке ісі, оның қызметте қалу, қалмауы жайлы,– деп алып ұзыннан-ұзақ арызды оқи жөнелді. Арыз колхоз басқармасы Қадиша Сәлменованың қызмет бабын пайдаланып, адамдарға қатаң қарағанын, науқас жігітті еріксіз соқа айдауға салып, халін нашарлатқанын айтыпты. Ол қалада ауруханада жатыр, халі нашар. Соғыс уақытының жағдайында аса тапшы жанар майға заңсыз қол сұққанын, соның салдарынан көрші трактор бригадаларының жұмыстарына кесел келтіргенін саралап жазыпты.

– Арыз иесі кім? Әбілқайыров жалтақтай қарап:

– Иесі жоқ,– деді.

– Иесі болмаса, шіп-шикі өтірік, оллаһи, мынау жала сөз,– деді Ділдәбек.

– Сөз алып сөйлеңіз, кимелемеңіз.

– Сөз алып сөйлесем де, айтарым: бұл – жала!

– Жолдас Ділдәбек Сәлімжуаров, сіз коммунистсіз бе, әлде...

– Коммунистпін, осы колхозды қолмен тұрғызғанмын. Ауырған жігіт– менің немере інім. Өзі жалынып шықты жұмысқа, бәріміз де айттық, үйге барып дем ал дедік, тындамады. Қол қусырып жатуды ар көрді. Ысқаққа менен жақын қайссың барсың, жазсам, мен жазуым керек еді ғой арызды.– Ділдәбек түтігіп тоқтады.

– Тағы кім бар?

Кәкім тұрды, ол сәл ойланғандай, тақыр иегін сипалап, қызарактай сөйледі.

– Мынау домалақ арыздың иесін жалақор деуге толық хақым бар. Бір бөшке бензин мен бір бөшке автолды бастық үйіне әкеп жаққан жоқ, ол болмағанда егін сала алмайтын едік...

– Ей, бригадир жолдас, кішкене бөгел, жұмысты сен істеу керек те, мына «Қызыл диқан» мен анау «Еңбекші қазақ» қол қусырып отыруы керек пе, ә? – деді Әбілқайыров столды түйгіштеп.

Кәкімнің жапырақ мұрны шуылдап, өршелене сөйледі.

– Сөзімді бөлмеңіз, мен айтып болайын, біз МТС-тің барлық қорын сарыққамыз жоқ, біз бензинді тек моторға от алғызу үшін пайдаланамыз. Ал бензин МТС көлемінде орынсыз жағылады. Соғыс жағдайы екен деп жанар майды үнемдеп жүрген МТС-тегілер жоқ. Певцов өзі ескі «Пекаппен» күніне қырық-елу кило бензин жағады, онысы бізге науқан бойы моторға от алғызуға жетер еді. Машиналар орынсыз айдалады.

– Қысқарта сөйлеңіз!

– Ауыздан қақпаңыз, бұл жерде «талапайлап алды» деген сөз мүлдем артық. Шынымды айтсам, Қадияша сайланбағанда колхоз құрып кететін ыңғайы бартын. Ауа райы қуаңшылық болса да, егіміз жаксы өсіп келеді. Шөпті шауып жатырмыз, Байқараша тұздап жатқамыз жоқ.

Жұрт ду күлді.

– Тоқтат, коммунисті мазак етуге хақың жоқ.

– Мен мазактап емес, шындықты айттым, әділ сын.

Жұман қарт көтерілді. Саусақтарын тірей үстелге сүйеніп тұр. Аппак сакалының ұшы қыбыр-қыбыр етеді.

– Жолдастар, шығып сөйлеген коммунистер әбден дұрыс айтты. Ауданға арыз жазып, «ел көшті, жау жетті» дей қоярлық ештеңе бола қойған жоқ. Колхоз бастығын өзгерту арқылы шаруашылықты ілгері апаруға мүмкіндік алдық. Ал арызда көрсетілгендердің бәрі жалған.– Жұмекең тұғырдағы қарт бүркіттей столдың шетінен қос қолдап сығымдай түсті.– Коммунист адам әрқашан сыншыл болу керек, көлтектеуді жаным сүймейді. Осы домалақ арыз иесі – ана отырған Байқара, одан басқа ешкім де емес. Байқара шырағым, сені төбемізге көтердік, үміт күттік, колхоздың бар тағдырын қолыңа бердік. Тындырғаның не? Бастықтықтан алып тастаған да өзіміз, не өкпең бар? Жігіт деген, коммунист деген сөйте ме екен. Байқара шырағым, орныңнан тұршы, айтшы, осы арыздың иесі сенбісің?

Бұрышқа қарай құнысып отырған Байқара орнынан тұрды. Қапсағай бойын қайда жасырағын білмей, беті кірпіштей қыпқызыл болып:

– Мен емес,– деді ақырын.

– Міне, бұл коммуниске жатпайтын қылық, сенде ұят жоқ, ұяты жоқ адам партия қатарында жүре алмайды. Кімде сөз бар?

Ықсан бурыл сакалын салалап, мұртын ширатып алды да, көзінің ақ етін төңкере Байқараға қарады. – Керек болса мен айтайын, арыз иесі, Байқара, сенсің, жетінші бітірген қызыңа көшіртіп алыпсың. Енді келіп «мен емес» дейсің. Тапқан екенсің дым білместі, Жолдастар, Байқараны орнынан алған жолы партиядан шығару жайлы ұсыныс болғанда акырғы сөгіс бердіңдер, аядыңдар, арада қанша уақыт өтті, түзелді ме? Жок. Оны партиядан шығару керек, менің ұсынысым осы.

– Жолдас Жакыпов, артық кетпеңіз, біз Байқараның емес, Қаднша Сәлменованың ісін қарап отырмыз,– деді Әбілқайыров пен Баймырзін қабаттаса сөйлеп.

Байқара таң сәріде келді, өз үйінің алдынан ала тазы еркелеп шықты. Тазы қыңсылап аяғына оралды. Байқара иттің арқасынан сипады. Айналага тесіле қарап, тың тыңдады. Бейуак адамның тықырын сезіп, сак иттер мыңкылдап қояды. Иттер үрген сайын Байқараның зәресі кетеді. Ол еппен басып есікке келді де, акырын тартқылады.

– Бұл кім, ей?

– Мен, аш!

Үй іші қараңғы, жартылай жалаңаш Бағила еріне ұмсына беріп еді, кеудесімен соғып ығыстырып тастады.

– Ауылда бөтен ешкім жок па?

– Жок.

– Маған жол азык пен киім-кешек дайында, казір жүріп кетем.

– Ауылмен қоштасып, таң атқан соң жүрмеймісің?

– Ауылдың шаңырағы күйресін, бол тез!

– Көршіге хабарлай қояйын.

– Өшір үнінді.

Ерінің катулы қабағынан сескенген Бағила бағынышты қалпын сақтап, керектерін дайын етті. Байқара тізе бүккен жок. Бағилаға жылы ұшырап қоштаспады, баласын да ніскемеді.

– Әйкеннің ағасы-ау, шынымен кеткенің бе?– деп әйел солкылдап жылай бастап еді.– Шығарма үнінді, мені сұраған адам болса көргем жок де, естідің бе?– деп зекіп тастады.

Бағила бетін басып отыра кетті. Байқара дорбасын аркалап колхоздың ат қорасына келді. Аттардың күрт-күрт шөп шайнағаны естіледі. Өзіне таныс қоңыр кілтті бұрап тастап, ішке кірді. Қарагер мен жирен оқыранды. Қайсысы

дұрыс болар екен? Қараның еті саяздап қалыпты. Жүріске жирен дұрыс болар,— деді де, қараңғыда қарманып жүріп ер-тоқым тауып ерттеді. Шап айылын мықтап тартты, дорбасын бөктерді. Сөйтті де жөнеле берді. Қызыл шапақ астынан үйлер қарауытып көрінеді. Таң құшағында тыныстап жатқан ауылға кектене қарап, батысқа қарай шоқытып кетті.

Орман шетіне жеткенде кейіннен дүбір естілді. Қуғыншы келіп қалды.

— Өттегене-ай, қолға түскенім ғой.— Байқара саскалақтап бөктерген қаптың аузын тырмалай берді. Қос ауыз мылтықты алып үлгергенше, қуғыншы тал арасынан сумаң етіп шыға келді. Сөйтсе, ала тазы.

— Садағаң кетейін, Аңқоймас, сенен басқа кімім қалды!— деген Байқара тазының көзінен сүйді. Буындары қалтырап барады. Сәуле шашып келе жатқан шығысқа қарады. Бағиланың бетін басып жылап отырғаны көзіне елестеді. Ұлын, қызын қынжылы есіне алды. Жүрегі жаншылып бара жатты. «Майданға барып фашистің оғынан өлгенше, осым дұрыс шығар. Соғыс біткенше бірдене етіп жан сақтармын. Сонда қалай?.. Әйтпесе үйге қайт тағдырдың салғанына көніп, соғысқа бар, ажалың жетпесе ораларсың. Жо-жоқ, қырғыннан тірі қайту мүмкін емес. Мен тірі келмеймін... Жігіттердің көбінен қара қағаз келді, хабар ошарсыз кеткені қанша. Жо-жоқ...»

Орман арасындағы сүрлеумен ілгері кетті. Қайда барары, н істері белгісіз. Әйтеуір жан көзіне түспесе болды. Өз басын келген ауыр тағдырдың себептерін іздейді. Сайып келгенде бәріне өзі кінәлі. Қызметтен түсірген соң ақырғы сәгісті жақсы жұмыстарымен жуып, кешірім алуға әбден болатын еді ғой. Майданнан броньмен қалған соң, жұмыс істей бер. Өмір бойы бастық болу парыз емес қой. Пәле іздеп, домалақ арыз жазды. Бұлай арандауына Певцовтың да септігі тиді. Айдап салып, тасал қалып қойды. Сонымен сол партия жиналысынан соң, бастауы ұйымның қаулысын аудан бекітті де, партиядан шығарылды.

Байқараның жүйкесіне жылан жорғалап өткендей болды. Ауыр ойлар шырмап, ақылынан адаса берді. Жирен тік шаншып орғып кеткенде Байқара аударылып қалды. Атты шаужайлап е адам тұр. Үшіншісі жүгіріп жетті. Қарқылдасып күлісіп жаты

— Ей, тұр былай, әкесінің үйіне келгендей шалжиюын қара

— Байла қолдарын!

Қара көлеңкеде үш еркек Байқараны қалыңға қарай сүйрей жөнелді. Қорқынышты түс көріп жатқандай бір хал, ештемені байыптай алмады. Домаланып қалған Байқараны тұмсығымен иіскей берген ала тазыны біреу сойылмен ұрып жықты. Байқара:

– Ей, итте нелерің бар? – деп жаны шығып кете жаздады. Шырмап тастаған арқан қозғалтар емес, домалана жұлқынады. Кейпі жаман үш адам жиренді ағашқа байлап тастаған. Байқараның дорбасын ортаға алды. Бағыла салған құрт пен май, бауырсақты комағайлана асады. Сақалдары өскен, бірнеше күн бойы жуынбаған үшеу бірінен соң бірі жұла тартып, кергілеп жатыр. Тап-таза киімдерді бөлісіп алды. Кейіпсіз үшеудің бұлтындап тамақ жегені Байқараның да тәбетін көтеріп тамсандырды.

– Ей, өзіме де қалдырсаңдаршы!

Мұның өтінішін аналар құлағына да ілген жоқ, тамақты жеп болып көлеңкеге жата кетісті. Байқара жұлқынғанмен байлаудан босана алмады. Білектеріне арқан батып, қолдары ұйып, жансызданып қалды. Көздерінен жас парлады. Қорлыққа шыдар емес, болмаған соң орманды басына көтеріп айқай салғысы келді. Кейіпсіз үшеу аунап түсіп бырылдап ұйықтай берді. Күн шыжып тұр. Байқара көлеңкеге қарай домалады. Үшеуі оянып алған соң босап қалған дорбаны ақтарып былай тастады да, пышақтарын қайрады. Байқарадан ес кетті, мына мейірімсіз адамдар мұның өзін бауыздап қанын ішетін ыңғайы бар. Иманын үйіріп, тілін калимаға келтірді. Ұрылар өзара күңкілдесіп сөйлесті де, пышақтарын алақандарына жанып орындарынан тұрды. Ашыққан жирен оқыранды. Шүнірек қара оның үстінен ерін алып бері жетектеді. Алдыңғы аяқтарын тұсап, артқы шашасынан ілген соң ат мұрттай ұшты. Төрт аяғын тас қылып буып алған соң қызыл сақал селебесімен тамақтан орып жіберді. Жасыл шөпті қызылға бояп қан Байқараға қарай жылжыды. Көз алды қып-қызыл болып есі ауа берді оның.

Көзін ашқанда жиреннің терісі сыпырылып еті боршаланып жатыр екен. Қызыл сақал үлпершек майынан шикідей асап толғап жұта салды. Байқараның үрейі ұшып, тіл қатуға мұршасы келмеді. Әлгінде ғана әдемі көздерін төңкеріп қарап оқыранып тұрған жиренді қызыл ет қылып жайратып салғандар адам емес айуан сияқты.

Томардан су әкеліп от жакты, шелекке толтырып ет салды. Іңір үйірілгенше ет пісірумен болды. Шикілі-пісілі етке тойып алып үшеуі оңаша кеңес құрды. Сөздері естіліп тұр.

– Ертең түнде бұл жерден жылжу керек.
– Қай бетке?
– Тайга асамыз, қысқа дейін жан сактасақ, одан әрі бір жөні болар.

– Түрмешілерді ғой қатырып кеттік, ізімізге темекі сепкен соң ғой, әйтпесе тік құлақ иттер құтқара ма?

– Сонда да хауіпсіз болмайық.

– Ананы қайтеміз?

– Құны өтеулі емес пе?– деп атаман алқымын сызып көрсетті. Байқараның көзі шарасынан шықты, «Біткен жерің осы, немістің оғынан қорқып едің, аяқ астынан ажал табатын болдың, жирен аттың кебін киесің енді!» Ол ұрылардың аяғына бас ұрып жалына бастамақ еді, өзін-өзі зорға тоқтатты.

Түн ортасы ауғанда үшеуі қорылға басты. Байқара қолын байлаған арқанды тісімен жұлмалай берді. Шешілер емес, аузымен шайнай бастады, аузынан кан ақты. Арқанның бір талын киды. Екінші, үшінші талын қиғанда таң белгі берді. Қашқындардың оялатын мезгілі. Байқара қолдарын босатып алып, аяқтарын шешті де, тал арасына сүңгіп кетті. Сары далаға шығып алып, домалаңдап келеді. Таң ата ауыл шетіне жетіп құлап түсті.

Қадиша ұры әкеткен жиренді жоктап Байқараны назардан тыс қалдырған. Аттың жоғалғанын ауданға хабарлаған соң інірде милиция келген. Жұман қарттың үйінде отырып, қайдан іздеу, кімнен сұрастыру жайлы кеңесіп бәтуаға келе алмады. Құлақ естір жерде ат ұрлай қоярлық еркектің жоқтығын ойлап Жүмекеңнің басы қатты. Неде болса бұл сырттан келген ұрының қолы сияқты. Қашқын-пысқынның жұмысы емес пе екен?

– Қорған қаласының түрмесінен қашқандар болыпты. Олар мұнда бірден жете алмайды ғой.

– Кім біледі?

Ертемен жұрт шу ете түсті.

– Сұмдық-ай, Байқараны біреу өлтіріп кетіпті.

– Не дейді!

Жабыла ауыл сыртына ұмтылды. Алдымен жеткен милиция қызметкері болды. Байқараның кескіні аппақ қудай, аузы қан. Тістері үгітіліп қалыпты. Басында зар қағып Бағыла отыр. Үйіне әкеп, аузына су тамызған соң көзін ашты.

– Майданға кететін болған соң Балпанайдан бір теке атып әкеп үйге жас ет жасап берейін дегем. Жиренді мініп шыға бергенде жолда үш ұры тап болып, содан түрім мынау..

Күз айы түнеріп сала берді. Аспанды ауыр бұлттар торлап, сіркірей жауын жауды. Жұман қарт карны жер сызған тор биімен аңызды жиектеп келеді. Биыл көп өнім берген жер. Колхозшылар еңбек күндеріне астық алып, тыңайып қалды. Қарт түксиген ақжал бұлттарға карап, торы биіні тебіне түсті. Дөң үстінде Кәкімнің тракторлары күздік жыртып жүр. Несін айтасың, тілін білсе күш дегенің осыларда ғой! Жылда соқыр түйедей қаңқайып тұратын еді, көктемнен бері тоқтаған жоқ. Нан жеп жатқанымыз осылардың арқасы. Колхоз сияқты үлкен шаруаны көлікпен көркейте алмайсың. Тиыштық болғанда шаруа тіпті өркендеп кететін еді– ау!

Талдыөзектің бойында қой отары жайылып жүр. Шапыққа соғуды жөн көрді. Ақты– алалы қойдың ұзын саны мыңнан артық. Мал қон жинап қалыпты. Дүркіреп үрке жонелді.

«Қысқа жақсы күйімен кірсе, теріс болмас», – деп күңкілдейді қария.

Атын жетектеп Шапық бері жүрді. Үстінде мол шекпен, белін шарт бұған. Шөп сүрткен ақ бауыр құрығын ердің басына іліпті. Қорасан жеген бұжыр беті күнге күйіп, жел қағып, күренітіп кеткен. Түрілген көнтек еріндерінің арасынан мықты күрек тістерін көрсетіп күлген болды.

– Шүкір, Жұмеке, қалтақтап жүрміз ғой. Малмен бірге еріп, бірге оралам. Қойды қайтсем күйлендірем деп жанталасқан жайым бар, қыстың малы емес пе?!

– Өйтпей бола ма, солай шығар!

– Баладан хабар жоқ, келін тұнжырап жүреді. Сонысы батып барады маған.

– Солай шығар, енді қайтсін, қиын уақыт ғой.

– Балам аман келсе, бір күндей де болмас еді,– деп Шапық көзін сығып алды.– Далада жалғыз жүріп ойлайтыным сол ғана, ой түбіне жете алмайсың...

– «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өлер» деген ғой, шырағым,– деді қарт күрсініп.

Шапық малын аралап көрсетті.

– Осында қартайған тіссіз қойлар бар, сонау ақ саулық, мына бір қара саулық, анау қызыл қой қыс көтере алмайды. Күзгі күйімен етке өткізу керек.

– Дұрыс айтасың, күйімен тапсырған дұрыс,– деп қостады Жұмекең.– Шөп тасу қалай?

– Тасып жатыр, екі мая тұрғызылды. Әрқайсысы қырық– елу қадамдай, шөбі көк балауса, несін айтасың, көзіміз ашылайын деп тұр,– деп қуанды шопан әйел.

Жұмекең көңілі жайланып, үйіне қайтты. Шәйді асықпай ішіп болып мұртын басты, сакалын тарады.

Соғыстан бұрын көрмеге барғанда алған масаты шапанын, сусар бөркін киді. Кемпіріне тіл катпастан байырғы қара сандықты ортаға сүйреп шығарды. Сандық қақпағы шалқасынан ашылып, ішіндегі буыншақтары шығарылып, жүз теңгеліктерді қатарлап қоя бастады. Әжей бояуы кеткен кесемен ыстық шәйді әлі ұрттап отыр.

– Әмзенің әкесі-ау, ораза келіп қалды, балаға ауыз ашар беретін еді. Жаумен жағаласып қаза тапқан жалғызды атаусыз қалдыруға болмас. Ауыз ашарға деген ісекті де сатып жібердің. Былтырдан бері осы үйден талай мал сатылды. Қара сандық қара құрдым болып малды құртып жатыр...

Жұмекең сакалы қыбырлап сөлекет қолдарымен ақшасын санай берді. Санап болып ауыр бумаларды кенеп дорбаға салды да, аузын буып, орнынан тұрды.

– Ренжіме, кемпір, аштан өлмеспіз,– деді де еңкіш бойымен сыртқа беттеді. Торы бие ақылды көздерін төңкеріп оқыранды. Елден ұзап алған соң тізгінді еркіне жіберді. Бие қурайдың басын шалып келеді. Қарт өмірінің алыс жылдарын есіне алды.

Өмірі жалшылықпен өтіпті, бай үйінің шөмшегін теріп, легенін төгуден бастап, бар ауыр жұмысты атқарыпты. Тіл алғыш, көнбіс болатын, істеген жұмысын кісінікі деп бөле-жара қарамады. Қай жұмыс тапсырылса, бабына келтіріп орындауды ғана білді. Отыздан асқанда зорға үйленіп, көрген жалғызды соғыс жұтты. Қу теректей жапырақсыз қалды. Қатал тағдырға мойын-сұнбай бойын тік ұстағанымен, әлсіреп бара жатқандай. Күз күніндей жабырқау, түнеріңкі болғанмен, қайғысын сездіргісі келмейді. Бұл сыр білдірсе, былайғы қатын– бала қайтпек?

Қария күрсінді. Өңі қашқан бос кеңістікке көзін қадап, жүрегі сыздап кетті. Жоғарыда шексіз аспанда жел айдап, күн жарқыратқан суық бұлттар жүзіп жүр еді. Жұмекең пешпентінің өңірін ашып, кеудесін салқын желге тосты. Жалғыз тірегі Жықия

болатын. Бала мінезді ерке келінін қарт қадірлеп жұбаныш еткенімен, қанша тұрақтайды ол. Жас емес пе? Жықия жайына кәрі шенгел есі кете күйзеледі... Осыдан кейін Жұмекеңнің не жайлы ойлағаны есінде жоқ. Күн еңкейе аупарткомның ағаш баспалдақтарымен қабын аркалап көтеріле берді.

* * *

Шыбынсыз жаз дейтін күздің жылы күндері басталды. Ауыл үлкен мейрамға дайындалып жатқан.

Майданнан қуанышты хабарлар бар. Қызыл армия ілгерілеп барады. Жұмекеңнің қабағы жадыраңқы. Бүгін бір қала алынды десе, көптен қолынан түспейтін қоңыр таяғына бір керттік салады.

Қырманда дабырласқан көптің арасында Ділдәбектің қызыл торы сақалды жүзі жайнаң қағады, таразыға салған қаптарды өлшеп:

– Жеті центнер қырық кило!– деп айқайлады. Дауысында екпін бар. Астық иесі Шапық апай келінімен екеуі тырбаңдап қап артып жатыр. Жұмекең таяғын сүйеп қойып, қолқабыс тигізді.

– Рахмет, Жұмеке, соғыс басталғалы алып отырған мол астығымыз ғой, балалар ашықпайтын болды, әйтеуір,– деді әйел бұжыр бетін сүртіп. Әжім торлаған қуқыл жүзі жайдарлана түскен.

– Бірінші кезекте берілген аванс қой, жаңа жыл туған соң толық есептесеміз, – деп Жұмекең қаптарды таяғымен түртіп қойды. Қырманға келіп-кетіп жатқан арбалардың сықыры мен адамдардың дабырлап сөйлескен дауыстары толастар емес

– Сүйінші, Жұмеке, сүйінші!– деп хат тасушы жүгіріп келеді. Жұмекең шайкалып кетті. Көз алды тұманданып әлі құрып барады. Онысын сездірмес үшін таяғына салмағын салып, хатқа қол созды. Баласының өлгеніне сенбейтін, ерте ме, кеш пе бір жақсылық хабар болар деп дәмеленетін қария қалтыраған қолдарымен конвертті аша берді. Ашқанымен көздері бұлдырап, ештеңені көре алмады. Шотауат қыз таспен басқан хатты жеңіл сырғыта жөнелді.

...«Бірлестік» колхозының мүшесі Мақышев Жұман жолдасқа. Отан қорғау қорына жүз мың сом қаржы бергеніңіз үшін Сізге көп алғыс айтамыз. Тілегіңіз бойынша жауынгерлік самолет жасалып, майданға жөнелтілді.

Отан қорғау комитетінің басқармасы.».

Қарт хаттың жылтыр қағазын алақанымен сипай тұрып күлімсіреді де:

– Жауды жеңу үшін жүрегімді жұлып берсем де көп пе еді,— деді.

Газетте сурет басылыпты. «Ержүрек ұшқышқа қазақстандық колхозшы Мақышев Жұманнан» деген жазуы бар самолетті бөлімше командирінің тапсырып тұрғаны бейнеленген. Қарт қызарған көзін сүртіп:

– Жұлдыз-ай, мына айырпланды алып тұрған біздің Әмзенің өзі емес пе?— деді.

– О, жаратқан құдай, аумайды өзі! – деді кемпір көздері жасаурап. Қариялар газетті қолдан-қолға жүгіртіп қарай берді. Шаруа бабымен шеттеп жүрген Ықсан да кірді.

– Керек болса мен айтайын, Жұмеке, қуанышың құтты болсын. Айды аспанға бір шығардың. Бұл төңіректе шығанға сілтеп жіберген өзің ғана,— деді.

– Жоғары шық, Ықсан, көптен дәм татысқанымыз жоқ қой, шәй іш!

– Бұйырған дәм болса қайда кетер дейсің,— деп Ықсан дастарқан шетіне тізе бүкті. Кескіні жүдеу тартып, сакалының ағы көбейе түскен. Дос көңілмен шексіз қуанған. Ол шәйді сораптай тартып отыр, Жұмекең ойлы:

– Солай, Ықсаным, соғыс өртін сөндіру үшін қарлығаштай су шашып жатқаным ғой,— деді,

* * *

Қыс тез өте шықты. Көктеммен бірге қуаныш келді.

– Жеңіс!

Жеңіс, сені сағына күткелі қашан, міне, келіп те қалдың. Қол болған көптің көз жасы тиылып, қаралы ананың жүзіне жылылық келді. Жұмекең адымдай басты. Сәл кешіксе өкінішке қалатындай. Шапықтың Әміресі келе жатыр деген соң өзінің баласы келе жатқандай шексіз қуанған. Көп адам жиналыпты. Таңнан бері тұрғандары бар. Ауылдың күллі жаны осында ма деп қалды. Майданнан оралған бірінші жауынгер ғой.

– Шапық қайда, Шапық?

– Әу, мен мұндамын, Жұмеке!— Апай барқыт камзолын киіп, аппақ жаулығын салыпты. Көптең еріндерінен күрек тістерін көрсетіп, дамылсыз күледі. Жұмекеңнің аппақ сакалына маңдайын сүйеп жылап жіберіп еді:

– Қуанышка жылай ма екен, шырағым,– деді қарт.– Құтты болсын!

– Байғұс-ай, енді қайтсін,– десіп жатыр жұрт. Адам таңданатын көктем болатын. Жылы жел балауса көктің иісін жеткізіп тұрған. Енді ғана бүршік жарған орман зеңгел жасылданып, бозторғай үні ашық әуенмен құлақ тұндырады. Жыл құстары келіп, көл басы ың-жың. Ақ мактадай анық бұлттардың ар жағында сарылып күн тұрды. Күн бар ғаламға нұрын бірдей төксе де, біреу жылап, біреу күлген ұлы Жеңіс көктемі еді бұл.

– Уа, жаратушы ием, қандай күнді көріп тұрмын!

– деп Жұлдыз әжей күбірлеп сөйлей берді. Қазір ме, енді бір сағаттан соң ба, біреу қуанышты хабар жеткізгендей жүрегі алып ұшады. Бірақ үлкен жолдың бойында ешкім көрінбейді. Көп тосқан жұрт үйлеріне тарап кеткенде, іңір қараңғысында келді Әміре. Біреулер күліп, біреулер аңырап жылап, ауыл азан-қазан болды да қалды. Шапық апай баласын бауырына басып, екі бетінен кезек сүйді де, тез босатты. Ауылдың қартынан баласына дейін солдаттың мойнына асылып, табалдырықтан аттатпай қойды. Әдеп сақтап тұрған Әзиза да күйеуіне жармасып, көзінің жасын төгіп жіберді. Әдепті ұмытып құшырлана сүйіп жатыр. Замандастары күліп әзілге айналдырса, қарттар егіле жылап: «енді қайтсын, байғұс бала– ай!»– деседі. Әзиза күйеуін қолтығынан алып үйге беттеді. Жұмыр қолдарымен білегінен қатты қысып ұстапты, босатса көзден ғайып болардай.

– Тұра тұр, Әзиза, жұртпен амандасайын.

– Керек болса мен айтайын, бұл үлкен қуаныш!– деді Ықсан Шапықты жұмалап.

Солдат төрге шығып, аяқтарын көсіліп салды. Есіктен Жұман қарт кіргенде Әміре ауыр көтеріліп, ақсандай басып қарсы жүрді. Қария мол құшағын жайып тұрып қалады. Солдат құшағына егіліп кетті. Жұмекеннің көздерінен жас парлады.

– «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өлер» деген екен, аман келіпсің, балам, қайырлы болсын!– деді ол дымқыл сакалын салалап. Жұлдыз кемпір дауыстап баласын жоқтады. Осы арада Шапық апай қыстай жемдеп шыққан кара ешкіні шалғызып жіберді. Ауыл түгел көрісіп, көпшілік тарап, үлкендер жағы бірыңғай қалған соң баршасы Әміренің аузына қарады. Соғыстан бұрын көп сөйлейтін күлегеш еді. Ойлы, салмақты болыпты, кескіні түнеріңкі.

– Біздің Әмзені көрдің бе, құлыным? – деп әжей жабыс сұрайды.

– Көре алмадым, апа, олар басқа жакта соғысқан ғой, – дед Қарт Қадишаны таныстырып жатыр.

– Колхозымыздың бастығы, өзіміздің Сайдаштың келіншег

– Білем ғой, білем.

Ауыл адамдары қуана күлісіп отырғанда жолдан қалжыра келген Әміренің көзі ілініп кетіп еді, «Отан үшін алға-а-а!» деп айқайлап қоя бермесі бар ма?

Астағылыралла, пісміллә,– деп Жұлдыз әжей бетінен сипағ ұшықтап жатыр. Әміре көзін уқалап:

– Қорықпаңыздар, ұрыстың дағдысы ғой, – деп езу тартқан болды.

Жұрт тарағанда таң саз беріп еді. Енді үйде өздері ғана қалды

Әзиза күйеуінің кескініне қуана қарайды. Шапық апайдың жүрегі қуаныштан жарылар халде. Тұнжыраңқы Әміре ғана. Ол салулы төсектің шетіне отырып белін шырмаған қайыстарды ағытып болып, ауыр протезді тарс еткізіп тастай салды. Бір аяғы тізеден жоқ еді.

– Құлыным-ай, мынадай болып келіп пе едің?– деді апай ышқынып.

– Иә, апа, осылай болғам,– деді баласы. Әзиза күйеуінің алдына тізерлей отырып алып солқылдап жылай бастады.

– Иә, осылай болғам!..

Қадиша келгенде Жыкия жатып қалған екен. Қараңғыда төсегіне кисая кетті. Көзі ілінер емес. Сайдаштан қайта хат келмегелі қашан? Жылға жақын хабарсыз. Жүрегі сыздап, көзіне жас толды. Көрші төсектен Жыкия күрсінді, ояу екен. «Сабырлық етейік, күндердің күнінде олар да келер күлімдеп»,– деп жұбатады құрбысын. Қадиша сонан соң ұйықтай алмады. Төсектен салбырап кеткен кара бұрымын көтеріп шекесіне орады да, Мұратты қымтап тысқа шықты. Дала салқын, буалдыр. Аласа дөңнен күн көтеріліп келеді. Мал әлі өрмеген, үйлердің сырғында күйіс қайырып сиырлар тұр. Даладағы тракторлардың гүрілі естіледі. Шапық апай сиыр сауып отыр екен, амандасты.

– Келін дем алсын деп өзім сауып...– деді апай, кескінінде көңілсіздік көлеңкесі бар. Қадиша кеңсеге қарай кетті. Малың өріске айдап салып Бағыла келеді, белін шарт буыпты. Қарапайым қатын кеңесі басталып кетті.

- Ағайдан хабар бар ма?
- Болмай тұр ғой.
- Қашаннан?
- Алты айдын жүзі...
- Әлдеқалай кешіккен шығар, соғыс жаңа бітіп жатыр емес пе?
- Қайдам.

Бағиланың кескіні сынық, бұрнағы жылы Байқара майданға аттанғалы белсеніп жұмысқа шыққан. Өз шаруасы бар, колхоз жұмысы бар әйелдің бейнеті аз болып жүрген жок. «Бастықтың күн тимесі» деп күндейтіндер бұл күнде Бағиланы аяп көмектеседі. Байқара үшін Бағила ұялатын еді, қазір мақтаныш тұтады. Күйеуі жаумен шайқасып жүр. Жеңіл жараланып, аз күн госпитальда жатып, соғысқа қайта кірдім деген хаты да келген. Содан бері хабар жок. Ауылдастары Байқараны да шенеп сөйлеуден аулақ, аман келуін тілейді. Қуана қауышуды қалайды. Ауылда жүргенде қадірін білмейтін ағайын, айырылысқанда бауырмал келетіні бар. Ықсан екеш Ықсан да, жиі еске алатын болып жүр Байқараны.

– Қапаланбаңыз, женеше, ағай аман келер,– деп жұбатады Қадиді.

– Өзің де сондай жақсылық тілеймін, карағым. Бағила көйлегі шұбаландап кетіп барады. Аяқтарын ширақ басып қуанышты көңілмен болашақ жақсы күндерге асығып бара жатқандай. Қадиді көзіне жас алды. Бағиланы жұбатқан жұрт өзін де жұбатып жүр ме екен? Байқараның «қара қағазы» кеңседе көптен тығулы жатқан, кейін естіртерміз деп ұстап отырған-ды.

Баласын сағынған ана, жарын күткен келіншек, әкесін күткен баланың үміті үзіліп, қайғылары қалындай түсті. Осы «Бірлестіктен» аттанған жігіттердің оралғаны саусақпен санарлық. Хабар барлары да көп емес. «Соғыс деген осындай құрдым екен ғой» деп мұңаяды Қадиді.

Өмір өз арнасымен ағып жатыр. Шаруа да солай. Шөп шабу науқаны басталды. Көпенелейтін, мая үйетін техника жок. Барлығына білек күші керек. Майданнан оралғандар әзірге мүгедектер ғана. Қиыншылық сол қалпында, мая түбінде – бұрынғыша қарттар мен әйелдер. Аспан айналған ыстық, даладан аңыз ақ жел есіп, жан біткеннің кенегесін кептіріп барады. Ділдәбек ағаш айырмен бір көпенені бір-ақ тастайды, көнбіс, үнсіз қыз-келіншектер көлеңкеге тығылып, өрт болып жанған денелерін қалай салқындатудың ебін таппай алас ұрады.

Айырды ала салып бірнеше рет шөп лақтырып е
Қадишаны тер буып кетті. Орамалмен бетін сүртіп желпі-
тұрғанда, ауылдан біреу шапқылап келді.

– Қадиша апа, сүйінші, ағай келе жатыр.

– Қайдағы?

– Сайдаш ағай!

Қадиша тәлтіректеп кетті. Өңі қашып, шынымен талықс
барады.

– Су әкеліндер, су!

Қадишаның бетіне су бүркіп, аузына да тамызып, көлеңке
жатқызып қойды.

Жыкия басын тізесіне салып, омырау түймелерін ағытп
Көздері шарасынан шығып, жан-жағына қарайды. Дем алы
ауыр, көптен соң есін жинады. Қуанышты хабар жеткізген (парак қағазда Қадиша күйеуін темір жол станциясынан өзі қар
алу керек делінген. Әйел ойланып қалды. Лепірген көңілі басыль
катулана түсті. Ауданға телефон соғып жағдайды сұрап еді, «ау
жаралы, тек өзі ғана қарсы алу керек» делінген жауап болды.

Ауылдан аттанғанда батысты қызыл қанға бояғандай талаур
күн батып бара жатты. Жер бетінде жаяулаған жел көлбей соқт
Аттар қызарып, қанталаған көюкиекке қарап жалдары желпілд
жортып келеді. Сары даланы қас жарып байырғы қаска ж
жатыр. Лаулаған шапаққа қарсы күйік шалғандай қара шум
бұлттардың жосығына қарап Қадиша үнсіз. Сілейген кәрі дала
іңір қараңғылығы түсіп келеді. Түнгі дала түпсіз тұңғыықт
тынып қалыпты. Жылтыраған ұсақ оттар жер шетінен көрінгенд
жеткізбейді. Түннің өзіне лайық тынысы бар. Бөденелер шақырь
шегірткелер шырылдайды. Бейуақтағы жолаушыларды таңырқ
шұбар жапалақ түйіліп өтеді. Акселеу толқып, тылсым дала жіб
жамылғы астында қыбырлап қозғалып жатқандай. Қадиша қа
кабат ойдан арылу үшін көзін жұмды. Ауыр жаралы Сайдаш
көріп, селк етіп көзін ашады, тағы да түнгі жол. Делбеші балан
қушиған иықтары мен аттардың қамыс құлақтары көріне
Доңғалақтар зырылдайды.

– Таскен, жакындадық па?

Ұйқы қысқан бала қараңғылыққа қарайды, үндемей,
Станцияға таң ата жетті. Сіркіреп жауын жауып тұрған. Паров
түтінімен ысталған шағын вокзалға ықылассыздау қадам баст

– Сізге кім керек?

– Сәлменов.

Ақ халатты әйел қағаздарын қарап жіберіп:

– Поезд бір сағаттан кейін келеді,— деді. Вокзалдың жолаушылар тынығатын бөлмесінде жылау-сықтау естіледі. Тысы жыртылып тоза бастаған кара диванның үстінде госпиталь киімін киген жап– жас жігіт отыр. Екі аяқ, бір қолы жоқ. Жаралы жауынгер есіктен кірген жас әйелге канатсыз құстай талпынып:

– Аяулым менің,— деп ұмтыла берді. Әдеміше келіншек жақындай беріп, бөгеліп қалды. Көздері шарасынан шығып барады. Есінен адасқан адамдай тәлтіректеп барып сылқ етіп отыра кетті де, шыңғырып жылап жіберді.

– Құдайым-ау, не болды? Енді қалай өмір сүрем?!

Солдат күлімсіреп қарап отыр. Сүйіктісінің ерке мінезін қызықтағандай. Қадиша сыртқа атып шықты. Қайтып вокзалға бас сұққан жоқ. Перронда жүрді де қойды. Не себепті келгенін енді ұқты. «Апыр-ай, тағдыр дегенін осындай катал ма еді?» – дей берді. Ертеңді, келешекті, тіпті ештеңені ойлап тұрған жоқ. Мең-зең. Алыстан сонау аласа шоқыны айналып, жібек құртындай иіріліп келе жатқан поездға жасқана қарайды. Бакытсыздықты сүйреген паровоз түтіні сөнуге айналып, титықтап келіп вокзал алдына тоқтады. Шаң басқан вагондардан ақ халаттылар көрініп, зембілдер түсіріле бастады. Қарттар мен әйелдер өз баласын немесе күйеуін таныған ащы дауыстар. Вагон есігіне Қадиша жасқана қарайды. Бастарын шырмап таңып тастаған жаралыларды алып өтіп жатыр.

– Апыр-ау, мынау шынымен біздің туған жер ме? – деген жауынгердің зарыққан даусы естіледі. Түсірілген адамдардың аты- жөні айтылып, жақындарынан кім бар екенін дауыстап сұрайды.

– Сәлменов,— деді бір кезде. Қадишаның буыны құрып кетті. Вагон есігінен әскери киімді, кара көзілдірігі бар Сайдалы көрінді.

– Сайдаш, Сайдашым менің!— деп әйел ұмтыла берді. Алдындағыларды кимелей, әлі баспалдақтан түсіп болмаған күйеуіне замат жетіп барды да жармасты.

– Қадиша, сәулетайым!

– Жол беріңдер, қане! – деген теміржолшының даусы естілді.— Бикеш, ол енді соғысқа бармайды, жаныңда болады, аптықпа!

Қадиша Сайдалыны қолтықтап, арбасына қарай жүрді. Атшы бала жүгіріп келіп жармасып жатыр. Аттар жортып кетті. Ерлі– зайыптылар үнсіз. Қадиша күйеуінің жүдеу кескініне, ар жағы айсыз түндей көз әйнегіне қарай берді.

– Тағдыр деген осы, Қадиша, Карпатта жаумен шайқас кезінде дұшпанның миңасы бір қолымды жұлып, көздерімді зақымдады. Қалай тірі қалғанымға қайранмын. Тірілікке не жетсін, туған жердің ауасы шипа болар деймін. Профессор көзімді қалпына келтіруге уәде етті. Көп ұзамай Одессаға жүрем. Дозак отының тоғыз қабатынан өткенде бұл да сөз болып па! – деді жауынгер.

Қадиша күйеуінің сау қолының алақанын бетіне басып жылап отырды.

Дала үстімен аккумулятор, қаздар қиқулап барады. Сайдалы елегізіп құлақ қойып: ,

– Жарықтық-ай, алыс-қиырдан қайтып оралған екен-ау!– дей берді.

ӘНГІМЕЛЕР

Әкетайым менің	3
Құба тал	12
Сезім әуендері	18
Қарлы жолда	22
Шұнақ кара	26
Аңшылық сокпақтары	
Қар беттерінен	39
Көзсіз ерлік	42
Алыптар айкасқанда	44
Түнгі сапар	46
Тобық	49
Кіндік шеше	52
Арлан	55
Алғыр кара	64
Тұңғыық жыртқышы	69
Тоспада	71
Далабай	73
Жабайдың ағасы	82
Тракторшы бала	84
Қажыкеннің арманы	86
Балық жеккен Жүмекен	88
Саяхат	89
Тер дәмі	90
Уәде— қасиетті сөз	92
Көп жаса, карағым	92
Шіл	93
Майлыаяқ	94
Достар	95
Кіреуке мерген	96
Аккудың ажалы	107
Аңшы келе жатыр	111
Үміт пен құмарлық	111
Қысты өздері іздеп	112
Сағыныш	113
Қоян қорқақ па?	113
Шебербектің шебер қолы	114

Әлімнің ұялғаны-ай	
Нөкен	
Сары шымшық	
Шомылуға барғанда	
Жамық атай	
Жазғытұры жайылымда	
Жез топсалар	
Зайра	
Қолдағы таңба	
Ауру	
Шопанның баласы	
Жас шыбықтар	
Ер қоян	
Көжек	
Қоян мен түлкі	
Айдын үстінде	
Атайдың әңгімесі	
Барылдауық	
Қарлығаш қалай құс боп ұшты	
Сырғалы	
Ала күшік	

МЫСАЛДАР

Табак пен елеуіш	
Мақтаншақ маса	
Қасқыр мен кірпі	
Не ексең соны орасың	
Ала қарға мен ақ тауық	
Орман тұтқыны	
Үйге қайтқанда	
Жасыбай атай	

МӨЛТЕК ӘНГІМЕЛЕР

Оң сапар	
Шөгелдің көк бестісі	
Кішкене Құсайынның әңгімесі	
Борақай	
Петнә Құсайын	
Құсайын қалпе	

Шебер бала	186
Нәзия	190
Талап.....	193
Жарыс.....	197
Байбосын мен Бейсекей.....	199
Тымақбайдың жауабы.....	203
Бастама.....	205
Өрмек басында	208
Сырымбет	212
Біржанның қос тентегі.....	215
Сынақ	217
Азық	221
Жалғыз бала.....	223
Жүз сом	226
Үйреніп кетесің.....	229
Орманшылар.....	232
Толғақ	234
Түс	236
Орманда.....	238
Желкірне	242
Хаттар, хаттар.....	245
Ағайындылар.....	249
Өтеу	251
Сөз екен-ау.....	253
Кәжекен.....	255
Біз ілгері тарттық	257
Мырзабай	260
Азамат	263
Жауынды түнде	265
Әй, балалық-ай.....	266
Менің Бөлекбай ағатайым	267
Ал, сок.....	268
Қызықтың әкесі	271

ӘЗІЛ ӘҢГІМЕЛЕР

Терінің құны	274
Туған жер	275
Жылқы мінезді	276
Мен болсам	277

Ақымақты тапқан екенсіңдер.....	277
Жолдағы жөндеу	278
Кебісін көлденең қойды	280
Бәртiк.....	281
Сәлімжуар.....	282

ТАНЫС КЕСКІНДЕР

Бастық	284
Қариялар	284
Мария– Марияжан	288
Бейсекен.....	293
Рысжан мұғалім.....	294
Сатушы.....	294
Ес пен дос	295
Қымызшылар.....	297
Шарылдауықтың тұқымы.....	299
Әтке /Ықпал/.....	301
Кәжекен.....	302
Қожанасырдың ұрпақтары	303
Әзәзілдің жолы	306
Зауал	309
Ер ұланы.....	312
Баймағамбет пен Шағырай ақын.....	318
Күрес	321
Тағдыр.....	321

ДЕРЕКТІ ӘҢГІМЕ

Тау ішінде	331
Тың көтеру осылай басталды.....	331
Ілиястың бағы /эссе/	350

ПОВЕСТЕР

Дала көктемi	37
Солмайтын гүл	42
Дала хикаялары	47
Эпилог	53
Қос қайын	53
Құстар қайтып оралғанда	56

Зейнел-Ғаби ИМАНБАЕВ

ҚОС ҚАЙЫҢ

Редакторы *Ж. Асан*

Көркемдеуші редакторы *М. Аубакишев*

Техникалық редакторы *А. Тілеукева*

ISBN 978-601-03-0095-8



9

786010300958

Басуға 28.08.2011 ж. қол қойылды.
Пішімі 84×108 $\frac{1}{32}$. Әріп түрі “Таhoma”
Офсеттік басылыс. Қағазы офсеттік.
Баспа табағы 38,5.
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс № 338/6089.

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы
Жангелдин–Мұхамеджанов көшесі, 30/26.

“ҚАЗАКПАРАТ” баспа корпорациясы
Тел.: (8-727) 397-41-63, 397-41-62
Эл. пошта: Kazakparat@inbox.ru

“ҚАЗАКПАРАТ” баспа корпорациясының баспаханасы

**“ҚАЗАҚПАРАТ” баспа корпорациясынан биыл
төмендегідей кітаптар жарық көрді:**

“XXI ғасыр прозасы” сериясымен:

Әкім Тарази. “Көк аспанда қырағы көз бар”. *Деректі әңгімелер.*

Қуандық Түменбай. “Өлілер мен тірілер”. *Деректі әңгімелер.*

Нұрғали Ораз. “Сикырлы көл”. *Әңгімелер.*

Думан Рамазан. “Жылап аққан тамшылар”. *Әңгімелер.*

Адам Мекебаев. “Алапат”. *Роман.*

Геннадий Доронин. “День любви”. *Сборник рассказов.*

“Қазақ күлкісі” сериясымен:

Ғаббас Қабышев. Шығармалар жинағы. *Қос томдық.*

Толымбек Әлімбеков. “Қалай болса – солай”. *Әзіл-сықақ әңгімелер.*

Мұхтар Шерім. “Қашқандар мен қуғандар”. *Әзіл-сықақ әңгімелер.*

Қабдрахман Отарбаев. “Вампир”. *Әзіл-сықақ әңгімелер.*

Алпысбай Боранбаев. “Ала қаптың әлегі”. *Сатиралық өлеңдер.*

Сабырбек Олжабай. “Ғасыр машакаты”. *Әзіл-сықақ әңгімелер.*

Ғалым Смағұл. *Карикатуралар.*

Темірбек Қожекеев. “Ескі жылдың есебі”. *Сатиралық әңгімелер.*